



РАХМАНҚҰЛ
БЕРДІБАЙ

Кәусар Бұлақ

Бес томдық
шығармалар
жинағы

Екінші
ТОМ


АЛМАТЫ
ҚАЗЫҒҰРТ
2005

ББК 83.3 (2 Қаз)

Б 45

Бердібай Р.

Б 45 **Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. —**
Екінші том. Алматы: «Қазығұрт», 2005. — 472 бет.
ISBN 9965-22-099-9

«Кемелді әдебиет зерттеушісі, ғалым, толымды сыншы» (С.Шәймерденұлы) Рахманкүл Бердібайдың бес томдық шығармалар жинағының екінші томында Еуразияның ұшы-қиырсыз кеңістігіндегі түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті байлығы кеңінен салыстырылып, маңызды қорытындылар жасалынады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 83.3 (2 Қаз)

Б 4603000000
482 (05)-05

ISBN 9965-22-099-9 - (2 том)
ISBN 9965-22-097-2

© Бердібай Р., 2005
© «Қазығұрт» баспасы, 2005

ТҮРКІ-МОНГОЛ ЭПОСЫНДАҒЫ ОРТАҚ ЖЕЛПІЛЕР

I

Ауыз әдебиеті туындыларының шығу тегін, даму, жанрлық, көркемдік ерекшелігін анықтаудың жолы мен тәсілі мол. Фольклор шығармаларының әрбір жанрына тән өзгешеліктерді нақтылы зерттеу арқылы ғана саралап сипаттауға болады.

Сонымен қатар әр түрлі жанр ескерткіштерін бір-бірімен салыстыра қарау, олардың ортақ сарындарын, ұқсас үндестігін тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастыру да қызғылықты қорытындыларға әкелмек. Бұндай тәсіл кеңес фольклортану ғылымында жетекші, жемісті тәсілдердің біріне айналып келе жатыр (1). Белгілі кеңес фольклоршылары түрлі халықтардың эпикалық мұрасын салыстыра тексеру арқылы маңызды жаңалықтар ашып отыр.

Фольклорлық ескерткіштердің өзара үндестік, жақындығын белгілеудің шарттары мен заңдылықтары да анықталған. Ауыз әдебиеті шығармаларының түбірлестігі мен туыстығы түрлі жағдайлар мен факторлар жиынтығынан құралатыны көміл. Сондай себептер мен сипаттарды ескере келіп, кеңес фольклортану ғылымы үш түрлі ұқсастық типін ерекше бөліп қарайды (2).

Біріншіден, халықтардың тарихи туыстығына, тектестігіне байланысты көрінетін тарихи-генетикалық ұқсастық. Бұл топқа қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, т.б. халықтар эпосынан да, өзге жанрларынан да мол мысал келтіруге болады. Көптеген ежелгі рулардың немесе бірлестіктердің әр заманда осы аталған халықтар құрамына енуі көне эпикалық сарындардың белгілі дәрежеде жалғасып, дамып отыруының маңызды себебі деуге болады.

Екіншіден, ел мен елдің тарихи-мәдени қарым-қатынасы арқылы тарайтын ұқсас, үндес сюжеттер. Қазақ фольклорында, соның ішінде эпоста бұл саладағы туындылар жиі кездесетіндігі

белгілі. Бұған шығыс сюжетіне негізделген, көршілес Орта Азия халықтары тарапынан ауысқан романдық эпос үлгілерін мысалға келтірсек те жеткілікті.

Үшіншіден, халықтардың шаруашылық кәсібінін, қоғамдық дамуының біркелкі болып келуінен туындайтын тарихи-типологиялық сарындастық. Бұл ретте ертеде көшпелі өмір кешкен халықтардың салт-санасы мен мәдени даму дәрежесінің орайластығына сәйкес жасалған мұраларды еске түсіруге болады. Бірбіріне тілі ұқсас түркі халықтарын айтпағанда, монғол, калмак пен қазақ фольклорының арасындағы сан түрлі әуендестік, бағыттастық дәл осындай тарихи-типологиялық ұқсастық жатқандығын аңғартады. Әсіресе мал шаруашылығына, көшпенділікке байланысты екендігі шүбәсіз. Мұны біз қазақ және калмак эпостарын салыстыра қарағанда айрықша анық аңғарамыз.

Әлбетте фольклордың, эпостың бойындағы ортақ жақындықты табу мен танудың басқа да тәсілдері жоқ емес. Бірақ осы аталған үш түрлі типологиялық үндестік неғұрлым кең таралған және көптеген ғалымдардың нақтылы зерттеулері арқылы дәлелденген шындық болып табылады.

Эпоста да, басқа жанрларда да бұл көрсетілген тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени, тарихи-типологиялық ұқсастықтар «мөлдір» қалпында, қоспасыз кездесе бермеуі де мүмкін. Кейбір фольклор шығармаларында бұлар аралас-құралас күйінде келуі де табиғи. Өйткені фольклор туындылары – талай заман, жағдайды бастан өткізіп, халық санасында екшеліп, іріктеліп жеткен жаратындылар.

Қазақ эпосын зерттеудің де алуан міндеттері алда тұр. Ең алдымен халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан эпикалық мұрасын жанрлық белгілері жағынан топтап, жіктеудің әлі де аяқталып болмағандығы белгілі. Бұл кезге дейін зерттеу нысанасына ілінген эпостық ескерткіштер мол байлықтың бір бөлігі ғана. Сонан соң эпостың ішіндегі түрлі дәуірдің нышандарын да стадиялық тұрғыдан анықтап алу қажет. Асса түркі-монғол халықтарының, қалса қазаққа эпикалық дәстүрі өте жақын елдердің жырларын салыстыра қарау тың нәтижелерге жеткізуі мүмкін.

Эпосты тарихи-типологиялық ретімен сөз ету түрлі тараптан пайдалы. Белгілі бір туындылардың таралу өрісін, сақталу үрдісін және өзгерістерін анықтауға да мұндай тәсіл қолайлы. Кейде жырды бір халықтың вариант, версиясы көлемінде ғана қарау

толық ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік бермейді. Эпостың нағыз табиғаты мен көркемдік кестесін тану үшін, оның түрлі нұсқаларын білу, салыстыру қажеттігі ертеден ескертіліп келеді.

Жырды тарихи-типологиялық тәсілмен тексеруге бару фольклордың күн тәртібінде тұрған, кезек күттірмейтін уәзіпа. Мәселен, түркі тілдес халықтардың біразында түрлі жанрда версия ретінде таралған «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Төстік», «Көрұғлы» секілді аңыз-даулардың түбірін, даму жолдарын, эволюциясын, көркемдік сымбатын – барша қасиетін тану үшін кең салыстыруларға бармай болмайды. Әрине мұндай жырлардың барлық тілдегі вариант, версиясын түпнұсқадан оқып түсіну, ұқсастығы мен айырмасын егжей-тегжейлі тексеру жеңіл емес. Бірақ қалай болғанда да, фольклоршылар мұндай қадамды ертелі-кешті жасауы тиіс. Ауыз әдебиеті туындыларын жан-жақты зерттеу міндеті осыны талап етеді.

Мұндай үлкен, көп қабатты салыстырулар, әлбетте, болашақтың ісі. Дегенмен көп елге таралған сюжеттердің барлық версия, варианты болмағанмен, ең жақын жатқан екі немесе үш халықтағы нұсқасын талдап көруге мүмкіндік жоқ емес. Осылай еткенде зерттеуіміздің тынысы кеңейіп, адымы ұлғая бермек.

Эпостың шығу, жасалу заманы жөнінде де зерттеушілеріміз бірауызды пікірге тоқтала қойған жоқ. Кейбір еңбектерде белгілі бір жыр туралы «ерте кезде жасалған» деген жалпылама тұжырыммен шектелушілік кездеседі. Бұл, сөз жоқ, фольклор табиғатын, оның өзіндік спецификасын ажыратудың қиындығынан туатын нәрсе. Келешекте қазақ эпосы жанрлық жағынан саралана, жіктеле түсумен қатар стадиялық қатары да дәл танылатын болуы шарт. Міне, осы мәселеге де жырдың тарихи-типологиялық жағынан тексеру пайда тигізетіні күмәнсіз.

Қазақ эпостарының ішінен неғұрлым көбірек зерттелгендерінің бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». Бұл жырдың тарихы, таралуы, кейіпкер қатары, көркемдік ерекшелігі, жанрлық белгілері жөнінде айтылған құнды пікір, байқаулар аз емес. Бірақ эпостың пайда болу дәуірі, кезеңі жайында әлі күнге дейін тиянақты тұжырым жасала қоймаған. «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған томында да жыр «бұдан бірнеше ғасыр бұрын пайда болған», – деп жазылған (3).

Эпостардың өзге халықтардағы нұсқасын оқу кейде күтпеген, тосын жаңалықтар ашуға да апарады. Мәселен, «Қозы Көр-

пеш – Баян сұлудың» қырым татарлары арасында сақталып келгені сонғы жылдарда ғана ғылыми жұртшылыққа мәлім болды (4). Ал Қырым татарлары мен ноғайларын құраған рулардың ол өлкені XIII – XIV ғасырдан мекен ете бастағандығын ескерсек, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» жасалу, таралу тарихы, кем дегенде алты ғасырға кетеді. Шығыстан барған көшпелі түркі тайпалары «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сюжетін Қырымға әзір күйінде өздерімен ала барғанын есепке алсақ, жырдың түбірі одан да өріге ұласпақ... Эпостың әр елде сақталған нұсқасы көп сауалға анықтық енгізуге көмекші бола алады. Қазақ және қырым татар халықтарындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» түпкілікті оқиғалық мазмұны бір екендігі айқын. Жекелеген айырма – адам аттарында, жырдың көлемінде және қайсыбір эпизод, бөліктерінде ғана. Жырдың қазақ нұсқасындағы Қарабай мен Сарыбай қырым-татар версиясында Еділбай және Жайықбай аталады...

«Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» таралу ауданы мейлінше кең екендігін кейінгі кезде анықталған деректер де қуаттай түседі. Жырдың Румыниядағы татарлар мен ноғайлар арасында да аса әйгілілігі анықталды (5). Жырдың румыниялық нұсқасын өзге түркі тілдес (башқұрт, қазақ, алтай, т.б.) халықтардағы варианттармен салыстырмалы зерттеулер де жүргізіле бастаған. Сонымен қатар түркі тіліндегі басқа да кейбір белгілі жырлардың Добруджа татарлары арасында сақталып келгені мәлімденіп отыр. Бұл факті түркі халықтары эпосының таралу географиясын белгілеуге ғана емес, олардың даму, жетілу үрдісін, өзгерістерін зерттеуге де жаңа өріс ашылғанын көрсетеді. Ендігі жерде, айталық, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын тексерушілер эпостың румыниялық версиясын да қамти сөйлеуі қажет болады.

Эпосты тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастырудың әсіресе жыр табиғатын тереңдеп түсінуге пайдасы тимек. Жасыратыны жоқ, көптеген қазақ эпостық туындыларының жылдар бойында архив мүлкі ғана болып келуі эпостануда орын тепкен кейбір ескірген, біржақты концепцияларға да тікелей байланысты. Белгілі жырларды тарихи оқиғалар мен адамдардың төтелі ізі деп санаушылық бірсыпыра шығармалардың нағыз тұлғасын тануға кедергі келтіргені құпия емес. Эпос тарихта болып өткен істер мен адамдардың қайталамасы да, көшірмесі де емес екендігі фольклортану ғылымында дәлелденіп отырса да, тарих пен эпосты тым жақындатып түсінетін көне қисынның («тарихи мектеп»)

ықпалынан өлі де болса арылып болмағандық бой көрсетеді. Қазақтың бір топ жырын («Едіге», «Ер Сайын», «Шора», т.б.) зерттеу ісінің мүлде толастап қалуы да бұл айтылғанға қатысты. Осы және басқа жырлардың түрлі халықтағы вариант, версияларын түгел сараптан өткізіп, толық тексергенде ғана олардың халықтық, фольклорлық негіздерін екішеуге, түрлі тараптан жасалған жол-жөнекей қоспаларды ажыратуға, ең қажеттісі – тарихи фактілер мен эпикалық жинақтаудың ара қатынасын анықтауға мүмкіндік туады. Демек тарихи-типологиялық тәсіл фольклортануға әр саладан қозғау салатын, ұтымды тәсіл деп қарау керек.

Эпостық жырдың табиғатын тануда орыс фольклоршыларының талдаулары мен тұжырымдары есепке алынуы тиіс. Мәселен, қаһармандық эпос белгілі тарихи оқиғаны емес, халықтың ансар, мұратын көрсететіні, алдан күткен арманын айтатыны, тарихи шындықтар туралы өз түсінігін білдіретіні В.Я.Пропттың еңбегінде сенімді дәлелденген (6). Бұл пікірді белгілі фольклоршы Е.М.Мелетинский одан әрі дамыта түскен. Ол эпосты – халықтың тарихи өткендегісінің поэтикалық концепциясы деп бағалайды (7). Бұл секілді қуатты методологиялық таяныштар қазақ фольклоршыларының жаңа ізденістеріне тың серпін бере алады.

Жырларды салыстыра тексеру олардың көркемдік келбетін, негізгі идеялық сарындарды, түбірлі оқиғаларды аңғаруға және өзара ықпал ету мәселесінің жағдайларын көруге көмектеседі. Қазақ фольклоршыларына қажетті қадамның бірі – тілі, тарихы, әсіресе ауыз әдебиеті дәстүрі жақын елдердің эпостық туындыларын түпнұсқадан оқу, кең де жан-жақты салыстырмалар жасау болып табылады. Мұнсыз ең негізгі мәселе – ауыз әдебиеті ескерткіштерінің көркемдік сипатын ажырату, олардың тарихи, эстетикалық қызметін көрсету мүмкін болмас еді.

Түркі-монғол халықтарының эпосындағы ортақ, ұқсас сарындарды әңгімелеу – өте үлкен, күрделі міндет. Біз бұл еңбегімізде тақырыптың талабын толық атқарамыз дей алмаймыз. Ондай ірі жинақтаулар көпжылдық ізденістер нәтижесінде ғана тууы ықтимал. Біздің алға қойған мақсатымыз – осы халықтардың жалпы фольклорындағы, әсіресе эпосындағы кейбір үндес сарындар жөнінде пікір қозғау, жекелеген байқауларымыз бен ойларымызды білдіру, сөйтіп, бұдан былайғы тексерулерге аз да болса соқпақ салу. Осы мақсатпен ноғай, қырғыз, башқұрт, қалмақ эпосының кейбір айтулы үлгілерін сөз етеміз, солардың өзіндік дара

өзгешелігін атап өтумен қатар, казак жырларымен жақындайтын тұстарына көңіл бөлеміз. Стадиялық, жанрлық жағынан алып қарағанда ол жырлар түрлі дәуірдің жемісі, бір-бірінен бөлек жатқан елдердің шығармашылық қиял туындысы болғанымен, оларды іштей бірлестіретін қаншама қызғылықты нышандар да кездесетінін көреміз. Бұлай ету жалпы жыр табиғатының түбегейлі заңдылықтары мен шарттылықтарын тануға жәрдемдеспек.

II

Көркемдік даму мен дәстүрдің тарихын, өсу сатыларын белгілі бір халықтың рухани жетістігімен ғана анықтау мүмкін емесігі аян. Олай болса, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін толымды етіп тексеру мұраты іздену мен үйренудің жаңа кеңістігіне шығуды, зерттеу тәсілін жетілдіре түсуді қажет етеді. Алдағы сондай биік белестердің бірі – тілі, тегі, тағдыры жақын халықтардың ауызша, жазбаша көркем жаратындыларын кең көлемде салғастыра қарап, салиқалы ойлар түйю, ел мен елдің мәдениетіндегі бірлестік пен үндестікті неғұрлым жан-жақты көрсету болмақ.

Ғасырлар бойында қазақпен ауылы аралас, қойы қоралас күн кешкен, түрлі оқиғалар себебінен кейінгі замандарда арасы алшақ кеткен ноғай халқының ауыз әдебиеті мұрасы, тілі, тарихы, мәдениеті, өнері өзінің зерттеушілерін күтіп тұрған тын десе де болады. Өкінішке қарай, соңғы кезге дейін осы тақырып ғалымдарымыздың назарына ілінбей келген. Ал шынында, іздеген адамға бұл тараптан табылатын жаңалық аз емес.

Ноғай халқының ауыз әдебиеті мұрасында (8) тек фольклоршыларды ғана емес, сөз өнерін сүйетін қауымды қызықтырарлық жырлар мен өлеңдер кездеседі. Сол үшін олардың жалпы құрамын да, жекелеген үлгілерін де оқушыға таныстырып өту қажет.

Көлемді жырдың бірі – «Айсылдың ұлы Әмет батыр». Қарасөзі, өлеңі аралас айтылатын бұл жырда бұрынғы хандар заманындағы қарапайым халыққа жасалып келген озбырлық сыры терең ашылған. Мұнда Жәнібек (Янбек) ханның қысым, ызғарына шыдамай, Айсыл батырдың елден кеткені, кейін туған жұртына жаудың қаупі төнгенде қайта оралып келгені, мұның батырлығы ұлы Әметке дарығаны сөз болады. Жауды жеңіп берген Әметке

хан қызын қосуға уәде етеді, бірақ артынша тез айнып, қызын Бұғалы байдың ұлына атастырады. Осы жат хабарды естіген Әмет хан отырған үйге келіп, мақсатына жетпей тынбайтынын ескертеді. Әмет:

Ана Еділ бастан былғанды,
Тезден тынса игі еді.
Анасынан тел қозылар айрылды,
Аналарын тезден тапса игі еді, –

деп түспалдап сөйлейді. Хан қызы – Шаһарбекті алып қашып, Әмет тауға паналайды. Бұлардың соңынан Алау батыр бастаған қуғыншы түседі. Бірақ Алау батыр Әметті аяп, кері қайтады. Хан қудалауын қоймайды. Ақырында Әмет пен оның серіктерінің арасына жік түсіп, Әмет Шаһарбекті алдына алып, атына мініп, қиядан құлап өледі. Атап өтерлік нәрсе – жырдың жалпы сарынында (ханның опасыздығы, жауды жеңіп, елін аман сақтаған ерді қиянатқа ұшыратуы) «Ер Тарғынмен» үндестік бар екендігі. Бұл өз алдына зерттеп, салыстырып көрерлік мәселе. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған «Айсаның ұлы Ахмет» ноғай нұсқасымен бір түбірден таралған (9).

«Қарайдар мен Қызылгүл» – ноғай халқының сүйікті жырларының бірі. Мұнда кедей жігіті Қарайдар мен бай қызы Қызылгүлдің ғашықтығы олардың кезек диалогы арқылы әсерлі суреттелген. Қалыңға төлерлік мал жинауға алысқа аттанған Қарайдар сыртта көп қиындық көріп, қайта оралғанда сүйген қызының бір бай баласына ұзатылу тойына тап болады. Сүйген жарының өзгеге ұзатылу тойының үстінен шығу – көне эпостық сарын. Ғашықтардың мұратқа жетпеуіне бас себеп – олардың таптық теңсіздігі екендігі жырдың әлеуметтік мәнін арттырады. Жырда екі жастың кіршіксіз інкәрлігін, пәк махаббатын бейнелейтін тамаша көркем, ақиқатшыл шумақтар баршылық. Қарайдар жолаушылап жүргенде Қызылгүл балшыға бал аштырып, «ғашығың қайтпас жерге кетіпті» дегенде оған былай жауап береді.

Үмітім бар Қарайдар
Келер ме деп бұ күзде.
Қыз суретім бұзылып,
Секпіл түсті бұ юзге.
Ауызың барып ұялмай

Қалай айттың сен бізге?
Өз яғдайын сөйлерсің,
Алданбан олай сөзге.
Мын жы турсам дүнияд,
Яр сүймен онан өзге...

Жырдың сөз құрамы мен бейнелеу кестелерінде казак, каракалпак, қырғыз, өзбек, татар ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын суреттер («Кірпігі қайқы, қасы жай», «қыналы бармак Қызылгүл», «кара киіп, қан құсып, қара бауырым тілгенмін», «кара жер», «құлан сан», «көмекейім бүлкілдеп, тілім келмес сөйлерге», «бедеу ат», «нар қамыс», «көгершіндей гөзелім», «шырын жан», «балдан төтті», «нұр төгілген жүзінен», т.б.) мол. Жалпы, казак, каракалпак, ноғай эпосының тіл кестесінде ғажап ұқсастықтар мен негізі бір нақыш, бейнелер көп екенін каракалпак зерттеушілерінің еңбектерінен де көреміз (10).

Орта Азия мен Казакстан халықтарының көбіне ертеден қанықты «Бозжігіт» жыры ноғайларда да бар. Бұл да, сөз жоқ, зерттеу үшін қызғылықты материал. Жырда бірін-бірі түсінде көріп ғашық болған Бозжігіт пен Сайбямалдың мұратына жете алмай, мерт болғаны көркем кестеленген. Мұнда да, ноғайлардың басқа жырларындағыдай, оқиға өрілімі қаһармандардың диалогы түрінде беріледі. Өлең мен қарасөз кезек алмасып отырады. Бұл тараптан «Бозжігітте» халық романдарының сипаты молырақ.

Аса қызғылықты құбылыстың бірі – «Бозжігіт» жырында казактың тұрмыс-салт жырларындағыдай жоқтау, естіртулердің күрделі орын алуы. Бозжігіттің өлген хабарын оның ата-анасына естірту өзінің құрылысы, сарыны, бейнелеу кестесі жағынан казак өлендеріне тектес екендігіне күмән қалмайды. Мысал ретінде төмендегі жолдарды келтірсе де болады.

Ноғайша:

Қатын қалса, ер табар,
Бала қалса, мал табар.
Қызың қалса, яр табар.
Ян өлмеге жеткенде,
Көріп басын не табар?
Мінген атың бос қалса,
Мінбеге ер табылар.
Қиген тоның бос қалса,
Киерге ер табылар...

Қазақша:

Қатын қалса, ер табар,
Ұлың қалса, мал табар.
Қызың қалса, бай табар.
Жан өлімге жеткенде,
Ғарып басың не табар?
Мінген атың бос қалар,
Мінуге ер табылар.
Киген тоның бос қалар,
Киюге ер табылар...(11)

Ноғай халқының эпостық мұрасы ішінде «Шора батыр» жыры да кең танымал. «Шора батырдың» осы аттас казак жырымен кейбір ұқсастықтары да, елеулі өзгешеліктері де бар екенін көреміз. Жыр кейіпкерлерінің (Нәрік, Шора, Әли, т.б.) және олардың ру, ата-тегінің аттары казак нұсқасымен бірынғайлас келге-

німен, суреттелетін оқиғалардың өрілімінде бөлектік бар. Сондықтан бұл жыр жеке версия ретінде қаралуға лайық. Мұнда Нәрік, Шоралар Қырым елінің адамдары болып сипатталады. Шораның Қырымнан кетуі сол елдің Әли би деген өкімін ерегіс үстінде өлтіруіне байланысты болады. Нәрік те, Шора да зәбірлеуші емес, күштілердің зорлығына ұшырап, ерлікпен кек қайтарушы рөлінде жүреді. Нәріктің қарагер атын тартып алған Әли биді Шора өлтіреді. Бұдан кейін Қырымда қалуға қауіптеніп, Қазан шаһарына барады, онда Сәли қарт дегеннің үйінде тоғыз жыл тұрады, қалаға көп әскер келгенде соғысқа қатысып, қарагер атымен Еділ суына батып өледі... Шораның Қазанда қандай жаумен соғысқаны, қандай ерлік көрсеткені ноғай жырлары жинағында айтылмаған. Жырдың асыл нұсқасы осылай ма, жоқ әлде құрастырушылар кейбір қысқартулар жасаған ба – ол жағы бізге белгісіз. Қалай болған күнде де «Шора батыр» жырының идеялық-көркемдік ерекшелігін, генезисін, варианттарын, версияларын анықтап, халықтық тұлғасын ашуға ноғай нұсқасы өз тұсынан қосымша, пайдалы дерек бере алатыны анық.

Ескерерлік мәнді мәселе – Шораның жау іздеген жортуылшы емес, зәбірленген өке-шешесінің намысын қуушы болып көрінуі. Әли бидің астамшылық зорлығын естігенде Шора батыр былайша толғанады.

...Алдаспаным өкелші,
Аш бәліме ілейім.
Ақ кіреукем өкелші,
Өңшен етке киейім.
Ақтажының өктем кеткен
Куып барып этейім,
Турам-турам этейім,

Бөлік-бөлік этейім,
Бөріккен қойдай этейім
Бөрідей алып йыртайым,
Бөріктей алып киейім.
Бү айтқаным этпесем,
Мұрадыма етпесем,
Нәрік ұлы мен Шора,
Ананан арам туған болайым.

Жырдағы көркем тұстардың бірі – Шораның «Қазан деген ел бар деп, бас тасалар жер бар» деп алысқа аттанарда жұбайы Алтынмен қоштасуы. Бұл арада Алтынның аузымен ежелгі жыраулар толғауына ұқсас өлең өрнектері төгілген. Соның біреуі шумағын алып көрейік.

...Ай не болғай, күннен соң,
Күн не болғай, айдан соң.
Аланғар көзлі ақ шортан.

...Атан екпен нарлан соң,
Қазы емен ялдан соң,
Күймеітлескен көп жаман.

Ол не болғай екенді, Қоташлы қойға қол созып
 Анасы айдын теңіз көлден сон. Қорлығын көп тигізер,
 Сенен сон.

«Шора батырдың» нұсқалары көп екені белгілі. Олардың әрқайсысында оқиға түрлі аймақта өтеді. Сол нұсқалардағы кейіпкерлер әрекеті, оқиғалар өрілімі де басқа-басқа. Демек бұл жыр туралы түпкілікті тұжырым, қорытынды сөз айтуға әлі ерте. Ондай жинақты ғылыми пікір әр елдегі жыр версияларын, варианттарын салыстыра зерттеу нәтижесінде ғана тумак. «Шора батырдың» ноғай версиясында Шораның ата-тегі туралы молырақ, нақтырақ дерек кездесуі жыр туралы ұғымды кеңейте түседі.

Ноғай жырларының бірі – «Әділ Сұлтан». Бұл жырдың да қазақ оқушысын қызықтырарлық сипаты бар. Әділ Сұлтанның он жасынан жиырма жасына дейінгі өмір кезеңдерін шолып, әсірелеп суреттеу жалпы түркі қыпшақ эпосына тән дәстүрді еске салады. Жырда қазақ, ноғай тілінің ертедегі кезеңін бейнелейтін оралымдар мен тенеулер жиі кездеседі. Әділ Сұлтанның анасы алыста жүрген ұлы түсіне кіргенін балгерге былайша күдікпен баяндайды.

...Явырын япқан кара айдар,	Бұқтырынқы көрінді.
Язылынқы көрінді.	Ер мұрады екі аяқ
Көмекейде қызыл тіл	Созылынқы көрінді.
Тартылынқы көрінді.	Ер медеуі екі қол,
Алты ат тартқан адырна	Бүгілінкі көрінді.
Сыпылынқы көрінді.	Ер шырағы екі көз,
Бұлтқа жеткен боз түнлік,	Жұмылынқы көрінді...

Атап өтерлік мәселенің бірі – ноғай жырларында басқа эпостардың қаһармандары да аралас жүреді. Мәселен, «Шора батырда» Мамай, Кази, Камбар, Әли, Құлыншак, «Әділ Сұлтанда» Үйсін ұлы Сүлеймен, Орақ ұлы Карасай, Абдулғазы Шелебий есімдері ұшырасады.

Туысқан халық ауыз әдебиетінің аса қызықты саласының бірі – «Қазақ жырлары». Ең алдымен бұл атаудың мәнісіне келейік. Үстірт карағанда «Қазақ жырларын» қазақ халқы туралы немесе казактан ауысқан өлеңдер деп ұғып қалуға болады. Бірақ шындығында бұл терминнің мағынасы басқалау. Ноғай ауыз әдебиетін зерттеуші Әшім Секалиев мұны былайша түсіндіреді: «Революциядан бұрынғы жыр қазынасында қазақ жырларының қат-

пары айрықша қалың. Қазақ жырлары... байлардың зорлығына төзе алмай, оларға бойсұнбау үшін, олардан өшін алу үшін жат жерлерге «қазақ шығып» кеткен жарлы ноғай жігіттерінің шығарған жырлары»(12). Бұл топтағы жырларда теңдік, ерлік, туған жер, жалғыздық, кедейлік, байлардың зорлығы жайында терең толғаныстар болады. Теңсіздікке, өзгенің өктемдігіне қарсы күрес – қазақ жырларының бас сарыны.

Ноғай өлеңдерінің осы тобы «қазақ» деген сөздің әлеуметтік мазмұнын ашатын қосалқы дәлелдеме секілді. Сан рудан, ертедегі көп түрлі бірлестіктер мен одақтардың бөлшектерінен құралған біздің ата-бабаларымыз XV ғасырда Әбілхайыр ордасына наразы болып бөлініп шыққанда, жана ел мен хандық атын «қазақ» деп атағанын еске түсірсек те жеткілікті. Демек «қазақ» ұғымы белгілі бір түзім мен қысымға бағынышты болғысы келмей, еркін өмірді, тәуелсіз тіршілікті іздеушілерге беріліп келген жиынтық есім екен. Құмық халқының ауыз әдебиетінде кездесетін «қазақ жырлары да» ноғайдағымен қарайлас...

Әлеуметтік мағынасы осыншама өр, әжет атаудың поэзиялық ажары да ерекше. «Қазақ жырларынан» намыс пен бақыт жолында жаннан кешіп, тәуекелге бел байлаған ерлердің рухы елес береді. Халықты қаһармандыққа, қажырлылыққа үндейтін, ерлікке шақыратын, барлық пен жоктық, батырлық пен ездік парқын, намыстылықты насихаттайтын мұндай жырлардың тәрбиелік мәні күшті.

...Қазақ ерлер көп ятса, Алтын, күміс табар ма? Қазақ ерлер қақырмай. Қанлы көбік түкірмей, Өлең төсеп, ет жемей,	Атайдың белін бүктірмей, Анайдың көздерінен, Қанлы яслар төктірмей, Қарынласты қайғыменен катырмай,
---	---

Өлімші яман іске ұшырамай, Күнін-түнін бір етпей, Күрділдеген маңлайға, Күректей бұзлар катырмай,	Алғыншак анау арудың Екі бетін солдырмай, Барып айдап қайтпаға Тегін олжа мал бар ма?..
--	--

«Қазақ жырларының» бағыты мен сипаты осылайша келеді. Құбылыстың терең мәнін ашып, кемел толғап, үстемелетіп әрі шешен, әрі көсем сөйлеу ежелгі жыраулардан қалған дәстүр болатын. Бұл үлгіні қазақтың бұрынғы көп жырау, жыршы, ақындары дамытып, көркейтіп отырған. Уақыт өте келе жеке ақындар сөздері ха-

лық мұрасы ретінде жатталып, кейбір шумақтар мен тіркестердің иесін тауып болмайтындай халге жеткен. Ноғайдың «қазақ жырлары» дәл осы айтқандай халықтың ортақ мұрасына айналған.

«Қазақ жырларының» қай-қайсысында біздің ертедегі ақын, жырау шығармаларымен сарындастық сезіледі. Мұның көп себебі барға ұқсайды. Соның бірі – ертеде қазақ пен ноғайдың бір мемлекеттік бірлестікте, орайлас тұрмыс-салт кешкендігінде, екі халықты құраған этникалық компоненттердің бірдейлігінде. Түрколог ғалымдардың күллі түркі тілдері ішінен қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін ең жақын топ деп бөлетіндігі тегін емес. Демек бұл арада мұндай үндес жырлар «кімнен кімге ауысқан» деуден гөрі, сол жырларды тудырушылар мен сақтаушылар кім, олар қашан, қандай жағдайда өмір кешкен деген сұрау анағұрлым шындыққа жуық келмек. «Қазақ жырларының» үлгісі кейінгі жыршы, ақындар термелерінде елеулі орын алатындығын аңғару қиын емес. Тағы да бір мысал.

Балпаң, балпаң кім баспас.
Баспаға балтыр шыдамас.
Батырмын деп кім айтпас,
Арғы ауылдың бойында,
Ауыр әскер келгенде
Бармаға нәмарт жүрек шыдамас.
Шешенмін деп кім айтпас,
Шешенлерге йолығысып,
Шешенлер юмак айтқанда
Олардың бір юмағын шеше алмас.

Ноғайдың тұрмыс-салт жырларынан да халқымызға қанықты сарындарды танимыз. Қалыңмал төлеген адамға еріксіз ұзатылған қыздың мұң-наласы бірталай жырдың тақырыбы болған.

...Төс түймем бауы төкпелі, Мен әкейге өкпелі. Өкпелі болмай кайтейім, Бір жыл тұрсам көп пе еді?.. Басымды ювдым балменен, Белімді будым талменен,	Ал шешектей қыз едім, Алдап алды малменен. Теке мүйіз тең мекен, Тентекте ақыл бар ма екен Теңім тауып бермеген, Әкемде ақыл бар ма екен?.. —
--	--

деген сияқты шумақтардың қазақ өлеңдеріне қаншалық жақын екенін дәлелдеп жату артық.

Ағайын халықтың ауыз әдебиетінде бозлаулар (жоқтаулар) да тиісті орын алады. Сөз болып отырған жинақта бұл тектес өлеңдердің де бірнеше үлгісі келтірілген. Ер жігіт өлгенде айтылатын жоқтаулар.

...Ілгері баккан тілеклі Иілмеген темірдей, Ат басындай юреклі, Аю сынды ол өзі,	Батыр біткен білеклі, Адағанға ақыл табаған, Алты юртқа ол өзі, Кайтпай карсы шабаған...
---	---

секілді болып келсе, қыз қайтыс болғанда теңеме, баламаның сипаты өзгере түседі. («Инесі алтын, иібі жез, игі аруым атланды», т.б.). Ал келіншектің күйеуін жоқтауының көркемдік келбеті бұлардан бөлек.

...Алла язған язуюм, Атам қосқан қосағым. Етіме киген көйлегім, Ет қасыған тырнағым, Қалампыр түсті көйлегім, Кімге бердің кимеге?	Хас арғымақ айуанды Кімге бердің мінбеге? Су тілесен бал берген Өзіне алған құтсызды Кімге бердің сүймеге?..
---	--

Ауыз әдебиетінің көне жанрларына келгенде ноғайдың жыр, өлеңдері қазақтың өз туындысы секілді. Мұны бесік жырынан да, қыз бен жігіттің қайым айтыстарынан да, тұрмыс-салт өлеңдерінен де байқаймыз. Дәстүрлі ноғай фольклорының байлығын таныстыру үшін осы келтірілген мысалдар да жеткілікті болар.

Ноғай халқының кеңес заманындағы ауыз әдебиет нұсқалары жеке әңгіменің тақырыбы. Бір атап өтерлік мәселе – бұларда елімізде болып өткен елеулі өзгерістер мен жаңа құбылыстардың кенінен көркем көрініс бергендігі.

Ежелден жақын ноғай халқының ауыз әдебиеті мұралары нұсқаларымен танысу түркі халықтарының поэзиялық дәстүрі тамырын тереңге тартқан ғажайып құбылыс екендігін сипаттай түседі. Ноғайлардың Солтүстік Кавказ бен Қырымды мекендегеніне әлденеше жүз жылдар өтсе де, олардың ерте заманда, қазақпен бірлестікте жасаған дәуірде жаратқан мұралары сақталып келуі қайран қалдырады. Ноғайлар жырының үлгілері жарыққа шығуы қазақ фольклоршыларына қосалқы міндет жүктейтіні айқын. Жалпы, қазақ халқының этногенез тарихын қарақалпақ, ноғай, өзбек, башқұрт, алтай, қырғыз халықтарының шежірелерін

есепке алмай, түпкілікті шешуге болмайтыны сияқты фольклор тарихын, оның жанрларының жасалу, даму, жаңалану жолдарын тілі мен тегі, көркемсөз өнері жақын елдердің ауыз әдебиеті мұраларын салыстыра тексермей ақиқат ғылыми қорытындыларға келу қиын. Ендеше, бір заманда «төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған», тарихтың талай-талай алмағайып, аласапыран тұстарында тағдырлас болған, ауыз әдебиетінің көп қазынасы ортақ ноғай халқының рухани мұраларына ілтипат, ықыласпен карап, оларды ғылым мүддесіне жарата білу ләзім.

III

Қазақ, қырғыз халықтары арасындағы эпикалық дәстүр байланысы мәселесі де фольклортануда кезек күтіп тұрған тақырыптың бірі. Туысқан халықтың ұлы эпосы — «Манасты» зерттеуге XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов салған із кеңес заманында жалғаса түсті. М.Әуезов, Ә.Марғұлан еңбектері манастанудың жаңа беттерін ашты. Мұның бәрі халықтар достығының жарқын мысалдары.

Дегенмен қырғыз, қазақ фольклорындағы үндестік, ортақ байлықтың көптігі соншалық — олар арнайы зерттеулер тақырыбы боларлық. Бұл пікірді біз әсіресе эпосқа қатысты көтеріп отырмыз.

Жетісудағы қазақ ақындары мен қырғыз ақындарының, жыршыларының репертуарында екі халыққа барабар қанықты көне сюжеттер орын теуіп келген. Атақты Сүйінбай, Жамбыл ақындар «Манасты да», өзге жырларды да айтқаны мәлім. Өкінішке қарай, олар айтқан нұсқа жазып алынбаған, жоғалған.

Осындай ежелгі эпикалық байланыстың ізін К.Әзірбаевтың туғанына тоқсан жыл толуына байланысты шыққан жинағынан тапқандай болдық (13). Жинақтағы көлемді шығармалар ішінен екі жыр өзіндік тақырыптық, мазмұндық сипатымен оқшау көзге түседі. Олар: «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік» жырлары. Бұлардың алғашқысында қырғыздың «Манас» эпосында кездесетін эпостық қаһармандардың аты аталады, соңғысында халқымызға кеңінен таныс «Ер Төстік» ертегісі сөз болады.

«Төкетай мен Мәнікер» (көлемі 1000 жолдай) мазмұны өзге қазақ жырларынан бөлек. Бұл тұста оның үш ерекшелігін атап көрсеткіміз келеді. Біріншіден, мұнда әрекет ететін қаһармандар қазақ пен қырғызға қанықты «Манас» эпосының кейіпкерлері

(Көкетай, Ер Қосай, Әлмембет, Ер Көкше, т.б.), екіншіден, балаларына қыз іздеп «Күнбатыста Ақжелек, Күншығыста Көкжелек» елдерінің арасын кезетін Төкетайдың жолсапары Ертістен Қырымға дейінгі жерлерді мекендеген бір замандағы Алтын Орда империясының аймағын қамтиды, үшіншіден, жырда ертегінің әйгілі қаһарманы Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді. Осы айтылған белгілердің өзі «Төкетай мен Мәнікердің» арнайы зерттеуге тұрарлық екенін аңғартса керек. Жанрлық жағынан алып қарағанда мұнда батырлық эпостың да, тарихи жырдың да, ертегінің де элементтері араласып келіп отырады. Бір тараптан қарағанда «Төкетай мен Мәнікер» ертедегі бірнеше жырдың сарынынан құралған туынды секілді. Кітапта бұл жыр үзінді ретінде ғана берілгендігі оның генетикалық және жанрлық сипаты туралы тұжырым жасауды қиындатады. Өзге нұсқаларды кездестіре алмадық. Сондықтан әңгіме жырдың дәл кітаптағы нұсқасы және оның кейбір көңіл аударатын елеулі тұстары туралы ғана болмақ.

Енді жырдың мазмұндық желісіне келейік. Жыр басындағы «Манас батыр тұсында, Көкетай деген хан болған» (333-бет) деген жолдар оқиға өткен дәуірден екендігінен бірден-ақ хабар береді. Мұнан кейін сол кездегі елеулі адамдар ескертіледі. Ағайынды Көкетай мен Төкетайдың екі ұлына сай келетін қалыңдық қырғыз бен қазақтан табылмай, Төкетай Мәнікер атқа мініп, шығыс пен батысты кезеді. Қырымға дейін жол шегеді, ақырында Қырымға, Ақжелек ханның еліне жетіп, сол жерден лайықты қыз табады. Бірақ Қырымның батыры Ер Төстік қызғаншақтық, әділетсіздік жасап, жалғыз жүретін Төкетайды өлтіреді. Төкетайдың дүддұл аты Мәнікер иесін «арқасына салып» алып жаудан құтылып кетеді. Мәнікер аттың жырдағы шабысы, иесі мерт болғандағы «әрекеті» оның эпикалық тұлғасын толықтыра түседі. Қазақтың әйгілі жырларындағы Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан ат, Қарақасқа ат секілді Мәнікер де халықтың бай қиялынан көркемделіп, сомдалған пырақ екенін көреміз.

Жырда қазақ, қырғыз фольклорында кездесетін эпикалық қаһармандардың араласып жүруі көңіл бөлерлік құбылыс. Қазақ жырларының кейбіреулерінде («Ер Сайын», т.б.) өзге эпостың кейіпкерлері қатысып отыратын. Мына тұста «Манас» жырының қаһарманы Көкетай ханның қазақ, қырғызға бірдей хан болып көрінуі де, Көкетайдың інісі Төкетайдың Жетісудан Қырымға

дейінгі жерді еркін аралап жүруі де белгілі тарихи кезеңдердің шындығын елестетеді. Бұл өлкеде ежелден тілі, тегі, тарихы жақын халықтар өмір кешіп келгені мәлім. Жырды айтушының осы аймақтың өзен, көл, шаһар аттарын және олардың жағырафиялық межесін нақтылы білетіндігі таңғалдырады. Мүмкін бұл көне жырға кенес заманының ақыны — Кененнің өз қоспасы болар. Бірақ К.Әзірбаев Таластан Қырымға дейінгі аралықтың жер аттарын дәлдікпен беруге еңбек сіңіргенімен, жырдың түп негізін мүлде өзгертіп жіберген деуге дәлел жоқ. Жырдың түпкілікті оқиғасы мен қатысатын кейіпкерлері ертеден солай айтылып келе жатқаны көміл.

Бұл арадан біз эпостың эволюциясын аңғартарлық аса қызғылықты өзгерістің куәсі болып отырмыз. Осы аталған кең атыраптың халықтары тарихтың әр кезеңінде түрлі хандықтар қарауында, бір-бірінен оқшау өмір кешкенін білеміз. Бірақ олардың өзара қарым-қатынасы ешқашан да тоқталмағанын, Қытайдан Қырымға дейінгі алқаптың елдері заман бойында өзара туыстығын ұмытпай, құдаңдалы, бауырлас болып келгенін мына жыр өз тарапынан куәлендіреді. Мұның өзі казак, қырғыз, ноғай, татар, башқұрт, карақалпақ халықтары тек Алтын Орда секілді ұланғайыр мемлекет құрамында болған кезде ғана емес, одан бұрын да, кейін де белгілі дәрежеде экономикалық, мәдени байланыста болғанын дәлелдей түседі. Мәнікер аттың шабысы Тайбурылдың жүрісін еске салады.

...Астына мінген Мәнікер, Жер танабын тарылтты. Алты күнде аралап, Алты айлық жерді шалыпты... Үш Қосай мен Манастан Аспара, Мерке, Таластан Аралап өтіп барады. Алатау асқар жартастан Ел коймай кетіп барады Алты рулы алаңтан. Сырдан өтті сырғытып, Шудан өтті шүйілтіп, Іледен өтті ырғытып, Білі-өрден орғытып,	Қараталдан қарғытып, Ақсудан өтті аттатып, Көксудан өтті кесілтіп. Ертістен өтті есілтіп. Есіл менен Нұрадан Інірде өтті ыршытып. Сарыарқаны аралап, Сан сұлуды саралап, Көкшетауды көктеді, Көз жұмғанша өткені. Қарқаралы, Қазаннан Қарап өтті азаннан, Тобыл менен Торғайдан, Ойнап өтті тоғайдан...
--	--

Эпикалық кейіпкерлердің бірсыпырасы жырда аталуы терең мәні бар көрініс. Рас, жырда олардың іс-әрекеті айтылмайды. Бі-

рақ бұл арада мәселе жырды алғашқы жаратушының түркі халықтарының бірсыпыра батырын бір дәуірде жиып көрсетуінің себебін анықтауда. Қалай болған күнде де біз бұдан казак, қырғыз эпосының қаһармандары тек осы екі елге ғана емес, өзге халықтарға да ортақ батырлар болып танылғанын танымыз. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Едіге» жырлары көп халықтардың ауыз әдебиетінде сақталғаны бұрыннан белгілі десек, солардың қатарында қырғыз-казак эпосының кейіпкерлерін де алып қарауға болатынын көреміз. Демек, «Төкетай мен Мәнікер» түркі халықтарының эпосындағы ұқсастықтар тарихын, олардың идеялық-көркемдік табиғатын кең көлемде салыстыра қарау керектігіне тағы да бір нақтылы дәлелдеме береді.

«Төкетай мен Мәнікерде» Ер Көкше, Ер Қосай, Әлмембет, Келмембет аттары аталуы кездейсоқ деп қарауға болмайды. Түрлі халық өкілдерінің достасып, белгілі бір мақсат жолында бірлесіп әрекет ететіні «Манас» жырында да лайықты орын алған. Жалғыз «Манас» емес, қырғыздың басқа жырларын қарасақ та, көптеген ұқсас сарындар мен оқиғалар кездесіп отырады. Қазактың «Ер Қосай» жыры мен «Манас», «Манас» пен «Төкетай мен Мәнікер» арасында қандай байланыс бар? Бұл және басқа сұрауларға тек арнаулы зерттеулер нәтижесінде ғана жауап беруге болады. Бізде бұл істің алғашқы қадамдары жасалып келеді (14). Әлбетте, кең, терең мағынасындағы типологиялық зерттеу тек бірнеше жыр мәтінін салыстырумен ғана шегерілмесе керек. Сол үшін эпос зерттеу ісіне тарихтың, археологияның, этнографияның, тілдің, музыканың материалдарын да тиісті дәрежеде пайдаланып отыру абзал. Фольклоршылар кейде Манас, Алып Манащ, Алпамыс деген атаулардың бір тектен шығуы мүмкіндігін де ескертіп жүр.

Жеке жырлар, олардың идеялық-көркемдік дәрежесі, жанры, текстологиясы жөнінде еңбектер керек. Эпос генезисін, даму ерекшеліктерін, типін, поэтикасын ғылыми негізде зерттеп, үлкен қорытындылар жасау үшін түркі-монғол ауыз әдебиетінің, соның ішінде эпосының табиғатын зерттеу шарт. Ежелден Байқал мен Балқан аралығын жайлаған түркі-монғол елдері фольклорының байлығы сонда ғана танылмақ.

«Төкетай мен Мәнікер» жырындағы қаһарманның бірі — Ер Төстік дедік. Бұл ертегінің кейіпкері Ер Төстікпен негізі бірекені анық. Мұнда ол Елеместің (ертегідегі Естеместің емес) отыз ұлының кенжесі, мұның да жүйрік аты Шалқұйрық деп аталады.

Жырдың аңғарына карағанда Ер Төстік Қырым ханы Ақжелек-ке бағынғысы келмейтін, елді өзі билеуге ұмтылатын адам. Жетісудан барған, Ақжелек ханмен тіл табысқан жалғыз жолаушы, жеке батыр – Төкетайды өлтіріп жіберуі Ер Төстіктің айбаты мен қайраты ханнан да жоғары екенін сездіреді. «Төкетай мен Мәнікер» жырының тарихи негізі қаншалық екенін тексеру өз алдына жеке бір мәселе. Дегенмен мұнда тарихи оқиғалардың жаңғырығы бар деп топшылауға болады. Алтын Орда дәуірінде сол ұлан-байтақ ұлысты жайлап жатқан елдердің жергілікті өз билеушілері болғаны, олар өзара дауласып, соқтығысып отырғаны белгілі. Кейде ондай билеушілер хандардың айтқанына көнбейтін азулы батырлар мен рубасылар болатын. Бұған тарихтан аты мәлім Ноғай, Мамай, Едігелерді мысалға келтірсек те болады. Эпоста жол-жөнекей ескертілген жайлардың тасасында халықтың тарихи тәжірибесі мен естелігі, түрлі оқиғаларға көзқарасы мен бағасы жататынын мойындасак, «Төкетай мен Мәнікердің» де өткен замандардың әлеуметтік қайшылығынан хабар бере алатындығы айқын.

Қырғызда «Ер Төстік» атты көлемді жыр бар. Сол жыр мен казак ертегісін немесе Жетісу жерінде айтылып келген «Ер Төстік» жырын салыстырып карап өту де бір қажетті жұмыс болар еді. Түркі-монғол халықтарының эпосын бірлікте, өзара байланыста қарайтын, туыс, көрші халықтар ауыз әдебиетінің байланысын жанр-жанр бойынша тексеретін түбегейлі еңбектер қажет.

«Төкетай мен Мәнікер» өзінің құрылысы, поэтикасы жағынан казак эпосының дәстүрлі үлгісі негізінде жасалған. Мұндағы батыр мен оның мінген аты да эпостық жырлардың сарынын сақтайды. Қаһармандардың диалогтары да дағдылы жыр кестесінен алшақ кетпейді. Мәселен, Талас жерінен Қырымға, Ақжелек ханға келіп, сәлемдескен Төкетай былай сөйлейді.

...Қызы сұлу Қырым деп
Қызыкканнан мен келдім.
Ұлы сұлу Үрім деп
Ұзақ жолдан мен келдім,
Рудан мойны озған деп
Өзінді іздеп мен келдім.

Көкетай ханның інісі
Төкетай сал мен едім.
Екеумізде екі ұл бар
Арттан ерген өренім,
Елден асқан сұлу қыз
Өперейін деп едім...

Жырда Қырым хандығының ішіндегі өзара алауыздықты, хандық тактын әлсірегенін аңғартатын деталь да кездеседі. Ақже-

лек ханның өз ішіндегі мән-жайды таклақтап айтуынан көп шындық аңғарылады.

Хан – мұнара болады,
Халық дұғадар болады.

Хан – қайық болады,
Халық – теңіз болады.

Әдетте казактың эпикалық жырының қаһарманы қанша қиыншылыққа кездесе де, кедергіге кідірмей, түбінде мұратына жететін. «Төкетай мен Мәнікерде» Төкетай Ер Төстік қолынан өледі. Мұның өзі жырдың кейініректе туған «кенже эпостар» қатарына қосылатынын аңғартады. «Кенже эпостарда» эпикалық, тарихи, тұрмыстық жырлар сипаттары аралас келетін. «Төкетай мен Мәнікердің» бас идеясы тұрмыстық сарын болып келуі де мұны дәлелдей түседі. Мұнда негізгі мәселе батырдың Отан үшін ерлігін көрсетуге емес, екі хан – Көкетай мен Ақжелек елінің арасындағы дәстүрлі құдандалық қарым-қатынастары төнірегіне құрылған.

Жырдың тілдік кестесі көркем. Оның кейбір тұстары эпосымыздың тандаулы жолдарын еске салады. «Төкетай мен Мәнікер» талай жыршының аузымен айтылғаны, табиғи екшелу, жетілу жолынан өткені аңғарылады. Мұнда терең ойларды тұжырымдап, қанатты нақыл сөздей қалыптастырған шумақтар аз емес.

Батыр болар жігіттің
Аты кетер руға.
Тұлпар болар жылқының
Тұлғасы тұрар құлында.

Немесе:

Бозторғайға бак қонса,
Бидайық, қыран бағынар,
Шымшық құсқа бак қонса,
Самырық келіп жағынар –

деген қатарлар осы ойымызды дәйектей алса керек.

К.Әзірбаев аңыз, ертегі негізінде «Ер Төстік» жырын да айтып келген. Бұл жырдың түрлі халықтар арасында тараған сюжетінде көне дәуірдегі мифологиялық түсініктерін әйгілейтін деректер бар (15). Мәселен үш қат әлем – жер, жердің асты, көк туралы ұғым бұл жырда анық байқалады. Жер бетінің тұрғыны Ер Төстік жер астына түсіп, көп тосын оқиғаларға душар болады.

Тағы да ескертерлігі – Ер Төстік жырда жер астына «ажалдан қашып» түскен болып суреттеледі. Бұл арадан Қорқытқа байланысты аңыздардың идеясы елес береді. Жер астындағы елдің ақсақалына Ер Төстік былай дейді:

Мен өзім Елеместің еркесі едім,
Бір қыз бен отыз ұлдың кенжесі едім.
Өлмек бар жер үстінде тірілмек жоқ,
Сол үшін жер астына келіп едім.

Өкінішке қарай бұл идея бұдан әрі өрбітілмей, келте қайырылған. Көп ұзамай Ер Төстік жер үстіндегі елін, отбасын сағынып, отанына қайтуды армандайды. Мұны жер бетіне алып шығушы Алыпқара деген құс болады. Төстіктің жер үстіне шығу өрекеті, Алыпқараның балапандарын аман сақтап қалуы, құстың канатына отырып жер бетіне көтерілуі ертегідегімен қарайлас. Сонымен, «Ер Төстік» жырының үзіндісінен де кейбір соны мәселелер ұштығын аңғарамыз. Түбінде жырдың нұсқасын толық қалпында жарыққа шығару қажет болады.

Аталған жырлардың тегі, табиғаты, орындалу мәнері жөнінде толық тексерулер алдағы кезде болар деп сенеміз. Біздің назарымызды ерекше аударған – бұл жырларда қазақ эпосын, өзге түркі халықтарының, әсіресе іргелес қырғыз халқының эпикалық дәстәндері өлемімен байланыстыратын жанды, терең тамырлардың молдығы. Болашақта түркі-моңғол халықтарының ауыз әдебиетін салыстыра зерттеу фольклортанудың өзекті мәселесі болып қала береді. Үлкен ғылыми қорытындылар қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, алтай, өзбек, түрікмен, башқұрт, құмық секілді тілі мен тегі жақын халықтар эпосының материалын түпнұсқадан нақтылы зерттеу барысында ғана тумак.

IV

Қазақ және башқұрт халықтарының фольклорлық мұрасында аса мол да қызғылықты ұқсастықтар бар. Жалпы эпикалық «туыстық» жағынан башқұрттар қазаққа түркі тілдес халықтардың көбінен жақын. Мұны екі халыққа ортақ сюжеттер мен терминдердің құрамы да дәлелдей алады. Мұндай тосын да тың фактілердің көбін белгілі башқұрт ғалымдарының зерттеулерін оқығанда

неғұрлым айқын сезінеміз (16). Мәселен, башқұрттарда «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Алпамыс», «Тарғын мен Қожақ», «Шора батыр», «Едігей мен Мұрадым» секілді ертеңкілердің болуы эпикалық байланыстың ауданы кең екендігін аңғартса керек. «Ақбозат», «Орал батыр» сынды қаһармандық эпостың да қазақ жырларымен үндес келетін тұстары баршылық. Қазақтың тарихи аңыздарының аса мәнді саласы – Жиренше шешенге қатысты сөздер түгелге жуық башқұрттарда да сақталып келген. Башқұрт эпос, ертегісін жасаушы, айтушы сәсәндер мен қазақ жырауларының ұқсастығы да жеке зерттелуге лайық... Қазақ жыршы, ақындары секілді «...Әрбір айтушы-сәсәннің немесе кубайыршының түрлі эпикалық аңыздауларды орындайтын арнаулы дағдылы сазы болған» (17).

Ертеде қазақ ақындары мен башқұрт сәсәндерінің кездесуі, айтысқа түсуі жиі болып отырған. Башқұрт фольклоршылары өз еңбектерінде бұған бірталай нақтылы мысал келтіреді. М.Сағитовтың көрсетуінше, қазақтың Бейсенбай есімді ақыны мен Құбағұш сәсәннің айтысы сақталған. Атақты Бұқар жырау мен башқұрт сәсәні Байық Айдардың айтысканы туралы да дерек келтірілген (18). Ал «Идуқай және Мұрадым» жырында «бүкіл Орал, Алтайға мәлім Сыпыра (Хабрау) есімді қарт шешен туралы да айтылады. Башқұрт сәсәндері көп ретте қазақ поэзиясы тарихындағы жырауларды еске салады.

Башқұрттың «құбайыр» термині біздің «жақсы жыр» деген ұғымымызды береді. Тіліміздің кейбір оралымдарында «құп» сөзі «жақсының» орнына жүретінін, «Құба-құп, «аққұба» деген тіркестер осындай мағынада қолданылатынын ескерсек, «құбайырдың» төркінін тану қиын емес.

Түбірі шығыс елдерінен ауысқан, бірақ заманалар бойында көп жырланып, халық арасына кең тарап кеткен «Жүсіп–Зылиха», «Тайыр мен Зухра», «Бозжігіт» секілді мұралар да екі халық эпосының ортақ «қабаттарын» құрайды.

Башқұрт фольклорында ертегі түрінде таралған бірталай сюжет қазақтарда күй аңызы ретінде айтылып отырған. Қазақтың «Ақсақ құлан», «Бозайғыр», «Қара жорға», «Қоныр бұқа» тәрізді күйлері туысқан халықта жеке-дара әңгіме, аңыз сипатында көрініс берген. Ежелгі сюжеттердің өзгеруі, жанғыруы, дамуы мәселесін анықтауда бұл айтылғандар тамаша мысал. Қазақтың аспан өлемі туралы аңызында ғана айтылатын Жетіқарақшы, Ақбозаттар башқұртта эпос құрамында жүр.

Жалпы алғанда башқұрт ертек, жырларында архаикалық, мифологиялық белгілер көбірек кездесетінін көреміз. Қазақ арасында үзік-үзік күйінде ұшырайтын аңыздардың о бастағы жүйелі нұсқасы башқұрттар арасынан табылатынына көз жетеді.

Кейбір зерттеулерде «Алпамыстың» қоңырат версиясы мен башқұрттың Алпамыша жайындағы ертекті салыстырылған (19). Бұл ескерткіштердің о баста бір түбірден таралып, кейіннен түрліше өзгеріске түсуі күмән келтірмейді. Башқұрттың Алпамыша турасындағы ертектің қоңырат (қазақ, қарақалпақ, өзбек — Р.Б.) версиясына оқиғалық өрілімі, бағыты жағынан жақындап келетіні де кездеседі. Мәселен, әлгіндей ертектің бір нұсқасында Алпамыша Қоңырат қаласындағы Қоңырат ханның баласы делінеді (20). Ал негізгі кейіпкерлер: Алпамыша, Баршын сұлу, Құлтаба барлық нұсқаларда да жүреді. Кейбір нұсқада Алпамышаның зынданда жатып тартатыны домбыра болады (21).

Академик В.М.Жирмунский аталған еңбегінде Алпамыша жөніндегі башқұрт, татар аңыздарымен қатар мазмұн, жанр жағынан соларға ұқсас қазақ ертегілерін де («Желкілдек», т.б.) талдап өтеді. Ол бұл ертектің бойынан көптеген ұқсас белгілер тауып, олардың бәрін шартты түрде «қыпшақ версиясы» деп атаған.

Дегенмен бұл тақырыпқа зерттеушілер әлі де талай рет қайталап оралар деп сенеміз. Бұған үш түрлі күрделі себеп бар. Біріншіден, Алпамыс атына қатысты эпос, ертегінің күллі нұсқасы түгел шолынған емес; екіншіден, түрлі халықтар нұсқаларын өңгімелегенде сол елдердің этностық тарихы жеткілікті ескерілмеген; үшіншіден, түрлі тілдегі вариант, версиялар түпнұсқадан тексерілмей, аударма бойынша алынуы жырдың немесе ертегінің көркемдік кестесіндегі ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік бермеген. Демек жалпы түркі халықтары эпосының өзара үндестігі де, соның ішінде «Алпамыс» ескерткіші туралы да айтылар пікір аз болмасқа керек.

Бұл пікірдің негізділігін қазақтың «Алпамыс» жырын көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан филология ғылымдарының кандидаты Т.Сыдықовтың, эпостың өзбек версиясын тексерген В.М.Жирмунский мен Х.Зарифовтер еңбегін жалпы жоғары бағалай келіп, кейбір ескертпе айтуынан да байқауға болады. «Алпамышты» зерттеушілер кемшіліктерінің «...ең бастысы — авторлардың жекелеген сюжеттік схемалар мен мотивтерді формалды түрде салыстырып, оған көп көңіл бөлуінде еді. Олар бұл мәсе-

ленің байыбына жетіп бара алмады... Әр түрлі тарихы бар, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық құрылысы бар, әрқайсысы өзінің алдына әр түрлі тарихи және мәдени міндеттер қойған халықтардың шығармаларына әр қырынан келіп зерттеу орынды еді...» (22).

Башқұрт фольклоршысы Мұхтар Сағитов «Алпамышаның» башқұрт елінде он бес түрлі нұсқасы бар екенін айтады (23). Міне осылардың әрқайсысында жаңа эпизодтар немесе өзгеше кейіпкер аттары ұшырайды. Солардың тағы бірінде Алпамышаның өкесінің есімі Ұлтанби аталады (24). Мұның бәрі эпос сюжетінің таралуы, сақталуы, өзгеріске ұшырауы түрлі факторлардың жиынтығынан құралатынын көрсетеді. Сюжеттің таралуы мен әрбір халық көлемінде жандана, жаңғыра түсуінің сыры мен қыры қандай болмасын белгілі қисын, схемалардың ауқымына сыймайтындығы байқалады. Жыр, ертегілердің түпнұсқа мәтіні, халықтың тарихына, этнографиясына, музыкасына қатысты деректер қамтылғанда ғана «сюжет ауысудың» неғұрлым анық ізін табуға болады.

Екі халықтың фольклорлық байланысының сипаты жан-жақты, тығыз болғандығына дәлел көп. Солардың ішінде тарихи-генетикалық салаға жататындары да аз емес. Мұны түсіну үшін қазақ, башқұрт халықтарының негізгі құрамында бірсыпыра рулардың (қыпшақ, табын, тама, телеу, жалайыр, т.б.) болғанын еске түсірудің артықтығы жоқ. Түрлі дәуірде әрқилы мемлекеттер мен бірлестіктердің қарауында жүрген көптеген түркі тілдес тайпалар жейіннен осы екі халықтың да құралуына ұйытқы болған. Көне кезеңдерді айтпағанда Алтын Орда, Ноғай ордасы бірлестіктері кезінде әлгіндей рулардың көбі тығыз байланыста өмір кешкен. Кейіннен бұл одақтар мен мемлекеттер ыдыраған кезде бұлардың негізінен қазақ, башқұрт, құмық, ноғай, қарақалпақ секілді халықтар бөлініп шыққан. Осыған байланысты ежелгі фольклорлық сюжеттер жаңа жағдайда тиісті «өзгерістерге» ұшыраған...

Башқұрт пен қазақ ауыз әдебиетінің түрлі көлемдегі ұқсастықтарының тағы бір себебі — ғасырлар бойында халықтарымыздың арасында тарихи-мәдени байланыстың үзілмеуінен деп білеміз. Тілі, салты жақын ағайын халықтар өкілдерінің бір-бірін аудармасыз-ақ түсінетін болуы мәдени байланыстың ұдайы үзілмей келуіне мүмкіндік жасаған. Мұндай қарым-қатынас Башқұртстан мен Қазақстан патшалық Ресейдің қарауына өткеннен

кейін жүйелі өрістеген. Екі халықтың азатшыл, ержүрек адамдары бірлесе отырып, талай рет әлеуметтік, ұлттық теңсіздікке қарсы көтерілген.

Мұндай тарихи-мәдени байланыстың жарқын мысалдары мол. Қазақ жыршы, ақынының башқұрттар арасына, башқұрт сәсэн, құбайыршыларының казак ауылдарына келіп, өнер көрсетуі көршілес жатқан елдер үшін табиғи құбылыс еді. Көптеген ертегі, аңыз, жыр, өлеңнің сюжеті мен мәтіндері мұндай жағдайда бір халықтан екінші халыққа ауысып отыруы таңғаларлық емес. Мәселен, біз «Тарғын мен Қожа» жыры башқұрттарға казак арасынан тараған деп топшылаймыз. Бұл жырдың оқиғалық өрілімі мен қаһармандар аттарынан ғана емес, көптеген сөз тіркестерінің бірыңғай келуінен де («Ей, Қарт Қожақ, Қарт Қожақ, Атыңның басын тарт, Қожақ», т.б.) көрінеді...

Тарихи-мәдени байланыстың мысалы ретінде XIX ғасырда Ақмолла Мұқамедиярұлы сынды көрнекті ақынның казак, башқұрт, татар тілдерінде шығармалар жазып, туысқан халықтарға қызмет еткенін атасак та болады. Ал XX ғасырдың бас кезінде Уфа қаласындағы «Медресе Ғалия» оқу орнында көптеген казак жастары оқып, білім, тәлім алып, белгілі қайраткерлер дәрежесіне көтерілгені терең, мәнді құбылыс. Демек халықтар арасындағы мәдени, рухани байланыстар, соның ішінде фольклорлық ауыстүйістер сан тараптан жүріп жатқан...

Қазақ және башқұрт халықтарының ұзақ ғасырларда көшпелі өмір сүруі олардың тұрмысы мен салтында көп ұқсастықтар тұғызған. Бұл тілдік лексикадан, терминдерден, көшпелі өмірге тән бейнелеу кестелерінен айрықша көрінеді. Тіліміздегі қымыз, айран, құрт, ауыл, айтыс, ақсақал, барымта, батпан, батыр, бауырсақ, би, құнан, дөнен, құлын, тұлпар, тарпан, қарымта, кереге, кобыз, майдан, мырза, саба, сахара, той, төре, құмай, қоржын, жайлау, жайық, самұрық секілді жүздеген сөздер мұның дәлелі.

Көшпенді халықтардың фольклорлық шығармаларында жүйрік атты қадір тұту айрықша орын алатыны казак, башқұрт ауыз әдебиетінен кең көрініс береді. Эпос қаһармандарының жүйрік ат тандап міну, жауға аттану, соғыс қимылын, жайлау салтанатын, т.б. суреттейтін тұстарда бұл сарындастық өте жақын сезіледі. Бұның өзі казак, башқұрт фольклоры арасында кең мағынасындағы тарихи-типологиялық ұқсастықтар да елеулі екендігін байқатса керек.

Ауыз әдебиеті жаратындыларында, соның ішінде эпоста халықтың өткен заманда бастан кешкендерінің ең асылы, нәрі ғана екшеліп, көркемделіп жинақталатыны ортақ заңдылықтай нәрсе. Түрлі елдің фольклор мұрасынан да осы қағиданың ақиқаттығы айқындала түседі. 1978 жылы Элиста қаласында болған «Жәңгір және түркі-монғол эпикалық шығармашылығының мәселелері» атты бүкілодақтық конференция материалдары да бұл шындықтың мейлінше әділдігін дәлелдеп өтті. Конференцияда қалмақ халқының ұлы эпосы — «Жәңгірдің» ғана емес, жалпы түркі-монғол халықтары эпикалық дәстүріне қатысты жайлар да кеңінен әнгімеленеді.

«Жәңгір» жырының көптеген ғалымдардың назарына ілінуі, зерттеу тақырыбына айналуы кездейсоқ құбылыс емес. Өйткені бұл эпос көлемі, көркемдігі жағынан да, көтерілген идеяларымен де жаһан жұртшылығына мәшһүр жырдың бірі. Бұдан қалмақ халқының ізгі ұғымдарын, аңсарларын біліп қана қоймай, өзге де елге қызғылықты мәселелерді табамыз.

Қалмақ эпосы 1940 жылы казак тіліне аударылып, жеке кітап болып шыққан. Аз таралыммен, оның үстіне сол кездегі алфавитіміз — латын қарпімен басылған кітап бұл күнде оңай таптырмайды, оны тек үлкен кітапханалардан ғана кездестіруге болады. Сол үшін тақырыбымызға орай эпостың зерттелу тарихына, мазмұндық желісіне қысқаша тоқтала кетуіміз артық емес.

Эпос тексерушілер «Жәңгірдің» жанрлық ерекшеліктері тұрасында елеулі пікір айтқан. Кейбір фольклоршылар бұл жырдың жаратылуына Иран эпосының белгілі дәрежеде ықпалы болғанын көрсетеді. Ю.М.Соколов қалмақ эпосы мен орыс былиналары арасынан күрделі жақындық табады. Ол әсіресе «Жәңгірде» орыс былиналарындағыдай, батырлардың тұрақты мінездеме-лері берілгендігіне көңіл бөлген (25). Аудармашы С.Липкин өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, қалмақ жырының казак, қырғыз эпосымен де, Қытай, Тибет, Үндістан эпикалық дәстүрімен де үндестігін аңғарған. Әрине бұл ойлар нақтылы әсерлер, салыстырулар негізінде тұғаны шүбәсіз.

XIX ғасырдың бас кезінен бері қарай ішінара таныстырыла бастаған эпостың сақталуы мен зерттелуіне профессор В.Л.Галстунскийдің және оның шәкірті, «Жәңгірдің» он бес тарауын жи-

наған белгілі ғалым В.Л.Котвичтің аса көрнекті еңбегі ілтипатпен аталады. Жәңгіртанудың туып-калыптасуына академиктер В.Я. Владимирцев пен С.А.Козин үлкен үлес қосқан (26).

«Жәңгір» жырында байлық, ынтымақ, бақыт мәңгілік қосын еткен қиялдай қызық Бумба жұртындағы (қазақ аңыз-ертегілеріндегі Жиделі-Байсын секілді) оқиғалар сөз болады. Сол баянды ырыс мекенін қорғау, елдің бүтіндігін сақтау — жырдың бас идеясы. Зерттеушілердің пайымдауынша, эпостың пайда болуына XV ғасырда Ойрат-Қалмақ мемлекетінің өрлеуі негіз болған делінеді. «Жәңгірдің» 500 жылдығы атап өтілуі де осындай тұжырымға байланысты.

Қалмақ эпосында береке, бірлік дарыған Бумба елінің ұлы нояны, қаһарман ұлы Жәңгірдің және оның карауындағы «алты мың да он екі батырдың», әсіресе қажымас кайратты Қоңырдың, сом білекті Сабырдың, орнықты ойлы Саналдың, сымбатты батыр Мингианның, алғыр ақылды Алтын Шежінің жорықтары мен жеңістері айтылады. Жырдың он екі тарауына желі тартқан оқиғаның бәрі дерлік — елдің тәуелсіздігін, тыныштығын, намысын қорғау мәселесі. Жәңгірдің және оның батырларының азаттық үшін аттаныстары, оқиғаның себебі мен салдары эпостың барлық тарауында баяндалады. Жырдың он екі бөлігінің оқиғалық өрілімі жеке-дара, аяқталған шығарманың пішінін танытса да, солардың бәрі қосылып, бүкіл халықтың, мемлекеттің мүддесі үшін күрес идеясына ұласады.

Қалмақ эпосында жалпы қаһармандық жырларға тән әсірелеу ерекше орын алады. Жәңгір батыр үш жасында атқа мінген, жеті жасында хан болған делінеді. Оның елінің адамдары жиырма бес жастан, кемел шағынан әрі аспай, қартаймаған қалпында «мәңгілік» қызық дәурен кешеді екен... Жырда Бумба елінің кез келген батыры жаудың сан мың адамын жайпап жүре береді, олар аилық ауыр жорықтарға жалғыз аттанады. Эпос қаһармандарының астына мінген аттары әрі көлік, әрі «тіл бітіп» сөйлейтін кенесші серік. Жәңгір батырларының бойында сиқыршылық өнер де бар, қиын сәттерде өздері де, аттары да түсін өзгертіп, көзден таса бола қалады. Бұл эпоста жер астының «оқиғалары» да қамтылады. Мұның бәрі эпоста ертектің элементтері, мифтің құрамдары, гиперболаның күрделі түрлері аралас келетінін көрсетеді. Эпостың XV ғасыр жаратындысы делінуі, белгілі дәрежеде шартты анықтама екендігі, мұнда қалмақ халқының сан ғасырлық өмір

тәжірибесінің елесі байқалатыны осы айтылғандардан аңғарылса керек.

«Жәңгір» жыры стадиялық жағынан қазақтың бірталай эпикалық шығармаларынан көнелеу екендігі де танылады. Сонымен қатар қалмақ эпосы мен қазақ жырларының арасында өте қызықты әрі тарихи-типологиялық үндестік барлығы, бұлардың түбірі көшпелі халықтардың ежелгі эпикалық дәстүріне тірелетіні көрінеді.

Бұл эпостың оқиғалық мазмұны мен идеялық нысанасы фольклортанудың кейбір қиын мәселелерін шешуге өз тарапынан көмектеседі. Зерттеушілер жырдағы адам аттары мен жорықтардың ешқайсысын да қалмақ тарихындағы белгілі бір оқиғаларға телімейді, эпос пен тарихтан тікелей ұқсастық іздемейді. Эпикалық туынды мен шежіре аңыздың арасына теңдестік белгісін қою ескірген тәсіл екенін қалмақ ғалымдары жақсы түсінетінін байқаймыз. Ойрат немесе кейінгі қалмақ тарихындағы құбылыстардың эпоспен орайлас келетін қайсыбір тұстарына да олар терең ғылыми парасатпен қарайды...

Өзінің ұзақ та шытырман тарихында ойрат-қалмақтар сан алуан шабуыл, сан сабылуды бастан кешкені тарихтан мәлім. Бірде өзге елдер, әсіресе манчжур-қытайлар қалмақ жеріне басып кірсе, халықты қырып-жойып, малын айдап әкетсе, екінші жерде қалмақ нояндары көрші елдерге көз алартып, ауық-ауық шапқыншылық жасаған, естен кетпес қайғылы оқиғаларға душар еткен. Мәселен, XVII — XVIII ғасырларда Жоңғарияның қазақ еліне талай рет тұтқиылдан шабуыл жасап, қарапайым халықты ауыр апатқа ұшыратқаны белгілі (27). Бір ғажабы — осыған ұқсас оқиғалар, әділетсіз зорлық-зомбылықтар халық жадында сақталмаған, эпостан орын алмаған. Міне, бұл мәселе де эпостың табиғаты мен ерекшелігін тануға кілт болғандай...

Бұдан шығатын қорытынды — эпос ел тарихынан ең ізгі ұмтылыстарды, адамдар бойынан ұлылықты, мейірбандықты, бауырластықты, әділдікті, ерлікті ғана талғап алатындығы. Біреуге жасалған зорлық пен қиянат жеке адамның өмірбаянын көріктендірмейтіні секілді өзге елдерге тигізген соққы да өте бір ағат, қадірсіз құбылыс ретінде халықтың жадынан орын алмайды екен... Нак осындай-ақ «Жәңгір» жыры жаулаушылықты емес, отан қорғауды, қастықты емес, достықты, соғысты емес, бейбіт, бақытты өмірді мадақ еткен. Бұл эпостың қаһармандары ел бірлігін, салтанат-

ты, сәнді өмірді, адам баласының татулығын, ынтымағын ансайдды, жауларға тек осы мүддені қорғау үшін ғана қылыш сермейді... Сондықтан да «Жәңгір» эпосы қалмақ халқының замандар бойғы биік мұратын, үзілмеген үмігін, бейбітшілік, бақыт туралы арманын, түсінігін, тарихи тәжірибесін әйгілеген туынды болып саналады. «Жәңгірдің» де, басқа эпостың да даналығы – белгілі оқиғалардың ізін шежірелеуінде емес, халықтың ардақ тұтқан ең асыл ойлары мен қиялын шындық бейнесінде беруінде.

Эпостың халық өмірінде қаншалық қызмет атқара алатындығын «Жәңгір» жақсы дәлелдейді. «Жәңгір» – қалмақтардың мақтанышы, рухани энциклопедиясы, тарыққанда медет алатын, торыққанда жұбаныш табатын, өзгелермен теңесетін биігі, ұлттық көркемдік мәдениетінің жетістігі.

Көңіл бөлер көріністің бірі – жәңгірші жыршылардың өнері. Қалмақтар арасында эпосты жатқа айту дәстүрі сақталып келеді. Әдетте қалмақ жыршылары домбыраның сүйемелдеуімен айтатын екен. Бұл реттен алғанда жәңгіршінің термелеу мәнері якуттың олонхосутынан, қырғыздың манасшысынан гөрі қазақтың жыршысына жақынырақ. Түркі-монғол тілдес халықтардың ішінде домбыра қазақ пен қалмақта ғана бар. Маман фольклоршылар қалмаққа тіл жағынан туыс екі халық – монғол мен бурятта музыкалық аспаптар өзге екеніне қарап, домбыра қалмаққа қазақтан ауысқан деп тұжырымдайды...

Қалмақта жыр айтумен қатар шешендік айтыстар, әңгіме дәстүрі жалғасып келеді. Би – қалмақ арасында ежелден кен тараған, аса сүйікті өнер. Домбыра күйіне ортекелерді ойнату дәстүрі де сақталыпты. Мұның бәрі халық шығармашылығын байытуға септесетін дәстүр, орта бар екендігін сипаттайды. Ғибратты бір мәселе – мектеп оқушыларының «Жәңгір» эпосының үзінділерін нәшіне келтіріп, жыршылар салтына салып орындауы. Жыршылық дәстүрдің жалғасуын кездейсоқ адамдардың өздігінше үйренуіне қаратып қоймай, жеткіншектерге жастай үйрету – өте өнегелі, өмірлі, ақылды іс.

Қазақ пен қалмақ фольклорының мол салалы үндестіктері, әуенділіктері, қызық та, пайдалы да зерттеулердің тақырыбы болмақ. Ондай салыстыру фольклортануды жаңа биікке көтеріп, көп соны ойлар тудырады сөзсіз...

Телегей айдын теңіздердің түрлі өзен, жылға, бұлақтар суынан қосылып, молайып барып пайда болатыны тәрізді фольклортану ғылымының да ірі жаналықтары мен заңдылықтары кенеттен жасалмайды. Ауыз әдебиетін, эпосты тарихи-типологиялық тәсілмен тексеру де түбінде үлкен тындарды ашуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

«Түркі-монғол эпосындағы кейбір ортақ сарындар» деген еңбек дәл осы мақсатқа орайлас ұсынылып отыр. Біз бірнеше халықтың эпикалық дәстүрі, шығармалары жөнінде азды-көпті пікір қозғауды көздедік. Сонымен қатар, солардың қазақ эпосымен түрлі деңгейдегі байланыс, ұқсастықтары сөз болды. Еңбектің құрылысы мен құрамы да эпостағы ортақ сарындарды әрбір қырынан таныстыру тілегінен туды.

Әдебиет:

- (1) Типология народного эпоса. М., Наука, 1975.
- (2) Русское народное творчество. М., Высшая школа, 1966, с. 35—36.
- (3) История казахской литературы. Т. I. Алма-Ата, Наука КазССР, 1968, с. 274.
- (4) Бекиров Дж. Татар фольклоры. Ташкент, 1975, 214 — 221 б.
- (5) Дримба Вл. Исследования по тюркской филологии в Румынии. Советская тюркология. 1977, №5.
- (6) Пропп В.Я. Русский героический эпос. М., 1958, с.27.
- (7) Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. М., 1963, с. 423.
- (8) Ногай халық йырлары. М., Наука, 1969, с.1 — 216. (Бұдан былайғы ногайша өлең мысал осы кітаптан).
- (9) Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960, 458-б.
- (10) Максетов К. Каракалпақский эпос. Ташкент, 1975, с. 59.
- (11) Ғашық-наме. Алматы, Жазушы, 1976, 82-б.
- (12) Ногай халық йырлары. М., Наука, 1959, 20-б.
- (13) Әзірбаев К. Алатау шыңы. Алматы, 1974. (Тараушада келтірілген мысал осы жинақтан.)
- (14) Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы, Жазушы, 1976, 20 — 56-б.
- (15) Урманшеев Ф. Сказание, Ир Тюшлик у тюркоязычных народов. Советская тюркология, 1978, №1.
- (16) Киреев А.Н. (Кирей Мәргән). Башкирский народный героический эпос. Уфа, 1970. Харисов А.И. Литературное наследие башкирского народа (XVIII-XIX века). Уфа, 1973.

- (17) Атанова Л. О башкирских эпических напевах. – В кн.: Башкирский народный эпос. М., 1977, с.493.
- (18) Башкирский народный эпос. М., 1977, с. 485.
- (19) Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974. с. 168 – 177.
- (20) Сонда. 176-б.
- (21) Сонда. 172-б.
- (22) Ғабдуллин М., Сыдыков Т. Казак халқының батырлық жыры. Алматы, 1972, 66 – 67-б.
- (23) Башкорт халқы ижады. Уфа, 1973, екінші кітап, 6-б.
- (24) Сонда. 42-б.
- (25) Джангар. Калмыцкий народный эпос. 1958, с. 13.
- (26) Владимирцев С.А. Ойротско-калмыцкий героический эпос. 1967; Козин С.А. Джангариала. Героическая поэма калмыков. М-Л., 1940.
- (27) История Казахской ССР. Алма-Ата, 1956, с.231.

ОЛОНХО ЕЛІНДЕ

Соңғы жылдарға дейін жер бетінде саха деген халық бар екенін білгендер кемде-кем. Мұның себебі осындай халықтың жоқтығынан емес, оның атының танымастай болып өзгертіліп айтылып, жазылып келуіне байланысты еді. Азия құрлығының солтүстік-шығыс аймағындағы ұланғайыр алқапты алып жатқан елдің аты Якутия аталып келген. Бұл өлкені Ресейден қоныс аударушылар XVII ғасырдың бірінші жартысынан бері қарай иемдене бастаған, жергілікті халықтың шын есімі қандай екен деп тексеріп жатпай, «якут» деп атап кеткен. Сонымен, Ресей құжаттарында қазақтың – қырғыз, қырғыздың – қарақырғыз, ноғайдың – татар, алтайлықтардың – қалмақ деп аталғаны тәрізді саханың да лақап аты тараған. Рас, қазіргі кезде бұл халық ресми құжаттарда өзін саха деп жазады. Бірақ ғасырлар бойында қалыптасқан бөгде атаудан құтылу да оңай болмайтын көрінеді. Ресейдің де, басқа елдердің де тілдерінде «якут» деген атау әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Сахалар өздеріне тілі мен этностық тегі жағынан жақын халықтарға енді-енді ғана мәлім болып келеді. Жерінің шалғайлығы, қатынас жолдарының қиындығы бұл елді өзгелерден бөліп тастағандай еді. Әсіресе сахалардың XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында жаппай шоқындырылуы, аты-жөндерінің орысша жазылуы, елдің дағдысына христиан салттарының ене бастауы оларды түркі, мұсылман әлемінен тіпті алыстатып жіберген. Оның үстіне сахалардың ғасырлар бойында монғол, бурят, эвен, эвенкі, чукча, юкагир секілді халықтармен аралас-құралас өмір кешкендігі сөздік құрамының да күшті өзгеруіне әсер еткен. Ал соңғы үш ғасыр бойында саха тіліне орыс сөздерінің орасан мол қабаты ауысқан. Осының салдарынан саха тілі өзге түркі тілдерінен окшау өзгеленген. Зерттеушілер бұл тілді қандай топқа қосу керектігі жөнінде бірсыпыра дағдарып барып, ақырында оның құрылысы, байырғы лексикалық қоры түркіше екенін мой-

ындаған. Тұтас бір планета сынды атырапты алып жатқан, жерінің асты тұнған байлық, ежелгі дәстүрлі мәдениеті бар саха халқы өзінің түркі әлеміне қатыстылығын қайтадан сезіп, кейінгі кезде ғана ежелгі туыстармен барыс-келіс жасай бастады.

* * *

Саха (якут) халқы ауыз әдебиетінде батырлар жыры «олонхо» деп аталады. «Олонхо» деген сөздің қазақтың «өлеңімен» тектестігі үстірт қарағанда да сезілгендей. Сахалардың тілінде бізбен ұқсас көп сөздер кездесуі бұл ұғымдардың туысында белгілі бір заңдылық жатқандығын аңғартады. Әсіресе мал шаруашылығына, көшпенді өмірге байланысты, көне түркі тілінің ортақ қорына жататын сөздер мен тіркестер бізде де, сахаларда да бірінғай келе береді. Мәселен, *ат, бие, құлын, қазы, қарта, қымыз, қан, аттан, от, шөп* деген сөздер сахаларда да осылай аталады. Қымыз құятын тостағанды шарон (біздің шара дегенімізге келеді) дейді екен. Якут тілінің ғасырлар бойында монғол, эвенкі тілдерінің өсерімен өзге сапаға ауысканына қарамастан, тілінің ең әуелгі түп негізі байкалып отырады. Енді бірқатар сөздердің айтылуы өзгеріп кеткен. «Шолпанның» – «чолбон», «жұлдыздың» – «сұлұс» болғаны секілді. Әсіресе саха тілінің дыбысталу жүйесіндегі ерекшеліктер түбірі тектес сөздерді де өзгертіп жібергендей. Біздегі «ж» әрпі орнына сахаларда «с» әрпі келіп отыратынының өзі көп сөздердің тосын естілуіне себепші. Жүректі – сүрек, жокты – сох деп айтудан бұл айырым аңғарылса керек. Дегенмен сахалардың сөйлеген сөзін, өнін, жырын естіп, жазуын оқи келе анық үйренемін деген кісі бұл тілді бірнеше айда меңгере алады деген ойға келдік.

«Олонхо» деген сөзді сахалар ерекше мақтаныш сезіммен айтады. Ал эпосты жатқа айтушы жыршы – олонхосут (олонхошы) халықтың жанды шежіресі тәрізді. Саха халқы батырлар жырына бай. Бірақ сол көп олонхоның ішінен ерекше шоктықтанып көрінетін, көлемі де, көркемдігі де өзгеше бір халықтық дастан бар. Ол «Нұрғын батыр» (Дьулуруйар Ньургун боотур). Бұл жырдың ең үлкен нұсқасы отыз мың жолдан асады екен. Саха халқының есте жоқ ескі замандағы өмір шындығының мол суреті жырда кең сақталып қалғандығын зерттеушілер бірауыздан мойындайды. Якуттардың бір заманда оңтүстікте өмір кешкендігіне

қосалқы дәлелдер осы олонходан табылады. Жырда оты мол, шуағы мол, жыл он екі ай суық түспейтін өлкенің өсімдігі, жан-жануары, тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді.

Сахалар қазіргі отырған жеріне XI ғасырдан бері қоныс тебе бастаған. Бірақ якуттардың одан бұрынғы мекені туралы түсінік бұлдыр. Олар солтүстікке соңғы рет көшкен өлке Алтай, Байқал тұстары екенін айтудан ғана шектелуі, әрине, мәселенің ақиқатына жетіп болмағандық белгісі. XI ғасырға дейін якуттар қай жерді мекендеді? Осы сауалды шешуге азды-көпті санылау беретін олонхо көркем жыр ғана емес, әрі көне тарихи шежіре. Сонымен қатар бұл жырлар жалпы түркі эпосының ең көне үлгілері болып саналады.

Олонхоны халықтың қадірлейтіні соншалық – әлі күнге дейін той-тамашада жырдың жеке тараулары айтылып отырады. Пластикаға түсірілген олонхо бір күн емес, бірнеше күн тындауға жетеді. Біз олонхоның бірер тармағын Якутияның көрнекті ақыны, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Күнник Ұрастыровтың орындауынан естіген едік. Музыкалық аспаптың сүйемелдеуінсіз, тақпақтап айтылатын олонхо – шынында да өзгеше құбылыс. Бұл ретте олонхошы мен қырғыздың манасшысы бір-біріне жақын.

Якуттың жыр-өлеңінде аллитерация – дыбыс үндестігі жиі кездеседі. Бұның маңыздылығы соншалық – өлең жолының аяғындағы берік ұйқастың болмауын жоқтата бермеген. Ұйқасты өлеңдерді кейінгі ақындар ғана енгізе бастаған. Олонхолардың негізінде пьесалар да, либреттолар да жазылған. Қысқасы, олонхо якуттың өткен заман өмірінен есепсіз мағлұмат беретін энциклопедия іспетті. Якутстанды бейнелі түрде олонхо елі деп атаудың себебі осыдан көрінсе керек. Музыкалық-саздық аспаптар аттарында да үндестік, ежелгі орайластық аңғарылады. Қобызға ұқсас аспап сахаларда қырымпа делінеді. Ал біздегі дабыл, шындауылдардың дүңгір аталуы құлаққа бірден сіңімді естіледі. Ерте кезде сахаларда жаздың орта тұсында қымыз мейрамы – ысаак өткізілген. Қыстың қақаған суығынан өтіп, елдің арқасы жазылған, жер көктеп, тойыншылық болған кезде өтетін бұл дәстүр кейінгі кезде қайта жаңғырып келеді. Қазақтың қымызмұрындық мерекесіне ұқсас.

Сахалар елінде әрбір мерекені өлеңмен ашу дәстүрі бүгінге дейін бар. Қазақ ұғымындағы тойбастарды еске салатын бұл жанр

«тойук» деп аталады. Тойбастар өлені дайын мәтінге емес, табанда шығарылған суырыпсалма сөздерге құрылады.

Әдебиет жанрларынан бізге және бір жақынырақ көрінгені тақпақтап әрі шапшаң шұбыртып, үстемелеп айтатын терме тектес — чабырғақ. Бұл шұбыртпалы өлеңнің өзге қасиетін былай қойғанда, тіл ұстарту, тіл ширатуға өте пайдалы. Жанылтпаш сынды бір-біріне үндес, үйлес тіркестерді әрі тез, әрі таза айтып шығу тілдің сырын жетік білуге таптырмайтын тәсіл. Якут фольклорының тағы бір түрі «алғыс» деп аталады. Бұл белгілі оқиғаларға арналған тілек, бата мағыналас шығармалар. «Алғыс» терминін М.Әуезов өзінің ауыз әдебиетіне арнаған бір мақаласында алғаш қолданғанын еске сала кетейік.

Саха жұртының ең көп тараған музыкалық аспабы — комус. Бұл біздің шаңқобызымыз секілді. Комуста тартылған күй ырғақтары құлаққа соншалық жылы тиеді. Бір-бірінен сан мың шақырым алыста жатқан, жүздеген жылдар бойында ешбір барыс-келіс, ауыс-түйісі болмаған қазақ пен сахада осы бір ортақ музыкалық аспаптың бірдей сақталуы да таңғаларлық (шаңқобыз үні қазіргі кезде Қазақстанда қайта жанғыра бастады).

Тағы бір көңіл бөлерлік нәрсе — би. Кейбір мамандар көшпелі халықтарда ертеде би болмаған деп дәлелдегісі келеді. Ғасырлар бойында көшіп-қонып жүрген сахаларда би бұрыннан бар екен. Жеке билер ырғағы қазақтың дауылпазы тәрізді қағып ойнайтын «табық» деген аспапта орындалады. Көпшілік қосылып, билей жүріп өн айтатын жанр «осуақай» делінеді. Мұнда айтылатын өлең сөз де әрдайым тыннан шығарылады. «Осуақай» айту — ел көңілінің аса бір көтеріңкі, шадыман тұсын бейнелейтін «жүрекжарды» көрініс белгісі.

Якут билері өнер тарихын зерттеудің кейбір мәселесіне анықтық енгізуге жарайтын жарқын мысал. Ерте заманда патша отаршылары өзіне бағынышты елдерде халықтың жауынгерлік рухын көтеретін шындауыл, дауылпаз, дабыл секілді соқпалы аспаптарды құртып жіберуге жасырын жарлықтар берген ғой. Бұрынғы патшалы Ресей қарауындағы бірсыпыра елдердің кейбір музыкалық аспаптарының жойылып кетуіне себептің бірі осы болса керек. Бірақ жырақ тайгада жатқан якуттарда мұндай аспап сақталыпты.

Саха халқының мәдениеті, әдебиеті, өнері дамып келеді. Жазба нұсқалары ХХ ғасырдың басынан басталған якут әдебиетінің

елеулі табыстары бар. Сахалар өз тілінде жазба әдебиеттің негізін салған А.Е.Кулаковскийдің, А.И.Сафроновтың шығармаларын жоғары бағалайды. Атап өтерлік бір мәселе — саха халқының драматургиясы ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ едәуір дамып, жетілгендігі. Бұл жағынан алып қарағанда, якут жазба әдебиеті — аз ұлттардың біразының әдебиетінен «көне».

Якуттың қазіргі заманғы әдебиетінің бастаушысы П.А.Ойунский өмірі мен өнер сапары күрделі. П.А.Ойунский жаңа дәуірді якут тілінде тұңғыш жырлаған күрескер, прозашы, драмашы, өз елінде болған күллі жаңалық атаулының басы-қасында жүрген қайраткер. Халық бостандығы мен бақыты үшін барлық саналы өмірін сарп еткен Ойунский есімін якут халқы өз тарихындағы ең таңдаулы ұлдары қатарына қояды. Республика астанасы — Якутск қаласында П.А.Ойунский атында әдеби мұражай ашылуы да мұның айғағы.

Саха жазушыларының аға буынына жататын қаламгердің бірі — Эрилик Эристин артына мол мұра қалдырған. Оның кейбір туындыларында Қазақстанда болған оқиғалар суреттеледі. Якут әдебиетінің үлкен өкілі — С.Г.Кулачиков-Элляйдың қаламгерлік жолы да қызғылықты. Ол 20-жылдарда Қазақстанда қызмет істеген, қазақ халқының тұрмысымен танысқан. Элляй бұдан кейін де біздің республикамызда бірнеше рет болған. «Алатау», «Амангелді» секілді татымды өлеңдер жазған.

Қазіргі якут әдебиетінде ең көрнекті прозашы болып саналатын Н.Е.Мординовтың шығармалары көп елдерге таныс. Оның күрделі туындысы — «Көктем шағы» атты роман. Орыс тіліне аударылып басылған бұл шығарма якут прозасының биік дәрежесін әйгілейді. Бұл романда якут халқының 1910 — 1930-жылдар арасындағы өмірі жан-жақты суреттеледі. Якутиядағы халық өмірінің ақиқат көріністері, тұрмыстық-салттық ерекшеліктер, халықтың психологиясы нағыз реалистік тәсілде ашылған. Якут әдебиетінің Д.К.Сивцев (Суорун Омоллон), В.М.Новиков (Күнник Ұрастыров) секілді танымал қайраткерлері хақында да көп қызықты мағлұмат келтіруге болады. Д.К.Сивцев өзінің драматургиялық шығармаларымен әйгілі, ал В.М.Новиков — якуттың үлкен ақындарының бірі.

Бұл аталған тарлан жазушылардың ізін басып, дәстүрін дамытып, әдебиетті түрлі жанрда көркейтіп келе жатқан қаламгер шоғыры мол. Белгілі ақындар Семен Данилов пен Моисей Ефи-

мовтың поэзиялық шығармалары елімізге жақсы мәлім. Бұл ақындар өздеріне ғана тән мәнерде туған өлкесінің табиғаты мен еңбек адамдарын шабыттана жырлайды. С.Даниловтың «Солтүстік өлеңдері», «Суық өлкенің таны», «Бүркіттің бақыты», «Тайға торғайы», «Менің Солтүстігім» секілді өлең кітаптары бірнеше тілге аударылған.

Сонымен, қазіргі якут әдебиеті өскелең, жетілген әдебиеттер қатарында. Якутия жазушыларының құрамы қомақты. Жазушылар саны жағынан якут әдебиеті Ресей құрамындағы республикалар ішінде алдына татар, чувашты ғана салады. Якут әдебиетінің жасағында дарынды күштер мол. Туысқан саха халқының әдебиеті үздіксіз кемелдену, реалистік мүмкіндіктерін арттыру үстінде екенін көреміз. Ол әдебиетте қазақ оқушысын қызықтырар шығармалар жоқ емес. Саха ақын-жазушыларының таңдаулы туындылары қазақ тілінде жарық көрді. Өз тарапынан якут қаламгерлері де қазақ әдебиетінің озық үлгілерін тәржімалағанын айтуымыз керек. Бұл ретте Абай шығармаларын саха тілінде тұңғыш рет сөйлеткен ақын Семен Руфовтың еңбегін ілтипатпен айтамыз. «Абай жолы» роман-эпопеясын аударып, жеке кітап етіп бастырған саха бауырларымызға қанша алғыс айтсақ та жарасады.

Якут тілі мен қазақ тілінің заңдылықтарын салыстыра зерттеу көптеген көнерген сөздердің түп төркінін тануға, тілдер дамуының жолдары мен дәуірлерін түсінуге, түркі, монғол тілдерінің өзара байланысын тереңдеп зерттеуге көмектесетіні көміл.

Сан ғасырлар бойында бір-бірінен жырақ жатқан, тек соңғы жылдары ғана қарым-қатынасы басталған қазақ және саха халықтары әдебиетінің байланысы күшейе түссе, нұр үстіне нұр.

ЖЫРДА САҚТАЛҒАН СЫР

«Үлкен кеңес энциклопедиясында» хакастар хақында былай делінген. «Хакастар — Хакас автономиялық облысында, біразы Тува автономиялы республикасында және Краснояр өлкесінде тұратын халық. 1970 жылғы санақ бойынша, жалпы саны 67 мың. Хакас тілі түркі тілдеріне қосылады. Қазан төңкерісіне дейін минусин және абақан татарлары немесе түріктер деген жалпы атаумен аталған. Өзіндік аты болмаған. Бес тайпалық (қачин, сағай,

қойбал, қызыл) топқа бөлінген, олардың ішінде рулық бөліністер сақталған. Бұл топтар XVII — XVIII ғасырларда Ресей құрамына өз еркімен кірген. Хакастар православиелік христиандар делінгенімен, діні жағынан шамандықтар болды. Этностық құрамы XVII — XVIII ғасырларда Енисей қырғыздарының түріктер мен самоди, кельт топтарының араласуы негізінде қалыптасып, халықтың бірігу процесі кеңес өкіметі тұсында аяқталды» (БСЭ. Т.28. 1978, 170-бет). Бұл қысқа деректің ішінде «бұл қалай» дегізетін жерлері де бар. Хакастардың бұрын «өзіндік аты болмаған» деп кесіп айтушылық шындыққа жанаспайтын тәрізді. Ресей билеушілері бағындырып алған ұсақ халықтардың атын мүлде өзгертіп айтуды дағдыға айналдырғаны, түркі тілдес елдің көбін татарлар деп атағаны белгілі. Бұл ретте хакастарды минусин, абақан татарлары деп келгені түсінікті. Бірақ бұдан жергілікті халық өзінің атын білмеген деген ұғым тумаса керек. Астамшылыққа бой алдырған империя үкімдарлары аз ұлыстардың атын білуге құлқы да болмаған ғой. Әйтпесе хакас деген атау кеңес тұсында қалыптасты дегенге кім иланады?

Осы энциклопедияның тағы бір жерінде «Хакастар VIII — XI ғасырларда арабтармен, тибеттіктермен және Орта Азия халықтарымен сауда жасап тұрды, олардың түркі (қырғыз) тілінде жазуы болды (Көрсетілген кітап, 168-бет) деп тұжырымдалған. Бұндай қайшылықты, қереғар пікірдің орын тебуі кездейсоқ емес. Мұнан біз жалпы түркі халықтарының, соның ішінде Сібір түркілерінің тарихы жеткіліксіз зерттелгенін көреміз. Әрідегі тарихы күрделі елдердің түрлі жағдай салдарынан тоз-тозы шығып, мемлекеттігінен айрылып, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кеткендігіне мысал жетіп жатыр. Солардың бірі хакастар болса, бұл күнде олар өз жерінде ашылыққа айналған. Ал азайған, өлсіз жұрттармен ешкім де есептеспейді.

Хакастар жайын тарихи, этнографиялық жағынан шолатын зерттеулер жоқ емес. Дегенмен ол еңбектер халықтың бүгінгі этникалық санасына талдау бере алмайды. Хакастардың бірте-бірте орыстанып, бір кезде өз атын шынымен жоғалтатын елдер қатарына қосылатын сынайы бар. Өйткені бүкіл объективтік жағдай мен бағыт осы құбылысқа әкеле жатқаны жасырын емес. Біз мәселенің бұл жағына тоқталмай, хакастардың түркі әлемімен туысатын терең тамырларына, сан мыңдаған жылдардың көркем естелігіне — эпикалық аңыздарға сүйеніп сөйлегіміз келеді.

Тарихтың белестерін, ескі ұғымдар мен салттардың тізбегін, адамдардың өзін қоршаған орта, табиғат, қоғам туралы түсінігін ерекше тәсілмен баяндайтын эпос-жырлар аса бағалы мұра. Демек аңыз, миф, ертегі әлемі, халық тарихының өзгеше түрде сәуленуі — құбылыстарды сомдап, ірілеп, өсірелеп көрсететін көркем кәулік...

Бұл ойымызға хақастың «Алтын-Арығ» («Алтын Ару») деген қаһармандық эпосы (Мәскеу, 1988) толық дәлел бере алады. Хақас, орыс тілдерінде жарияланған жыр мәтіні, эпосқа жасалған ғылыми талдау, түсініктеме халықтың бұрынғы өткен бұлдыр замандарының жанғырығын есіттіргендей болады. Жанрлық, стадиялық жағынан алып қарағанда, хақас эпосы көне архаикалық жыр тобына жатады. Мұнда бертінгі тарихи дәуірлер ақиқаты, нақтылы адамдар мен оқиғалар айтылмағанымен, эпикалық өсірелеу жолымен елдің мәңгі өлмейтін армандары мен аңсарлары анық сезілдіріледі. Жинаққа жазылған мақаласында хақас ауыз әдебиетін зерттеуші белгілі ғалым В.Е.Майногашева халық эпосының жасалу, таралу, сақталу жолдары және өзгешеліктері жөнінде қызғылықты пікірлер айтқан. Ертеде жыр айтушылар (хайджи-нымахчи) жұртты пәле-жаладан, қаскөй күштерден сақтайтын киелі жандар болып та есептелген. Аңшылар тайга «иелері» сапарымызды сәтті етсін деп хайджыларға қобыз тарттырып, ән айттыру үшін өзімен бірге алып жүрген. Эпос қаһармандары сырттан келген жаулармен ғана емес, жерасты әлемінің жалмауыздарымен, сиқырлы жын-шайтандармен де арпалысады. Елдің тыныштығы мен бүтіндігін қорғау сарыны хақас жырларының басты сарыны болып келеді. Мұндай шығармалар қиын кездерде халықтың көңілін көтерген, ізгі мұраттың іске асатынына деген үмігін жоғалтпаған. Бұл жырлардың ешқашан ұмытылмай, ескі әуендей заманнан заманға ауысып отыратын себебі осыдан.

«Алтын Ару» эпосында бірнеше дәстүрлі сарын жанғыртыла сөз болады. Соның бірі — қартайған ханның перзентсіздік зары, кешеуілдеп көрген жас баласының қызығын көре алмай, өкінішпен өтуі. Кең мағынасында алғанда, бұл ел билейтін мұрагер проблемасы болып шығады. Көз жеткісіз аймақты мекендеген Алып хан елінің билігі қандай адамның қолына тиеді деген мәселе халықты толғандыруы табиғи. Өйткені мемлекет басына өз қамын алдымен ойлайтын, азаматтығы, кісілігі қалыптаспаған жылпос пысықтың біреуі келсе, елдің азып-тозуы немесе андыған дүшпан-

дарының боданына айналуы оп-оңай. Сондықтан да халық ақылды, намысты, парасатты патша керектігін айрықша сезінген. Жаһан тарихында талай рет қайталанған бұл сұрау Алып хан жұртының алдына да қойылады. Алып ханның алты жасар баласын тәрбиелеуді мойнына алған апалы-сінділі екі қыз — Пичен-Арығ мен Ичен-Арығ бұл биік парызды орындамай, мансап байлыққа қызығып, опасыздық жолына түседі. Бұлардың кішісі Пичен-Арығ дүниеге көзі тоймай, құныққан үстіне құнығады, Алып ханның баласын да, оның қолдаушысы Алтын Аруды да өлтіріп, шет жұрттық бір батырға тиіп, елдің барлық байлығын сыпырып әкеледі. Өз еліне жаудай тиген, нысапсыз, көздегені тек қана дүниемүлік обырлар қай елде болмаған десеңізші! Фольклор мен әдебиет шығармаларында мұндайлардың жексұрын бейнелері жасалған, залым әрекеттері өшкереленген (өз халқын тонаушы арсыз, ұятсыз, туған елінің қасірет шегіп, кемдікке душар болғанына селт етпейтін сатқын мінезділер бұл заманда да бар ғой). «Алтын Аруда» осы сарын орасан үлкейтіліп, дүниенің сұмдығы сипатына көтерілген, қанағатсыздық бір тажалға ұрындыратыны ірі кескінделген.

Әлбетте, халық санасы мұндай әділетсіздікті кешпейді. Сол үшін ел қиялы шындық үшін күресетін күштерді ойлап табады. Алып хан иелігінің талауға түскен кезінде қасиетті Ақ Шың қойнауында екі алып әйел — Пиз Тумзух пен Алтын Ару ғайыптан жаралып, бейбіт елдің намысын қорғаушы болады. Мұның алғашқысы өліп қалған алты жасар мұрагерді дуамен «тірілтеді». Мына пәни өмірде түйені түгімен жұтып, момын жұртты тақыр жерге отырғызып, жазаға ұшырамай сытылып кететіндер аз емес. Ал эпос өлшемі басқарак, онда халықты қан қасқатқандар ажал құрығынан құтылмайды, жегені желкесінен шығады. Жырды жаратушы да, айтушы да, тыңдаушы да осы заңдылыққа сенген. Осындай сенімнің өзі жамағатшылықты тіршіліктің сәтсіздігінен түңілдірмей, қалайда ақиқат үстем болатынына нандырған, жамандық тасасынан жақсылық іздеуге үйреткен.

Эпоста хандық тақтың мұрагеріне қалыңдық тандау аса күрделі мәселе ретінде баяндалады. Ел билеушінің салты бөлек, жат пиғылды жау елден қыз алуы орасан залал келтіретінін халық талай рет бастан өткергендіктен, мұндай «үйленудің» ақыры пәлеге ұрындырмай қоймайды деп білген. Мәселен, Алып ханның қадірін сыйлағандар оның ұлы Чибитейге елден тандап, өдепті, ақыл-

ды, адал қызды әпереді. Ал батырлығында мін жоқ Құлатайдың теріс жолға түсіп, талай жазықсыз жанды құрдымға жіберуіне оның шайтан тектес бұзық әйелі себепкер болады. Осылайша алыс заманның аңыз жыры ел басқарушылардың әйелі өз нәсілінен болуы қажеттігін ел ұйтқысы бұзылмауының маңызды шарты деп қарағанын көреміз.

Бүгінде көп адамның денсаулығын бұзып, ауруға, сан түрлі кесепатқа душар етіп отырған қырсық — ішкілікке құмарлық зардабы да ескі сарын екеніне хақас эпосы көз жеткізеді. Алып хан елінің фидайы жебеушісі, дәстүрді сақтау — халықтың қалыпты өмірін сақтау деп түсініп, талай шайқастарда жауларын жер жас-тандырған Алтын Ару жан күйзелісі кездерінде шарапқа үйір болғаны оны мезгілсіз ажалға душар етеді, ол мас кезінде ешкімге айтпауға тиіс кие құпиясын жария етіп қояды. Осы сырды біліп алған жаулары дүние жаралғалы бері қозғалмастай берік тұрған қасиетті Ақ Шыңға өрмелеп шығып, жасырын киені жоқ қылады. Алтын Арудың өзі де опат болады. Қазақ ертегілерінде кейбір батырдың не ханның «жаны» басқа жерде, тау, құз қойнауында жасырулы тұратыны, андыған жау сол жерді тауып қастық жасайтыны айтылатын. Алтын Арудың және жүйрік атының «жаны» жасырулы жер оның өз аузымен былайша сипатталады:

«Шырқау биік Ақ Шында алты бөлек алтын қия бар, алтын қияның үстінде алтын бүршікті ақ қайың, алтын бүршікті ақ қайыңның қасында ат басындай алтын көкек, ат басындай алтын көкектің екі басы бар, оң басында менің жаным, алтын көкектің сол басында ақ шабдар аттың жаны бар» («Алтын Ару», 209-бет). Бұл және басқа мысалдар жырдың барлық тіршілік иесінің жаны денесінен бөлек тұрады деген көне нанымға — анимизмге сенген заман туындысы екенін дәлелдейді.

Эпостың көне белгілерінің бірі — бас қаһарманның көбі әйелдер болып келуінен байқалады. Жыр сарыны әйелдердің қоғамдағы орны биік болған дәуірдің — матриархаттың шындығын елестетеді. Алып әйелдердің «соғысы» да сұрапыл ұзаққа созылады, олар алты жылдай алысып, жеті жылдай жұлқысады. Мұның өзі «Алтын Арудың» өз бойына замандар сырын жинақтаған «көпқабаттылығын» әйгілейді. Эпоста жүйрік ат бейнесі аса тартымды суреттелген. Жүйріктер ел қорғаны батырларды ескен желдей, ұшқан құстай шабыспен көздеген жеріне жедел жеткізеді. Кейбір дүлдүл ат ауыздығына бірнеше шылбыр байлаған болады, олар-

дың бірін тартса, жүйрік ат аспанның биігіне шырқайды, екінші шылбырды қозғаса, ат бұлттан аса қарғиды, үшінші шылбырға қол тигізсе, жерге қарай құлдилайды. Адамдар секілді аттардың да иесі — тотемі болады. Жыр кейіпкерінің кез келген уақытта түрін, түсін өзгертіп, басқа бейнеге айналуы да магиялық күштерге сенгендік нышаны. «Алтын ару» барлық жағынан да қадим дәуір дүниетанымына бойлатады, көп елдердің эпосында ұмыт болған оқиғалық оралымдарды жанғырта елестетеді. Жырдың бастапқы жолдарында дүниенің «жанадан жаралған кезі» суреттелуі осыны аңғартады. Осы өлең жолдарының хақасша мәтіні мынау:

Чир пастап пұт парғанда,
Чылыстар хада төреен польптыр.
Ақ чырықтың алтында,
Аргал чон чуртап пастаан,
Алты зырлап ос парған,
Ақ Сынның алты чирде,
Алты азырлап ах түскен.
Ақ талай сұғның хазында,
Арғалығ сын алтында,
Аймах көп мал оттап турадыр...

Мұның қазақшасы: «Дүние алғаш жаралып, жұлдыздар пайда болғанда, жап-жарық ғалам орнап, халық тіршілік жасаған. Ақ Шыңның баурайында, алты қия өрінде, алты жылғаға бөлінген Ақ-Талай судың қасында, биік құздың түбінде, алуан мал оттап жайылған» дегенге саяды.

Қаншама аумалы-төкпелі айлар мен жылдарды бастан кешіргенімен, бір кезде Алып хан орнатқан тәртіп орнына келеді. Негізгі ой — өзіндік салт-санасы, ұғымы, дәстүрі бұзылса, халық бақытсыздыққа ұшырайды, ол кезде елді алдамшы жылпостар билейді, олар ата-бабаның қалдырып кеткен аманатын аяқасты етеді, ақырында өздері де қор болады деген тұжырымға тіреледі. Алып хан жұртының адасқан көшін тура жолға салатын жас батыр Таптаан-Молат (Шыңдалған болат) елін байырғы қалпына келтіруді көздейді. Эпос жас батырдың басына ерлік, өрлік, намыстылық, дүниенің жылтырағына қызықпаушылық, арақ, шарапқа азбаушылық секілді ұнамды қасиеттерді жиып береді. Барлық бүлікті өршіткен жауыз күштер жеңіліп, халық кең тыныс алады. Бұл болғанды ғана емес, болуға тиістіні айтатын ел мұратының көрінісі. Хақас эпосының танымдық, тәрбиелік мәні де осында.

Өзінің мазмұны жағынан адамзаттын ертедегі миф, киял, ертегі, әпсана аралас түсініктеріне құрылғанымен, «Алтын Ару» айтпақ ғибраты бойынша заманагөйлік сипатқа ие. Әрбір қауым, мемлекет алдына ізгі мақсат қояды, бірақ сөз бен іс әрдайым бір жерден шыға бермейді. Көп жағдайда қанағатшылықты сұғанақтық, әділдікті алдамшылық, нысапшылықты ашқарақтық жеңіп кететін кездері бар. Мұның аты адамшылық пен дүниекоңыздық арасындағы мәңгі толастамайтын күрес. Эпос түптің түбінде әділдікке, мейірімділікке, жан, ар тазалығына негізделген қауым ғана мұратқа жететінін уағыздайды.

Хақас эпосының құрылысы өзге түркі халықтарының, соның ішінде қазақ қаһармандық жырларымен типологиялық үндестік танытады. Бұған батырлардың мінездемесі, жекпе-жек ұрыстар, ат шабысы, үйлену тойы, халықтың азаттық қуанышына кенелуі, т.б. суреттер көз жеткізеді. Қайталанып келетін эпитет пен тенеу, әсірелеулер де түркі эпосының ортақ белгілеріндей. Ақ сарай, ақ отау, ақ шабдар ат, ақ шын, ақ су, ақ гүл секілді эпитеттер ұнамды ұғымда берілсе, кара су, кара қыр, кара түлкі тәрізділер бұған керісінше қолданылады.

Түрлі сөтсіз жағдайлар салдарынан тарих сахнасынан жоғалып кеткен үлкенді-кішілі халықтар мен ұлыстар аз емес. Солардың тағдырын хақастардың басына бермесін деп тілейміз. Дүниеге ондаған әсем аңыз әкелген, көркемдік жыр күмбезін тұрғызған бауырлас елдің болашақта тілі, тегі жақын халықтармен ынтымақ, бірлік байланысы күшейе түсуі алдағы дамуының мықты шарты болып көрінеді.

ҚҰРЛЫҚТЫҢ КІНДІГІНДЕ

Түркі халықтарының бір бұтағы тувалар (тобалар) — Азия құрлығының қас ортасын мекендейтін ел. Өзге түркілермен байланысының аздығы соншалық — тобалардың тегі, нәсілі, тілі, діні туралы арнаулы мамандардан басқалар біле қоймайды. Түбі бірге туысқан бұл халық хақында «Қазақ Совет Энциклопедиясында» (1977, 11-том) және басқа жекелеген еңбектерде аздаған деректер ғана келтірілген. Қазақстан мен Тува республикасы арасында тікелей қарым-қатынас жоқтығы өзара таныс-білістік жағдайды қиындататыны белгілі. Онан да үлкен себеп — түркі ха-

лықтарының өзара мәдени байланыс жасауына ешқандай жағдай тумап келгендігі.

Үстірт қарағанда, қазақтар мен тобалар арасында тілге тиек етерлік рухани байланыстар тым аз секілді. Бірақ мәселеге байыпты қараған кісі бұл халықтардың ертедегі тағдыр жолдарының көп ретте ұқсас болғанын көрер еді. Арғы дәуірлерді айтпағанда, тобалар 6 — 8-ғасырларда Түрік қағанатының құрамында болғаны белгілі. Демек осы кезеңге тән заттық және мәдени ескерткіштер бұларға да ортақ саналуы табиғи. Өзге түркілер тәрізді тобалар да Орхон жазбаларына мұрагерлердің бірі болып табылады. Этностық жағынан алғанда, бұл халықтың қырғыздармен, ұйғырлармен және түріктенген монғол руларымен туыстығы шүбә келтірмейді. 1207 жылы тобалар елін Шыңғыс хан жаулап алады, бұдан кейінгі ғасырларда батыс монғол хандықтарының, жоңғарлардың, маньчжурлардың қоластында болады. 1914 жылдан бастап Ресей империясының қарауына өтеді. 1918 — 1940-жылдар арасында Тува тәуелсіз мемлекет ретінде өмір кешкені оның тарихындағы өзінше бір кезең. Тобалардың өзге түркілермен рухани бірлігінің әлсіз болуы ұстанған дінінің — ламаизм — басқалығына да байланысты. Анығырақ айтқанда, күллі түркі өлемін ламаизммен жалғастырып тұрған бірден-бір ел осы.

Тобалардың көне тарихына жанасты деректер тапшы. Энциклопедиялық сараң анықтамалар олардың отызыншы жылдардан бастап латын әліппесін қабылдап, 1941 жылдан кейін кириллицаға көшкенін ғана хабарлайды. Сөздік құрамы, фонетикалық ерекшелігі жағынан тобалар тілі өзіне қонысы іргелес хақас, алтай тілдеріне жақынырақ.

Халықтар мен халықтар, мәдениеттер мен мәдениеттер арасындағы байланыстарды салыстырып тексерудің жолдары көп. Ұқсастық, үндестік бірде көне заттық ескерткіштерден көрінсе, екінші бір тұста ескі наным-сенім жағынан аңғарылады. Қазақтар мен тобалардың бір алуан рухани туыстығы музыкалық фольклор тарапынан табылғандай екен. Бұған Тува саз зерттеушілерінің еңбектері қызғылықты дәлелдеме бере алады. Белгілі ғалым З.Қырғыстың «Тува халқының өн мәдениеті» (Қызыл, 1992) деген кітабында көңіл аударуға тұратын мысалдар кездеседі. Мұнда халық ауыз әдебиетінің жанрлары, көрнекті ескерткіштері жөнінде де мағлұмат келтірілген. Олардың кейбіреулері («Ачығы Ке-зер Мерген») В.В.Радловтың «Түрік ұлыстарының халық әдебиеті»

деген топтамасының 9-томына енген. Аталған эпикалық аңыз-дау бурят халқының эпосы – «Гесермен» сарындас. Сонымен қатар «Эртинге мерген», «Қанғывай мерген», «Танаа–Херел», «Узун-Ашак», «Алдын Чаагай», «Бай-Боралдай», «Тон-Караты хан» секілді аңыз жырлар – тоба халқының аса қымбатты қазынасы. «Түркі эпосы» деп аталатын ұланғайыр мол көркемдік байлықтың ішінде тобалар үлесі аз емес.

Тобалардың музыкалық аспаптары мен орындаушылық дәстүрі жөнінде жүргізілген ізденістер бізге кейбір ұқсастық ұштығын елестетеді. Сондай еңбектердің бірінде 1894 жылы Берлин халықтану мұражайының тапсыруымен тобалардың хомуз (қобыз), чадаған тәрізді музыкалық аспаптарының құрылысы мен әуен ерекшелігі сипатталғаны айтылған (Көрсетілген кітап, 6-бет). Г.Е.Грум-Гржимайло 1905 — 1906 жылдарда Урянхай (Орангай) өлкесіне сапары кезінде буддалық мөресім аспабы – кентирге туралы естелік қалдырған. А.В.Анахин «Түрік және монғол халықтарының азиялық музыкасы туралы» (1910) атты зерттеуінде тобалар мен хақастардың дәстүрлі музыкалық аспабы – чатығанды сипаттаған. Кейінгі жылдарда қазақ музыкалық ансамбльдері құрамына қосылған жетіген мен чатығанның түбірі туыс екенін көргендей боламыз. Қазақ аспаптық музыкадану ғылымының негізін салған отаншыл азамат, профессор Болат Сарыбаев аты ұмытылған жетігенді қайта тіріліп, қатарға қосқанда хақастар мен тобалардағы чатығанды білмеді дей алмаймыз. Б.Сарыбаев шаңқобыздың жақсы нұсқалары сахаларда сақталғанын ескеріп, сол үлгіні пайдалануды көздегені де анық. Сан ғасырлар бойында тартылып келген қобыз, шаңқобыз, жетігендердің бір емес, бірнеше халықта сақталуы кездейсоқ емес. Мұны бұл халықтардың арасындағы үзілген байланыстардың жанды куәлігі деп қарауға да болады. Чатыған-жетігенді әуел баста қай халық шығарды деп сарсылып іздеу шарт емес, ең бастысы – бір-біріне тілі, кәсібі, салты жақын халықтардың ортақ музыкалық аспаптарды пайдаланғандығы.

Көрнекті хакас ғалымы Н.Ф.Катанов (1862 — 1922) тобалардың 480 жыр-өлеңін жазып алған. Қазақтың «жыры» мен тобалардың «ыры» бұл елдердің «алыс та болса, жақындығының» белгісі. Тобалардың көптеген өлең қатарлары бірінғай дыбыстардан басталатындығы, өлең тармағының соңындағы ұйқас қатал сақталмайтыны атап өтілген. Тува жыршыларының (телші) му-

зыкалық аспап сүйемелдеуімен айтатыны да түркі халықтарының көбінін дәстүрімен орайлас келеді. Сонымен қатар жырды тақпақтап (сахалар мен қырғыздардағыдай) айтушылық та кең тараған. Зерттеушілер ең мол музыкалық «қабат» – шамандық, фольклор, көмеймен (хөөмей) айтушылық екенін көрсетеді.

Өлең-жырды көмеймен айту түркі халықтарының ең ескі дәстүрі екені көп мысалдармен дәлелденеді. Бірсыпыра елдердің кейінгі кезеңдегі сазында бұл дәстүр сирек кездеседі. Орта Азия халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларын айтушылар ғана бұл үрдісті ұмытпаған. Біз бұдан біраз жыл бұрын Өзбекстанның Хиуа шаһары маңындағы бір кентте бақшылардың өнер-жырын тамашалаған едік. Сонда біздің байқағанымыз – Самарканның, Нұратаның, Бұлыңғырдың, Сұрқандарияның, Наманғанның, Қарақалпақстанның жыршылары бір сарынмен, көмеймен айтатындығы. Олардың әуезінде алтай, хакас қайшыларының ырғағымен үндестік бар. Ең ғажабы – Қазақстанның басқа ешбір жерінде жоқ осы сарын Сыр бойында, Кармакшы төңірегінде сақталғандығы. Мұны кейбіреулер көрші елдердің: Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан бақшыларының ықпалынан туған құбылыс деп есептейді. Әлбетте, бұл пікірдің жаны бар. Сонда да болса мәселенің түбірі тереңіректе жатқан секілді. Біз Кармакшы өңіріндегі жыршылықтың көмеймен айту дәстүрін ежелгі түркі сазының (қай, қайлау) алыс жаңғырығы деп санауға бейімбіз. Мүмкін сазды көмеймен айту бір заманда Сыр бойын жайлаған оғыз тайпаларынан қалған сарын болар. Қалай дегенде де сонау Сібір, Орталық Азияны мекендейтін хақастардың, тобалардың, алтайлықтардың күні бүгінге дейін жырды, өнді көмеймен айтушылығы мен Кармакшы термешілерінің сазындағы үндестік ежелгі дәстүр бірлігінің жалғасы болып көрінеді. Қобыздың (қомус) Байқалдан Балқанға дейінгі елдердің көбіне таныс болуы, бұл аспаптың түркілер ғана емес, славяндар арасында да таралуы мәдени ауыс-түйістің тамаша куәлігі болып көрінеді. Шонқобыздың Солтүстік Азиядағы сахалардан бастап, қазақ, қырғыздарға дейінгі кеңістікте орын алып келуі де осы секілді құбылыс.

Тува аңыз-ертегілерінде, өлең-жырларында, салт-санасында, әдет-ғұрпында көне наным-сенімдердің көбірек сақталғанын зерттеушілер атап көрсеткен. Соның бір тарауы шамандық дүниетанымға саяды. Тува шаманизмі Сібір мен Орталық Азия халықтарына тән ортақ типологиялық ұқсастық танытады. Бұл әсіресе

шаман-бақсының қалыптасқан тұлғасынан көрінгендей. Көп елдердің ертедегі ұғымында шамандар халықты өздерінің сиқырлы өнерімен пәле-жаладан, аурудан, апаттан, кесірден қорғаушы болып елестеген. Халық қиялы дүниенің тылсым, құпия күштерінен, өлім мен қырсықтан құтқаратын ғажайып қабілетті жандарды іздеген, бақсы-шаманнан ғана жәрдем күткен. Демек шамандар адамға залал келтіретін жын-шайтандар кесапатын жоюшы, ауыр кеселдерді емдеп, дуалап жазушы, өлім халіндегілерді «тірілтуші», тәндегі кем-кетікті қалпына келтіруші, алдағыны болжаушы сипатында ерекше құрметке бөленген. Шамандар өздерінен бұрын өткен аруақтар рухына табынып, содан медет алып, қуат табады делінген. Қарапайым жұртшылық аруақтар рухы жеті қат көк пен жерді еркін аралап, адам үшін фидайы өрекеттерге барады деп ойлаған.

Түркі, монғол халықтарының ерте замандардағы наным-сенім ұқсастығын тану үшін, олардағы шамандық-бақсылықты салыстыру ақиқатқа көз жеткізеді. Бұл тақырыпқа алғаш қалам тартып, күрделі ойлар айтқан Шоқан Уәлиханов. Кейінгі қазақ зерттеушілері осы мәселеге әркез көңіл бөліп отырғанымен, соңғы жылдарға дейін арнаулы зерттеулер туа қойған жоқ еді. Осы олқылықтың орнын білікті фольклоршы ғалым Б.Әбілқасымовтың еңбегі белгілі дәрежеде толтырғандай болды. Зерттеушінің докторлық диссертациясы негізінде жазылған еңбегінен бақсылық және бақсы сарындары жөнінде қызғылықты тұжырымдар табылады (Б.Әбілқасымов. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. 1993).

Тобалар мен қазақтардың тікелей мәдени қарым-қатынасын көрсететін құжаттар көп емес. Дегенмен бұл халықтардың көне дәуірдегі дүниетанымындағы күрделі үндестіктерді іздеуге мүмкіндік мол. Дамудың, шаруашылық кәсіптің қадим кездегі орайластығына (көшпенділік, рулық-тайпалық бөліністер, тотемдік, анимистік, магиялық түсініктер, т.б.) байланыстан туған тарихи типологиялық заңдылықтар көп нәрсеге көз жеткізеді. Бұл әсіресе шамандық-бақсылық табиғаты мен сарынынан айқын аңғарылғандай. Қазақ арасында ХХ ғасырға дейін сақталып келген бақсылық дәстүр бір кезде Орталық Азия түркілеріне, соның ішінде тобаларға тән наным-сенімдермен тамырлас болғаны кәміл. Әлбетте, бақсылық әр заманда өзгерістерге түсіп оты-

рады. Сондықтан ұлан-байтақ атыраптағы елдерде осы әмбебап құбылыс әр халықта түрліше көрініс беруі табиғи.

Бақсылық-шамандық дамудың түрлі тарихи-стадиялық сатыларын бастан кешіргенін белгілі ғалым Б.Г.Богораз-Танның төмендегі тұжырымдарынан түсінуге болады. Ғалымның көрсетуінше, шамандықтың «...бірінші және ең ерте стадиясы – үй ішіндегі бақсылық (семейное шаманство). Бұл – шамандықтың рулық қоғамға дейінгі сатысы. Екінші стадияда маманданған бақсылар (шаманы-специалисты) пайда болады. Дегенмен бұл кезеңде олар өз алдына бөлініп, топқа айнала қоймаған. Тұқым қуалаушылық жолына да бақсылық әлі түспеген. Бақсылардың арнайы тігілген ғұрыптық киімі, дабылдарында арнайы нышандық белгілер жоқ, күнделікті тұрмыста қолданылатын дабылмен бірдей. Бақсылық дамудың бұл стадиясы эскимостар мен чуқчаларда сақталған. Үшінші стадия рулық қоғаммен байланысты (мысалы, түңғыстар, ненецтер, нивхлар). Бақсының көмекшісі болады. Бақсылардың әлеуметтік және экономикалық ықпалы бұрынғыдан әлдеқайда күшті. Ол енді өндіріске және өнімді бөлуге жетекшілік етеді. Ерекше бақсылық киімі, ерекше дайындалған дабылы болады. Бұл стадия тайпалық қоғамға немесе ерте таптық қоғамға ұласады (сахалар, буряттар). Бақсы қоғамдағы мерекелер мен құрбандықтарды өткізуде белгілі бір функцияларды атқарады. Төртінші стадияда – дамыған тайпалық және таптық қоғамда бақсылық ыдырап, жоғалады. Бақсылықтың бұл түрі шорларға, әсіресе қазақтарға тән» (үзінді Б.Әбілқасымовтың «Телқоңыр» кітабынан алынды).

Келтірілген мысалдар түркі халықтарының өзара дәстүр байланыстары әр түрлі сипатта танылатынын дәлелдейді. Ауыз әдебиеті туралы ғылымда тілі, тегі ұқсас халықтардың мәдени жақындық дәрежесін белгілейтін шарттылықтар қалыптасқан. Қайсыбір көркемсөз ескерткіштері елдердің етене туыстығын танытатын тарихи-генетикалық нышанды көрсетсе (қыпшақ халықтарының көбіне ортақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс батыр», т.б.) енді бір топ шығармалар («Сейфілмәлік», «Жүсіп-Зылиха», «Таһир-Зуһра», т.б.) халықтар арасындағы тарихи-мәдени аралас-құраластық нәтижесінде пайда болған. Ал халықтардың өте ерте дәуірдегі дүниетаным ұқсастығын миф, әпсана, рауаят, ертегі, бақсылық сарындарынан көбірек ұшыратамыз. Қазақтар мен тобалар арасындағы типологиялық өрнек-

тер осы айтылған үшінші топқа жатады. Әлбетте, ауыз әдебиеті туындыларының поэтикасында да ортақ нақыштар табылатыны күмәнсіз. Бірақ ол өз алдына арнаулы зерттеуді керек етеді.

КӨЗҚАМАНДАР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қырғыз халқының жаһанға аты мәлім жыры – «Манаста» туысқан елдің сан ғасырлар бойында бастан кешірген оқиғаларының сарыны, болып өткен істерге бағасы, дүние-жаратылыс туралы ұғымы, мәңгі өшпейтін азаттық аңсары, алдан күткен үміт, арманы мейлінше мол бейнеленгені белгілі. «Манас» эпосының танытқыштық, тәрбиелік мәні тарихтың өзіндей терең, қайта оқыған сайын оның жаңа қырлары мен сырлары ашыла береді. Мұнда халық шежіресінің хронологиясы берілмегенмен, көп мәселенің философиялық түйіні, сан алуан құбылыстардың ұлы қорытындысы эпикалық аңыздау, әсірелеу түрінде көркем жинақталған. Кейде ондай аңыздар өмір, қоғам шындығының күтпеген, тосын құпияларына қанықтырады. Олардың жаңғырығы жасаған дәуірімен бірге кетпей, кейбір өзгерістерімен қайталанып отыратыны қайран қалдырады. Осы тұрғыдан біз «Манастың» дәстүрлі, кесек оқиғаларының ішінен бір ғана сарын туралы сөз қозғамақпыз. Ол – эпостың «Көзқамандар» деп аталатын шағын көлемді, бірақ астарлы мәні бар, ерекше көңіл бөлуді керек ететін тарауы. Эпосты үстірт шолып оқығанда көп оқиғаның бірі болып қабылданатын көзқамандар хикаясында көрсетілген істер мен мінездердің бүгінгі қырғыз бен казак қауымына да тікелей қатысы бардай көрінеді. Ол – халық арасынан жік шығарып, үй ішінен үй тіккен, шет дұшпандардың қолшоқпарына айналып, өз еліне жаудан бетер тиген опасыздықтың әшкереленуі.

Мәселенің төркіні түсінікті болу үшін «Манастың» «Көзқамандар» деп аталған тарауының мазмұнына оралайық. Бір қырғын соғыста Манастың әкесі Жакыптың ағасы Үсен қалмақтар қолына түсіп, тұтқын болып кетеді. Үсен барған жерінде қалмақ әйеліне үйленіп, алты балалы болады. Балаларының тілі қалмақша шығады, тұрмысы, салты – бәрі де басқа болып тәрбиеленеді. Міне, осы жағдайды Қанғайдың билеушісі Есен хан пайдаланып, «көзқамандар» аталып кеткен Үсен балаларын жансыз етіп жіберіп, қырғыз мемлекетін іштен ірітпек болады. Есен хан Манасты

ашық шайқаста жеңе алмайтынын білген соң, қырғызды қырғызға қарсы қойып, арам тәсіл қолданады. Есен хан өзінің ішіне мұз қатқан өштігін былайша білдіреді:

Манастың үнін өшірмей,
Тұман кетпес жерімнен,
Ойран кетпес елімнен.
Ашуымды өрт етем,
Айнымасқа серт етем.
Қандыбалас Манасты,
Үстап алып келгенге,
Алтын тәжді кигізем,
Алтын таққа мінгізем,
Қалмақ пенен манғұлдың.
Билігінде жүргізем...
(Манас, 1961, 250-бет.)

Эпос қандай елге де келетін пәленің бір ұштығы жағ жұрттардан шығатынын баяндайды. Жау мұндай қанқұйлы қастандығын іске асыруға аты қырғыз, заты қалмақ болып кеткендерді жұмсайды. Мінезі, пиғылы мүлде бөлектеніп кеткен көзқамандар туысқандық парызы, елдің киесі, обал-сауап дегенді білмейді, көздейтіні тек байлық пен мансап болып, қырғыздың қас жауының қолшоқпарына айналады. Олар туралы жырда:

Манастың көзін жоюға,
Қанына қанып тоюға,
Басын кесіп жеткізіп,
Есен ханның алдына,
Сыбаға қып қоюға,
Ант-су ішіп, у жалап,
Төрт шошқаны сойытып, –

делінеді. Көзқаман атанып кеткен туыстары сұмдық ойларын тереңге жасырып, Манасқа зар-наласын айтып хат жазады.

Бордай тоздық бұл күнде,
Малдан біткен түлікті,
Шашып, қаңғып келеміз.
Құс ұшпаған шөлменен,
Ит баспаған белменен,
Қашып, қаңғып келеміз.
Атамыз бірге имандас,
Туған деп іздеп келеміз.

Кабырғамыз кайысты,
Балтырымыз майысты,
Батыр, сені кашан көрөміз? —

деп, шынымен кыргыз елін сағынгандай сыңай білдіреді.

Халкының қамқоры, қолбасшысы әрі көсемі Манас алыстан қайта оралған ағайындарын құрметпен қарсы алып, еліме ел қосылды деп қуанады, көзқамандардан ешбір жақсылықты аяп қалмайды.

Атсыз келген қалмакка,
Арқар аяқ, жез тұяқ,
Ат тұлпарын мінгізді.
Тонсыз келген манғұлға,
Жағасы алтын, жеңі жез,
Қос бадана, торғай көз,
Оқ өтпес тонды кигізді.
Қатынсыз келген қалмакка,
Қырмызы көйлек, қыпша бел,
Қыз сұлуын сүйгізді.
Малсыз келген қақсалға,
Адырда жылқы алабас,
Арғымақ, будан аралас,
Өр түліктен мал берді...

Бірақ пиғылы бұзылған, имансыз, дүниеқоңыз көзқамандар бұның бәрін місе тұтпайды. Олардың ойлаған-баққаны Манасты у беріп өлтіру, тағын тартып алу, мал-мүлкін бөлісіп алу болады. Көзқамандар өздерінің ата-тегі кыргыз болса да, кыргызға тән қасиеттің бәрін мансұқтағысы келеді. «Қыргыздар неге қалмақша сөйлемейді, Манастың әйелі Қаныкей қонақтарды неліктен қалмақ салтымен күтпейді, кыргыздар борсық, тарбаған, аю етін жемейтіні несі», — деп күнкілдеседі. Көзқамандар дүлей, қарау, мүлде жат мінезді жандар екенін сезіп, бұлардан сак болайық дегендерге аңқау, мейірімді Манас сенбейді. Ақырында олар Манасты қонаққа шақырып, қымызға у қосып береді. Манас көп азап шегіп, әрең дегенде ұдың зардабынан айығады. Құзғын мінезді сатқындар тұтас бір елді ойранға ұшырата жаздайды. Қас-тандық әрекеті іске аспай, өздерінің ел алдында масқара болып қалғанын сезген көзқамандар өзара ерегісіп, пышақтасып өліп бітеді.

«Манас» жырындағы бір тараудың қысқаша мазмұн желісі осындай. Бізге бұл жат оқиғаның аса үлкен салдарлы мәні де бар

секілденеді. Өз елінің, бауырластарының мейірімсіз дұшпанына айналған, ақырында халық қарғысына ұшыраған көзқаман тектестер әр заманда бой көрсетіп тұратын құбылыс тәрізді елестейді. Нақтылы талдап қарасак, көзқаманшылдықтың жаны сірі, өзіне қолайлы жағдай туса, әр кезенде қайтадан жанданып, қауіпті күшке айналатын соқпа дерттей бір тажал екенін аңғарамыз. Оның өзіне хас белгілерін де тап басып тануға болады.

Көзқамандар ең алдымен өз халқының тілін білмейтін, сондықтан оны жат санайтын, інгәлап дүниеге келгеннен ер жеткенге дейін басқа түсінік, пиғылда тәрбиеленген жандардан шығады. Оларға өз елінің асыл қасиеттерінің бірде-бірі дарымаған, өзін асыраған, адам қатарына қосқан халқының тағдырына дұшпанның көзімен қарап дағдыланған. Тіпті жаратылысынан ақыл-есі бүтін болып туғанмен, мұндайлар өз елінің перзенті болып жарытпайды. Ана тілін білмегендіктен, халқының көңіліндегі мұнды, көкейкесті арманды көзқамандар сезбейді. Халық даналығы жаратқан небір әсем ән, құдіретті күй, аталар сөзі, ғибрат, нақыл бұларға әсер етпейді. Эпостағы көзқамандар жырақ жерлерде өскендер болса, қазіргі замандағы олардың «ізбасарлары» өз елінде жүріп-ақ жатбауыр болып қалыптасқандар.

Туған елінің тарихын білмеу, білгісі де келмеу — көзқаманшылдыққа тән нәрсе. Олар дүниедегі жақсылықтың бәрі басқа елдерде жасалған, өз жұртында мақтаныш тұтарлық, үлгі аларлық ешнәрсе жоқ деп есептейді, ел намысын жыртып, азаттық үшін жанын пида еткендерді кертартпалар, ел мүддесін аяққа басып, қаракан басының қамы үшін күштілерге бас игендерді болашағын болжаған көрегендер санайды. Бұларға тәуелсіздік деген қасиетті сөздің киелі мағынасы түсініксіз; қарны тоқ болса, барлық мұраты орындалғандай көреді, азаттық, теңдік деген сөздерді көңіл үшін айта салатын нәрсе деп біледі.

Мәнгүрттік пен көзқамандық бір-бірінен айырмасы үлкен екі түрлі құбылыс. Жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті мәнгүрттер халі аянышты. Олар — алыс пен жақынды, пайда мен зиянды ажырата алмайтын, өз анасын дұшпан санап атып жіберетіндер. Сондықтан да ел мұндайларды жадында ешнәрсені сактай алмайтын миғұла, мәнгүрт деп атаған. Ал көзқамандар ақыл-

есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер; әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәуегейден бетер білгір, әлем тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратындар тәрізденеді. Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы; сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің хас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі; ең жаманы – жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мөңгүрттер есінен айрылған міскіндер болса, көзқамандар елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер.

Эпостағы көзқамандар мен олардың қазіргі дәуірдегі сарқыншақтарын ортақтастыратын тағы бір нәрсе – бұлардың сырты бүтін, іші түтін болып, өздерінің мінез-құлқына, дүниетанымына жақын басқа бір патшалықтың сойылын соғатындығы. Эпостағы көзқамандар:

Қылыштары жаркылдап,
Садақтары сартылдап,
Мас болған Манас пақырға,
Құтырынып, қабынып,
Қоршап ұстал алсақ деп,
Құрбандыққа шалсақ деп,
Басын кесіп, байланып,
Есен ханның алдына,
Сүйіншілеп барсақ деп,
Алтын тәжді кисек деп... —

жанын салатын еді. Тағы бір атап көрсетерлігі, көзқамандар қас-тандық етпек болған адамын өтірік алдарқатып, арақ ішкізіп, ақыл-естен айыратын. Манасты да пәлеге ұрындыратын у қосылған арақ болатын. Заманнан заман ауысса да, бүтін елдің ішіне алалықты өдейі тудыратын сырт күштер де, халықты адамшылық бейнесінен айырып, аздырып тоздыратын арақ-шараптың кесапаты да қазіргі дәуірде қаз-қалпында тұрғанын көреміз. Ен қауіптісі сол — осы күнгі көзқамандар жұртшылық көзіне елдің ен

терең мұраттарын шырқырап іздегендей сынай байката біледі, ал шынтауайттап келгенде басына зәредей қиындық түссе, лезде жалт бұрылып кетеді. Сөз бен істің бір-бірінен алшақ кеткендігі соншалық — жамағат небір әдемі сөздердің өтірігі мен расы қаншалық екенін біле алмай дал болады; ақырында мұндай жаппай жалғандыққа еті өліп, қоғамда болып жатқан апат пен опатқа селт етпейтін болып меніреуленеді.

«Манас» жырының көзқамандар оқиғасына арналған тарауы қазіргі заманда орын тепкен кейбір көңілсіз құбылыстардың түп негізін анығырақ түсінуге көмектеседі. Осы күнгі көзқамандар да өз елінен шыққан парасат иелерінің қадірін білмейді; еңбекші жұртының адам айтқысыз ауыр халіне көңіл бөлмейді; өйтеуір бір майлы жіліктің басын ұстау үшін дәстүрді де, ата-бабалар аманатын да құрбандыққа шалудан шімірікпейді. Олардың иманы — ақша, пайда үшін тілін де, дінін де сатады, өзге діндерге де ауысып кете береді, мөпелеп өсірген ата-анасына қайырымсыз, қайдағы бір жітік пен саяқтың жаман әдеттеріне еліктейді. Бұл заманда көзқамандар аз ба, көп пе, санақ жүргізудің мағынасы жоқ. Қалай болған күнде де қоғам денесіне осындай бір бейдауа дерт жабысқаны анық.

Қазақ елінің тәуелсіздігін көре алмайтындар іште де, тыста да аз емес. Өзгені өзіне мәңгілік бағынышты етуге құныққан империялық пиғылдың жуық арада жойыла қоймайтыны түсінікті. Бірақ төтелеп келген ашық жаудан өз араннан шыққан, аты туыс, зағы бөлек тоғышар, шалақазақ, дұбаралардың залалы кем соқпайтынын ел-жұртымыз өлі де түстеп танып білді дей алмаймыз. Отандастарымыз өз арамызда жүрген, ұлт мұратын қиып жіберетін, елге опасыздығына ұялмай, қайта өздерін озық өркениет жаршылары деп қарайтындар осы заманның көзқамандары екенін таныса, олардан сақтанудың жолын да іздеп табар еді.

ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Кейінгі жылдарда түркі халықтары ауыз әдебиеті мұрасының көп томдықтары шығуы — елеулі мәдени құбылыстардың бірі. Өзбек, татар, башқұрт фольклорының байлығы оқушы жұртшылықтың қолына тиіп, рухани игілікке айналды. Қазақ ауыз әдебиетінің жүз томдық жинағының он төрт томы жарық көруі де

осы бағыттағы қадам болып табылады. Мұндай басылымдардың тілі, тарихы, тағдыры жақын түркі халықтарының бір-бірімен терең тамырластығын түсінуіне де пайдасы зор. Бір кезде патша өкіметінің, одан бергі жерде тоталитарлық жүйенің зұлым саясаты салдарынан өзара байланысы жойылып, бөлшектеніп, бір-бірінен жат болып кеткен туысқан халықтардың «қайта табысуына», ежелгі жақындықтарын еске түсіруіне фольклор өз тарапынан септігін тигізе алатыны кәміл.

Осы реттен алғанда бауырлас қарақалпақ халқының жиырма томдық фольклор мәтіндерінің жариялануын бірегей оқиға деп қарау керек. Қарақалпақтың қазаққа егіздің сынарындай ерекше жақындығын дәлелдеп жату артық болар еді. Ел арасын алыс-татқысы келетіндер қаншама тырысып, бұл халықтардан «айырмашылықтар» іздегенімен, ежелгі түбі бірге туысқандық көрінбей, байқалмай тұрмайды. Анық түбірлестікті іздеген адам, қолдан жасалған жалған теориясымақтарға жүгінбей, халық даналығы жасаған ауыз әдебиеті ескерткіштерін оқысын.

Ежелден тағдыры ортақ елдің әрідегі Алтын Орда, Ноғай Ордасы тұсындағы тығыз қарым-қатынасын сөз етпегенде, қарақалпақтар XVII ғасырдың ақырынан XVIII ғасырдың орта тұсына дейін Сырдария бойында өмір кешкенін айтсақ та, түбі бірге туыстықтың сыры біршама айқындалып қалады. Қарақалпақтар Қуандария мен Жаңадариядан су шығарып, диқаншылықпен айналысқан. Олар XVIII ғасырда он төрт ру және қоңырат деп екі арысқа бөлінген. Он төрт ру қыпшақ, қытай, манғыт, кенегес болып өз ішінен жіктелген. Тәуке ханның тұсында қарақалпақтар қазақпен бір бірлестік құрамында болған. Бұдан кейін кіші жүз хандарының қоластына қарайды. Аталған кезеңде Сырдария қарақалпақтары түркістандықтар, ал Түркістан күллі қарақалпақтың ата жұрты делінген. Сырдария жағалауындағы Сығанақ пен Жанкент бұл халықтың тарихында маңызды орын алған. Жоңғар жаулаушылығы кезінде қазақ секілді қарақалпақ та дұшпан шапқыншылығына душар болған. Туыс жұрт XVIII ғасырдың орта шенінде Хорезм жеріне барып табан тіреген. Бұл хал Жиен жыраудың «Босқан ел» деген дастанында суреттелген. Осы және басқа көптеген мағлұматтар қазақ, қарақалпақ ауызекі әдебиеті ұқсастығының негізінде көбінесе тарихи-генетикалық сипат басым жатқанын дәлелдейді.

«Қарақалпақ фольклорының» жиырма томдығында ауыз әдебиетінің барша жанры қамтылған. Бұлардың әр тараптан-ақ аса

маңызды басылым екенін атап өтуіміз ләзім. Ең алдымен мұнда қарақалпақ халқының есте жоқ ескі замандардан бері шығарған, жетілген, сан әулеттің сынынан «өткізген» көркемсөз қазынасы топталған. Осы қазынаның қасиетін тұжырымды түрде сипаттар болсақ, бірнеше мәселені алдымен атап айтқан болар едік. Біріншіден, сөз болып отырған көп томдық қарақалпақ халқының сан ғасырлар бойында бастан кешірген ахуалынан мол мағлұмат береді. Демек бұл кітаптардың ең басты құндылығы халықтың «көркемделген» тарихын елестете алуында деп білеміз. Екіншіден, ауыз әдебиеті жәдігерлерінде халықтың дүниетанымы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, адамшылық дәстүрі мен алдан күткен үміті, дүниедегі жақсылық пен жамандық туралы түсінігі, құбылыстарға берген бағасы көрініс тапқан. Бұл – фольклордың теңдесі жоқ тәрбие құралы екенін аңғартса керек. Ақырында ауыз әдебиеті шығармалары халық тілінің кені, телегей теңіз айдыны екенін көрсетуіміз шарт. Бейнелі сөздер мен тіркестердің, теңеме мен баламаның, нақышдың, канатты сөздің, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін мақал-мәтелдің, мысал мен тәмсілдің, терең философиялық мәні бар толғаулардың неше алуаны фольклорда екенін бұрынды-соңды білімпаздар айтып кеткені де белгілі. Болғанды ғана емес, болуы мүмкіндігі, болуға тиістіні асқақ бейнелей алатын ертегі мен эпоста, аңыздар мен әпсаналарда асқаралы бейнелер жасалған. Мәрттік, адамдық үлгісі қандай, батырлық, қайсарлық өнеге қайсы, тапқырлық, даналық, имандылық шарттары неде деген сұрақтардың бәріне де ауыз әдебиеті өділ де ақиқат жауабын берген. Сондай-ақ ел азаттығы мен бақытына кесір келтіретін жаман мінездер мен жексұрын қылықтардың қай-қайсысы да әшкереленіп отырған. Сөз қадірін үйретуі, жақсылыққа құштарлықты үздіксіз насихат етуі, халықты өршілдікке, өміршендікке баулуы ауыз әдебиетінің көп қырлылығын дәлелдейді.

Әнгіме тақырыбы болып отырған жиырма томдықтың жанрлық құрамы жан-жақты. Екі том түгелдей ертегілерден тұрады, бұлардың ішінде қиял-ғажайып, тұрмыстық, хайуанаттар жайындағы шығармалар тізілген. Аңыздар, әпсаналар, рәуаяттар, тарихи өлендер, эпикалық дастандар, айтыстар, тұрмыс-салт жырлары, халық лирикасы, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тағы басқа жанрлар қарақалпақ фольклорының ұшы-қиыры жоқ рухани қазынасын мәлімдейді. Біз бұл арада осыншама үлкен байлық-

тын кейбір тұстарына ғана қысқаша кідіреміз, «қазақтың каракалпақпен туыскандығы, міне мұнда» дейтіндей мысалдарға жұртшылық назарын аударамыз.

Сөзді эпостан бастасак, алдымен «Алпамыс батырға» тоқталу парыз. Қазақ халқының классикалық эпосы «Алпамыс батырдың» аты мен даңқы республикамыздың барлық өңіріне мәлім. Бұл жыр Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттың өзінде әлденеше рет кітап болып басылып, ауылдан ауылға, ауыздан ауызға тараған. Кеңес заманында жырдың түрлі нұсқалары ел арасынан жазып алынып, қайта-қайта жарияланып келгені де анық. «Алпамыс батырдың» қазақша, орысша мәтіндері қатар беріліп, толық түсініктемесімен басылуы да айтулы істердің қатарына қосылды. Қазақ халқына соншалық сүйікті «Алпамыс батырды» каракалпақ томдарынан оқығанда ешбір таңырқау да, тосырқау да көңілімізге ұялаған жоқ. «Осылай болуға тиіс» деп қабылдадық. Өйткені тарихтан азды-көпті хабары бар адам қазақ пен каракалпақты құраған рулар мен тайпалардың көбі бір түбірден таралғанын біледі. Біздің эпосымыздың да, ертегіміздің де, анызымыздың да сарындас, қанаттас келе беретіні осыдан. Ал Жиделі-Байсынды жайлаған қоңырат елі деген қиялдай қызық, армандай биік эпикалық өлке әрбір қазақ баласының жадынан шыққан емес. Бұл күнде кем дегенде жеті-сегіз ұлттың құрамында ұшырайтын ежелгі қоңыраттардың шоғыр жері каракалпақ екені де белгілі. Қоңырат тайпасынан Бердақ, Әжінияз, Күнқожа сынды ұлы шайырлардың шығуы да бұл елде эпос, жыр тудырушы, таратушы, дамытушы дарындардың аз болмағанын аңғартады.

Қазақ халқының ең көлемді, ең көркем жырларының бірі «Қобыланды батыр» Каракалпақстанда «Қобылан» деген атпен ертеден бері қанықты. Бұл да осы дастанға екі халықтың ортақтығын білдіретін мысал. Өкінішке қарай, аталған жырлардың ұлттық версиялары мен варианттары әлі күнге дейін толық салыстырылып зерттелген емес. Негізгі мәселе бұл эпосты белгілі бір халықтың жеке-дара «меншіктеуінде» емес, осылардың өзара үқсастығы мен айырмашылығын тексере отырып, бәрінің үлкен бір арнадан таралғандығын көрсету қажеттігінде болса керек.

«Едіге батыр» дастаны туралы көп айтуға болар еді. Каракалпақ ағайындар бұл жырдың неғұрлым кең таралған келісті екі нұсқасын жеке кітап етіп басып шығарды. Аталған басылымның маңыздылығы «Едігенін» таралу өрісінің кендігін дәлелдей-

тіндігінде ғана емес, ең бастысы, бір замандағы Ноғай Ордасы кезінде ноғай, қазақ, каракалпақ секілді туыс халықтардың бір-біріне өте жақын қарым-қатынаста болғанын көрсететін тарихи куәлік бола алатындығында. Жырдың осы үш халыққа тән нұсқаларының өзара үндестігін көргенде бұлардың арғы түбірі, бастау бұлағы бір екеніне күмән қалмайды.

Алдар Көсе, Жиренше, Қожанасыр туралы ертегілік аңыздардың каракалпақ нұсқалары да бізге «таныс бейтаныстай» әсер етеді. Каракалпақ қосықтары мен салт-жырлары топталған томнан да бізге ерекше етене жанрлар қатары көрініс береді. Олар – тойбастар, айтыс, аужар, сыңсу, жоқтау, бесік жыры, терме, толғау, т.б. Төрт түлік малға байланысты өлеңдер де қазақ, каракалпақ фольклорының ортақ байлығындай тәсір қалдырады. Мұндай сабақтастық тарихи өлеңдер тобынан да қылан береді.

Қазаққа мәлім жырлардан «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Бозжігіт», «Бозұғлан» тәрізді белгілі дастандарды да мысалға келтіруге болады. Көптеген түркі халықтарының арасына кең тараған атакты «Көрұғлы» дастанының да каракалпақ нұсқасы өзіндік көрікажарымен көз тартады. Оғыз халықтарымен тарихи, мәдени қарым-қатынастардың нәтижесінде туған дастандар қатарынан «Ғарып ашық», «Саят-Хемраны» атап көрсетуге болады.

Қаракалпақ халқы төл тарихының көркем жаңғырығы болып саналатын «Қырық қыз» дастаны жеке томда берілген. Бұл жырдың да мазмұны мен мұраты қазақ оқушысына таныс: эпостың қазақшаланған нұсқасы көп таралыммен басып шығарылған.

«Қаракалпақ фольклоры» аталған көп томдықтың екі кітабында айтыстар мәтіні берілген. Бұдан каракалпақтар арасында төкпе ақындықтың жарқын көрсеткіші – айтыстың қаншалықты кең дамығаны байқалады. Қазақ және каракалпақ ақындарының бір-бірімен айтысы да бұл томдардан орын алған. Бұған Әжінияз бен Меңеш қыздың айтысын мысалға келтіруге болады.

Қаракалпақ мен қазақтың тегі мен тағдыры ғана емес, күллі ақындық, шешендік өнер жүйесі, тілдік өлең кестесі, теңеме, баламалары, ой толғамдары, шалқыған биік поэзиялық мәдениеті егіз екеніне бірнеше мысал келтірейік:

Бір дегенде не жаман,
Білімсіз өскен ұл жаман,
Екіншіден не жаман,
Елеусіз өскен қыз жаман.

Үш дегенде не жаман,
Үшкілісіз пішкен тон жаман.
Төрт дегенде не жаман,
Төрелесіп барғанда,
Төресін бұзған би жаман.
Бес дегенде не жаман.
Белес-белес тауларда,
Бел майрылса сол жаман...
(IV том, 269-бет).

Міне, сонау жылдарда шекарасын сызып белгілеп, қарым-қатынасын әдейі тежеп қойған, қазір қазақ халқы секілді экологиялық апаттын өтінде отырған бауырлас елдің фольклор тілі осындай болып келеді. Әрине, ұзақ жылдар бойында тіршілік, саяси бағдар бөлек болған соң, бұл халықтардың тілдерінде кейбір «өзгешеліктер» пайда болуы — табиғи нәрсе. Әсіресе орыс графикасына негізделген қазіргі алфавитке көшкен кезде қарақалпақтың әріп таңбаларында қазақтан «айырмашылық» болуын әдейі ұйымдастыру салдарынан жасанды қиындықтар келіп шыққан. Орта Азия халықтарының терминологиялық істерін бір жүйеге түсіретін орталық жоқтықтан жаңа атаулар түрліше қалыптаса бастаған. Әйтпесе біздің халықтарымыз ауыз әдебиетінде бір-біріне түсініксіз сөздер кездеспейді десе де болады:

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң,
Арланып ат жүгірмес,
Арбашы жабы озған соң...
Жігіт шалқып қыдырмас,
Басынан дәулет тайған соң.
(Сонда, 274-бет).

Артқы айылдың батқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Ағайынның азғанын,
Ағайын білмес, жат білер.
(257-бет).

Таудан аққан тас бұлақ,
Құяды барып теңізге.
Қанша жаман лесен де,
Тартпай қоймас негізге.
(286-бет).

Аға-інің болмаса,
Арға шаппак не пайда.

Туысқанын болмаса,
Туға тартпак не пайда.
(291-бет).

Қарақалпақ ғалымдарының көпжылдық қажырлы еңбегінің нәтижесінде жарық көрген көп томдық «Қарақалпақ фольклоры» тұтас бір халықтың сан ғасырларда жаратқан көркемсөз мүлкі болып табылады. Мұндай көлемде ғылыми жүйеленіп, мәтіндері тексеріліп, қарақалпақ ауыз әдебиеті тұңғыш рет жарияланып отыр. 1977 жылдан бастап шыққан бұл томдардың соңғысы 1990 жылы жарық көрген. Осыншама еңбекті сапалы атқарған ғалымдарға қандай алғыс айтса да лайық.

Бұл кезге дейін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікмен тарихы жеке-жеке қарастырылып, олардың бір-бірімен тарихи байланысы көрсетілмей келді. Келешекте ғалымдарымыз атқаратын ең қәделі істердің бірі Орталық Азияны жайлаған түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін тығыз бірлікте қарап тексеру болмақ.

ТҮЛПАР ТҮЛҒАСЫ

I. Қазақ қаһармандық эпосының (дастанының) пафосы отан қорғау, басқыншы дұшпанның жерімізді басып алуына, елімізді құл етуіне жол бермеу, «жаным — арымның садағасы» деп, қандай жаумен де қайтпай күресіп, жеңіске жетуі болып табылады. Ертедегі ата-бабаларымыз жау күштердің өктемдігіне көніп, бұғып қалуды, өзгелерге кіріптар болуды өлім санаған; бүгінде ұмытылуға айналған «ер жігіт жастығын алып өлуі тиіс» деген қағида ны мұрат тұтқан. «Жастығын алып өлу» сені жоюға келе жатқан жат зорлықшыны алдымен сен өлтір, сонан кейін ажал тапсаң да өкініші аз деген мағынаға саяды. Қазақтың ұланғайыр өлкесі ерлігіне сызат түспеген, азбаған міне осындай өр мінезді, өжет, өктем ерлердің қайраты мен айбатының арқасында ғана ешбір дұшпанның боданына айналмай, бүгін сақталған. «Ер бір өледі, ез мың өледі» деген мақал да «намыс» деген ұлы сөздің мағынасы тот баспаған замандардан қалған. Халқымыздың «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қабанбай батыр», «Ер Сайын», «Едіге батыр», «Қарасай-Қазы» секілді ондаған классикалық эпос-дастанының әсер-қуаты кемімей жасап келе жатқа-

ны оларда ерлік пен намыстылық рухының күшті суреттелгеніне байланысты. Елі үшін жанын пида етуге даяр батырлардың нұрлы бейнесі халқымызды дүниедегі ең ұлы бақыт, баға жетпес байлық — азаттық, тәуелсіздік деген қасиетті ұғымға баулып келген...

2. Азаттық үшін күрескен айбынды батырлардың сенімді серігі — олардың мінген аты — жүйрік тұлпары болатын. Эпоста тұлпарлар тұлғасының орны мен мәні айрықша үлкен. Тіпті сол әйгілі дүлдүлдердің суреттемесі берілмесе, эпос, дастандар мұншама биік данққа бөленбес еді. Сол үшін қаһармандық дастандардағы тұлпарлар тұлғасын арнайы сөз етудің қажеттігі бар.

3. Еліміздің отан қорғау жолындағы жауынгерлік тарихы қандай ұзақ болса, ерлер мінген сәйгүліктердің хикаясы да соншалық көне де ғибратты. Аты мен данқы бір жарым мың жыл бойында ұмытылмаған Түрік қағанаты дәуірінің хас батыры Құлтегін туралы тасқа жазылған: «Құлтегіннің сауытына, шекпеніне жүзден артық оқ тиді, бірақ оның басындағы мыс дулығаға бірде-бір жебе дарыған жоқ... Құлтегін Ақбоз атын мініп жауға ұмтылды» (1) деген тіркестер батырлардың өзіне де, мінген атына да мадақ болып естіледі.

Тұлпар бейнесі көне ертегілік эпоста да, қаһармандық тарихи дастандарда көмескі тартпай, жарқырап көрініп отырады; сан қырлы бейнесі елестейді.

Солардың айрықша қадірлі сипаттары қандай деген сұраққа жауап беру үшін, дастандардан мысал келтірейік:

— Ең алдымен аттың ұшқан құстан озатын жүйріктігі қымбат бағаланған. Аңшыбай батырдың («Қырымның қырық батыры») аты «үш айлық жолға тоғыз күнде», Қобыландының Тайбурылы қырық күншілік Қазан шаһарына бір-ақ күнде жетеді. Шаншар ханның Гүлсары аты «ұшқан құстай пырылдап, бұлтқа жақын» барады.

Ат шабысының суреттері эпостың ең көркем беттерін құрайтынын атап көрсетерлік. Бұл — халықтың жүйрік ат қадірін өзелден артық санағанын аңғартады. «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысы бейнеленген жолдар жаһанның ешбір дастанында кездеспейді десек, артық емес.

Айт, жануар, шу делі,
Аршындап Бурыл гүледі...
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы

Саз балшықтай иледі...
Сенгір-сенгір таулардан
Секіріп асып жөнелді,
Қарсы келген қабақтан
Қарғып асып жөнелді...
Арандай аузын алады,
Аяғын топ-топ басалды,
Бір төбенің тозанын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қакқанға ұқсалды.
Құлан менен құлжанын
Ұзатпай алшын тосалды.
Көл жағалап отырған
Көккүтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен басып асады. (2)

Қаһармандық дастанның көбінде тұлпар ат батырдың мінезі мен тілегін, дұшпанның арам пиғылын сезетін есті жануар ретінде көрінеді. Ділдеш ат («Құламерген, Жоямерген») жаудың келе жатқанын пысқырып білдіреді; Алпамыстың Байшұбары қастық ойлаған мыстан кемпірді теуіп, үстіне мінгізбейді; жылқы ішінде жүрген Шұбар ат басқа ешкімге ұстатпай, тек Алпамысқа ғана илігеді; Көбіктінің аты («Қобыланды батыр») жылқыға тиген жат адамдар екенін біліп қашады (3). Қобыландының камшысы қатты тигенде Тайбурылға «тіл бітеді». Құбығұл батырдың («Құбығұл») таңдап мінген аты Құлаша — ердің жол серігі ғана емес, ой серігі де болады, қиын-қыстау кез туғанда «сөйлейді». Жылқыны адамша ойланып, сөйлету көптеген шығармаларда орын алуы жан-жануарлардың да тілі, «жаны» болады деп есептейтін көне анимистік нанымдар (4) салдары.

Кейбір жырларда батырлардың аты түрін, түсін өзгертуге қабілетті, сиқырлы өнері бар болып көрінеді: иесі соғыста мерт болса, өлген адамның денесін тастап кетпей, еліне жеткізетін де аттар кездеседі («Төкетай мен Мөнікер»). Бұл арадан да ертедегі адамдардың магиялық әрекеттерге сенгендігінің ізі байқалады.

4. Қазақ эпостық дастандарында батырлар мінген тұлпарлардың төл есімі болуы табиғи құбылыс. Бұл халқымыз жылқы түлігінің мінезін, сырын, қасиетін жетік білгендігін сипаттайды. Көне дәуірден бертінгі заманға дейін дербес есімге ие болған тұлпарлар: Абылайдың Нарқызылы, Қабанбайдың Кубас аты, Бөгенбайдың Ақкекілі, Олжабайдың Тайкөгі, Исатайдың Ақта-

баны, Дәулетбайдың Кертторысы, Жасыбайдың Коянкөгі... секілденіп ұзақ тізбек құрар еді.

5. Енді бір дастандарда батырлардың мінген аты жабайы жылқы — тарпандардан тараған тұқым делінеді. Қайсыбір жыр нұсқаларында тұлпарлар көлдің, теңіздің тереңінен шыққан айрықша бітімді жүйріктер болып көрсетіледі. Мұндай мысалдар эпикалық дәстүрі көнелеу болып келетін Сібір түркілерінің эпосында мол ұшырайды. Тарпаң аттар туралы ұғым эпос қана емес, ақындар поэзиясында да кездесіп отырады. Түркістандық ақын Молда Мұсаның:

Пұл — Қаршыға Қырымнан ілетұғын,
Тасқа салса таспадай тілетұғын.
Айыл, құйысқан тартпаның керегі жоқ
Тарпанды тырп еткізбей мінетұғын. —

деген сөздері бұған дәлел.

6. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтың қаһармандық эпосында жүйрік атты танитын, оны баптап өсіретін жылқышы бейнесіне де мән беріледі. Жас Қобыландының жорыққа мінетін ат тандағанда көпті көрген тәжірибелі Естеместен кеңес сұрауы бұл айтқанымызды дәлелдейді. Өзге дастандарда да осыған ұқсас жағдайлар орын алады.

7. Жалпы, жылқы өсірудің де, жылқышы кәсібінің де Қазақстан мен Орта Азияда төрт мың жылға созылатын тарихы бар деп есептеледі (5).

Демек жылқы түлігі көшпенділер өмірінің сан ғасырлық кеңістігінде қатар жасасып келген; халықтың тұрмыс кәсібінде ғана емес, сан түрлі жаулардан қорғаныс әрекетінде де аса маңызды орын алған. Сондықтан да жылқыға небір асыл теңеме, баламалар арналуы табиғи. Кең мағынасында алғанда жылқы бағу, жүйрік атты ардақ тұту халықтың ұзақ ғасырларға созылған жаугершілікке толы заманының куәгері деп қарауға болады.

Әдебиет:

- (1) Бердібай Р. Эпос мұраты. — Алматы, 1997.
- (2) Сонда...
- (3) Сонда...
- (4) Тэйлор Э. Первобытная культура. М., 1939.
- (5) Ковалевская В.Б. Конь и всадник. М, 1977.

МӘҢГІ МҰРАТ

Қай халықтың да өткен өмірінің естелігі, тарихи оқиғалар мен қайраткерлерге берген бағасы, алдан күткен үміті мен арманы ауыз әдебиетінің ауқымды жанры — эпостан жан-жақты көрініс беретіні мәлім. Бір есептен алғанда эпосты елдің бастан кешкен оқиғаларының көркемделген, әсіреленген тарихы десе де болады. Жазба тарихпен салыстырғанда жыр-дастанның нақтылығы аздау, хронологиялық желісі еркіндеу көрінгенімен, мұнда көп ретте нағыз шындықтың қайталанбас тұнбасы сақталады. Сондықтан да кейде эпос суреттеген ақиқат ресми жазба шежірелерден, мемуарлардан анағұрлым маңыздырақ. Халықтың азат ойқиялы ұзын тарихтың қат-қабатынан ең нәрлі дегендерін екшей біледі. Соларды бұрынғы буындардың аманатындай ардақ тұтады, әулеттен әулетке айтып таратады. Эпос — тарихтың көшірмесі де, қайталамасы да емес, ол халықтар тағдырына әсер еткен мәңгі ұмытылмастай сырларды өзіне ғана тән тәсілімен толғайды.

Қырғыз халқының мың жасаған «Манас» жырының табиғатын да эпикалық аңыздардың бәріне ортақ заңдылықтар аясында түсіну, талдау ләзім. Дәл осы мәселе жөнінде ғылымның да, жыршылардың да түсінігі бір-бірінен алшақ кетпейтіні таңғаларлық. Өткен ғасырдың орта тұсында Шокан Уәлиханов «Манастың» бір көркем тарауын жазып алып, оны орысша мазмұндап, эпопеяны жаһан жұртшылығына тұңғыш таныстырумен қатар, жырдың қырғыз халқының рухани өмірінен алатын орнын да анықтап бергені белгілі. Шокан өзінің зерттеуінде: «Манас» — бұл энциклопедия, халықтың белгілі бір батыры айнала-сына, Манас төңірегінде бір уақытқа жинақталған барлық ертегілерінің, хикаяларының, аңыз-әңгімелерінің географиялық, діни, ақыл, адамгершілік түсінігінің қосындысы. «Манас — тұтас бір халықтың шығармасы, тереңнен нәр алып, ұзақ замандарда дамыған халықтың эпосы...» деп жазған еді. Мейлінше тұжырымды, нақтылы әрі ғылыми айтылған бұл баға эпос жөніндегі клас-

сикалык анықтама болып калды. Ал батырлық жырдың халық арасына тараған аңыз, әпсаналардан күймақұлақ қариялар сөзінің негізінде жасалғанын жыршылар білгір баяндағаны «халықтан өткен дана жоқ» деген нақылдың растығына көз жеткізеді. Дастанның кілті дерлік кіріспе тарауда мынадай тамаша талдау, ескертпелер бар:

Баяғының анызы, Айтсақ кірер маңызы. Ежелгінің анызы Ескергенге маңызды. Кейі жалған, кейі шын, Кейінгілер көңілі үшін – Келістіріп айтамыз Жолбарыс Манас жөні үшін. Көбі өтірік, көбі шын, Көпшіліктің көңілі үшін – Көтермелеп айтамыз, Көкжал Ердің жөні үшін. Жанында болған кісі жоқ, Жалған сөзбен ісі жоқ. Төрінде жатқан кісі жоқ, Өтірікпен ісі жоқ, – Бабалардың аңызы...

Ғалымдар айтатын «Эпос – шындық пен қиялдың бітімдесуі» дегенді манасшылардың өзі ешқандай «теориясыз-ақ» айтып келгені қайран қалдырады. Жырдың жасалу, толығу, сақталу себебін, оның ел өміріндегі мәнін ақын-жыршылар қапысыз сипаттағанын көреміз.

Шежіреден ұққан сөз, Өсіп-өрбіп шыққан сөз. Көрілерден алған сөз, Халық аузынан қалған сөз. Аңыздарға толған сөз, Ат көтермес болған сөз... Бұрынғы айтқан кеп екен, «Батыр осы» дер екен; Арғылар айтқан кеп екен, «Арыстан осы» дер екен... Өрендерден қалған сөз, Еншіге жұрт алған сөз, Ой жүрекке қонған сөз, Толқыта ішке толған сөз. Жауға аттанған батырдың, Жан серігі болған сөз, Естігеннің мейірі Емін-еркін қанған сөз, Шешен біткен шерткен сөз, Мешеу көңілін ерткен сөз...

Эпостың желісі сан заманды аралап екшеліп, сұрыпталып, елмен бірге жасап келгені былай түйінделген:

Боран соққан қырменен, Кику-айқай шуменен, Сүрінбейтін тілменен, Қарлықпайтын үнменен, Арқар өрген белменен, Бұлт айдаған желменен, тайталаса жарысып, Бірге жасап келген сөз, Мөлдіретіп моншақтай, Жұрт саралап терген сөз...

Бұл арада «Манастың» тарихи бір кезең суреті емес, қадим дәуірлерден келе жатқан сарындарды жиып айтқан мұра екені де сездірілген. Ғылымда мұны полистадиялық (көпқабаттылық) деп атайды. Демек жырдың сөз кестесіне, тілдік келбетіне қарап, оның шыққан заманын анықтау қиын. «Манастың» мың жылдығы деген бұл ретте шартты ұғым. Эпоста сонау Түрік қағанаты кезіндегі оқиғалардың да сілемі аңғарылатынын зерттеушілер, сонын

ішінде М.Әуезов, дәлелдеп көрсеткен еді. Осы тұрғыдан қарасақ, «Манастың» жасы мыңнан да асып жығылады. Мұнымен қатар мұнда ең соңғы ғасырлардың да түсінігі, заттық атаулары кездесіп отырады. Манас жауларымен соғысқанда бертіңгі кезең қаруы – зеңбіректі қолданатыны да айтылады. Мұның өзі жырда қамтылған оқиғалық тізбек пен ұғым, нанымдар бір қабат емес, көп қабат екенін дәлелдейді. «Манасқа» қысылғанда жәрдемге келетін ғайып-ерен, қырық шілтендер, түсінде аян берушіліктер – көне наным-сенімдер. Манастың ата-тегін Оғыз хан, Қарахандардан таратушылық та жырдың түбірін терең тарихтарға бастайды. Батырдың бергі атасы Ноғай аталуы да біздің есімізге түркі халықтары шежіресінің тұтас бір дәуірін елестеткендей. Манастың Қытай жорығынан ауыр жаракаттанып келіп өлер шағына жеткенде «ең жақын досым еді» деп Қырымның ханы Үрімханұлы Көкбөріні еске алуы кездейсоқ болып көрінбейді. Ноғайлы дәуірінің кейбір қайраткерлері (Жаңбыршы, т.б.) эпос кейіпкері қатарында жүруі де түрлі тарихи оқиғалар мен адамдар жыр көлеміне «сиысып» кете алатындығын сипаттайды. Зерттеушілер эпостың генезисін, түп тарихын анықтау жолында көп ізденістер жасаған. Сонда да болса «Манастың» қалыптасу жолдарында әлі де анықтай түсетін жұмбақтар сақталып отыр деп айта аламыз. Болашақта түркі халықтарының ортақ тарихы толық тексеріліп жазылатын шақта «Манасқа» деген көзқарас тереңдей түсуі мүмкін.

Біз ұлы эпопеяның аса маңызды деген кейбір ерекшеліктеріне қысқаша қідіреміз. «Манасты» күллі қырғыз халқына сүйікті еткен, ешқашан ұмыттырмаған, қайта жаңғыртып, үстемелеп дамытып отырған күдіретті күшті іздесек, ол елдің еркіндік аңсары дер едік. «Манасты» және оның жауынгер серіктерін, ұстаз тұтқан ел ағаларын намыс үшін сансыз ерлікке бастайтын да азаттық мұраты. Қырғыз халқының ғасырлар бойында сыртқы жаулаушыларға, оның ішінде әсіресе қалмақ, қытайларға қарсы күресі ұланғайыр жырдың қозғаушы күші, пафосы болып табылады. Жер үшін, ел үшін әр дәуірде жүргізілген күрестердің жиынтығы, ұлы қорытындысы «Манаста» берілген. «Манас батырдың Текесханды женгені», «Манастың қыз Сайқалмен беттескені», «Манастың Орғоқанмен соғысы», «Манас батырдың Шудағы Ахунбешімді жеңгені», «Әлеуке ханның Манасқа бағынғаны», «Манас Шорықты жөніп, қызы Ақылайды тартуға алғаны», «Балуан күрес, Қошайдың Жолайды жыққаны», «Манас пен Қоңырбай-

дың сайысы», «Калмак-қытайлардың бөйгеге зорлық кылғаны», «Шоң шабуыл», «Колдын аттанып, Бөжинге жөнелгені», «Соғыс бітіп, Манастың шет Бөжинге хан болғаны», «Қоңырбайдың амалы, Манастың жарадар болуы» секілді тақырыптар өткен істер тізбегінен хабар береді. Ал осы оқиғалардың әрқайсысының басталуы, өрбу, шарықтау кезеңі жеке-жеке баяндалғанымен, бәрін мақсаты Қырғыз елінің қамы болып көрінеді.

Қырғыз халқының ұзақ тарихында калмактардың да, қытайлардың да өктемдігіне талай рет душар болғаны белгілі. Сол оқиғалардың катал шындығы «Манастан» орын алған. Әлбетте, болып өткен ұрыстар мен жанжалдың айын, күнін, жылын, тіпті ғасырын эпостан іздеу мүмкін емес. Ең негізгі шарт осы тектес соғыстарда азаттықсүйгіш елдің мерейі үстем болуында. Мұндай ұғым халықтың өділдікке деген үмітін өшірмеген, әр ұрпақтың намыс-жігерін қайраған, ел үшін жанын шүберекке түйіп, жауға шапқан ерлерін ұмыттырмаған. Манастың өз басынан белгілі бір нақтылы батырдың қадір-қасиетін, өмірбаяндық деректерін іздеу қажетсіз. Ол — халық қиялы аспандатып өкеткен, «ер осындай болсын» дерлік биікке көтерген идеалды тұлға. Сондай-ақ оның сенімді нөкерлері — қырық шорасы, Бақай, Қошай, Алмамбет, Сырғак, Шуак, т.б. жинақталып берілген бейне. Манастың әкесі Жакып, айттырып алған әйелі Қаныкей, етжақын туыстары мен достары нақтылы тарихи адамдар сипатында сенімді елестейді. Қырғыз дұшпандарының ең көрнектілері Жолай мен Қоңырбай тұлғалары өте айқын.

Манастың сырт жауларға ғана емес, ел ішіндегі дұшпандарына қарсы күресінде де тұтастық, бірегей бітімділік байқалады. Ол тек қара күш иесі емес, барлық істе ақыл мен парасатты тең ұстайтын, өділдік таразысынан ауытқымайтын, досқа адал, сахи мінез, кешірімді, қысылғанда жолтапқыш, қайсар жан болып көрінеді. Оның әрбір ісі ерліктің, өжеттіктің үлгісіндей әсер қалдырады. Жырдың Сағымбай Оразбақов нұсқасындағы Манас портреті жалпы ауыз әдебиетіндегі батырлар суреттемесінің үздік үлгілері қатарына қосылады.

Алтын менен күмістің, Шіресінен біткендей. Аспан менен жеріннің Тіресінен біткендей. Айың менен күніңнің Бір өзінен біткендей... Ай алдында дарияның Толқынынан біткендей. Ауадағы бұлттың Салқынынан біткендей. Аспандағы ай, күннің Жарқылынан біткендей...

«Манас» жырында халықтың бірлігі барлық игіліктің кілті деп көрсетіледі. Азғантай қырғыздың күші басым калмактарға, қисапсыз қытайға қарсы аттаныстарға батылдық етуі де Манастай елден асқан қолбасшысының болуына, қырғыз руларының батыр төңірегіне тас-түйін болып топтасуына байланысты. Осы бірлікті дәнекерлейтін тек жаужүрек батырлар ғана емес, ел басына қиын жағдай туғанда ақыл тауып беретін, халықтың жақсы дәстүрін білетін Бақай, Қошай сынды дана қариялардың да орны бөлек. Қырғыз елінің шалқыған байлығы, салтанатты сәттері, меймандостығы жырда кең сипатталған. Елдік рәсімдер мен салттарды атқару Көкөтай ханның асы кезінде, Манастың болашақ жары Қаныкейге құда түсу, қалыңмал беру, той өткізу тұстарында айрықша толық көрінген. Жырда ел бірлігі мадақталса, алауыздық, күншілдік дүниедегі ең жексұрын құбылыс ретінде әшкереленген. Бұған мысалға көзқамандар оқиғасын алып қарайық. Жақыптың ертеде қиын күндерде қалмақ арасына сіңіп кеткен бауыры Үсен Манастың ел билеген даңқын естіп, балаларын ертіп қайта келеді. Бірақ қалмақ арасында өскен, қырғыздың тілін де, салтын да білмейтін жат мінезді Үсен балалары (бұларды халық көзқамандар деп атап кеткен) Манастың жәрдем беріп, жайлы қонысқа орналастырған жақсылығын тез ұмытып, билікті де, байлықты да тартып алмақшы болады. Мұндай сұмдықты бастаушы Үсеннің үлкен ұлы — Көкшекөз. Көзқамандар Манасты да, оның қырық шорасын да қонаққа шақырып, у береді. Манастың мал-мүлкін олар алдын ала «бөліске» салып қояды. Бұл қастандықтан Манастар ерөн аман қалып, көп қиындықты бастан кешіреді. Ал нысапсыз, ұятсыз көзқамандар бірін-бірі қарақтап, жауласып, құрып бітеді. Сырттай қарағанда бұл тосын оқиға көрінгенімен, терең астары бар сұмдық зұлымдықтай әсер етеді. Жақыптың туған бауыры Үсеннің қалмақ арасында өскен балалары қырғыздың тілін, дәстүрін сыйламақ былай тұрсын, жаулыққа барады. Оларға қырғыздың елі, әдеті, тәртібі дегендер құрғақ сөз болып естіледі, ел қамқоры Манасқа деген қастандығы шектен асқан бұзықтық екенін сезбейді. Көзқамандар қырғыз елін қадірлемейді, тек жақсы тұрмыс, иен байлыққа жетуді көздейді. Ел естімеген осындай әңгіме жанынды түршіктіреді. Ұлтынан, жұртынан безіп, дүлей, зұлым күштерге айналғандар тек ертедегі қалмақ заманында бой көрсеткен өткен күндер оқиғасы болып қалса бір сөрі ғой. Біздің тұсымызда да елдің салт-санасын білмейтін

әрі мойындамайтын, туған халқына өзгенің көзімен қарайтын, ұлттың ең жақсы дәстүрлеріне ашық қарсы тұратын, ана тілін білмейтін, тарихтан хабары жоқ буын өкілдері аз емес. Біз оларға көзқамандар тағдырын тілемей-ақ қояйық. Бірақ оларды туған халқының ортақ мүддесіне қызмет етуге баулу каншалық күрделі міндет екенін естен шығармасак болғаны...

Парасатты ел басшысы жатты да жақын ете алатындығы «Манастағы» салдарлы сарынның бірі. Түбі қытайдан шыққанмен, мұсылмандықты қабылдап, Манастың адал досына айналған Алмамбет батыр хикаясы дүние жүзі эпосындағы оқшау, ерекше мәнді құбылыстардың бірі. Манастың жорықтарына қуат, сенім арттыратын оның туған елін жатжұрттықтардан қорғау, ислам дінін медеет тұтқаны болады. Бұл кезге дейін біз дін аталған жерден бойды қашық ұстап келдік. Біздің мұндай жалтақтығымыз тарихи шындықты түсінуге көмектеспейді. Шындығында, ертеде өткен соғыстардың көбінде діни астар белгілі дәрежеде орын алған. Бұрынғы Югославия аталған елдегі қазіргі адам айтқысыз қырғын, бейбіт халықтың бастан кешіріп жатқан қорлығы мұсылмандарға қарсы бағытталған зұлымдықтың нәтижесі екенін көрмеу мүмкін емес...

Эпостағы желі тартқан күрделі ойлардың бірі — түркі халықтарының өзара ынтымағы. Бұл сарын қазіргі кезде ерекше мазмұнға бөленіп естіледі. Ұзақ ғасырлар бойында бірлігі ыдырап, күштілерге кіріптар, озбырларға бодан болған түркі елдері бостандық дәмін тата бастаған шақта тұрмыз. Келешегіміздің мықты тірегінің бірі — түркі жұрттарының ежелгі этностық, туыстық сезімін қайта табуына байланысты. Қазақ та, қырғыз да «бөлінгенді бөрі жейді» дегеннің қасіретін өз бастарынан кешірген. Көне тарихқа бармай-ақ XIX ғасырдың орта тұсында қазақ-қырғыз бірлігін құруды көкसेген Кенесары Қасымұлының мақсаты жүзеге аспай, өмірі трагедиямен бітуі де осы екі ел шонжарларының ақ патшаға шенге сатылып, халық мүддесін аяққа басуынан болған еді. Өкінішке қарай, араға түскен өзәзіл күштер кімдер екенін әлі де түсінбей, мәселеге өз ауылының төбешігінен қарайтындар жоқ емес. Ертедегі тарихымыз жазылып болған жоқ, ал қазақ-қырғыз туыстығын эпос қалай көрсеткен екен, соған келейік.

«Манас» жырында исі түркі елдері, оның ішінде қазақ пен қырғыз мүдделес халықтар болып суреттеледі. Ұзақ уақыт перзент көрмеген Жакып жақсы түс көріп, соны жорытпаққа ең таңдаулы тұрғыластарын шақырады. Солардың ішінде қырғыздар-

дан Байжігіт, қыпшақтардан Таз шешен, қазақ Үйсін қария, нойғыттардан Ақбалта, ноғайлардан ер Естек, түріктің ұлы Дамбылда болады. Бір атап көрсетерлігі — қазақ есімі осы халықтың құрамындағы руларымен қатар атала береді. Бұл — жырдағы оқиғаның көнелігін, олардың қазақ бірлестігі құрылғаннан бұрын болып өткенін көрсетсе керек. Жакып баласына ат қою тойына шақырған елдің бір шеті Ертіс суы болса, екінші қиыры Орал тауы делінеді. Зорлықшыл қалмақ шонжарлары жас Манастың алғашқы өжеттігіне кектеніп, қырғыз ауылын шауып, малын таламақ болғанда Жакып «келсін, болыссын» деп төнірегіндегі қазақ, найман, қоныраттарға хабар береді. Енді бірде Жакыпқа көмекке келген қазақ Айдархан бастаған қосында «қызыр шалған Жакыптың қызметін көрген қырғыз, арқалас жүрген найман, қонсылас жүрген қонырат, үйірлес жүрген үйсін, араласқан алшын, арғын болады. Өштікке өштік ұласып, жанжал үдей түседі. Қалмақтың ханы Нескара Манастың түбіне жетпей қоймаймын деп серт етеді. Қатты үрейленген Жакып алты күндік жердегі қазақтарға адам жіберіп, хабар жеткізеді. Осыдан кейін Айдархан батыр сегіз мың қолмен Жакыпқа жәрдемге аттанады. Эпостың бастапқы тұсынан Манас есейгенге дейінгі хал көбінесе осылай болады. Қалмақ Нескараның бас батыры Данданды жекпе-жек ұрыста қазақ Айдархан өлтіреді. Манас: «Қазақ-қырғыз бір туған. Хан боларлық жан болса, біреу шықсын бел буған», — деп төрелікті елге салады. Бұл сөздерден ежелгі бауырластық табиғи қалпында елестейді. Қырғыздар Алтайдан кетерде Еділ, Нұра өзендері бойына, Орал тауларына көшсек деген де ұсыныстар болыпты. Текесханмен тікетірес кезінде де қырғыз, қазақтың жұбы жазылмапты. Тейішханның тойында ат жарысында Айдарханның аты екінші болып келеді.

Эпостағы қазақ-қырғыз бірлігінің жарқын көріністері бұлар ғана емес. Орғаканмен ұрыста қолға түскен ханның уәзірі, нәсілі қазақ Раманның жыршы ұлы Қаратай Манастың құзырында қалып, кейіннен қырық шораның бірі болады, «Ыраманның ыршы ұлы» деген даңққа бөленеді. Бұл жыршы Манастың өйгілі жорықтарының бөрінде де саптас болады. Аса қызғылықты куәліктің бірі — Жакып, Манастың мекен еткен жерлері ретінде «Әзіреттің Қаратауы» — Оңтүстік Қазақстандағы Қаратаудың жиі аталуы. Бұл мысал бір заманда қырғыз, қазақ қоныстарының шекарасыз, аралас-құралас болғанынан да хабар берсе керек.

«Манастағы» қазақ тақырыбының көрнекті тұсы Көкше батырға қатысты. Көлемі жағынан тұтас бір жырдың аумағын құрайтын мұндай беттер мен шумақтар зерттеушілер назарын аударуға лайық. Біз бұл арада қырғыз эпосындағы Көкшенің қазақтың «Ер Көкше» жырына жанасымы туралы сауалға тоқталмаймыз. Эпостың қырғыз басылымдарында Көкшеге арналған жыр жолдары толық немесе қысқартылып жарияланғаны бізге беймәлім. Түрлі жыршылар айтқан нұсқада өзара айырмашылықтар болуы табиғи. Қырғыз эпосында Көкше Манасқа кейде одақтас, енді бірде қырық шораның бірі ретінде көрініс береді. Осыған байланысты болар, қазақ батырын сипаттауда қайшылықтар да кездеседі. Бірде ол алып батыр, қырғыз халқына туыстық парызын жақсы атқарған қаһарман болып көрінсе, тағы бір тұста жеке басының «міндері» қазбаланып айтылады. Жалпы алғанда «Манастағы» ұнамды тұлғалардың бірі болып табылатын Көкшенің бойына ондай «жамаулар» нұқсан келтіріп тұрғанын айтуымыз парыз. Бұл мәселеге эпос мәтінін баспаға әзірлеушілер алдағы кезде мән беріп қарар деп ойлаймыз.

Көкшенің аталары былай мадақталады:

Арғы атасы Баракхан, Өз атасы Қамбархан, казактан шықты мықты жан, Өзінің аты Айдархан...

Көкшенің әкесі делінетін Айдарханның ерлігі бірсыпыра айтылып келіп, кейіннен негізгі орын оның ұлына беріледі.

Еті ашынып ер Көкше, Қайраты халықтан бөлекше, Көденге найза мұштады, Көкшеден найза еткені Алагердің үстінен Ақтарылып кеткені Төстен найза салыпты, Екі қарыс, төрт елі, Сыртына шыға қалыпты, Алагер атын алғаны, Ол көпірді өлтіріп, Айдарханұлы ер Көкше, Әскеріне барғаны.

Көкшеге деген мадақ жырдың әр жерінде ұшырайды.

Айдарханұлы ер Көкше, айбаты жұрттан бөлекше. Ол қосылды Манасқа Арыстан ерге жанаса. Батыр Көкше қосылды, Олар қолға кіргенде, Аруақ ұрған көпірдің, Атақтысы тосылды...

«Алмамбеттің оқиғасы» деген тараудың да көп жері қазақ жағдайына арналған. Бұл тұста Көкше аса маңызды іс атқарады, ол Қытайдан кетіп, дала кезіп келе жатқан Алмамбет батырға ислам шарттарын ұғындырып, мұсылман жолына түсіреді. Кейіннен Алмамбет Манастың бас батыры дәрежесіне көтеріліп, қырғыз қосындарын талай рет жеңіске жеткізеді. Қысылған кезде Манас Көкшенің көмегін керек етсе, өз кезегінде Манас та Көкшеге болысып отырады.

Жалпы алғанда қазақ пен қырғыз ағайындастығы эпостың өн бойында әсем өрнектей ажар береді. Сонымен қатар ноғай, өзбек, түрік, катаған елдерінің ынтымағы да ескертіледі. Осындай ерекшелігін тұжырымдай келе «Манасты» түркі бірлігін жырлаған ұлы эпос деп қараймыз.

Халықтың терең мүдделерін, ерлікті, бірлікті, отаншылдықты жырлаған, ғасырлар қатпарына сіңген оқиғаларды жаңғырта баяндап, тартымды, толымды тұлғалар сомдаған, адамзат өуелден аңсаған азаттық, теңдік, туыскандық мұратын толғаған қырғыздың ең асыл елдік ескерткіші «Манастың» даңқы мен ғибраты өшпей, қауымнан-қауымға ұласа беретініне сенеміз.

ХАЗАРИЯ ҚАСІРЕТІ

Бір замандарда даңқы аспандаған қаншама ұлыстар мен тайпалардың, бірлестіктер мен халықтардың ұмытылып, ұзын тарихтың қатпарларына сіңіп кеткендіктері туралы жазбаша және ауызша деректер аз емес. Тағдыр дөңгелегі теріс келіп, жер бетінен жоғалған ондай жұрттардың бастан өткізген шырғалаңдарын, бар болуы мен жоқ болуының сыр-себебін білу адамзат қауымының даму жолдары аумалы-төкпелі болғанын пайымдап, кездейсоқтықтар мен сәтсіздіктердің сабағын кейінгі буындар танып, тиісті қорытындылар жасау үшін қажет.

Бұдан мың жыл бұрын атағы жер жарып, Шығыс Еуропа жеріндегі алғашқы ірі мемлекет атанған, бірақ кейіннен тарих сахнасынан біржола сырылып қалған елдің бірі Хазария қағанаты болатын. Мемлекеті де, халқы да, тілі де жоғалған осы жұрттың тарихы, кәсібі, дәстүрі, тілі, діні, қалалары жөнінде түрлі тілдерде жазылған еңбектер бар. Өкінішке қарай не заттық, не рухани, мәдени ескерткіштері жөнді сақталмаған осы қағанаттың түп-тегі, халқының құрамы, наным-сенімі, шаруашылық деңгейі туралы шындыққа негізделген зерттеулер жоққа тән. Ал Хазария мемлекетінің жері қазіргі Қазақстанмен іргелес, Еділ дариясының төменгі белдеуінде болғаны, этностық жағынан алғанда хазарлар түркі нәсілінен, тілі түркі тектес екені белгілі. Бұл тақырыпқа, біздің білуімізше, аса көрнекті түркітанушы, профессор Кенесбай Мұсаевтан басқа тереңдеп барған қазақ ғалымы байқалмайды. Ал К.Мұсаев ежелгі Хазарияның жұрнағы делінетін қа-

райым тілінің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылымын жан-жақты зерттеп, жартылай өлі тілді қайта «тірілтіп», түркология ғылымына зор жаңалық қосты.

Кезінде айбыны асқан бұл мемлекеттің басы таудай тарихының аяғы қылдай болуының анық себептері көп жағдайда «жабық» күйінде қалып келеді. Сол үшін көне Хазария туралы кейбір еңбектерді шола отырып, біз де осы халықтың бастан кешкен трагедиясы туралы өз түсінігімізді қысқаша баяндауға тәуекел еттік. Қандай ел болмасын әлемдік тарихтың бұралан жолдарын, өрлері мен еңістерін, өткеннің ұнамды да, қасіретті де тәжірибесін білуге міндетті. Демек арғы түбірі көшпелі түрік ұлыстарынан тараған, мемлекеттігі қалыптасуының кейбір мезеттері қазіргі қазақ елінің тағдырын еске салатын Хазария хақында сөз қозғау ел қамын ойлайтын жандар үшін пайдасыз болмас деп есептедік...

Үлкен совет энциклопедиясында (28 том, М., 1978, с. 163) Хазар қағанаты хақында қысқа да тұжырымды мағлұмат берілген. Ондағы түсініктемелерді еске түсірейік. Хазар қағанаты VII ғасырдың орта тұсында Батыс түрік қағанаты ыдырағаннан кейін төменгі Еділ мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлегінде пайда болған феодалдық мемлекеттік құрылым. VIII ғасырдың басына дейін хазарлардың астанасы Дағыстан жеріндегі Семендер, одан кейін төменгі Еділдегі Итиль қаласы болады. VII ғасырда хазарлар Азау (Азов) төңірегіндегі болгарларды, Дағыстан шегіндегі савирларды бағындырған; ал Кавказ Албаниясы хазарларға салық төлеп тұрған. VIII ғасырда хазарлар Солтүстік Кавказды, Азау аймағын, Қырым жағалауларын және Шығыс Еуропаның Днепрге дейінгі далалық және орманды жерлерін иемденген. 735 жылы Каспий жағынан басып кірген арабтар Хазар қағанатының әскерін қиратып женеді. Осыдан кейін қаған мен оның төңірегіндегілер мұсылман дінін қабылдайды. Сегізінші ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Дағыстандағы хазарлар иудей дініне өтеді. Хазар қағанатының негізгі кәсібі мал шаруашылығы еді. Төменгі Еділ алқабында егіншілік пен бақшашылық дамыды. Қағанаттың байтағы (астанасы) Итиль қолөнер кәсібі мен халықаралық сауданың маңызды орталығы болды. Мемлекеттік билік жергілікті хазар және бұлғар феодалдардың қолында еді.

Сегізінші ғасырда Хазар қағанаты мен Византия арасында тығыз қарым-қатынас орнауы христиандықтың таралуына қолайлы жағдай тудырды. Хазар қағанаты жерінде митрополия — діни

орталық ашылып, жеті эпархия пайда болды. VIII ғ. ақыры мен IX ғасыр басында қағанаттың тізгінін ұстаған Обадия иудаизмді мемлекеттік дін деп жариялады... Хазар қағанатының әлсіреуін көздеген Византия хазарларға қарсы айналасындағы көшпенділерді айдап салып отырды. Бірақ Хазар қағанатына ең үлкен қатер орыс мемлекетінен келді. 913 — 914 және 943 — 944-жылдарда орыс әскерлері Каспий жағалауындағы елдерді қырғынға ұшыратты. X ғасырдың 80-жылдарында князь Святослав Игоревич Еділге жорық жасап, Хазар қағанатын талқандады, Итиль, Семендер қалаларын тонады; Саркел қаласын басып алды. X ғасырдың ақырында Хазар қағанаты өмір сүруін тоқтатты...

Бұл деректерден біз Хазар қағанаты деген айбынды мемлекеттің пайда болуы мен қирап бітуінің шын себебі неде деген сұраққа жауап ала алмаймыз. Хазария хақындағы дереккөздерге үңілсек, осы бір «жұмбақ» жұрт жөніндегі түсінігіміз біршама толығырақ түседі. М.И.Артамонов өзінің «Очерки древнейшей истории Хазар» (1937) деген кітабында Хазария тарихына ғасырлар бойында мүлде дерлік көңіл бөлінбей келгендіктің бір себебі орыстың дворяндық-буржуазиялық тарихшыларының орыс мемлекеті құрылғаннан бұрын өмір кешкен, заманында данқы мен дақпырты Византиямен және араб халифатымен қатар аталған Хазария тағдырына тар көлемдегі ұлтшылдық тұрғысынан қарап, әдейі елеусіз қалдырғысы келгендігінен деп түсіндіреді. Бұл пікірдің жаны бар. Орыстың тарих ғылымында атағы жер жаһанға мәлім Алтын Орда империясы туралы соңғы бірнеше ғасыр бойында жартымды зерттеулер жасалмағаны да бұған дәлел. Ресеймен жапсарлас жерлерде үлкен мемлекеттер болғанын (мәселен, Еділ бойындағы Бұлғария) білсе де, білмегендей болып, тарихи құбылыстарды қалтарыста қалдыру, зәуімен сөз ете қалса, қаралап көрсету ғылым шарттарын аякасты етіп, оның бәрін шовинистік идеологияның жетегіне бергенмен бірдей еді. Бұл, әрине, арнайы сөз ететін жеке тақырып. Біз Хазарияға қарай бұрылайық.

М.И.Артамонов еңбегінде көне араб, Византия, армян, еврей мәнбелеріне табан тірей отырып, Еділ мен Қара теңіз арасында кезек дәуірлеген ғұндар, аварлар, болгарлар, хазарлар бірлестіктері мен мемлекеттері жайында пікір өрістетеді. Бұл кітаптың пайдалы жақтарымен қатар сын көзімен қарауды керек ететін жерлері де бар. Мәселен, М.И.Артамонов тілге тиек еткен Хазария қағаны Иосифтің Испания алпауыты, еврей Хасдаймен өзара

жазысқан хаттары делінген «құжаттардың» да күмән туғызатын жерлері аз емес. Ал Византия, Армения тарихшыларының пікірлері көбінше христиан дінінің мүддесі тұрғысынан берілген. М.И. Артамонов зерттеуінде мұсылман мәнбелері (источниктері) тым жұтаң пайдаланылған.

Көне заманда дүниені дүрліктіргендей болып көрініп, басаяғы үш ғасырдан сәл ғана артық өмір кешіп, тағдырдың тәлкегіне ұшырап «ғайып» болған Хазарияның мән-жайына қанықтыратын зерттеудің бірі — С.А. Плетневаның «Хазары» (1976) деген монографиясы. Бұл мемлекеттің шығу тарихын кеңінен сөз ете келіп, С.А. Плетнева «Хазарлар өздерін Түрік қағанатының тікелей мұрагері, өздерінің билеушісін қаған, мемлекетін қағанат деп атаған» дейді (22-бет). Хазария қағанатының аз уақытта қыруар аймаққа билік жүргізіп, күшті мемлекет орнату сырын зерттеуші хазарлар құрамына оларға тілі жақын көптеген түркі тайпаларының (бұлғар, т.б.) бірігуінен деп түсіндіреді. Араб саяхатшыларының көрсетуінше, хазарлар мал бағумен қатар егіншілікпен де айналысқан, кент, қалалар салған. Мәселен, Ибн-Хордадбек өзінің жазбаларында хазарлардың он қаласының атын нақтылы атайды. Алыс, жақын көршілерімен соғыста көбінесе жеңіске жетіп, «бағы» өрлей бастаған Хазарияны әлсірету, бірлігін бұзу үшін дұшпандары түрлі әдіс-айла қолданудан іркілмеген. Олар Хазария мемлекетінің этностық жағынан құрандылығын, көпдінділігін, мемлекет билеу жүйесінің әлсіздігін пайдаланып, алуан арам әрекетке барған. Сондай тәсілдің бірі — Хазария мемлекетінің беделді адамдарын, әсіресе елді билеуші әулеттің өкілдерін кейде түрлі сый-сияпатпен алдарқатып, енді бірде құдандалы болу арқылы христиан не еврей дініне тартудан көрінетін еді. Мемлекет тізгінін ұстап отырған қағанның өзін де, айналасындағы нөкерлерін де иудей дініне кіргізудің өзі сырт күштердің осындай жүйелі, мақсатты, жат әрекеттерінің жемісі. Ол замандағы күшті империя — Византия да жауынгер көшпенді халықтардың арасына іріткі түсіріп отырған. Өзінің қарақан басының пайдасы үшін елінің дәстүрін, ғұрпын сатып кететін дүниекоңыз жандарды іздеп, оларды бірте-бірте құрған торларына түсіру арқылы қарсыластарының шебін ыдырату христиан елдерінде мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген еді.

Хазарлар туралы жазатын орыс зерттеушілері, соның ішінде біз еңбегін сөз етіп отырған С.А. Плетнева, тарихи оқиғаларды

баяндағанда мұсылмандық жағдайын шала-пұла баяндап, христиандар мен иудейлер дініне іштартатынын жасыра алмайды. Мәселен, араб әскерінің қолбасшысы Мерван 735 жылы Хазарияны жеңгеннен кейін қағанға «мұсылмандыққа өтіндер» деп талап қойыпты, қаған бұл талапты қабыл алып, мұсылман болыпты. Осы жағдайды С.А. Плетнева Хазар қағанының намысын аяққа басқандық еді деп сипаттайды; ал Хазария елін бір жағы Византия, екінші жағы еврейлер өз уысынан шығармау үшін жасаған әрекеттерін табиғи құбылыс деп қарайды. Бұл еңбектен Хазария елінде мұсылмандықтың таралуы жөнінде дәйекті талдаулар табу қиын-ақ.

Халық құрамының этностық жағынан ала-құлалығына қарамастан Хазария елінің ішкі бірлігін, тұтастығын сақтап келген түркі тілі мен жазуы екенін тарихшылар мойындайды. Ендеше ол мемлекеттің жер бетінен ғайып болуын тездеткен қандай қырсық десек, ең негізгісі дін бірлігінің жоқтығы болып шығады. Қағандықтың орталық қаласы Итильде VIII ғасырда еврейдің синагогтары, христиандардың шіркеулері, мұсылмандардың мешіттері мен медреселері сап түзеп орналасқандықтары осыны көрсетеді. Дін ғибадатханаларының тек сәулет үшін салынбағандығын, бұлардың басы «бір қазанға» сыймайтынын кезінде ел билеушілері ескермеген.

С.А. Плетнева сөз болып отырған кітабында Хазарияның басшылығы мемлекеттік дін деп қабылдаған иудей діні елге ырыс әкелу былай тұрсын, сор болып қабысқанын ашық жазады. «Жаңа дін хазарларды біріктірмей, қайта бір-біріне жауықтыруға жол ашты» дейді ол. Өйткені Хазарияның барлық өңіріндегі ескі төңірлік дінге табынатын қарапайым қауым бұл дінді жат санаған. Осындай өзара бөлектенушілік елдің ойран-топанын шығара бастайды. Алдымен христиандануы күшті Қырымды Византия өзіне қосып алады. Жергілікті ру, тайпа көсемдерінің иудей дінін ұстанған қағанға қарсылығы бітіспес жаулыққа ұласады. Ел ішіндегі толқуларға сырттан көз тігіп отырған дұшпандар Хазарияға тұс-тұстан лап қояды. X ғасырдың орта шенінде Хазария печенегтер жорығынан орасан зардап шегеді. Халықтан байланысын үзген, тек өз манындағы раббиндерге ғана сүйенген иудейлік Хазарияның қағаны осылайша, бейбіт жатқан елінің тоз-тозын шығарады. Іштей әлсіреп тұрған Хазарияны ақырында орыс князі Святославтың 964 жылғы шабуылы мүлде күйретіп тынады. Хазария-

ның бұдан кейінгі тағдыры жөнінде тек үзік-үзік деректер сақталған. Солардың кейбіреулерінде X ғасырдың 70-жылдарында хазарлардың орыстармен бейбіт қарым-қатынас орнатқысы келгені, бұл кезде елдің халқы иудейлік емес, мұсылмандық дінді ұстап қалғаны туралы айтылады. Бірақ X ғасырдың ақырында князь Святославтың ұлы Владимир Хазарды қайта шауып, қалаларын қиратып, егістіктері мен жүзімдіктерін талқандап, үйіндіге айналдырды.

Хазария «күпиясына» саңылау түсіре ме деп қараған тағы бір кітабымыз Милорад Павичтің «Хазарский словарь» (Санкт-Петербург, 2000) деген шығармасы. Мұнда Хазар мәселесі жөнінде христиан, ислам және еврей дереккөздері, жекелеген нақтылы тарихи адамдар (Бранкович, Қаған, Атех, Кирилл, Мефодий, Акшани Ябир Ибн, аль-Бекри Спаньярд, Ибн Кадраш, Кора Фараби Ибн, Масуди Юсуп, Коэн Самуэль, Халеви Иегуда, т.б.) туралы мағлұматтар келтірілген. Шығармада шындығы мен қиялы астасып жатқан үлкенді-кішілі оқиғалар, Хазарияда әлемдік діндердің біреуін үстем ету жолындағы әрекеттер христиан, ислам, еврей анызы ретінде қайталана әңгімеленген. Оларды тізіп шығудың бұл арада қажеттігі жоқ. Бізге анығы — түрлі діндердің билікке шығу үшін өзара талас, тартыстары тұтас мемлекеттің жер бетінен жойылып кетуіне себепкер болғаны...

Милорад Павич шығармасының «Жасыл кітап» (Хазар мәселесі туралы ислам дереккөздері) деп аталған бөліміндегі кейбір талдаулар мен қорытындылар хазар тарихы жөнінде ілгеріде айтылған ойлармен толық үндес келеді. Осы бөлімнен кейбір үзінділер келтірсек те бұған көз жетеді. «Араб жылнамашылары Ибн Русте мен Ибн Фадлан Хазар патшалығында ислам дініне енген көптеген адамдарды атайды. Аль-Бекри хазарлар халифтармен 731 жылғы соғыстан кейін бейбіт өмірге көшті өрі исламды қабылдады» (Аталған кітаптың 139-беті). Бірақ Хазар қағаны 763 жылы христиан, ислам, иудей діндерінің білімді өкілдерін шақырып, қай діннің қандай артықшылығы бар екенін сарапқа салмақ болғанда, ислам дінінің өкіліне келе жатқан жолда қас-тандық жасалғандықтан, дін туралы пікірталасына қатыса алмайды. Дәл осы жерде тарихтың бізге белгісіз тағы бір қалтарысы жатқандай. «Хазар сөздігі» деген кітаптан ұғатын енді бір жағдайымыз — ел билеуші қағанның мемлекет дінін өзгертуге оп-онай келісім беріп отырғаны: ол византиялықтардың айбыны асып тұрса, христиандыққа, араб халифтерінің әскері жеңіске жетсе,

исламға, еврей оқымыстыларымен бетпе-бет келгенде иудей дініне көше берген. Сондай-ақ қағанның айналасындағы етжақындары да қай сәтте қандай дін пайдалы деп тапса, бұрынғы сенімін оп-онай ұмытып, шоқынып шыға келген: күйеуге шыққан қыздары барған жерінің, үйленген ұлдары әйелінің дініне өтуі тіпті жеңіл болған.

Осылайша дінді «айырбастау» ойыншыққа айналған Хазарияда жергілікті халықтың тіліне де қатер төнген. Бірте-бірте хазар деген халық атынан, хазар тілінен безініп, ғұрып, дәстүрінен айырылып, басқа тілге, дінге өтушілер саны өскен. Өзінің төл діні мен тілінен өгейленіп, христиан немесе еврей діндерін ұстанушылар саны көбейе берген. «Мемлекет халқының көпшілігін құрайтын хазарлар қаған сарайында тым азшылыққа айналды. Мұндай жағдайда қызмет бабымен көтерілу хазар еместерге тиімді еді. Өзінің хазарлық тегінен бас тартқандарға қаған сарайында мансап иеленуге кең жол ашылды. Антихазарлық оппозицияның бұдан кейінгі қадамы хазар мүддесін гректерге, еврейлерге, арабтарға, славяндарға жығып беруге саятын» делінген «Хазар сөздігінде» (209-бет). Өз халқының құқы мен намысын аяқасты етіп, шеттен келген кім көрінгенді төрге шығарып, тайрандатып қойған қағанның ісі кешіргісіз қателік еді. Елдің байырғы халқы панасыз, шарасыз, кедейлік тақсіретін тартып жүргенде жайлы мекен, жақсы тұрмысқа кенелетін шет жұрттан келгендер болатын...

«Хазар сөздігінде» бұл күйінішті ахуалдың мұнды «жыры» бұдан әрі жалғасады. Өз мемлекеті, өз астанасында хазарларға деген құрмет өте төмен еді. Елдің байлығын жемқорлар мен алаяқтар ешбір тосқауылсыз талан-таражға сала беретін (кітаптың 210-беті). Мемлекет ішіндегі ең ауыр, қара жұмыстарға хазарлар жегіліп, тиімді, ақшалы лауазымдардың тұтқасын жатжұрттықтар ұстаған. Ең сорақысы сол — ел басына күн туғанда хазар байлығын теспей сорғандар жалт бұрылып, жаулармен тіл табысып кеткен.

Бұл келтірілген мысалдардан жері де, халқы да бай, қаһарлы мемлекет Хазарияның өзге елдер секілді гүлденуге, көркеюге барлық мүмкіндігі бола тұрса да, өрлеудің орнына кері кетіп, тарихтың құрдымына түсуінің негізгі себептері айқындалғандай. Солардың ішінен бірнеше мәселені бөліп көрсетуге болады.

1. Хазарияның қасіреті, ең алдымен, қағанның көз алдындағыдан әріге зердесі жетпейтін парасатсыздығына, қандай мемлекеттің де іргесі бүтін болуы халықтың басым көпшілігі тұты-

нып келген дін мен тілдің беріктігіне тәуелді екеніне мән бермей, дүниенің әр бұрышынан келген миссионерлердің жетегінде кеткендігіне байланысты;

2. Елбасы қаған хазар халқының төл мүддесін аяққа жығып, мемлекетке әр кезеңде келіп жайғасқан басқа халық өкілдерінің шашпауын көгеруі жергілікті халықтың рухын өшіруге тікелей жағдай жасаған;

3. Хазарияда көпдінділікті қолдау саясаты мемлекеттің негізгі халқы хазарлардың дәстүріне, ғұрпына, өзара бірлігіне орасан залал келтіріп, «шексіз космополитизмнің» үстемдік құруына жол ашқан. Мұндай көпдінділік Хазарияны елім, отаным дейтін отаншылдық сезім мен сенімді жоғалтқан, халық күнделік тіршілігінен басқаны ойламайтын тобырға айналған. Мұндай елді кез келген дұшпан қаусатып, құлға айналдыруға мүмкіндік туған; іштей тозығы жеткен мемлекет орыс князі Святославтың бір сокқысына шыдамай, күллі көкке ұшуы осыдан;

4. Ең сұмдығы сол – Хазария қағаны да, оның айналасы да дін деген қасиетті ұғымды ойыншық көріп, тілдің ұшымен ғана айтатын болған; қай күні қандай мықты мемлекет өкілдері келсе, солардың дініне бас шұлғып, ауанына жығылған; ақша, тарту әкеліп берсе, қас жауларымен де тіл табысқан;

5. Хазария қағанының қайсы дін күшті деп мемлекет шекарасын ашып қойғаны, пікірталастарын әдейі ұйымдастыруы қаруындағы елін тірідей өлтіргенмен бірдей еді;

6. Хазарлар ежелгі дін, сенімінен адасып, елі талан-таражға түсіп, өздері басқа жұрттармен мидай араласып кеткеннен кейін тілінен айрылуы таңғаларлық емес. Ғалымдар хазар тілінің қазіргі мұрагері қай тіл дегенге толық жауап бере алмай жүргендіктері де елмен, дінмен бірге тілдің де жойылуының салдары...

Қазақстан тәуелсіздік жариялағаннан бері біраз жыл өтті. Бұл уақыт ішіндегі жетістіктеріміз де, кемшіліктеріміз де жұртшылыққа аян. Елдің экономикалық көрсеткіштері, ілгері дамудың жолдары мен шарттары жөнінде мемлекетіміздің тағдырына жаны ашитын азаматтар ой бөлісіп, бүгін мен келешектің нақтылы бағдарламасын жасауға пікір қосар деп сенеміз. Ал біздің көңілімізді бөлетін нәрсе — Қазақстанның мемлекеттік құрылысы қай бағытта дамиды деген мәселе. Көптеген отандастарымыз секілді біздің де әуел бастан аңсаған мұратымыз Қазақстанның ұлттық-демократиялық республика сипатында қалыптасуы болатын.

Бірақ іс жүзінде қазіргі Қазақстан көші басқаша бағытқа, кейбір білгіштер айтып жүргендей, «азаматтық қоғам» орнату жағына ойысып бара жатқандай. Үкіметтік құжаттарда, тіпті ата заңымызда «Қазақ республикасы» деген тіркес өшіріліп, елдің негізгі халқы — қазақтардың тарихи құқы мен орны жөнінде атүсті ғана айтылатын болды. Көптілді, көпдінді мемлекетке айналып келеміз.

Мұның келешегі қайда апаратынына батыл байлам айта алатындардың үні естілмейді... Дүниеде мәңгілік ешнәрсе жоқ, кешегі өмір бүгін, ал қазіргі болмысымыз ертең-ақ тарихқа айналатынын ұмытуға болмайды. Сондықтан ел тағдырына жауапты кісілер Қазақстанды жайлаған барлық диаспоралардың қайтсек көңілінен шығамыз дегенді ғана ойлап, республиканың бірден-бір негізгі ұлты қазақтардың келешегіне орны толмас залал келтіріп алмауды мықтап есте тұтқаны жөн. Бұл мақалада баяғы өткен Хазария қасіретін еске түсіруіміздің себебі де ондайдың беті аулақ болсын дегенді айтқымыз келгендіктен еді.

ЕДІГЕ БИ

(*Аңыз бен ақиқат*)

XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бастапқы тұсында өмір кешкен Едіге туралы жазба деректер де, ауызша тараған аңыз әңгімелер де аз емес. Ол мағлұматтар белгілі тарихи қайраткердің тұлғасын тануға бірсыпыра мүмкіндік береді. Халықтың жадында қалған:

Едіге леген ер еді,
Елдің камын жер еді.
Ел ішінде дау болса,
Мен шешейін дер еді.
Ел шетіне жау келсе,
Мен барайын дер еді, —

деген сөздер оның әрі беделді би, әрі айбынды батыр болғандығын сипаттайды. Осыған орайлас аңыз әңгіме тек қазақ арасында ғана емес, ноғай, башқұрт, татар, қарақалпақ елдерінде де кеңінен мәлім.

«Едіге батыр» жырында қаһарманның зеректігі, даналығы бала кезінен белгілі болғаны баяндалды. Едіге батыр атағы шықпай

тұрып, өзінің тапқыр, әділ төрелігімен ел аузына ілінген. Жырда оның коян атқан екі мергеннің, ақсақ малы үшін айып төлеуге тиіс төртеудің, түйе үшін жанжалдасқандардың, бір балаға таласқан екі әйелдің дауына төрелік жасағаны айтылады. Едігенің асқан әділдігі мен ақылдылығы жыр, аңыздардың бәрінде дерлік атап өтіледі. Мәселен, Мөшһүр Жүсіп жазып қалдырған нұсқада Едіге жөнінде мадақ сөздер сәл өзгешелеу қайталанады.

Едіге деген ер дүрмін
Үзілмес жібек кендірмін.
Өзі білмегенге
Білгеннің тілін алмағанға,
Еменнен шоклар шекесіне
Шық еткізетұғын мен дүрмін... (1)

Өйгілі «Едіге батыр» жырында Тоқтамыс хан Едігені оның қиын дауларды әділ шешкенін естіген соң өз құзырына шақырғаны айтылады. Тоқтамыстың Едігені шын пейілмен жанына жақындатып, оған үлкен сенім, үміт артқаны былай берілген:

Жауырыны жақталы,
Түйме баулы, тартпалы,
Ал қаракес тон берді.
«Мұны үстіне ки», — делі,
Көкала жорға ат мін, — делі
Көнте белбеу бу, — делі.
Тұтам бауы сом алтын
Ақ сұңқар күс беремін,
Ұшан теңіз шүй, — делі.
Қырымнан қиын дау келсе,
Төресін соның бер, — делі... (2)

Едігенің үлкенге құрмет, кішіге ізет жасай білетін кішіпейілдігі өзінен бір жас үлкенге, «өзизім, сіз біліңіз» дер еді, өзінен бір жас кішіге, «үкем, сен тұра тұр, мен сөйлейін дер еді» деп сипатталады. Жырда Едігенің «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғасы жанжалды мінезделген. Оның асылық іске бармайтын ұстамдылығы — «менменсіген мінезден, тәуба қылған ер дүрмін», мәрттігі — «досымның отын сөндірмен, дұшпаным отын жандырман», достыққа талғамдылығы — «асылын сұрамай ас бермен, атасын сұрамай дос қылман» деген сөздерден айқын аңғарылады. Едігенің алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы, онай иілмейтін беріктігі шебер көрсетілген.

Қарағайдан берік біткен терекпін,
Басымнан дауыл соқса тенселмен.
Қарағайға қайнап біткен бұтақпын,
Балталасан айрылман.
Еменге айыр біткен бұтақпын,
Еңкейіп келсем ондырман...
Садақ толы сары жебе,
Саудыратып төккенмін.
Атанға тартсаң, ауырмын.
Таразыға тартсаң, тең дүрмін... (3)

Бұл келтірілген үзінді мысалдар Едігенің елге тұтқа боларлық кісілігін, халық мойындаған қасиетін сенімді дәлелдей алады. Мұның бәрі оның асқақ даңқына сәйкес келетін сөздер...

Едігенің ерлігі, батырлығы, қолбасылығы жөнінде жазба құжаттар куәлігі баршылық. Оның атышулы Әмір Темірдің көмегіне сүйеніп, Алтын Орданың айбарлы ханы Тоқтамысты тақтан тайдыру үшін жасаған әрекеттерін айтпағанда, өзі қол бастап, дұшпандарын жеңген кездері де мәлім. 1397 — 1411-жылдарда Алтын Орданы билеген кезінде Едіге бұрынғы Жошы ұлысының жерлерін біріктіруге күш салды. Едігенің Литва королі Витов пен Тоқтамыс ханның біріккен әскерін 1399 жылы тас-талқан еткені оның қолбасылық талантын айқын танытты. Ол 1409 жылы Хорезмді басып алды. 1408 — 1409 жылдарда Едіге Алтын Ордаға салық төлеуден бас тартқан Ресей қалаларына шабуыл жасады...

Бірақ ел жадында Едігенің батырлығынан гөрі халық игілігі үшін атқарған істері қымбатырақ бағаланған тәрізді. Тарихта атағы жер жарған билеушілерден тақты тартып алған қарапайым халық өкілі көп емес. Шыңғысханның, Жошының тікелей ұрпағы, қабілеті мен қайраты олқы түспейтін Тоқтамыспен ұзақ жылдарға созылған талас-тартыста Едігенің үстем шығуын өртүрлі түсіндіруге болар. Бұл арада, әлбетте, Тоқтамыс қосындарын қиратып, Алтын Орданың түбіне жеткен Әмір Темірдің мансапқор жаугершілігі алдымен айтылатыны түсінікті. Өзге елдерге басқыншылық жасап құныққан бұл қолбасының Алтын Орданы талқандауы түркі халықтарының әлсіреп, тәуелсіздіктен айрылуына әкеліп соқтырғаны, кейіннен қисапсыз трагедияға ұласқан пәлекет басы болғаны рас. Мұнымен қатар Алтын Орданы билеуші Шыңғысхан әулетінің өзара мансап үшін қырқысулары да мемлекеттің іргесін шайқалтып, қуат-күшін азайтқаны да аян.

Осындай жағдайда қауіп қалған Алтын Орданы қайтадан көтеруге күш салып, оның күдіретін уақытша болса да қалпына келтіре білген Едігенің қажыр-қайраты мен парасатына қайран қалмасқа болмайды. Бұл арада Едігенің әскербасылығынан, батырлығынан мәмілегер саясатшылығы анағұрлым күшті болғаны күмән туғызбаса керек. Едіге халықтың мұн-мұқтажын тақта отырған Токтамыстан терең білген, әрдайым сөзімен де, ісімен де жұртшылыққа жақын жүрген. Оның «ел камын жеген Едіге» атануы құр мадақ сөз емес, бұқара көпшіліктің көңілінен шыққан баға болатын. Өз кезіндегі айбарлы мемлекет Ноғай Ордасында Едігеден беделді үкімдар болмағаны көміл. Оның даңқы мен дақырты ең алдымен өзіне етене жақын тайпалар мен рулар арасында көтерілген.

Осы жағдайлардың сарыны «Едіге батыр» жырынан да анық естіледі. Әмір Темірдің 1391 жылғы шабуылы кезінде ноғай қосындарының Токтамысты жан сала қолдап соғыспағанын кейбір тарихшылар Едігенің астыртын жүргізген жұмыстарымен байланысты деп қарайды. Бұған қарағанда, әуел баста Токтамыс сарайын тастап қашып шыққан Едігенің жақтастары оның қайта оралуына тілектес болып жүргені шындыққа жақын. Г.Клавихо «История великого Тамерлана» деген еңбегінде (4) Едігенің дәуірлеген кезінде қарауында екі жүз мың атты әскер болған деп есептейді. Еуропалық тағы бір автор — Л.Лянглэ — Токтамыстың соғыста жеңілуі әскерінің ту ұстаушысы (байрақдары) жауға сатылып кеткендігінен дегенді айтады (5). Енді бір деректе Әмір Темірдің қосындарында жол көрсетуші болып келе жатқан Едігенің ноғайлыларға күні бұрын хабар жіберіп, ел ішіндегі беделді адамдардың Токтамыс құзырынан аулақ кетуін сұрағаны келтірілген. Едігенің мұндай әрекеті Токтамысқа тажал келтіріп, хан қыспағынан зәбір көріп жүргендерге қамқорлық болып көрінгені көміл. Шынтуайтпап келгенде екі дай болып ерегіскенде атағы зор ханнан елдің көңіл күйін тамыршыдай баққан бидің салмағы басым түскен.

Сөз болып отырған жырда Едігелердің әскер ертіп келе жатқанын естіген Токтамыстың халыққа «Әй, жұртым. Қойыңызды сойыңыздар, қол қусырып алдына барыңыздар. Сізге тимес, менің үшін бүлінбендер» (6) деген сөздері оның ел ішінде сүйеніші азайғандығын, шарасыздығын өйгілейді. Әйтпесе қарауында қалың әскері бар хан алыстан келген жауды көре салып, қолын көтерер ме еді?..

«Едіге» жайындағы аңыз, жырлардың кейбіреулерінде Токтамыстың соғыста сәтсіздікке ұшырауы қарауындағы елдің ішінде жат пейілді адамдардың көп болуынан екені ашық айтылады.

Токтамыс салды хабарды,
Ноғайға кел деп бұйырды.
Едігедей ерменен
«Ұрысуға ер» деді.
Токтамыстың сөзіне
Жалғыз ноғай ермеді.
Бір адам еріп жүрмеді.
Токтамыс жаман торықты...

Өз жұртынан қолдау таба алмаған Токтамыс байтағын тастап кетуге мәжбүр болады. Жыршы-айтушы ханның басына түскен мұншама мүшкіл халді былайша толғайды:

Арасат оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Буыршын бас көтеріп тұрғанда
Ханнан қайрат кеткенде,
Биге медет енгенде,
Хан қашып, би қуғанда,
Хан Токтамыс қорланып,
Байтағым деп зарланып
Айтып жылай жөнелді...

Токтамыстың елімен қоштасуы ұлы өкінішке толы. Ол төрт құбыласы тең келген жұртының іштей іріп, ойраны шығып, енді қайта бүтінделместей болғанын, бұрынғы сенімді серіктерінен айрылып қалғанын айтады.

Әй, байтағым, байтағым,
Бастатып сені алдырттым.
Ал аман бол менен соң!
Байтағымның ішінде
Он сан менің ноғайым,
Сені тағы алдырттым.
Он сан ноғай ішінде
Үш жүз алпыс отау қазағым,
Сені тағы алдырттым.
Ал аман бол менен соң!..
Байдалы туым, басты Ордам,
Бастата сені алдырттым.
Ал аман бол менен соң!

Еділ менен Жайығым,
Сені тағы алдырттым.
Ал аман бол менен сон!.. (7)

Едігенің мәмілегерлік, көрегендігі, жағдайды күні бұрын болжап, тапқыр шешім қабылдай білетіндігі Тоқтамыс ханды құлатуға себепкер болуынан ғана көрінбейді. Әмір Темірдің Алтын Орда қалаларын қиратып, елін набытқа ұшыратқанын көрген Едіге атышулы жаугерден бойын аулақ салуға тырысады. Өзі Алтын Орданы он бес жылдай билеп-төстейтін қуат пен беделге ие болған кезде де Едіге Әмір Темірге қиғаш келмей, араларында өрт тұтанып кетпеуін қырағы қадағалаған. Темір Алтын Орданың қайта күшейгенін көре алмай, тағы да бір сойқан салуға оқталғанда Едіге 1398 жылы оған елші аттандырып, тарту-таралғыларын қоса жібереді, өзінің Әмірге «бағыныштылығына» сендіреді. Татар ғалымы Фатых Орманшының зерттеуінде Әмір Темірдің Алтын Орданы 1403 жылы шаппак болғанын біліп, Едіге тағы да онымен тіл тауып, елді бір қырғыннан аман алып қалғаны айтылады. Ф. Орманшы еңбегінде аса қызғылықты деректер аз емес. Соның бірі — Едігенің өз мемлекеті көлемінде адамды құл ретінде сатуға тыйым салғандығы делінеді (8). Ноғай Ордасында Едігенің халық қамқоры деген даңқының аспандап кетуіне оның елін жаудың шабуылынан аман сақтап, бейбіт өмір орнатуға айрықша күш салуына байланысты болып көрінеді. Ежелден келе жатқан тәртіпті бұзып, тиісті салықты төлемей, басасаулық көрсеткен орыс князьдерін күшпен әрі айбармен илкітіріп, жөнге салуы да Едіге бидің атағын арттыра түскен...

Қазақ арасында айтылып келген «Сұлтан — тізгін, би ауыздық» деген сөздерде терең мән жатыр. «Елге бай құт емес, би құт» дейтін нақыл да билердің ықпалы мен орны ерекше зор болғанын сипаттайды. Ш. Уәлиханов қазақ арасындағы билер сотының шешімі елдің қалыптасқан дәстүріне, салт-санасына неғұрлым жақын келетінін өзінің зерттеу еңбегінде көрсеткен болатын. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған кітабын С. Сейфуллин «Билер дәуірінің әдебиеті» деп атағаны билердің жұртшылық тағдырындағы бірегей қызметін аңғартса керек. Руға, тайпаға бөлінген қазақ қауымында қандай да болмасын дау-таласта шешуші сөзді билер айтатын болған...

Халық естелігінде ұмытылмастай із қалдырған Едіге жөнінде көптеген зерттеушілер (Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин,

В. Жирмунский т.б.) өз пікір, тұжырымдарын айтқан. Бұл қатарда бізге қазақ халқының ұлы ғалымы, академик К. Сәтбаевтың толғамдары өзгеше маңызды болып көрінеді. К. Сәтбаев Едіге туралы жырды 1927 жылы Мәскеуде бастырғаны белгілі. Осы басылымға жазған алғысөзінде ол меруерттей ой моншақтарын тізген десек артық емес. Қазақ халқының бел ортасынан шыққан, елдің ескі әңгімелерін жан-жақты білетін Қанекен осы алғысөзінде Едіге және жалпы би атаулыға қатысты бірқанша мәселеге кідірген. Тақырыбымызға тікелей қатысты болғандықтан, онда жасалған талдауларды келтіруді жөн көреміз.

К. Сәтбаев билер көтеретін жүктің тым ауырлығын ескерте келіп, олардың бойынан «топ бастайтын көсемдік, сөз бастайтын даналық, көптен үздік даралық, қажусыз еңбек, қайтымсыз жігер, мұқаусыз қайрат» (9) табылуы зәрулік болған деп көрсетеді. Осы ойларын «ханда қырық кісінің ақылы болса, биле қырық кісінің ары, білімі бар...» «Батаменен ер көгереді» дегендей қазақ сияқты көшпелі елде кашанда ханнан гөрі бидің қадірі «киелі», басым болады. Ханның арқа сүйеуі, жарасымы бимен табылады. Бисіз хан оңбайды, хандықпен қатар қырағы билік те бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресіне атын қалдырады» деп жалғастырады. Бұл қай заманда да ескірмейтін өнегелі сөздер екенін көзіқаракты қауым түсінсе керек...

Қазақтың әйгілі хандары Есім, Қасым, Тәуекел, Тәуке, Абылайлар хандық өкімет пәрмені мен билердің біліктілігін үйлестірген қасиетті жандар деп атай келіп, «ел меңгерерлік тілі жоқ, еңсерерлік күші жоқ, білім мен ойға, «билікке» ие болмаған, не ел ішінде рулардың көсемі — билерді ішіне тартып, қыбын таба алмаған аланғасар, әнгүдік хандар хан болып та тұра алмайды. Ондайлардың тағы жарлының лашығы сияқты, наразы көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді», — деп тұжырымдайды. Мұны айтқанда ғалым тек ертедегі Едігені ғана жеке-дара мысал етіп қоймай, мәселенің мәнін кеңірек, жалпы қазақ шындығына қатысты қамтып отырғаны анық.

К. Сәтбаевтың «Ер Едіге» жырын талдай келгендегі түпқазық ойлары төмендегі қорытындыларға тіреледі: «Тоқтамыс хан мен Едіге бидің тартысы да сайып келгенде «ханнан билік кетіп, биге медет жету» мен «хан қашып, бидің қууымен» тиянақталады. Мұнан егерде хан мен би екі бөлініп, таразының екі басына түсе қал-

са, ел ниеті қашанда бидің жағына ауып отыратындығы көрінеді. Әңгіменің ішіндегі ең маңызды пікір осы...» (10).

Бұл ойлардың дұрыстығын басқа да түрлі мысалдармен толықтырып, дәйектеп айтуға болады. Қазақ тарихының алмағайып, ауыр кезеңдерінде, ел үстіндегі хандар мен сұлтандардан бірлік, береке кетіп, жұртшылық дағдарған шақтарда билердің «дуалы» сөздері көп көмек көрсеткен. Мәселен, XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы заманында қазақ билері елдің тұтастығы мен ынтымағын бекітуге мықты тірек болғаны әмбеге аян. Жоңғар басқыншылары қазақ елінің қамсыз жатқанын, елді уысында ұстап отырған мықты ханның жоқтығын пайдаланып, ұрымтал сәтте бейбіт отырған жұрттың тоз-тозын шығарып, «актабан шұбырындыға» душар еткенде халықтың басын біріктіріп, күшін жинауға Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ұлы билердің қызметі қаншалық маңызды болғаны белгілі. Сол XVIII ғасырда күштілерден зәбір көріп, қонысынан айырылып, босып кеткен қарақалпақ халқының «ел қатарына» қосылуына Маман бидің ақыл, қайрат жұмсағаны, соның арқасында тұтас бір ел тарих сахнасынан жойылып кетпей, аман қалғаны да анық.

Жартылай көшпелі қазақ рулары мен тайпаларының сөзін сөйлеп, мүддесін қорғаған билердің есімі мен еңбегі ел аузында сақталып, құрметпен аталып келуі осындай күрделі себептерге байланысты. Қазақ елін сырт жаулардан азат ету жолындағы күресті басқарып, мәңгі ұмытылмастай еңбек сіңірген Абылайдың да ырқынан шыққысы келіп, ханға қарсы айбат шегіп, қастандық әрекет жасаған билер де болған. Ру, тайпаға бөлінген елдің бірлігін бұзбау үшін, қандай мықты хандар да белгілі билермен есептесіп отыруға мәжбүр болған. Мұның өзі қазақ халқының қауымдық құрылысында билердің тұғыры әрі берік, әрі құрметті болғанын көрсетеді. Ең жақсысы — хан мен билердің елдік мұраттар үшін ынтымақ жасап, ежелгі қалыптасқан дәстүрге сәйкес «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» отыруы екендігіне қазақ тарихынан дәлел мол. Керісінше хан да, би де алдындағы қасиетті парызын ұмытып, қарақан бастарының және сыбайлас тобының ғана қамын ойлаған кездерде ел іші іриді, төртіп бұзылады, береке, татулық қашып, зұлымдық бас көтереді, халық қасіретке душар болады. Халық тарихында сан рет қайталанған өмір сабақтары осындай қорытындыға әкеледі.

Әдебиет:

(1) Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. «Жұлдыз», 1992.

№ 8.

(2) Едіге батыр. Алматы, 1996, 55-бет.

(3) Сонда, 67-бет.

(4) Тамерлан. М., 1992, 298-бет.

(5) Сонда, 378-бет.

(6) Едіге батыр. 74-бет.

(7) Сонда, 108-бет.

(8) Урманче Ф. Әдіге. Половецкая луна, 1992.

(9) Ер Едіге. Мәскеу, 1927.

(10) Сонда...

СҮЙІМБИКЕ МҮНАРАСЫ

Аты аңызға айналған Сүйімбикенің тарихы мен қасіретті тағдыры жөнінде татар жазушысы Рафаэль Мұстафин («Зеркало» газеті, караша, 1991) мыналарды баяндайды... Сүйімбике атақты ноғай мырзасы Жүсіптің (Юсуф) қызы. Жүсіптен Ресейдің тарихында із қалдырған князь Юсуповтер әулеті тарайды. Бұл өз алдына жеке өңгіменің тақырыбы. Біз бұл арада Сүйімбикеге қатысты тарих пен аңызға тоқталамыз. Сүйімбике он төрт жасында Қазан ханы Жанәліге ұзатылған. Бірақ бұлардың жұбайлық өмірі екі-ақ жылмен бітеді. 1535 жылы хан сарайындағы төңкеріс кезінде дұшпандары Жанәліні өлтіргеннен кейін Сүйімбикені жасы егде тартқан Сафагерейге қосады. Сүйімбике жаңа қосағымен он төрт жыл отасып, тату-тәтті өмір кешеді. 1549 жылы Сафагерей өліп, оның тағына жасы көмелетке толмаған Өтеміс Герей (Утямиш-Герей) отырғызылады. Өтеміс Герейдің тым жас болуы себепті хандық билігін Сүйімбике жүргізеді. Сүйімбикенің билік басында отырған жылдары Қазан хандығының тарихындағы аумалы-төкпелі, аламан тасыр, алмағайып оқиғаларға толы кезең еді. Хандықты өз қолына алғысы келгендердің өзара талас-тартысы ел бірлігіне орасан зиян келтірген. Тақта отырған хандардың бірін өлтіріп, екіншісін қолдайтын мансапқорлар өз қара басының ғана қамын ойлап, елдің тұтастығы, іргесі беріктігі секілді мәселелермен ісі болмайтын.

Қазан хандығындағы алауыздықтың күрделі себебі сырт күштердің ықпалымен туып отыратын. Бір жағында тәуелсіздікті сақтап қалу үшін жан аямай соғысуға әзір тұрған, отаншылдық намыспен жалындаған беделді топтар болса, екінші жағында басқыншылық жолына түсіп, аранын ашып келе жатқан Мәскеу мемлекетінің жақтастары, Қазанды жаулап алып, мол олжа мен байлыққа кенелгісі келетін сатқындар бітіспес күреске шыққан болатын. XV ғасырдың бірінші жартысында орыс әскерлері Қазанды басып алуға әлденеше рет ұмтылғанда олар хандық ішіндегі

өздерінің тілектестеріне де арқа сүйейтін. Соған қарамастан Қазан қаншама шапқыншылыққа төтеп беріп, жалмауыз жаудың ырқына берілмей келген. Мәселен, 1549 жылы Иван Грозный патша жүз мың әскермен жойқын жорық жасағанда сан жағынан анағұрлым аз Қазан қосындары тажалдай төнген қасақы жауға дес бермей, оны қаланың іргесінен қуып шыққаны мәлім. Келесі жылы қанқұйлы патша жорықты тағы да қайталайды. 1550 жылы 12 ақпанда басталған шабуыл бірнеше күнге созылады, осы кезде орыс зеңбіректері қаланы атқылаумен болады; қаланың көптеген тұрғындары оққа ұшады. Солардың ішінде Сафагерейдің үлкен ұлы да бар еді. Дұшпан бұл жолы да көздеген мақсатына жете алмай, көп шығынға ұшырап, кері шегінуге мәжбүр болады. Қазанның қатал жау алдында қайыспай, асқан ерлік көрсетуі Сүйімбикенің парасаттылығына, қазандықтардың намысын қайрап, болаттай берік шеп құра білуіне байланысты болатын. Иван Грозный әскерінің екі шабуылына да қарсы соғысты Қазан қосынының сардары Қожақ (Қошак) басқарған еді. Сүйімбикедей ханы, Қожақтай батыры бар елді күшпен басып алу мүмкін еместігін түсінген Мәскеу билеушісі енді арамза төсілге көшіп, беделді әрі ақылды Сүйімбикені қалайда тақтан тайдыруды ойластырады.

Тарихшылар Қазан ханының тағында Сүйімбике отырған қысқа мерзім ішінде елде тыныштық орнап, өнеркәсіптің гүлденуіне қолайлы жағдай туғанын жазып қалдырған. Кейбір мәнбелерде (дереккөз) Сүйімбикенің бай кітапханасы болғаны да айтылады. Ол Қабан суының жағалауында хан сарайының бағын ектірген. Осы күнге дейін сақталған көптеген жиһаз, мүліктер де Сүйімбике кезінен қалған жәдігерлер болып есептеледі.

«Айналдырған жау алмай қоймайды» дегендей, орыс патшасы сақадай сайланған төрт мың әскер жіберіп, оларға Сүйімбикені қолға түсіріп, тұтқын етіп алып қайтуды тапсырады. Князь Василий Серебряный бастаған аламан әскер ақыры дегеніне жетеді, Сүйімбике отырған сарайға жол тауып кіріп, оны тұтқындайды. Мұндай сұмдық хабарды естіген қала тұрғындары хан сарайына қарай ағылып, Сүйімбикені арашалап алып қалғысы келсе де, мұздай қаруланған патша әскерлері оларға оқ атып, жақын келтірмейді. Күйеуі Сафагерейдің зиратына барып қоштасуға ғана рұқсат алған Сүйімбике іштегі шерін көз жасымен шығарып, тілі жат, діні жат жауыққан орыс патшалығының торына түсіп, еріксіз пенденің күнін кешіп кете барады. Сүйімбикенің орыс әскерлерінің

тұтқынына түсіп, шеккен қасіреттері, мұң-наласы халық әдебиетінің шығармаларында ұмытылмай жеткен.

Бір деректерде Қазандағы Сүйімбике мұнарасы ханшайымның сүйікті жары Сафагерейге арнап соқтырған ескерткіші делінеді. Енді бір рәуаятта Сүйімбикенің асқан сұлулығына қызыққан Иван Грозный оны әйелдікке алмақ болған деседі. Өзі тұтқын халіндегі шарасыз ханшайым Мәскеу патшасына «маған арнап жеті күнде мұнара салдырсаң тиемін» деп шарт қояды. Бүкіл орыс жерінің ұсталарын жиып алған Иван Грозный күн сайын мұнараның бір белдеуін тұрғызып, құрылысты уәделі мерзімде, жеті күнде бітірген екен дейді. Еріксіз тұтқын болып, елінен, бақытынан айрылып қорланған Сүйімбике мұнара салынып біткенде патшадан «қаламен қоштасайын» деп рұқсат алып, жоғары белдеуден құлап өліпті...

Сүйімбике орыс патшасының қолына тұтқын болып түскеннен кейін көп өмір сүрмегені белгілі. Қазан ханшайымын өзіне жасалған ешқандай «құрмет» қызықтырмайды, Сүйімбике өзін шоқындыруға үзілді-кесілді қарсы болады. Ақырында шермұннан жүдеген Сүйімбикені Қасимов қаласының қуыршақ «ханы» Шаһғалиға еріксіз қосады. Сүймеген адамның құзырында ханшайым көңілі сергімейді, әрі Шаһғалидың қаталдығынан запы көреді. Елінің, жерінің жау қолына түскенін көріп дертті болған асқан сұлу, кемел ақылды, өр мінезді, халқының аялаған ардақты қызы артына таусылмайтын аңыз қалдырып дүниеден өтеді...

Тарихи оқиғалардың тізбегі осындай болғанын «Сүйімбике бәйіті» («Татар халық ижаты», Қазан, 1983, 30 — 34-беттер) де нақтыландыра түседі. Сүйімбикенің «өз атынан» айтылған бұл бәйіттерде ханшайымның бастан кешкендері, көңіл күйлері, сол кездегі Қазан хандығының ахуалы кеңірек баяндалады; жаулары тарапынан оған жасалған қастандықтың сыр-себебі ашылады. Енді сол бәйіттердің өзін сөйлетіп көрейік. Шығарма «Мың да беш йөз унбиште бұ дөнъяга келгенмін, ата-ана дәулетін китмәс диеп белгәнмен» деген жолдармен басталады. Сүйімбике өзінің балалық шағы қайғысыз, мұңсыз өткенін «Ата-ана қулында бер қайғы да күрмөдем, қайгуларны күрермен деп исәпләп тә йормөдем» деп сипаттайды. Бұдан кейін Қазанның жас ханы Жанғалиға ерге шыққанын, онымен екі жыл тұрып, хан өлген соң қырымдық Сафагерей мұны үш қатынның үстіне төртінші етіп алғанын

айтады. Сол кездегі Қазан хандығының іші мен тысындағы тәжбен так үшін күрестің күрделі болғанын баяндайды.

Дөнъялары хафалы, заманалар буталды,
Қазанға күрше илләрдән падишалар күз салды...
Шәһәр тышында сугыш, эчендә тулған афәт,
Шул тыныссыз вахытта Сафагәрәем вафат.
Мәскеу ханы Казанны алмақ була үзенә,
Казанлылар фетнә ача, карамайлар сүземә...

Бұл өлен жолдарынан екі нәрсе — Мәскеу патшасының қалайда Қазанды өзіне қаратып алмақ болған тынымсыз әрекеті мен осыған байланысты татардың билеуші қауымының арасындағы алауыздық, өзара бақталастық туғаны айқын аңғарылады. Сафагерей өлгеннен кейін Қазан билігін қолға алған Сүйімбикенің қандай шытырман жағдайға душар болғаны бәйіттерде жанды сурет болып елестейді. Сүйімбикенің осындай қатерлі шақта ел бірлігін мықтап ұстағысы келгені, ал дұшпан күштер ханшайымды ғайбаттап, орнынан тайдыру үшін жауыздық істерге барғаны мәлім болады. Сүйімбикенің қайтыс болған Сафагерей қабірінің үстіне мұнара салдырғанын дұшпандары көре алмай, бұл «мұнара соғыс үшін салынып отыр, Сүйімбике Қырымнан әскер алдырды» деп өсектейді. Шынында Сүйімбике Мәскеумен арада бейбітшілік орнатуды жақтағаны бәйіт жолдарынан анық көрінеді.

Тыныч торсак, күп елләр каннарыбыз түгелмәс,
Мәскеу берлән сәудә кылсак, дәуләтебез кимемес.

Бірақ әрқайсысы өз басының мүддесін көздеген Қазан мырзалары Сүйімбикеге қарсы қастандығын үдетіп, оны Мәскеу патшасына тұтқын етіп ұстап береді. Сөйтіп, Қазан елі ақылды, жігерлі, намысты билеушісінен көз жазып қалады... Халыққа қадірлі адамның өз елдестерінен мұншама қайырымсыздық көруі — тарихта сирек кездесетін оқиға.

Қазандағы князьләр үзе тыныч булырға,
һәр қаюсы кул қойған мине эсир қыларға... —

дейді Сүйімбике. Бұл Қазан хандығында азып-тозудың, сатқындықтың бел алғанын көрсетеді. Мәскеу аламандары Сүйімбикені

қолға түсіріп қана қоймай, хан сарайындағы дүние-мүлікті де жиып әкетеді. Қазан халқы ханшайыммен қимай қоштасады.

Әмер болды китерге, қоймәлергә житерге,
Кузлеремнен нуры бетте, белмим не хәл итәрге...
Волгага чыкканда карадым мин калага,
Қалды жылап Қазаным, охшап үксез балага...

Мейірімсіз жаулардың қолындағы жас баласынан айыруы Сүйімбикенің қасіретін қалындата түседі. Бұл аз дегендей Мәскеу билеушілері Сүйімбикені Қазанның хас жауы болып келген Шаһғалиға қосады... Бәйіттерде Қазанның опасыз мырзаларының асыл зат, аяулы Сүйімбикені орысқа ұстап берсек, олжаға батамыз, дәрежеміз өседі деген есекдәмесінен ештеңе шықпағаны, олардың бәрі де өзгеге кіріптарлықтың ащы дәмін татқаны айтылады («Шаһғалилар барғаннар, Қазанны да алғаннар, мине сатқан морзаларның башын жирге салғаннар»). Тағдырдың желі терісінен тұрып, бір замандағы айбынды Қазанның азаттығы аспанынан құйрықты жұлдыздай ағып өткен Сүйімбикенің мұнды жыры осылай аяқталады...

Арысы Бұлғар, берісі Қазан тарихында атағы кең тараған үкімдар хандар, ақылды билеушілер аз болмаған. Бірақ солардың ішінен ханның он алты жыл ханшайымы болып, күйеуі өлген соң екі-үш-ақ жыл елді басқару тізгіні қолына тиген Сүйімбикенің атағы мен данқы басқалардан асып түсіп, ғасырлар бойында ұмытылмай, ел жадында өшпес нұрлы бейне ретінде сақталуы қайран қаларлық! Бұлай болуының негізгі себебі Сүйімбикенің Қазан тарихындағы аса бір аумалы-төкпелі заманда өмір кешіп, үздіксіз соғыстардан, ішкі қайшылықтардан қалжыраған, жігері мұқалған халықтың рухын көтеріп, намыс туын жоғары ұстауында деп ойлаймыз. Қазан жұртшылығы елге шын жаны ашитын ханды ансаған кезде Сүйімбикенің ерден зият парасат, біліктілік, тегеуріндік көрсете білгені ғажайып құбылыс болып көрінген. Ел билеушінің іс-әрекеті халқының терен мүддесімен үйлескенде ғана мұратқа жететіні, жүрегінің түкпірінде адалдығы жоқ жылпос, пысықтар «дүниені шайқап» өтсе де, қауымның сүйіспеншілігіне бөлене алмайтыны заңдылық секілденіп көрінеді...

АБЫЛАЙ АСУЫ

Арғы тарихы сан ғасырлардың тереңіне кететін халқымыздың «қазақ» аталған бертінгі дәуірінде ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, «ертеден шапса, кеште озған, ылдидан шапса, төсте озған» жүйрік ақындар, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен дана билер, қалың жауға қарсы жалғыз шабатын жүректі батырлар аз болмаған. Олардың есімдері жазбаша құжаттарда да, ауызша тараған өлең-жыр, аңыз-әңгімелерде де берік орын алған. Әрбір тарихи қайраткердің орны мен мәні өз кезінде ел үшін қаншалықты қызмет атқарғанына байланысты болатынын ескерсек, олардың әрқайсысы да кейінгі үрім-бұтақ құрметіне лайық екенін көреміз. Кемеліне келген елдер өз тарихының әрбір бетін қастерлейді, халықтың басып өткен жолдарын айқындауға септігі бар үлкенді-кішілі деректің бәрін де есепке алады, тиісті бағасын береді. Тіпті заманындағы шежірелердің, саяхатшылардың, тарихшылардың назарына түрлі себептен түспей қалған оқиғалар мен адамдар жайында да халықтың өз «естелігі» сақталып отыратыны да заңдылық. Сондықтан сол мағлұматтарды есепке алмай, елдің шын тарихын толық түсіну қиын.

Бұл кезге дейін қазақ халқының тарихы жөнінде жазылып жүрген еңбектерде төл шежірелеріміз бен аңыздарда ізі қалған куәліктер көп жағдайда ескерілмей келді. Қазақстанда түрлі кезеңде болған, азды-көпті дерек қалдырған жиһангездердің, миссионерлердің, отаршыл империя тыңшыларының, саудагерлердің, елшілердің жазбаларына имандай сенетін тарихшыларымыз халықтың өз хатира-естелігін елеусіз қалдыруы зерттеу мәдениетінің балаңдығын көрсетеді. Бұдан былайғы жерде тарихымыздың қилы кезеңдерін алдын ала «пішілген» жасанды қалыпқа салмай, шетелдік авторлардың жобалап айтқан, өздерінің дүниетаным таразысымен өлшеген қисындары жетегімен кетпей, құбылыстарды асырмай да жасырмай талдайтын, ғылыми объективтік ақиқатты ғана айтатын еңбектер туар деп үміттенеміз.

Қазақ мемлекетін басқарған хандар тізбегінде Абылайдың (1711 — 1780) алатын орны айрықша. Халық әртіндегі билеушілерін де естен шығармай, олардың ел алдындағы өшпес қызметін нақылдай тұжырымды қанатты сөздермен мінездеп отырған. «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» деген секілді бейнелі тіркестер тасасында терен мағына жатқаны анық. Қазақтың ең

әйгілі хандарының бірі әз Тәуке (1680-1718) болса, оның тұлғасы туралы да жылы лебіздер мол айтылатыны мәлім. Басқа хандар мен сұлтандардың да ел үшін елеулі әрекет жасағандары жұртшылық ілтипатына бөленгенін байқаймыз. Сонда да болса солардың бәрінен де Абылай даңқы басым жатады. Өзге ел өкілдерінің қазақ хандары ішінен неғұрлым көбірек көңіл бөлгені де, халық әдебиетінде көркем бейнесі жарқын мадақталғаны да Абылай екені көміл. Қазақ қауымының сан буыны әулеттен әулетке атағын асырып, мақтаныш тұтқаны, қысылғанда медет көріп, намыс кегі қайралғанда ұран етіп шақыратыны да Абылай есімі болуы тегін емес. Ол жөніндегі көне сөздердің көптігі соншалық — Абылайнаме деп атарлық мол туындылар шоғыры жасалған.

Орыс халқының тарихында былина-жырлардың ең көбі ертедегі «күн дидарлы князь» Владимир дәуіріне арналған десек, қазақтың тарихи-эпикалық өлең-жырларының аса көрнекті бөлігі де Абылай және оның айналасындағы батырларға, билерге, шешендерге бағышталған. Осының себебін іздеп көргенде кейбір мәселелерді еске салып өту қажет.

Абылай атының осыншама қастерленуінің тарихи негіздері жеткілікті. Сонау XV ғасырда бұрынғы Алтын Орда империясының бір атырабында дүниеге келген Қазақ хандығы өзінің тәуелсіздігі үшін ұдайы күрес жүргізгені тарихтан мәлім. Бұл хандықтың жағдайы әрдайым алмағайып, аумалы-төкпелі болғаны соншалық — оның жері де, халық саны да бірде күрт көбейіп, тағы бір кезеңде тым азайып, әлсіреп отырған. Қазақтың кең даласы айналадағы мемлекеттердің «көз құрты» болған еді. Сондықтан да қазақ елі өзінің шаруашылық кәсібін, жер байлығын еркін игеруге де мұршасы болмай, сыртқы жаулармен арпалысып өткен. Өзге дұшпандарды айтпағанда, XVI — XVII ғасырлардың ұзына бойында жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үздіксіз көз алартып, тынымсыз қанды жорықтар жасап, бейбіт елдің берекесін кетірген. Халық әдебиетінде ең мейірімсіз, тілсіз жау ретінде қалмақтар аталатыны да осыдан. Қалмақтар қастандығы арылмас дерттей ұзаққа созылғандықтан, ерте заманда арпалысқан өзге жаулардың аттары ұмыт болып, тыюсыз тажал бейнесінде озбыр ойраттар ғана қалған. Зорлыққа, астамдыққа еті үйренген, бұрын ешкімнен беті қайтпаған ата жау Абылай заманында жеңіліс тауып, елдің көптен күткен бейбітшілік дәуірге қолы жеткені шындығында да тарихымыздағы аса нұрлы, мәртебелі кезең еді. Бұл

жөнінде аса беделді ғалымдар өздерінің әділ бағасын берген. Орыстың атакты ғұламасы академик В.Бартольд «XVIII ғасырдағы ең күшті хан Абылай болды», — деп жазған (В. В. Бартольд. История турецко-монгольских народов. М., 1968, 5 т.). Қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов қазақ-қалмақ соғыстары кезеңіне терең талдау жасай келіп: «Абылай ғасыры қазақ ерлігінің ғасыры еді» деген. Мұндай бағаға бүгінгі тарихшылар да толығымен қосылып, өз тарапынан жаңа зерттеулер жасап келе жатқаны белгілі. Мәселен, академик Р. Сүлейменов пен В. А. Мойсеев «XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихынан» (1988) деген монографиясында Абылай өмірінің кезең-кезеңіне ғылыми сипаттама берген. Қазақ елін халықаралық көлемде мойындатқан, өзі дүниеден қайтқанша жұртының ынтымағын сақтай білген, екі алып империя: Қытай мен Ресей тарапынан қазақ ханы деп ресми танылған, Орта Азияның да бірталай қалаларына билігі жүрген Абылайдың халық көңілінде ерекше туған киелі жан болып қалыптасуы мейлінше табиғи. Ғасырларға созылған үздік-создық соғыстардың тиылуы, қазақ қосындарының жерімізді жаулардан азат етіп, еркін, тыныштық заман орнауы елдің күткен ансары болса, сол мұратқа Абылай сынды кеменгер ханның басшылығымен жеткенін халық қапысыз таныған. Абылай хандық құрған дәуірдің ел ұғымында «алтын ғасыр» секілденіп көрінуін осы көрсетілген мысалдар дәлелдесе керек. Кейіннен, уақытты уақыт қуалап, қазақ елінің басына жаңа озбырлықтар душар болған сәттерде де ертедегі Абылай бейнесі қайта жанданып, іріленіп, азаттықтың туындай, бостандықтың символындай ерлік рухын еске түсіріп отырған.

Жоңғарлардың көп ретте жеңіске жетіп отырулары кездейсоқ болып көрінбейді. Басты себептің бірі — олардың бір орталыққа, катал тәртіпке бағынған бірлігінің мықтылығы еді. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегендей, қазақ елінің ыдыраңқылығы, тұрақты мәмілеге келуінің қиындығы дұшпандар үшін өте қолайлы болған. Ал қазақ халқы басы бірігіп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарған сәттерінде қандай қаһарлы жауды да ықтырарлық қабілет көрсеткен. Жоңғар қалмақтарының алғашқы соғыстарда басым шығып отыруларының тағы бір себебі — олардың қолында зеңбіректердің болуы. Ойраттарға зеңбірек қалай барғанын тарихшы ғалымдар әртүрлі түсіндіреді. Ең көп тараған қисын орыс армиясының қызметінде болған швед инженері Ренат қалмақтар қолына түсіп, оларға зеңбірек құюды үйретті де-

генге саяды. Бірақ бұл әңгіменің шындыққа қаншалықты сәйкес екенін әлі де тексере түсу қажет. Бір анық нәрсе сол — Сібірдегі орыс әкімдері жоңғарлардың қолында қанша зеңбірек және басқа қару-жарақ бар екенін жақсы біліп отырған. (Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1964...) Ресей патшалығының жоңғарлармен әуел бастан одағы мықты болғанын, көбінесе қалмақ жағын алып отырғанын еске түсірсек, бұл екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасының біз білмеген сырлары мол екеніне көз жетеді... Қалмақ пен орыс байланыстарының тізбегін баяндаған архивтік құжаттарды қазақ ғалымдары өз халқының мүддесі тұрғысынан ұқыпты тексеріп шықса, Ресей билеушілерінің XVIII ғасырдағы қазақ тағдырына қаншалықты оң немесе теріс ықпал жасағаны айқындала түсер еді.

Ресей иеліктері қалмаққа іргелес жатқандықтан, патшалықтың жергілікті әкімдері жоңғар әрекетінен көз жазбай, қырағы қадағалап отырған. Сондай жазбалардың бірінде қазақ отаншылдығының тамаша бір куәлігі де хатқа түсіпті. Жоңғарлар қазақтарды түпкілікті жеңу мақсатымен 1739-41 жылдарда Орта жүз қоныстарына қарсы жойқын жорық ұйымдастырған. Жаулар қазақтың қарсыласу күшінің неғұрлым тегеурінді, қалың жері Орта жүз екенін есепке ала отырып, сол қамалды бұзуды көздеген. Бірақ ойраттар бұл жолы ойлаған мақсатына толық жете алмай, кейін серпілуге мәжбүр болған. Орыс шежірешілері дәл осы кезеңде, дәлірек айтқанда 1741 жылы жаулардан ығысып, қонысын тастап бойтасалаған қазақ ауылын жоңғарлардың қалайда қуып жетіп жоймақ болғанын, осы кезде бір қазақтың өз басын ажалға тігіп, қалмақтарды «жол көрсетемін» деп адастырғанын, жауларын көп шығасыға душар еткенін жазып қалдырыпты. Өкінішке қарай, жоңғарларды алдап, саналы түрде өзін өлімге қиған ердің аты-жөні сақталмапты (Бұл мағлұмат Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Мойсеевтің кітабынан алынды). Орыс архивтерінде хатталған бұл оқиға бізге мәні терең құбылыс болып елестейді. Бұл қазақ халқының тәуелсіздік үшін қандай да болмасын ерлік әрекеттерге баруға қабілеттілігінің, ата жаумен аяқаста ерліктің асқан үлгілерін көрсете алғандығының символы секілді әсер қалдырады. Әншейінде қойдан жуас елдің қысылтаяң күн туғанда өз бойынан өр қайрат, ерекше намыстылық таба білгеніне мысал көп. Солардың ішінде біз айтып отырған оқиға бірегей болып елестейді. Қазақ жерінде бұдан екі жарым мың жыл бұрын Да-

рий патшаның басқыншылық ұрыстары кезінде Шырақ есімді сахара адамының «іздеген жауынның төбесінен түсіремін» деп парсы әскерлерін көз көрмес, құлақ естімес шөлстанда сусыз, азық-түліксіз қалдырғаны, осының салдарынан дұшпан қосындары қырылып-жойылып, аз ғана бөлегі жансауғалағаны туралы аңыз-дерек қалған. Міне, осындай көзсіз ерліктің араға ғасырларды салып барып қайта көрініс бергенінің терең мәні бардай. Қазақтың еркін даласына сұғынып кірген қандай жаудың да сыбағасы қорлық өлім болмақ деген халық ансары құр қиялдан тұрмағанын, оның астарында нақтылы істер жатқанын біз сөз етіп отырған аңыз жақсы сипаттайды...

Абылай ханға және оның жауынгер серіктеріне, кеңесші билеріне арналған алуан жанрдағы көркем мұраның ішінде өлеңдердің, толғаулардың орны ерекше. Бұларда дәуірдің тарихи куәлігі, болып өткен істерге халық бағасы берілген. Басқа ешбір архив құжаттарынан табылмайтын, елдің өз сөзі, ұғымы болып шыққан, ешқандай цензордың «тексеруінен» өтпеген, жұртшылық санасында сақталған, ауыздан ауызға тараған, уақыт өте келе екшеліп, ең татымдылары ғана іріктеліп қалған мұндай шығармалардың қадірі айрықша.

Бұл ретте ең алдымен қазақтың ұлы жырауы Бұқардың өлеңдеріне тоқталуымыз шарт. Көптеген ақындар, жыршылар, шешендер жаратқан, кейіннен елдің ортақ мүлкіне айналып кеткен, бәрі қосылып Абылайнамені құрайтын туындылардың қатарында Бұқар сөздерінің орны бөлек. Мұның бірінші себебі жырау өлеңдерінің тамаша тарихи құжаттық мәніне байланысты. Абылайдың ақылгөй кеңесшісі, қазақ халқы азаттық күресінің сыры мен қырын жақсы білетін, ел бірлігінің жаршысы Бұқар жыраудың ойлары мен тұжырымдары «біреуден естіген» әңгіме емес, нақтылы оқиғалардың тікелей әсерінен туған. Осының өзі оның толғауларының мәнін еселеп арттырады. Біз бұл күнге дейін өз тарихымызды басқа ел адамдарының қалдырған естеліктері, күнделіктері, түсініктері бойынша жазып келеміз. Ал шындығында, ойрат озбырлығына қарсы ұзақ жылдарға созылған жойқын күрестің бастаушылары мен қаһармандарын, олардың өзіндік орнын қазақтың тарихи өлеңдерінен артық сипаттай алатын деректі табу қиын. Әсіресе XVIII ғасырда қазақ жерін басқыншылардан тазартып, дербес мемлекеттікті сақтау және нығайту жолындағы Абылай хан әрекеттерінің қарапайым халық мүддесімен орайлас

шыққанының да ең сенімді куәгері осы мұра деп қараймыз. Бұқар жыраудың және басқа ақындардың өлеңдерінде ел бірлігі, қазақ мемлекетінің дербес өмір сүруі қажеттігі дәл осы мүдде тұрғысынан бағаланып немесе мансұқталуы бұл шығармаларға асқақ өміршендік қасиет дарытады. Осындай нұрлы мұраттар биік көркемдікпен, шешендікпен, халық даналығымен өзгеше тартымды ұштасқанда қайталанбас ғажайып әлемдей тәсір қалдырады...

Осындай шығармалардың бел ортасында Абылай бейнесі тұрады. Мұнда әсірелеу мүлде аз, болған оқиғалар тарихи өлең шартына сай нақтылы тізіліп, нанымды баяндалады. Заманның да, қаһарманның да басындағы қайшылықтар аттап өтілмей, шындықтың шырайы толық, жан-жақты көрінетіні жырау туындыларының өзіне хас өрнегі. Бұқар жырау Абылайдың қамқор тілектесі ғана емес, қатал сыншысы да болып елестейді. Бірақ мұндай «сын» ел тағдырын терең ойлағандықтан, Абылайдың жүргізген саясатына нұқсан келмесе екен деген тілектен туғаны айқын көрінеді. Сондықтан да бұл өлеңдердегі кейбір қатты айтылған сөздер қатқыл естілмей, зор ақиқатшыл қуатқа ие болады.

Ұлы жырау қазақ ханының балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, Абылайдың барлық атақ пен даңққа халықтың қолдауымен келгенін және жеке басының беделі халыққа сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін, бірақ осындай абырой биігінде самғай беру үшін әділдік таразысынан жаңылмау керектігін қайталай толғайды. Абылай өмірінің барлық кезеңдерін шолу тек дәстүрлі қайталама өңгіме деңгейінде қалып қоймай, халық тағдырымен бірлестікте қаралып, үлкен мағынаға бөленеді. Жыраудың ұғымынша, Абылай қазақ халқының басына сұрапыл қасірет төнген кезде ел еңсесін көтеруге, алаш мемлекеттігін сақтауға және күшейтуге туған қайраткер. Ханды мақтаса да, кейбір істерін мансұқтаса да, ішкі, сыртқы саясатына кеңес берсе де, Бұқар тек қазақ ынтымағы мен ырысы тұрғысынан қарайды. Сонымен, жырау өлеңдерінің нақтылы кейіпкерлері Абылай және оның батырлары, мәслихаттас билері болса, ең басты қаһарманы қазақ халқының өзі болады.

Белгілі бір өңірдің жыршысы бола тұрып бүкіл халық атынан «сөйлейтін» ақындар аз болмаған, бірақ Бұқар лебізінің мәні мен бағыты олардан басқалау. Ол бүкіл қазақ халқының тәуелсіздігі қыл ұшында тұрғандай алмағайып заманда, жолайрық кезеңде, «өлім не өмір» дерліктей сауал күн тәртібіне қойылған

шақта халық болашағын шешетін ортада тұрғандықтан, әрбір сөзі бүкілқазақтық мағынамен нұрланады. Сол үшін де Бұқар сөзі халықтың сөзі болып естіледі. Бір ғажайы жыраудың ханға қарата айтылған сөздері белгілі бір сұрақтарға жауап орайында тұрғандай. Көбінесе оның «сұхбаттасы» Абылайдың өзі тәрізденеді. Осылай екі адамның «диалогы» уақыт, заманның ділгір сұрауларына жауап бергендей.

Бұл толғаулардың алтын желісі Абылай бастаған отандық соғыс намыс пен ардың ісі екеніне, елдік мүддені бірінші орынға қою, барлық қайрат пен сананы ешкімге тәуелсіз ел болу, өзгерлермен терезесі тең бейбіт өмір сүру ансарына құрылған. Осы мұратты қостағандар Абылайдың, бірліктің досы, теріс бұрылғандар немесе бөлініп кеткісі келгендер қазақ ынтымағының дұшпандары деп есептелген. Бұқардың ру арасындағы бір жанжалда кісі өлтіріп, күн бермей көшіп кеткісі келген Садыр батырдың сонынан қуып барып айтқан әрі әділ, әрі өктем сөздері осыны дәлелдейді:

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер,
Бұл қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі
Дулығадай бас кетер!..

Бір орталыққа бағынған айбарлы қазақ мемлекетін орнату, ауыл арасындағы ұсақ-түйек қайшылықтардың бәрін Абылай құзырында шешу ғана елдің түпкілікті арманына сәйкес келетінін ұдайы ұқтыру көп өлеңдердің ортақ ойы болып келеді. Жоңғар жаулаушылығына қарсы күресте айрықша еңбек сіңірген ерлердің есімін Бұқар да, оған замандас жыраулар да мәңгілік даңққа бөлеп, қастерлеп айтып кеткен. Солардың аттары қазақ тарихының алтын кітабына жазыларлық десек артық айтқандық бол-

мас. Бұқар жырау атаған сол ардақты жандарды есімізге қайта бір түсірейік:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шакшақұлы Жәнібек,
Сіргелі кара Тілеуке
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жепек батыр қасында
Бак-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Тансық жожа Мәмбет бар.
Қасқараудан Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Есенкұл батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты...

Жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық соғыстың әр кезеңінде әр өңірде қол бастаған, ел намысын қорғаған, аттанып барып жау алған батырлар саны жоғарыда көрсетілгендермен шектелмейді. Тарих ғылымы тереңдік пен нақтылыққа жақындаған сайын олардың да есімдері ізделіп, халық үшін көрсеткен қайраты анықтала түсер. Дегенмен ойратқа қарсы ұрыстың ең шешуші сәттерінде Абылай қауымындағы қосындардың жүргенін еске алсақ, Бұқар жырау санап шыққан батырлардың әрқайсысы туралы мағлұматты жұртшылыққа таныстыру парыз болып көрінеді. *Егер ертелі-кешті Қазақстанның бір жерінде Абылай бастаған әділетті ұрыстардың сымбат панорамасы жасалатындай уақыт келсе, бұл ерлердің есімдері тасқа ойылып жазылып, Орхон ескерткішіндей ұрпақтың ұрпағына жететін болуы керек...*

Бұқар жырау толғауларында сайын сахараға шашырап қоныстанған, өзара байланысы әлсіз қазақ рулары мен жүздерінің басына төнген қауіптің негізгі себептері де ашық айтылады. Өздерінің ежелгі шекараларынан тым алыс жатқан елдер мен жерлерді бірінен соң бірін күшпен бағындырып, барған сайын араны ашылып, комағайлана түскен екі империяның – Ресей мен Қытай-

дың тегеурініне төтеп беру қандай халыққа да қиын еді. Ал ұшықиырсыз кең алқапты алып жатқан ойрат пен қазақ бірін-бірі қырып бітірсе, екі империя да өздерінің жері кенітінін, байлығы артатынын өте жақсы білді. Сондықтан да олар сөз жүзінде бейбітшілікті жақтаушылар болып көрінгенімен, шынтуайттап келгенде «бірін өліп, бірін қал» деген саясат жүргізді. Осындай жағдайда қазақ елінің ішкі бүтіндігін, жауынгерлік рухын сақтау, жауға тойтарыс беріп қана қоймай, елдің ежелгі қоныстарын қайтарып алу қиынның қиыны болатын. Қазақ хандары мен сұлтандарының кейбіреулері бассауғалап, қара басының қамын ойлап, қаруындағы руларының ғана мүддесін көздеп, дұшпанға бағынып, іріткі салып жүрген шақта өзара алауыз жұрттың басын қосу ел басшыларының көреген, қажымас қайратты, данышпан парасатты болуын қажет ететін. Абылай бейнесінің халық қиялында ерекше іріленіп сомдалуының басты себебі де оның тар кезеңде, тайғак кешулерде ел бірлігіне ұйтқы боларлық ақыл, айла, ынтымақ кілтін таба алғандығына байланысты...

Айналадағы аңдыздаған жаулардың тынымсыз қастандығы, ашық арандатулары күшейген сайын «не істеу керек?» деген сауал жиі қойылып отырған. Қазақ қоғамының ішкі әлсіздігі, мал сонында жосып жүрген жұрттың бас біріктіруі өте қиын екені, кез келген дұшпанның тұтқиылдан шабуыл жасап, күтпеген кезде ойран салып кетуіне «қолайлы» болатын. «Ақтабан шұбырындыға» ұшырау да тарихта қанша рет опық жегізген қамсыздыққа, жар астында жау бар екенін ұмытушылыққа, дұшпаннан қорғану үшін алдын ала әрекет жасамаушылыққа байланысты еді...

Қазақтың дербес ел ретінде өмір сүруіне жоңғар жорықтары қатерлі екенін айтумен шектелмей, Бұқар жырау нағыз сұмдықтың қай жақтан төніп келе жатқанын да анық ескертеді. Ол Ресей отаршылдарының қазақ даласына сұғынып кіріп, қала-қамал салдыра бастағанын қырсықтың ең зоры деп түсінеді. Қандай кемегердің де ойын он сакқа жүгіртетін, түн ұйқысын төрт бөліретін шешуі қиын мәселелерді Абылайдың есіне салып отырады.

Өзің қонған Көкшетау,
Кәпір қала салды, ойла...
Қарқаралы деген тауларға
Қарқарасын шанышты, ойла.
Бетеге мен көденің
Берекесі қашты, ойла.

Ұлытау шеті Созақтан,
Созақтан бергі жерлерден
Көгорай шалғын көре алмай,
Шұбырып казак кетті, ойла.
Нұранын бойы Ақмола,
Есілде бар Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан
Тас қорғанды салды, ойла.
Баянаула, Қызылтау
Оны да көпір алды, ойла...
Кетпейін десе жері тар,
Кетейін десе алды-артын
Қоршап алған көуір бар.
Ұйлыққан койдай камалып
Бүйірінен шаншу кадалып
Сорлы казак калды, ойла...

Қазак жерінің отарлану таксіретін бұдан артық мөлдіретіп айтып беру қиын болар. Бұқар жырау енді бір өлеңінде казак елің жалмап, жұтып, сансыз кесапат әкеле жатқан жат жұрттың болмысы мен айласын өшпес суреттермен бедерлейді, туған халқының болашағын білгір болжайды.

Патшалық Ресейге бодан болудың қандай таксіретке душар ететінін ұлы жырау әулиден зыят баяндайды, тәуелсіздіктен айрылу барлық пәленің басы деп санайды.

Жаяулап келер жұртына,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртына.
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел камын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар барыңды.
Елінді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан,
Тексізді төрге шығарып,
Басына күн туғанда
Тендік тимес қолына...

Ғасырларға созылған Ресей отаршылдығының тәжірибесі бұл сөздердің ақиқаттығына көз жеткізгені белгілі. Қазак басқаға билікті еркімен бермегеніне, басқыншылар күшін асырып барып

жерімізді жаулап алғанына бұл айқын мысал. Тілсіз жаудың жолына тосқауыл кұруға басқалар былай тұрсын Абылайдың да шамасы келе бермегенін көреміз. Өзгелердің жеріне әжүж-мәжүждей көз алартып, тыюсыз өктемдік жасаушылардың сиқын жырау айтуындай-ақ айтқан екен-ау!.. Бұқар ел тыныштығын бөрінен жоғары қойғандығы соншалық, Абылайдың казак еркінен тыс салынған орыс камалдарын шабуына қарсы тұрады. Ханға қарата кейде тәтті сөйлей отырып, «орыспен соғыспа» дегенді әрдайым ескертеді. Бірақ казак тыныш отыр екен деп озбырлар ашқарақтығын тоқтатпайды. Арты трагедияға алып келетін қайшылықты хал осылай туады. Өзінің жерін, еркін қорғаймыз деп талай ерлердің мерт болғаны осыны көрсетеді...

Бір жағынан жонғар, екінші тұстан Ресей, үшінші қиырдан Қытай қысқанда кең далада дарқан өскен, ешкімнің сыбағасына қызғанбайтын момын казактың шарасыз күйге түспеске әдді жоқ еді. Халық ықиласының «пәледен құтқарса, осы құтқарар» деп Абылайға ауа беретіні, оның атын эпикалық қаһармандар дәрежесіне көтеріп дәріптейтіні азат болудың өзге жолын таппағандықтан болатын. Осындай шақтарда халықтың ешкім жауыздық жасамайтын, мәңгілік «тыныш» мекенді армандайтыны белгілі. Айналадан анталап дұшпан қаптағанда казактың кең жері өзіне тар көрініп, баска өлкелерден қоныс іздеушілігі әр дәуірде қайталанып отыратын сарын. Бір кезекте Бұқар жырау да Абылайға осы ойды айтады.

Мұсылман болсан кетініз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кешіп өтініз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетініз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған.
Қатын-бала камы үшін
Солай таман жетініз...

«Түлен егер түртпесе, түнде қарсақ жортар ма» дегендей Бұқар жыраудың бұл сөздерінің тасасында қаншама қайғылы халдер жатқанын түсіну қиын емес.

Үмбетей, Тәтікара жыраулар толғауларында да Абылай атына, оның батырларына айтылатын мадақ Бұқар өлеңдерімен сарындас келе отырып, кейбір мезеттерінде жаңа өрнектермен ұлы

хан бейнесін толықтыра түседі. Тағы бір өлеңдерде Абылайдың Орта Азия билеушілерімен арасындағы кереғарлықтар жағдайы сөз болады. Халық қиялы мұнда да өзінің сүйікті көсеміне деген адал бағасынан ауытқымайды. Қай мәселе сөз болса да, Абылайдың істері тек қана ел мүддесінен туған болып көрінеді. Сонымен қатар ол күреске де, ұрысқа да «өзі тіленіп» бармай, әділдікпен намыс үшін ғана аттанып отырғаны айтылады.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» дегендей, Абылай заманында қазақ еркі үшін арпалыс елдің әр беткейінде-ақ жүріп жататын. Орта Азия хандықтарының қазақ жеріне сұқтанып келген ежелгі әдеті де көрініс беріп отыратын. Шекаралас отырған жерлердегі қазақ ауылдарына қырғыз феодалдары да соқтығып, жанжал тудырған. Осы ретте Абылайдың қырғызға қарсы соғысының мән-жайы халық әдебиетінде қалайша көрінген деген мәселеге тоқталып өтудің жөні бар. Бұл тақырыпқа бірталай өлең-жыр арналғанын аңғарамыз. Сол өлеңдердің сарынына құлақ салсақ, жекелеген барымта немесе астамдық әрекет көбінесе қырғыз манаптары жағынан туып отырғанын пайымдаймыз. Зәбір көрген, шабылған ауылдар, әрине, мұны ел иесі Абылай ханға айтуы, әділдікке арашашы болуды өтінуі табиғи. Сонда да болса күшім артық екен деп Абылай өз тарапынан ерсі өктемдікке бармай, шиеленіскен дауды мүмкін болса бейбіт жолмен шешуге ұмтылғаны, қарсы жаққа елшілер жіберіп отырғаны, тек дұшпандары мүлде тілге келмеген жағдайда ғана ұрыс қимылына көшкені көп мысалдармен дәлелденеді. Қазақ ауылдарына өздігінен тиіскен қырғыз батырлары Есенқұл мен Садырға «тату болайық» деп Абылай мәмілеге шақырғаны халық өлеңдерінде сақталған. Қырғызға жіберген жаушыға Абылай:

Есенқұл мен ер Садыр,
Қырғызда данқы бір шыққан ер еді.
Бар, Садырға, бара гөр.
Елдесейін Садырмен.
Таластың бойы тар жайлау,
Таласа барып жайлайық.
Кенестің бойы кең жайлау,
Кенесе барып жайлайық.
Қазы менен картаны
Қия кесіп шайнайық, —

деп сәлем айтады.

Жырда қырғыз батырларының бұл сәлемге тұрпайы жауап бергені келтіріледі. Туысқан халықпен арадағы ұрыс осылайша тұтанады. Қырғыз жөнінде Абылай жаулаушы болып бармай, тек қарауындағы таланған жұртының кегін қайтарушы ретінде ғана әрекет жасағаны көрінеді. Бұл жағдай тарихи деректерде де осылай түсіндіріледі.

Тарихи өлеңдер мен аңыз әңгімелер Абылай өмір кешкен немесе оқиғаның ізі суымаған заманның, көзкөргендер мен біреуден біреу естігендердің дерегіне негізделсе, дастандар бертінгі дәуірдің туындысы. Бұлардың әрқайсысының өзіндік өрнегі, өнегесі бар. Өкінішке қарай, Абылай жайындағы дастандарды халқымыздың әлденеше буыны білмей, ғибрат алмай өсті. Мәселен, Шәді Жәңгірұлының шығармасы араға ғасырға жуық уақыт салып барып қайта жарық көріп отыр. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баяны» тек соңғы жылдарда ғана жарияланды. Ал Көкбайдың «Сабалағы», Мәжит Айтбаевтың тұтқында жүріп жазған «Хан Абылайы» да ақырғы кезге дейін басылмай келді. Тақырып «жабық» болғаннан кейін қандай қымбат естеліктің өзі де бірте-бірте ұмытыла бермек. Күні кешеге дейін ертеде өткен билеуші тап өкілдерін бірыңғай қаралаумен айналысып келгеніміз тарихымыздың шын келбетін тануға мүмкіндік бермеді. Абылай дәуірін тереңірек, әділірек зерттегісі келгендер де құлашын жаза алмады. Цензорлардың тажалдай қатаң «тәртібі», әрбір сөзге үңіліп қарайтын, әр нәрседен жасырын астар іздейтін әдеті үстем болып келген ұзақ жылдарда қаншама құнды пікір, мәнді мағлұмат сызылып қалғанының есебін бұл күнде ешкім санап шығара алмайды.

Осы арада өзіміз бастан кешкен бір оқиғаны еске сала кеткіміз келеді. Бұдан оншақты жыл бұрын «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» деген ғылыми монографияға профессор Н.С.Смирнованың Абылай жөніндегі халық аңыздарын талдаған тарауының жарым-жартысы қысқартылып берілгені есімізде. Орыс ғалымы материалдарды мейлінше толық қамтып, қарапайым халықтың Абылай есімін көкке көтеріп ардақтауының себебін адал, білгір баяндаған еді. Амал қанша, мүлгімей, қалғымай, қазақ тарихының жарқын беттерін қаралауға даяр отыратын цензорлар әр тараудың ең мәнді, жанды тұстарын алып тастамаса болмайды деп отырып алды. Жәнетке ақыл жүрмейді дегендей, тек қара тізімді қолына ұстап, қырағы бағып отырғандар қанша айтсақ та, әділ сөзге құлақ аспады. Ақырында Абылай туралы тарау әлсіреп,

ұнамды жерлері алынып, барынша жүдеп шықты... Мұндай қиянат қазақтың өз билігі өзінен кеткен соңғы екі жарым ғасыр ішінде қаншама қайталанғанын кім есептейді?..

Кенестік жылдарда Абылай тақырыбы көркем әдебиеттен мүлде сырт қалды. Кейбір ақындардың жекелеген өлендері болмаса, ірі шығармалар жасалатын жағдай болған жоқ. Кезінде ұлы жазушы М.Әуезовтің Абылай туралы роман жазу ниетінде болғанын да оның замандас серіктестерінің естеліктерінен білдік. Тарих ғылымында да, әдебиетте де Ресей қарауына түскеннен кейінгі халіміз жасанды бағдар бойынша бірбеткей жазылуға тиісті болғаны белгілі. Ел азаттығын қорғаған ерлердің көбі «Ресейдің жауы» деген сылтаумен аталмай келді. Міне осындай жағдайда Абылайдың алып тұлғасын барша ақиқатымен бейнелейтін туындылардың дүниеге келмегеніне таңғалуға болмайды. Тіпті ауыздан ауызға тарайтын, халықтың шын аңсарын айтатын аңыз-әңгімелердің, тарихи толғаулардың өзі жеткілікті жиналған да, зерттелген де жоқ. Мұндай ескерткіштер әлденеше буын ақындар, жыршылар «редакциясынан» өтпей, нағыз классикалық эпос деңгейіне көтерілмей, бастапқы бөлек-бөлек қалпында сақталды. Егер Абылай хақындағы өлендер мен жырлар айтушылардың репертуарына кіріп, ұдайы насихатталып, әулеттен әулетке танымал болған болса, көркемдігі жағынан «Алпамысқа» немесе «Қобыландыға» деңгейлес келетін жырларға ие болуымыз да мүмкін еді...

Дегенмен Абылайдың өмір кезеңдеріне, оның маңындағы хас батырлардың ерлігіне арналған көлемді туындылардың уақыт шанының астында көміліп қалмай жеткеніне де шүкірлік етеміз. Бұл дастандардың жанрлық өзара айырмашылықтары да бар. Егер Шәді шайыр шығармасы белгілі дәрежеде хронологиялық желіге құрылса, енді бір дастан қаһарман өмірбаянының жекелеген тұстарын ашады, ал кейбір туындылар романтикалық поэманың, балладаның сипатын танытады. Осы жаратындылардың көркемдік тәсіліне, ақындардың айтпақ болған аңсарына орай нақтылы реалистік белгілері де түрлі деңгейде көрінеді. Атап көрсетерлік тағы бір мәселе – дастандардың бәрі де шығарушы иесі белгілі, жазба әдебиет мүлкі болып табылады.

Шәді ақын қаламынан туған дастанда Абылайдың әулеттік шежіресінен бастап, хан өмірінің негізгі белестері неғұрлым толық баяндалған. Қайсыбір жерлерде ресми тарих тұжырымдары-

нан басқашалау көрсетілген тұстары бола тұрса да, жалпы алғанда бұл дастан жұртшылық көңіліне қанықты жайлардан тым жырақ та кетпейді. Сондықтан бұл шығарманың танытқыштық, мағлұматтылық жағы аса бағалы деп есептейміз. Абылай әкесінің дұшпан қолынан мерт болуына байланысты жастай қиындықтарға душар болуы, адал қызметшісі Ораздың көмегімен оның Түркістанға келуі, онан соң Арқадағы Дәулет бай аулына паналауы, тұтқиылдан тиіскен қалмақ жауларға қарсы соғыста «Абылайлап» ұран шакырып, ерлік көрсетуі, жоңғарлармен ұрыстары, дұшпан қолында тұтқын болуы, қытаймен байланыстары, Қоқан, Ташкент, Самарқан сапары, Түркістанға зиярат етуге аттанған жолының ақырында ауырып дүние салуы, сүйегінің Өзірет Сұлтанға қойылуы т.б. оқиғалар тізбегі жеке тарауларда баян етілген. Абылай жорықтарына медет беретін «кәміл пірлер» жайы айтылатын мезеттер болмаса, дастанның тұлғасында шектен шыққан қиял да, нанымсыз әсірелеу де кездеспейді. Шәді ақынның қазақ шығыс әдебиетінің дәстүрін жете меңгергені оның байсалды сөз алымдарынан анық байқалып отырады. Барлық тарауларда да Абылайдың әрбір істі парасат таразысына сала білетіні, асығыс шешіп, ағат қадамдарға бармайтыны, әрбір әрекеті «осылай болса екен» деп аңсап күткен ел арманына сай шығып отыратыны шыншыл әңгімеленеді. Қырғыз феодалдарының қазақ аулын қапылыста шауып, бейбіт елді зәбірлеп кеткенінен кейін де Абылай бірден ашуға мінбей, алдымен жаушыларды жіберіп, мәселені ынтымақ жолымен шешуге ұмтылады. Ол жаулар жағы анық астамдыққа барғанда ғана кек қылышын қайрап, ел есесін қайтарады. Осы күнге дейін халық арасында бұл оқиғаның себебін ашуға жарайтын «Түркістанда Қазы, Мәмек шабылды, мұны естіп Сарыарқада хан Абылай қарт буралай шабынды» деген жолдар сақталғанын естігеніміз бар. Шәді дастанында дәл осы жағдай барынша дәлелді көркем көрініс берген...

Абылайдың Қалдан Серен тұтқынында болып шығу тарихы түрлі деректерде әрқилы баяндалады. Шәді ақын дастанының дәл осы мәселені анықтауға өзіндік қосарлығы бар екенін көреміз. Мұнда Абылай жау қолынан үлкен салдарлы келісім жасап шыққаны айтылады. Ол келісімнің мәнсі: қалмақ пен қазақ батырлары дәлелсіз, қисынсыз бірін-бірі шаппасын, егер осы тәртіп бұзылғандай болса, айыптылар жаза шексін, қандай шешімге барса да, екі жақтың хандары қазылық етсін дегенге саяды. Кейін-

нен ойраттар ежелгі обзырлығына басып, казак ауылдарына тиісе бастағанда Абылай дұшпандарын бірден жазаламай, әңгімені Қалдан Серен алдына дейін жеткізгеннен соң ғана ақырғы сөзін айтады... Бұдан екі елдің хандары істі соғыспен шешпей, бітімге келу жолдарын ұдайы ойлап отырғаны байқалады. Бірақ ертеден бір-біріне тісін қайрап келген екі елдің жорықшылары мұндай мәмілені жиі бұзып отырған. Мұның ақыры тағы да үдемелі жан-жал мен барымтаға, өзара есе қайырысуға апарған...

Абылай дәуірінде казак халқының ес жиып, еңсе көтеріп, өзгелермен терезесі тенеліп, көрші мемлекеттерге айбынын таныта білгені, азат өмірдің дәмін татуы үш жүздің баласының бірлігіне байланысты екені Шәді ақын дастанында сенімді көрсетілген. «Елімізді жау шауып кетті, енді қалай етеміз» деген үрейлі хабарды жеткізгендерге Абылайдың:

Казактың бұзылмаса ынтымағы,
Басынан ажырамас берген бағы.
Көшпелі манап түгіл, кегі кетпес
Таж киген патшалы жұрт болса дағы, –

деуі соңына ерген халқының қандай ұлы қайратқа да қабілеттілігіне зор сенімнің белгісіндей. Әсіресе ол казак халқы өзінің тәуелсіздігін сақтап тұру үшін «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаруы керектігін, бір орталыққа бағыну қажеттігін өсиет етіп қалдырады. Бұл оның бүкіл өмір тәжірибесінен туған ақтық сыры болып көрінеді. Абылай үлкенді-кішілі жорықтарына үш алаштың аңғарын біліп, жеткілікті дайындалып, ісінің әділдігіне соңына ерген елді сендіріп болған соң ғана шығып отырғаны өшпес ғибраты болып елестейді.

Өмір, дәуір шындығына құрылғандығы, көркемдік ақиқат шарттарына сәйкес берілгендігі, тарихи істер мен әсірелеуді өлшемді, мөлшерлі қабыстыра алғандығы, Абылайдың бейнесін халық түсінігіне лайық биікте көрсете алғандығы жағынан «Тарихат» дастаны казак әдебиетінің аса қадірлі мүлкі қатарында саналуға лайық. Шығыс әдебиетінің білгірі, көптеген көне сарындарға дастан, хикаялар жазған Шәді ақынның тілінде казак өлеңінің өрнегі мен түркі тілді шайырлардың шерлеріне тән нақыштар жарасымды түрде бірлестік тауып, жаңа ажармен жарқыраған.

Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» поэмасының романтикалық рухта жазылғаны мәлім. Тарихта жасаған Баян батыр

өмірінің бір кезеңін көрсету арқылы ақын оның албырт мінезін, шешімділігін, намыс жолында қандай қиынға да бара алатын өзгеше өжеттігін, шапшан қимылы өкінішке де душар еткенін жарқын елестете алған. Казак азаттығын аңсаған, бірақ тұнғыықтан шығар жолды таба алмаған жалынды ақын өткен дәуір оқиғаларын шолып, жаудан сескенуі, екі сөзі жоқ, жасылдай жылдам, қайралған қылыштай ердің бейнесін үлгі етіп ұсынуды көздегені түсінікті. Ал Абылай дәуірін тақырып ету себебін М.Жұмабайұлы былайша баяндайды:

Күңіреніп ойлағанда Алаш жайын,
Жанымды орай берсе улы уайым.
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты алаштың Абылайын...

Абылай заманындағы даңқты кезенді еске алу, казак тарихында сондай бір қайталанбас дәуір болғанын бір мезгіл көңілге медет тұту, «бізде де қайтпас қаһармандар болған» дегенді айтып шер шығару ақынның асқақ арманына сай келіп отырады. Поэмада Абылай өз батырларының қасиетін жақсы таныған, олардың әрқайсысының ерекшелігін өзінің терең ойластырған нысаналарына пайдалана білетін, ашуды сабырға жеңдіретін, уақытша жеңіс үшін елдің түпкілікті мүддесін ұмытпайтын, ерлікпен қажеттіліктің арақатынасын ақыл таразысына сала білетін жан болып көрінеді...

Әрбір халық өзінің тарихындағы белгілі бір дәуірлерді алтын ғасыр санап, өмірінің аумалы-төкпелі кезеңдерінде өткендегі даңқты шақтарын еске түсіріп отыратыны түрлі елдер фольклорынан ұшырайтын нәрсе. Казак халқы жоңғар қалмақтарына қарсы жүздеген жылдарға созылған үдемелі ұрыстардың көбін ұмытқанмен, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», сондай қасірет қайғыдан құтқарған Абылай заманы екенін жадында жақсы тұтқан. Уақыт өте келе халық қиялы мен аңсары Абылай дәуірін «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дәуір деп, оны символдық биікке көтерген. Ел өміріндегі жақсылық атаулының көбі сол заманның еншісіне телінген. Бұл тақырып Германиямен соғыс кезінде жау тұтқынында болып, алыста жүріп туған елін аңырай ойлаған шерменде ақын Мәжит Айтбаевты «Хан Абылай» деген поэма жазуға шабыттандырған. Поэмадан гөрі баллада деуге жақынырақ келетін бұл шығарманың желісі бір заманда Абы-

лай бастаған ерлердің қандай жаумен де алыса да, шабыса да ала-тын күші, жеңе алатын жігері болғанын сағынышпен еске түсіруге құрылған. Бұл шығармада Абылай реалистік бейнеден гөрі идеал қаһарманға бейім болып шыққан. Поэмада халқымыздың бағы замандағы атажұрты Алтайдың сұлу табиғатын шебер бейнелеген көркем, келісті шумақтар баршылық.

Алтайым алтынға бай кен емес пе,
Алтайдын желі жанға ем емес пе,
Алтайдан асыр салып аққан өзен.
Ананың ақ сүтімен тең емес пе...

Барлауға шыққан қазақ батырларының тау қойнауындағы суыт жүрістері де есте қаларлық суреттермен берілген:

Қылыштар қынаптағы сарт-сұрт етіп,
Сауыттар үстіндегі жарк-жүрк етіп,
Қайындар қияда өскен көзге ілеспей,
Барады артта қалып қалт-құлт етіп...

Туған елінен жырақта, көңілі қапалы, тағдыры трагедиялы болып өткен ақын поэмасын қазақ әдебиетіне қосып кеткен ескерткіші деп қарауға болады.

Қазақ пен жоңғар арасындағы ұзақ жылдарға созылған сұрапыл соғыстың соңғы кезеңін сипаттайтын да көркем ескерткіштер жасалған. Бұл Абылайдың күрес сахнасына шығып, күллі қазақ алдында биік беделге ие болған кезі. Әдеби жәдігерлер бұл кезеңнің де шындығын сенімді бейнелеген. Қазақ елінің тек қорғанушы ғана болып қалмай, әрекет тізгінін өз қолына ала бастаған кезінің кейбір куәлігі «Есенгелді» атты дастаннан көрінген. Дастан айтулы оқиғалардан көп кейін туса да, өткен замандар келбетін нанымды аша алған. Басқа шығармаларда кездесе қоймаған кейбір қызық деректерді де осы дастаннан көреміз. Мәселен, жорыққа аттанар алдында әрбір рудың таңбасын тасқа қашап басу салты болған екен. Әбілмәмбеттің қазақ қосынына берген жарлығынан бұл дәстүр айқын танылады:

Ел болмас ережеге кірмегендер,
Қазақтың қатарында жүрмегендер.
Түбінде берекені сол бұзады,
Топқа кеп, елдің ісін білмегендер.
Көк тасқа қашап тұрып таңбанды сал,
Белгі үшін әр руды билегендер...

Қазақ жерінің кіндігіндей болған Ұлытауда бас құрап, дұшпанға аттану да сол замандағы белгілі бір үрдіс болған секілді. «Ұлытауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе» деген қанатты сөздің шығу себебін дастан өзінше түсіндіреді. Алдағы жорықтар сәтті болу үшін сарбаздар ұлар етінен дәм татуы қасиетті ырым саналған. Халық аңызы кейде ешбір жазба тарихи, ресми ескерткіштерде сақталмаған шындықтың құпиясын аша алады дегенге жарқын дәлелдің бірі осы...

Тарихи еңбектерде Абылайдың Ресей мен Қытай сынды алып мемлекеттермен тіл тауып, қазақ еркіндігін ұстап тұруға барлық күш-жігерін жұмсағаны айтылатыны белгілі. Бірақ бұл тараптағы архив материалдары толық жинақталып, жан-жақты зерттелген деу қиын. Әсіресе қытай тіліндегі құжаттар жабулы күйінде жатыр. Ал осындай олқылықтың орнын халық қиялы өзінше толықтыра, кейбір мәселелерге «анықтық» енгізе алатыны байқалады. Қалай дегенде де қазақ пен қытай арасының қарым-қатынасы бұл кезге дейін тарих кітаптарында айтылып келгеннен анағұрлым кеңірек болғанға үқсайды. Жұртшылық санасы Жоңғарияның жойылуына қытай мен қазақ саясаты шешуші қызмет атқарған деп есептейді. «Есенгелді» дастанында Абылай елшілігінің Қытай билеушілеріне барып, осы мәселені келіскені айтылады. Ежен ханның қазақтарға берген кеңесі төмендегіше баяндалады:

Білемін, жоңғар сондай халық, — деді,
Сөздерің рас, бәрі анық, — деді.
Бірігіп қазақ түгел аттаныңдар.
Сапардан тура қайтып барып, — деді.
Хандығын Жоңғария жоғалтыңдар,
Басына ақырзаман салып, — деді.
Көмекті әржақтылы біз береміз,
Қарсылас, керегіңді алып, — деді.
Не жеңіп, не жеңілмей құтылмайсың,
Боласың босқа жатсаң ғарып, — деді.
Жалынын жанған өрттің өшірмесе,
Шашырап көлем алар жанып, — деді.
Билетпей байтақ елді, жердің шетін,
Әкесі кім екенін таныт, — деді.
Барады бір жағынан біздің әскер,
Тынысын екі жақтан тарылт, — деді...

Осылайша жоңғарды жеңгеннен кейін қазақ елінің Қытайға «қарыздар» болып қалғанын да жыр қағыс қалдырмайды. Ең үлкен

жеңіс есебін тауып ата жауды жығу болғанын, Абылай көрегендігімен даладағы қорғансыз елін аман-есен сақтап қалғанын жеткізіп айту жеке ақынның ғана емес, бүкіл халықтың бағасы, ешқашан ұмыт болмайтыны ақиқат деп қарасак болады...

Өзге жырлардағыдай «Есенгелді» дастанында да Абылай маңындағы атақты батырлар майданның шешуші шептерінде жүреді; Қабанбай, Бөгенбай, Малайсарылардан бастап жоңғарға қарсы жорыққа Бұқар жырау да қатысқан болып бейнеленеді. Бұл, әрине, эпикалық әсірелеу заңдылығына сәйкес көркемдік тәсіл. Батырлар жырларында ел көңілінің төрінен орын алған ерлерді бір мезгілге жиып көрсету дәстүрі шығармаға айрықша ажар қосады...

Тарихи қайраткердің эпикалық қаһарман дәрежесіне көтерілуінің өзіндік терең заңдылықтары бар. Мемлекет басшысының қандай да болмасын парасат, адамшылық келбеті әшейінде үнсіз, «момақан» көпшіліктің қырағы көзінен қағыс қалмайды. «Көптің көзі тінтуші» деген нақылда үлкен растық бар. Жамағатшылық ел басшысының ісіндегі шын халықтық әрекеттерді де, жалғандықты да қапысыз таниды. Өз басына ақылы мен айласы жетерлік қаншама хандар мен сұлтандардың арасынан қауым пікірі тек Абылайды ғана бөлек орынға қоюы, оның қасиетін дәріптеп, көкке көтеруі тіпті де кездейсоқ емес. Ол Абылайдың барлық ақыл, қабілетін қазақ халқының азаттығы жолына жұмсағандығына байланысты. Халық үшін еңбек етемін деп айтпайтын, осылай деп өзін-өзі сендіргісі келмейтін басшы болмайды. Өкінішке қарай, олардың ісі мен сөзі көп жағдайда алшак кетіп жатады. Елдің түпкілікті мүдделерін жиі ұмытып кететін, күллі әрекеті жеке мансабын сақтауға ғана көзделген «елағаларының» ішкі пиғылы қандай тасаға жасырылса да, халықтың талқысынан құтылып кете алмайды. Абылай халықтың шын перзенті екенін сан алуан істер үстінде, ондаған жылдар бойында дәлелдей алғандықтан ғана жұртшылықтың ықыласы оған қалтқысыз ауған.

Әдетте Абылайдың Ресей мен Қытай сынды аса ірі империялар арасында икемді саясат қолданып, қазақ мемлекеттігінің тұтастығы мен еркіндігін ұстап тұра алғандығы ерекше бағаланады. Абылайдың қытай, орыс патшаларына «бағыныштылық» көрсетіп, олардың сеніміне ие болуы, сөйтіп, өз жұртының тыныштығы мен азаттығын қорғай білуі арзан жалтылдақ саясат емес, өмірлік арманына айналған ізгі мұратымен ұштасып жататын құ-

былыс. Қазақ ханы сырғыма «пысықтық» жолына түспеген, өзінің қасиетін арзандатуға бармаған. Ол жаулармен тіресетін жерде тірескен, сіресетін жерде сірескен, айла мен айбатты кезек қолданып отырған. Бір мықтының қаһарына ұшырап қалмайын деп, әркімнің аузына қарап, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жорғалай беру Абылайға мүлде жат еді. Қалмақтың тұтқынында болған кездерінде де өзінің намысын жықпай, қаһарлы дұшпанның өзімен де «терезесі тең» сөйлесе білуі Абылай даңқын асырған.

Эпикалық сипатты жырлардың бәрінде дерлік екі сарын — Абылайдың әдепкіде жетімдік халін бастан кешіріп, Төле бидің қарауында «Сабалақ» деген атпен қойшы, бақташы болып жүріп, ел басына қиын кезен туғанда ерлік көрсетіп танылуы және бүкіл өмір бойында қазақ елінің бірлігі мен тәуелсіздігі үшін күресуі сөз болады. «Сабалақ» атты екі дастанда да (оның біреуі Көкбай ақын қаламынан туған) осы сарындар желі болып тартылған.

Бірсыпыра жыр, аңыздарда Абылай алғашқы ұрысқа атақты Бөгенбай батыр бастаған қолға қосылып барған болады. Мұның ақиқатқа неғұрлым жақын келетіні түрлі тараптан аңғарылады. Бұрын үлкен соғысқа қатыспаған жас батырдың сан жорықтарда шыныққан ерлерден тағлым алып, солардың тәрбиесін көріп барып майданға шығуы көңілге қонымды. «Абылай хан» дастанында қалмақ батыры Шарышқа жекпе-жекке шығатын ешкім табылмай, ақыры сайысқа Бөгенбайдың өзі түсуге бекінеді. Соғыс тәртібі бойынша мұндай алмағайып жекпе-жекке қолбасының өзі түсуі өте қатерлі іс саналады. Өйткені жазатайым қолбасының өзі жеңіліп қалса, күллі әскердің де беті қайтқаны болып табылады. Сондықтан да Шарышпен ұрысамын деген Бөгенбайға қазақ қолы рұқсат етпейді. Міне осы кезде топтан суырылып шығып, сайысқа баратын, жауды өлтіретін бұрын көпке белгісіз батыр Сабалақ болады. Жоңғардың батырын өлтіруі, осыдан кейін «Абылайлап» ұран тастап, дұшпанның қалың қосынына қарсы шабуы, сонынан қазақ жауынгерлерін ертіп рухтандыруы оның Сабалақ атын да, туа бітті қойылған Әбілмансұр атын да ұмыттырып, Абылай есіміне ие етеді. Абылайдың атағын аспандатып әкеткен Шарышпен ұрыс суреті былай берілген:

Сабалақ «Абылай» деп ұран салды,
Найзаны майырылған жұлып алды,
Құлаштай сарбестіге қамшы басып,
Ағындап шауып келіп кезек алды.

Ұмтылды сарбестімен шоктай болып,
Атылған сары мойнақ оқтай болып,
Желкеден өткір қылыш сарт еткенде
Шарыштың басы түсті топтай болып...

Мұндай сипаттамалар мол. Солардың бәрі қосылып, Абылайдың тарихи-эпикалық бейнесін аңыз, жырлардағы қаһармандар қатарына апарарды.

Абылай және оның айналасындағы батырлары мен билері туралы аңыз әңгіменің бір парасы атақты акын әрі шежіреші, ауыз әдебиетін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбалары арқылы жеткен. Бұл әңгімелер Абылайдың халық санасында қаншалық берік те биік орын алғанын дәлелдейді. Өзінің көркем жинақтаушылық күші жағынан мұндай әңгімелер ұлы хан жөніндегі эпикалық аңыздаулардың ең шұрайлы беттерін құрайды. Қиялдан туған, көптеген жарасымды әсірелеулері аралас аңыздар ел басшысы қандай болуы керек деген жұртшылық аңсарына неғұрлым толық жауап бере аларлықтай. «Абылай айтыпты» деген сөздерді дер кезінде жазып алған хатшы жоқ, оның есесіне «Абылай айтуға тиіс» дегенді халық даналығы өзінше қиыстырып, шындықтың шырқын бұзбай, жағдайға, уақытқа, орнына сәйкес етіп тамаша шығарма тудырған. Осы сарындас хикаялар ел арасында ұзақ сақталып, жиі айтылғандықтан, қауымның «редакциясынан» өткен, әрбір айтушы оларды жетілдірген. Соның арқасында түрі мен мазмұны, көркемдігі мен ғибраты тең түсетін жұп-жұмыр әңгімелер тізбегі дүниеге келген. Бұлар Абылайдың қазақ халқы алдындағы өшпес еңбегін бағалаған жамағатшылықтың таусылмас алғыс лебізінің көріністері, ауызша тараған сан түрлі аңыздың ұмытылмай қалғандары ғана.

Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған «Абылайдың қалмақтың ханы Қалдан Серенге тұтқын болған хикаясы» дастанының жүгін көтеріп тұрған халықтық қарасөз (нәсір) туындысы. Мұндағы әрбір әңгіме ханның мінез қырларын жан-жақты жарқыратып аша алады. Абылайдың бірнеше күн бойында аш бола тұрса да, «бір аяқ қара суға тобықтай тоң май салып бергенді намыс көріп» ішпей қоюы оның өрлігін көрсетсе, қалмақ ханының жеңдеттері келіп «ханнан жарлық болды, қарадан жабдық болды, сіздің меймананыз толды, құдайдың сізге бұйрықты жазуы осы болды» деп бопсалап, қылышпен шаппақ болғанда жасқанбастан отыруы жүрекжұтқан ерлігін танытады. Сондай-ақ Абылайды қамаудан

шығарып, қалмақ ханының үйіне кіргізгенде босағада тұрып қалмай, төрдегі таққа барып отыруы, «ол жерге неге отырасың?» — дегенге «бұл орын Қалдан Серендікі еді, оның құты қашты да, менің аруағым басты. Ол орынға қалмақтың ханы Қалдан Серен отырмағанда, қазақтың ханы Абылай отырмағанда, шайтан отыра ма», — деуі кемел парасаттылық белгісіндей.

Қалдан Серен мен Абылай хан арасындағы «сынарудың» шырқау жері қалмақ ханының соғыста өлген ұлы Сәру туралы әңгімесі. Тарихи деректер бойынша Сәруді бір ұрыста Абылай өлтірген. Ішіне ыза-кегі сыймай отырған Қалдан Сереннің «Сәру қайда?» — деп үш қайталаған сұрағына Абылай бірінші жолы «Жақ тартушы көп болды, жаман аты бізде қалды», екінші кезекте «Сәрумін деп ол айтпады, кеспеймін деп қару айтпады», үшінші ретте «Көрінбеген Сәруді іздегенше, көрініп тұрған өзінді ізде», — деп жауап береді. Алғырлық пен тапқырлыққа толы бұл сөздер бір қазақ емес, жаһан әдебиетінің шежіресінен де орын аларлық. Әрине, Қалдан мен Абылай арасындағы сөздердің дәл осылай болғанын ешбір құжатпен дәлелдеу мүмкін емес. Бірақ артында іргелі елі бар Абылай сынды қайраткердің тұтқында отырмын, қылмысым ауыр екен деп дұшпанға жалбарына сөйлемейтіні, болған істі терезесі тең адамша баяндайтыны күмән туғызбайды. Демек бұл арада халық қиялы шындықтың мәйегін дәл тапқан. Сол үшін Абылайға мағынасы терең, дәлелі мықты сөздер айтқызады. Ойраттың орасан қосынынан қорықпай, қазақ елін азаттық күресіне бастаған адам тұтқында отырса да, басқаша сөйлеуі мүмкін еместігі кімге де болса сенімді естіледі.

Осындай әңгімелер ішінен нақтылығы жағынан неғұрлым күмәнсіз болып көрінетіндері де бар. Біздің ойымызша Абылайдың өз тағдыры белгісіз алмағайып болып тұрған кездерде Қалданға үш арманым бар депті делінетін тұс тарихи диалогтың таза көшірмесіндей әсер қалдырады. Елінің келешегін қатты ойлаған, алдына үлкен мұрат қойған данышпан ханның бұлайша толғанбауы, ойындағысын ақырғы сыр етіп айтпауы мүмкін емес. «Бірінші, мен айдалада жосып жүрген қазақ деген халыққа хан болып едім, бір жерге қала салып, отырықшы ете алмай, жосыған күйінде қалдырдым-ау деп арман қыламын... Екінші, мен Сәруді қан майданда жекпе-жекте өлтіріп едім... Сәруше майданда өлмей, қапыда ұйықтап жатқанда ұсталып өлдім-ау деп арман қыламын.. Үшінші, мен төрт атадан жалғыз едім, балам жоқ еді, мен

өлсем, тұқымым құрып кетеді-ау деп арман қыламын» деген сөздер дәл осылай қатерлі шақта жан сыры болып төгілуі табиғи.

Абылайдың Қалдан Серен тұтқынында болуының жайын архив деректері де мәлімдейді. Бұл кезге дейінгі бірсыпыра еңбектерде Абылайдың жау қолынан босап шығуы Ресей елшісі К.Миллердің араласуы арқасында ғана мүмкін болды деген тұжырым басым айтылатын еді. Сырт қарағанда мәселенің осылай болғаны рас. Дегенмен зерттеушілер қазақ-қалмақ қарым-қатынасының әр кезеңде өзгеріп тұрғанын, бірыңғай жауласушылық бола бермей, арақидік мәмілеге келуді ойлаған сәттер де орын алғанын, кей жағдайда қазақпен ынтымақ жасауға ойрат басшыларының ықыласты болғанын ескере келіп, Абылайдың Қалдан Серен тұзағынан құтылып шығуының басқа да күрделі себептері бар екенін ескертеді. Қазақтың шашырандылығын, әкімдерінің алауыздығын пайдаланып, тұтқиылдан шабуыл жасап, елеулі табыстарға жеткенімен, ұшы-қиыры жоқ сахараны жайлаған, ішкі қуаты сарқылмаған, бірлесіп кетсе, қандай жауға да соққы бере алатын елдің қауқарын Қалдан Серендер де сезіп, кейде осы халықпен күш біріктіріп Абылай сынды айрықша дарынды жандарға «кешірім жасап», түбінде өзіне тартуды да көздегені анық. Абылайдың 1743 жылы жоңғар түрмесінен аман-есен оралуына негізгі себеп осы деп қарауға болады. Мұны тарихшылардың соңғы кездегі еңбектері де қуаттайды. Мәселен, В.А.Мойсеев «Джунгарское ханство и казахи XVII — XVIII в.в.» (1991) деген кітабында осы мәселеге едәуір анықтық енгізген. Ол осы еңбегінде Абылайдың тұтқыннан босап шығуы патшалық әкімшілігін қуанта қойған жоқ (көрсетілген кітаптың 153-беті) деп тұжырымдауы ойландырарлық жағдай. Демек қалмақ пен қазақ сынды екі халықтың өзара өштесіп, бірін-бірі қансыратып жатқанын қырағы бақылап, кейде бұлардың арасын әдейі ұшындырып отырған патшалық әкімшілігі Абылай секілді ел басшысының азат жүруіне мүдделі болмағанын байқатады. Екінші жағынан, Ресей билеушілері қалмақ пен қазақтың екі мықты басшысының өзара тіл тауып кетуінен қатты сескенген. Осыны байыптай келіп В.А.Мойсеев Абылайдың еліне аман оралуының негізгі себебі Қалдан Сереннің оны өзінің болашақ күрестерінде одақтас еткісі келгендіктен деп маңызды пікір айтады (Көрсетілген кітап, 157-бет).

Бұған қарағанда қазақ аңызының Абылай Қалдан Серен елінен өзі ғана емес, қазақтың әр кезеңдерде жау қолына түскен

көп жанды қосып, бір рулы ел болып қайтыпты деген әсірелеуі де шындықтан онша алыс болып көрінбейді. Тарихи оқиғалар ізінен қаншалықты «ауытқуы» бола тұрса да, бұл әңгіме негізгі мәселені, Абылайдың елден асқан ақылды, кең ойлайтын кеменгер, сонындағы елінің жауаптылығын мойнына алған, дарыны мен қайратын осы жолға бағыштаған дара тұлға екенін айтуда әсте жаңылыс кетпеген, қайта көркемдік қиялмен әрлей отырып, типтендірудің биік үдесінен шыққан.

Абылай атына байланысты дастан, өлең, аңыз-әңгімелерде ел басшысының бастан кешкендері ғана баяндалмайды. Көптеген әңгімелер Абылайдың айналасындағы нөкерлері, ру көсемдері мен батырлар төңірегіне құрылған. Бірақ солардың бәрі дерлік қазақ ханының мәртебесін көтеруге қызмет етеді, алтын желідей әдемі тізбек құрайды. Қалмақ ханының ханымы қаз дауысты Қазыбекті, Тайкелтір шешенді, Жәнібек пен Тұрсынбай батырларды қалай мінездегені жөніндегі әңгіме өзінің терең мазмұнымен ғана емес, жалпы Абылай айналасындағы атакты адамдарды сипаттай алғанымен қызғылықты. Қарашалары осындай ғажайып жандар болып көрсетілуі ханның бейнесін асқақтата түседі. Қалмақ ханы Сыбан мен Абылай ханның батырлары жекпе-жекке шыққан тұсын айтатын әңгіме де эпостың көркем бөлегіндей. Жаудың батыры: «қалмақтың бұрыннан белгілі бір сырттаны бар екен, жолбарысты құйрығынан ұстап алып жерге бір-ақ қойып өлтiретұғын күші бар екен» деп суреттеледі. Әсіресе осы екі батырдың сайысқа шығардан бұрын көрген түстері көңіл аударарды. Бірі жеңетінін, екіншісі жеңілетінін бұлар түсі арқылы «біледі». Бұл арада ғайыпқа, магияға сенетін өте көне түсінік орын алған. Ең таңғаларлығы сол — аңыз әңгіме жаман түстің өзін жақсыға жорыса, іс оңына басады деген ұғымға ден қояды. Бұл арадан да халықтың мәңгілік мұқалмас өршілдігі, зұлымдықты жақсылықтың жеңетініне, сөздің күші адам бойындағы қуатты еселеп арттыра алатынына сенімділігі көрініс береді. Жаман түс көріп шошынған Жәнібекті Абылайдың қайраған қанатты сөздері тын қайратқа бөлегендей болғаны қазақ ханының ел алдындағы беделінің шексіздігін де аңғартқандай. Абылайдың Тұрсынбай батырдың жүректілігін сынамақ болып, оны көрдің ағашын «әкелуге» жұмсауы, қорқыту үшін сол маңға екі жігітті жасырындыруы жайындағы аңыз әңгіме де хан айналасына небір сайыпқырандар жиналғанын дәріптеуді көздейді. «Өлген менің көрімде әкенің

құны бар ма», — деп күтпеген жерден шыға келген «аруаққа» Тұрсынбайды: «Сен шалажансар өліп жатқан неме болсаң, мен шын өлтіріп кетейін, өлген кісі өліп көрде жата берер болар, тірі кісі бейіт ағашын алып жағар болар. Өлі саған бола тірі Абылай аштан өле ме», — деп жауап беруі оның батырлығымен қатар тапқырлығын да аңғартады. Бұл әңгіме де ел ішіне ертеден мәлім еді. Кейде көрдегі «аруактан» қорықпайтын Жәнібек, енді бірде Бөгенбай болып та айтыла береді.

Кейбір шежіре әңгімелерде «Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар Каракерей Кабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы Барақ, Шанышқылы Бердіқожа, Сырым Малайсары...» секілді даңқты есімдер тізбегі қайталанып берілсе, тағы бірде жеке ерлердің хас қаһармандығы мадақталады. Уақ Баян батыр туралы:

Ақыл тұрмас кашқанда,
Дегбір тұрмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмессің
Бұрылып жауды шанышқанда.
Үйде батыр көп еді,
Жау жолында Баяндай
Көзге түсетұғыны жоқ еді, —

делінген. Бірнеше тармақ осы қысқа өленде Баянның ешбір басқа құжаттардан табылмайтын жарқын мінездемесі берілген...

Аңыз әңгімелердің көбінде белгілі бір оқиғалардың дәл суреті болмағанымен, жанғырығы жатады. Әуел баста нақтылы негізден тараған әңгімелер жамағатшылықтың «ой елегінен» өтіп барып, бас-аяғы бүтін шығармаға айналады. Халықтың көкейіне қонған, қауымға ғибрат болуға жарарлық деген әңгімелер ғана екшеліп сақталатыны табиғи заңдылық. Сондықтан Абылай хан атына қатысты ауызша тараған сөздерді айтылған әңгіменің көшірмесі деп қарамай, көптің «сынынан» өткен нұсқасы деп есептеу керек. Олардың қанша уақыт өтсе де ұмытылмай келуінің себебі осында.

Абылай айтқан төрелік сөз немесе билер аузынан шыққан тапқыр шешендік лебіздер ауыз әдебиетінің аса қызғылықты мұрасына айналған. Мұнда шындыққа бергісіз қиял да аралас жүреді. Сондай әңгімелердің бірқатары Абылай хан мен қазақ билерінің арақатынасы мәселесіне соғып отырады. Бұл аңыздар-

дан қазақ ханының мықтылығы да, әлсіздігі де қарауындағы тайпалардың көсемдеріне қаншалықты ықпалын жүргізе алғандығына байланысты болғанын байқаймыз. Абылай орда тіккен Орта жүз руларының басшылары өздерінің «салмағын» жақсы білгенге ұқсайды. Олар ру мүддесіне немесе намысына қайшы келетін істерге барса, айбынды ханның өзіне тікелей қарсы шығудан тайсалмаған. Өйткені шоғыр қонған шаһары, манайында тұрақты әскері, бұзақыларды салып қоятын зынданы жоқ қазақ хандығының қайраты қоғамдағы күштердің арасалмағын әрдайым зерек бақылап, жақсыларды жиып, телі-тентекті тиып, әділдік таразысын берік ұстап отыруына қатысты еді. Өзара өкпелесе тарыдай шашырап, бір-бірінен аулақ жүруге тырысатын дала елінің мінез-құлқын жете білгендер ғана уысындағы елді кейде айбарымен, кейде айламен ұстаған. Ру намысы қозып, лаулаған ауылдарға жалаң күш қолдану пайдасыз екенін түсінген хандар қажет жерінде «шегіне де» білген. Сондай шегіністер көп жағдайда әлсіздіктің емес, келешекті ойлаған кемеңгерліктің де белгісі еді. Осы жағдайларды жақсы біліп отырған халық әулие тұтқан ханы — Абылайдың өз басы қаншама рет шырғалаңға түскеніне дейін қалдырмай әңгімелейді, ханның небір қиын сәттерде жол тауып кеткеніне сүйсінеді. Ботаханның өліміне байланысты соңына қол ертіп шыққан Бекболаттың кегінен Абылайдың қалай құтылғаны туралы әңгіме солардың бірі.

Тарихи әңгіме, аңыздарда Абылай ханның өмір өткелектері, даңқы мен замана қайшылықтары, ханның серіктес, қанаттас шоралары мен нөкерлері, жаулармен арасындағы қарым-қатынастың қырлары, хан өмірінің жұлдызды шағы мен «бағы қайтқан» ақырғы кезеңі жөнінде неғұрлым кең сипаттама берілген. Әсірелеуі мен қиялдан шығарғандары аралас-құралас келе отырса да, бұл топтағы халық туындыларында Абылай ханның жеке басының қасиеті, дәуір ақиқаты, қазақ қоғамының ішіндегі күрестер мен тартыстар мол қамтылады, тарихи шындықтың ұлы желісі аса көп ауытқымайды.

Абылай туралы кейіннен шежіре немесе рисала-зерттеу жазғандардың қай-қайсысы да ұлы хан өмірінің күрделі тұстарына кідіріп отырады. Олар: 1. Абылайдың жасында жетім қалып, көп қиындық көргені; 2. Оның өз аты-жөнін жасырып, Сабалақ деген есім иеленіп Төле бидің (кейбір деректерде Дәулетбай деген байдың) құзырында бақташы болып жүруі; 3. Елге жау тигенде

казак қосынына еріп, майданда қалмақ батырын өлтіріп, қаһармандық көрсетуі, қалың жауға «Абылайлап» ұран тастап тиісуі; 4. Осыдан кейін абыройы артып, хан көтерілуі, сан соғыстарда казак қолын жеңіске жеткізуі, бұл ұрыстарда айтулы казак қолбасылардың ерлігі сипатталуы; 5. Қалдан Серен ханның тұтқынында болып, одан өзінің асқан парасаттылығы, тапқырлығы, мәмілегерлігі арқасында азат болып шығуы; 6. Абылайдың Қытай мен Ресей патшасының темір қыспағы арасында жол тауып, өле-өлгенше елін еркіндікте ұстай білгені, екі империя билеушілері арасында да зор беделге ие болуы; 7. Казак қоғамының ішіндегі қайшылықтар, кейбір ру көсемдерінің ханға қарсы келу көріністері, хан өмірінің ақырғы сәттерінде оның айбыны бәсең тартуы, Ташкент, Самарқан жағына азғана адаммен бару сапарында кенет кеселге душар болып, дүниеден өтуі...

Осы сарындардың кейбір тармағы аңыз сөздерде кенінен баяндалып отырады, ал қайсыбір кездерде басқа ешбір жерде кездеспеген тосын әңгімелер ұшырайды. Енді соларға да тоқтап өтейік... Абылай заманында жасаған даңқты адамдар туралы аңыз сөздерде дәуір келбетін толығырақ тануға мүмкіндік беретін дерек мол. Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, Малайсары Баян, Бердіқожа, Жасыбай, т.б. батырлар, Қазыбек би жөніндегі әңгімелер сол бір ерлік пен қауіп-қатерге толы уақыттың терең сырларын ашуға көмектеседі. Бір шеті Абылай атына жанасып отыратын мұндай әңгімелердің өз «зандылығы» бар. Бұларда тұстас да, одан бұрынырақ яки кейінірек жасаған жандар да кездесіп отыратынына таңғалуға болмайды. Қай елдің ауыз әдебиетінде де ерлік атаулыны аса бір даңқты дәуірлердің бел ортасында тұрған билеушілер төңірегіне жиып, «топтап» көрсететін дәстүр бар. Орыс тарихында Киев князі Владимирдің «құзырына» жиналған батырлар туралы былиналар мол шоғырланған. Қалмақтың эпикалық жыры «Жәңгірде» баһадүрлер Жәңгірдің айналасында топталатыны мәлім. Казак-ноғайлы дәуіріне қатысты аңыз, жыр, әңгімелердің бірқаншасы Жәнібек заманында болған екен делінеді. Мұның бәрі жырларды, аңыздарды циклдеудің, дестелеудің қалыптасқан салты десе болады. Сондай-ақ XVIII ғасырдағы батырлардың бәрін де Абылай соңына ерген немесе оның даңқымен рухтанған етіп көрсету дағдыға айналған. Осындай дәстүрдің салдарынан күллі жеңісті жорықтардың да бастаушысы, не дем берушісі Абылай болып

шыға береді. Тағы да бір ғажайып жері сол — жыр, аңыздарда казак ханы өзінің батырларының ерекшелігін танитыны, олардың әрқайсысын ең ұрымтал тұстарда ғана майданға араластыратыны, керек жерінде мақтап, қорғап, олжаға ие етіп отыратыны сипатталады.

Абылайдың шын даналығы да бытыранқы елді ұлы мақсат жолында біріктіріп, беделді батырлар мен билердің әрқайсысымен «тіл тауып», солардың қайраты мен қабілетін орнымен бағалай білгендігінде деуге де болады. Бір аңызда Абылайдың Қабанбай ерлігіне сүйсініп, оған хан «атағын» беріпті-міс деген сөздер де айтылады. Бұл арада күмәнсіз анық нәрсе — Абылайдың Қабанбай қызметін аса жоғары құрметтегені. Ал Қабанбайға хан атағын беріпті деу батырды ардақ тұтудың, асыра мадақ етудің тәсілі деп қарау керек. «Олжабайлап» ұран тастап жауға шапқандардан дұшпан қаша беретін болыпты деген аңыз да барынша қызық. Мұнда да халықтың Олжабай есімін көкке көтеруінің, оған деген зор ықыласының көрінісі жатыр. Бөгенбай, Жәнібек батырлардың да тарихи қызметтері ел жадында ұмытылмастай болып сақталғанына мысал мол. Қазыбек бидің қалмақ ханына елшілікке барғанда асқан тапқырлық, алғырлық көрсетіп, ел намысын жоғары ұстай білгендігі де Абылай заманында соғыспен қатар бітім сөздер жүргізуге де қаншалықты ақыл, сабыр, көрегендік, даналық керек болғанын сездіреді.

Тарих ғылымы Абылай заманының бүге-шігесін анықтап болмағаны белгілі. Бұл кезге дейін көбінесе біз орыс тіліндегі деректерге ғана сүйеніп, пікірлер мен қорытындыларды соған орай шығарып келдік. Еске алынбай, жеткілікті мән берілмей келгені қазақтың ауызша тараған әңгімелері мен жазба ескерткіштері. Кейбір мәселені нақтылай түсуге олардың өз тарапынан септесе алатыны күмәнсіз болып көрінеді. Абылай мен ойрат хандары арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігі әлі де болса зерттей түсуді керек етеді. Казак ханының қалмақ тұтқынынан азат болып шығуы қатардағы оқиғалардың бірі болып саналып келеді. Шындығында Абылай мен Қалдан Серен арасындағы келіссөздерде екі халықтың өзара бейбітшілікке ұмтылу саясатының маңызды мәселелері де қатар жүргізілгенге ұқсайды. Әрине, бұдан кейінгі казак пен қалмақтың үздік-создық соғыстары ол келіссөздерді жүзеге асырмай, ежелден келе жатқан өштік басым түсіп кете бергені де мәлім.

Құрманғали Халитұлының деректеріне қарағанда, қазақ пен қалмақтың түпкілікті бітім жасаған жері Мамырсу немесе Қандыжап деп аталған. Бұл да «ресми» тарих мағлұматтарында аталмай келген дәлелдің бірі. Мұның өзі Абылайдың қазақ тағдырын шешетін істерде қаншалықты дербес саясат жүргізе алғандығына айғақ...

Аңыз, әңгімелер қазақ елінің тұтастығын, тәуелсіздігін сақтау жолында Абылайдың сіңірген еңбегін әр тараптан мадақ етумен қатар қазақ қоғамының ішіндегі алауыздықтар мен қайшылықтарды да қағыс қалдырмайды. Қазақ қауымының шашырандылығы, рулар мен тайпалар билігі өз «көсемдерінің» қарауында болуы хан өмірінің тегеурінін әлсіретіп отырған. Ру, тайпа басшылары жау жеңіліп, бейбіт күндер туғанда өз мүдделерін ғана көздеп, хан пәрменіне кейде бойсұна бермеген. Атағы жер жарған Абылайдың ең «әлсіз» тұсы да осы болатын. Ауызша таралған бірсыпыра әңгімелерде тайпа билерінің хан өміріне қайшы келіп, кейде ашық қарсы шығып, күш көрсетулері де орын алғаны сөз болады. Бекболат бидің Абылаймен «күш сынасып», хан ауылын шаппақ болуы секілділер осыған мысал. Қазақтың арғы-бергі хандарының басына түскен қасірет – иен далада шашырап жатқан руларды шоқтай жиып, қатаң тәртіпке көндірудің қиындығы асқан ақыл иесі Абылайды да орағытып кетпеген. Абылай өмірінің ақырғы кезеңінде оның беделі белгілі дәрежеде төмендеуінің себебін де осындай жайлардан іздеу керек. Бұл жағдайды шежірешілер де өкінішпен атап өтіп отырады. Абылай өмірінің соңғы кезеңінде оның «көңлін қалдырған», билігін әлсіреткен, елді біріктіру мақсатына кедергі келтірген күштер аз болмағаны сезіледі. Оның Түркістан, Ташкент, Самарқан жағына аз ғана нөкерлерімен сапарға шығуының өзі сахардағы жайсыздықтардың тікелей нәтижесі болып та елестейді. Абылайдың бұрын өзіне бағынған әкімдердің ашық қарсылығына душар болуы, оларды бағындыруға әскер күшінің кемігені де трагедиялы хал. Қалай болған күнде де ел аңызы Абылай өмірінің биіктері мен еңістерін елестетерлік ескі сөздерді аз қалдырмаған. Бұлардан қазақ жағдайында бір орталыққа бағынған, күшті мемлекет қалыптастырудың қиын болғаны, ежелден қанға сіңген «алты бақан алауыздық» Абылай іргесін көтерген елдің де шырқын бұзып, ұлы қайраткердің көп аңсарларын жүзеге асырмағаны байқалады. Абылайдың өлер алдында Бұқар жыраумен сұхбатында «қазақ-

тың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ» деп армандағанында да шындықтың ұштығы жатыр. Қазақ елі отырықшы болмай, берік мемлекет негізі қаланбайтынын Абылай жақсы түсінген. Өз жұртын ойрат ойранынан, Ресей мен Қытай қыспағынан, Орта Азия хандарының жұтынған жалмауыздығынан қорғаймын деп «жарғақ құлағы жастыққа тимеген», бір басына қолбасшылық, қайраткерлік, мәмілегерлік (дипломаттық), шешендік, даналық дарыған сирек тұлғаның қазақ сынды бытыраңқы елді біріктіріп айбарлы мемлекет жасаймын деген арманы толық жүзеге аспауының объективтік себептері жеткілікті. Осындай жағдайларды ескергенде Абылайдың өз кезінде ұлы әрекеттерге барып, көп игілікті істерді тындырып үлгергені қазақ тарихынан мәңгі өшпейтін қасиетті құбылыс деп санаймыз.

Халық аңызы Абылайдың өз өмірі туралы ғана емес, оның үрім-бұтағының келешегі жөнінде де гибратты әңгімелер қалдырған. Соның бірі Абылайдың түсі және оны Бұқар жыраудың жоруы деген әпсана. Ханның «түсімде есігімнің алдында жатқан жолбарыс көрдім» дегеніне: «жолбарыстың есігін алдында жатып алуы – бақ-талайынның тоқтағаны» деп жорыпты ұлы жырау. Ал жолбарыстың аюға, одан кейін қасқырға, тұлкіге, қоянға «айналуын да» Бұқар жырау Абылай тұқымының хандық дәстүрі бірте-бірте әлсіреп тозып бітетінінің белгісі деп біледі.

Абылай жайындағы өлең-жырлардың, дастандардың, аңыз әңгімелердің, шежірелік жазбалардың, естелік-зерттеулердің жиналып, топталғандары төңірегінде айтылар кейбір пікірлер осылар. Ұзақ жылдар бойында қазақ тарихының мәселелері догматикалық «қалыппен» бағаланып, біржақты түсіндіріліп, орынсыз бұрмаланып көрсетілгендіктен, бұл тақырыпқа ешкімнің де бара қоймағаны белгілі. Осы себептен Абылай ханға қатысты ел аузындағы мұраны жинауға да көңіл бөлінбеген, бірқанша шежірелердің, көнекөз қариялардың, дарынды айтушылардың білгендері хатқа түспей қала берген. Соған қарамастан біздің заманымызға ұмытылмай жеткен мұра танытқыштық, тәрбиелік жағынан аса құнды деп білеміз. Бұл – қазақ халқымен бірге жасай беретін, өткен өмірдің бұралаң жолдарын, қат-қабат сырларын, өрліктері мен өкініштерін, наласы мен мұнын, үміті мен арманын ұрпақтан-ұрпаққа жалғай беретін, мәні кемімес, ажары солмас киелі мұра.

ЕЛДІК ТУЫН КӨТЕРГЕН ЕР КЕНЕКЕҢ

XIX ғасырдың орта тұсында казак елінің тәуелсіздігі үшін халық қозғалысын бастаған Кенесары Қасымов туралы ақиқатты жұртшылығымыз әлі де болса толық біле алмай келеді. Әкімшіл-әміршіл жүйе үстемдік еткен кешегі күндерде Кенесары есімі барлық ресми құжаттарда құбыжық етіп көрсетілді. Осындай біржақты, қиянат тұжырымның байыбына бармай, оның зұлым астарын ашпай, құр дүрмекке ілесіп, «кім жаман — Кенесары жаман» деген жалған дақпыртқа әсіреқызыл белсенділер мен жұлқындылар ғана емес, халық тағдырына жаны ашиды дейтін кейбір ақындар, жазушылар да бой алдырған еді. Тіпті жамағатшылық санасының мәңгүрттенгені соншалық — мансап іздеген үлкенді-кішілі атқамінердің бірталайы халық намысының туын көтерген қайтпас қайсар қаһарманның қасиетті есіміне күйе жағу жөнінде жарысқа түскендей көрінетін. Ең ардақты адамына ең ауыр сөздерді айтқанын ерсі көру былай тұрсын, мұны ерекше қырағылықтың белгісі деп есептейтіндер де аз емес еді. Ақты кара деп жаппай жаңылысқандар жөнінде қазір не айтуға болады? Ұлттық құндылықтарды жойып, қиялдағы коммунизмге бір-ақ секіріп шықпақшы болғандардың аты-жөндері белгілі. Олардың түлкі заманға тазы болып қосылған арсыз істерінің үкімін тарихтың өзі шығаратыны шүбәсіз. Жеке адамдар ғана емес, бүкіл қауымның санасын дертке ұшыратқанның түпкі себепшісі кенестік қызыл империяның саясаты екенін де білеміз. Сондықтан Кенесарының да, басқа батырлардың да бастаған көтерілістері турасында ғайбат айтып, мәңгілік күнәкар болғандардың тізімін тізгеннен гөрі осындай сорақылықтарға алып келген жағдайларды байыптау пайдалырақ.

Патшалық Ресейдің де, іс жүзінде оның мұрагері болған кенестік биліктің де негізгі нысанасы орыс емес халықтардың шын тарихына барғызбай, барлық мәселені орыстандыру саясатына қарай иіп әкелуге бағытталғаны мәлім. Халықтың нағыз ерлерін қаралап, сатқындар мен тыңшыларды дәріптеу, елдік санасы биік жандарды қудалау, құртып жіберу, оларды дұшпан етіп көрсету, күллі насихат құралдарын осы мақсатқа жегу елдердің төл дәстүрін өшірудің, тарихи естелік хатирасын ұмыттырудың терең ойластырылған амалы еді. Кенесары Қасымов бастаған халық қозғалысын жан-жақты зерттеген ғалым-профессор Ермахан Бекмахановтың басына төнген қасірет сергек ойлы азаматтарға

жасалған зорлықтың шеті, шегі болмағанын байқатады. Е.Бекмахановтың барша ғылыми жұртшылық, соның ішінде алдыңғы қатарлы орыс тарихшылары жоғары бағалаған еңбегін ешбір дәлелсіз мансұқтаумен шектелмей, талай жылдар өмірін сарп етіп, сан алуан деректерді талдап, қорытып, көз майын тауысып жазған кітап авторын жиырма бес жылға соттап жіберу адамшылықтың қарапайым заңдарын аяққа басудың асқынған көрінісі болатын. Қазак әдебиетіндегі ұлттық-азаттық күрестерге арналған шығармаларды адал зерттеген аса көрнекті ғалымдар Қажым Жұмалиев пен Есмағамбет Исмаилов та ширек ғасыр тұтқындалуға бір-ақ кесілді. Бүкіл өмірін абақтыда өткізуге үкім алғандар бұлар ғана емес. Мұның бәрі ұлт мүддесін ойлайтындардың үрейін ұшыру үшін жасалған қаскүнем әрекет екендігінде күмән жоқ. Халықтың ең сауатты, ең жігерлі перзенттерін жоспарлы түрде жойып жіберуді көздеген, сонау жиырмасыншы жылдарда басталып, отызыншы жылдардың орта тұсында ұлт зиялыларын жаппай жазалауға ұласқан кісәпірлік-геноцидтік ағым елуінші жылдардың бас кезінде қайта соққан жұттай талай-талай жақсылар мен жайсандарды жалмаған. Осындай қаныпезер істер былайғы жұртқа әділдік шешімі деп түсіндірілген. Бастауыш мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі оқулықтар мен қолданбаларда шындықтың өнін айналдырып көрсету орын алды. Ақырында өз ұлтының жасаған ең тандаулы рухани мұрасынан, ертеде ел қамын жеген ерлердің шын арман-мұратынан бейхабар, жалған түсініктер ықпалымен тәрбиеленген буындар өсіп жетілді. Жас қауымды ана тілінен, дінінен бездіру әрекеті үздіксіз, тынымсыз жүргізілді. Аты казак, заты дүбәра, ешнәрсенің тарихын дұрыс білмейтін, бірақ халқының өткендегісін бірыңғай жамандайтын қансыз, нәрсіз қауымның пайда болуына осындай жағдайлар себепкер. Отаршылдық жүйе халықты тарихи жадынан айыру жөніндегі негізгі мақсатына тым жақындап та қалған еді. Бірақ дүниеде әділдік бар, жаратқанның күдіреті бар деген сөз рас екен. Отаршылдардың ғасырлар бойында елдің санасын улап, жамандықты жаналық деп алдандырып, халықтың өзіндік келбет-тұлғасын өшіріп, жанын жаралап, ішкен-жегеннен басқаны ойламайтын құр тобыр жасамақ болған арам ниетінің күлі көкке ұшты, Тәуелсіздік күні туды...

Бүлінгенді түзейтін, жоғалғанды іздейтін, жалғандықты әшке-релеп, шындықты орнына келтіретін кезең келгенін сезінудің өзі

бір ғанибет. Бірақ «батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» дегендей сананы отаршылдық идеологиясы сіндірген сырқаттардан арылту да оңай емес. Бұл арада дәрігерлердің өлімші болған денені бірте-бірте тірілтетініндей білгір де ділгір әрекеттер керек. Бұрынғы жабық тақырыптардың бетін аршу мәселенің бергі жағы болса, оны ғылыми талаптар тұрғысынан тереңдеп тексеру одан да күрделі нәрсе. Бұндай міндеттерді атқару парызы енді өзімізге тіреліп отыр.

Осындай қастерлі тақырыптардың бірі Кенесарытану болып табылады. Бұл тарапта бұрынды-сонды жазылған түрлі жанрдағы еңбектердің өзі әлденеше том құрайды. Оларды жинап жариялау, зерттеу, жұртшылық игілігіне айналдыру алдағы күндердің уәзипасы. Соған карамастан жанды проблемаларды әңгімелеп отырудың зәрулігі бар деп есептейміз. Осы мақсатты көздей отырып, Кенесары күресінің бастау көздерін, қозғалыстың сипаты мен барысын, қолбасшының ұлы армандарын, қоғамдағы қайшылықтарды, көтерілістің ақыры трагедиямен біту себептерін, Кенесарының фольклор мен әдебиеттегі көркем бейнесін сөз етуді жөн көрдік. Отаршылдықтың зардабы, ел ішіндегі алауыздықтардың ланы, түркі халықтары бірлігінің жоқтығы қандай үлкен бастаманы да сәтсіздікке душар ететіндігін де тарихтың ащы сабағы ретінде еске түсіру орынды. Демек Кенесары тақырыбы өткен күннің өкініші ғана емес, бүгінгі тіршілігімізге тікелей байланысы бар, салыстыруды, зерттеуді керек ететін нәрсе. Басқаша айтқанда, Кенесары заманында қазақ қоғамының күн тәртібіне қойылған мәселелердің бірталайы бүгінде де барынша мәнді, салдарлы. Ол мәселелер қазіргі кезде ғана емес, келешекте де қайталанып, өзінің шешімін табуды қажет етуі мүмкін. Бұл айтылғандар қазақ халқының дүниеден орын алып, өз жері мен байлығына өзі қожалық етуі немесе күштілерге мәңгі жалтанқөз болу қаупі бүгінге дейін күн тәртібінен түспегенін де аңғартса керек.

Алдымен Кенесары Қасымов өзінің дарыны мен қайратын қандай мұраттар үшін жұмсады деген сұраққа жауап берілуі керек. Кенесарының барлық мүддесі қазақ елінің ежелден өсіп-өнген жерінде бейбіт, азат өмір кешуі үшін күреске арналғаны анық. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күшті наразылығын тудырған жағдай хандықтың жойылып, оның орнына округтер пайда болуы, елді билеудің бүкілресейлік жүйесінің жүргізіле бастауы еді. Халық қозғалысының негізгі себептері қазақтың ең

шұрайлы жерлері тартып алынып, сол жерлерге әскери бекіністер салынуына, қазақ жерін жаулаушылықтың күшті қарқынмен іске асырылуына, елдің тіршілікке қолайсыз өңірлерге ығыстырылуына, қазақ ауылдарының жиі-жиі тонаушылыққа ұшырауына байланысты. Бұл тұста Ресей өзінің күштілігіне әбден сеніп, ешқандай хан-сұлтаннан айылын жимайтын, аз халықтардың өзіне бағынышты болуына көзі үйренген еді. Сондықтан да Қазақстанды Орта Азияға, одан әрідегі Үндістанға барар жолдағы бекет, қақпа деп қана есептеп, сахара халқының мұң-мүддесімен санаспайтын халге жеткен. Қазақтың ауылын шауып, малын талап алып, адамдарын тұтқындап әкету, жас балаларды құл ретінде сатып жіберу қазақ жеріне жиектей келіп орналасқан орыс-қазақ әскерілерінің үйреншікті әдетіне айналған. Тарихшы Е.Бекмахановтың зерттеуінде мұндай зорлықтардың барған сайын үдей түскеніне мол мысалдар келтірілген. Мәселен, Кенесары патша өкімшілігіне жазған бір хатында орыс әскерлері жоқтан өзгені сылтау етіп қазақ ауылдарын 1825, 1827, 1830, 1831, 1832, 1836-жылдары аяусыз талан-таражға салғанын, бұл шабуылдар кезінде көп адам мен мал-мүлік набыт болғанын жазады. Мұндай тыюсыз зорлық жыл асқан сайын жиілей бергені байқалады. Орыс-қазақ отрядтары бейбіт ауылдарды 1837 жылы екі рет, 1838 жылы төрт рет, 1840 жылы үш рет шапқан. Отаршылдыққа қарсылықты мүлде тұншықтырып тастау үшін Ресей әкімшілігі қазақ жерінің отарлығына бойлап кіріп, қамал, бекіністер салдырып, еркін елді жан-жақтан қоршап, құрсаулап тастауды қолға алған болатын. XIX ғасырдың отызыншы жылдарында Абылайдың Қасым төреден тараған ержүрек ұлдарын намыс отымен жалындатып, азаттық үшін атқа қондырған негізгі түрткілер осындай деуге болады.

Қазақстанның әр өңірінде билеушілердің қысымына шыдамай бұрк етіп көтерілген қозғалыстарды тез арада басып-жаншып үйренген патшалық әскері мен оларды қолдаған жергілікті өкімдер Кенесары Қасымов бастаған күрестің тегеурінділігін бірден сезіп, оны өшіріп тастауға өршелене кіріскені белгілі. Бірақ қалың қауымның тілектестігі мен күшіне сүйенген бұл қозғалыс он жылға созылып, халықтың азатшылдық рухының символына айналды, тарихта өшпес із қалдырды. Өзінің қару күшімен бүкіл Еуропаның жандармы атанған Ресей әскеріне қарсы соғысқа шығу ол кезде нағыз жүрекжұтқан ерлікті керек ететін. Хандық-

тар тұсында ел билегендердің көбі патшалық құзырына бағынып, өздерінің ауылы мен жақындарының қамын ойлаудан әрі аспаған жағдайда бүкіл халықтың елдік туын көтерген және зұлымдық пен озбырлыққа қарсы шығатын күш қазақ жерінде де бар екенін дәлелдеген Кенесары Қасымов қозғалысы болды.

Кенесарының қолбасшылық айрықша қабілетін достары ғана емес, дұшпандары да мойындаған. Мұны біз орыс тарихшысы Н.Середаның «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүліншілігі» деген еңбегінен көреміз. Қазақ халқының ұлттық-азаттық көтерілісіне отаршылдық тұрғысынан караған ол Кенесарының халық алдындағы беделінің артықтығын, кең сахарда шашырап жатқан елді тас-түйін етіп өз манайына шоғырландырудағы, патшалықтың талай елді талап, жаулап, қырып-жойып дағдыланған қаһарлы әскеріне қарсы тұрарлық сарбаз жинап, оларды кескілескен ұрыстарға даярлап шынықтырудағы зор талантын сипаттай келіп, оны аса көрнекті қайраткер деп жоғары бағалайды, қазақ ханының тарихи орнын Солтүстік Кавказ, Дағыстан халықтарының ұлт-азаттық соғысының айбынды бастаушысы Шамилмен қатар қояды. Кенесары қозғалысының Орта Азияны жалмап жұтуға ұмтылып келе жатқан патшалық қосындарының жолын бөгеп, олардың озбырлық өктемдігінің мерзімін бірталай жылға шегіндіргендігін басқа зерттеушілер де мойындайды. Бұл ретте атакты ғалым Зәки Валидидің Кенесарыны қазақтың ғана емес, күллі Түркістан халықтарының азаттығы үшін күрескен қаһарман деп сипаттауы мейлінше дәл екенін айта кеткеніміз жөн.

Қазақ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы Жанұзақ Қасымбаев өзінің «Кенесары хан» деп аталған (1993) кітабында Кенесары туралы ілгері-кейінді айтылған пікірлерді қорытып, жаңа тұжырымдар ұсынған, тарихтың тасада қалып келген кейбір куәліктерін келтірген. Бұл еңбекте Кенесарының ұлылығын сипаттайтын көптеген мағлұматтар көрініс береді. Сонымен қатар қазақ жерін ежелден патшалық меншігі деп өзеуреп жүрген қазіргі кейбір пиғылы бұзық орыс шовинистеріне де қарсы дәлелді жауап айтылған. Мұны автордың «шын мәнінде XVIII ғасырдың соңғы ширегі, XIX ғасырдың басында Ресейдің саяси билігі тек қана Жайық, Есіл, Ертіс өзендері бойына салынған отарлаудың тірегі-бекіністердің төңірегінде 100 — 150 шақырым қашықтыққа ғана жүретін» (5-бет) деген сөздерінен көреміз. Сондай-ақ ғалымның «Кенесары бар қабілетін патшаның жаулаушылық қимыл-

дарын токтатуға, оның қарқынын әлсіретіп, үш жүздің бірлігін нығайтуға жұмсады» деген пікірі де аты аңызға айналған қайраткердің күрес мұратын нақтылы ұғындырады.

Кенесары қолына жілік ұстатқанға малданып, қарны тойса халық мүддесін ұмытып кететіндерден мойны озық жан екені оның орыс патшасына жолдаған хаттарынан да айқын сезіледі. Ол патшадан бір заманда Абылай хан меншігінде болған жерлерге қол сұқпауын, тыныштықтың бұзылуы патшалық әкімдері тарапынан жасалған қысымшылықтан туып отырғанын ашық жазған. Ол хатта: «менің марқұм атам Абылайдың иелігіне кіретін өңірде Сіздің адамдарыңыз сегіз дуан ашқанына қатты қынжыламыз. Барша қазақ халқына қысымды токтату және бірыңғай тыныш өмірді қалпына келтіру үшін, ұлы патша, өмірімізге қол сұқпауыңызды, сегіз дуанды және даламызда салған басқа да қоныстарыңызды жоюды өзіңізден өтінуді бақыт санаймын» делінген! Аранын ашып сонау қиыр шығысқа дейінгі ұлан-ғайыр өлкені жаулап алған, өзгелердің жерін күшпен тартып алу үшін қыруар әскер ұстаған Ресей патшасына XIX ғасырдың орта тұсында осыншама өжет сөздерді жазу Кенесары сынды теңдесі жоқ ерлердің ғана қолынан келмек. Мейманасы тасыған Сібір губернаторына жазған хатында «Ресейге бағынышты жұртты өз жағыңызға қаратып алды деп реніш білдіріпсіз. Мәселе тіпті басқаша ғой. Менің атам Абылайдың иелігіндегі бірнеше дуанды жөнсіз ұйымдастырып, салық жинаттырып отырған Сіздер емес пе?» — дейді. Тағы бірде патшалық әкімшілігінің өкілдері келіп, қазақ жерінен қалаған жеріңізді алып, өмір сүруіңізге кеңшілік беріледі дегенде Кенесарының «бұлар маған неге өз жерімді өзіме сыйламақ болады», — деп ашуланғаны да құжаттарда сақталған. Міне, осындай сөздерден-ақ Кенесарының арманы мен мұраты аса ірі тұлға екені анық байқалса керек.

Зерттеушілер Кенесары қозғалысының ұлан-байтақ қазақ даласында ұзақ жылдар бойына созылуының негізгі себептері қатарында бұл көтерілісті қауымның көпшілігі қолдауын, азаттық үшін алысқан ханның жеке басының қолбасшылық, мәмілегерлік, саясатшылық асқан өнерін, ел ісіне ақырына дейін берілгендігін, оның төңірегіне қазақ бостандығы жолында жан аямай соғысуға бекінген батырлардың топтасуын ерекше бөліп көрсетеді. Қозғалыстың ақыры трагедиямен аяқталуы өкінішті оқиға болғанымен, тәуелсіздік үшін күрестің жалпы бағыты мен сипаты тари-

хымыздың ең жарқын беттерінің бірі болып саналмақ. Қазақ даласы ежелгі еркіндік мінезінен айрылып, сұлық түсіп жатқанда жоғалмаған жігерлілік, өшпеген өжеттік, қайтпас қайсарлық, қалың жауға қарсы шабар ерлік тек қана Кенесары мен оның қосынында ғана қалғандай еді. Өзгеге кіріптар тіршіліктен арпалысып жүріп жаудан кек алғанды, тажалдай күш қарсы келсе де, сескенбей, намыс туы жығылмай арыстанша айқасқанды артық санаған қолбасының өнегесі мәңгілік өнеге болып қала береді. Кенесары қазақ жерін басқыншыларға бермеуге, сахараға әскери бекіністер салдырмауға, Ресеймен терезесі тең көршілестік, өзара тиімді ынтымаққа негізделген қарым-қатынас құруға ұмтылды. Бірақ әлсіз елдерді қарудың күшімен жаныштап тастауды өзінің түпкілікті саясаты етіп ұстаған патша үкіметі қазақ халқының мүддесімен зәредей де есептескен жоқ, қалайда азаттық қозғалысын қанға бояп басуды көздеді. Енді бірде амалы таусылған отаршылдар Кенесарыны өлтіріп, басын кесіп әкелу үшін үш мың сом бәйге де тікті. Ал Кенесарының өз еліме өзім иелік етемін дегеннен басқа «жазығы» жоқ еді. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын өткен бұл оқиға сабағы ешқашан ұмытылуға тиісті емес...

Кең сахарада шашырай қоныстанған, шүйгінді жерлерінен айрылып, шөлейт далада көшіп-қонуға мәжбүр болған қазақ елінен қосын жинап, оны айбынды күшке айналдыруы, бірде шегіне, енді бірде соғыса жүріп, жауға намысын жібермей, кегін қайтарып отыруы, әділетсіздікке бас имеуі, алған бетінен жалтармауы Кенесары бейнесін айрықша тартымдылыққа бөлейді.

Кенесары қозғалысына әуел бастан іріткі салған күштер қазақтың өз ішінде болғаны да тарихтың қасіретті шындығының бірі. Мұндай алауыздық алдымен Абылай хан ұрпақтарының арасынан шыққаны белгілі. Олардың бір бөлігі патшаның үкіміне бірден бағынып, өздеріне қолайлы тіршілікті көздеді, Ресей әкімшілігінің айтқанын екі етпейтін малайларына айналды. Қазақ руларының көсемдері мен іс басында жүрген сұлтандардың біразы отаршылдармен тіл табысты, өздерінің қара бастарының тыныштығы мен тоқтығын ойлады. Міне осы топтағылар көтеріліске шыққан халықты патша әскерлерімен қоса шабысты, тәуелсіздік туын көтерген ерлердің сонына түсті, сыртынан тыңшылық жасады, қозғалысқа қосылған рулар мен топтардың жүрген жерлерін патшалық әкімдеріне хабарлап отырды. «Іштен шыққан жау жаман» деген осылар еді. Патшалық әкімдері ел мүддесін сатқан-

дарға шекпен кигізіп, шен тағып қолдап отырды. Кенесарының кен қазақ даласына сыймай, жиі қоныс аударып, тынымсыз арпалыста жүруі оған өлердей өшіккен жергілікті шонжарлардың әрекетіне байланысты еді. Құзғын мінезді надан сұлтандар мен рубасылардың Кенесарыға қарсы тыңшылық, жаулық істері елдің арына кір келтіретін ең жексұрын құбылыс ретінде таңбалануы тиіс. Бір жағында Ресей патшалығы, екінші жағында Қокан хандығы болып екі өкпеден қысып тұрған шақта олар халықтың нағыз ерлерін күндеп, сыртынан ғайбат жүргізді. Бағыныштылыққа еті үйренгендер қазақты жамандауға, талауға, қорлауға атсалысқанына қорланбайтын болды, бірте-бірте елді тілден де, діннен де айыруға күш салды. Уақыт өте келе мұндайлардың саны да көбейді, елдің ең ізгі дәстүрінен хабары жоқ, ұлттық қасиет дегенге жатырқай қарайтын, «барлық қазақ байлығын алсаң да еркін, тек өзім аман болайын» дейтіндердің арғы тегі осындайлардан таралғанын түсіну қиын емес. Мұндайлар кеше қандай жексұрын болса, бүгін де соншалықты қауіпті.

Қазақ арасындағы бірліктің кемдігі тарихтың ұзына бойында қаншама рет опық жегізгенін есептеп шығу мүмкін емес. «Жаным — арымның садағасы» деген қасиетті қағиданы берік ұстаған небір ерлер ел ішіндегі ынтымақтың жоғынан шерлі болып, күйік тартқан. Кенесарының да, қазақтың басқа батырларының да өрге басқан талабын кейін тартқан қырсық осы айтқан алты бақан алауыздық, күншілдік секілді кесел болатын. Кенесарының:

Қырда Қокан, ойда орыс,
Әкім болды қаласы.
Кімнен таяқ жегендей
Біздің қазақ баласы,
Алдырып жүрген дұшпанға
Ауызының аласы, —

деген нақылдай тұжырымды сөздерін бүгінгі жұртшылық та, болашақтағы ұрпақ та жадында аманаттай сақтай білсе игі. Мұндай пікір М.Әуезовтің «Хан Кене» атты шығармасында да негізгі желілі ойдың бірі болатын. «Мені сыртқы жау алған жоқ, менің сағымды сындырған ішкі жаулар» дейтін еді онда Кенесары. Қырғыз манаптарымен соғыстың ең ұрымтал сәтінде Рүстем, Сыпатай бастаған Жетісу қосындарының Кенесарыны тастап кетуінен

де казак шонжарларының арасындағы бақталастық, елдік мүдделерге көтерілмегендік сырқаты сезіледі. Сарыарқаның иен дала-сында озбыр жаудан сақтанып, жиі коньы ауыстырып жүрген казак көтерілісшілерінің тұрағын, адамдарының, қаруларының санын тыңшылық жасап, патшалық әскерлеріне хабарлап тұрған да өзге емес, казактың өз ішінен шыққан жансыздар болатын. Ресей билеушілері казактың жүзге, руға бөлінетін әдетін өзіне тиімді пайдаланып, бір елді екінші елге қарсы айдап салуға әбден шеберленгенін әрдайым көрсетіп келген. Демек казактың ішкі бірлігі деген мәселе ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұл алдағы кезде де жетілуіміздің, өркендеуіміздің басты шарттарының бірі болып қала бермек. Жауға алдырмас ең мықты камалымыз бірлігімізге, ұлттық мүдде төңірегінде топтаса, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білетінімізге байланысты екенін қалың жұртшылығымыз неғұрлым терең түсінсе, жетістігіміз де соғұрлым мол болмақ...

Ірі мемлекеттік қайраткер, қолбасшы, дипломат, саясатшы ретінде Кенесары өзі алысқан жауының қаншалық айлалы әрі адуын екенін жақсы түсінген. Сондықтан да ол аждаһадай дұшпанға қарсы тұтас казак халқының ғана емес, тілі, діні, тағдыры жақын халықтардың күшін біріктіргісі келгені белгілі. Кенесарының Орта Азия хандықтарымен одақтас болу үшін талай әрекет жасағаны да тарихи құжаттардан мәлім. Бірақ, өкінішке қарай, ол елдердің билеушілері өздеріне төніп келе жатқан қауіпті елегісі келмеді, казак хандарына деген ескі өшпенділік дертінен арыла алмады, қайта қастандық өртін тұтандырып отырды. Кенесарының батыр ағасы Саржанды, әкесі Қасымды қокандықтардың өлтіруі осыны көрсетеді. Орта Азиядағы хандықтарды билеушілер Кенесары қозғалысы біткеннен кейін тез арада Ресейдің бодандығын мойындағаны олардың тегеурінді күреске де, салдарлы ынтымаққа да өресі жетпейтіндігін дәлелдеді. Ал Ресей, Қокан үкімдарлары Кенесарының қырғызбен бірлесіп, ортақ жауға қарсы тұру ниетін де жүзеге асырмады. Қайта олар екі халықты бір-біріне айдап салу, өштестіруді ұдайы көздеп отырды. Ақырында Кенесарының басына тігілген ақша мен шен-дәреже қырғыз манаптарына бұйырғанын көреміз. Кенесарының жалғыз ғана қателігі арандатушылардың торына түсіп, болмашы жандарды жазалаймын деген оймен қырғыз жеріне басып кіруі болды. Оның осы ағаттығын сырттағы және іштегі жаулары пайдаланып, істің

аяғы трагедиямен тынғаны әңгіменің бергі жағы ғана. Шындығына келгенде Кенесарының жеңілісі – Орта Азия мен Қазақстандағы күллі түркі халықтарының, соның ішінде қырғыз халқының жеңілісі еді. Өзара таласып, бір-біріне айбат, қастандық көрсетіп жүріп, ең мықты мемлекеттің уысына қайта босап шыға алмастай болып ілінгенін ұсақ әмірлер, маңғазсыған манаптар, шіренген сұлтандар сезбей де қалған сиқы бар. Кенесарының күллі Түркістан халықтарының азаттығы үшін күрескер деп бағалау орынды. Ұлы қолбасының әскерінде татар, башқұрт, өзбек халықтарының өкілдері болғаны, олардың бауырластық көмегі қиын-қыстау кезеңдерде көп тигені архив құжаттарында сақталған. Түркі халықтарының тәуелсіздігі мен бақыты өзара бірлігінің қалыптасуына байланысты екенін тағлым етіп қалдыруы казак халқының ұлт-азаттық қозғалысының тағы да бір үлкен сабағы деп түсінсек абзал...

Халықтың жадынан мәңгі ұмытылмастай болып орын алған бұл оқиға көркем әдебиет шығармаларынан да кеңінен көрініс тапқан. Мұнда халық қозғалысының сыр-сипатын айқындайтын, қауымның сол істерге бағасын, дүниетанымын көрсететін суреттер мол. Түрлі жанрда жасалған мұндай туындылар арнайы зерттеуге лайық. Солардың ішінен кейбіреулеріне тоқталып өтсек те, аса маңызды, татымды көркемдік мүлік жасалғанын көреміз. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының қандай жағдайда туғаны туралы тарихи аңыз әңгімелер халықтың көңіліндегі арманды дәл бейнелейді. Ел қиялы бұл мәселені Кенесарының сөзімен толғайды:

Өзен-суды жайлады,
Тұнығынды лайлады,
Көл иесі жок па еді?
Қайран жерді қарамдап,
Қала салды қамалдап,
Жер иесі жок па еді?
Ердің еркін байлады,
Итжеккенге айлады,
Ер иесі жок па еді?..
Татулыққа шақырдым,
Тұрлауы жок көпірін
Жияр емес айылды.
Жалаңдатып қылышын,
Шайқап елдің ырысын,
Шапқылатты майырды.

Қолкамызға қол салып,
Топшымызды қайырды...

Халықтың төзгісіз халге душар болғанын баяндай келіп, Кенесары жаумен соғысып, есе алғаннан басқа жол қалмағанын бір-ақ айтады:

Бұл қылығын тимаса,
Етек-жеңін жимаса,
Тартқызамын уайымды,
Қамалдарын шабамыз,
Басына өлек саламыз
Арты болсын қайырлы!

Арқадағы елдің игі жақсылары бас қосып, қазақ намысын қорғайтын ер деп Кенесарыға бата берген тұсы да аңыз түрінде сақталған. Қарапайым халықтың өз түсінігі, үміті мен аңсары ретінде берілген мұндай сөздердің де мәні терең. Кенесарының басына арғы-бергі замандарда өмір кешкен атақты адамдардың қасиеті дарысын деп тілеу нағыз жамағатшылық сөзі болып естіледі:

Әзірет Әлідей пырақты бол,
Рүстем-Дастандай қуатты бол.
Лұқпанның жасын берсін,
Аплатонның басын берсін,
Сүлейменнің тағын берсін,
Ер Шыңғыстың бағын берсін,
Жиреншенің жағын берсін,
Дәулет атаның дәулетін берсін,
Абылай ханның сәулетін берсін,
Қайып батырдың қайратын берсін,
Ораз батырдың айбатын берсін,
Күлсарының сұсын берсін,
Күлекенің күшін берсін,
Қаз дауысты Қазыбектің сөзін берсін,
Үйсін Төле бидің тезін берсін,
Шақшак Жәнібек жолын берсін,
Ер Бөгенбай қолын берсін...

Қаптаған қасақы жаудың қысымы салдарынан Кенесары қоныстан ауғанда Досқожа ақын шығарған қоштасу жыры халықтың мұң-наласын, шер-шеменін мейлінше толық сипаттайды. Ақын қазақтың бейбіт, еркін бақытты күн кешкен шағын еске

түсіреді, бұл қоныстың ата-бабалар қайратымен қолға түскенін де айта кетеді.

Қатарынан артықсын,
Қайраты түпсіз тереңім!
Атаңыз жаулап өгіпті
Қалмақтың Уса, Серенін.
Бұл қоныстан кеткен сон
Көреміз бе, дүние-ай,
Мына жатқан Есілдің
Көкорай тартқан өзенін? –

дей келіп, туып-өскен жердің сәулетін, қадір-қасиетін айтып тауыса алмайды.

Күншілік жерден көрінген,
Көрінсе, көңіл бөлінген,
Алшандатып ат мінген,
Кіші ауылдың қыстауы –
Баянауыл, Қазылық.
Үдере көшкен байлардың
Жолы жатыр қазылып.
Жазғытұры болғанда
Жалғыз-жалғыз ауыл боп
Отырушы едік жазылып...

Халықтың көңіл күйін білдіретін жыр жолдары ешбір тігісін жасыруға көнбейтін шындықты куәлендіреді.

Аман бол, қалдың көгеріп,
Бастары самал тауларым!
Кетемін деген есте жоқ
Көшірді дұшпан жауларым!

Отаршылдық зардабын ешбір жазба құжат халықтың жүрегін жарып шыққан өлең жолдарындай табиғи қалпында бейнелей алмайды.

Артымда қалып барасын,
Қарағайлым, Шұбарым.
Қызығын көрген елімнің
Енді білдім жыларым!..

Кенесары хан мен оның батыр інісі Наурызбай туралы ел арасындағы аңыз, өлең, жыр толық жиналып алынбаған. Оның негізгі

себебі бұл ерлер бастаған халық қозғалысына деген көзқарастың құбылып отыруы, ұзақ жылдар бойында көтеріліске теріс баға беріліп келуі. Бірақ ешқандай зорлық қиянат елдің санасында сақталған шындықтарды мүлде жоғалтып жіберуге қабілетсіз еді. Қазан төңкерісіне дейін-ақ Кенесары мен оның батырлары жайында талай-талай көркем шығармалар дүниеге келген. Олардың бір парасы әуел бастағы шығарушыларының аты ұмытылып, халықтық туындыға айналса, кейбіреулері авторлық жаратынды ретінде елге әйгілі болған. Солардың қатарында өзінің көлемі және көркемдігі жағынан айрықша бөлектеніп тұратын екі дастан бар. Олар Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» және Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Наурызбай төре» деп аталған дастандары. Жанрлық сипатына қарағанда бұлар тарихи шығармалар тобына қосылады, сонымен бірге бұл жырларда дәстүрлі ежелгі батырлық эпосқа тән әсірелеулер мен басқа да көркемдік кестелер жиі ұшырайды.

«Қисса Наурызбай төре» жырында оқиғалық түйін Наурызбайдың ерліктері мен серіліктері туралы көбірек айтылса да, мұнда Кенесарының тарихи орны мен жарқын тұлғасы елестетіліп отырады. Жырдың мазмұны Наурызбайдың сенімді нөкерлерімен бірге ерлігін, бағын сынамақ болып, алыстағы бір елдің жылқысын айдап, қуғыншы адамдарды сокқыға жығып кетуі, осы жолда Қаншайым атты сұлу, ақылды қызбен танысып, ақырында сол қызға үйленгені туралы оқиғаларға құрылған. Дәл осындай оқиғаның шындық негізі қаншалық екенін анықтау зерттеушілердің сыбағасы. Ал дастанда ақын жас қайраты жалындап, лаулап тасқындаған, ерлік пен мәрттікте теңдесі жоқ Наурызбай батырдың тартымды бейнесін жасай алған. Сондықтан да бұл дастанды жыршы, жыраулардың сан әулеті айтып, елден елге ауызша таратып келген. Ақыл-парасаты биік әрі сұлу Қаншайым бейнесі де ерекше шеберлікпен тартымды шыққан, Қаншайым қазақ жырларындағы аты мәлім данышпан әйелдер деңгейіне көтерілген. Жырдың тыңдаушыға сүйікті болып келуінің тағы бір себебі мұнда халықтың құлағына жағымды ежелгі батырлық сарындардың қайталануы деуге болады. Батырдың ерлік сынынан өтуі, өзіне лайық жар таңдауы, қаһармандықпен үйленуі, елін қуанышқа бөлеуі секілді қалыпты нақыштар жырдың ескі аңыз, эпоспен үндестігін аңғартады.

Аса елеулі шығармалардың бірі – «Кенесары–Наурызбай» дастаны. Мұны шығарушы Нысанбай жырау – Кенесары жорық-

тары кезінде бірге болған, барлық дерлік оқиғалардың куәгері, әрі азаттық ансарын биік ұстаған ірі ақындардың бірі. Бұл жырда келтірілген істер мен деректердің молдығы әрі шыншылдығы оны тарихи жырлардың ең таңдаулылары қатарына қосады. Мұнда тарихи құжаттар арқылы мәлім болып келген оқиғалармен қатар ақынның өз көзқарасын білдіретін тұстар да баршылық. Кенесарының қырғыз жерінде бастан өткергендері әрі баяндалып, әрі оларға баға беріліп, кейде сын айтылып отыруы шығарманың құндылығын арттырады. Ақын Кенесары-Наурызбайдың адал тілектесі бола тұрса да, барлық жерде бірдей бұлардың істерін құптай бермейді. Ағаттықтар мен өкініштерді, тағдырдың кездейсоқтығын қатар келтіреді. Ақын жырау кейде жырлардың дәстүріне ойысып, батырлардың ерлік әрекеттерін әсірелеп суреттейді. Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанының ғылыми тексерілген мәтінін (текстін) анықтау келешектің жұмысы. Ел арасында жырдың түрліше айтылатын жекелеген жолдары мен шумақтары аз еместігі айқын. Айтушылардың кейіннен қосқандары немесе алғашқы түпнұсқаның ұмытылып қалғандары сын көзімен тексерілуі тиіс. Өлең жолдарының түрліше нұсқаларын салыстыру жырдың алғашқы бітімін қалпына келтіруге көмектеспек.

«Кенесары–Наурызбай» жыры құжаттардың белгілі бір тұстарын нақтылай түсуге септігі тиетіні күмәнсіз. Кенесарының соңғы сәтсіз жорығына бару себептері, оның бұл жолдағы сенімді серіктері, ханды әзәзіл күштердің арандатушылықтары, әуелі дос болғансып, күндердің күнінде қаһарлы ханды жау өтінде қалдырып кеткен қазақ сұлтандары мен рубасылары, қарсыласқан жұрттың белгілі адамдары туралы ақын өзінің білгені мен сезгенін айтып қалдырған. Дастанның танытқыштық мәні осында.

Бұл жыр ел аузында бірсыпыра уақыт айтылып келіп, 1932 жылы кітап болып басылған. Одан бергі мезгілде дастанның өңделіп, қырнанып, жаңа өрнектермен толысуына мүмкіндік болмағаны белгілі... Нысанбай жырау дастанының түпкілікті айтпақ ойы:

Күмісті садақ, алтын оқ,
Кенекен жауға жолықты.
Ақ білегін сыбанған
Балуанды тойға жолықты.
Алыстан тоят іздеген

Ақ сұңқарға жолықты.
Айшылықты бір басқан,
Қас тұлпарға жолықты.
Асқындаған пейілінен
Кенекем зорға жолықты.
Нөкерімен теп-тегіс
Бір ажалға жолықты, —

деген жолдардан көрінеді. Ақын мұнда болған істі жай хабарлаған деу аздық етеді, ол «жазмыштан озмыш жоқ», тағдырдың үкімі осылай болды дегенді жамағатқа есіттіріп отыр. Дана ақынның сөз сынайын осылайша қорытуы шындыққа да, жағдайға да сәйкес лебіз. Өйткені бұл арада Кенесарының бұрынғы сансыз ерлігін, өзінің дұшпандарынан анағұрлым биікте тұрғанын, мақсатының ұлылығын тізіп жату мүлде артық болар еді...

Кенесары — Наурызбайды жоқтау өлеңдердің мол болуы олардың көздеген асқақ арманын халықтың терең түсінгенін, дүниеден өкінішті түрде өткеніне күйініш білдіргенін дәлелдейді. Ең маңыздысы — сол жоқтау өлеңдердің дені ондаған жылдар бойында ел жадында сақталып келген. Алғашқы жоқтаулардың бірін шығарған Нысанбай жырау болса, сол сарында аты белгісіз ақын-жыршылар тағы да көп өлең қалдырған. Нысанбайдың жырындағы:

Қоғамы күшті ер еді,
Киімді бала тудырған.
Ықпалы жүрген ер еді,
Алтынды қылыш будырған.
Абылайлатып ат қойып,
Дұшпанды көрсе қудырған!
Көп сарғайтып келместей,
Кене хан, саған не болды? —

деген сөздерде ақынның ғана емес, тәуелсіздік мұраты жүрегіне жақын жұртшылықтың да ортақ еске алуы аңғарылады десек, артық айтылғандық болмайды.

Кенесарыны жоқтаудың тағы бірін Арқадағы Тезекбай ақын шығарған делінеді. Шындығында, бұл ел мұрасына айналған, көркемдігі кемел өлең.

Айласын дұшпан асырды-ай,
Жүзімді қайғы жасырды-ай.
Ажалға қайтіп қиды екен,

Кенекем сынды асылды-ай!
Өзекті жайлап өкініш,
Жер болып көңіл басылды-ай.
Болмадық, өттен, қасында-ай,
Арулап қойып басында-ай.
Қормалым, қорып баққаным,
Қорлығы өтті-ай датқаным.
Итаршы болып патшаға,
Пара мен шенге сатқаным!
Қолына залым түсірді-ау,
Қапыда құрып қақпанын.
Қазақтың басын қосам деп
Осы ма олжа тапқаным, —

деп төгілген жүрекжарды сөздерде қылдай жалғандық жоқ екенін саналы зиялы жамағатшылық түсінсе керек. Жоқтаудың соңғы жағы да дәстүрлі қалыппен жалғасады.

Найза бойы жауынан,
Биік тұрған Кенекем.
Исі қазақ сөзіне
Иіп тұрған Кенекем!
Кенекемнен айрылып,
Кетті, қазақ, берекен!
Жетім қалған ел-жұрттың,
Жетер ме енді мұратқа?
Жебейтұғын Кенекем,
Мерт боп кеттің жырақта.
Жай тапсын жаның жұмақта.
Хор қызы болсын құшқаның,
Қор болып өтсін дұшпанын!..

Шолақ белсенділер Кенесары басына неше пәлені үйіп-төгіп, оның асыл бейнесін халық есінен шығарғысы келген замандарда да су түбіндегі асыл тастай халықтың ой түбінде осындай шын сырлары жатқан.

Атағы әлемге тараған ұлы ақын Жамбылдың аузынан жазылып алынып, архивте сақталған өлең жолдары да Кенесарының ұлы тұлғасын тануға қымбат мағлұмат қосады.

Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген
Кенекем келді алыстан.
Ақауызы арқырап,
Ақ сауыты жарқырап,

Жауар бұлттай түйіліп,
Найзасын көкке үйіріп,
Наркескені жаркылдап,
Наурызбай келді арыстан.
Жауды көрсе қуанған,
Алмасын қанға суарған
Табыннан шыққан Бұқарбай,
Ту ұстаған Нәлібай,
Жортуыл жолшы Бұғыбай
Жалаң қылыш байланған,
Жау қайда деп сайланған
Батырлар келді Қордайға...

Халық ақыны Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» деген поэма-сында қазақтың азаттық күресіне іріткі салған ру, тайпа көсемдерінің дүниеқор, екіжүзді әрекеттерін әшкерелейтін нақтылы мысалдар мол кездеседі...

Халықтардың ұлт-азаттық күрес тарихын барша шындығымен жазуға тиым салынған кездерде де Кенесары жайында күрделі көркем туындылар жасалғандығы тосын олжадай болып көрінеді. Бұл тақырыпқа қазақтың жазба әдебиетінде екі үлкен шығарма туғанын сәттілік деп қарауға болады. Ол шығармалардың біріншісі – Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы, екіншісі – Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы. Бұл екі туындыны да қазіргі замандағы қазақ әдебиетінің бірегей ескерткіштері деп санауға әбден лайық. Екі шығарманың да ойы терең, құрылысы шебер, мұраты асқақ, көркемдік нақыштары келісті екені халқымызға кеңінен таныс. Бірақ бұл жаратындылардың тағдыры қиын болып қалыптасқанын елдің бәрі бірдей біле бермейді. Мұхтар Әуезовтің алғашқы нұсқасы 1928 жылы жазылып, 1934 жылы сахнада қойылған «Хан Кене» пьесасы жарты ғасыр бойында жарық көрмей, 1983 жылы ғана баспа жүзінде жарияланды. Тарихи оқиғаларды бағалаудағы біржақтылық, көркем әдебиет шығармаларының өзіндік ерекшелігін ескермеушілік әдебиетіміздің өлмес туындыларының бірін оқушылардың көзінен тасада қалдырып келгенін өкінішпен айтуға тура келеді.

Кенесары мен ол бастаған азаттық қозғалысының ақиқатын батыл әрі ақиқат суреттеген жазушы Ілияс Есенберлиннің романын да нағыз әдебиет ерлік деп білеміз. Әдебиетшілер былай тұрсын, тарихшылардың өзі Кенесары тақырыбына бара алмай, әділдік сөзін айта алмай жүрген кезде «Қаһар» романының жазылуы және жариялануы қоғамдық ойды сергіткен нағыз жаңашыл кү-

былыс болды. Кейіннен бұл роман орыс тіліне, басқа көптеген тілдерге аударылып, әлем жұртшылығына кеңінен танылып, биік бағаға ие болды. Соған қарамастан ішіне шынашақ айналмайтын кейбір күншіл қаламгерлер романның құнды қасиетін төмендетіп көрсетуге, шығармадан саяси қателер іздеуге тырысып, жазушының өмірін улады. Оның «Көшпенділер» деп аталған тарихи романдары сыйлыққа ұсынылғанда өзінен өзгенің озғанын көре алмайтын, жаңалыққа қуана білмейтін кейбір жандар жабыла аттан салып, трилогияны жамандап шықты. Бірақ жақсы мен жаманның парқын қапысыз айыратын уақыт қазақтың азамат жазушысы Ілияс Есенберлиннің еңбегі өмірлі екенін дәлелдеді, бұл шығарма көп таралыммен қайталанып басылып келеді... М.Әуезовтің «Хан Кенесі» мен І.Есенберлиннің «Қаһары» Кенесарыға орнатылған ең қымбат жәдігер...

Бұл келтірілген мысалдар Кенесарының көркем әдебиетте жанды көркем бейнесі жан-жақты, әсерлі сомдалғанын сипаттайды. Қазақ тарихында аты мәлім қайраткерлердің ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де нақ осындай ерекше ілтүпатқа бөленгені сирек.

Қаһарман есімін қазақ ақындары мен жазушылары ғана емес, өзге ел авторлары да ауызға алып, ол туралы әділ пікір айтқанын ілгеріде атап өткен едік. Патша заманында Қазақстанға жер аударылып келген поляк зиялысы Адольф Янушкевич өзінің жазбаларында Кенесарыны Алжир халқының француз отаршылдарына қарсы күресінің көсемі Абд эль Кадерге теңегені де көңіл аударарлық баға. Патша әкімшілігінің кейбір қызметкерлері де қазақ халқының тәуелсіздік үшін қозғалысына түсіністікпен қарап, езгіге түскен елдің шын жағдайын білуге ұмтылғандары болған. Соның бірі Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы, генерал-майор А.Генс... Дегенмен Кенесары қозғалысы жөнінде өзге жұрт өкілдерінің ойлары әлі күнге дейін жиналып болмаған. Ондай деректер шетел архивтері мен кітапханаларында аз болмасқа тиіс. Кенесарыны тыным бермей қудалаған патшалық әскері мен қарапайым орыс адамдарының арасына да тепендік белгісін қою әділеттілікке жатпайды. «Қазақтың ең жақсы жерлерін бізге тартып әпер» деп талап қойған орыс мұжықтары еместігі де белгілі. Кенесарының тұтқынында болған кезінде ханның өздеріне адамгершілік тұрғысынан қарағанын жазып кеткен орыс адамдарының аты-жөндері мәлім. Мұның өзі алдағы

кезде Кенесары қозғалысының аумағы мен мәнін қазақ көлемімен ғана шектеп қоймай, оны кеңірек деңгейге шығарып тексеру керектігін аңғартса керек.

Тарихи оқиғалар мен қайраткерлер еңбегі турасында әр дәуір адамдары өздерінің дүниетанымы тұрғысынан баға беріп отыратыны табиғи құбылыс. Кезінде дүрілдеп аты шығып, уақыт өте келе мүлде ұмытылып кететін есімдер де болады. Біздіңше Кенесары даңқы қазақ халқы үшін тұрақты даңқ болып қала береді. Сонымен қатар оның басына түскен қасірет халқымыздың қасіреті болып есептеледі. Өйткені Кенесары жеке бастық мүддеден халық мүддесін жоғары қойған, осы жолда тапжылмай, таймай, азбай, ақырына дейін айқасқан ердің ері. Үлкенді-кішілі тарихи құбылыстарды бағалағанда халық адаспайды. Ендеше, қазақ халқы өзінің асыл перзентіне деген бейілін әлдеқашан айтып қойған.

Сөз аяғын бүкіл түркі әлеміне даңқы шыққан қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың Кенесарыға арналған биік романтикалық өлеңінің жеке жолдарын мысалға келтірумен түйіндегіміз келеді. Ақынның «Оқжетпестің қиясында» деген шығармасындағы тебіреністі лебіздер ойы ұшқыр, ұлттық мұраты нұрлы азаматтарды толғандырмай қоймайды.

Алашта талай-талай ерлер өткен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...
Арқала Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күніреңіп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құлай-ау, мәңгілікке қарғамасан
Кенедей енді неге ер тумайды?..

Мағжан ақын өмір сүрген шақта бұл сөздердің уыты толық күшінде болатын. Жырдың түпкі мұратындағы шындық әлі де ескіре қойған жоқ. Орындалмаған армандар, ұлы өкініштер толып жатыр. Сонда да болса, қазіргі кезеңде қазақ жеріне тәуелсіздік таны атқанына, еліміз үміт пен сенімге толы нық қадамдар жасап жатқанына, ел қамын терең ойлайтын намысты, жігерлі

арыс азаматтар азаттық туын берік ұстап, заман көшін алға бастап отырғанына шүкіршілік етеміз...

АҢЫЗДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Қазіргі кезде ежелгі күннен дерек беретін аңыз-әңгімелерді жинау, жариялау қарқын алып келеді. Мұның түпкі себебі тарихымыздың жабық жатқан беттерін, бұрын елеусіз қалып келген ұлт, тайпа, ру қайраткерлерін жұртшылыққа таныстыру ниетінен туса керек. Ұзақ ғасырлар бойында өзгеге тәуелді ел болғандығымыздан өз тарихымызды зерттеуге мүмкіндік тумай келгені белгілі. Енді жариялылыққа жол ашылған кезде бұрын қалтарыста жатқан, көмескі тартқан көне деректерді қайта аршып алу қажеттігі көміл. Ал осы тараптағы ізденістер мен жарияланымдар сипаты әрқилы екені де айқын көрінеді.

Бұрыннан аты жазба деректерден белгілі адамдар, оқиғалар туралы қосымша мағлұмат беретін, түсініктерімізді байытатын, архивтік немесе ауызша айтылып келген аңыздардың мәні зор. Сондай-ақ бұл уақытқа дейін аты-жөні көпшілікке бұлдыр, кейде мүлде белгісіз болып келгенімен, тарихқа берер дерегі мен керегі күмән туғызбайтын, нақтылығы, шындығы көңілге қонымды аңыздарды да іздеу, жинау ләзім. Бұлар бұған дейін қорытылған ойлар мен тұжырымдарға тың дәйектемелер қосады, тарихи ұғым аясын арттыра түседі. Ғылым өрісін кеңейтетін де, тың пікірлер ұсынуға негіз болатын да, бейнелеп айтсақ, осындай аз да болса, саз, қысқа да болса, нұсқа сөздер.

Сонғы жылдарда баспасөз бетінде, кейде кітап болып таралып жүрген аңыз әңгімелердің енді біреулері туралы «міне жәнәлік» деп айту қиын. Оларды жана былық деп қарасақ, ақиқатқа жақынырақ келмек. Мұндай аңыздардың ерекшелігі – ішінде табан тірерлік бірде-бір құжаттық тұғыры болмай, «пәленшекемнің жадында қалған» екен дегендей сөздер болып келетіндігі. Ондай сөздерді жиып, жариялаушыларға он ғасырыңыз он-ақ аттамдай көрінеді, ғылыми принциптер шартымен мүлде ісі жоқ, шарықтаған қиялы қай жерге кетсе, сол жерге барып тоқтайды. Олар осыдан екі-үш ғасыр жасаған белгілі бір рубасыларды мың жыл бұрынға бір-ақ апарды. Ауыл арасында шоқпар көтеруге жарағандарды бас батыр немесе хас батыр деп мінездеп, қазақ

халқының ары мен намысы үшін күрескен ұлы батырлар қатарына апарып қояды. Бір тайпаның атасы боп саналатын белгілі бір байды асқан қолбасы, заманның данышпаны ете салады. Екі ауыз сөздің қисынын келтіріп, дау-дамайда төрелік айтқан, аулына, аймағына мәлім болған шешендерді аты аңызға айналған Жиреншенің қасына жақындатады. Төкпе ақындыққа қабілеті бар, өз өңірінде азды-көпті құрметке ие болған өлеңшілерді Шалғез жырау мен Бұқар жыраулар тізбегіне қоса қояды. Міне, осындай «тамашаларды» көріп, сезіп келе жатқанымызға бірнеше жылдың жүзі болды. Әлгіндей зерттеусымақтардың жансақтығын көрсетіп, сын жазып, дұрыстыққа шақырғандарға «тайпа тарихшылары» айылын да жимайды, белгілі бір ауыл, аймақтың «сұранымы» осы деп, кітаптан соң кітап шығарады. Анықтық үшін айта кетелік, аңыздарды жинау да, қадір тұту да керек. Бірақ ол тарих емес, ел қиялы әсірелеп өкеткен ауыз әдебиеті шығармасы деп қарасақ керек. Ал аңызды «тарихың мынау» деп ұсыну барлық жағынан да зиянды құбылыс. Бұл өз алдына үлкен әңгіменің тақырыбы.

Біздің сөз етпегіміз тарихи орны күмәнсіз, бірақ әлі де болса шын тұлғасы жеткілікті танылмай жүрген, аңызы мен ақиқаты аралас келетін ұлы батырларымыздың бірі – Ағыбай жөнінде жиналып, хатқа түскен деректердің мәні жөнінде. Рас, бір есептен бұлай тұжырым айтуымыз артықтау да болып естілуі мүмкін. Ағыбайдың қазақ халқының соңғы ханы, қолбасы, кеменгері Кенесары бастаған азаттық күресінің ақырына дейін саптасы болғаны, тәуелсіздік туын қолынан түсірмеген табанды батыр екені зерттеулер мен мақалаларда аталмай жүрген жок. Аса көрнекті қазақ жазушысы І.Есенберлиннің «Қаһар» романында да Ағыбайды сипаттайтын тартымды беттер аз емес. Дегенмен Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың мән-жайы әлі де талай-талай зерттеу тақырыбы болуға лайық екені сияқты сол көтеріліске саналы түрде жан-тәнімен беріліп қызмет еткен, азаттық идеясымен жалындаған Ағыбайдың нұрлы тұлғасы халқымыз тәуелсіздік деген ұлы мұраттың қасиетін терең түсінетін болған сайын асқақтай беретіні күмәнсіз.

Ағыбай жөніндегі аңыз-әңгіме, өлең-жыр жинағы «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Жезқазған, 1992 жыл) деп аталады. Жинақты құрастырған, алғысөзін жазған филология ғылымдарының кандидаты Марат Әпсәметов. Кітапты оқып шыққанда ел бос-

тандығы жолында жаным құрбан деп атқа қонған, мансапқа, байлыққа қызықпай, тура бетінен таймаған эпикалық батыр бейнесі көзге елестейді. Ел аузынан жазып алынған, кейде әсіреленген әңгіменің кез-келгенін болып өткен істің көшірмесі, анық ізі деп қарамаймыз. Халық өзі сүйген қаһарманының басына дүниедегі ең жақсы қасиеттерді үйіп-төгіп беретіні белгілі. Өйткені шын батыр мен кара күш иесі, табанының бүрі жоқ пайдақ үнемдердің айырмашылығын халықтың қырағы көзі қапысыз таниды, ер кім, «ершік» кім екенін қапысыз ажыратады. Осы себептен Ағыбай батыр жайында айтылған қиялы аралас әңгіменің ерекшелігін де есепке ала отыру қажет. Сонда ел Ағыбайды қалай, не үшін дәріптейді? Мұны аңыздар мысалымен әңгімелесек, қызық-қызық ұғымдар шығады.

Эпикалық жырлардың дәстүрін аңыз сарынынан да көреміз. Бұл Ағыбай шыққан шұбыртпалы руын билеушілерді мадақтаулардан да байқалады. Осы елдің бұрынғы өміршісі Хана би жасы сексенге келгенде өзінің орнын басқалы тұрған жас жігіт Бекежанға бата беріп, «мінезің кара жердей ауыр болсын, құлағың тебінгендей сауыр болсын, арқаң кара нардай жауыр болсын» деп тілек-бата айтыпты-мыс. Сол Бекежанның баласы Әйеке де кезінде жұрттың сөзін ұстаған, айналасына әйгілі адам болады. Бұл арада аңыздың айтпағы тектіден текті туады деген ұғымға сайса керек. Енді бір әңгімеде Ағыбайдың анасы Қойсана Абылай ханның ту ұстаушысы Байғазы батырдың қызы екені айтылады. Қойсананың қайраттылығы былай сипатталады. «Ағыбайға екіқабат күнінде көшіп келе жатқанда алты қарақшы көшіне тиіп, жалғыз әйел ұрыс қып, қолындағы бақанмен алтауын ұрып түсіре береді. Жау бірін-бірі сүйеп, әйелден жеңілген соң, біреуі тұрып, «қояйық бұл – әйелдің күші емес, ішіндегі арыстанның күші ғой» деген екен» (Көрсетілген кітап, 80-бет). Осы аңыздың ақырында Қойсананың ешкімге бой бермеген асау атты жуасытып, жүгендеп мінгені айтылады. Осылай ел аңызы Ағыбайдың алыптығы анасынан дарыған дегенді мензейді. Қарасөзбен айтылғаны болмаса, нағыз классикалық эпоспен үндес шығып тұр.

Эпикалық жырлардың құрылысында қаһарманның ерлігін сынау, жеңіске жеткізу күрделі орын алады. Ағыбай да осындай өнерімен ерте көзге түседі. Ол батыр үшін шарт болып саналатын, «күресте жығу, аударыспақта басым түсу, садақ тартқанда құралай көзіне тигізу, құрықпен, шокпармен өнер көрсету, асау

атты үйрету, бүркітпен түлкі алу, атжарыста мәреге алғаш жету, қылыштасуда көзге түсу, найзаласуда жауын қанбақтай ұшыру, найза атуда нысанаға дәл тигізу» секілді сындардан мүдірмей өтуі тиіс болған. Ағыбай сайыста ешкімді шақ келтірмейді, тіпті Кенесарының өзін де жеңеді. Өзге мәнбелердің ешбірінде сақталмаған бұл «күпияны» аңыз ғана ұмыттырмаған. Ауыз әдебиеті, тіпті ресми тарихқа түспеген мағлұматтарды да бере алады дейтінге бұл да дәлел. Қокан билеушісінің Қасымхан балаларын арамдық жолмен жоймақ ниеті, өздеріне елшілікке келген Есенгелді, Саржандарды опасыздықпен өлтіргені де аңыз түрінде айтылып келген. Қокандықтардың кісәпір әрекетінен Ағыбайдың қалайша құтылып шыққаны туралы аңыздама осы оқиғаға жана дерек қосады. Ресми тарихи құжаттарда Ағыбай Кенесарының қарауындағы батыр деген сөз ғана қайталана айтылады, ел арасында бұлардың өзара қат-қабат қайшылықтарын сипаттайтын аңыздарда да сақталған. Бұл — аңыз түбінде тарихтан бетер тарих бар деген қағиданы дәлелдей түседі. Кенесарының мінез қырларын ашатын әңгімелер аз еместігі байқалады. Оның сабырлылығы, қандай қиын істің тұсында да өділдікке жығыла білетіндігі сездіріледі. Мәселен, Ағыбайдың інісі Шыңбай Қокан батырын жекпе-жекте өлтіріп, жүйрік атын жетелеп алып келіп, Кенесарыға тарту етпек болғанда хан сыйлықты алмайды, «жарайды, балам, өзің мін, ешкімге берме», — дейді, «ердің алғашқы олжасын өзіне берсең, екінші жолы бата қимылдайды» дегенді ойлайды. Наурызбайдың сан жорықта мінген ақауыз атын Ағыбайға түрікмен батырының сыйлаған аты екен деген аңыз қалыпты. Бұл да Ағыбайнамеге қосылған бір тарау тәрізді. Ағыбайдың батыр ғана емес, кезі келгенде шешендігі бар адам екендігін де аңыз толықтырады. Бірде ол: «Мен де кісі, бай да кісі, соның бәрі жайда кісі, жау келгенде қайда кісі», — депті дейді (Көрсетілген кітап, 102-бет).

Кенесары, Наурызбай «ел шапты, кейбіреулерге зәбір көрсетті» деген сөздер бір кезде олар бастаған ұлттық-азаттық қозғалысты қаралауға, байшыл-феодалшыл әрекет деп жазғыруға сылтау болған. Қандай үлкен оқиғалардың да ішкі қайшылығы болатыны белгілі, досқа досша, дұшпанға дұшпанша қарау — күрес, тартыс атаулының шарты.

Дүниені жалмауызша обып жатқан патшалық басқыншылық саясатымен қатар қазақ арасынан алауыздық шығаруды да әдейі ұйымдастырған ғой. Қазақтың кейбір руларын Кенесарыға қар-

сы айдап салып немесе көтерілістің мүддесіне залал келтіретін іс жасаттырып, олардың арасын ушықтыра түскен. Сондай бір оқиғаның ақиқатын да сөз болып отырған кітаптан табамыз. Халық ақыны Доскей Әлімбаевтың аузынан жазып алынған әңгіменің бір үзіндісін келтірейік: «Қазаққа Николай патша қорлық көрсетті, оған қарсы шығу үшін, біз елдің басын қосып, батырларын жинап, соғысқа дайындалып жатырмыз. Сен де бізге қосыл, қаруланып, жарактанып кел, қазақ ұранды елдің намысын жақтаған ұраннан сырт қалма», — деді Кене. Әлі Кененің бұл тілегіне көнбеді, көмек бермеді. Қайта барған ел жігіттерінің бірнешеуін ұстап алды. Бұған ашуланған Кене он төрт мың қол, он төрт түмен Әліге барып, оның еліндегі патшаның сойылын соққандарды жапырып, жаншып, шауып алды. Кене хан «Әлінің елінен алған барша мал-мүлікті нөкерлердің өздері алсын, хан қазынасына салынбасын, — деді» (Аталған кітап, 103-бет). Бұл әңгіме кейбір еңбектерде Наурызбайдың бейбіт жатқан бір ауылдың адамын өлтіріп, жылқысын шауып алды делінетін тұжырымының біржақтылау екенін, мәселенің түбірі тереңіректе екенін білдіреді.

Ағыбай атына байланысты әңгімелерде бұрын хатқа түспеген соны деректер кездеседі. «Кененің әскері Көкшетауға, Бурабайға орнықты, Көкшетаудың Оқжетпес биігіне Кенекең шықты... Кененің әскерлеріне азық тасыған жолды «Арпа жолы» деп атаған. Кенесары Бурабай тауында ит жүгіртіп, құс салып, аң аулап жүргенінде бір биік жартастың үңгіріне түнеп жүреді екен. Сонан ол үңгір «Кенесары үңгірі» аталып кетті (Көрсетілген кітап, 110-бет). Тарихи құжаттардан Кенесары «Қазақ жеріне қамал салдырмаймыз» деп патша әкімдерінің бірнеше бекінісін қиратқаны белгілі. Әсіресе Ақмола бекінісін алу кезінде Кенесарының және оның жаужүрек батырларының керемет ерлік көрсеткені ел есінде берік сақталған. Бұл жөнінде ел әңгімесі төмендегіше сабақталады. «Кененің қаптап келе жатқанын естіген Ақмоладағы Құдаймендінің Қоңыр төресі, дуанбасы Ыбырай, Шорманның Мұсасы, Жамантай төре тағы басқа казак-орыс бастаған Николайдың адамдары Кенеге қарсы Ақмоланың күнбатыс жақ (Жекей қаласы дейді) шетінен қорған соғып, өздері қорғанның ішінде паналамақшы болды. Қорған соғылды. ...Кененің әскері Ақмоланың күнбатыс жағынан келіп тиді. Кененің келуін тосып жатқан таяу елдегі Тілен батырдың 500 әскері Кенеге қосылды. Сансыз қалың әскерге Ақмоладағы жауыз патша Ни-

колайдың оң көздері мен казак-орыс сұмырайлары садақ тартты. Камал соғып, берік бекінген жау мызғымады. Кененің ақылгөй қолбасшысының бірі тапқыр, білгіш, айлакер, жолшыл ері Шұбыртпалы Ағыбай батыр еді: «май жағып, от тұтатып, үйлердің үстіне тастайық, содан қала өртенеді, қамалдағылар еріксіз шығады, оларды сонда жосытармыз», — деді... Қала алай-түлей өрт, айқай-ұйқай, у-шуға толады. Соғыс тынбастан бір жетідей болды... Кененің қалың әскері Күйгенжардың басында шатыр тікті (Аталған кітап, 112-бет).

Бұл әңгіме тарихи оқиғаның тізбегін дәлме-дәл бере алмауы мүмкін. Сонымен қатар бұл сөздер шындықтан жырақ та кетпегеніне күмән келтіру қиын.

Кенесарының қырғыз жеріндегі сәтсіз, қасіретті соғысының біз қайғылы ақырын ғана білеміз. Ал сол данышпан ел көсемі Кенесарыны осындай алмағайып, қатерлі қадамға не нәрсе итермеледі дегенді көп талдай бермейміз, салдарын айтып, себебіне бармаймыз. Мына бір үзінді аңыз-әңгіме Кенесарының қырғызға жорығы басқа амал таусылғандықтан болған нәрсе екеніне сендіреді: «Сарыарқаға күн сайын қаптап келген солдаттар Кенеге тыныштық бермеді. Кене ешбір жерде түпкілікті қоныс теуіп, тұрақтай алмады. Кене Алатауға бет түзеп, қоныс аударды, қырғызбен қазақ халқы бір туыс еді, қазақтың басына туған қаралы күн саған да келеді. Қазақ халқын Николайдың талау қысымынан босатуға жәрдем бер», — деді. Бұған патшамен ауыз жаласып қойған қырғыздың Орман, Жантай деген манап-бектері көне қоймаған. «Бізге орыс келіп тиген жоқ, қазақтың жер ауып, қанғырып келген төресінің сөзі қерегі жоқ», — деп барған елшіні ұстап алып, қинап өлтірді. Кенесары бұл қорлыққа шыдамай, қырғызбен соғыс салды» (113-бет).

Кенесары, Наурызбай, Ағыбай туралы аңыздар олардың тұлғасын әр қырынан сипаттайды. Шындығына келгенде тарихшылар, жазушылар айта алмаған ақиқатты халық шығармашылығы талдап та, бағалап та қойғанын көреміз. Жасы 120-ға келген абыздың Ағыбай мен Наурызбай жөнінде сын сөздері нағыз сәуегейлік болып естіледі. «Ағыбайым, сенің ұраның артында қалады, — дейді қарт абыз, — өз араныңды өзін естірсің. Бағыңның тобы желкенде екен. Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім, үш нәрсенің сырттаны бар еді: иттің, қасқырдың, жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің, бірақ

адам баласына мейірімін жоқ екен, бағың мандайыңда ғана екен, ғұмырын қысқа, 20 — 25-тен аспассың, дүниеден арманда қалма». Кенесарының көрген түсін Ағыбайға айтып, өзі жорыған жері де абыз сыншының айтқанымен үндесіп жатыр. «Осыған орай мен де бір түс көрдім, — дейді ол Ағыбайға, — Түсімде Көсе, сен екеуіміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен деймін. Әуелі кім арқалайды десем, «сіз ел ағасы хансыз, сіз арқаланыз», — дейсің. Мен сені арқаламай, алдыммен көтерем, кезек саған келгенде мені сен қаптағы тезекше иіріп, арқана салып алдың, мен үш жүзге хан болмасам да, орта жүзге хан атым бар ғой. Сенің бағың артында қалады. Сен мыңбасы адамсың, алдымен көтеруім — біздің бағымыз мандайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ, өзімізбен бірге кетеді, болмаса сені де мен арқама салып алмас па едім» (Аталған кітап, 117-бет). Ауыз әдебиеті шығармаларында небір кесек адам тұлғалары, боямасыз ақтық сырлар айтылады дегеннің тағы бір мысалы осы.

Халық тарихи қаһарманның тіліндегі сөзді ғана емес, көңіліндегі сырды да асқан көрегендікпен бүкпесіз баяндайды, бұл сөздер әлдебіреулерге ұнамай қалады екен-ау деп шындықты айналып өтпейді. Нағыз өмір ақиқаты ғана адамдарға адал тәрбие беруге қабілетті. Кенесарының Наурызбайға өмірінің ақтық сағаты алдында айтқан сөзі деген өленді ханның аузынан жазып алған ешкім жоқ секілді. Бірақ осы сөздердің Кенесары аузымен айтылуға тиісті екені күмән туғызбайды әрі тарихи шындықтың ұлы желісінен алыс кетпеген мұнды шер. Кенесарының қыр соңына түсіп, Ресей отаршылдарының көңілінен шығуды, мансап иеленуді көздегендер ол заманда тіпті көп еді, халық қаһарманын кеңбайтақ туған жеріне сыйғызбаған тек патшаның әскерлері емес, оның дұшпандарының қатарында Абылай әулетінің небір шынжырбалақ, шұбартөс өкілдері болған. Басқаларын айтпағанда, Абылайдың ұлы Уәлиден тараған ұрпақ түгелдей дерлік Ресей патшасының сойылын соғушы болғаны мәлім. Оның үстіне көптеген мансапқор төрелерді, құл болсақ та тоқ жүрейік деген дүниеқоныз байларды қосыңыз. Осындай адамдар Кенесары «одақтасым, тілектесім болар-ау» деп сенген Жетісудан да табылды. Қарапайым халық ұлт-азаттық күресіне іш тартқанымен, бұл өлкенің атақты адамдары Рүстем төре мен Сыпатай батырлар мәселеге өз төбешігінің биігінен қарады, олар Ресей аждаһасымен ондаған жылдар арпалысып, күші азайған Кенесарылардың қисай-

ған жүгін түзеуге емес, орға құлатуға атсалысты. Бұлар өздерінің ойын қалайша жүзеге асырғанын тарихтың өзі көрсетті ғой. Сондықтан да аты белгісіз ақынның аузынан шыққан, Ағыбай монологы секілденіп берілген сөздер шындықтың өзі болып естіледі...

Айналайын Науанжан,
Ақылға дарқан зерегім,
Таска салса қайтпайтын,
Жетесі құрыш беренім,
Бакытын бастап жүргенде,
Асқар таумен тен едің.
Неше күндей ізденіп,
Білмедім Кене ханның дерегін.
Айналайын сұлтаным,
Жолдас болып жасымнан,
Көзімнің майын жеп едім,
Хақ ісіне амал жоқ.
Қазам жетіп өлгенше,
Айрылмаспын деп едім.
Алатауға барғанда,
Жер шарысын көздедім,
Көмек қылған көп дулат,
Қайда екен деп іздедім.
Байұзақ барда Дулаттың
Тілегі бөтен болмас деп,
Күдерімді үзбедім.
Дулаттан тағы түнілдім,
Көрген соң анық көзбенен.
Қалмастан тегіс кетіпті,
Байқадым оны ізбенен.
Қоқиланған қырғыздан,
Дулат қылған қауіпті.
Айналайын Науанжан,
Дулаттың беті ауыпты.
Орыс пенен Қоканға,
Құл болып, ұран беруге,
Дулаттың жөнін тауыпты...

Кенесарыны қырғыз жерінің бір түкпіріне, құрдымның аузына алдарқатып апарып, азғантай адамдармен тұтқында қалдырып, көңілі тынғандар дұшпан тұзағынан сытылып шыққан Ағыбайды ұстап алмақ болғанын да ел аңызы қуәландырады. Азаттық деген арманы орындалмай әрі қандыкөйлек досынан, көсемінен айрылып, жүрегі жаралы, көңілі қапалы болған Ағыбайды аулына келген бетте Арқадағы ежелгі жаулары мұқатпақ болады. Алла жар болып, Ағыбай патшалықтың итаршысы Ыбырай зұлымды-

ғынан да аман қалады. Классикалық эпостағы жаудан жеңілмейтін батырдың бергі замандағы тұлғасын халық қиялы Ағыбай басынан тапқандай...

«Сыздық төренің айтқаны» деп аталған қарасөзі, өлеңі аралас аңыз әңгіме азаттық үшін күрес эпопеясының ақырғы тұсындағы бір көріністі, атап айтқанда, Наурызбай өмірінің соңғы сағаттарын аса терең мәнді етіп баяндайды. Мұндағы өлең ғажайып сұлу баллада секілді. Қырғыз ақынының өлеңі деп берілген бұл шығармада Кәрібоз қолға өзі келіп түскен Наурызбайды айуандықпен азаптап өлтірмей, тұтқынға құрметпен қарайды, тіпті «еліме қайтам десең, ерік беремін», — дейді. Оған Наурызбайдың берген жауабы төмендегіше:

Сіздерменен жау болып,
Алатауға таластық.
Қосындап әскер шығарып,
Жағамыздан қарастық.
Бір киеге ұрынып,
Жолымыздан адастық.
Қаранғы түнде дүбірлеп,
Алатаудан біз астық.
Өзімнің басым аман боп,
Кененің қолда қалғанын
Көре алмадым жарастық.
17 жасқа келгенде
Алшиып атқа мініп ем,
Жақсылы, жаман дүниенің,
Тамашасын көріп ем,
Басымнан бак тайған күн,
Хан Кенені ізденіп,
Алдарына келіп ем.
Бастан ауды бағымыз,
Сөйледі тіл менен жағымыз.
Мәлім шығар тәнірге
Қара менен ағымыз.
Кәрібоз, маған жауап бер,
Осы күнде аман ба,
Ержан менен ханымыз?

Хас батыр Наурызбайдың жанындай жақсы көретін Кенесары мен Ержанды осылайша тебірене іздеуі мейлінше табиғи. Бірақ Кенесарының тағдыры аса қатал тағғылық үкіммен шешіліп қойғанын, Кәрібоздың іркіліп бөгелгенінен-ақ сезген Наурызбай дүниенің теріс айналғанын ұғып, арманды шерін жалғай түседі:

17 жаста ат міндім,
 Жал-құйрығын сүздіріп,
 Өуре кылды дүние,
 Жер дүниені кездіріп.
 Атам Қасым айтқаны
 «Жын салқыны — батырлық».
 Ақыры болды мінеки,
 Туысканнан бездіріп,
 Ағаны іні көре алмай,
 Күдерімді үздіріп...
 Дүниенің білдім жалғанын,
 Уа, дариға дүние,
 Көңілімде көп арманым.
 Бас-аяғы тоғыз жыл,
 От болып лаулап жанғаным.
 Он екі мындай ауыр кол,
 Ертіп алып қасыма,
 Алатауға таласып,
 Қырғызға ойран салғаным.
 Шығасыға себеп боп,
 Болмашы жерден дақ түсіп,
 Кенекемнің колда қалғанын,
 Кенені іздеп мен келдім,
 Өзімнің мұндай болғаным,
 Атқан оққа Төшкендей,
 Кенекем еді қорғаным.
 Қайран сабаз Ержекем,
 Шырайы еді-ау орданың.
 Осылардан айырылып,
 Мін емес пе, Кәрібоз,
 Арқаға менің барғаным.
 Алдыма түскен ханым жоқ,
 Артыма ерген жаным жоқ.
 Неде болса, Кәрібоз,
 Енді мені қинама,
 Орданда енді қалғаным.
 Қолында жатып көремін,
 Жаратқан хактың салғанын...

Бұл сөздер қандай да болмасын драмалық шығарманың шырайын келтіретін арманды, асқақ толғаныстар. Ең ғажабы — бұл жырдың шығарушысы қырғыз ақыны делінуі. Бұл арада қырғыз халқының дана, мейірбан ойы, шын болмысы көрініс бергендей. Кенесары мен Наурызбай катал тағылық жазамен азапталып өлтірілген деген, қазақ пен қырғыз арасына кең тарап кеткен әңгіменің есесіне адамшылық жаршысы — ақынның осылайша жыр жаратуы құрметпен қарауға лайық. Туыс халық ақынының өлең-толғау аяғын:

Асыл туған Наурызбай,
 Өз иманын өзі айтып,
 Ақырет сапар жөнелді,
 Ұсталғаны болмаса,
 Қырғыздан қаза тапқан жоқ,
 Өз бетінен өледі... —

деп бітіруі қырғыз елінің адамшылық биігін төмендетпей, әрі асқан батыр Наурызбайға өз тарапынан мадақ айтқысы келгендігінен деп түсінуге болады. Қалай дегенде де мына жырды толғаған қырғыз ақынының өресі қапыда алданып, адасып қолға түскен Кенесары, Наурызбайды, олардың батырларын азаптап өлтіргенін әлемді жапырып тастағандай мақтаныш санап, өздерінің Ресей империясының құлдығына түскенінің қорлық екенін сезбеген тар ойлы, жалған «патриоттардан» анағұрлым биік тұр. Мына өлеңде қырғыз жыршысы Наурызбайдың аузына «бір киеге ұрындық» деген сөздерді салып-ақ екі ағайын халық арасындағы татулыққа дақ түскеніне өкініш білдірген, трагедияның түп-теренін адамшылық тұрғысынан айтқысы келген. Мұны қырғыз халқының шын лебізі деп қарауға болады. Ақын үлкен суреткерлік талантын танытқан, есіл ерлер трагедиясын жаны ауыра отырып жырлаған...

Ағыбай тағдырының Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыспен біте қайнасканы соншалық — олар туралы әңгімені жеке-дара айту қиын. Бұлардың қай-қайсына да айтылған сөздер бір арнаға сарқып құя береді және ол аңыз ешқашан таусылмайды. Өйткені мұның бәрі қазақ халқының азаттығы туралы мәңгілік арманның ұлы желісіне жалғасатын сырлар мен мұндар.

Ағыбайдың үйсін Бөлтірік батырдан күші, айласы басым болса да, екі рет сайысқанда да өлтірмей, аман жібергені халық қамын кең ойлайтын парасаттылығын көрсетеді. Өзі тіленіп келген жауды аяма деп хан Кененің қайрағанына қарамастан «Бөлтірікті өлтірсем, үйсіннің бөлі сынар, ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді, қазақтың арын төгіп не қыламын», — деп мәрттік танытады. Бұл аңыз да қазақ бірлігінің қажеттігін аңсаған арманның белгісіндей.

Аңыз әңгіменің тағы бірі — «Ағыбай батырдың Түркістан соғысына қатысуы» деп аталған екен. Бұл аңыз тарихи шындықпен үйлесе ме, жоқ па, ол жағын тарихшылар анықтай жатар. Бірақ бұл ақиқаттан зият аңыз. Қасиетті Түркістан шаһарын жау әскерлері қоршап тұрғанда ат тұяғы жетер жер болса, Ағыбай-

дың келетіні кәміл. Өйткені ұлттық-азаттық мұраты оның бүкіл өмірінің мазмұнына айналған ғой. Ол — казак елдігі үшін саналы түрде шайқасқа шыққан соңғы батырлардың бірі. Осындай ұлы баһадүрлер қатары өткен соң ғана казак жұрты жаны шыққан денедей сүлкі түскен, намысын жойған, әр бұтаны паналаған қояндай «бәледен қашып» күн кешкен. Түркістан, Иқан үшін соғыс Ағыбай өмірбаянының қасиетті беттерінің бірі. Осы аңыздағы ғажап нәрсе — Ағыбайдың көрген түсі. «Таң ата зеңбіректердің гүрсілі естіледі. Казак әскері ерлік көрсеткенімен, көп шығынға ұшырайды. Себебі — зеңбіректердің аздығынан. Ағыбай жараланып, есінен танып құлаған екен. Құлаған жерде Ағыбай түс көреді. Түсінде хазірет сұлтан аян беріп, «Ақжолтай батыр, келген жерің осы, батырлығыңның біткен жері осы. Найзаның орнына құран ұстайтын кезің келді. Осы жақын жерде Қошқаратаның суы бар, сол саған ем болады, жараларың жазылады», — деп айтқан екен. Ағыбай есін жинап қараса, айнала тып-тыныш, әрліберлі жүрген шырақшыны шақырып алып, «Қошқаратаның қасиетті суын әкел», — дейді. Ем алған соң Ағыбай жергілікті қоңырат батырларын жинап, Иқан деген жерде орыс әскерімен майдан ашып соғысқан екен» (Көрсетілген кітап, 134-бет).

Ағыбайдың даңққа бөленуі тек кара күштің молдығынан болып көрінбейді. Ол әрдайым әрбір ісін ақыл таразысына салып, парасатпен шешіп отырған. Барақ сұлтанмен сайыста жеңіске жеткен Ағыбай қарсыласын аулына қонақ болып қайтуға шақырады, ақыр-аяғында құдандалы болып туысады.

Кенже інісіне Ағыбайдың «көзі тиіп» қайтыс болғанда қайғылы батырға Балта ақынның көңіл айтуы эпикалық қаһарман тұлғасын көркейте түскендей болады. Жұбату өлең мәтіні мынау:

Алла ісінде бұзық жоқ,
Өлмесін деп әзелде,
Жазып қойған сызық жоқ.
Ұлы өлмейтін Ұрымда жоқ,
Қызы өлмейтін Қырымда жоқ.
Қатыны өлмейтін халықта жоқ.
Әсте өлмейтін тарихта жоқ.
Қойын толы саф алтын,
Саркылмаған қайда жоқ,
Қабындай келген қайғыдан,
Тіріге тиер пайда жоқ.

Елге пана Ағыбай,
Жерге пана Ағыбай,
Ердің ері емес пе едің,
Егеудің сынығы емес пе едің
Көтер бері басынды,
Қайғы жейді жасынды.

Ағыбайдың басына дәулет «құсы» қонған деген аңыз да қызық. Батыр қартайған кезінде ауыл сыртындағы төбеде отырғанда басына бір бозторғай келіп қонады. Сол кезде Ағыбай басынан өткен бір әңгімені айтыпты. «Кенесары бөріміз сегіз мың қолмен келе жатқанда бозторғай айналып ұшып еді, сонда Кенесары «тоқтандар, дәулет құсы деген болушы еді, біреуіне қонайын деп жүрген шығар», — деді. Сонда торғай ұшып-ұшып келіп, менің басыма қонып еді. Кенесары: «Хан десе маған қонбай ма, төре десе Наурызбай саған қонбай ма, көсеге келіп қонды ғой», — деп еді. Енді, міне, тағы қонып отыр, орда бұзатын уақытым өтті, бәлкім дүниеден қош айтысатын уақыт таяп қалған шығар» (143 — 144-беттер). Бұдан халық Ағыбайдың неше алуан сұрапыл оқиғалардан аман өтуін оның басына қонған «бақтан» деп білгені аңғарылады.

«Ақжолтай Ағыбай батыр» деген кітапта Кенесарының қырғызбен соғысының күрделі себептері кейде аңыз, өлең, енді бірде баяндау түрінде берілген. Көп құжаттарда қырғыздың Кенеге өштесуі Наурызбай Қанайдың моласын бұздырғаннан кейін өршіп кеткен делінеді. Бұл — рас мәселе. Бірақ «мола бұзуды» бастаған қырғыздар жағы екенін де ескермеуге болмайды. Қырғыз жағы бірінші болып казак Андастың моласын қиратқан екен. Бұл оқиғаның тарихын Наурызбайдың Кәрібозға айтқан сөздерінен көруге болады.

— Жақсы айтасың, Кәрібоз,
Тату едім сенімен.
Қонысты орыс алған соң,
Кенекем кеткен жерінен...
Он екі кісі жібердік,
Бекбатырдай еріммен.
Бізге қоныс берсін деп,
Қожидың салған көлінен...
Жаманқараны өлтірдім...
Өзінің салған жолымен...
Қанайына мен қылдым,

Кекті болған шағымда,
Сенің ақың бар ма еді,
Андасымның тамында?..

Зерттеушілер бұл тақырыпқа талай рет қайта оралатын болар. Сонда істің нағыз анығы айқындала түсер. Өткен оқиға қайтып оралмайды. Кенесары трагедиясына себепкер болған қазақ, қырғыз шонжарларының нақтылы «кінәсі» де айтылар. Бірақ мұның бәрі бәле басы болған Ресей басқыншылығының қылмысын көлегейлей алмайды. Түпкі жау – отаршыл Ресей империясы екенін қырғыз, қазақ елі түсініп жеткенге дейін мұндай «кінәласу» жалғаса бермек. «Пенделерім бір-бірін айыптайды, бірақ бәрін ұйымдастыратын өзім ғой», — дейді екен шайтан. Міне, сол шайтанның тоқсан тоғыз айлалы сұмдығын ескермей, туысқан халықтардан жау іздеу, шындыққа апармақ емес...

Ағыбайдың саптас серіктерінен айрылып, жан-жақтан құрылған тосқауылдан өткеннен кейінгі көңіл күйі оның:

Кенесары күрдасым,
Бірге туған сырласым,
Арыздаспай айрылыстық,
Ақыретте қимасым.
Наурызбай беренім,
Қайратты туған ер едің.
Мандайыңнан иіскеп,
Қош, Наурызжан, демедім, —

деген сөздерінен анық аңғарылады.

«Қойшының ертегісі» деген тарихи поэмада Ағыбайдың асқан ерлігі аңыз сарынымен асқақ жырланады.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең келіп, қарсыласар ер болмаған.
Ағыбайдың үш жүзге даңқы кетіп,
Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.

Ал «Наурызбай–Қаншайым» деген жырда Ағыбайдың жекпе-жек ұрыстағы ерлігі шебер бейнеленген.

Сол уақытта екеуі,
Қарсыласып барысты,
Аттарына қамшы ұрып,
Қолына найза алысты,

Қарсыласып қалғанда,
Найзаларын қағысты.
Ағыбай қылды хайласын,
Балтамен ұрып сындырды,
Шанышқан шалдың найзасын...

Ағыбай туралы аңыз әңгіме жалғасып, жазба әдебиетте ұласып келеді. Батыр бабаға көптеген ақындар өлендерін арнаған. Соның бірі – Сырбай Мәуленовтің «Ағыбай күмбезі» деген өлеңі. Осындағы:

...Екпіні тау суындай сарқыраған,
Қас дұшпан үрейі ұшып қалтыраған.
Қолында шолақ найза қол бастады,
Астында Ақтангер ат арқыраған...
Тулаған талай жауы тақымында,
Ерекше жаратылған батыр тұлға.
Алыстан менмұндалап шақырғандай,
Мазары Ағыбайдың жатыр мұнда.
Баяғы сарынындай қанды жорық,
Қаратал күркірейді жарды соғып.
Батырдың зәулім биік мұнарасы,
Тұрғандай торуылдап, жауды шолып... —

деген жолдардан Ағыбайдың ұлы бейнесі елес бергендей.

Қазақ прозасында бұл тақырыпқа қалам тартқан көрнекті жазушы, сатирашы Жүсіп Алтайбаев еді. Оның «Ағыбай батыр» повесі кейбір әсіребелсенді баспагерлердің қырсығынан ұзақ жылдар баспа жүзін көрмей, 1996 жылы ғана жарияланды. Баспасөз комитетін басқарған бір мансапқордың және оның шаш алдесе, бас алатын жұлқынды орынбасарының тікелей қараулығы салдарынан оқушы жұртшылыққа аса керек шығармаға қиянат жасалғанын білеміз. Көз майын тауысып жазған кітабының жарыққа шыққанын көре алмай, Жүсекең, Ж.Алтайбаев бұл пәниден өтті. Оның ажалына сол кездегі баспасөз комитетіндегілер тікелей себепші болды десек, артық айтылғандық емес. Жүсекең бір кездескенде: «Ағыбай есімі елде аса даңқты, осы батыр туралы неге жазбайсындар» дегенді талай рет есіттім. Ақырында Ағыбай жөніндегі материалдарымен танысып, оның үстіне елден естігендерімді қосып, бір шығарма жаздым», — деген еді. Жазушылар одағының проза секциясы да, Қазақстан академиясындағы тарихшылар да «Ағыбай батырды» баспаға ұсынуды қанша қолдаса да, «көздің жасы, жүректің қанымен ішкі мұзын жібітуге

болмайтын» болымсыз жандар шығарманың жарыққа шығуына кесір келтіріп-ақ бақты. Повестің қолжазбасын алғаш оқығандардың бірі мен едім. Қолжазба мен мына басылымның айырмасы үлкен. Заман өзгеріп, жариялылық кезеңі туса да, баспагерлер «Ағыбай – Ресейге қарсы азаттық үшін күрестің қаһарманы» деген сөзден үрейі ұшып кеткені байқалады. Қолжазбаның алғашқы нұсқасы көп қысқарған. Қолымызға тиіп отырғаны шығарманың әуел бастағы вариантының жұқанасы ғана деуге болады. Амал не, енді осыған да шүкірлік етуге тура келеді.

Повестің ұнамды ерекшелігін атайтын болсақ, ең алдымен, оның шұрайлы, бай әдеби тілмен жазылғанын алдымен айтар едік. Шығарма былайша басталады: «Күз ортасы ауған мезгіл. Таятқан тауының оңтүстік бөктерінде үркердей болып, шағын-шағын екі ауыл отыр. Өріс толы төрт түлік малы да жоқ, дөңгелек қана дәулеті бар. Арқаның Бетбақ шөліне қараған осынау өңірінде ұшқан құс, жүгірген аннан басқа қыбыр еткен жан иесі кездеспейді. Соған қарамастан екі ауыл жыл сайын бұл мезгілде нақ осы арада отырады. Асқар таулы, кең өлке, өрелі өзендердің өрісі кең Арқаға сыймағандай жылма-жыл күзде Шушақтың шөліне қарай шыға беретін несі бұлардың? Не жетпейді?» (Көрсетілген кітап, 5-бет).

Осылайша байыпты, байсалды басталған әңгіме бізге шөлді қоныстаған аз үйлі шұбыртпалы руының тарихы мен тағдырын, сол елден шыққан, кейіннен Кенесары хан бастаған азаттық қозғалысына қатысып, халық қаһарманы дәрежесіне көтерілген Ағыбайдың өмір кешулерін баян етеді. Ілгеріде сөз еткен аңыз, әңгіме, өлеңдерде Ағыбай тұлғасы эпикалық ер сипатында көрсетілсе, «Ағыбай батыр» повесінде орталық кейіпкер бейнесі нақтылы нанымдылыққа жетеді, батыр бейнесінің эволюциясы көрінеді. Ағыбай, оның анасы Қойсана, хан Кенесары, Наурызбай батыр тұлғасы да сенімді жасалған. Мұнда өмір қайшылықтары, әлеуметтік талдаулар терең талданады. Ағыбай — ханның жортуылшысы деңгейінде қалып қоймай, өзіндік пікір, пайым-парасаты айқын, барлық оқиғалар тізбегінде өзгеше дараланған. Ол екінің бірінде-ақ ханның жалаң орындаушысы болмай, құбылыстарға өз бағасын бере алатын, азаттық үшін күрес жолына саналы түрде түскен ер болып көрінеді. Ағыбай бейнесі дәуірдің объективтік шындығына орай, әрі мінездік ерекшелігіне сай бейнеленген. Оның ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білетін кәміл

азаматтығы тартымды да сенімді суреттелген. Марқұм Ж. Алтайбаевтың бұл кітабын оқыған әрбір адал ниетті азамат әдебиетімізге отаншылдық идеясымен нұрланған тартымды туынды қосылғанын мойындайды, шығарманың танытқыштық, тәрбиелік және эстетикалық мәніне, тарихи тақырыпқа жазылған тамаша тағлымды еңбектердің бірі екеніне ден қояды. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың мұраты қандай биік, нұрлы болса, «Ағыбай батыр» сондай асқақ идеяға бағышталған. Ел, дәстүр, тарих, намыс, ерлік дегендерді қасиет тұтуға қабілетті жандардың сүйікті кітаптарының бірі болатынына сенеміз.

БИЛЕР СӨЗІНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

Шешендік сөздер өзінің табиғаты, жанры, қалыптасуы, сақталуы жағынан алғанда ауыз әдебиетінің аңыз-әңгімелер (предание) тобына жатады. Әуел баста нақтылы шығарушысы болғанымен, мұндай сөздер бірте-бірте өзгерістерге ұшырап, қырнанып, халықтың ортақ рухани қазынасына айналады. Шешендік сөздердің кейбіреулері көп вариантты (көп нұсқалы) болып келеді және олар әр өңірде түрлі билердің, тілмар адамдардың атына телініп айтылады. Бұлардың көп нұсқалы болуы сақталуының өрі кең таралуының табиғи жолы болып табылады. Ел ішінде кең таралмаған, әсірелеуі, қоспасы жоқ «жалқы» сөздер ұмытылып, уақыт шаңының астында көміліп қалған болар еді. Демек шешендік сөздерінің сұрыпталып, айрықша тартымды, құлаққа жайлы, санаға сіңімді болып мүсінделуінде, әуел бастағы «кедір-бұдырлардан» арылып, түрі мен мазмұны сәйкес бірлестікке жетуінде халықтың ұжымдық «даналығының» табы жатады. Жұртшылық көңілінен орын алмаған, жалпылық, әмбебаптық сипатқа ие болмаған сылдыр сөздердің ауыздан ауызға көшуі мүмкін емес. Кезінде хатқа түспеген, тек қана құймақұлақ жандардың жадында сақталған сөздердің бәрі дерлік уақыт сүзгісінен өтетіндігі қатал заңдылықтай нәрсе.

Қазақ халқының тапқырлықты, өмір құбылыстарын бейнелі сөздерге бөлеп берушілікті ерекше бағалағаны, тіпті сөз өнерін культке айналдырғаны ертеден белгілі. Бұл — көне дәуірде сөздердің магиялық күші бар деп сенгендікке байланысты көрініс. Ақындар мен жыршы-жырауларға сөз өнерінің түсінде «аян бе-

ріп» қонатыны туралы әпсаналар ел арасында кеңінен мәлім. Демек, халқымыз барлық байлықтың ішінен тіл өнерін бірінші орынға қойған. «Әуелгі бақ — тіл мен жақ», «Өнер алды — қызыл тіл» деген нақыл бекер тумаса керек.

Халқымыздың күллі тарихы көркемсөзбен өрнектелген десек, тым асырып айтқандық бола қоймайды. Елдің сан замандар бойында бастан кешкендері, өмір тәжірибесі, болып өткен істерге деген бағасы, алдан күткен арманы мен үміті ертегілерде, аңыз-әпсаналарда, жырларда, мақал-мәтелдерде, тарихи және лирикалық өлеңдерде көрініс береді. Шешендік сөздердің де танытқыштық, тәрбиелік және эстетикалық мәні зор. Бұларда дала өмірінің қағидалары, шиеленіскен қайшылықтарды шешудің ережелері, әділдік, парасат, даналық үлгілері дерлік тұжырымдар кездеседі.

Шешендік сөздер көп ретте билер сөзі ретінде таралып сақталған. Аты аңызға айналған Майқы биден, Ұлы жырышдан, Сыпыра жыраудан, Жиренше шешеннен бастау алатын шешендік сөздер тізбегі ХХ ғасырға дейін жалғасады. Зерттеушілеріміз бұл жанрды шешендік арнау, шешендік толғау және дау деп үлкен үш топқа бөліп қарап, бұлардың өзіндік ерекшеліктерін жүйелеп таныстыруда елеулі еңбек еткен. Бірақ халқымыздың тарихы да, мәдениеті де жаңаша қаралып, өзінің барша ақиқатымен танылу қажеттігі туып отырған қазіргі дәуірде ауыз әдебиетінің, соның ішінде шешендік сөздердің де табиғаты тереңірек тексерілуі тиіс.

Қазақ шешендік сөздерінің көрнекті нұсқалары халқымыздың басына ауыр заман туған кезде өздерінің биік мемлекеттік парасаты, ел келешегін кең ойлайтын кемелдігі арқасында өшпес данққа ие болған Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы, Төле Әлібекұлы, Әйтеке Байбекұлының атымен байланысты айтылады. Ел арасында бұлардың аты аңызға, бүкіл бір халықтың даналық символына айналған. ХVІІІ ғасырда жоңғар қалмақтары тұтқиылдан басқыншылық соғыс ашып, қазақ халқын «ақтабан шұбырындыға» ұшыратқаны, бұл ауыр сокқының зардабынан жазылу, күш біріктіріп жауды талқандау, оны туған жерден қуып шығу міндеті аса қиын жағдайларда іске асқаны тарих кітаптарынан белгілі. Бейбіт қазақ халқының зорлықшыл дұшпаннан көрген зәбірі, бірте-бірте күш жинап, асқынған жауды жеңіп, өз тәуелсіздігін сақтап қалғаны, осындай ұлы күрес жолында ерекше қайрат көрсеткен батырлар, ел басқарған хандар, қауым бірлігін дәне-

керлеген шешен билер, халықтың намысын қайрап, өжеттікке үндеген ақын, жыраулар жөнінде көптеген қымбат қуәліктер қалған.

Ғасырлар бойында халық көңілінде сақталған ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтеке туралы аңыз, әңгімелер де біздің заманымызға жеткен. Олар қазақ бірлігін қалай күшейтуге болатынын ойлап, осы жолда қайсар, саналы әрекет етіп, артына өшпес өнеге, тағлымды дәстүр қалдырған жандар. Қазақ жерінде ертелі-кешті өмір кешкен неше алуан билерден бұлардың үлкен өзгешелігі халық ынтымағын арттыруды өмірлік мұрат етіп ұстанғандығы, барлық қайраты мен парасатын осы биік мақсатқа жұмсағандығы. Тарихи деректердің көрсетуінше Төле, Қазыбек, Әйтеке қазақ халқы өкілдерінің 1726 жылы Ордабасыда өткен құрылтайының ең шешуші, беделді тұжырымын айтқан, бүкіл қазақ болып бірлескенде ғана елді сақтап, жауды жеңу мүмкін болатынын атадан балаға аманат етіп қалдырған. Қазақстан басшылығының Ордабасыдағы осы тарихи оқиғаны еске алып, тәуелсіз еліміздің жаңа қадамы басталған кезде тарих тәжірибесін ардақ тұту мақсатында салтанат өткізуді ұйғаруы бүгінгі күн талабымен де, қазақтың ұлттық бірлігін жаңа сатыға көтеру қажеттігімен де толық үндесіп жатқанын көреміз.

Халық көңілінде ұлы билердің қандай істері мен ойлары айрықша берік сақталған деген сұраққа аңыз-әңгімелер өзінше жауап бергендей. Төлеге, Қазыбекке, Әйтекеге қатысты айтылатын сөздердің жалпы сарынынан үш мәселені бөліп көрсетуге болғандай. Олар, біріншіден, өздері араласқан билігінің, үлкенді-кішілі іс-әрекетінің бәрінде ел мүддесін өз бастарының мүддесінен жоғары қойған. Екіншіден, елдік мәселелерді шешкенде ауыл, ру көлемінің деңгейінде қалмай, адамдарды жеке басының қасиетіне, кісілік дәрежесіне қарап бағалаған, ешбір тұста да жақын ем еді деп жасық туғандарды көтермелемеген, алысым еді деп қазақтың азаматтарын алаламаған. Олар «өзі болған жігіттің ата-тегің сұрама» деген шартты басшылыққа алған. Сондықтан да бұлардың төңірегінде елдің ең игі жақсылары, нағыз адал перзенттері топталған. Үшіншіден, ұлы билер қандай дау, жанжалға төрелік айтқанда ешқашан әділдік таразысынан аттамаған, өздерінің халық мүддесіне адалдығына, тек қана ақиқатқа табынатынына тамам жұртты сендірген. Алаштың кез келген азаматы бұлардың әділет үкімін айтатынын, ел қамын ойлайтынын мойында-

ған. Міне, осындай шексіз сенім ұлы билердің данқын аспанда-
тып, эпикалық биікке көтерген.

Қазақтың сол дәуірде елге есімі танымал болған көптеген қайраткерлерінің, соның ішінде ұлы билер Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің өмірбаяндық деректері мен атқарған істерінің шежірелік тізбегі толық сақталған жоқ. Сондықтан да олардың өмір, еңбек жолдары көбінесе ауызша әңгіме, аңыз ретінде ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Ал ауызша тараған шежіре мен әңгіменің әсіреленуі де, шындықтан ауытқулары да, тарихи жылнамалармен сәйкес келмейтін жерлері де болады. Бірақ аңыз әңгімелердің теңдесі жоқ өзгеше қасиетін де есте тұтуымыз шарт. Халық қиялы жекелеген жайлардан жаңсақ кеткенімен, негізгі түбірлі мәселелерге келгенде есте жаңылмайды. Билер жайындағы ел естеліктерінен аса құнды мағлұматтар табуға болады. Көптеген өлең, жырларда, аңыздарда Әйтеке де, Қазыбек те, Төле де билікке ерте араласқан, қандай қиын даудың да қисынын тауып шешім жасайтын данышпан сипатында бейнеленеді. Кейде олардың басына дүние жүзі халықтарының арасында кеңінен тараған төрелік, бітім сөздер де үйіп-төгіп беріледі. Қандай әңгімеден де билердің кең парасаттылығы, қазақ руларын алаламай, бәріне тең, әділ қарайтыны, рияшылдыққа бармайтындығы, құбылыстардың заңдылығын танитын көрегендігі, кекшіл емес, кенпейілділігі, адамға деген мейірімділігі көрініс беріп отырады. Бұл адам бойындағы жақсылықты шырқау биігіне көтеріп, жамандық атаулыны мейлінше өткір таңбалайтын ауыз әдебиеті шығармаларына тән қасиет. Халық белгілі бір құбылыстарды немесе қайраткерлерді суреттегенде болғанды ғана емес, «осылай болуға тиіс» дегенді де қосып отыратыны бұрыннан мәлім. Осындай эпикалық әсірелеу арқылы халық әдебиетінің мәңгілік мәнін жоймайтын ғажайып үлгілері жасалған. Алпамыстың, Қобыландының, Шора батырдың, Едіге батырдың бейнелері өмірде болып өткеннің қайталамасы болмай, қиял араласып, зенгір биікке көтерілетінінің себебі де осы заңдылыққа саяды. Мұндай үлкен көркемдік жинақтау, типтендіру әдісі араласпаса, қандай оқиға, қандай қайраткер болмасын ел жадынан шығып, ұмыт қалған болар еді.

Тарихымызда орын тепкен әйгілі істердің, күрестердің, тартыстардың жалпы аңғарын, ұлы сарынын, ақиқат желісін сақтап, келешек әулеттерге жеткізе білгендігі қазақ ауыз әдебиетінің әрі танытқыштық, әрі тәрбиелік, әрі эстетикалық сипаты деп бағалау керек...

Анызы, шежіресі, ел естелігі аралас келіп отырса да, қоғам қайраткерінің нұрлы бейнесі көмескіленбей, жұртшылық санасында жаңғырып, іріленіп жетуі, олардың ел мұратын жоғары ұстаған еңбегі ардақталып, үрім-бұтағына, халқына өнеге-үлгіге айналып отыруы таңғаларлық та, сүйсінерлік те құбылыс.

Билер сөзінің тарихи шындыққа қатыстылық дәрежесін түрліше пайымдауға мүмкіндік бар. Оларды шартты түрде үш топқа бөліп қарауға болады.

1. Белгілі бір тарихи оқиғаның сарынын сақтаған сөздер. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбектің қалмақ ханына елшілікке барып, өзінің батылдығымен, шешендігімен жау тұтқынындағы қазақтарды босаттырған сапары жөніндегі әңгімелер ел арасында тұрақты қайталанатын және бұл сөздер орта жүз биінен басқаға телінбейді. Қазыбек би алдымен: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзымызды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумады, анадан қыз туса, құн боламын деп тумады. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз», — деп шешен қазақ пен қалмақтың өзара тыныштығы екі жаққа да аса пайдалы екенін әрі шебер, әрі сенімді аңғартады. «Сен темір болсан, біз көмірміз, еріткелі келгенбіз, қазақ қалмақ баласын теліткелі келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесен, шабысқалы келгенбіз, сен қабылан болсан, мен арыстан, алысқалы келгенбіз, берсен, жөндеп бітімінді айт, бермесен дірілдемей жөнінді айт, не тұрысатын жерінді айт» («Қазақ халқының қаһармандары» 1991, 22-бет). Әрине бұл сөздер әуел баста дәл осы қалпында айтылды деп дәлелдеу қиын. Бірақ Қазыбектің қалмақ билеушісіне елшілікке барып, тұтқындағы қазақтардың басына ерік әпергені тарихи шындық. Мұны Шоқан Уәлихановтың жазбалары дәлелдей түседі. Ш. Уәлиханов «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыз» деген еңбегінде Абылай Қазыбектің мәмілегерлік қызметін аса зор бағалағанын келтіреді...

Кейбір сөздердің белгілі бір биге тән екенін қайсыбір тұста нақтылы жағдайлар ғана анықтай алғандай. Бірде Төле ақылдасатын мәселе туғанда, сөз тізгінін кім ұстауы керектігін білу үшін

жұртқа «аттың күші қай жерінде?» — деп сұрақ қойыпты. Сонда біреулер «Аттың күші басында», екіншілері «аттың күші артында», — деседі, ал тағы біреуі «аттың күші алдында да, артында да емес, ортасында», — дейді. «Аттың күші неге ортасында болады?» — деген Төле сұрағына әлгі жігіт: «Бас басшы, арт қосшы, астында төрт тіреуі бар, ортасы арқалық емес пе», — депті. Ал осы даудың төбе биі кім болады дегенде «Аттың күші ортасында» деген адам: «Аға төреші болмайтыны, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды, артында қайрылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да қаупі зор, сол себепті әділ төрелік айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайықты», — деп тапқырлық танытқан орта жүзде Қаз дауысты Қазыбек екен. («Қазақ халқының қаһармандары», 1991, 24-бет).

2. Ұлы билердің қашан, қандай жағдайда айтқаны мәлім болмағанымен, «айтуы мүмкін» делінетін шешендік сөздер өз алдына бір шоғыр. Мәселен, «елге бай құт емес, би құт», «тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды», «жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, — өрісің тарылар» секілді сөздерді Төле би де, Қазыбек би де, Әйтеке би де айтуы ықтимал, өйткені бұл сөздердің қай-қайсысы да ел бірлігін дүниедегі қымбат ырыс санаған қатал заманның жүрекжарды лебізі болып естіледі. Тәуке хан өлгеннен кейін ыдыраған қазақ елін алғаш біріктірген де осы үш би екенін ойласақ, «елге бай құт емес, би — құт» дегеннің қай дәуірде туғанын аңғару қиын емес. «Ер ел сақтайды» деген тұжырымды сөздің тасасында да қазақ батырларының ел азаттығы үшін жанқияр арпалысынан алынған шындық жатыр.

3. Қазыбек, Төле, Әйтеке билерге телінетін сөздердің жөне бір тобы әуел баста қай заманда шыққаны белгісіз, бірақ халық даналығымен суарылған нақылдай нақышты лебіздер. Бұлардың саны көп және оларды «пәлен шешен айтқан екен» деушілік шартты екенін мойындасақ керек. Әрбір өңірдің адамдары мұндай сөздерді өздері білетін билер мен шешендерге таңғысы келетіні де табиғи. Мәселен, «ерден ердің несі артық, ептестірген сөзі артық, малдан малдың несі артық, бір-ақ асым еті артық», «әділ болса, әкім — шырақ, ақылды болса қатын — шырақ», «көкті бу көтереді, жерді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді», «ақылдан артық хандық жоқ, жомарттан артық нарлық жоқ», «көңіл таза болмаса, тіл тазасы не

керек, денен таза болмаса, көз тазасы не керек» деген тәрізді тіркестер еш заманда да күшін жоймайтын кемел ойлар. «Ақбөкенім көп жортпа, алдында қазулы ор бар, көктүйғыным, көп шүйілме, алдында құрулы тор бар» сынды сөздердің де әуелі бастағы шығарушысын табу мүмкін емес.

Жалпы алғанда шешендік сөздердің, соның ішінде Қазыбек, Төле, Әйтекелерге тән деп саналып келген даналықтардың дені ортақ мұраға айналған халық қазынасы деп қараймыз. Халық тарихи қаһармандардан ауыз әдебиетінің қаһарманын жасаған. Шешендік сөздердің белгілі бір тобын Әйтекеге, екінші шоғырын Төлеге, тағы бір бөлігін Қазыбекке «қылдай» бөліп берем деушілік жасандылыққа, қолдан бұрмалаушылыққа апармақ. Тарихи фактілер мен шежірелерді, жазба деректерді неғұрлым толық тексерген сайын қайсыбір сөздердің төркіні жақынырақ танылуы мүмкін. Соның өзінде мөлдіреп тұрған «куәліктер» белгілі бір сөздің алғашқы иесін тап басып таныта алмайды. Егер классикалық жырларды, ертегілерді, әпсаналарды, мақал-мәтелдерді, лирикалық өлеңдерді халық мұрасы десек, аңыз-өңгімелер де, негізінен алғанда, осындай сипат байқатады. Бұлай болғаннан ұлы билердің тарихи қызметі, зор тұлғасы өсте төмендемейді. Тарих ғылымы өткендегі қайраткерлердің өмірі мен істерін нақтылы құжаттарға, сенімді мағлұматтарға қарап зерттесе, фольклор ғылымы тарихи тұлғалар жөніндегі ауызша тараған аңыз-өңгімелерді бөрінен бұрын көркемсөз жанры ретінде тексереді. Белгілі бір сөздің бастапқыда жеке адамдардың аузынан шыққаны оның даралық түбірін білдірсе, кейіннен өңделіп, жетілген түрі ұжымдық нышан байқатады. Аңыз-өңгіменің тарихи шындықты танытуға септесетін тұстары да, қауымның ортақ көркемдік мүлкіне айналып кеткендері де аралас, қатарлас сақтала береді.

Шешендік сөздерді де, ауызша тарап келген өзге жанр шығармаларын да жинау, жариялау, зерттеудің әлемдік ғылым тәжірибесінде қалыптасқан тәсіл, жолдары бар. Қазақ фольклоршылары да негізінен осындай шарттарды басшылыққа алып келеді. Өкінішке қарай кейінгі кезде ауыз әдебиеті нұсқаларын, шежірелерді жинау, жариялау ісінде ғылыми принциптерді атап өтіп, өзінбілермендікке салыну етек алып барады. Қазақтың бөріне ортақ ұлы тұлғаларды мақтаныш етіп, солардан үлгі алудың орнына әр ауылдан, әр өңірден қалайда жүйрік жырау, те-

рең тарихшы, төкле шешен, білгір философ шығаруға тырысушылық байқалады. Мұндай шежірелер шындықты ашуға көмектесерліктей пайдалы болып жатса, құба-құп дер едік қой. Амал қанша, ғылыми мекемелер зерттеуге лайық мәнбе (источник) ретінде мойындалмаған материалдарды газет-журнал, кітап жүзінде жариялап, олардың анық-қанығын тексеріп жатпай-ақ мақтай жөнелу, үзінділер келтіре сөйлеу етек алды. Ең сорақы жері сол — жаңадан табылды делінетін әлгіндей шежірелер мен жартылай аңыз, көркем әдебиет түрінде жарық көріп жүрген басылымдарда белгілі бір ру мен тайпаның аты ел есінде қалған адамдарын біржақты дәріптеу де орын алып келеді. Мұны көрген өзге ру адамдары бұлардан қалысқысы келмей, қиялы мен шындығы мидай араласып кеткен туындыларды дүниеге келтіреді. Осылайша ғылымға ешқандай қатысы жоқ «жарыс» басталады. Мұның аты, түптеп келгенде, ертеден бері тамыры терең тартылған рушылдықты қоздыру болып табылады.

Түбінде ғылым әлемі мойындамаған нәрселерді асығыс жариялаудан ешнәрсе үтпасақ керек, ғылым мен аңыздың аражігін ажырата алмайтын әрі жұртшылықты шатастыратын мүшкіл халге душар болмауды ойлайық. Жартылай қиял, жартылай фактіге негізделген тарихи тақырыптағы шығармаларды да өз алдына талғам таразысына салған жөн.

Қазіргі кезде халық бірлігіне, ұлт ынтымағына шақырған ұрандар, жалынды сөздер жиі естіліп келеді. Бәрінің де айтатыны «бөлінбейік, бірігейік, ел мүддесін жоғары ұстайық» дегенге саяды. Бірақ мұндай пікір құрғақ сөз болып қалмай, іспен дәлелденіп жатса ғой. Бірлікке шақыратындар өзінің манайындағы жақындарынан басқаны көрмей, «аналар бізге туыс емес» деп руы бөтендерді сыртқа тепсе, рухани азудың ең жаманы сол. Сондықтан ынтымақты нығайтудың әділ жолы — жақсылықты жалпы қазақ ұлына жасап үйрену, «жақындағыны ғана емес, алыстағыны да» бағалап үйрену болмақ.

Ұлы билердің аруағын ардақтап, олардың қалдырған үлгісін қадірлеп, қазақ бірлігінің символына айналған Ордабасыда бүкілхалықтық салтанат өткізілуі өшпес дәстүрлер мен ешқашан мәнін жоймас құндылықтарды жаңғыртуға септесетін оқиға. Әлі де болса, рулық, тайпалық ата-тегін ұмытпаған қазақ жұртшылығының билік басына ертедегі дана бабалардың үлгісін мұрат тұтқан ентандаулы, парасатты жандар отыруы ләзім. Қазақтың үш жүзінің

аралас тұратын облыстардың өз «Ордабасылары» болуы, әкімшілік тізгінін жүздердің ең арлы, кемел перзенттері бірлесе, ынтымақтасып ұстауы қажет. Мұндай болмаған жағдайда Ордабасының аманатын қадірлейік дегеніміз құр алдау болып шығады...

Қазақ бірлігін нығайту мақсатымен Ордабасына қадам басқан әрбір адам іштей тазарып, кеселді әдеттерден арылып, нағыз ынтымақты арман етуі ләзім. Кешегі тоталитарлық жүйе кезеңінде жүкқан дерт — сөз бен істің кереғарлығы, өтірік сөйлегенге арланбау, қайта оны өзінше өнер санау дерті Ордабасыға өрмелеп шықса, нағыз қасірет сол. Ордабасы өнегесін ауызға алған адам ел қамқоры болған ұлы билер көтерген парасат биігін аласартпайтындай, өзі де сол дәстүрмен жүруге бел байлағандай күй кешетін болсын, Ордабасыға шығу оңай еместігін ойласын...

ҰЛЫ ЖЫРАУ ӨНЕГЕСІ

Қазіргі кезде халқымыз өзінше бір ояну дәуірін бастан кешіріп отырғандай халде. Соңғы жылдарда көптен бері көзден ғайып, көңілден таса болған құндылықтарды еске түсіре бастадық. Қазақ елінің тағдыры таразыға түсіп, «не өмір, не өлім» деген сұрақ күн тәртібінде қойылған шақта ел бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендердің, атакты хандар мен ардақты билердің, кемеңгер қолбасылар мен айтулы ақындардың есімі мен еңбегін қадір тұтып, құрылтай, салтанатты тойлар өткізу, қанқұйлы жаулармен арпалыста шейіт болып кеткен ел боздақтарының аруақтарына ас беру мәресімдері өткізіліп келеді. XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі жеңістерді ұйымдастырушы даңқты хан Абылайдың, XIX ғасырда тәуелсіздік үшін жүргізілген ең үлкен қозғалыстың қаһарманы Кенесарының теңдесі жоқ тарихи еңбегін бағалаудағы оң өзгерістер рухани өміріміздегі ірі бетбұрысты нышандайды. Ел басына алмағайып, қатерлі кезең туғанда халықтың болашағына қажет бірліктің туын көтерген ұлы билер — Қазыбектің, Төленің, Әйтекенің дәстүрін жалғастыруды мұрат еткен Ордабасыдағы халық жиналысы да мәні терең оқиғалар қатарында аталуға лайық. Ұлан-байтақ қазақ жерінің әр өңірінде батыр бабалар мен ақылгөй билерге, ақиқат жаршысы — ақындарға арналып өткізіліп

жүрген астар мен орнатылған сағана-ескерткіштер әлсіреген ұлттық дәстүрге жана қуат дарытқандай...

Қазақтың дана жырауы, дара ойшылы Бұқар Қалқаманұлының 325 жылдығы осы аталған және басқа мерейтойлар қатарын заңды жалғастыратын және оларды белгілі дәрежеде қорытындылайтын аса елеулі сана, дата болып табылады. Халық еркіндігі мен бақыты үшін ақыл-қайратын сарп еткен қайраткерлердің жалпы бағыты бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың атқарған істерінің орны, салмағы әр түрлі. Бұл реттен алғанда Бұқар тұлғасы ұлылар тізбегінде оқшау биік шыңдай елестейді. Мұның себебі жыраудың өз заманында иеленген беделі мен қазақ көлеміне таратқан ойларының өміршендігіне байланысты. «Жырау» деген сөздің толық сипаты бір басынан табылған Бұқардың шешен билер мен ақындарға ұқсайтын да, олардан өзгеленетін де қырлары бар.

Қазақ тарихының білгірі Ә.Марғұланның жалпы жырау атаулыға берген анықтамасын еске түсірсек, бұл «жұмбақтың» жауабы да табылғандай болады. «Патриарх, ақын, әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақалдан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжалдар айтып отырған» деп жазған еді ғұлама. Осы мінездемелердің Бұқар жырауға толық үйлесетіні күмән келтірмейді.

«Жырау айтыпты» деген сөздерді жинап, жазып қалдырған ақын, әрі шежіреші Мәшһүр Жүсіп «Қаржас Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні «көмекей әулие» дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп сөйлейді екен де отырады екен. Қарасөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлауменен шығады екен» дейді. Абылай хан бір жаққа аттанарда жыраудан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түстерін жорытатын болған. Демек Бұқар өз кезінде халықтың әулие данышпаны, ақылшы көсемі, дуагөй бітімшісі, көрген болжаушысы санатына көтерілген. Елдің басындағы халді жетік білген Бұқардың сөздері әрі кеңес, әрі әмір болып естілген. Оның көңілін алаң қылатын жеке даулардың шешімі немесе қатардағы істердің қамы емес, тұтас халықтың бүгіні мен болашағы. Сондықтан да бүкіл ел тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін жыраудан сұрайтын болған. Бұқардың өз тұсын-

дағы осындай сәуегейлік даңқын мың жыл бұрынғы оғыз-түрік әулиесі Қорқытпен, ертедегі қазақ ноғайлы елінің «аузы дуалы» данышпаны Сыпыра жыраумен салыстыруға болады. Айырмашылығы сол — Бұқар өсиеттері бізге аңызбен өсіріленбеген, маңызы ешбір кемімеген жанды қалпында жетті. Бүгінгі тілмен айтқанда Бұқар жырау қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік бағдарламасын қалыптастырған идеолог болды...

Бұқар жырау толғауларындағы басты сарын — елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол өзінің терең философиялық мәні бар ғибраттарында да, Абылайға арнау өлеңдерінде де, елдің өткені мен уақыт алға тартқан міндеттерді сөз еткен кездерінде де ел бірлігі тақырыбын алтын қазықтай берік ұстайды. Өйткені ол қазақ қауымының ел болып ірге бекітуі, жан-жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлікте екенін терең түсінді және осыны ұрпақтың ұрпағына аманат етіп қалдырды. Осы пікір жырау толғауларында үзілмеген желі құрайды.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректені болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұлы шоралар,
Бас қосыпты десін де,
Ман-ман басып жүрініз.
Байсалды үйге түсіңіз,
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түнілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз...

Ел бірлігі бәсең тартып, ынтымақтың берекесі кеткендікті «қас тұрпайылық» деп айыптайды.

Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт...
Хан жарлығын алмады...
Ханға тізгін салмады,
Баяғдай баршындап,
Бірауызды болмады,
Қас тұрпайы болған жұрт...

Қазақ халқының көгеруінің ең басты шарты бірлігінде екенін ескерткен Бұқар танымы қазір де ескірген жоқ. Жершілдік, ауыл-

шылдық, рушылдық, жүзілдік дертінен әлі де арылып болмаған жұртымыздың бұл кеселден түзелетін жолын да ұлы жырау көрсеткен. Қазақ қауымының арасына іріткі салатын мақтаншақтық, данғойлық, өз руының мүддесін бүкіл қазақ мұратынан жоғары қою секілді кеселдермен күресу, әрбір адамды ата-тегіне қарамай, қабілетіне, қасиетіне сәйкес ардақтау қажеттігін Бұқар бабаның өсиеті деп ұғынсақ абзал.

Жырау шығармаларындағы орталық идеялардың бірі – қазақ жерінің бүтіндігін сақтау, шүйгін қоныстарды жатқа алдырмау, дұшпанға тізгін бермеу, кездейсоқ кесірлер мен күтпеген бәлекеттер алдында қамсыз қалмай, әрдайым сақтық пен жауынгерлік әзірлікте тұру қажеттігі. Бұл пікірлер бұдан үш жүз жыл бұрын айтылғанымен, халқымыздың дәл бүгінгі жағдайында да мысқалдай мәні кемімегенін түсіндіріп жату артық болар еді. Осы ойларын жырау жаны тыныштанған күні кешегісін ұмытып кететін бейғам жұртына әдейілеп, нақтылап ескертеді. «Тілек» деген толғауында жырау «желкілдеген ту келіп, сонан сасып қалмасқа» шақырады. Мұндай қауіп ертеден бері бір арылмағанын тарихтың өзі куәлендіріп берген жоқ па? Қазақтың әулие көсемі Бұқар баба енді бірде сырттан келетін қорқыныштың түр-түсін анықтап көрсетеді.

Шүршіт келем деген сөз бар-ды,
Енжіл атты көлемда.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір кетер ақтарып,
Көмулі жатқан дененді...
Шүршіт келсе жарамас,
Әй-түйіне қарамас...

Тағы бір өлеңінде қазақтың Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы, Ұлытау, Ақмола, Баянауыл сынды шұрайлы жерлерін Ресей отаршылдары басып алғанын, жергілікті жұртты қуан далаға қуып тастағанын баяндап, не істеу керек деген сұраудың жауабын ашық қалдырады:

Кетпейін десе жері тар,
Кетпейін десе алды-артын
Қоршап алған көпір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,

Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла!..

Қазір заман басқа. Қазақ жеріне бірі зорлықпен, екіншісі мұқтаждықпен, үшіншісі сұғанақтықпен келіп қалған түрлі ұлттың өкілдерін кетіру керек деп ешкім де мәселе қоймайды. Өзара түсінісіп, бірлікпен жасаса, қазақ жерінің ризығы қазақтан басқаларға да жетеді. Дегенмен сонау патшалық заманында суы тапшы, шөбі сұйық шөлейтке ығыстырылған қазақ ауылдары мен аудандарына олардан тартып алынған құнарлы жерден қосып беру мәселесін шешсе, тарихи әділеттілікке бір табан жақындаған болар едік. Өйтпеген күнде «артта қалған» деп ресми танылған ондаған қазақ аудандарының келешекте көркейер мүмкіндігі кем екенін кез келген экономист маман дәлелдей алады. Өз елінде демократиялық мемлекет орнатуды ниет етіп отырған республика алдағы істерін жоспарлағанда өткен кезеңдерде орын алған қиянаттың зардабын қайтаруды ойлағаны жөн ғой...

Өзге жұртқа бодан болудың қасіретін жырау «көріп келгендей» мәлдіретіп айтқан екен. «Жатқа тізгін берсеңіз, жаламенен бас кетер» дейді ол.

Жебірлерге жем беріп,
Ел қамын жеген жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар барыңды.
Елінді алар қолыңнан...

Бүгінгі қауым бұл айтылғанның бәрі соңғы екі-үш ғасыр ішінде басымызға түскен қайғылы халіміз екенін жақсы біледі. Сонда да болса қазіргі егемендік алған, тәуелсіздік жариялаған кезімізде Бұқар сөздерінің ескірімес мәні сақталады. Әсіресе оның өз жерін қорғау әр елдің өз парызы екенін ескертіп, ойсыздықтан, жауапсыздықтан сақтандыруы осы күнгі өмірдің қажетімен де үндесіп тұр. Ұлттық намыс ұмытылып, асыл дәстүрлер жоғалған жерде ғана ел қамынан мүлде бейхабар құзғын мінезділер көбеймек қой. Сол үшін қазақ жамағатшылығының ұлттық отаншылдығын оятатын жүйелі, тегеуірінді бағдарлама керектігі айқын.

Ұзақ жылдар бойында Бұқардың дінге қатысы туралы мәселе мүлде жабық қалдырылып келді. Шындығында қазақ қауымы-

ның бірлігі мен тұрақтылығын қалыптастыру үшін ислам дінінің қажет екендігін ұлы жырау қадап айтқанын көреміз. Мұны біз оның өшпес өсиеттері қатарында қарауымыз керек. Күні кешеге дейін бұл тақырыпты сөз етпей, айналып өтіп кететін едік. Ал егер сөз ете қалсақ, «қазақта діндарлық аз» деп әлдекімдерден қымсынғандай яки дінсіздікті мақтан көргендей болатынбыз. Дінсіздікті жетіскендік секілді етіп көрсетудің өзі де ұзақ замандар бойында отаршылдар идеологтарының астыртын миссионерлік әрекетімен байланысты екені ойымызға да кіріп шықпайтын. Міне, дәл осы жағдайды пайдаланып, билеуші империя өкілдері мен руханиларды «шалажансар» дініміздің өзінен мүлде айыруды көздеген.

Ей, айташы, Алланы айт.
Аты жақсы құдайды айт.
Төрт шадияр Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғалымды айт.
Төңірім сөзі бұрканды айт.
Төңірім салса аузына,
Жан жолдасың иманды айт...

Мұндай толғаулардың сөздік құрамына қарағанда Бұқар діни әдебиетті жақсы білгені, Шығыс кітаптарымен таныс болғаны байқалады.

Ибраһим Халил жасады,
Төңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бейнамаз,
Құдайынан кешіпті.
Құдайына құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер несіпті...
Мұсылманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз.
Бірауызды болыңыз,
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргенізді қоспаңыз...

Абылайға мадақ өлендерінің бірінде:

Ғаділдігін Наушаруан
Ғаділге жеткерген...
Жомарттығын Хатымтай
Жомарттан өткерген... —

деген жолдар кездеседі. Бұл мысал да Бұқардың Шығыс әдебиетінің қазынасынан сусындағанын байқатса керек. Жас шағында Түркістан тәрізді медреселі, мешітті байтақ шаһарда болған жыраудың қаншалық дәріс алғаны өз алдына жеке зерттеу тақырыбы.

Бұқар шығармаларында адамзат көлемінде әрдайым көтеріліп келген мәселе — хан мен қарашаның арасындағы қарым-қатынас шарттары қазақ қоғамының ерекшелігіне сәйкес жанаша шешілген деуге болады.

Қазақ поэзиясында атакты ақындардың өз кезіндегі ел билеуші хан-сұлтандардың мінін бетіне басып айта алғандары туралы мысалдар жоқ емес. Бірақ солардан Бұқар сыншылдығының үлкен айырмасы бар. Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Майлықожа сынды ақындар ірі шонжарларды пікір қарсыласы ретінде сынап-мінейді ғой. Ал Бұқар жырау Абылайдың шын тілектесі, ақылшысы, қамқоры болып отырып, екінің бірінде-ақ ханды «тәубасына» келтірерлік сөздер айтады. Қазақ қоғамының құрылысын және сол замандағы алмағайып ахуалды еске алсақ, ханға Бұқар секілді «айыптаушының» керек болғанын түсінеміз. Абылай маңына топтасқан аса үлкен рудың өкілі ретінде Бұқар сияқты кеңесші әрі ақиқатты жарып айтатын кіршіксіз адал адам ханға да аса қажет. Қазақ елін сақтап қалу үшін жанталас күрес жүріп жатқан шақтарда қарауындағы жұрттың шын аңсарын білдіре алатын, хан екен деп өтірік жағымпазданбайтын турашыл жыраудың сөздері қастықтың емес, нағыз достықтың лебізіндей естілген... Өз істеріне қалыс жұрттың, халықтың көзімен қарауға, өзіне қарата айтылған ауыр сөздерді «басынан асырып», сол сөздердің нәрі мен дәнін қабылдауға қабілеттілігі Абылайдың бейнесін төмендетпей, қайта асқақ биікке көтереді. Абылай мен Бұқар жыраудың арасындағы қарым-қатынас дала демократиясының басқа ешбір елдегіге ұқсамайтын өзгеше бір көрінісі...

Ұлық пен халық арасының диалектикалық байланысын Бұқар жырау «қарашы ханын сыйласын, хан халықтың мұңын мұңдасын» деп әрі қысқа әрі нұсқа етіп айтады. Осы принциптің қайсысы бұзылса да ел тағдырына аса қатерлі деп біледі. Ел намысы үшін жанын пида етуге қабілетті көсемдерді саналы түрде қолдай білуге шақырған жырау таразының басын тең ұстап, басшыға да әділ талап қойып отырады. Қазақ қауымының келешегі де Бұқар баба салған осы бір дәстүрдің таза сақталуына қатысты болып көрінеді.

Бұқар поэзиясы – қазақ халқының зұлым жаулармен бетпе-бет келіп, ұзақ арпалысқан, ерлік пен ездіктің, парасаттылық пен азғындықтың парқы таразыға түскен, жеңілістің ащы дәмін татқан жұрттың Абылай маңына шоғырланып, ақырында қас дұшпанды қуып шыққан, қазақ мемлекеттігін қалыптастырудың сан сала сауалы ойландырған, бар болу мен жоқ болудың таразысы ауытқып тұрған аласапыран заманның шындығын терең өрнектеген мұра. Ол – қазақтың азаттық, тәуелсіздік күресінің көркем шежіресі, жеңіске жеткізген батырлардың, билердің, қолбасылардың мадағы. Абылай бастаған қаншама ерлердің көркем тұлғасын тарихи шындыққа сәйкес жасай алғаны Бұқар толғауларын айрықша мазмұнмен нұрландырады.

Ең ғажап жері сол – Бұқар жырлары өзінің заманагөйлік сипатын, тәрбиелік, ғибраттық мәнін жоғалтпай, қазіргі қауымның да рухани қажетіне жарап келе жатыр. Өзінің тәуелсіздігін бекіту жолында тосын қиындықтарға душар болып отырған қазақ республикасына жыраудың кемел кенестері мен орнықты ойлары зор медет береді деп сенеміз...

Әрине, заманында күн тәртібіне қойылмаған барлық сауалдардың жауабын жыраудан талап ету ерсі болар еді. Түрлі зорлық пен сұмдықтың салдарынан қазақ халқының жартысына жуығы ана тілін білуден махрұм қалатынын Бұқар да, басқа да болжай алған жоқ. Бірақ бізге бір нәрсе анық. Бұқар баба мәңгүрттікпен күреске шығып, қазақ қауымын ана тілінде оқыту керек деп жар салған болар еді. Бұл кезге дейін жыраудың шығармаларын толық жинастырып, ғылыми жүйелеуге мүлде көңіл бөлінбегенінің себебі рухани қазынаға тек таптық тұрғыдан біржақты қараушылыққа байланысты болды десек, ендігі жерде ол қырсықтан арылғандаймыз. Қазақ тәуелсіздігінің жаршысы Бұқарды мадақтасак, бізді билеп-төстеп тұрған үлкен көршіміз Ресейдің шамына тиіп қаламыз ба деген үрей де санамызға сіңгендігі еркін көсіліп пікір айтуға мұрша бермей келді. Зерттеушілік мәдениетіміздің жетілмегендігінен таза «бейбіт» ізденістердің өзі жүйелі түрде жүргізілмеді, жылдар бойында Бұқардың жекелеген шығармаларын жинақтар мен хрестоматияларда қайталап басумен ғана шектелдік. Ұлы жыраудың салтанатты тойы қарсаңында оның туындыларының жан-жақты тексерілген, сенімді мәтіндерін (текстерін) барша ғылыми жабдығымен қоса ұсына алмағанымыздың өзі өткен ондаған жылдарда маңдымаған тексе-

рулердің тікелей салдары. Бұқар жайында шағын көлемде болса да қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде нақтылы мағлұмат беретін түсіндірменің шығарылмауы да үлкеніміз болып, кішіміз болып данышпан тұлғаның шын орны мен мәнін зерделеп болмағанымызды көрсетеді. Ежелгі бейкам, жайбарақат әдетімізбен «өткенге салауат» десек те, алдағы кезде атқарылар кейбір аса қажетті істер тізбегін айқын бағдарлауымыз ләзім...

Жыраудың өмірбаяндық мағлұматтарын толығырақ қарастырып, оған қатысты күллі деректерді топтау, талдау жұмыстарын жасау – күрделі уәзипалардың бірі. Бұл мәселе Бұқардың туған жылы мен жерін анықтаудан басталып, оның ақындық, билік қызметінің шеңберін, өскен ортасын, заманындағы хан, сұлтан-дармен, ру көсемдерімен қарым-қатынасын, көрші түркі халықтарының тарихы мен әдебиетінде қалған іздерін, шығыстың рухани байлығын меңгеру дәрежесін, мәмілегерлік (дипломатиялық) әрекетін неғұрлым кең әрі терең пайымдауға жалғасуы тиіс. Бұқар мұрасын шын мәнінде тану мен тексеру енді басталады дейтініміз де осыдан.

Жырау толғауларынан оның кітаби білімінің молдығы да аңғарылады. Демек ол өзінің кемел ойларын ауызша ғана толғамай, хатқа да түсіруі мүмкін ғой. Қазақтың Ресей мен Қытай, ортаазиялық хандықтар, жоңғар жаулаушылары арасындағы қысылыңқы халін ойлап, ел еркіндігінің жолын ұдайы іздеп отырған дана жырау арғы-бергі тарихтан мол хабары бар білімдар адам болған деуге негіз бар... Ендеше жырауға жанасты мәнбелерді (источниктерді) Сібір қалаларының архивтерінен де, башқұрт, татар, орыс жазбалары мен фольклорынан да, Мәскеу, Санкт-Петербург, Пекин, Ташкент, Стамбұл кітапханаларынан да іздеу істері жаңа серпін алуы тиіс. Мәселен, башқұрт фольклоршылары Бұқар мен башқұрттың Байық шешені айтысқан деген дерек келтіреді. «Бұқар айтыпты» деген сөздер ел аузынан түгел жиналып болды деп жайбарақаттыққа салынбай, өлі де болса іздеуді тоқтатпаған жөн.

Жыраудың түрлі себептермен өзгелерге таңылып жүрген сөздері болуы мүмкін екенін де естен шығаруға болмайды. Бұқар шығармаларын мәтіндік жағынан (текстологиялық) тәртіпке келтіру, түрлі варианттарды өзара және тарихи жағдайлармен салыстыра отырып, ғылыми дәлелденген түпкілікті нұсқасын жасау басты нысана деп қаралса керек. Ал жыраудың бүгінге дейін жа-

рияланып келген туындыларында анықтай түсуді қажет ететін нұсқандар мен айтушыдан не көшірушіден кеткен қателер жоқ емес. Бұқардың әрбір сөзі мен тіркесі қашан, қандай жағдайда туғанына қанықтыратын мағлұматтарды неғұрлым мол жинақтап шығу, оларды озық методологияға сүйеніп талдау шарт. Бұл тақырып бір емес, әлденеше зерттеулерге жүк болар еді.

Ауызша тараған мұраның асыл нұсқасын анықтаудың ғылымда қалыптасқан тәсілдері мен жолдарын ұтымды пайдалана алсақ қана ақиқатқа жақындаймыз. Бұқардың әр кезде, түрлі жағдайда шығарған толғауларының тарихын болжауға ғылымның жетік тәсілдерін жұмсаған жөн. «Жырау айтыпты» дегендердің замандар өте келе белгілі дәрежеде өзгеріске түсуі мүмкіндігін де естен шығаруға болмайды. Мұраны зердесінде сақтаған жан-дардың бәрі бірдей әуел баста естігендерін түп-түгел бұлжытпай жеткізеді деу де ұшқарылық болар еді.

Сондықтан мұндай жағдайда Бұқар мұрасына қатысты құжаттарды тұтас қарастырып, солардың күмәнсіз анық желілерін іріктеу шарт. Жырау шығармаларын келешек буындарға жеткізуде баға жетпес еңбек сіңірген Мәшһүр Жүсіптің де, басқа зерттеушілердің де қалдырған куәліктеріне ризалық білдіре отырып, кей жағдайда соларға да сын көзімен қарауды үйренгеніміз артық болмайды.

Мұраның сақталу ерекшеліктеріне жете мән бермегендік асығыс, жаңсақ тұжырымдар жасауға, тіпті шежіре бойынша қалыптасқан ұғымдарды белден басып, сәуегейліктер айтуға жол ашатынын көреміз. Мұндай әдет өріс алып, тамыр тартып бара жатқандықтан, арнайы тоқталуға тура келеді. Бұқар жыраудың беделіне сүйенген болып шежірені көлденең бұрып өкетуге тырысушылық қай жағынан алсаң да зиянды құбылыс екенін ашық айтпасақ болмайды. Мәселен, кейбір қаламгерлер Бұқардың Абылайға қарата айтылған қатқыл, сын сөздерінің өнін айналдырғысы келеді. Ең сорақысы сол — ғылымнан хабары жоқ кейбір адамдар өздерінің Абылай тегін бұрмалап көрсеткісі келетіндіктерін Бұқар сөздерімен дәлелдемек болады. Ол сөздер мынау:

Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға

Қызметші болып түр едің.
Сен қай жерде жүріп жетілдің?
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің...

Кез келген сауатты оқушы бұл сөздерден Абылайдың бала кезінде жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болғанын ғана аңғарар еді. Бірақ «зерттеудің» оңай жолын тауып алғандар бұл тіркестерден тек өздерінің қисынына қолайлы мағыналар іздейді. Олар «үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің» деген тіркестердің бейнелік қызметін елемей, «мына сөздерге қарағанда Абылайдың ата-тегі төре емес, кара болуы керек» деп жаналық ашқандай болады. Бұқар бабаның:

Момынға келіп бек болдың,
Атанды білмес құл едің.
Атанның тегін сұрасаң
Арқар ұранды жат едің,
Қай жерінде төре едің?
Қаршы менен Құзарда
Жалаңаяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің,
Шешенді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді
Оны да мен білуші ем.
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен күн еді...

деген сөздер шежірені қайта жазғысы келетіндерге іздегенге сұраған болып көрінеді. Қандай жағдайда айтылса да, Бұқардың бұл толғауларына қарап Абылайды «құл» деп дәлелдеуге болмайтыны бірден байқалып тұр ғой. Абылайдың ата-тегінің кім екенін сипаттауға жыраудың оған «арқар ұранды жат едің» дегенінің өзі-ақ жеткілікті. Ал қалған сөздердің неліктен, қалай шыққанын түсіну де қиынға соқпайды. Мұның бәрі бала кезіндегі көрген қиындықтарын бір сәт ұмытып, мансап пен атаққа елтіп, кейде асылыққа барғысы келген ханды сабасына түсіру үшін айтылғаны сөз астарын аңғаратын өркімге-ақ түсінікті. Тіпті сол сөздердің әуел баста дәл осылай шыққанын немесе кейінгі замандарда айтушылар қиялымен «дамытылып» өкетілгенін де ойлап көруге болады ғой. Бұлай ойлауға Бұқар жыраудың әр өлеңінде осы мәселенің әр түрлі айтылатындығы да жол ашады. Сол өзгешеліктерді де келтірейік:

Әй, Абылай, сен он бір жасында,
Әншейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан күл едің...
Абылай атын жоқ еді,
Сабалак атпен жүр едің.
Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің...

Бұл жолдарда Абылай жас кезінде үйсін Төленің емес, Арқадағы Әбілмәмбет төренің түйесін баққан делініп тұр. Ауызша сақталған әдеби мұраның қайшылығы деген осы. Келтірілген мысалда Абылай жаныс Қарабайдың үйінде туған болып шығады... Сөз болып отырған үзіндінің соңғы екі жолына бола кейбіреулер Абылайдың ата-тегі жаныс руынан екен деген қорытынды шығарудан қысылмаған. Бұқардың тағы бір өлеңінде «момынға келіп бек болдың, атанды ұқпас ұл едің» деген де жолдар кездеседі. Мәшһүр Жүсіп жазып алған аңыз-әңгімелерде бұл қисын басқа деректермен толықтырылған. Оқып берелік: «Он екі жасар бала күнінде қасында Оразаулық деген сарт бар, екеуі Түркістан шәһәріне келіп, Әбілмәмбет патшаға қызметкерлік қылды. Ол жерде орныға алмай, ұлы жүз үйсін Төле бидің түйесін бағып жүрді. Онда да байырқалап тұра алмады. Сарыарқаға шығып, Атығай, Қарауыл деген елдің ішіне келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бакты. «Атың кім?» — деп сұрағанға атым «Сабалак», — депті. Шәді Жәңгірұлының дастанында Абылайдың он бес жасында керуенге ілесіп келіп, Арқада паналаған кісінің аты Дәулет делінді... Бұл аңыз әңгімелердің өзара азды-көпті айырмалықтарына қарамастан бір мәселеге келгенде басы тоқайласады. Ол — Абылайдың бала кезінде Бұхар жақта өскені, әкесі өліп, көп қиындықтар көргені, ақырында ата-баба жұрты еді деп қазақ жеріне келгені, біраз уақытқа дейін өзінің шын аты-жөнін жасырып, басқа бір есімді иеленіп жүргені. Міне, осы бір желінің ауыз әдебиетінің шартына орай түрліше құбылып баяндалғанын көреміз. Аңыз жас Абылайды бірде Әбілмәмбет төренің, енді бірде Төле бидің түйесін баққан етіп баяндайды. Оның Сабалак атымен жүруі де осы екі әміршінің құзырында болған кезеңмен байланыстырылады. Ал Абылайдың анасының «күн», өзінің «күл» делінуі бізді адастырмауға тиіс. Бұл арада осы сөздердің өз мағынасы емес,

біреудің қарауында қызмет қылғандығы сездіріліп отырғандығы белгілі. Абылайдың анасы жаулардың қысастығынан қашып, жасырынып жүріп, айдалада туды ма, әлде жаныс Қарабай дегеннің үйінде босанды ма, бұл мәліметтер мәселенің мәнін шешпейді. Жырдың да, толғаудың да, аңыздың да айтпағы — Абылайдың жас кезінде жетімдік, таршылық көріп, өркімнің қызметінде елеусіз болып жүрсе де, кейіннен өзінің қайраты, парасаты арқасында шын қасиетін танытып, ел билеушісі дәрежесіне көтерілгендігі. Бұқар жырау толғауларындағы және ел арасындағы аңыз-әңгімелердегі ала-құлалықтардың себебін текстологиялық салыстырмалы зерттеулер кезінде ғана анықтауға болады демекпіз. Жырау өлеңдерінен үзіп-жұлқып алған жекелеген мысалдар негізінде елде жоқ «жаңалық» ашуға тырысушылық көтере алмайтын шокпарды қолға ұстағанмен бірдей. Бұл көрсетілгендер — ауыздан ауызға тараған, көптеген айтушылардың «сүргісінен» өткен мұраның асыл нұсқасын анықтау ғылым үшін ең бірінші міндет екенін аңғартса керек. Мәтіндерді саралап болмай тұрып, тұжырым, талдау жасаушылық кім-кімді де адастыруы, жалған жаңсақтыққа апаруы әбден ықтимал. Аңыз бен ақиқаттың арақатынасынан нағыз шындықты екшеп алу ғылымның кемелденгеніне сын.

Ертеде өмір кешкен хандар, батырлар, билер, жыраулар, шешендер тұлғасын асырмай да жасырмай таныстыру адалдықты да, алғырлықты да керек етеді. Белгілі бір тұлғаны дәріптеу үшін екінші бір қайраткерді әдейі төмендеткісі келу ең жарамсыз тәсіл. Мәселен, республикалық газеттерде Қабанбай мен Төле биге арналған мақалаларда бұл қайраткерлердің тарихи орнын көрсетумен қатар кейбір даңқты есімдерді көріне көзге төмендеткісі келушілік те орын алғаны белгілі. Кейбір жас зерттеушілер Бұқар жыраудың Бөгенбай батырды сынаған бірер сөзін қайта-қайта алға шығарып көрсеткісі келгенін де көрдік. Шындығында Бөгенбайды бір бағаласа, Бұқар бағалағаны тарихқа аян еді ғой. Мұны Бұқардың Бөгенбай өлімін Абылайға естіртуінен де аңғаруға болады. Бөгенбайды сипаттаған толғау керек болса, зерттеушінің қаламына алдымен ілінетін:

Киядан кикү төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Корқып жаудан қайтпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қазақ деген халқынан,

Батыр шыққан даңкынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған
Батырың өтті Бөгенбай!..

секілді сөздер еді ғой. Бөгенбай өлімін бір Бұқар емес, өзге жыраулар да тебірене толғағанына мысал мол. Ғылым мақсаты біреулерді ептеп «көтеріп», екіншілерді ретін тауып «құлдыратып» көрсету емес, шындықты толық қамтып айту екенін мойындамасак, ақиқат емес, алдау жолына түскеніміз болмақ...

Бұқар жыраудың толғаулары үлкен ойлар мен жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарды нақылдай тұжырымды, әсерлі етіп айтумен ғана емес, тарихи оқиғалардың жалпы бағытын, жекелеген қайраткерлердің қазақтың азаттық күресіндегі орнын дәл бағалап, күмәнсіз куәлік беруімен де ерекшеленеді ғой. XVIII ғасырдағы отандық соғыстың барлық кезеңінің білгірі – жырау толғауларының әрбір жолына ерекше ілтипат, құрметпен қарауымыз парыз. Бұқар жыраудың назарына ілінген батырлардың бәрінің де халық алдындағы қызметі ешқашан ұмытылмауға тиіс.

Сонымен қатар жырау айрықша бейілмен, зор ықыласпен атаған қаһармандарды көптің бірі деп санап, бәріне бір қалыппен келушілік те жараспас еді. Жоңғарға қарсы майдан алаңында жүрген батырлар мен билерді санағанда жырау әсте жаңылмады. Абылайды бірде мадақтап, қайсыбір тұста сынап, парасатқа шақырып, елдің қамын терең толғағанда жырау төрт қайраткерді ерекше еске салып отырады:

Каракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шакшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға...

Бұл жолдардың сан рет салыстырудан кейін барып туған ақиқат екені тарихтан мағлұматы бар әрбір адамға түсінікті болса керек. Шүкіршілік, кейінгі жылдарда бұл және басқа қайраткерлердің халық алдындағы өлшеусіз еңбегі ескеріліп, қазіргі қауымға үлгі етіп ұсынылып келеді. Дегенмен тарихтың өзі белгілеген даңқ сатысын қолдан жасауға, қазақтың ойрат озбырларына қар-

сы соғысқан ерлерінің орнын «ауыстыруға» ұмтылушылық та байқалмайды емес. Бұлай ету тарихи құбылыстарды нақтылы тануға көмектеспейді, қайта жұртшылық арасында жасанды дақпыртқа әуестенушілікті қоздырады...

Бұл көрсетілген мысалдар Бұқар мұрасын тану мен тексерудің қаншама уәзипалары алда тұрғанын дәлелдесе керек. Белгілі бір өлеңнің тақырыбын, мазмұнын анықтаумен мәселе шешілмейді, жырау шығармаларын ғылымның биік шарттары тұрғысынан зерттеп, бұқартануды жаңа белеске шығару ортақ міндетіміз. Бұқардың елдік, ерлік, әділдік, инабаттылық, бірлік туы астына шақырған сөздері ұрандай жазылып, қауымның санасына ерте бастан құйылатындай болуы тиіс. Сонда ғана жеткіншек буын қазақ даласының өз Платондары болғанын мақтаныш етіп, келешекке деген сенімі мен серпіні бекіп өсетін болады.

САЙРАМДА БАР САНСЫЗ БАП

Халықтың өткен замандағы өмір кешулерін тек ресми тарихшылар ғана зерттемейді. Ел-елдегі, жер-жердегі құймақұлақ, зерек, білімді, дарынды жандар да бұл іске өз үлесін қоса алады. Тарихи оқиғалар мен адамдар туралы әр өлкеде ауызша немесе жазбаша сақталған аңыз, шежіре, әпсаналарды жинауға, ғылым пайдасына жаратуға атсалысатын да осылар. Бұлардың ізденістері ұмытылған, жоғалған қымбат деректерді табуға көмектеседі.

Туған жерінің тарихшысы, шежірешісі болу парызын мойнына өз «еркімен» іліп, ауыр жүкті абыроймен көтеріп келе жатқандардың бірі сайрамдық Мирахмат Мирхалдарұлы. Мен Мирахматты бұдан екі жыл бұрын Ташкентте, Әмір Темірдің 660 жылдығына арналған ғылыми конференция кезінде көрген едім. Мирахматпен пікірлескенде оның Сайрам тарихына жетік екенін аңғарғанмын. Жақында «Манкент» санаторийіне демалуға келген кезімде онымен сұхбаттасқым әрі Сайрамдағы қымбат жәдігерлерді көріп қайтқым келді. «Манкент» санаторийінің президенті, кішіпейіл, жүзінен зиялылық нышаны сезіліп тұратын Азат Сатыбалдиев берген жеңіл машинаға мініп, көне кентке лезде жеттік. Ең алдымен Ахмет Йасауидың әкесі Ибраһим ата кесенесіне зиярат етіп, бұдан кейін тарихи-этнографиялық мұражайға тарттық. Сәті түскенде мұражай директоры Мирахмат Мирхалдарұлы қызмет орнында екен...

Мирахмад туды-бітті сайрамдык. Ол екі жоғары оқу орнын: Орта Азия мемлекеттік университетін және Ташкенттің ауылшаруашылық институтын бітірген. Оның 1958-59 жылдарда «Қырғызстан хақиқаты» газетінде істегеннен кейінгі еңбек жолы түгелдей өзінің туып-өскен ауданында өтіп келеді. Атап айтқанда ол 1959-63 жылдарда Сайрам аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1963-66 жылдар арасында аудандық газет редакторының орынбасары, колхозда партия комитетінің хатшысы, содан кейінгі көп жылдар Ленин атындағы колхоз бастығының орынбасары, халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып істейді.

М.Мирхалдарұлы қоғамдық қызметке де белсене араласады. Ол бірнеше мәрте Сайрам аудандық және ауылдық кеңестің депутаттығына сайланған, Сайрамның құрметті колхозшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық және Сайрам аудандық өзбек қоғамы төралқасының мүшесі, «Ахмет Яссауи», «Сайрам әулиелері» қайырымдылық қорының төрағасы. Мирахмад 1959 жылдан бері Журналистер одағының мүшесі. Ел алдындағы елеулі жұмыстары үшін ол «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше рет «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен ардақталған. Бұл айтылғандар М.Мирхалдарұлы туған жұртының өмірімен бірге тыныстап, көптеген игі істердің басы-қасында жүргенін көрсетеді.

Елуінші жылдардың орта кезінен бастап, Мирахмад шығармашылық жұмыспен айналысады: аудандық, облыстық, республикалық баспасөз бетінде өлең, әңгіме, очерк, мақалалар жариялайды. Ұзақ жылдар бойындағы шығармашылық жемістері оннан артық кітапта жинақталған. Ол кітаптардың қатарына «Шаир Юсуф Саремий», «Сайрам ғұламалары мен әулиелері», «Ахмет Яссауи. Ата-баба шежіресі», «Ахмет Яссауидің атамекенінде», «Сайрамдықтардың дәстүрлері мен лапарлары», «Қарабура әулие», «Сайрамның тарихи музейі», «Шымкент тарихы» секілді басылымдарды атап өтуге болады. М.Мирхалдарұлының сценарийі бойынша «Қожа Ахмет Яссауи елінде» деген, сондай-ақ Сайрам тарихы, оқымыстылары, тарихи жерлері туралы Өзбекстан телевидениесінде киноочерктер көрсетілген. Тағы да бір еңбегі «Шымкенттік шаир Дервиш ата – Ахмет Яссауидің замандасы» деп аталыпты.

Бұл басылымдар М.Мирхалдарұлының қаламынан туған шығармалардың комақты екенін көрсетеді. Ал соларды тақырыптық жағынан топтасақ, негізгі екі желі екшеліп шығады. Олар:

Сайрам елінің тарихы және Ахмет Яссауи туралы ғылыми-көпшілік зерттеулер. Көп жылдар бойында Сайрам жөнінде ескі кітаптар мен қолжазбаларда, ел аузында қалған деректерді ыждағатты түрде жинап, салыстыру нәтижесінде ол қызғылықты ойлар түйген, ежелгі шаһардың ескерткіштерін анықтаған. Сондай маңызды қорытындыларының кейбіреулерін айта кетейік. Зерттеуші осыдан мың жыл бұрын өткен Лұтфулиа Саремий атты ғұламаның кітабына негіздей отырып, Сайрам ертеде Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі шаһардың бірі, оның 40 дарбазасы, 1700 рабаты болғанын, қаланың түрлі дұшпандар соққысынан он төрт рет қирап, қайта көтерілгенін әңгімелейді. Ертедегі саманилер, монғолдар, қалмақтар шапқыншылығы кезінде ғажайып ғимараттар жойылған, ел есепсіз шығасыға ұшыраған. Өткен ғасырдың орта тұсында бұл өлкені Ресей басып алғаннан бергі уақыт ішінде Сайрамдағы ондаған мешіттер мен медреселер жоқ болған. Автор «Рисолан Саремий» деген кітапта жазып қалдырылған сексеннен артық ғұлама, әулиенің аты-жөнін нақтылы тізіп келтіреді. Солардың ішінен Ибраһим ата, Қарашаш ана, Бәлағардан бап, Қазі Байзовий, Миралы баба, Бабаи Машварат, Құтбиддин аллома, Сузук ата, Отлық Юнус ата, Шақаландар баба, Шаих Атар Вали, Сұлтан Мансур Хамир, Санжар сұлтан, Сархалқа баба, Көкташ баба, Юсуф Саремий, Мұса Саремий тағы басқалар жөнінде қымбат деректер берілген. Бұрынғы атакты адамдардың мұншама мол тізбегі жайында маман тарихшылар жартымды ештеңе айтпай келгенін еске алсақ, Мирахмад Мирхалдарұлы тарихтың тың жатқан беттерін ашып отырғанын көрмеске болмайды!

Қызықтың көбін Сайрамдағы тарихи мұражайдан танып білуге болады. Мұражайды аралаған кезде қадимнен бергі тарихтың қат-қабатына кіргендей боласың. Түрлі дәуірде Сайрам қаласының аты алты-жеті рет өзгергенінің өзі бұл өлкенің бастан кешірген алмағайып оқиғаларының куәлігіндей. Мирахмад Мирхалдарұлының айтуынша, мұражайдағы экспонаттардың саны 4000-ға жуықтайды. Бұндай жәдігерлер аудан емес, облыстық мұражайға да көрік берер еді. Осыншама ескерткішті жүйелеп, реттеп қоюға мұражай орналасқан екі қабат үйдің бірнеше бөлмесі мүлде тарлық етеді... Мирахмадтың аса кәсіпкерлі рухани мүлік деп көрсеткендері – көне кітаптар мен қолжазбалар. Бұлардың көбі Сайрамның өзінен, көне үйлерді бұзып, жана құрылыс жүргізбек бол-

ған кездерде табылыпты. Түркі тілінде көне араб жазуымен хатқа түсірілгендерді Мирахматтың өзі оқып, танып, түсінік бере алады. Ал араб, парсы тілдеріндегі жазбаларды оқуға мамандар керек. Штат бойынша үш-ақ адамы бар мұражайға шығыс тілдерін жетік білетін мамандарды қызметке қабылдау әзірше қиялдай алыс нәрсе. Мирахмат келешекте осы жиналған бума-бума еңбектердің сырына қанығатынына сеніммен қарайды. Сайрамның тарихы жөнінде бай мағлұмат жинаған фидайы еңбеккер азамат бұл шаһардың жасы үш мың жылдан кем емес деп тұжырымдайды. Ол мұндай қорытындыға көптеген деректерді жинап, салыстырып барып келген. Осы пікірді дәлелдей түсу үшін археологтардың көмегі керек-ақ. Қазақстан Ғылым академиясының Археология институты бұл іске көңіл бөлуі қажет. Сайрам ескілігін зерделеу осы өңірдегі Отырар, Түркістан қалаларының да тарихын тануға көмектесер еді. Қазақстанның көне қалаларының жасын мың, мың жарым жылдан асырып көрсетуге «жүрексіне» беретініміз жазба мұраны тексеруге әлі де болса дәрменсіз екенімізді білдіреді. Орта Азиядағы көп қалалар 2500 — 3000 жылдығын атап жатқанда солармен дәуірлес, іргелес Түркістан жасын 1500-ден әрі жылжытпай табандап отыруымыз осының белгісі емес пе?.. Сайрам мұражайына қойылған заттар мен түрлі деректемелердің құрамынан да ел өмірінің алуан қырларын аңғарамыз. Басқа мұражайлар үшін ғибраты бар бірер көріністі ғана атасақ дейміз. Сайрам жерінен ертелі-кешті Меккеге қажылыққа барғандардың тізімі мен суреті де мұражайдың білік ордасы екенін әйгілеп тұрғандай. Осы мұражайға келіп, әсерін, аты-жөнін, визиткасын қалдырған шет ел адамдарының пікірлері де көрнекті жерде. Сайрам елі мен жеріне еңбек сіңіріп, із қалдырған бұрынғы және қазіргі қоғам, ғылым, әдебиет, өнер, мәдениет қызметкерлерінің өмірдеректері де хронологиялық жүйемен берілген.

Мирахмат Мирхалдарұлы еңбектерінің сүбелі бөлігі Ахмет Йасауидің өмірі мен шығармашылығына, ұлы шайыр туған әулеттің шежіресіне түсініктеме беруге арналған. Ол ескі шежірелер ізімен Ахмет Йасауидің сонау Әзірет Әлі ұрпақтарынан бері қарай жалғасқан ата-бабалар тізбегін таратып, ұлы шайырдың әкесі Ибраһим атаға дейін әкеледі; Ахмет Йасауиден кейінгі әулеттің жай-күйін таныстырады. Орта Азия көлеміндегі атакты ақындардың бірі — Атаиды А.Йасауи нәсілінен деп дәлелдеуі де жаналық болып естіледі. Туыстық, араластықтың бір шеті тәжік-

парсы шайыры Әбдірахман Жәмиге де тірелетін тұстарды оқығанда тарихтың жасырулы сырлары ұшан-теңіз екеніне ден қоймауға шараң жоқ. «Қожа Ахмет Яссауи» деген кітабында М.Мирхалдарұлы ауызша тараған және жазба мәнбелерде сақталған аңыз, әпсана, рәуәяттарға да орын берген. Мұның біразы қатардағы оқушыға мәлім емес. Сондықтан олардың кейбіреулерін мазмұндап келтірсек артық болмас.

Ахметтің алғашқы ұстазы, Ақата аталып кеткен, шын есімі Шахобиддин Исфиджабий деген кісі бір күні шәкірттеріне: «Әрқайсың үйлеріңе барғанда алла тағалаға көрінбейтін бір тасада қораз не мекиен сойып әкеліндер», — деп тапсырады. Шәкірттер мұғалімнің айтқанын орындайды. Тек қана Ахмет қоразды тірі алып келіп: «Ұстазым, айып етпеніз, мен қоразды жасырып соя алмадым, қайда барсам да тәңірінің көзі көреді ғой», — деген екен. Ақата Ахметтің сөздеріне риза болып, «Бәрекелде, балам, сені жаратқан ием лайым жамандықтан сақтай жүрсін», — деп бата беріп, баланың маңдайынан сүйіпті... Ахмет дәрісін бітіріп, медреседен қайтқанда да ұстазының соның ала жүріп отырады екен. Оқу, білуге зейінділігімен ерекшеленеді. Жас шәкірт пайғамбарымыздың «оқу Қытайда болса да іздеп бар» деген тағлымын жастайынан санасына берік сіңіреді. Ол расулдың: «Ғылымды игер! Ғылым — өмір жолында таяныш, жалғыздық басқа түскенде — жолдас, бақытты сәттерде — жетекші, қайғы басқанда — медеткер, адамдар арасында — қадір, зейнет, дұшпандарға қарсы күресте — құрал» деген сөздерін өміріне мұрат тұтқан.

М.Мирхалдарұлының Ахмет Йасауи шежіресіне келтірген деректері құнды. Автор жазба мағлұматтар мен ауызекі жеткен аңыз, өңгімелерді қатар пайдаланып, тараулар жазған. Зерттеуші Ахметтің әкесі Ибраһим атаны ел аузында қанатты сөз боп тараған «Сайрамдағы сансыз баптың» бірі деп сипаттайды. Қарашаш ананың да асыл қасиетін, перзентіне жастайынан адамшылық, ажалдық рухын сіңірген еңбегін, тәрбиесін жеке сөз етеді. Ежелгі Сайрам кентіне барғандар Ибраһим ата мен Қарашаш ана қабіріне зиярат етіп, дұға оқитындығы бұлардың адамзатқа, түркі ислам әлеміне Ахмет сынды ұлы ойшыл, шайырды әкелгендігі үшін мәңгілік құрмет белгісі екені кәміл. Сөз реті келгенде айта кетейік, соңғы жылдарда бұрынғы өткен ардақты аталар мен аналардың есімін қадір тұту, оларды еске алып, ас беру, қабірлерінің үстіне кесене тұрғызу көбейіп келеді. Мұны, негізінен алғанда,

ұнамды құбылыс деп қарасак абзал. Тек есте болатын бір нәрсе – олардың артына үрім-бұтақ қалдырғанын ғана тілге тиек ете бермей, кезінде қандай адамшылық қасиетімен өнегелі болғанына назар аударған жөн. Бұлай етпеген күнде жалпы рушылдықты дәріптеушілік орын алмақ. Кей жағдайда ұлттық ынтымағымыздың ұлы нысанасына кесе-көлденең келетін осындай сарын пайда болып жүргеніне көзді жұмып қарамайық... Күллі түркі, ислам дүниесінің рухани атасындай Ахмет Йасауидің әзиз әкесі мен шешесі Ибраһим ата, Қарашаш ананың есімдерін қалай көтеріп айтсақ та лайықты. Ахмет Йасауиге қатысты еңбектердің бәрінде де бұлардың өнегелі, гибратты, таза адамдық, имандылық белгісі көрсетілуі ләзім. Қазақ жеріндегі ұлы аналар есімдерінің шын басында Қарашаш ананың аты тұрса, ол ауылдық, аймақтық көлемнен асып, жалпыға ортақ ұлттық, исламдық рухты еске салатын рәміз-символ болмақ.

Сайрамдықтар атағы ел аралап кеткен бұрынғы әулиелер қабіріне ертеде тұрғызылған он төрт кесененің сегізін қайта жөндеуден өткізіпті. Мұндай істерді жүзеге асыру үшін көп қаражат керектігі анық. Бізді таңғалдырғаны – Сайрам жұртшылығы өз елінің тарихына тікелей қатысты заттық және рухани ескерткіштерді қастер тұтып, солардың сақталуына, бүгінгінің ғана емес, келешек ұрпаққа да жетуіне ұйымшылдық, саналылық көрсетуі. Әлбетте мұндай игілікті жұмыстардың басы-қасында Мирахмат секілді халық қамын ойлайтын, бұрынғы өткен ұлылардың дәстүрін түсініп, қазіргі қауымның санасына құйғысы келетін жандардың жүргені бір ғанибет. Әркім өз қара басының жағдайын ғана ойлап, ортақ қазына, құндылықтарды естен шығарса немесе «жоғарыдан қашан нұсқау келеді» деп күтіп отырса, мұншама жұмыс атқарылмаған болар еді.

Ал ендігі бір мәселе – осы Сайрам жеріндегі «сансыз баптың», соның ішінде бұрыннан кітаптарда аттары жазылып, еңбектері көрсетіліп келген сексен (!) ғұлама әулиенің мұрагері кім деген сұрақ төңірегінде. М.Мирхалдарұлының еңбектерінен көріп отырғанымыздай – олардың көпшілігі Әзірет Әлі әулетінен, Орта Азия, қазақ даласына мұсылман дінін таратушылар, осы жолға өмірін арнаған өз заманының озық ойлы, адал іске шын берілген, қанша қиыншылыққа кездесе де алған бетінен таймаған ділі таза адамдар екенін аңғарамыз. Олар уақыт өте келе жергілікті түркі халықтарының арасына сіңіп, жана орта, қоныс тапқан, нәсіл

жалғаған. Бұлардың мұрасына бүгінгі қазақ, өзбек халықтарының иелік етуі табиғи. Осыдан мың жыл бұрын өмір кешіп, түрлі пәндер саласынан өшпес еңбек қалдырған ғұлама, хазірет әулиелердің ұлтын іздеп, оларды тек қана «пәлен елге тән» деп кесіп пішу ағаттық болар еді. Замандар бойында Қазақстан жерінде түрлі мәдениеттер орын тепкен, қалалар салынған, медреселерден сан алуан адамдар білім алған, қолжазбалар қалдырған, жұртшылықты тарихат, шариғат, мағрипат, ақиқат жолына үндеген. Міне, бұлардың қалдырған заттық, мәдени ескерткіштері қазіргі Қазақстанды мекендеп отырған түркі тілді халықтарға ортақ мұра деп қарауымыз керек. Сайрамнан шыққан ғұлама, әулиелер туралы да осыны айтамыз. Қазіргі Сайрам ауданының көпшілік жұрты өзбектер екені рас, біз сөз етіп отырған мұраға иелік әрекетін жасап отырған да өзбек халқының өкілдері. Мәдени дәстүрге деген адалдығы үшін біз бұл бауырларымызға алғыс айтып, ізденістеріне қолдау көрсетуіміз ләзім.

Бірақ мәселенің екінші жағын да ұмытуға болмайды. Оңтүстік Қазақстанның белгілі бір аудан, өңірлеріне туысқан өзбектердің шоғыр мекендеп отырғанына қарап, осы өлкенің өткен кезеңдегі рухани игіліктері тек өзбектерге ғана тән деп біржақты қорытынды шығару қай жағынан алып қарасаң да орынды болмайды. Құрметті Мирахмат Мирхалдарұлының еңбектерінен арақідік болса да осындай сарын кездесетіні байқалады. Орта Азияны, Қазақстанды жайлаған түркі халықтарының ертедегі, дәлірек айтқанда, XIV – XV ғасырларға дейінгі әдеби, мәдени ескерткіштері жалпы түркілік рухани байлық екені ғылым жүйесінде айтылып жүрген, дәлелденген шындық. Бәріміз де осы ақиқатқа жүгінуіміз керек...

М.Мирхалдарұлының еңбектерінде қазақ, өзбек халықтарының сырттан келген басқыншыларға қарсы күресі туралы да айтылған. Тарихшы ғалымның бұл бағытының дұрыс екенін қолдай отырып, арғысы жоңғар, қалмақ, бергісі Ресей жаулаушылығы жөнінде дерек тапшы берілген екен деген ойда болдық. Мұндай мағлұмат қазақ, орыс тіліндегі еңбектерде аз емес. Мәселен, Түркістан, Ихан, Шымкент, Әулиеата, Ташкентте патшалық әскерлерімен ұрыстың бел ортасында жүрген Садық Кенесарин қаһармандығы бірқанша кітапқа жүк боларлық. Ресей отаршылдарымен бітіспес майданға шыққан түркістандық батыр Телқожанын Хиуа жерінде азаттық үшін ұрыстарда жүріп мерт болғаны да атап

өтуге болатын дерек... Асылы, өзбек, қазақ авторларының бір ортақ кемшілігі – бір-бірінің тілінде жазылған кітаптарды түпнұскадан оқымай, орысшаға аударылған жекелеген деректермен шектелетіні. Шынында, қай халықтың да тарихын, мәдениетін, дәстүрін тереңдеп білгің келсе, сол елдің тілінде жазылған еңбектерді жазба әдебиеттен оқып-білу қажет. Мұндай болмаған жағдайда құжаттарымыз селдір, ойларымыз біржактылау шыға береді...

М.Мирхалдарұлының Сайрам, Шымкент тарихына қатысты кітаптарын парактағанда автордың көп еңбектеніп, мол мағлұмат жинағанын, бітеліп қалған бұлақтың көзін ашқандай, жартылай немесе түгелдей ұмытылған жәдігерлерді қайта тірілткендей, өшкенді жандырғандай бағалы іс тындырғанына көз жетеді. Бұл үшін тарихшы-журналистке қандай ризалық білдірілсе де артық емес. Отаншылдық сезіммен, перзенттік адалдықпен жазылған бұл еңбектер толықтырылып, қазақ тілінде де жарық көруі тиіс деп ойлаймыз...

САНТАШ ШЕЖІРЕСІНІҢ ЖАҢА БЕГІ

Қырғызстанның Түп ауданынан Қарқара, Кегенге беттеген ордегі жол бойында ежелгі заман белгісі – үйінді оба тас бар. Жергілікті жұрт оны Санташ деп атап кеткен. Бұл сөздің мағынасы көп. Тас, сан мың тас деген ұғымды білдірсе керек. Осы үйінді тас тарихы жөнінде ел аузында аңыздар да сақталған. Соның бірінде бұл обаны жауға аттанып бара жатқанда Әмір Темір әрбір сарбаздарына бір-бір тастан алдырып үйдірген, сөйтіп, жорықтан қайтар жолда әскерінің санын алмақ болған делінеді. Тағы бір аңызда бұл тастарды жинаттырған қазақ ханы Есім екен деп те айтылады. Осы екі аңызды да Шоқан Уәлиханов өзінің Ыстықкөлге сапар күнделігінде 1856 жылы тұңғыш рет хатқа түсірген... Ал қазіргі археологтар Санташ шежіресін басқаша баяндайды. Бұлар Санташ біздің заманымыздан бұрынғы сақтар дәуірінен қалған ескерткіш деп есептейді. Мұнда ерте заманда атақты адамдардың зираты болған, соның үстіне пирамидаға ұқсайтын аса зор тас үйінді жабылған. Кейінгі дәуірлерде зиратқа көмілген қымбат жиһаздарды алмақ болып әлдекімдер әлгі құрылысты бұзған. Қазіргі саудырап жатқан тастар сол ғимараттың қалдығы деген жорамал шындыққа жақынырақ келетін секілді. Қазақстан

мен Қырғызстандағы осы тектес тас кешендер сақтар заманынан қалған ескерткіштер деген қорытынды ғылымда мойындалған ақиқат болып табылады... Бір өкінішті жері, Санташ обасы әлі күнге дейін зерттелмеген. Сондықтан да оның сыры көп жағдайда жұмбақ күйінде қалып келеді.

Мағынасы бұлдыр, аңызға айналған осы Санташ манында осыдан 140 жыл бұрын бір айтулы оқиға өткен. Атап айтқанда, 1856 жылы 26 мамырда қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов дәл осы жердегі бір ауылда «Манас» жырын білетін жыршыны жолықтырып, содан эдостың ең көркем тарауларының бірі «Көкөтай ханның асын» жазып алған еді. Бұл – «Манас» жырын әлемге таныстырудың алғашқы күрделі қадамы болатын. Шоқан жырдың үлкен бір кесегін жазып алумен қатар, оны қарасөзбен орысша мазмұндаған, жеке тараудың ғана емес, жалпы эпопеяның тұлғасын жіті танып, талдап бағалаған. Жырға деген Шоқан сипаттамасының дәлдігі мен тереңдігі әлі күнге дейін мамандарды қайран қалдырады. Ол қандай баға еді, соны еске сала кетейік.

«... «Манас» – бұл энциклопедия, халықтың белгілі бір батыры айналасына, Манас төңірегіне, бір уақытқа жинақталған барлық ертегілерінің, аңыз-әңгімелерінің, географиялық, діни, ақыл, адамгершілік түсінігінің қорытындысы. «Манас» – тұтас бір халықтың шығармасы, тереңнен нәр алып, ұзақ замандарда дамыған халықтың эпосы, сахараның «Илиадасы» секілді» дейді ол. Қырғыздар туралы жазбаларында Шоқан «Манастың» генезисі, көркемдік бітімі, жанрлық ерекшелігі туралы ой толғайды, талдауларын кеңейте түседі. Мұның өзі арнаулы зерттеу еңбектің тақырыбы боларлық нәрсе. Біз бұл арада ғалымның Қырғызстанға бір сапарының ішінде осыншама бай мағлұматты қалай жиып, игергендік сырына аз-кем тоқталғымыз келді. Мұның жауабын академик Әлкей Марғұланның «Шоқан және «Манас» деген монографиясынан табамыз. Осы еңбегінде ғалым: «...Шоқан қырғыз жеріне бармас бұрын «Манас» жыры туралы көп естіп, оған құлағы әбден қанық болған, қырғыз халқына, оның рухани тіршілігіне байланысты мәліметтерді көп оқыған. Кейін Ыстықкөл сапарына шыққанда ол Манас атымен байланысты жер аттарын, тарихи әңгімелерді қалт жібермей, мұқият жазып алып отырады. Мұның бір тамаша жері – Манас туралы әңгімені Шоқан Жетісу өлкесіне кірісімен ұлы жүз қазақтарының өзінен ести бастайды...» Бұл тұжырымдардан Шоқанның қырғыз елінің тарихы мен руха-

ни мәдениетін танып-білуге зор ыждағатпен, мол дайындықпен кіріскені аңғарылады. «Манасты» өркениетті әлемге таныстыруы қазақ ғалымының ешқашан бағасын жоймайтын ерлік әрекеті болып табылады. Кейінгі зерттеушілердің ізденістері қаншама мол, алуан тақырыпты бола тұрса да, Шоқан беріп кеткен классикалық бағаларды көлегейлей алмайды.

Жақында шоқантану мен манастанудың жылнамасына алтын әріппен жазыларлық бір көделі оқиға болғанын айтқымыз келеді. Осы кезге дейін қырғыз зерттеушілері өздерінің «Манас» жөніндегі мақалалары мен зерттеулерінде Шоқан есімі мен еңбегін жай санамалап қана өтетіндей көрінетін еді. Кей-кейде «қырғыз ағайындар Шоқанның ұлылығын жете ескермей жүр-ау» дегендей ойлар да қылаң беретін. Өйткені өз заманында қырғыздың бұрынғы-сонғы тарихи, әлеуметтік, мәдени халін дәл Шоқандай мол да мәнді етіп жазған ешкім жоқ. Ізгілік ұмытылмайды, оның қадір-қасиеті ертелі-кешті шын бағаланбай қалмайды деген ескі қағида рас екен. Мұның шындығын қырғыз ғалымдары қапысыз дәлелдей алды. Енді әңгімені осылай қарай бұрайық.

Қырғызстан Ғылым академиясы, Қазақстан Ғылым академиясы, Қырғыз республикасының географиялық қоғамы «Санташ-140» деп аталған халықаралық конференция өткізді. Бұл игі бастама түгелдей қырғыз ғалымдарының ықыласымен жүзеге асырылғанын атап айта кеткен орынды. Ең алдымен мұны туысқан қырғыз елінің өткен тарихты қадірлеп, қасиет тұтуындағы жана қадамы, ұлттық санасының кемелдік белгісі деп қараймыз. Гуманитарлық ғылымдарға деген мемлекеттік көзқарас барынша төмендеп кеткен қазіргі шақта қырғыздардың Шоқан Уәлиханов өмірбаянындағы бір елеулі кезеңге соншалықты көңіл бөліп, арнайы конференция шақыруы дос сүйсініп, дұшпан күйінерлік көрініс демеске болмайды. Бізге әсіресе қызғылықты көрінгені – қырғыз бауырлардың шоқантануға серпінді бетбұрыс жасағандығы. «Санташ-140» конференциясы баяндамаларының «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы», «Ш.Уәлихановтың 1856 жылғы экспедициясының ізімен», «Ш.Уәлиханов Орталық Азияға саяхатшылар санатында», «Шоқан Уәлихановтың философиялық мұрасы», «Ш.Уәлиханов – Қырғызстанның географ зерттеушісі», «Манас» эпосындағы қазақ сарындары», «Манас» және Ш.Уәлиханов», «Академик Ә.Марғұланның ғылыми мұрасы», «Ш.Уәлихановтың 1856 жылғы экспедициясының нәтижесінде туған көр-

кемдік мұрасы», «Ш.Уәлиханов – «Манастың» тұңғыш зерттеушісі», «Ш.Уәлихановтың әдебиеттануға қосқан үлесі», «Шоқан жазып алған «Көкетай хан асынын» тарихи мәні», «Ш.Уәлиханов және Қырғызстан халықтарының тарихи-мәдени мұрасы», «Ш.Уәлиханов – «Манасты» зерттеудің ғылыми негізін салушы», «Ш.Уәлихановтың Ыстықкөл күнделігі – Ыстықкөл бойының тарихы мен мәдениетін тексерудің маңызды мәнбесі», «Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына жаңа көзқарас», «Ш.Уәлиханов және қырғыз фольклористикасы мәселелері», «Ш.Уәлиханов – Қырғызстанның этникалық тарихын зерттеуші», «Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі қырғыз шежіресі» секілді тізілуінен-ақ қамтылған проблемалардың ауқымын аңғаруға болады. Шоқанның қырғыз халқының алдындағы тарихи еңбегі бұған дейін дәл осылай жан-жақты сөз болмаған еді. Осы конференцияның Шоқантануды ғана емес, жалпы қазақ-қырғыз тарихи, мәдени қарым-қатынастарының нұрлы жақтарын түсіндіру мен насихаттауда мәні айрықша деуіміз де сондықтан.

Екі күнге созылған конференцияда ежелден тілі, дәстүрі, салт-санасы бір-біріне ерекше жақын екі халықтың тағдырындағы ортақ мәселелер сан тарау әңгіменің тақырыбы болды. Конференция жұмысына Қырғызстанның атақты оқымыстылары, қырғыз үкіметінің басшылары қатысты. Сөйленген сөздер, айтылған ойлар мен ұсыныс, тілектер жүрекжарды сыр болып естілді. Осы ғылыми мәжілістің табысты өтуіне, жақсы ұйымдас-тырылуына біздің Қырғызстандағы елшіміз, дарынды ақын, көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың елеулі үлесі болғанын айта кетуіміз парыз. Жалпы алғанда, М.Шаханов туысқан елге елшілікке барғалы бері көптеген мәдени-көпшілік шаралардың ұйтқысы болғанына, екі халықтың рухани қазынасын, ғылыми, әдеби жетістіктерін бір-біріне таныстыруда көп еңбек етіп жүргеніне ризашылық білдірмеске болмайды.

Конференцияның жалғасы Шоқан Уәлихановтың «Манасты» алғаш рет жазып алған жерде ескерткіш белгі ашу рәсіміне ұласты. Қырғыз бауырлар манайдағы таулардан үйдей бір тасты алып келіп, оның бетіне «Бұл ескерткіш қазақ халқының аса көрнекті ғалымы Шоқан Уәлихановтың 1856 жылы «Манас» жырын жазып алу құрметіне қойылды» деген сөздерді ойып жазыпты. Көлемі сәл кішілеу екінші тасқа Шоқанның өз қолымен салған Алатау көрінісі көшіріліпті. Осы арада көп халықтың алдында

өткен жиналысқа Бішкектен, облыс орталығы Қарақолдан, Түп ауданынан зиялы жұртшылық өкілдері келіп, Шоқан мен «Манас» эпосы, қазақ пен қырғыз тақырыбына небір ыстық лебіздерін білдірісті. Маужыраған маусым күндерінде, Алатаудың ең сұлу өңірінде өткен бұл салтанат екі халықтың ежелден келе жатқан мызғымас бауырластығының жарқын нышанындай еді. Шоқан еңбектерінің санқырлылығы, соның ішінде оның «Манасты» жаһанға таныстыруы айрықша тарихи іс екендігі жөнінде академик Зәки Ахметов екеуіміз айттық. Қырғызда манасшылық дәстүрі үзілмеген. Осы арада белгілі манасшылардың бірі Әзизов Шабай ұлы эпопеядан үзінді орындады, жергілікті өнерпаздар концерт қойды. Бұл өңір қазақ пен қырғыз аралас қоныстанған, құданда-лы, аралас-құралас отырған жер екен. Жас өнерпаздардың қай-қайсысы да қазақша мен қырғызшаға бірдей ағып тұратыны осыдан. Солардың ішінен әсіресе қырғыз аулына келін боп түскен Майра Керімова деген қазақ қызы – өншілікке де, төкпе ақындыққа да барабар жүйрік екені көңілімізді аударған еді. Майра үлкен айтыстарға қатысса, жеңімпаздар қатарынан орын аларлық жарқын талант екені көрініп тұр. Бұл және басқа мысалдар қабілетті, өнерлі қазақ жастары қырғыз елінде де бар екенін аңғартты. Қырғызстанда қазақтардың шоғыр отырған жерлерінде бұрын қазақ мектептері болған екен, олар бұдан біраз жыл бұрын жабылып қалған көрінеді. Енді соларды қайтадан ашу мәселесі күн тәртібіне қойылуы керектігі түсінікті...

Санташқа барған сапардан қазаққа қатысты кейбір жыр дерегін біліп қайтқанымызды да көңілге медеу тұттық. «Манас» жырының ұзына бойында Көкше сынды қазақ батырының жай-күйі де қатарласа жырланатыны белгілі. Көкше бірде Манастың қырық шорасының бірі ретінде айтылса, көп жерлерде қазақ батыры екені анық ескертіліп отырады. Қазіргі біз білетін «Манас» жинақтарында Көкшеге қатысты сөздердің арақидік орын алып отыратынын білеміз. Бірақ бұл Көкше туралы көп өлеңнің толық нұсқасы емес, үзінді бөлектері ғана секілді. Санташта біз көрген манасшы Шабай Әзизов Көкше туралы жырдың толық нұсқасын білетінін айтты, жырдың көшірмесін бізге жіберуге уәде етті. Сондай-ақ қазіргі ақындардың кейбіреулері «Манас» фабуласы сарынымен жаңа дастандар жазып жүргенін білдік. Қалқан Керімәліұлы «Хан Қошай» деген көлемді жыр жаратқан. Мұнда Қошайдың өмірбаяны, ерлік істері кең айтылғаны байқалады.

Қалқан Керімәліұлы өзінің бір сөзінде атақты қазақ батыры Көкше туралы да жеке дастан жазбақ ойы бар екенін айтты. Бұл мысалдарға қарағанда қырғыз арасында Көкше және басқа қазақ батырлары жайында ежелден бері жыр-өлеңдер айтылып келгенге ұқсайды. Ол нұсқаларды жиып, жеке том етіп жариялау біздің алдымыздағы уәзипа. Ең қызықтысы – қазақ, қырғыз батырларының сыртқы жауларға қарсы бірлесіп күресуі қырғыз эпосының өзекті желілерінің біріне айналғандығы. Мұның өзі екі елдің эпосында біз әлі танып болмаған ортақ қазыналар жатқанын байқатады. Қырғыздар арасында «Семетей» мен «Сейтек» жырларын өзінше толықтырып айтатындар әлі де бар екен. Қырғыз ғалымдары сол нұсқаларды ұқыпты түрде жазып алып, жеке кітап етіп жариялаған. Қаһармандық жырлардың варианттарын жинауды ұмыта бастаған қазақ фольклоршыларына қырғыз ағайынның эпос үлгілерін үздіксіз іздеп жүргендіктері ой салуға тиісті. Ескі оқиғалар сарынымен жаңа дастандар шығарушы ақынның тағы біреуі Сапарбек Қасмамбетұлын біз Балықшы қаласында кездестірдік. Ол да «Ер Қошай» деген көлемді жыр шығарған, «Манас» эпосындағы белгілі батырлардың кейбіреулері жөнінде жыр жарату жоспарында бар екен. Біз Қошай турасында жаңадан жарық көрген дастандар жөнінде алдағы кезде пікір білдірмек ойдамыз...

Қырғыз туыстар, Шоқанның «Манасты» жазып алу, қырғыз тарихын, этнографиясын, фольклорын, елдік наным-сенімдерін, жердің жаралуы, аспан әлемі туралы ұғымдарын, табиғи байлықтарын зерттеу жөніндегі ұшан-теңіз еңбегіне арнап әр бес жылда ғылыми конференция өткізіп тұруға ұйғарым жасады. Бұл ғылыми мәжілістердің ортақ желісі, әлбетте, Шоқан мен «Манас» болмақ, шокантану мен манастану саласындағы ізденістер мен жаңалықтар ортаға салынып тұрмақ. Ең тамаша жері сол – осындай басқосулар жаздың мамыражай күндерінде, ертеден бері Санташ атымен белгілі болған табиғаты сұлу өңірде өтпек. Қырғыз зиялылары бұл жерде ақындық, жыршылық жарыстарын, мәдени-көпшілік шараларын да өткізіп тұру қолайлы деп санайды. Сонымен, Санташтың ұмытыла бастаған көне анызы сақталған жерде Шоқан мен «Манас» эпосына байланысты нақтылы жаңа тарихнаме, шежіре басталғанын сезіндік. Қырғыз бен қазақтың жайлауы қосылып жатқан әсем өлкеде бұдан былай ғылыми ізденістердің жаңа беттері жазылатын болады. Бұл Санташ шежіресі жаңа мазмұнмен келешекке жол тартты деген сөз.

ҚАҒАРЛЫ ЖЫЛ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Ел тарихындағы елеулі кезең. 1916 жылы бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірген оқиға болды. Ол Ресей патшалығының қазақтан империалистік соғыстың майданына кара жұмысқа адам алу туралы сол жылдың 25-маусымдағы жарлығы еді. Қазақ халқының басына душар болған бұл тосын оқиғаның ел тыныштығының ұйқы-тұйқысын шығарып, қым-қиғаш қиындықтар тудырғанын сол кездегі ұлт көсемдерінің бірі ақын, публицист Міржақып Дулатов: «Дүние тарихында Еуропа соғысы адам баласы көрмеген қиын оқиға болса, біздің қазақ жұрты үшін 1916 жыл айрықша терең із қалдырған бір тарихи жыл екендігіне шүбә жоқ... Айдап өргізіп, иіріп жусатып күнелткен төрт түлік малын сұм қоянда аман өткізіп... жайлауында жадырап, өзінен бақытты жұртты білмей тып-тыныш жатқанында өрттен шошынып оянғандай бір күйге ұшырады халық... Жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылды, «әне кетеді, міне кетеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып жүрді. Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарайды. Қорқыныш күннен күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. «Солдатқа алмайтын бопты» деп сүйінші сұрағандар олжаға батты. 25-маусым жарлығын бетке ұстап дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялықты қолға алып, өтірік шағым айтып, бірін-бірі жаптыру, шаптыру, тінттіру әр елде, әр жерде болды... Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанынша жем қылды. Ақырында олардан халық опа көрмеді...» — деп жаны күйзеле бейнеледі («Қазақ» газеті, 1917 жыл, 212-сан).

1916 жылдың 25-маусым жарлығы заңсыз, озбырлық әрекет болғанын Ресей мемлекеттік Думасының мүшелері Керенский, Жафаров, т.б. өткір әшкерелегені де мәлім. Олар: 1. Ең алдымен патша жарлығы мемлекеттің заңын бұзу жолымен жүргізілгенін; 2. Мұндай орасан үлкен шараны бастаудан бұрын патша үкіметі өздерінің жергілікті өкімшілік орындары: Түркістан және Дала генерал-губернаторымен алдын ала жан-жақты ақылдасып алмай, «19 бен 31 жастың арасындағылар майданның кара жұмысына шақырылсын» деп төбеден жай түскендей шешім қабылдағанын; 3. Зорлыққа зәредей қарсы келгендерді патшалықтың жазалаушы қосындары мындап қырғынға ұшыратқанын; 4. Ешқашан

мұндай жарлықты күтпеген халықтың сендей соғылысып дүрліккенін пайдаланып, жергілікті билеушілер параға қарық болғанын, майдан жұмысына шақырылушылардың жасын қолдан өзгертіп, қиянат жасағанын; 5. Толқыған халықты «тыныштандырамыз» деген сылтаумен орыс казактары мен жергілікті орыстар қазақ, қырғыздарға сан түрлі зәбір көрсеткенін; 6. Билеуші орындар бейбіт елді «панисламшыл» деп жазалау үшін, өздері арандатқыш сөздерді әдейі таратқанын; 7. Кінәлі деп көрсеткендерді сотсыз жазалап отырғанын т.б. көп сорақылықтарды айыптады (Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. I-том. Алматы. 1998 жыл).

Дәл осы тұста халықтың қашаннан отаршылдық езгіден көрген ашу-кегі бүрк етіп жарыққа шықты, ел «майданның кара жұмысына жігіт бермейміз» деп көтерілді. Бұл қозғалыстың жалпы сипаты ұлт-азаттық бағытында болды. «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс біртекті болған жоқ. Аудандардың басым көпшілігінде бұл көтерілістің халық-азаттық сипаты басым болды және өзінің бар пәрменімен патша үкіметіне қарсы, империалистік соғысқа қарсы және ішінара феодал-бай элементтерге қарсы бағытталды» (1). Торғай өңірінде Әбдіғапар, Амангелді батыр бастаған көтеріліс азаттық үшін күрестің алдыңғы шебінде болды. Патшаның жарлығына наразы болған ел Жетісуда да, Қазақстанның басқа жерлерінде де үкімет озбырлығына ашық қарсылық білдірді. Жергілікті болыс-билердің сатқындық әрекеттерін, отаршылардың тікелей итаршысы болғанын көрген халық қаһары алдымен ел әкімдеріне жұмсалды. Көтерілген жұртшылық көп жерлерде болыстардың қолындағы кара жұмысқа алынатындардың тізімін тартып алып өртеді, қарсыласқандарды өлтірді. Бірақ мықты ұйымдаса алмаған, қарусыз халықтың әрекеті көп жағдайда ыдыранқы әрі стихиялы түрде өтті. Патшаның жазалаушы әскерлері еңбекші халықтың жүрегін шайлықтырмақ болып, жазықсыз жандарды жаппай қырғынға ұшыратты.

Осындай қатыгез зорлықтың салдарынан көптеген ауылдар үркінге ұшырап, туып-өскен жерінен ауып кетуге мәжбүр болды. Кейбір жерлерде жергілікті момын халыққа жасалған озбырлық өзінің сипаты жағынан геноцидке жақын болды. Жетісуды жайлаған көп елдің амалсыздан Қытайға өтуі, онда да талан-таражға ұшырауы сирек кездесетін қиянаттың көрінісі еді. Патшаның көк мылтықты қалың әскери күшіне қарсы келетін дәрмені

болмай, еңбекші бұқара өкілдері мағынасыз империалистік соғыстың майдандарына еріксіз алынды, көп қорлықты бастан кешірді.

Міне, осы кезеңнің күллі шындығы халық поэзиясынан өшпестей орын алды; дәуірдің, халық тағдырының, бастан кешкен қасіреттің көркем құжаты болып қалды. Бұл кезеңдегі поэзия халықтың басына түскен ауыртпалықтар себебін жан-жақты көрсете алғандығымен әрі ежелден келе жатқан эпикалық дәстүрлерді жаңа жағдайда дамытып, байытып жалғастырғандығымен құнды. 1916 жыл оқиғасына байланысты дүниеге келген өлең, дастанның мәні халықтың көңіл тереңіндегі ақиқатты мейлінше толық және ашық суреттей алғандығында, танытқыштық, тәрбиелілік қасиетінің молдығында.

Патшаның жарлығына қарсы қозғалыс тек Қазақстанда ғана емес, туысқан қырғыз, өзбек жерлерінде де орын алды. Өлең-жырларда халықтың сол кездегі хал-ахуалы, тағдыры ортақ елдердің көп шындығы көрініс тапты. Бұл 1916 жыл поэзиясында тақырыптық, жанрлық сарындастық бар екенін байқатады.

Қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісі кездейсоқ оянған өр қайрат деп қарауға болмайды. Түптеп келгенде, бұл көтерілісті халықтың тәуелсіздік үшін одан ілгерідегі өткен көп күрестерінің табиғи жалғасы деп қарауға болады. Өйткені еңбекші ел рухы отаршылдыққа, теңсіздікке ешқашан мүлде бойсұнып қалған емес. XVII — XIX ғасырларда болып өткен азаттық үшін қозғалыстар қантөгіспен, елдің зәбірленуімен аяқталса да, халық жақсылықтан үмітін үзбеген еді. 1916 жылы әлеуметтік, ұлттық езгіден құтылудың тағы да бір қуатты серпіні туды. Дәуірдің көркемдік қуәлігі — халық поэзиясынан ел жүрегінің соғысы қапысыз танылады.

Намыс пен жігер жыры. 1916 жыл өлеңдерінен анық аңғарылатын бір сарын — халық бұқарасының патшалық Ресей тәртібін жат санап, амалсыздан бағынып келгендігінің сыр-себебі көрінуі. Қазақты терезесі тең ел деп көрмеген зорлықшы үкіметке халықтың да іші жібімей, шемен болып қалғаны, қорлықтың еттен өтіп, сүйекке жеткені айна-қатесіз сездірілген. Бұзаубақ ақынның мына сөздерінен осы халді танимыз.

Патшамыз Николайдың құты қашты,
Өзінен зорлар шығып сұсы басты.

Өзіне іштен-тыстан жау көбейіп,
Көзіне жау көрініп, түсі қашты.
Ел болмас бұған солдат бергенменен,
Патшаның дегеніне көнгенменен.
Жақсылық жауыздардан қазақ таппас,
Соғысқа бостан барып өлгенменен.
Патшаның рахымы жоқ қазағым,
Қор болма отаршылдың мазағым.
Баста ерік, малда билік болмаған соң,
Сүйінбе құр өмірдің ұзағым...

Жетісудағы халық көтерілісінің басшысы Бекболат елдің көңіл түкпіріндегі сөзді анық білдірген. Ол тергеушілерге қайтарған жауабында патшалықтың саясатын батыл айыптады:

Барлық казак жұртында кінә бар ма?
Өзін дағы білмейсің кінәларға.
Әлілдіктен тайған соң қылдым мұны,
Бейәділет дүниеде тұра алар ма.

Екінші бір сөзінде Бекболат патшалықтың қазақты бұратана ел қатарына ұстап, бұрын әскерге шақырмағанын астамшылық белгісі деп әшкерелейді.

Әуелде солдат қылып ойнатпадың,
Орысша тіл үйретіп сайратпадың.
Көзін ашып қу казак оянар деп,
Қазынаның аядың қара нанын.

Бір мемлекет көлемінде тұрғанмен, үкіметтің осындай алаулау, кемсіту, қорлауының неше атасын көрген бағынышты елдің жүрегінде патшалыққа деген қандай жылылық болсын. Сөгі келген шағында көтеріліске неге шыққанын Бекболат жасырмай айтты.

Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басынды жер астына тықпақ болдым.
Рас десен, рас сөз мен айтайын
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Бұл сөздер бір Бекболаттың емес, намыс отымен лаулаған бүкіл елдің тегеурінді лебізі болып естіледі. Мұның өзі патшалықтың саясаты азып-тозғанын, ал тәуелді халықтың бұдан бы-

лай тепкіге шыдай беруге төзімі таусылғанын байқатса керек. Осы тұста В.И.Лениннің Ресей империясын «халықтар түрмесі» деп атағандығының дәл мінездеме екені еске түседі.

Ел басына ауыр күндер туғанда, жергілікті болыс, билер, байлар өздерінің шын келбетін танытады, халықтың қас жаулары екенін көрсетеді. Бай, жуандар майданның кара жұмысына кедей балаларын ғана тіздіріп, өз балаларын пара арқылы әскерге шақырудан аман алып қалады. Асқан озбырлыққа шыдамай ел күңіреніп жатқанда ауыл әкімдері арам байлықтың қызығына түседі, қарақан бастарының ғана мүддесін көздейді. Осы көріністер патшалық пен қазақ үстем табының мақсаты бір екенін танытады. Таптық қайшылықтар мен теңсіздіктердің түп негізін көрсете алғаны 1916 жыл поэзиясының соны да қымбат қырлары болып саналады. Бұл жағдай осы кезеннің халықтық шығармаларында күрескерлік сарынның мол екенін, әдебиеттің идеялық бағытында жаңа сапалық белгілердің молая бастағанын да байқатады.

Әділетсіздіктен, тыюсыз зорлықтан елдің мұн-зарға душар болып, тұңғиыққа тірелгенін үстем тап өкілдері өз пайдасына шешкені, халыққа жығылған үстіне жұдырық болып тигені, еңбекшіні құрдымға итергені туралы шығарылған өлеңдер көп. Қазақтың оқыған зиялыларының көбісі бұл кезде ел мүддесін емес, бас қамын көздегенін әшкерелеген өлең жолдары айыптау үкіміндей болып естіледі. Бозайұлы Қуанышбай ақынның шығармаларынан бұл ахуал айқын аңғарылады.

Шашылмаған ел бар ма,
Жан-жағына қарашы.
Барын жинап төгінді,
Қолдан кетті шамасы.
Қазақты сатып олжа алды
Орысша білген «данасы».

Адамын қырып, ақша алған
Бұл қазақтың аласы.
Бос ақшаға бір толды,
Атбасардың қаласы.
Кіреге жазса біреуді,
Үш жүз теңге бағасы.

Ал Баттал ақынның өлеңдерінде 1916 жылғы патша жарлығының елге тигізген ланы нақтылы әрі жан-жақты сипатталған. Майданның кара жұмысына бай мен болыстың, молданың балалары жіберілмей, шақыру тізімінен шығарылғаны таптық қайшылықтың шегіне жеткен көрінісі. Майданның кара жұмысына еріксіз алынған жігіттерді кимай, зар күйін шеккен елдің қасіретті бейнесі:

Жылаған құлыным деп ана пақыр,
Айырылған ақылынан таза тақыр,
Зілзала дүние жүзі бұзылғандай
У да шу ақылынан танып жатыр, —

деген жолдарда айқын сурет болып түскен.

Патшалықтың маусым жарлығынан кейін елдің көркі, сәні болып отырған күллі жас жігіттерді ешбір әскери дайындықтан өткермей-ақ майдандағы оқ пен оттың өтіне жұмсауы, халықтың еркімен зәредей есептеспеуі, қарсылық көрсеткендерді атып, асуы заманақырдай көрінген. Жұртшылықтың осындай көңіл күйі 1916 жылдың оқиғасының басталуы, өрбуі, халықтың бастан кешкен мехнаты, өксігі мен үміті Сартай ақын өлеңдерінде кең де кемел баяндалған. Ол қазақ елінің төуелді, отар қалпын «ақылымыз алынған, азуымыз шалынған» деп бейнелейді. Ақын бүкіл еңбекші бұқараның ойы мен тілегін, болып жатқан оқиғаларға бағасын айта алған.

Сұмырай заман, сұм заман,
Жасан емес, қу заман.
Қу заманның белгісі,
Мықтыға осал, құл заман.
Патша қылды зорлықты,
Малдан алып салғыртты,
Бастан алып солдатты...

Майданға кара жұмысқа адам жіберу тек зорлық күшімен ғана емес, кейде кедейлерді малға жалдап алу жолымен де жүргізілгенін тағы да осы Сартай ақын сөздерінен танып білеміз.

Кедейлерді жалдаған,
Сомасы көп малды адам.
Бай өткен судан өте алмай,
Бала артынан жете алмай,
Тарығып қайтты жарлы адам.

Қазақстан жерінде 1916 жылғы көтеріліс жаппай ұйымдасқан түрде өтпегені мәлім. Қозғалыс бір жерде басталса, екінші жерде бас көтерген елдің қәрі-жасы қанды қырғынға душар болып жатты. Патшалық өміріне қарсы болды деген сылтаумен жазалаушы әскерлер бейбіт елге топалаң туғызған. Кейде тұтас ауылдар атаканысынан безіп, тау-тасты паналап, енді бірде жан -

сауғалап басқа елдерге ауған. Осындай ауыр кезеңнің жанды суреттері Бөлтірік ақын өлеңінен көрінеді. Бөлтірік тарихқа белгілі Албан көтерілісінің жағдайын аса білгір баяндаған. Бұл шығармада басқа ешбір жазба құжаттан табылмайтын нағыз шындық тізілген; көтерілістің не себептен басталғаны, оның басшылары, елдің аз уақыт ішінде қиямет қайымдай қиындыққа ұшырағаны; сергелдені мен сарсаны, патша әскерінің елді қойдай қырғаны — бәрі де ақиқат шежіре болып түскен. Қысқа өлеңде дастанға лайық терең мағына сыйған. Жазалаушы әскердің аяусыз әрекеті былайша суреттелген.

Сырнайын әскер ысқыртқан, Көк түгінді түтетіп, Ойнатқан отты мылтықтан. Қаптаған мың сан қазақты, Бөріктіріп бөкендей, Көрінеу көрге бір тыққан. Безек қағып бесатар,	Сүнгіді канға тұмсықтан. Тамағына талайдың Ілінді қылыш қылпықтан. Қояндай қорқып қорғалап, Құрдан бетер жорғалап, Рулы ел тасқа тығылған...
---	---

Осыншама сойқаннан безіп қашқан елдің дәрменсіз халі, көрген қорлығы, жат жұртқа ауып опа таппағаны шыншыл кестеленген. Елден, жерден ауып көшу дегеннің қаншалық зардабы болғаны жазба әдебиет шығармаларында кейінгі кезде ғана көрсетіле бастады. Ал мұндай трагедиялық халді Бөлтірік ақын оқиғаның ізін суытпай жырлаған. Бұл шығарманың қымбаттығы да қазақ елінің нақ сол кездегі жағдайын ешбір қоспасыз, дәл қалпында бейнелеп бергенінде. Тарихи өлеңдердің жанрлық сипаты Бөлтірік жырларынан неғұрлым толық көрініс береді.

1916 жылдың оқиғасы халықтың есінен мәңгілік өшпейтіндей із қалдыру себебі осы көрсетілген мысалдардан айқын танылса керек. Бұл халық тарихындағы қатардағы бір эпизод емес, бүкіл елдің тағдырына тікелей қатысты, көлемі мен салмағы жағынан өзінше бір «актабан шұбырындыны» еске салатын сұрапыл. Бұл тұста ауыз әдебиетінің барлық жанрларында шығармалар туғаны да, мұның өзі қазақ халықтық поэзиясының бір дәуірі болып саналатыны да осыдан.

Осы аласапыран кезеңнің аламан-тасыр, алмағайып оқиғалары көптеген ақындардың шығармаларында орын алған. Жамбылдың («Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды»), Бұзаубақ, Құсайын, Баттал, Сартай, Есқайыр, Болман, Күдері, Сәт, Сүлеймен, Кенен, Есдәулет, Бөлтірік тәрізді ақындардың туындыларында

ел өмірінің қат-қабат көріністері өрнектелген. Жанрлық жағынан алғанда бұлардың арасында көңіл күйі өлеңдері де, дастандар да, толғаулар да, жоқтаулар да, қоштасулар да, бата-тілектер де, сәлемхат та ұшырайды. Шығармалардың түрлі жанрда тууының өзі 1916 жыл оқиғалары халықтың тұтас тағдырына әсер еткендігінің белгісі. Замана жайын жырлаған ақындардың біразы тікелей халық қозғалысына қатысқандар болып келуі олардың шығармаларының танытқыштық қасиетін арттырады. Ал енді бір шығармалар сол оқиғалардың дақпырты басылмай, ізі суымай тұрған шақта жасалған. 1916 жыл өлеңдері мен естеліктері дер кезінде жиналып, хатқа түсуі, ол туындылардың басы құралып, бірнеше дүркін жеке кітап болып басылуы — тарихи мәні бар көркем жаратындылардың ұмытылмай сақталуына ерекше себепкер.

Бірсыпыра шығармаларда майданның кара жұмысына алынған жігіттердің көрген-білгендері, бастан өткерген қиындықтары шежіредей нақтылы тізілген. Біржан Берденовтің «Прием» атты поэмасынан, Есқайырдың ұзақ өлеңінен осы жағдай көрінеді. Бұл туындылардың мәні өмір оқиғаларын күнделік түріне жақындатып көрсетуінде. Қазақ жастарының империалистік соғыс майдандарының кара жұмысына алынуы дегеннің тасасында қандай тауқыметтер жатқанын тек осындай шығармалар арқылы түсінуге болады. «Прием» поэмасының:

Қаламды жазуға өлең алдым қолға,
Қаншама тұрсақ тағы шықпай торда.
Ноябрь жұлдызының дәл бірінде
Біз шықтық Қызылжарға приемға.
Топтанып өңшең жастар келіп жатыр,
Солдаттар ерсіл-қарсыл жүріп жатыр.
Жиылып прием үйдің қақпасына
Отыз бір он тоғызбен еніп жатыр, —

деп басталған жолдардан нақтылы күнделіктей шежіре сөйлейді. Поэмадағы ең мәнді мәселе — болып жатқан оқиғалардың қарапайым дала адамының көзімен бағалануы. Бұл бағаны сол кездегі еңбекші халық санасының көрінісі деп қарауға әбден болады.

Майданға барғанға дейінгі басып өткен жолдар мен жағдайлардың суреттелуі де көңіл аударарлық. «Приемда» Ресейдің сол кездегі жай-күйі туралы қазақ ақынының түсінігі берілуі де қызығлықты. Ресей араласқан империалистік соғыстың халық тілегіне жат, мағынасыз зорлық екендігін ақын шығармасы өз тара-

пынан айыптайтын құжат болып табылады. «Қантөгіс шабуылды қырғын майдан, біткенін біз де, сірә, көреміз бе» деген жолдары соғыстың зардабын сезген елдің жан лебізі деп қабылдауға болады. Поэмада тек көрген-білгеннің тізбегі беріліп қоймай, көркем түйінделіп айтылған суреттер де баршылық. Герман әскерінің бір шабуыл сәтін ақын былай бейнелейді:

Дұшпанның қырып салар күші де мол,
Қырылған, қаза тапқан кісі де мол.
Ертеде ел көшкендей болып жатыр,
Жылаңдай жылжып жылы қан аққан жол...

Б. Берденов поэмасының тағы да бір ғибратты тұсы өршіл қорытындысында. Шығарманың ақырғы жолдары халықты күреске, азаттыққа үндеу секілді естіледі.

1916 жыл оқиғаларының зардаптары поэзияның қысқа жанрындағы туындылардан айрықша көрініс береді. Мұң мен зар өлеңдері халық көңілінің түкпіріндегі армандарды айрықша әсерлі жеткізеді. Бұған «Дәметкеннің зары» деп аталатын шағын ғана өлең айқын мысал. Екі көзі жоқ, суқаранғы Дәметкен деген кемпірдің жалғыз баласы Далабай майданның кара жұмысына баратындардың тізіміне ілінеді. Сондағы Дәметкеннің баласын күшақтап жылағаны ел басындағы түпсіз терең қасіреттің бейнесіндей елестейді. Дәметкен кемпірдің жүректі жарып шыққан сөздері аяушылық сезімі бар бірде-бір адамды толқытпай қалмайтын шер болып шығады.

Далажаным, жалғызым,
Су бойында жалбызым.
Маңдайдағы күндызым.
Аспандағы жұлдызым.
Жүзінді көріп қалуға
Ашылсаңшы сұм көзім...

Жалғзынан айрылу Дәметкен кемпірдің өмірдегі барлық үміті үзілгенмен тең. Оның үстіне баласының дидарын көре алмайтын суқаранғылығының өкініші қосылып, тірі жүрсе таусылмайтын өксігін білдіреді:

«Жалғызым, жаным Далажан, Артынан біреу ерсейші.
Тым болмаса екеу боп Тентекшіл, теріс, қу құдай,

Зорлықшылды көрсейші. Далаштын жүзін көрсемші,
Тым болмаса жар болып, Сылқ етіп, сүйіп өлсемші»...

Жарқ етіп көзім ашылып

Ел басына қиын-қыстау туғанда шығарылған қоштасу өлеңдерінің де мәні зор. Бұл шығармаларда айтпауға болмайтын, көңіл күйінің терең сырлары мен шындыры көрінген. Өмірдің ақтық кезеңдерінде ғана шығатын қоштасулардың 1916 жылы қайтадан көбеюі халық жағдайының не өмір, не өлім дерліктей таразыға түскенінің айғағы.

Қарқаралы оязынан солдатқа алынып бара жатқан Асқар деген жігіттің анасымен, қарындасымен, әйелімен қоштасуы зорлықшыларға қарсы айтылған ел наразылығын бүкпесіз жеткізеді.

Каласын-ау, сорлы анам, сүйген жарым,
Күйдіреді ішімді от пен жалын.
Он тоғыз бен отыз бір жиып алып,
Мына патша кетірді-ау елдің сәнін.
Қалғанын ба артымда, кайран елім,
Кіндік қанын, кір жуып, қиған жерім,
Шыдай алмай патшаның қорлығына
Көкіректе қайнайды қайғы шерім...

Кейбір өлеңдерде туған елдің келешегі қандай болады деген ізгі ой басым айтылады. Төлеу ақынның өлеңінде қоштасу бүкіл халық тағдырын сөз етуге ұласады. Ақын Сарыарқаның сансыз әулетке құт мекен, қазақ атты елге орталық болғанын еске түсіреді, сонау ертедегі жонғар шабуылдары заманынан кейін бейбітшілік, ырыс құрай бастаған халыққа жаңа қасірет төнгенін («Ақтабан шұбырынды — аштық көрген, тозған ел жаңа басын құрап еді») айтады.

Сарыарқа, қаламысын өскен жерім,
Кір жуып кіндігімді кескен жерім.
Бұрын да қан төгісіп, атам қонған,
Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім.
Айрылып Сарыарқаның саласынан
Болар ма қазақ аты өшкен жерім.

Жекелеген атқамінер, әкімдер, елдің көз жасына қарамайтын қаныпезер пайдакүнемдер болмаса, патшалықтың 1916 жылғы маусым жарлығын қабыл көрген еңбекші қауым өкілі жоқ. Бұл бүкіл халықтың мүддесі, арманы бір арнаға тоғысқан кезең еді.

Жат жерде жау оғынан өлгенше, туған жерде дұшпанмен жағаласып, «жастығын алып» мерт болу артық екенін қалың көпшілік түсінген. Халық қозғалысына тегеурінді қуат дарытқан, жеке адамның елмен тілегін бірлестірген жағдай осы. Жан толқытқан мұндарын, асыл ойын, сырларын, өлең-дастандарда шер қылып ағытқан елдің арманды сөзі кейде бата-тілек, енді бірде жауға деген қарғыс түрінде айтылған. «Бекболат» жырында Жайылмыс елі азаматтарын қосақтап тізіп ұстап, абақтыға жапқанын, жазаламақ болғанын естігенде ауылда қалған әйелдердің айтқан қарғысы осыған дәлел.

Сендердің де біздей боп, Бала-шаған шуласын. Үстіндегі падышан Апиын жеп улансын. Жолынды құдай қылмасын. Астында жалғыз атынды Ұрылар келіп ұрласын.	Қатының бала тумасын, Жуас атың астында Қарап жүріп туласын. Ақ патшаның сүйегі Айдалада қурасын. Қазақтың жеңсін ботасы Николай залым бұрасын.
---	---

Сол дәуірде ел арасында айтылып жүрген «Ия иллахи бізге бак, аруақтар болсын бізге жак, патша өліп, иесіз қалсын алтын тақ» деп келетін баталар да нағыз халықтық тілекпен ұштасып жатыр.

Мұн-шер өлеңдердің әуел баста шығарушысы болғанмен, сонынан халықтық сипат алып кететін заңдылығы 1916 жылы туған шығармалардан да көрінеді. Алматы облысынан жазылып алынған жоқтау өлең жеке бір адам туралы айтылса да, жалпылық, жинақтаушылық сипат танытады. Мұнда ешбір құжаттан таптырмайтын, халықтың санасында ғана сақталған шындық бар. Қысқа жоқтау өлеңде бір үйлі жанның бас иесінен айрылған өшпес өкініші білдірілген.

Ақжарға қарай айдаған, Ақжардың түбін қандаған. Тұқымын құрғыр қырық солдат Қылышыменен қинаған. Айдап кетті дегенде Артынан кісі бармаған,	Хабарға барған Салықты Найзамен шаншып айдаған. Атекемнің артына Екі қолын байлаған, Екі шақырым барған соң Соғым қойдай жайлаған...
--	---

Қара жұмысқа жегілген жігіттердің майдан шептерінен жазған хаттарында замана оқиғаларының түрлі қырлары айтылады. Егер Есқайыр өлеңдерінде елдің маусым жарлығын естіп дүрлігіп

барып, ақыры майданға жігіт беріп құтылғаны амалсыздық әрекеті секілденіп баяндалса, Молдаштың хатынан қара жұмысқа алынғандардың ауыр халі сездіріледі, ал Байтас ақын өзінің сөзінде «елге қайтып оралсақ, ісіміз алдаушы ауылнай, болыстармен болады», — деп серт етеді. Сәлемхат өлеңдердің бәрінде ортақ бір сарын туған елді сағыну, ауыр тағдырға налу, болашақтан үміттену болып табылады. («Түзде жүрсен жолдасың, елде жүрсен сырласың, қатар өскен тең қайда, ауып кеткен құстаймын, қайта қонар күс бар ма»).

Ерлік, күрес іздері. 1916 жыл поэзиясында қазақтың ежелгі эпикалық дәстүрі белгілі дәрежеде жалғастық тапты деп айтуға болады. Бүкіл халықтың тағдырына әсер еткен оқиғалар ұлттық, әлеуметтік, таптық қайшылықтарды түп-тамырымен жарыққа шығарды. Халық өзінің тәуелді, еріксіз қалпының қаншалықты қорлық, кемдік екенін қайта сезінгендей болды. Тенсіздікке бұдан былай шыдау мүмкін еместігі, патшалық озбырлығының шектен асқандығы тамам жұртқа айқын көрінген еді. «Өмір сүру немесе жер бетінен жоқ болу» мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде халық рухының көтерілуі табиғи болатын. Бірақ жақсылықты қиялдан қуту мүмкін еместігі де белгілі еді. Азаттықты тек бірлескен күшпен, өжеттікпен, ерлікпен ғана жеңіп алу міндеті алға тартылды. Ерлікті жырлау — 1916 жыл поэзиясының басты сарындарының бірі.

Ертедегі эпикалық жырларда көбінесе әсірелеп қиялдан алынған қаһармандар бейнесі жасалса, енді тарихи аренаға шыққан нақтылы ерлерді үлгі ету шарт болды. Халық үшін қайрат көрсеткендердің 1916 жылғы поэзияда жанды тұлғаларының жасалуы осы айтылғанға байланысты. Өлеңдерде де, дастандарда да өмірде орын тепкен оқиғалар желісі сақталып отырған.

Дегенмен сан ғасырлар бойында ерекше жетілген эпикалық дәстүрдің мүлде ғайып болып кетуі де мүмкін емес еді. Сол дәстүрдің жекелеген белгілері 1916 жыл оқиғаларын суреттейтін шығармалардан табылады. Бұл әсіресе ерлікті әсірелеп, көкке көтеріп суреттеу нышандарынан байқалады.

Күдері ақынның «Амангелдінің Торғайды алғаны» деген ұзақ өлеңінде халықтың ғаламат майданға шығу себебі эпикалық дәстүрге тән тәсілмен сенімді көрсетіледі. Ақын елдің тыныштығы бұзылып, шаруасы шайқалғанын, әділдіктен күдер үзіп, шыдамы таусылғанын былайша баяндайды:

Айдау көріп мал азды,
Ұйқысы кетіп жан азды.
Қатын мен бала домықты.
От басында отырған,

Алжыған кемпір, кәрі шал,
Жылай-жылай торықты.
Түйеден ком, аттан жал
Бәрі үзіліп болыпты...

Құбылыстарды осылайша шегіне жеткізіп, шырқау биігіне апарып суреттеу ежелгі жыр салтына тән. Қорлық пен зорлыққа ақырына дейін шыдап баққан елдің жауға қарсы тасқын судай лап қойғанын көрсету эпос өнегесін еске салады. Амангелдінің дұшпан бекінісіне шабуылын суреттеуде нақтылық та, әсірелеп айту да бар.

Сары ала туды көтеріп,
Қозғалды топ еркіне,
Окжыландай ысқырған,
Жалын шашқан, ышқынған,
Үнрейген мылтық аузына

Ат қойды көп іркілмей.
Шашақты найза желкілдеп,
Ақ сойылдар сартылдап,
Амангелді алдында
Атылған окка жарқылдап...

«Бекболат» поэмасында да ел басына душар болған ауыр шақтың қасіретті көрінісі жинақталып айтылған. Мұнда 1916 жылдың оқиғасы халыққа төнген тажал секілденіп көрсетіледі.

Ежелгі эпостың жасалуындағы бір өзгешелік — айтушы мен тындаушының дүниетанымы, өмір құбылыстарына бағасы, көркемдік бейнелерді қабылдау деңгейі қарайлас келуіне байланысты болатын. Шығармадағы оқиға мен қаһарманның шындығына тындаушылар тарапынан зәредей күдік туған жағдайда эпос өзінің тартымдылығын жоғалтады. 1916 жыл оқиғаларына қатысты өлең мен дастандарды жекелеген белгілі авторлар шығарғанымен, ол кезде жыр мен аңызды ұйып тындайтын эпикалық орта тұнық қалпында сақталған болатын. Сондықтан да жазба шығармаларды жасаушылардың өздері де арагидік көне жыр өрнектеріне түсіп кетіп отыратын. Мәселен, Бекболаттың іс-әрекетін нақтылы өмірге сәйкес баяндай отырып, ақын оқта-текте эпостың жүрдек өрнегіне түседі.

Көк мылтықты көпіртіп,
Көкке қарап келеді.
Ер Бекболат секілді
Бекке қарап келеді.
Елден адам бар болса,
Сәлем айтсам жұртыма
Деп те қарап келеді...

Бұрынғы жырлардың әсері кайталама жолдардан – формулалықтан да аңғарылады. Қазақ халқының ұлттық-азаттық қозғалысын жырлаған көп шығармаларда ауыз өдебиетінде қалыптасқан, «жаттанды» жолдар мен тіркестердің жиі ұшырауы бұлардың эпикалық дәстүрге жақындығын дәлелдейді. «Жау жағадан алғанда, ит етектен шырмаған», «Айдарлымды айдады, тұлымдымды байлады», «қарағай сапты найза алып, ат-айғырын жаратып, айбалтасын қолға алды, арлы-берлі толғанды, басқа қара күн туып, кара бұлт құрсанды», «жасанған жауға кездесіп, аспаннан қардай ок жауып», «көп көшені шаңдатып, қалаға кірдік аныратып» тәрізді теңемелер осы айтқанға мысал.

Ауыз өдебиетінің ежелден қанықты шарттарының бірі қаһармандарды ірі сомдап көрсетуінде, ел мүддесін қорғаған батырды жұрттан асқан ерекше етіп, жағымсыз бейнелерді жексұрын етіп суреттеуінде болатын. Осы дәстүрдің сілемі 1916 жыл поэзиясынан байқалады. Бұл әсіресе халық қозғалысының басшылары Амангелді, Бекболат сынды батырларды мінездегенде көзге түседі. Амангелді жайында ондаған өлеңдер, дастандар туған. Солардың бәрінде де оның табандылығы, терең ақылы, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы, жаудан кегін алмай тоқтамайтын өжеттігі көрсетіліп отырады. Өзіне ұнаған қаһарманды мінсіз етіп сипаттау эпостың көркемдік тәсілі болатын. Міне, осы тәсіл көтеріліс жырларында сақталғаны атап айтуға лайық. Ақындар Амангелдінің жау қолынан мерт болғанын өкінішпен айта отырып, оның бастаған ісінің өлмейтіндігіне сенім білдіреді («Өлген жоқ Амангелді аты қалды, арнаған оған жұрттың хаты қалды»). Жыр соңының осылайша өршіл үмітпен бітуі де батырды мұратына жеткізетін эпоспен үндестіреді.

Амангелдінің ерлігіне арналған өлең, дастандардың кейбіреулерінде батырдың қол бастап, жауға шапқаны нақтылы, анық баяндалса, енді бір туындыларда оның іс-әрекеті аты аңызға айналған ерте заманның қаһарманын елестетеді. Өйткені халық қашанда өзі сүйген ұлы мен қызының басына дүниедегі жақсылықтың бәрін үйіп-төгіп беретіні, ерлер бейнесін көкке көтеріп мадақ ететіні, мақтаныш санайтыны, үлгі етіп ұсынатыны белгілі. Амангелді жайындағы ертелі-кешті жазылған, ауызша шығарылған туындыларды жинаса, үлкен көлемді батырнама болатыны күмәнсіз. Осыларда оның тұлғасы сан қырынан таныстырылады. Елдің терең мүдделерімен ұштасқан ерліктің даңқы барған

сайын арта бермек. Амангелді бастаған көтеріліс қазақ халқының әділетті, халықтық қозғалысы болғандықтан, ақындар мен жыршылар батырдың бейнесін бірте-бірте ұлғайтып, қол жетпестей биікке шығарған. Міне, осы арадан да ертедегі эпикалық дәстүр мен 1916 жылы және одан кейінірек туған тарихи өлеңдердің арасындағы өзгеше бір жалғастық танылғандай болады.

«Бекболат» поэмасының да эпикалық сарындарға үндесетін тұстары бар. Бұл ең алдымен шығарманың орталық қаһарманының бейнесінен байқалады. Бекболат бастаған көтеріліс қанатын кең жаюға үлгермей, тез тұншықтырылғанымен, халық қаһарының тегеуріні, елді бастаған батырдың айбаты мен қайраты олқы түспейді. Әсіресе Бекболаттың қамауға алынып, жазаға кесілгелі тұрған шағындағы жауларына берген жауаптары кесек те мығым. Тергеушілер үш рет жауап сұрағанда Бекболат өлім жазасынан зәредей де қаймықпайды, өзінің бастаған ісінің әділдігіне, түбінде зорлықшыларға зауал келетініне күмән келтірмейді. Бәрінен бұрын Бекболаттың азғана күшпен патшаның көк мылтықты қалың әскеріне қарсы тайсалмай шыққан саналы ерлігі қайран қалдырады. Соншама шектен асқан зорлыққа шыдай алмай Бекболат «өлімнен намыс күшті» дегенді артық санаған.

Патшалық әкімдер батырдың сағын сындырғысы келіп, қорқыта сөйлесе де, Бекболат олардан айылын жимайды, қайта мықтымысқан төрелерді айыптайды:

Жарай ма осы қылған ісін, төре,
Маған, сірә, жетеді күшін, төре.
Не қылсаң да еш жаққа кете алмаймын,
Кісендеп аяғыма салдың өре.
Жолдас жоқ, жора да жоқ, қылдым өзім,
Екі аяқ, екі қолмен, екі көзім,
Асып же, қуырып же, керек болсам,
Осымен тамам болды менің сөзім...

Бекболатты қорқытып иліктіру мүмкін еместігін көрген ұлықтар енді айлаға көшеді, «көтеріліске қатысқандарды тізіп айтып берсең, жаның аман қалады» деп қулыққа басады. Бірақ Бекболат ұсақ пайда ойлап, арын сататын саудагер мінезділерден емес. Батырдың осындай өжет өрлігі поэмада ұтымды берілген. Бекболаттың ұлықтарға берген екінші жауабы алғашқы сөзінен де зілді шығады, ол қазақтың шұрайлы жерін аяусыз тартып ал-

ған отаршылдық саясатты сынауға дейін көтеріледі. Өзі тұтқында, ажал алдында отырып, мейірімсіз тергеушілерге:

Қазақтың жерін де алдың, суын да алдың,
Біреуін алпыс десе егін салдың.
Қазақтан қалағанның бәрін де алып,
Алатау қар түбіне қуып бардың, —

деп жауап айту арыстан жүректі батырдың ғана аузынан шығатын сөз.

Жетісу қазақтарының қозғалысын бастаған аяулы ердің дарға асылар алдындағы соңғы сөзі күллі қазақ баласына арналуы да мәнді. Батыр келешек ұрпаққа «біздің халық үшін мерт болғанымызды ұмытпандар» деп аманат айтқандай болады. Өмірінің ақтық сәтіне дейін қасақы жауына бас имей, туған елінің намысын жоғары көтеріп өткен Бекболат бейнесі эпикалық қуатқа толы...

1916 жылғы халық қозғалысының атақты батырлары — Амангелді, Бекболаттан да басқа көптеген ерлер есімі ел жадында сақталған. Бірақ өкінішке қарай, соларға арналған өлең-жырлардың бәрі бірдей жазылып қалмаған. Жалаң найза, қылышпен зенбіректі жауға қарсы тұрған көзсіз ерлер саны біз білетіннен анағұрлым артық екені кәміл. Кезінде баспа жүзіне шыққан немесе кейіннен жиналып, архивте сақталған шығармалардың басы кұралып, толық жинақ болып басыла қойған жоқ. «1916» жыл деген атпен 1936 жылы жарияланған топтамала осы қымбат мұраның бір бөлегі ғана орын алған. Осы кітапта аттары келтірілген батырлардың ішінен Сарыарқада, Қарақойын деген жерде сарбаз жинап, патша әскерімен соғыс ашқан Жақып, Иса есімдері кездеседі. Олардың қасиетті ерлігі Бозайұлы Қуанышбай ақынның өлеңінде суреттелген.

Сарбаздан Иса шығып қарсы шапты,
Қап-қара түгін болып оқ та жапты.
Айқасып жекпе-жекте бір солдатпен,
Жүректің дәл басынан найза шапты.
Әлсіреп оқ тиген соң кетті Иса,
Ішіне қалың сарбаз жетті Иса,
Өлтіріп үш дұшпанын қолыменен
Мәңгілік мұратына жетті Иса...

Патшаның отар елдер жігіттерін майданның қара жұмысына алу туралы жарлығына қарсылық көрсеткен елдің бірі — қырғыздар. Қазақтармен бірлесе күш біріктірген туысқан халықтың

батырлары жөнінде де тарихи өлеңдер туған. Мәселен, казак ақыны кырғыз батыры Ыскак Канатұлының ерлігін былайша жырлаған.

Киын-кыстау кезінде,
Панасыз жұрты айдалып,
Көгенделіп жатқанда,
Кияға қолын сермеген.
Кара үкімет көрінен,

Көңіліне корку келмеген.
Көлденендеген көк найза,
Көкірегіне кіргенше,
Қолынан адам бермеген ...

Бұл және басқа мысалдар батырлықты, отаншылдықты жырлау 1916 жыл поэзиясының ең жетекші желісі болғанын байқатады.

Аталған дәуірдің өлең, дастандарын халық поэзиясына жақындататын белгінің бірі — оларда өршіл оптимистік сарындардың басым естілетіндігі. Біржан Берденовтің «Прием» деген поэмасы болашаққа деген сенімді үмітпен аяқталады. Ал Сартай ақын майданға еріксіз алынған жігіттерді қайғыға берілмей, жігерленуге шақырады:

Үзілмесін күдерін,
Жасымасын жігерін.
Кім біледі үзбесін
Аяқтағы шідерін.

Осындай сарын Есқайыр жырларында да кездеседі («Жабығып жүдемелік, шырақтарым, қайрат қып жарық күнге шығайық-ай»). Қандай қиямет-қайым дерліктей қиындық көргенімен, халық санасы ешқашан қорлыққа құлдық ұрып қалған емес. Қайғы-қасірет суреттері басым 1916 жыл өлең толғауларының өзінде өршіл шақырулар, сенімді, қайратты тұжырымдар аралас келіп отыру себебі осында.

Ерекше көңіл бөлерлік тағы бір мәселе — ақындар өздерінің шығармаларында халықтық сана мен дүниетанымды тірек етіп алған. Ешбір оқиға жеке-дара құбылыс ретінде көрінбей, бүкіл ел басына түскен ауырлықтың салдары болып сипатталады. Болып өткен істерге халықтың түсінігі, баға берілуі, бүкіл елдің тағдырын тұтас қамтып жырлау, еңбекші бұқараның ең асыл армандары көрсетілуі 1916 жыл поэзиясының терең мәнін белгілейді.

ЖАҢАРҒАН ЖАНР

Қазак халқының аса қуатты эпостық дәстүрі кеңес жылдарында жана жағдайда жалғастық тапты. Соның бір көрінісі ақын, жыршылардың ежелгі эпикалық аңыздарды қайта жаңғыртып айтып келуі. Халқымыздың батырлық және ғашықтық эпосының көбі дерлік кеңес дәуірінде атақты жыршы, жыраулардан алынғаны мәлім. Әрине, сол жыр қазынасының сақталу, таралу, өзгеріске түсу дәрежесі де түрлі-түрлі. Егер классикалық эпостың («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» т.б.) түпнұсқасы негізінен байырғы қалпын сақтап жеткенін көрсек, кейбір аңыздар қайтадан айтылғанда соны нышандарға ие болғанын аңғарамыз. Сонғы топқа ұлы ақын Жамбыл Жабаев жырлап келген «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» секілді дастандарды қосуға болады. Бұл жырлардың ертедегі тұлғасы мен бертінгі кеңес заманы кезіндегі мәтіні арасында азды-көпті айырмашылықтар кездеседі. Бұлай болуының табиғи заңды себептері де бар. Ең алдымен ауыз әдебиеті туындыларының айтылу, сақталу, таралу бағысында жекелеген жаңалықтар қосылып отыруы, уақыт талабына сәйкес келе бермейтін жерлері ұмыт болуы, жыр кестесіне тын оралымдар, оқиғалар, байланыстар, тенеме, баламалар кірігуі әзедден анық нәрсе. Ауыз әдебиеті мұрасының өміршендігінің үлкен бір сыры да оның осындай көп варианттылығында жатады.

Кеңес дәуірінде қайта жаңғырған ескі жырлардың бойындағы дәстүрлілік пен жаңалықтың табиғатын ашу, заңдылықтарын белгілеу қызықты проблеманың бірі. Бұл тақырыпқа зерттеушілеріміз ертелі-кешті көңіл бөліп, бірсыпыра ойлар айтып келгені белгілі. Мұның бұдан былайғы жерде де фольклоршылар назарын аудары беретіні шүбәсіз. Осы мәселеге де тоқталып өтуді жөн көреміз.

Жамбыл ақыннан жазып алынған «Сұраншы батыр» жыры эпос нұсқасының әр кезеңде жана нышандарға ие болып отыратындығына жарқын мысал. Мұнан ежелгі эпикалық сарынның сайрап жатқан ізін де көреміз, нақтылы тарихи шындықты шыншыл суреттеуді де табамыз. Жырда Жетісу қазақтарының ХІХ ғасырдың орта тұсында Қокан басқыншыларына қарсы күресінің ақиқаты елестейді, Сұраншы батырдың ересен ерлігі мадақ етіледі.

Ал жыр байлығының ұмытылмай, саф алтындай қымбат күйінде жетугі бізде жыр тындайтын эпикалық ортаның болуына және

жыршылық дәстүрдің кең өрісі, мектебі сақталуына байланысты. Сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдарды былай қойғанда жыршы, термешіні халқымыз қазіргі күнде де қызыға тындайтынын ескерсек, эпос қазынасының інжу-маржаны көнермес, көркі кемімес, сұлу да асқақ қалпында кенес дәуіріне «шашау шықпай» жеткеніне тандануға болмайды.

«Сұраншы батыр» жырында елдің құлағына қанықты өрі сүйікті қаншама ірі эпикалық әсірелеулер, сом сурет салыстырмалар, қайталама формулалар кездеседі. Жырды байырғы эпикалық дәстүрге жақындататын белгінің бірі көркемдік жинақтаудың ауыз әдебиетіне тән өзіндік өрнектері десе болады. Бейбіт жатқан елге сырт жаудың басып кіруі, халыққа зәбір көрсетуі, туған жұртының намысы мен кегі үшін ерлердің жауға қарсы батыл аттануы, дұшпанды жеңіп, мұқатып қайтуы — міне, осы секілді жалпы батырлық эпосқа тән сипаттар «Сұраншы батырда» молынан табылады.

Жырда қокандаған Қокан әскерінің астамшылығы, зорлығы әрі толық, әрі нақтылы тізілген:

...Қабағын түйген қанды жау, Ұру, сабау, найзалар, Үйірлеп елді айдады. Жанқараш пен Жантайдың Шырылдатты сөбиін, Еңкілдетті кәрісін. Бойжеткен қыз-келіншек, Күнірентеді тау үшін. Қоканнан келген көп әскер, Жер қайысып сыймайды. Мал мен басты шулатып, Қойша иіріп жинайды. Тас қотанның сазына,	Ақ шатыр мен көк шатыр Қатарланып тігілді. Ала тулар желпілдеп, Ақ семсерлер жарқылдап, Компаң-компаң шоқысып, Төбінгілер сартылдап, Зерделі шапан бектер де Шағылып күнге жалтырап, Түйеге мінген жас әйел Бетін жыртып аңқылдап. Жасөспірім сұлу қыз, Жүрегі ұшып қалшылдап, Жалаң қағып жасауыл Мөз-мәйрам боп қарқылдап...
---	---

Осындай ауыр хабарды тауда жатып естіген Сұраншының барлық ойлары мен іс-әрекеті нағыз ертедегі эпос батырының тұлғасын танытады, ол халықтың тарыққанда сүйеніш ететін бірден-бір ұлы болып көрінеді. Ел аңсары оны мінсіз дана, қапысыз қаһарман дәрежесіне көтереді, парасат пен білгірлікті оның басына жиып береді. Осындай әсірелеу бұл тұста ең керекті көркемдік шарт болып шыққан. Бүкіл елдің басына әлгіндей алапат хал кездескенде сондай сұмдықтан құтқаратын айрықша ерлік

керек. Халық санасы да, жыршы ақын да осы қасиетті тек Сұраншыдан табады.

Тар кезеңде Сұраншы тапқан ақыл мен батыл шешім ел көкейіндегі ең керекті сөз болып естіледі:

Ел жақтамас көп жаудың, Көптігінің себеі жок. Оның аты — боркемік, Батыр туған жігітке, Шабатын жаудың көбі жок. Уайым жауға алғызар, Тұңғыык болып түбі жок.	Талмасқа шыдар белі жок. Озып шабар жүйрікке, Ылди мен өрі жок, Осы қолдың несі көп, Қурап тұрған шірік көп. Суырып қылыш ат қойсан, Қарсы тұрар бірі жок.
---	--

Бұдан кейінгі жолдар қаһармандық эпостың үлгісін әдемі дамытқан әсерлі тебіреніске толы. Сұраншының кекке қайралып, шамырқануының себебі мейлінше анық та дәлелді.

Қорықпа да, кашпа да, Текке ұшпасын үрейін. Қара да тұр топтанып, Жалғыз өзім кірейін, Мың жау маған бірге есеп, Мың қарғаға бір кесек, Қорғасынды сақамен, Ұшырамын кенейін,	Жаулар — қоян, мен — сырттан, Арасына енейін, Еңкілдеген шал анау... Көзім тірі тұрғанда Қорлыққа қалай көнейін?
--	---

Эпикалық батыр тұлғасы соғыс үстінде ерекше шоқтықтанып елестейді. Бұл тұстағы суреттер де әсірелеу заңдылығына сәйкес берілген. Сонында үш-ақ жүз сарбазы бар Сұраншы он мыңдаған Қокан әскеріне дауылдай тиеді. Эпикалық жинақтаудың осындай «нанымсыздығы» жыр мұратының ең биік талаптарына, көркемдік қажеттеріне сай келетін тәсіл болып шығады. «Сұраншы батырдың» ауыздан-ауызға тарап, талай айтушылардың есінде сақталып келуі де жырдың көне эпикалық дәстүрмен барынша үндесіп, суреттеу құралдары мен бояулары ортақтасып кетуінде ғой. Мұндағы соғыс суретінің өзге қазақ жырларынан айырмашылығы шамалы, егер батырдың атын өзгертіп алсаң, бұндай кестелерді кез келген батырлық жырға да еркін қолдануға болатындай.

..Осыны айтып Сұраншы, Ағын судай тасынып,	Намазшамнан өткенде, Құтпанға уақыт жеткенде,
---	--

Ашулы көзі жалтылдап,
Жайнаған шоктай шашылып...
Ақтұяқтың тартпасын,
Қайта тартты ер жөндеп,
Болат сүйек бауырға,
Тартпасын елі батырып.
Қыран құстай комданды,
Ақ семсерді қолға алды...

Ақберенді сайлады.
Жарқабақта жалтыр тас,
Семсерін соған қайрады,
Қарына найза байлады.
Жібекпен басын бір тартты,
Ат қойды батыр ақырып,
Ақырған даусын есітіп,
Жау айнала қарады,
Есінен әбден танады...

«Сұраншы батыр» жырының кестесінде өзге эпостан таны- мал, қайталама формулалық тіркестер мен теңемелер мол ұшы- райтыны оқиғалық байланыстар үшін де, жырдың үдемелі дамуы үшін де пайдалы қызмет атқарады. Дастанның өн бойында кез- десетін «қабағынан қар жауды, кірпігіне мұз қатты», «буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды, ақ беренге оқ салды, Ақтұяққа ер салды», «қыран құстай комданды, ақ семсерді қолға алды», «шап- қан аттың дүрсілі, қопарып жерді барады», «нажағайдай шартыл- дап, бұлт отындай жарқылдап», «қоршаласып қалысты, ортасына алысты, қарсы семсер салысты», «өрге салса талмайтын, қияға салса таймайтын», «сауыт киіп сайланып, ырғай сапты найза алып, қорам- сағын байланып», «екі батыр найзасын, сатыр-сұтыр салысты, сай- лап мінген белді аттар, тізе бүгіп қалысты» тәрізді тіркестер жыр- ды дәнекерлеп тұрған ұлы желі секілді...

Бұл айтылғандар жырдың дәстүрлілік келбетін айқындайтын мысалдар. Енді «Сұраншы батырдың» өзгелерден ерекшелігі неде екеніне, жаналық белгілеріне зер салып көрейік.

XIX ғасырдағы қазақ елінің, соның ішінде Жетісудың тари- хи-әлеуметтік жағдайын кең де, нақтылы да көрсете алатындығы бұл жырдың құндылығын белгілейді. Осы тұрғыдан алып қара- ғанда «Сұраншы батырда» тарихи өлең-жырдың нышандары да мол. Тарихи фактілердің бағыты дұрыс көрсетілуі шығарманың реалистік ажарын арттырады. Әсіресе өткен ғасырдың орта ше- нінде Қазақстанның оңтүстік өңірін өз қарауына алу үшін Ресей империясының да, Орта Азия хандықтарының да жанталаса өрекеттенгені ақиқат болып түскен. Тағы бір ерекшелік сол — бұл фактілерді куәлендіруші анау-мынау кездейсоқ кісі емес, өз елінің тарихи әңгімелерін, аңыздарын тамаша білетін, көкірегі зерек Жамбыл сынды көп жасаған адам болуы дастанның таныт- қыштық қасиетін арттырады. Жетісу жерінде болып өткен бас- қыншылықтардың шет жағасын бала кезінде Жамбыл өз көзімен

көрген немесе ізі суымаған оқиғалардың сарынын естіген. Қалай болған күнде де Жамбыл аузымен айтылған естелік аңыз шын- дыққа неғұрлым жақын.

Қазақ елінің тұс-тұсынан андыздаған жаулаушы күштердің жалпы мінездемесін жыр мейлінше анық берген.

Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты.

Садақ тартқан казакка,
Түтіндетті мылтықты.
Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты.

Бұл арада тарихи-әлеуметтік ахуал мейлінше нақтылы. Бұ- рыннан Жетісуға бауыр басып қалған Қоқан әкімшілігінің өре- кеті ақындық тілмен сипатталған.

Бұрынғы жола Кудияр,
Қазанатын мінісіп,
Қомпаң-қомпаң желісіп,
Көк шай салып су ішіп,
Перен мылтық аттырып,
Мыстан керней тарттырып,
Соғыспақ боп патшамен
Қапалдан тосып бір шықты.

Қарсы атылған зенбірек,
Қолдан туын жұлдырып,
Қорған сапын бүлдіріп,
Қайта қашып бүрлікті.
Жай кашпалды Кудияр,
Жолдағы ел тұншықты.
Жабық тіліп, үйді өртеп,
Айғыр, атты жетектеп,
Хан жолынан су шықты...

Сол кездегі қазақ ауылдарының көсемдері тар кезеңде ақыл, қайрат таппай, өзінің жанын сауғалап, ел мүддесін ұмытып кеткендіктерін шыншыл ақын Жамбыл әділ әшкерелейді.

... Дулатта батыр Сыпатай,
Жаудан қорқып сенделіп,
Сарбулақтың басына,
Аңырақайдың тасына,

Түнде барып тығылды.
Батыр тұлға бола алмай,
Елдің түгі жығылды...

Жырда Жетісу елінің ішкі жағдайларын тануға көмектесетін алуан түрлі нақтылы деректер бар. Жаудан қорқып қашқан, тоз- тозы шыққан қазақ ауылдарының паналаған жерлеріне дейін шығармада дәл баяндалған. Сұраншы батырдың руы — шапыраш- тының әлеуметтік жағдайын ақын тайға таңба басқандай әйгілеп береді. Шапырашты елінің қонысы тар, малға кедей екендігін, тіпті Сұраншының өзі тапшылық қыспағында күн кешкенін дас- таншы жасырмайды:

Арыстан жүрек Сұраншы,
Шында жатыр алыста.
Оны шынға шығарған —
Конысы жоқ, қол қысқа.

Жаз жайлауы Үшкөңір
Қыс көшеді Арысқа.
Шапырашты аз ата
Ұлы жүзде туысқа...

Сұраншы батырдың ата-тегін, батырлық әулетін мақтаныш етіп айта келіп, олардың қиын-қыстау кездерде бүкіл елдің намысын қорғап келген айбатына тоқталады, сондай елдердің кедейліктен көшуге көлік таба алмай қала беретіндіктерін баяндайды.

Ұлы жүздік қазақтың,
Ық жағында қорадай,
Жел жағында панадай,
Сол сияқты батырға,

Жайшылықта ел көссе,
Дулат, албан, суанмен,
Кетер еді карамай...

Өзінің асыл өнерін кеңес заманына дейін жеткізіп, белгілі дәрежеде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет дәстүрін жалғастырушы болған Жамбылдың жаңа заман дүниетанымымен қарулануы оның ескі тақырыпқа шығарған туындыларынан да айқын сезіледі. Ақын халықтың анық досы кім, жауы кім деген мәселеге сара көңілмен талдау жасайды. «Сұраншы батырда» да ол оқиғалардың таптық, әлеуметтік астарын әдемі бағдарлайды, ойламаған жерден аласапыран жағдай туғанда халықтың дағдарып, кімнен жақсылық іздерін білмей қалған кезеңін «Жаудан күту жақсылық — зарыққанның салдары, байдан күту жақсылық — тарыққанның салдары» деген нақыл сөздермен ұтымды сипаттайды.

«Сұраншы батыр» көркемдік қасиетін сөз етпегеннің өзінде, шежіре тарихтың көп қатпарлы сырларын тануға мүмкіндік береді, тарихшыларға қажет бағалы мағлұматтар да ұсынады. Жырда қырғыз ханы Орманның қанқұйлы әрекеттері, Құдияр ханмен ымыраласып, бейбіт қазақ ауылдарын талағаны құжатқа бергісіз зайыр шындық болып елестейді.

Сөз болып отырған жырдың тосын бір идеялық жаңалығы — Сұраншы батырға тілектес өзге ұлт өкілдерінің қатысуы. «Патшаның кашкын солдат» Жагор бастаған сегіз орыс, татар, Сұраншының сенімді майдандас жолдастары болады. Жырдың төңкерістен бұрынғы вариантында бұл эпизод бар ма, жоқ па — бізге мәлімсіз. Бірақ Жамбылдың бертінде жырлап жаздырған нұсқасына бұл едәуір мағыналық сонылық қосқан. Сұраншыны Орман ханның қалың әскері қоршауынан да құтқарысатын осы Жагор бастаған қырық жігіт болып көрінеді. Халық кегін қуушы

Сұраншыға әр елдің күштілерден зәбір көрген адамдарының ынтымақтас, серіктес болуы жырдың жалпы демократиялық бағытына жарасымды рен берген.

Дастанның ақыры дәстүрлі эпикалық аңыздаулардың сарынына үйлес. Орман ханның батырларымен шайқаста Сұраншы жауларын мұқата біледі, ауыр жарақаттанса да өз еліне аман келеді. Бұл «жауды жеңіп, мұратына жететін» байырғы батырлардың тағдырына ұқсас шешім. Осы арада ақын, жыршы эпостың қадімнен келе жатқан қағидасына сәйкес әсірелеуге, қиялдан қосуға барған.

Жырдың басында да, соңында да ақын, айтушы «Сұраншы батырды» ертеде көп толғағанын, сол арқылы халық арманын айтып келгенін ескертеді. Сөз арасында «ескі күйді сонау бір, шығарып естен барамын» деген жолдар бар. Бұған қарағанда жырдың бұл нұсқасы ескі варианттың толық қайталамасы емес, жаңадан шығарған түрі деуге негіз бар.

«Сұраншы батыр» жырын зерттеушілер оның тарихы, шындық пен көркемдік қиялдаудың арақатынасы хақында нақтылы талдаулар жасаған. Сол еңбектердің қатарынан фольклоршы М.Ғұмарованың ізденістері ерекше атап өтуге лайық. Мұнда әсіресе жырдағы Сұраншы батыр тұлғасы мен оның түп тұлғасы арасындағы айырмашылық кеңірек сөз болған. Мәселен, зерттеуші Сұраншының жырда көрсетілгендей кедей болмай, рубасы, би қатарында жүргенін архив деректеріне сүйеніп дәлелдейді. Сол секілді Сұраншының орыс әскері қатарында Қоканға қарсы соғысқанын, көрсеткен ерлік, берілгендіктері үшін патшалық әкімдерінен наградалар алғанын, батырдың жырда хас дұшпаны боп көрсетілетін Орман ханның баласы Үмбетәлімен дос болғанын сипаттайтын мағлұматтар келтірілген («Қазақ тарихи жырларының мәселелері». Алматы, «Ғылым» баспасы, 1979 жыл, 263-бет).

Мұндай салыстырмалар жырдың табиғатын тануға көмектеседі, эпостың тарихилық дәрежесі дегенге өз тарапынан бағалы анықтама береді. Эпикалық жыр өмірде болған оқиғаның ізімен ғана жүреді, онда көркемдік қиялдаудың қызметі шамалы дейтін қисынды ұстанатындарға Жамбыл жырының тәжірибесі ой саларлық. Ақын жырында XIX ғасырдың орта тұсында болып өткен оқиғалардың қорытылып, жана сапаға көшіп суреттелгенін көреміз. Тарихтағы Сұраншыға эпостағы Сұраншының ұқсайтын да, мүлде алшақ кететін де жері бар екенін көреміз. Ең ғажабы сол,

«өзгертіліп» алынған жерлер жырдың неғұрлым қуатты да әсерлі тұстары болып саналады. Эпикалық жинақтау дегеннің заңдылығы осы. Демек ерте замандарда болып өткен оқиғалар сарынына негізделген жырлардан белгілі бір «түптілғанын» нақтылы істерін ғана іздеу жанр ерекшелігін ескермеушілік болып табылмақ.

Ақынның «Өтеген батыр» жыры да эпостың жалпы теориялық мәселелерін қозғауға мүмкіндік беретін туынды. Тарихи адамдар туралы жырдың аңыз әңгімеден, шежіреден эпикалық шығарма дәрежесіне жету жолының кейбір заңдылықтарын сөз еткіміз келеді. Эпикалық қаһарман тұлғасын жасауда халық арманының әсері, жырдың түрлі замандар шындығын қат-қабат елестете алатын көпстадиялығы турасында да тоқталып өтуіміз ләзім.

Жамбылдың өзге шығармалары секілді, «Өтеген батыр» туралы да ғалымдарымыз кезінде пікір білдірген. Жырдың идеялық мазмұнын анықтау, тақырыбын тексеру жөнінде көбірек назар аударылған. Солардың ішінен жанр ерекшелігіне көңіл бөліп, жүйелі айтқан зерттеуші профессор Н.С.Смирнова екенін атап көрсетуіміз парыз. «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» деген ұжымдық монографияға енген еңбегінде ол Өтеген жайындағы ауызша тарап келген әңгімелер мен жырларды екі топқа бөліп қараған. Архив терендерінде жатқан мол мағлұматты жарыққа шығарып, әлгіндей жүйеге салуының өзі игі қадам болған еді. «Өтеген туралы эпостық циклдағы шығармалардың екі түрі бар: олардың бірі өмірбаяндық болып келеді де, екіншілерінде қаһарман батырдың ерліктері ашып көрсетіліп, XVIII ғасырдағы басқа да эпостық кейіпкерлер секілді Өтеген батырдың бойына жинақталады. Бұл шығармалар жанрлық құрамы жағынан өртүрлі аңыздар, батырлық жырлар» (Аталған кітап, 151-бет). Батырдың есімі мен еңбегі Жетісу қазақтарының санасында мықты сақталғанын сипаттайтын дерек көп. Мәселен, ел аузынан «Өтегеннің тууы», «Өтегеннің батырлығы», «Қоныс іздеуі», «Өтегеннің келешекті болжауы», «Жорықта», «Өтеген мен Сабалак», «Абылайдың Өтеген өлгенде келуі», «Қарадан хан туады», «Өтегеннің Абылайға айтқан сөзі», «Өтегеннің хандарды жек көруі», «Өтегеннің нашарларға жәрдемі», «Өтегеннің түс жоруы» сияқты аңыз әңгімелер жазып алынған екен. Мұның бәрі Өтегеннің тарихи әрекеттерінің халықтың терен мүдделерімен сәйкес келгендігін көрсетеді.

Өтегенге қатысты аңыз әңгімелерге біз тоқталмаймыз, Жамбыл жырының жанрлық кейбір өзгешеліктеріне ғана кідіреміз. «Өтеген батыр» жыры рулық, тайпалық көлемде айтылып, аңыз болып келген әңгімелердің елдік эпос дәрежесіне қалайша көтеріле алғандығының мысалы ретінде өте қызғылықты. Тағы бір атап өтерлік нәрсе сол — ақын «Өтеген батырдың» екі нұсқасын айтқан. Осының өзі-ақ жырдың әуел бастағы түбірінен мүлде өзгеріп, басқа сапаға ауысқанын дәлелдейтін нәрсе. Аталған екі нұсқаны салыстыруды мақсат етпедік. Біз эпикалық жыр алғашқы негіздерден қалайша «алыстап» кететіндік мәселесіне ғана тоқталамыз. Жырда Өтегеннің ата-тегі бір-ақ рет аталып, оның барлық әрекеттері бүкіл қазақ елі мүддесіне жұмсалған болып көрінеді.

Айтамын ертек, ал тында,
Өткен бір ескі арманнан.
Бұғышай мүйіз көтеріп,
Үстіне ауыр жүк артып.
Көзден жасы тамғаннан.
Жетісу деген жері бар,
Қазақ деген елі бар,
Отына күйіп жанғаннан!

Өтеген сынды батырдай
Қамқоры елдің ағасы,
Сөз бастаймын заңғардан.
Өткен бір ескі күндерде,
Жетісудың жерінде,
Қазақтың бір руы.
Қасқарау, дулат елінде,
Сырымбет деген адамнан,
Туыпты бір ұл тамаша...

Өтегеннің жау қысымынан шошынып, еліне жайлы қоныс іздеп, күншығыс пен күнбатысқа ұзақ, ауыр сапар шегуі, сонына ерген жұртын небір қауіп-қатерден аман-есен алып өтуі, қиынқыстау шақтарда даналық та, ерлік те көрсетуі, талайдан ел көңілінде арман болып келген жерұйық — Жиделі-Байсынға да жетуі, ақырында өзге ешбір жер ұнамай, туған өлкесіне бет алуы оны жеке рудын емес, халықтың батыры, қамқоры дәрежесінде көтереді. Жамбыл ақын Өтегенге қатысты әңгімелер ішінен халыққа мәңгілік құтты қоныс іздеуі туралы аңызды тандап алуы кездейсоқ емес. Адам баласының бақытты өмір сүруін аңсаудан туған, асыл арманға құрылған ежелгі қиял аңыздың шындыққа айналуы мүмкін екендігіне сенген ақын Өтеген есімін халық үшін жанның пиде ете білудің символы ретінде мадақ еткен.

Талса да оймен Өтеген,
Ойынан ешкім озбаған.
Басқа жаннан өзгеше,

Тереннен сырды қозғаған
Елдің қамын көп ойлап,
Болар істі болжаған...

Ақын Өтеген аузына нағыз халық перзентінің, қайсар қайраткердің сөзін салады:

...Мен табамын, табамын,
Бұлақ аққан жерлерді,
Көгі көктел, гүл жарып,
Кұрақ атқан жерлерді,
Төрт түлікке ыңғайлы,
Толқын көлі, тоғайлы,

Көгінен нәубет, жерде нұр,
Құлап жатқан жерлерді.
Жүт болғызбай, құт қонған,
Қой үстінде бозторғай,
Жұмыртқалап бақ қонған,
Сүйікті қазақ халқына,
Ұнап жатқан жерлерді.

Эпоста нақтылы тарихи деректердің өзі емес, сарыны ғана сакталатындығына «Өтеген батыр» дәйекті сипаттама бере алады. XVIII ғасырда жалпы қазақ еліне, соның ішінде Жетісуға тиген жау жоңғарлар болғаны мәлім. Ал мына жырда негізгі жау жоңғарлар емес, патшалық болып көрінген. Шындығына келгенде бұдан үш ғасыр бұрынғы қазақ елін ауыр қасіретке ұшыратқан күш жоңғарлар еді. Халқымыздың көрші хандықтар жеріне босып кетуі, бейбіт өмір сүретін жерлерді іздеуі дәл осындай шақтарда орын тепкендігі белгілі. Жырда эпикалық жаудың «орын ауысуының» себептерін түсінуге болады. Кеңес дәуірінің жыршысы Жамбыл патшалықтың тегеуріні жоңғарлардан анағұрлым мықты болғанын жақсы ұғынған. Сол үшін ол Өтегенді туған жерден бездірген патшалық дүмпіуі деп көрсеткен. Эпос өткен кезең ақиқатын сомдап, жинақтап, тұтасымен алатындығына бұл да бір мысал.

Оның үстіне жыршыға патшалықтың отаршылдық саясаты қанықты болуы да күшті әсер еткен. Ол кей жерлерде Өтегенге кейінгі дәуір адамының ойына лайық сөздер айтқызады:

Патшасы шапса батыстан,
Айрыласың қоныстан,
Жетісудай жеріннен,
Айрылып айдын көліннен,
Бетпақ шөлге камалып,
Ел боларсың тоғысқан.

Патша келіп бақты алар,
Патша келсе жеріңе,
Хан мен төре басқарар,
Хан мен төре басқарса,
Жоныннан тіліп таспа алар.
Айдарлынды құл қылып,
Тұлымдынды түл қылып...

Жырдағы жақсы жер, жайлы қоныс іздеу сарыны ерекше көңіл аударарлық мәселе. Қазақтың ескілік аңыздарында елге осындай түпкілікті мекен іздеуші Асан Қайғы болатын. Зерттеушілер «Асан айтыпты-мыс» дейтін әңгімелердің біразы халық қиялы-

нан жаралып, аты белгілі Асанға телініп келгенін, мұндай болуының өзі ауыз әдебиетінің заңдылығы екендігін дәлелдеген еді. Басқа елдердің аңыз жырларында да халық арман еткен Жерұйық жерлер болуы мұның көп халықтарға ортақ сарын екендігін көрсетеді. Қысымшылықтан, жоқшылықтан, қиянаттан көз ашпаған еңбекші бұқара билеушілерге қарсы күрес жолын білмеген замандарда халық қиялы осындай ғажайып жерлерді ойлап тапқан. Міне, осы көне сарын «Өтеген батыр» жырынан да келіп шыққан. Қаншама ертегілік, қиялдық, нанымсыздықтарына қарамастан, Жерұйық іздеу ансары ел санасына мәңгілік сіңген, сондай ғажайыптың болатындығына халық көңілі имандай сенген. Өтеген батыр өмір кешкен алмағайып, аламан тасыр жаугершілік заманда халықтың дамылсыз шабуыл-соғыстан зәрезап болғандығы соншалық, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» Жиделі-Байсын сынды жерлердің болатынына шынымен нанған.

«Өтеген батырда» осы көне сарынның қайта жанғыруына басқа да себептер барға ұқсайды. Өзінің көптеген өлеңдерінде кеңестік дәуірді адам баласы тарихындағы ең бақытты шақ деп жырлаған ақын мына дастанның да түпкі идеясын осы заманмен ұштастыруды үлкен поэтикалық сонылық ретінде алып қараған секілді. Жырдың екі нұсқасының да қорытындысында Жамбыл әр кезде Өтеген секілді аяулы ұлдар шарқ ұрып іздеген арман енді орындалғанын зор серпінмен баян етеді.

Уа, Өтеген, Өтеген,
Бұғыдай мүйіз көтерген,
Қайдасын, ерім, кел бері!
Жаңа хабар өкелдім,
Жетісудың Жамбылы,
Ескінің көзі – зергері.
Орныннан тұрып бүгін сен,
Көрер ме едін елдерін,
Жетісу атты жерлерін,

Жапалақ ұшпас жапан түз,
Қарсақ жортпас кара адыр,
Құладың ұшпас шөлдерін,
Қасқайған қақпас қаратас,
Селеу басқан сүр жонас,
Камыс басқан көлдерін,
Бүгін өзін қарашы
Бөленіп нұрға гүлденген,
Орал, Тянь-Шань арасы,
Қазақстан даласы...

Бұл айтылғаннан эпикалық жырға тән тағы да бір жалпы заңдылықты танимыз. Қай кезде де жыршы әйтеуір болып өткеннің барлығын талғаусыз тізе бермеген. Уақыттың талабы, тыңдаушының ансары айтушының әрдайым есте тұтатын факторлары болатын. Ақын, жыршы «ескірді, қызықсыз» деп санаған нәрсенің бәрін «аттап өтіп», тыңдаушыға ең іріктелген, мезгілдің ең зәру

деген сауалына жауап іздеген. Қалай болған күнде де Жамбылдың Өтеген батыр атына байланысты көне аңыздардың көбіне соқпай, тек қана бір тарауын талғап алып, құлпыртып жанадан айтып шығуы эпикалық дәстүрдің ежелден келе жатқан қалыбына орай. Қазақ халқының асқан сұлу жырлары ғасырлар бойында дәл осы секілді жолмен табиғи екшеліп, ең өміршендері іріктеліп, мінсіз шебер сөз кестелері мен бейнелері атадан балаға мирас болған, шындығы, көркемдік қуаты жоқ өлең қатарлары ұмытылған.

Эпикалық жырларда белгілі бір дәуірдің ғана емес, түрлі кезеңдердің ақиқаты елес беретіні өзіне тән, табиғи ерекшелігі болып табылады. Жалпы ауыз әдебиеті ескерткіштерінің қай-қайсысында болса да осындай көпқабаттылық, талай замандардың сырын, түсінігін камтушылық кездесетіні кәміл. Мәселен, батырлық жырларда ертегілік, мифтік сарындар ұшырап отыруы немесе ғашықтық хикаяларда қиял-ғажайып оқиғалары аралас келуі жиі байқалатын құбылыс. Мұның бәрі фольклор шығармаларының өте көне дәуірлерден келе жатқандығын аңғартады. Тіпті оқиғаның ауданы, қаһармандар құрамы бертінгі белгілі бір дәуірге тән болып есептелетін туындыларда да арагидік алуан түрлі ескі ұғымдар, нанымдар қосылып отырады. Біз бүгінгі күні мағынасын түсінбейтін немесе шала ажырататын көптеген жайлар — бір кездердегі халықтың білім деңгейіне сәйкес туған нақтылы шындықтар. Халық санасында сақталып келген сондай алуан ақиқатты бойында ұстай білгендігі фольклордың, соның ішінде эпикалық жырлардың көпқабаттылық белгісі. Ерте кезде адамдар дүниедегі әрбір жан-жануардың иесі бар деп сенгендігі немесе әлемдегі барлық құбылыстың жаны бар деп есептегені — тотемизм, анимизм ұғымдары фольклор жаратындыларының көп нұсқаларынан табыла береді.

«Өтеген батыр» жырында да ертегілік белгілер молынан орын алған. Жыр XVIII ғасырда жасаған нақтылы адам төңірегіне құрыла тұрса да, мұнда ол дәуірге тән оқиғалардың желісі алынбай, жалпы рухы ғана екшелген. Жырда негізгі мәселе халыққа сырт жаулардың қысым көрсетушілігі, осыдан барып Өтегендердің өздеріне жаңа қоныс іздеуге мәжбүр болғандығы секілді жетекші идея ғана талғанып алынған. Ал бұдан кейінгі айтылатын жайлар түгелдей дерлік көркемдік жинақтау, әсірелеу заңдылықтарына бағындырылған. Өтеген көшінің неше түрлі айдаһарларға, әбжы-

ландарға, жезтырнақтарға кездесуі, талай-талай жат, қаскөй күштерден аман өтуі ертегілік элемент болып табылады. Бір ғажабы әлгі айтылған жыртқыш жануарлардың кейбіреуі «тіл түсінетін», жақсылықты «бағалай білетін» болып сипатталады. Мақсат бүкіл халықтың арманын арқалаған биік мұратты қаһарман тұлғасын жасау болғандықтан, жыршы оны барлық кедергілерден аман өткізеді, қиын жолдан құтылдырады, дегеніне жеткізеді. Эпикалық әсірелеу заңдылығына сыйымды қиялдағы қаһарман осылай суреттелген.

Ел камын жеген батырды ерекше туған жан етіп көрсету эпикалық жыр дәстүрі. «Өтеген батырда» да осы дәстүрдің сілемі аңғарылады. Қаһарманның жедел жетілуі, жарыс, бәйгелерде озып шығуы мұнда да ескертілген:

Ақылды болды өтімді,
Аты Өтеген ол бала,
Күн санап өсті қарыштай,
Киіктей сезгіш Қырымнан,
Жылдамдығы барыстай.
Арстандай айбатты,
Өскен сайын ұлғаяр,

Ақыл-ой, күші қалыспай,
Жарыс, күрес, бәйгеде,
Халық бәйгені беретін,
Санаспай-ақ салыспай.
Шешен болды сөз бермес,
Таудан аккан бұлақтай...

Бұл көрсетілгендер батырлық эпосқа тән, ертеден қанықты өрнектер еді. Қаһарманды дәріптей келе ақын, жыршы дастанның екі нұсқасында да Өтегенді «мүйізі бар» деп сипаттайды.

Түсі сыймас сенімге,
Мүйізі бар басында,

Айқасқан айдар кекілді,
Сымбатты сұлу бір бала...

Асқан батыр, алып жандарды «мүйізі бар» деп мінездеу де көнеден келе жатқан дәстүр. Атағы әлемге тараған жаулаушы, патша Ескендір Зұлқарнайынды «қос мүйізді» деп көтермелеп, аңыз етіп айту бұрыннан бар нәрсе. Халық қиялы өзінің сүйікті ұлы Өтегенге де осындай қасиетті жиып берсе, оған таңғалуға болмайды.

«Өтеген батырдың» екі нұсқасының жалпы құрылыстық, оқиғалық негізі бір болғанымен, сөздік кестесінде де, мазмұндық жағында да аздаған айырым ұшырамайды емес. Соның бірі — Өтегенге құлатұзде кездесіп, кеңес беретін бірде ғайыперен, екіншіде ақсақалды қария болып көрсетілуі. Жолды бөгеп жатқан айдаһардың Өтегеннің асыл мақсатын «түсініп» ығысуы, зәбірлеп,

мекенін тартып алмақ болған жас айдаһарды өлтіргені үшін кәрі айдаһардың ризалық белгісіне «алтын беруі» секілділер таза ертегілік ұғымдар бола тұрса да, «Өтеген батыр» идеясына ұтымды қызмет атқарады. Әбжыландар, жезтырнақтар оқиғасын келтіру де жырдың белгілі бір нысанасына – Өтеген жүріп өткен жолдың тосындығын әрі қауіптілігін үстемелей көрсетуге септеседі. Ел үшін белін буып шыққан ердің соңғы барып жеткен жері айтулы, анызға айналған Жиделі-Байсынның өзі болады. Талай қауымға арман болып естілетін, қазақ халқы тарыққан шақтарда қиялмен шарқ ұрып іздеген атакты Жиделі-Байсын жырда жерұйық секілді суреттеледі.

Қырық бес күн жүріп талғанда,
Аржағында бір байтақ,
Кен даланы көз шалды.
Жиделі деген жер екен
Өте ыңғайлы мекені,
Мұны көріп жолшының
Бар арманы кетеді.
Жиделіні айтқанда
Ағашы қалың ну екен.
Орап алған жан-жағын,
Тараған өзен су екен...

Жиде-пісте секілді,
Жемістердің туы екен.
Лактай болып қояны,
Төл боп өскен жер екен.
Берекесі тасқындап,
Көл болып өскен жер екен.
Жылқыдай боп құланы,
Екі есе бұланы,
Домбай деген тағы аң бар...

Жырдағы көңіл бөлерлік қызықты шешім – Өтегеннің «жылқы өсіруге қолайсыз» екен деп «жерұйықтың» өзін жақтырмай, туған жеріне қайта бұрылуы. Мұнда күрделі ой жатыр.

Жамбыл мұрасын зерттеушілердің бірі фольклоршы С.Садырбаев ұлы ақын ертеде көп жырларды айтып келгенін ескертеді. Біз сөз еткен екі дастаннан тыс Жамбыл «Көрұғлы», «Манас», «Мұнлық-Зарлық», «Шахнама», «Ерназар-Бекет», «Қыз Жібек» секілді жырларды білген. Ақынның 1982 жылы шыққан екі томдық жинағына «Көрұғлы», «Бақ, дәулет, ақыл» тәрізді дастандар енген. Ақынның дастандық шығармаларын кең көлемде зерттей түсу қажеттігіне бұл айтылғандар дәлел.

Біз Жамбыл ақынның кеңес дәуірінде қайта жырлаған көлемді екі шығармасы халықтың эпикалық дәстүрінің зандылықтары мен шарттылықтарын, даму жолдарын, стадиялық қатарын анықтауға, эпостағы дәстүрлілік пен жанашылдық табиғатын тануға жарқын мысал деп қарадық. Ұлы ақынның өзге дастандары да зерттеушілер ілтипатына лайық қымбат өнер мүлкі деп санай-

мыз. Эпикалық дәстүр, жыршылық белгілі дәрежеде жалғасып, дамып келе жатқан қазіргі кезеңде бұл мәселелерге оралу көркемдік жетілудің де күн тәртібіндегі проблемасы болып көрінеді.

ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР

Сөз өнерінің дамуына, таралуына және сақталуына айрықша қызмет сiнірiп келген жыршылар еңбегi үлкен iлтипат көрсетудi, арнайы сөз етудi керек етедi. Әдетте жыр, толғау және басқа түрлi жанрдағы поэзиялық туындыларды жатқа алып, домбыра, кобызға немесе гармонға қосып айтатын дарын иелерiн жыршы деп атайды. Елдiң көбiнiң түсiнуiнше жыршылар тек белгiлi мәтiндердi жаттап, оларды жұрт алдында бұлжытпай, қайталап орындаушылар болып саналады. Бірақ жыршының тұлғасы да, сөз өнерінің өзге өкілдері секілді, сан қырлы. Жыршылар ертеден келе жатқан дастан, эпосты жаттап таратушылар ғана емес, оны белгілі дәрежеде дамытушылар да болып есептеледі. Эпикалық дәстүрді жалғастырушы жыршылар еңбегін бағалағанда төрт түрлі нәрсені есте тұтуымыз ләзім.

Біріншіден, жыр нұсқаларын көп өзгеріске түсірмей, дәстүрлі поэтикалық көркемдеу құралдарын сақтай отырып айтушылық. Мәселен, «Қобыланды батыр» дастанын Біржан Толымбаев пен Шапай Қалмағамбетов осы үлгіде жырлаған. Бұлар орындаған жыр версиясы бір негізден – Мергенбай жыраудан таралған. Бұл қатарға бір заманда Майкөт, Құлыншак жырлап, одан Сұлтанбек Аккожаев, кейіннен Желеу Жакыпов үйреніп алған «Алпамыс батыр» жырының нұсқасын қосуға болады.

Екіншіден, жыршылардың репертуарындағы айырмашылық мәселесі. Әрбір өлке, өңірдің бұрыннан келе жатқан эпикалық дәстүріне орай, айтушылардың жыр құрамы да өзгешеленіп келеді. Бұны жыршының түрлі мектебі арасындағы ерекшелік деп қараса да болады. Орталық Қазақстан айтушыларында лиро-эпостық, Батыс Қазақстанда қаһармандық аңыздаулардың басым орын алып келуі осыдан. Сондай-ақ басқа аймақтарда да репертуар өзгелігі кездесе береді. Сырдария бойында, Оңтүстік Қазақстанда қаһармандық та, романдық та эпос қатар айтылып таралған. Оның үстіне бұл атырапта шығыс сюжеттеріне негізделген дастандар да кеңінен мәлім болған. Жыршылардың репертуар жалғас-

тығы берік сақталған. Мәселен, Жетісуда атакты ақын Сүйінбай айтқан эпикалық аңыздаулар Жамбылға, одан Кенен, Үмбетәлілерге ауысқан. Бұл дәстүрді Әсімхан Қосбасаров пен Әлімқұл Жамбылов дамытып келеді... Сыр бойында аймағына әйгілі Жиенбай жыраудың өнер мұрасын баласы Рүстембек, немересі Көшеней жеткізгенін білеміз. Ал Көшеней Рүстембековтің грампластинкаға жазылған термелік саздарын үйреніп айтушылар аз емес.

Әдебиет зерттеушісі К.Сыдықов «Ақын-жыраулар» (1974) деген кітабында жыршыдан жыршыға ауысып отырған репертуар жалғастығына көп мысал келтірген. Батыс Қазақстанда айтылып келген ұлы эпикалық мұра «Қырық батырды» жырлаушылар жайына келгенде ол былай дейді: «...Мұрын жырау деректеріне карағанда, «Қырық батыр» жырын әуелі Сыпыра, одан кейінгі дәуірде Абыл дамыта жырлап, Карасай, Қалнияз, Нұрымдарға ұластырған. Ал олар арқылы Қашаған мен Ақтанға, Қазақбай мен Мұрынға, Қоспақ пен Нұрпейістерге жетеді» (46-бет). «Қырық батырды» айтып жеткізуші Мұрын жырауға байланысты деректер қызғылықты. Әдетте жыршы өзіне тәлім-үлгіні тек бір ұстаздан алып қоймай, өлкесіндегі өнерлілердің көбінен-ақ өнеге іздейтін болған. Бұл турасында К.Сыдықов Мұрын «ақын-жыраулардың ежелгі дәстүрімен өнер қуып, он сегіз жасынан бастап Орал, Астрахань, Хиуа атырабын аралайды. Бұл сапарлар өнерпаздың халыққа қызмет ету көріністері болатын. Ол Маңғыстау, Хиуа елдеріндегі Қарыз, Карасай, Қалым, Бегім жыршыларға кездесіп, жыр үйренеді. Мұрын өнерінің өрбуіне Нұрым жыраумен кездесу, Қашағанға еріп ел аралау ерекше әсер еткен. Ол «Қарадөң ұрпақтары» аталатын жырлар циклін Нұрым мен Қашағаннан үйренеді» (168-бет) деп көрсеткен.

Үшіншіден, жыршылардың орындаушылық шеберлігінің түрліше болуы. Бұл айтушының дарын қуатына, тәжірибесіне және көрген тәліміне байланысты нәрсе. Жыршылық мектеп ерекшелігі репертуардан ғана көрініп қоймай, эпос варианттарының көлемімен де, көркемдігімен де белгіленеді. Жыршылар еңбегі орындау қабілетіне, эпосты мол яки шағын білетіндігіне қарай да бағаланған. Мәселен, қырғыздар «Манастың» үш үлкен бөлігін түгел жатқа айтатындарды «шон манасшы», эпостың жекелеген бөлімдерін ғана орындаушыларды «шала манасшы» деп атаған...

Төртіншіден, эпос, дастандарды алғашқы түп негізінен күрделі өзгеріске түсіріп айту дәстүрі. Бұл түрлі факторға байланысты болатын құбылыс. Сахаларда (якут) олонхолоардың (жырдың) үлкен тарауларын бір жырдан екінші жырға «ауыстыру» орын теуіп келгенін білікті фольклоршы И.Пухов өзінің зерттеулерінде атап көрсеткен еді. Түркі-монғол халықтары дәстүрінде дәл якуттердегідей болмағанмен, эпосқа әр түрлі жыршылардың «өзгеріс» енгізіп отыруы орын теуіп келген. Бұл бәрінен бұрын жырды айтушының дарындылығына байланысты туатын жаңалық. Қазақ дастандарының бірқатарында варианттық, версиялық айырмашылықтар кездесуінің түпкі сыры да осы айтылғанға орайлас...

...Жыршылардың дені ерте кезде көп қырлы өнерпаздар болғаны да көңіл бөлерлік проблема. Кезі келгенде ақын, тағы бірде жыршы сипатында көріну бұрыннан келе жатқан дәстүр секілді. Ал осы ақын, жыршылықтың өсу, даму сатылары туралы қазақ ғалымдары айтқан тұжырымдар да өте елеулі. Мәселен, Е.Исмаиловтың «Ақындар» (1956) атты кітабында ақындық өнерге жетілудің үш сатысы, кезеңі туралы айтқан пікірлерін шартты түрде жыршыларға да қолдануға болғандай. «...Ақындыққа баулынып, үйренудің, талантты қалыптастырудың бірнеше кезеңі, өсу сатылары бар. Жас баланы шу дегеннен ақындыққа, ән-күйге, өлең, жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл-аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады. Баланың әке-шешесі, нағашысы немесе ауылдасы жұртты таңғалдыратын ақын, әнші, жыршы болса, дүниенің бәріне қызыға, еліктей қарайтын жас бала алдымен домбыраға, өлең-жырға әуестенетіні сөзсіз. Міне, осы әуестену, қызығу дәуірінде жас ақын естігенін түгел жаттайды, домбыраны тез үйреніп, ән-күйлерді тартатын болады... Мұнан кейінгі екінші сатыдағы үйрену дәуірі – белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады. Бұл дәуірде ақын-жазушылар тек дайын жырларды жаттау, білумен қанағаттанбайды, өзінің шығарғыштық-ақындық талантын жарыққа шығарады, үлкен ақынға сынадады, ол үлкен ақынның төңірегіндегі басқа ақындармен жеңіл қағысып айтысады, ақындығын өткірлеп, шындай береді. Бірақ үйрену мұнымен тынбайды, ақын үлкен, аға ақынның алдында ел тарихы, рулардың басынан өткен оқиғалар, дүниенің жаратылысы, адам өмірі жайынан жаңа білім, ұғымдар алады. Үшінші сатыдағы үйрену дәуірі – ақынның дербес, ірі айтысқа аралас-

қан кезінде басталады. Әуелі өз ауылында, ұстаз ақынның төңірегінде жеңіл-желпі айтыстарда өзінің ақындық күшін сынға салған ақын ұстазының жақсы бағасын, батасын алып, өзіне-өзі сеніммен қараған, ел тарихынан мәліметі бар ақын үлкен той, аста жауапты айтысқа түседі» (89 — 90-беттер).

Ақын-жыршылар қазақ фольклорын сақтау, тарату, жетілдіруге неғұрлым жемісті із қалдырған шығармашылық тұлға екені көптеген мысалдармен дәлелденеді. Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл Жабаев кезінде белгілі жыршы да болғаны мәлім. Ол бүкіл Орта Азия халықтарына ежелден әйгілі болған «Көрұғлы» дастанын жырлап келген. Дастанның Жамбыл айтқан нұсқасының қысқа бір үзіндісі ғана сақталған. Біздің дәуірімізге ақын идеялық-көркемдік мәні күшті «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» жырларын жеткізді. Жамбылдың бұлардан да басқа эпикалық аңыздауларды айтып келгені кейінгі кезде белгілі болды. Жетісудан шыққан атакты әнші, композитор, ақын Кенен Әзірбаевтың да жыршылық репертуарында «Ер Төстік», «Манас» жырларының үзінді нұсқалары болған.

Атакты ақын Нұрпейіс Байғанин де заманында үлкен жыршылар санатында жүрген. Ал Нұрпейістің айтысқан ақындарының бірі Қазақбайдың «Көрұғлы», «Қобыланды», «Төрехан», «Алпамыс», «Құбығұл», «Манаша», «Қыз Жібек», «Бекет», «Ербақы», «Бозжігіт», «Телағыс» секілді жырларды жатқа айтып келгенін В.Карлсон атап көрсетеді. Ал Нұрпейістің жыршылығы оның өзі шығарып немесе өндеп, жетілдіріп айтқан «Құбығұл», «Төрехан», «Нарқыз», «Ақкенже» дастандарынан айқын көрінеді. Нұрпейістен жазып алынған «Қобыланды» жырының версиясы да өте қызғылықты...

Ақын-жыршылардың эпос орындау алдындағы өзіндік, «шабыт шақыру», айту үрдісі аса қызғылықты мәселе. Үлкен лирик ақынымыз әрі білгір сыншы, зерттеуші Ә.Тәжібаев қазақ поэзиясы дүлдүлінің бірі Нұрпейіс Байғаниннің жыр орындау мәнерін өзінің «Жылдар, ойлар» деген құнды кітабында өте нақтылы және әсерлі сипаттаған. «...Нүрекен домбыраны алып, жай ғана шалып қалды. Арфаның құлақ күйіндей бір үн сынғыр-сынғыр етті. Жаңа ғана сөзі әрең естіліп отырған салмақты қарт елең етіп, жантайған қалпынан тіктеле бастады. Нүрекеннің лезде-ақ сезімталдыққа ауысып, қызарып отырған шырайының бояуы лапылдай қалғанына іштей сүйсініп отырмын. «Бәсе», — деймін үнсіз

айқайлап, — Ақын осылай болуы, домбырамен осылай табысуы керек қой. Әйтпесе шабыт қалай келмек! Жыр кайнары қалай ашылмақ! Менің денем мұздағандай, әлденеден түшіркенгендей сезіндім. Нүрекен жаңа ғана оянған арыстандай ыңырана бастап, содан соң ішін тарта ақырып қалды. Мұнысы да мені қатты қуантты. Ап-анық аспанда лезде құрыстаған бұлт шатыр-шұтыр нажағай атпаса, күн қалай күркірер еді, жауын қалай құйылар еді. Домбыра дауысы қоламтада көміліп қалған шокты жел үрлегендей үрледі. Нұрпейісті шапшаң тұтандырып, жалындатып жіберді» (Бес томдық шығармалар жинағы, «Жазушы» баспасы, 1981, 290 — 291).

Бұдан кейін Ә.Тәжібаев жыршы мен тыңдаушының ішкі шығармашылық байланысы туралы толғамды тұжырым жасайды. «Нағыз эпик жыраулардың дайын дастандарды айтумен бірге оған өз көңілінің шабытты күйін туралауы қызықты үрдіс. Мысалы, қырғыздың атакты манасшылары да қаумалаған қалың жұртқа жалт-жұлт қаранып алмай, олармен ішкі байланысын әбден түсініп болмай, жосылып кете бермейді. Манасшы тыңдаушылар еркін әбден билеп, өз жетегіне тартынбай еретін қып баураған соң ғана ұлы дастанның айдын жолына түседі. Оған дейін тыңдаушы болатын құлақтарды өзге көлденен дыбыстардан тазартып, тек өзіне қарататын өрекеттер жасайды. Содан соң басталады жойқын жорық» (Сонда, 290-бет). Бұл да жыр мен жыршылықтың күрделі өнер екендігін, эпикалық, фольклорлық дәстүрдің ерекшелігін тануға көмектесетін пікір деп білеміз.

Аса көрнекті Марабай, Мергенбай ақындар да асқан жыршылығымен данққа бөленген. Сөз реті келгенде айта кетерлік өкінішті мәселенің бірі — біздің бұрынғы көрнекті ақындар туралы тым аз білетініміз. Қазақ кеңес энциклопедиясында, фольклоршылар еңбегінде, Қазақ КСР Ғылым академиясының «Ғылым» баспасы шығарған «Ақын-жыраулар» (1979) деген анықтама кітапта жыршылардың өмірі мен шығармашылық, өнерпаздық, орындаушылық жолы жайында бірталай бағалы деректер келтірілгені мәлім. Дегенмен бұл әлі жеткіліксіз. Осы күні мақтанш тұтып жүрген эпикалық жырларымызды саф таза қалпында замандар теренінен алып келген, өндеген, көркейткен ақын-жыршылардың анық келбетін елестетерліктей, салдарлы ізденіс нәтижесінде туатын еңбектер керек. Басқаларын айтпағанда, өзіміз атап отырған Марабай, Мергенбайлардың шығармашылық

сапарын, ерекшелігін арнайы сөз еткен зерттеу бізде жоқ. Күні кеше өмір кешкен үлкен жыршылар бейнесін «қалпына келтіруге» ғылым мүмкіндігі аз емес. Мәселен, кезінде қатарынан оқшау озық ақын-жыршы атанған Марабай жөнінде ұлы зиялыларымыз берген бағаның өзі бізді ойландыруға тиіс. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабында Марабай есімі үлкен сүйіспеншілікпен келтірілгенін есте тұтуымыз ләзім. Демек жыршылардың өмірбаяндық мағлұматтарын неғұрлым толық желіге түсіру, орындаушылық мектебін, дара ерекшелігін, дәстүрін анықтау – фольклортанудың кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып қала береді...

Ақындық пен жыршылықтың тұтасып келуі көп тараған құбылыс екенін профессор Е.Исмаиловтың мына сөздері де сипаттайды. «...Арал, Қазалы төңірегіндегі Ерімбет жырау, Кете Жүсіп сияқты белгілі ақындар да дастандарды жырлаған. Қармақшы, Теренөзек аудандарының жерінде болып өткен ақындардың репертуарында «Ер Қосай», «Қарабек» жырларымен қатар «Лұқпан әкім», «Тақ Сүлеймен», «Жүсіп-Ахметбек», «Ләйлі-Мәжнүн», «Мақпал қыз», «Таһир-Зухра» дастандары және «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотынама» сюжеттерінің жеке тараулары айтылады. Исатай, Махамбет, Ерназар, Бекет сияқты тарихта аты белгілі батырлардың өміріне байланысты жырлар, аңыз әңгімелер де көп айтылады. Қызылорда, Ақтөбе облысының ақын-жыраулары «Алпамыс», «Қобыланды», «Құбығұл» сияқты көптеген жырларды қарақалпақ жырауларымен ортақ жырлайды» («Ақындар», 286-бет). Мұндай мысалды тағы көптеп келтіруге болады. Осы айтылғаннан да эпикалық дәстүрді дамытушылар қатарында ақын-жыршы тұлғасының жетекші орын иеленгені аңғарылса керек.

Эпос, дастан айтушылардың және бір үлкен тобы өз жанынан өлең шығармайтын, бірақ эпикалық аңыздарды көп білетін және оны биік шеберлік дәрежесіне жеткізіп орындайтын «таза» жыршылар. Қазақ фольклортану мамандары жыршылардың мұндай типі турасында да мол дерек келтірген.

Эпосты жаттап айтатын жыршылардың шығармашылық құлашы, өнер ерекшелігі, орындаушылық мәнері жөнінде де байқаулар, тұжырымдар аз емес. Сондай пікірлер О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Т.Сыдықов, С.Садырбаев, Қ.Сыдықов, Т.Бекхожина секілді ғалымдар еңбегінде кең орын алады. Мәселен, О.Нұрмағамбетова өзінің «Қобыланды батыр», Т.Сыдықов «Алпамыс ба-

тыр» туралы зерттеулерінде, С.Садырбаев «Фольклор және эстетика», Қ.Сыдықов «Ақын-жыраулар» атты кітаптарында көрнекті жыршылар жайында терең ойлар толғайды. Үлкен ғалым, профессор Ә.Қоңыратбаев «Эпос және айтушылар» деген кітапшасында эпикалық дәстүрдің таралу, даму жолдарына қатысты құнды байламдар келтіреді.

Жыршылықтың классикалық үлгісін біздің заманымызға жеткізген ірі өнер иесінің бірі – Мұрын жырау Сеңгірбекұлы. Оның шығармашылық тұлғасы ертедегі ұлы жыршылардың өнегесі қандай болғандығын аңғартатын жанды мысал. Ондаған мың өлең жолдарынан тұратын «Қырық батыр» жырын жадында сақтап келуі оның баға жетпес тарихи, мәдени еңбегі деп білеміз. Бұл жөнінде ғалым Қ.Сыдықовтың төмендегі сөздеріне қосылуға болады. «...Қырық батыр» – қырғыздың «Манас», қарақалпақтың «Қырық қыз» дастандары сияқты халқымыздың кемел ойының жемісі. Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдар дамытқан ата-баба аманатын Мұрын бүгінгі ұрпаққа, туған халқына табыс етті. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен, жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден-бір үздік жыршы болды. Ақындық дарыны болмаса да, үздік еңбегіне сай халықтың оны жырау атауы да сондықтан» («Ақын-жыраулар», 1974, 170 — 171-беттер).

Эпикалық жырлардың таралу, сақталу жағдайы Қазақстанның түрлі өлкелерінде әрқилы болып кездесетіні, жыр, дастандардың әсіресе көбірек дамыған өңірлері болатыны да фольклоршылар назарын аударған мәселенің бірі. Орыс зерттеушілері былиналардың солтүстік облыстарда көбірек сақталғанын анықтаған. Сондай-ақ қазақ эпосының неғұрлым желілі әрі жүйелі дамыған аймағы туралы ғалымдарымыз орынды пікірлер айтқан. Осындай «эпикалық аудан» – Қазақстанның оңтүстік-батыс өңірі екенін Е.Исмаилов ғылыми дәлелдеп берген еді. Ғалым бұл құбылыстың күрделі бір себебі осы аймақта тарихи оқиғалар мен жорықтардың замандар тізбегінде аса көп орын тепкендігіне байланысты деп қараған. «...Қазақтың оңтүстік-батыс аймақтарында эпостық жырдың мұндайлық мол сақталуының тарихи себептері бірқатар жағдайда орыс жыршыларының қоғамдық өмірімен үқсас келеді. Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандары арғы көне дәуірлердің өзінен бастап, халықтардың мекені, ерсілі-қарсылы

жасалған жорық жолы, сауда-саттық керуен, кеме жолдарының үсті болды. Ғұндар, селжұктар, карлықтар, оғыздар, монғолдар, араб-ирандар, қыпшақтар тағы басқалар жойқын жорықтар, қырғын соғыстар жасап, осы жерді мекен еткен ру, тайпа, елдердің тарихында үлкен апаттар, қоғамдық сапырылысулар тудырып отырған. Әсіресе монғол шапқыншылығына дейінгі дәуірлер бүкіл Орта Азия, Таяу Шығыста ірі мәдениет орталығына айналған Хорезм империясының қоғамдық тарихы, соғыс жорықтары Каспий, Арал, Әмудария, Сырдария бойларындағы ел, ру, тайпалар тарихымен тығыз байланысты болды... Орта ғасырлардан бергі жерде Шайбани хан бастаған өзбек ұлысының... қазақ, ноғайлы хандықтарының ұзақ жылдар бойғы мекені мен жорық жолдары осы екі теңіз аралығындағы кең жазық ойпатта – Сырдың Аралға құятын сағасында, Орал, Жем, Сағыз, Кобда өзендерінің бойында, Үстірт, Нарын құмдарының алабында, Маңғыстау түбегінде өтті...» («Ақындар», 238 – 240-беттер).

Әрине, эпикалық дәстүрдің аталған өңірлерде ерекше дамып келгендігінің бұдан басқа да себептері болу керек. Біз солардың ішінен аса күрделі жайларға ғана назар аударып отырмыз.

Жыршылық өнерді түсіну мен зерттеудің маңызды шарттарының бірі – туысқан, көршілес отырған халықтардың эпикалық дәстүр ерекшелігін қазақ жырларымен салыстыра қарау болмақ. Бұл елдердің фольклоршы, зерттеушілерінің еңбегінен өте қызғылықты құбылысты – жыршылардың репертуарындағы ортақтастық, туыстықты көреміз. Мәселен, қарақалпақ ғалымы Қ.Максетовтың «Қарақалпақ эпосы» (Ташкент, 1976) деген монографиясында белгілі Құрбанбай жыраудан жазып алынған он жеті дастан сөз болады. Сол дастандардың кейбіреулері («Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Шырын-Шекер») осы аттас қазақ жырларымен түбірлес, ал қайсыбіреулері аты өзгеше болғанымен, мазмұны біздің кейбір дастандарымызбен қарайлас. Мәселен, қарақалпақтың «Қаншайымы» мен қазақтың «Сауда Ишанының» мазмұны бірдей екенін аңғарамыз. «Қарақалпақ эпосы» кітабында фольклордың өзекті мәселелері де көтерілгенін атап өтуіміз қажет. Мұнда жырау, жыршылардың бұрынғы әулеттерден ауысқан аңыз, дастандарды құр қайталап айтып қоймай, тиісті қосымша өзгеріс енгізетіні, эпос ұжымдық сананың да, жеке автордың да туындысы бола алатыны, жырда сөз бен саздың (музыка) тұтастыққа келуі, дастанның идеялық-көркемдік деңгейі

айтушы таланты мен шеберлігіне байланысты екендігі сенімді дәлелденген. Қарақалпақ жыршыларының белгілі мектептері тұрасында да нақтылы деректер келтірілген. Құрбанбай жыраудың өзінен бұрын жасаған Жиенмұрат, Қалмұрат, Нұрабулла жыраулардан да қазақ, өзбек, түрікмен жыршыларынан да үйреніп, тәлім алғандығын ғалым тамаша сипаттап берген... Бұл мысалдар жыршылықтың сыры мен қырын бір халық тәжірибесі көлемінде ғана сөз ету аздық ететінін, бұл үшін кең салыстырулар қажет болатынын айқын білдірсе керек.

Қазақ пен башқұрт жырларының арасындағы үндестік пен ұқсастық та қызғылықты құбылыс. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Едіге», «Ер Тарғын», «Алпамыс» секілді аңыздардың осы екі халық арасында кеңінен таралуы көңіл бөлерлік. Ертеде жырды орындаушылық дәстүрінде де жыршылар мен құбайыршылар өнерінің орайлас жерлері аз болмаған.

Бүгінгі Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ, Кіші Азия, Орта Шығыс елдеріне қанықты әрі сүйікті жыр «Көрұғлы» эпосының таралу заңдылықтарын, варианттылығын анықтауға оның осы елдердегі нұсқалары аса құнды мағлұмат береді. Ең таңғаларлығы сол – осы жырдың түрлі халықтардағы орындаушылық сазының ұқсас келуі. «Көрұғлының» тәжік тілінде орындалғанын естігенде оның әуені түрікмен, қарақалпақ ырғағына өте жақын екендігін аңғардық. Бұл – жыр оқиғасы өзге тілде өмір кешіп, өз топырағынан «алыстап» кеткенімен, о бастағы табиғатын музыкалық сазы арқылы да сақтай алатындығын көрсетеді.

Өзінің «Тюркский героический эпос» (1974) деген еңбегінде белгілі фольклоршы, академик В.М.Жирмунский түркі тілдес халықтардың айтулы эпостарына кең талдау жасаған. Сол зерттеулердің әрқайсысында да автор жыршылық дәстүрге тоқталып отырады. Біз көрнекті ғалымның осы тараптағы пікір желісін келтіруді қажет деп білеміз.

В.М.Жирмунскийдің «Манасты» айтушылар дәстүрін сипаттауы ерекше бағалы. Ол қырғыз эпопеясын неғұрлым толық білген екі манасшының – Сағымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаевтың тарихи қызметін ерекше бөліп көрсетеді. Ғалым кенес дәуірінде «Манасты» алғаш зерттеген Мұхтар Әуезовтің тұжырымдарына сүйене отырып, қырғызда жыршылардың екі топқа бөлінетіндігін айтады. Бірінші топқа «Манасты», «Семетейді», «Сейтекті» толық жатқа білетіндер – «шон манасшылар» жатады

екен, ал трилогияның жеке бөлөктерін ғана білетіндер «шала манасшы» делінген.

Шоң манасшылар жырдың ұзын-ырғасын жаттаумен шектелмей, мазмұнын, көркемдік бітімін ширатып отырған. Сондай дарынды айтушының бірі – аңызға айналған Жайсаң манасшы киіз үйдің сән-салтанатының өзін жарты күн жырлаған деседі.

Төкпе акын-жыршылар «Манасты» тек айтушылар ғана емес, оның жаңа нұсқасын жасаушылар да болып есептеледі. Тіпті бір жыршының өзі шығарманы қайталап айтқанда елеулі өзгерістер қосып отыратын болған. Мұндай жағдайда манасшы жырдың сюжеттік жүйесін, оқиғалар мен эпизодтардың тізбегін, жаттанды термелерді ғана (аттың шабысы, соғыс суреттері, батырлар диалогы секілді) жадында сақтауды қажет санаған, ал өлеңнің ұйқас қатарлары жырлау үрдісі кезінде еркін құйылған. Бұл – эпос жасаушылардың ғажайып деп айтуға келетін өнер ерекшелігі.

Ұзақ жырдың сөз бедерін төгіп айту әлбетте екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл үшін кем дегенде бірнеше жағдайдың сәйкестігі керек. Біріншіден, жыршыда суырыпсалма талант, тәжірибе болуы, екіншіден, айтушы жадында сюжет құраудың, тұрақты стилистикалық формулалардың, теңеу, эпитеттің, көркемдеудің түрлі тәсілдерінің қаншама «кабаты» жатуы керек. Сонда ғана ол тыңдаушылардың, ортаның талабына орай жыр мәтінін қалауынша ұзартып, толықтырып немесе қысқартып, тиісті өзгерістер енгізіп ұсына алады... Академик В.В.Радловтың алдында жырлаған манасшы ғалымды ақ патшаның жіберген адамы деп есептеп, жырдың ағымын табанда өзгертіп, Манасты орыс патшасына еркімен қосылған етіп көрсетуі бұл айтқанымызға мысал (В.М.Жирмунский. Көрсетілген кітап, 27-бет).

Жырды жазып алудың да шарттары болады. Өзінің әдеттегі халық алдында шабыттана айтатын сөті болмаса, жыршылар оңашада жазып алушыларға эпостың жалпы сарынын ғана жеткізумен іркіліп қалатынын зерттеушілер ертеден аңғарған. Ал нағыз талдау жырдың «қаны-сөлі» толық көрініп тұрған көркем, жарқын мәтіндерге ғана құрылуы тиіс екенін, эпостың асығыс жазып алынған нұсқасы көп ретте жұпыны, әсерсіз шығатынын В.М.Жирмунский айрықша ескерткен...

Әлеуметтік ортаның аңсарына, дүниетанымына сәйкес жырдың бағытын өзгертіп отыру да кең таралған құбылыс. «Манастың» соңғы версияларында бас қаһарманды мұсылмандықтың

тірегі етіп көрсету үстем таптың осындай тілегінен туған. Сондықтан ірі жырларды оқығанда, зерттегенде, оларға түрлі дәуір идеологиясының табы түскендігіне көңіл аударуымыз абзал... Оның үстіне жырдың көбінде адамзат дамуының түрлі сатысының алыс елесі дерлік полисталиялық (көпқабаттылық) болатыны табиғи. Уақыттық жағынан тіпті бертінгі дәуір туындысы делінетіндерде де көне кезең ұғымдары аралас-құралас жүретіні осыдан.

Жыршылық, айтқыштық қасиет кұпия дарыған өнер саналған. Бұрынғы акын, жыраулардың көбі «түс көргеннен» кейін ғана сөз өнеріне шындап берілген. Өлеңді ғайыптан «конатын» ерекше күдірет деп есептеушілік ұғымы көне дәуірлерде қалыптасқан...

Эпикалық айтқыштық өнерге үйренудің ежелден келе жатқан салты бар. Қырғыз манасшыларының дәстүрін жалғаған көрнекті есімдер белгілі. Олар ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында жасаған Келдібек, Балық, Тыныбек, Найманбай т.б. Бұдан басқа манасшының тағы бір тобын академик Ә.Марғұланның «Шокан және «Манас» деген кітабынан табамыз. Жыршылық өнердің жалғасуы, өріс алу жолдарын сипаттайтын мағлұмат қазақ ауыз әдебиетінде мол ұшырайды.

«Манастың» ен толық нұсқасын (250000 жол) жаздырған Сағымбай Оразбақовтың қырғыз эпопеясын неғұрлым толық әрі кең көлемде жеткізуді алдына саналы мақсат қойып кіріскенін В.М.Жирмунский атап көрсеткен. Эпопеяның ұлттық мәдени, тарихи мәнін жіті пайымдаған Сағымбай Оразбақов бірталай сюжеттік желілерді тыннан қосқан. Мәселен, ол айтқан версияда Орхон өзені, Алтай таулары аталуы жыршыға мәлімет берушілердің ықпалынан туған. Манасты орыс батыры Илья Муромецпен соғыстыратын тұстар да жырға кейіннен келген қоспалар екені көрініп тұр.

Қырғыз эпосы «Манас» төңірегінде жасалған байқаулар мен пайымдаулар, белгілі дәрежеде, қазақ дастандарына да қатысты. Мұның өзі жыршылық өнерінің бүге-шігесін, тегі мен тарихын, даму жолдарын тексеру, тарихи-типологиялық салыстыру кең көлемде қарастырылатын мәселе екенін ұқтырады...

ҒАСЫРЛАР ҮНІ

Кенестік дәуірде шетқакпай болып, тасада қалған қымбатты рухани дәстүрдің бірі – жыршылық, жыраулық өнері болатын. Ертедегі қазақ өмірінде өмір құбылыстарына шапшаң үн қатып, жеке бастық және қоғамдық сұрауларға көркемдік жауап айтатын төкпе ақындық қандай қадірлі болса, елдің ұзақ замандарда бастан кешкендерінің желісін еске түсіретін, жұртшылықты «тарихи біліммен» қаруландыратын, қауымды отаншылдыққа, ерлікке, намысқа тәрбиелейтін эпос- дастанның да маңызы соншалық биік еді. Бірақ Кенес өкіметі қазақ эпосының елге таралуына мүдделі болған жоқ. Қайта ол дастандардан қалайда бір кінәрат тауып, халықтың бұрынғы жауынгерлік рухын ұмыттыруды мақсат еткені анық. ХХ ғасырдың елуінші жылдарында қазақтың жүздеген архаикалық, батырлық, ғашықтық, нақтылы тарихи дастандарынан «Қамбар батырдан» басқасы залалды деп ұйғарылып, көп жылдар бойында қайта басылмай кеткенінің себебі де осы айтылғанға байланысты болғаны белгілі.

Кенес дәуірінен бұрын қазақ жыршы-жыраулары қандай дастандарды айтып келгені зерттеушілердің еңбегінен мәлім. Шоқан Уәлиханов қазақ дастаншылығының інжу-маржаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың», «Едіге батырдың» ең жақсы нұсқаларын жазып қалдырғаны біздің кезімізге жетті. Ғалымдар В.Радловтың, Г.Потаниннің, Ә.Диваевтың, М.Көпеевтің хатқа түсірген жырларынан бастап, осы байлығымыздың алуан варианттарын санасақ, ұзақ тізім құрайды. Тіпті қазақ ауыз әдебиетін арнайы зерттемегендер де дастаншылықтың, жыршылықтың қаншалық кең тарағандығынан хабар береді. Мәселен, В.Карлсон ХІХ ғасырда Қазақбай деген жыршының репертуарында «Көрұғлы», «Қобыланды», «Төрехан», «Алпамыс», «Құбығұл», «Манаша», «Қыз Жібек», «Бекет», «Бозжігіт», «Телағыс» болғанын жазған (Исмаилов Е. Ақындар, 1956, 234-бет). Профессор Е.Исмаилов «Ақындар» деген еңбегінде жыршылық, жыраулық дәстүрге қатысты көп мысал келтірген. Ол Сыр бойы ақын-жыраулары «Алпамыс», «Қобыланды», «Құбығұл», «Ер Қосай», «Қарабек», «Жүсіп-Ахметбек», «Ләйлі-Мәжнүн», «Макпал қыз», «Таһир-Зуһра» нұсқаларын айтып келгеніне тоқталады (236-бет). Осы аталған зерттеуінде ғалым «Қобыланды», «Әуез батыр», «Ер Сайын», «Көрұғлы», «Телағыс» т.б. жырлардың А.Байтабыновтан

жазып алынғанын, ақын Н.Байғанин «Қобыланды», «Төрехан» сияқты дастандарды айтып келгенін мәлімдейді. Е.Исмаилов ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүрін Кенес дәуіріне дейін жалғастырған Н.Байғаниннің кезінде үлгі алған ұстаздары қатарында Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Қазақбай, Сабыр жырауларды атайды. Осы және басқа көптеген нақтылы деректерге сүйене отырып, ол Қазақстанның оңтүстік-батыс аймағы эпикалық жыр дәстүрінің неғұрлым көп тараған өңірі (283-бет) деген маңызды қорытындыға келеді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұрасын жан-жақты зерттеген профессор М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» жырын Марабай, Мергенбай, Б. Толымбаев, Н.Байғанин, А. Байтабынов, К.Еламанов, Ш. Калмағамбетов, К. Амангелдіұлы секілді ақын-жыршылар таратқан дейді (Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры, 1972, 188-бет). М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» дастанын бірінен бірі үйренген ақын, жыршылардың жеті буынға жалғасқан тізбегін келтіреді. Оның көрсетуінше атақты ақын, жырау Нұрпейіс Байғанин «Қобыланды батырды» Махует жыршыдан, Махует Ділмағамбеттен, Ділмағамбет Бітегеннен, Бітеген Терлікбайдан, Терлікбай Бақыдан, Бақы Жаскіленнен, Жаскілен Тоқберген жыраудан үйренген (Аталған кітап, 205-бет). Филология ғылымдарының докторы О.Нұрмағамбетова «Қобыланды батыр» дастанының жиырмадан артық вариант-нұсқасы, екі версиясы болғанын анықтады.

Батыс Қазақстанның, соның ішінде Маңғыстау өңірінің ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүрін ұзақ жылдар бойы зерттеп, маңызды еңбектер жазған К.Сыдықов осы өнердің қалыптасуы мен жалғастығы жөнінде бағалы пікірлер түйіндейді; жыршылық репертуардың кімнен кімге ауысканы туралы нақтылы деректер келтіреді. Мәселен, ол «Қырымның қырық батыры» дестесінің көбін Мұрын жырау Нұрым мен Қашағаннан, Қарасай мен Қарыздан, олар Абылдан үйренген. Ал Абылға жеткен жырлардың түп-төркіні Сыпыра жыраудан шыққан деп тұжырымдайды (Ақын-жыраулар, 1974).

Бұрын жыршылық өнер Қазақстанның түрлі аймақтарында орын тепкен. Мәселен, «Алпамыс батырды» Оңтүстік Қазақстанның Сұлтанбек Аққожаев, Әбдірайым Байтұрсынов, Айнабек Нысанов, Серғазы Келімбетов сынды ақын, жыршылары айтқан. Бұл жыршылар турасында бірталай қызғылықты дерек фоль-

кзоршылар Н.Смирнова мен Т.Сыдықовтың зерттеулерінде («Алпамыс батыр», 1961) кездеседі. «Алпамыс батыр» бұлардан бұрын Майкөт Сандыбайұлы, Құлыншак Кемелұлы сынды акын, жыршылар репертуарында да орын алғаны анық. Филология ғылымдарының докторы Н.Төрқұлов Қаратау елінің жүйрік акыны Құлыншак «Шора батыр», «Қыз Жібек» тәрізді әйгілі дастандармен қатар «Алпамыс батырды» да айтып келгенін дәлелдеп көрсетті. Осы жырды Құлыншактың шәкірті Сұлтанбек Аққожаевтың орындауында жас кезімізде талай рет тындағанымызды, жыршының ғажайып шеберлігін өз зерттеуімізде («Саркылмас қазына», 1983) кеңірек сөз еткен едік.

М.Әуезовтің «Ақпа акындар дүниелік ең ірі эпостарды туғызушылар. Жамбыл өнерінің бір канаты сол сипатты болатын» (Жамбыл. Таңдамалы, 1996) деген пікірі де акындық, жыршылық табиғаты бір-біріне байланыстылығын байқатады. Жамбылдың үлкен акындығының үстіне, кезінде «Көрұғлы», «Манас», «Шора батыр» тәрізді дастандарды үдете жырлағаны осы айтылғанға дәлел.

Бұл мысалдардан жыршылықтың да, жыраулық, акындық секілді, сөз өнерінің «терезесі тең» бір саласы болып қалыптасқанын көреміз. Қазак сахарасында көне дәуірдің естелігіндей болып күмбірлеген, халқымыздың сан буының ертедегі ел қорғаған ерлеріміздің ұмытылмас істерімен таныстырып келген жыршылар өнері Кеңес дәуірінде жоғала бастағанының себебін түсіну қиын емес. Соның бірі — елдің сауаттылығы артып, бұрын айтушылардан тындаған дастандарды кітап бетінен оқуға мүмкіндіктің тууы десек, қаһармандық жырлардың мазмұны мен пафосы ұлттардың бұрынғы тарихын қаратұнек, ал кеңес дәуірі шалқыған шаттық деп ұғындырған саясатқа «қайшы» келгендігін бас себеп деуге болады. Қазактың батырлар жыры ескі феодалдық заманды насихаттайды деп, оларды бірыңғай мансұқтауға барушылық сыры осыдан. Еуропоцентристік, ұлыорысшылдық идеологияны таратушылар казак халқының ертеде мемлекеті, ел басқарған көсемдері, батырлары, өзіндік мәдениеті болды деген ұғымды мойындамай, қауымды мәңгүрт етіп қалыптастыру үшін жүйелі іс-әрекеттер жүргізгені елдің көбіне мәлім. Ұлт әдебиеті мен мәдениетіне осыншалық қастандық пиғылдың салдарынан кеңестік заманда «ескірген, керексіз» деген сылтаумен қаншама құнды халықтық шығармалар жазып алынбай, жиналмай, бірте-бірте

ұмытылғаны қандай өкініш. Мұндай көзқарастың қырсығы қатардағы жыршыларды былай қойғанда атағы шарықтап шыққан Жамбыл сияқты акындардың да айтып келген дастандарын толық жазып алуға кедергі болғаны шүбәсіз. Ол кезде акындардың кеңестік құрылысты, өндіріс озаттарын, партияны, көсемдерді мақтаған өлеңдері ғана құрметтеліп, көне дүрданалар қазынасына мән берілмеді. Осының салдарынан акын, жыршылардың ғасырлар бойында аманаттай сақтап, айтып жүрген жыр, дастандарының, толғауларының, шешендік, даналық сөздерінің көбі құрдымға кетті...

Дегенмен өмір бар жерде өнердің қажеттілігі мүлде саркылып қалмайды. Қазак халқының кейбір акындық-саздық дәстүрлері өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері қарай, белгілі дәрежеде қайта жандануға бет алғанының куәсіміз. Соның бірі — акындар айтысы болса, екіншісі — жыраулық-жыршылық айтқыштық өнері... Халықтың тарихи, мәдени мұраны білуге деген ұмтылысы көркем әдебиетте де, қоғамдық ғылымдарда да өз жемісін бере бастады. Бүгінде акындар айтысы жаңа сергіліске түсіп, халықтың сағынып күтетін тамашасына айналып келеді. Жұртшылықтың көңіл ансары төкпе акындық жарыстарға ерекше ықыласты екені аңғарылады. Соңғы отыз-қырық жыл ішінде айтыс акындарының бірнеше буыны өсіп-жетілгені әмбеге аян. Айтыс — жеке адам өмірінің де, қоғамның да алдындағы рухани, мәдени сұрауларды көтеретін, әлеуметтік құбылыстарға талдау жасайтын, оларға халықтық тұрғыдан баға беретін, жақсылықтарды да, кедергілерді де жария етіп, жұртшылық сынына алып отыратын мінбер. Айтыс акындарының озық өкілдеріне «Қазакстанның халық акыны» атағы берілуі де, сөз сайысында жеңгендердің бәйге, сыйлық алатын болуы да бұл өнердің «бағы жанып» келе жатқанын сипаттайды. Ал өзінің маңызы жағынан алып қарағанда акындар айтысынан кем соқпайтын жыршылық дәстүрге көзқарасымыз анықталып болды деп айта алмаймыз. Акындар айтысы өткен сайын жыршылар мен термешілер де өнер көрсетуі дәстүрге айналса да, бұларға пәлендей мән беріп жүргендік байқалмайды. Біздің есебіміз бойынша қазіргі кезде Қазакстанда дастан, толғау айтушылар ондап емес, жүздеп саналады. Оларды өзара жіктегенде бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Бұлар:

1. Акындық пен жыршылықты қатар ұстап келе жатқандар;
2. Ұзақ дастандар мен ғибратты толғау, термелерді айтуға төсел-

гендер; 3. Жиын, тойларда халық поэзиясынан және жеке ақындар шығармаларынан репертуарын «екшеп» алған термешілер... Өкінішке қарай осылардың ішінен ақындық дарыны танылған бірен-сарандар ғана ілтпатқа ілініп, «таза» жыршылар мен термешілер есепке алынбай жүр. Бұл – халқымыздың рухани тарихында өз орны, мәні бар өнер салаларының қадіріне жетпегендік белгісі... Жыршылар мен термешілер жеке адам, қоғам бойындағы ізгіліктердің насихатшысы, ұнамсыз мінездер мен құбылыстардың өткір сыншысы ғана емес, елімізді ел етіп қалыптастырған құндылықтардың, адамшылық, имандылық тәрбиесінің шешірішілері; өткендегі ұлы оқиғалар мен тамаша адамдардың өнегесін ұрпақтан-ұрпаққа таратушылар. Мұндай рухани, көркемдік байлықты елеусіз қалдыру ұлт алдындағы перзенттік парызды ұмытумен бірдей.

Енді осы айтылған жыршылық-жыраулық, термешілік дәстүрін жалғастырушылар жағдайына бұрылайық. Жыршы-жыраулар, термешілер республикамыздың барлық өңірінде де кездеседі. Солардың бірқаншасын осыдан көп жыл бұрын Алматыға, қазақ әдебиеті мен өнері халық университетіне шақырып, жұртшылыққа таныстырғанбыз. Әсіресе Көшеней Рүстембеков, Шамшат Төлепова тәрізді жыршы-жыраулардың есімі мен еңбегі бүкіл республика көлеміне әйгілі болған-ды. Сонда бұл секілді дарынды өнерпаздардың ұлттық сөз және саз мәдениетін сақтау мен дамытуға елеулі үлес қосатынына көз жеткізген едік.

2001 жылы Қызылорда қаласында өткізілген республикалық жыршы-жыраулар конкурсы дастан, толғау, терме айтушылардың қатары сиремей, қайта толыға, молыға түскенін көрсетті. Ең алдымен конкурсқа қатысқан жыршы-жырау, термешілердің «географиялық» шекарасы кеңейгенін ұнамды құбылыс деп білеміз. Бұл кезге дейін атакты айтқыштардың көбі Қызылорда облысынан шығатынын білуші едік. Күллі жыраулардың, күйшілердің атасы – Қорқыт туған жерде жыршы-жыраулықтың ежелден қанат жайғаны күмәнсіз болатын. Қызылордада өткен осы жолғы конкурс жыраулық дәстүрдің қайта өрлей бастағанын айқын дәлелдеді. Дастан, толғау, терме орындаушылар арасында егделер мен жастардың қатарласа бой көрсетуі – жыршылық-жыраулық өнердің жаңа қарқын ала бастағанының нышанындай әсер қалдырады. Конкурс қорытындысы бойынша алғашқы орынды иеленгендер: Жолымбетов Демеубай (Ақтөбе облысы),

Жақсығұлов Серік, Сәрсенбаева Майра (Қызылорда облысы), Көмекұлы Амандық (Атырау облысы), Әлімжанов Баянғали (Көкшетау облысы), Әбдуәлиев Ақан (Алматы облысы), Макаров Көшерғали (Батыс Қазақстан облысы), Нығметжанов Дүйсенғазы (Шығыс Қазақстан) бабындағы жүйріктер екеніне тыңдаушылардың көзін жеткізді. Конкурстың қазылар алқасында болған Алмас Алматов, Берік Жүсіповтер еліміздің ең дарынды жыршы-жыраулары екенін қазақ елі әлдеқашан танып, бағалаған жандар екенін де айта кетейік. Жыршы-жыраулар конкурсына қатысқандардың репертуарында көптеген толғау, термелермен қатар «Алпамыс батыр», «Көрұғлы», «Едіге», «Мұңлық-Зарлық», «Қобыланды батыр», «Рүстем-Дастан», «Батыр Баян», «Қарға», «Құралай сұлу», «Орақ-Мамай» жырларының болуы ежелгі өнер дәстүрінің көші толастамағанын танытады.

Халықтың ұзақ замандарда бастан кешіргендерінің «ауызша» таралған көркем тарихы – дастандар, толғаулар, термелер ғасырлар үнін жеткізген, бұрынғылардың бүгінгілерге қалдырған аманаты, ескірмейтін ескерткіші десек, сол қазынаны сұлу сазға бөлеп орындаушы ақын, жырау, жыршы, термешілер еңбегі қалай көтеріп қастерлеуге де лайық.

ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҮЛДЫЗ СЕКІЛДІ...

I

Ш.Уәлиханов 1835 жылы қараша айында Құсмұрында дүниеге келген. Оның әуелде қойылған аты — Мұхамет-Ханафия, кейін Шокан аталып кетеді. Шокан алғашқыда Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқып сауат ашады, қарындашпен сурет салуды үйренеді. Сол кездегі дәстүр бойынша Шокан ескі шағатайша да оқиды, араб, парсы кітаптарымен таныса бастайды, ұйғыр жазуына қанығады (1).

Шоканның араб, ұйғыр жазуларын жастай үйренуі, Шығыс қолжазбаларының мәніне көңіл қоюы оған кейіннен аса пайдалы болады. Ол ер жетіп, қызметке араласып, аса жауапты тапсырмалар атқара бастаған шағында бала кезде алған білімін тереңдетіп, шығыстанудың небір қиын сауалдарына көне кітаптар

мен қолжазбалардан жауап табады. Кадет корпусынан алған еуропалық біліміне шығыс тілдерін білетіндігі қосылғанда таптырмайтын сирек маманға айналады.

1847 жылы 12 жасар Шокан білімін Омбыдағы кадет корпусында жалғастырады. Бұл кадет корпусы бүкіл азиялық Ресейдегі ең таңдаулы оқу орны еді. Корпустың оқу бағдарламасы орта дәрежелі деп есептелгенімен, іс жүзінде сабақтардың көлемі мен сапасы ол мөлшерден асып түсетін. Шокан Омбыдағы оқу жылдарын мейлінше ұтымды пайдаланып, үздіксіз ізденуінің арқасында зор білімге ие болады, сол дәуірдегі ғылыми жетістіктермен кеңінен танысады. Оқып жүрген кезінен бастап-ақ Шокан өзін келешекте Шығыс зерттеушісі, өсіресе казак, қырғыз, Шығыс Түркістан елдерінің білгір маманы болуға саналы түрде дайындағаны анық сезіледі. Осындай берік мақсаттылық табиғи дарындылықпен қосылып, Шокан кадет корпусында жүргенде-ақ саптас серіктерінен зейін, бейім жағынан оқшау озып шығады, оның жарқын ғылыми қабілетіне ұстаздары да ерекше ден қойып, ілтипат білдіреді.

Көп ұзамай Шоканның жылдар бойы ансаған арманының жүзеге асатын кезі де туады. 1854 жылы ол генерал Гасфорттың тобында Орталық Қазақстанды, Жетісуды аралайды, сапар соның өзі жалғастырып, Жоңғар қақпасын, Алакөлді, Тарбағатайды көреді, қайтар жолда Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға соғады. Ол осы жерлерді құр қызықтамай, зерттеуші көзімен шоларды, алған әсерлерін күнделікке жазып отырады, кездескен білікті адамдардан өлкенің тарихын, аңызын, шаруашылық, кәсіп деректерін, табиғат өзгешеліктерін, елдің наным-сенімдерін, салт-санасын сұрап біледі, оларды кітаби мағлұматтармен салыстырады. Өзінің алғашқы сапары Шоканның ғылыми мұраты қаншалық нақтылы әрі қызықты екенін дәлелдей түседі, ол алдағы сапарларға іштей даярланады. Осы бастапқы сапарының өзінде-ақ Шоканның кейінгі зерттеулерінің тақырыптық ауданы айқындалғандай болады.

Отыз жылдай ғана өмір сүріп, оның он жылын саяхатқа арнаған, жол-жөнекей жұмыспен айналысқан аса дарынды ғалымның аз уақытта қыруар істер тындырғанын замандастары да, кейінгі ұрпақтар да айрықша құбылыс деп қараған.

Ш.Уәлиханов қысқа мерзім ішінде ұланғайыр жұмыс жасағаны нағыз ғылыми, адамдық, азаматтық ерлік. Атап айтарлық

бір мәселе — Шоканның табиғатынан айрықша дарындылығы болса, сондай қабілетін жүзеге асыратын жағдайдың сәтті сәйкесіп келуі де маңызды екенін көреміз. Құнарлы топыраққа түспеген түйір дәннің жарытып жеміс бермейтіні мәлім. Сондай-ақ Шоканның да биік данққа бөленуіне ықпал жасаған факторлардың мәнін елеусіз қалдыруға болмайды.

Шоканның өскен ортасы, жастай алған тәрбиесі оның болашағына үлкен әсер еткен. Ең алдымен Ш.Уәлихановтың ежелден ел билеген ақсүйек отбасында туып, халық тағдырына қатысты әңгімелерді бала кезінен естіп, қанып білгенін елеулі мәселе деп қарау керек. Көрген-білгендері, бастан кешкендері жас Шоканның санасына жанды тарих секілді күйыла берген. Казак халқының келешек бағыты айқындалған жолайық заманда Абылайдың атына қатысты аңыз сөздер аса көп болатын.

Абылай туралы деректерді архивтен емес, тікелей отбасылық шежіре ретінде естіп, тану Шоканның өткен істерге, ел тарихына ой жүгіртіп үйренуіне септескен. Бір заманда бетіне жан қаратпаған айбарлы хандық әулеттің өкілі Шокан өткен тарихтың көңіл сүйсінер данқты беттерін де, өкінішті сабақтарын да жаттап өскен еді. «Бұл қалай?» деген сауал оның көңіліне еріксіз тұрақтайды. Қазақстанның Ресей қарауына өтуінің жағдайлары, өз әулетінің халі, Абылай балаларының екі жікке бөлініп, бір жағы ақ патшаның сенімді қызметшісі болуға бейімделуі, екінші жағының тәуелсіз казак хандығын көксеуі, осы негізде туыстардың өзі бір-бірін көрместей дұшпанға айналуы нағыз шытырман болатын.

Уәли ханның кезінде Орта жүзде хандық жойылып, елді билеудің жаңа жүйесі жасала бастағаны ел ішінде қандай пікір тудырғаны да болашақ ғалымға бала күннен азды-көпті таныс еді. Кейіннен Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде орын тебетін тарихи, этнографиялық мағлұматтардың көбі оның балалық шақта ұққандары мен байқағандары болады. Өз ата-бабаларының әулеттік шежіресін жастай біліп алуының өзі аса қымбат білім еді. Ол шежірені Шокан ең жақын адамдардан естиді. Шоканның әжесі Айғанымның ақылды, ел әңгімелеріне жетіктігі де зор болғанын зерттеушілер атап отырады. Казак руларының ішкі құрылысы, олардың өзара қарым-қатынасы, халықтың үш жүзге бөлінетіндігі туралы шежіре білімдерін де Шокан ауыл «университетінен» алған.

Ш.Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-өңгімелердің ортасында жүреді. Қазақ халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен. Бір заманда зор болған әулеттің соңғы ғасырларда әлсіреп, ақ патшаға тәуелді халге көшуінің себебін білуге ұмтылу да мұндай жағдайда табиғи көрініс болатын. Болашақ қазақ даласының зерттеушісі Шоқанның алдағы істерінің бағытын күнілгері «белгілеген» себептің бірі осы.

Ғалымның ой-өрісінің кенеюіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер өнерін естіп, ғибрат алуы да зор әсер еткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г.Н.Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш.Уәлихановты өз халқының жазушысы болуға жаралған адам еді деп сипаттауында үлкен мағына бар. Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тындаған. Ол XVIII ғасырда жонғар жаулаушылығына қарсы күрескен қазақ батырларына қатысты аңыз бен жырды бала кезінен сан рет естіп, санасына күйған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше» секілді эпикалық жырларды, тарихи аңыздарды, ертегілерді, тұрмыс-салт өлеңдерін айтушылар ол кезде жиі ұшырайтын.

Көкшетау өңірінің тамылжыған әншілік дәстүрі жас Шоқанның эстетикалық талғамын ұштаған ғажайыптың бірі. Шоқан жазбаларында аттары ұшырайтын Жұмағұл, Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Шөже сынды ақын, жыршылар, түрлі әнші-күйшілер, Шыңғыс Уәлиханов ауылына келіп, апталап, айлап жатып, өз өнерлерімен халықты қуанышқа бөлеп отырған. Әрбір орындалған күй, ән, жыр, толғаудың өз тарихы, туу себептері де бар еді. Айтушылар тек жұртшылық көңілін көтерумен шектелмей, тындаушыға тарих білімін де тарататын. Қысқасы Шоқан қазақ тарихы туралы шежірелік мағлұматтарды, өзінің ата-анасынан, күймақұлақ қариялардан естіп білсе, сол тарихтың желісін ауыз әдебиеті шығармаларынан да аңғарғандай болады. Ел намысы үшін жан аямай жорыққа аттанып, асқан ерліктер көрсеткен XVIII ғасырда өмір кешкен Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Сырымбет, Олжабай, Малайсары, Жасыбай секілді батырлардың бейнесі сезімтал, сергек Шоқанның қиялын қозғайды, сыры ашылмаған жұмбақтай болып бұлдырайды. Өз халқының осын-

шама бай ақындық өнерін, таусылмас көркем аңызын, жырын, өлеңін, күйін жасында қанып тындап, құлағына сіңіріп, олардың сөзіне де, сазына да қызыға білуі Шоқанды алдағы зерттеушілік істерге табиғи түрде жетелегендей болады. Ақын, әнші, жыршылардың өнегесі, қайталанбас өнері Ш.Уәлиханов есінде берік ұялайды. Тендесі жоқ әсерлі мағлұмат береді (2).

II

Шоқан Уәлихановтың ғылыми ізденістерінің алғашқы қадамы оның ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алуынан басталады. Болашақ ғалымның мұндай іске ден қоюына өз әкесінің де ықпалы аз болмаған. Шыңғыс Уәлиханов сауатты, білімді адамдардың бірі болғаны белгілі. Оның ауылына қызмет бабымен келуші орыс адамдарының ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, фольклорын іздеушілер де бар еді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының кейбір нұсқаларын жазып алуының өзі Шоқанның аса көрнекті жинаушылық жұмысының бастамасы еді. Ол бұл нұсқаны өзінің оқытушысы Н.Ф.Костылецкийдің тапсыруы бойынша жазып алған. Кейіннен осы нұсқаны Костылецкий И.Н.Березинге жіберген (3).

Жыр алғаш рет 1841 жылы хатқа түсірілген. Осы нұсқаның бір атап айтарлық ерекшелігі – оқиғалық, тілдік кестесінде көне дәуірге тән белгілердің молдығы. Мұнда жырдың өзге нұсқаларында кездеспейтін кейіпкерлер, қиял-ғажайып көріністер бар. Эпостың бастапқы жолдарынан-ақ кейбір ескі тіркестерді көруге болады.

Сол екі байдың жайлауы төмен еміш,
Киік атып, ан етін жеген еміш,
Екі байды сұрасан азаматым,
Қарабай мен Сарыбай деген еміш (4)

Мұндағы архаикалық белгілер Қозының алыс сапарға бел байлап, ат таңдағанда мінген тайының лезде құнанға да, дөненге де, бестіге де «айналуынан», жолда дүниедегінің бәрін біліп отыратын мыстан кемпірдің кездесуінен, астындағы атынын Қозыға Баянды көр деп «кенес» беруінен, Қозының Баянға хабар айтуда бозторғайды «жұмсауынан», шоқтеректің түбінде Қозының он

төрт күндік ұйқыға берілуінен, өлген Қозыны Баянның өулиелерге жалбарынып «тірілтіп» алуынан байқалады. Осы сияқты және басқа қасиеттері Шоканның қатысуымен жазып алынған жыр вариантының ғылым үшін каншалық қымбат екенін дәлелдейді. Шокан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» басқа бір нұсқасы да өзіндік өзгешеліктерімен дараланады. Мұның алғашқы жолы жыр оқиғасының Қазақстанның басқа бір өңірінде өтетінінен хабар береді.

Жоғарыдан көрінген сары ноғай,
Еділ суға таласқан мү не тоғай?
«Қозы Көрпеш» дегенін біраз өлең
Ептеп айтқан кісіге тым-ақ онай (5).

Осы нұсқада Сарыбай мен Қарабай бір-біріне «Еділ-Жайық бойында жолдас болды» делінеді. Бірақ түптеп келгенде, эпостың өзге варианттарындағыдай, оқиғаның өрістейтін, аяқталатын өңірі Аягөз маны болады. Қалай дегенде де ғылым үшін бұл нұсқаның өзіндік бағалы орны бар. И.Н.Березиннің «Турецкая хрестоматиясына» Шоканның әкесі Шыңғыс Обағаннан М.В.Ладыженскийге жіберген осы варианттың енуі де атап өтерлік (6).

Ш.Уәлиханов үлкен жырлардан «Ер Көкшені» де жазып алғаны белгілі (7). Ғалымның колжазбаларының ішінде «Едіге» жырының да нұсқасы сақталып келеді. Бұл эпикалық аңыздау орыс ориенталистерінің назарына ілініп, революциядан бұрын-ақ баспа жүзін көрген. Шокан жазып алған «Едіге» нұсқасы осы эпостың барлық варианттарының ішіндегі ең толығы әрі классикалық нұсқасы болып есептеледі (8).

Шокан хатқа түсірген ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы тарихи өлеңдер, жоқтаулар, айтыс сөздер. Солардың ішінен Бұқар жыраудың Абылайға арнаған өлеңдері, «Абылай туралы жыр», «Қара батырдың толғауы», «Орақтың толғауы» баспа жүзін көрген. Осы топтағы шығармалардың көрнектісі – «Абылай туралы жыр». Мұнда Абылайдың қырғыз манаптарына қарсы жорығының тарихы сөз болады. Жырда Абылай қырғыз әкімдеріне қазақ елінің кеткен кегі үшін («қара найман шабылды, соның ішінде қоныратың жаман шабылды») аттанған болады. Одан бұрын Абылай қырғыздың батырлары Есенғұл мен ер Садырға кісі жіберіп, арадағы таласты бейбітшілік жолымен бітірейік деп мәмілеге шақырады:

Есенғұл мен ер Садыр
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.
Бар Садырға, бара гөр.
Жауласпаймын Садырмен,
Елдесейін Садырмен,
Таластың бойы тар жайлау
Таласа барып жайлайық.
Кенестің бойы кең жайлау
Кенесе барып жайлайық,
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнайық (9).

Бірақ қырғыз батырлары бұл ұсынысқа көнбейді. Абылайға қарата қаһарлы сөздер айтады:

Абылай деген кәрі құл
Арағын ішіп есірді...
Бозбаламды құл қылды,
Оныменен тынбады,
Енді маған қарап қылғынды.
Қан қылмай, шешсін киімді
Бөлек-бөлек егермін,
Бөздей жыртып өтермін,
Дулығасын киермін.
Еңсесіне мінермін,
Кеудесіне сиермін,
Елімді шапқан сол құлдың
Сүйегінің үстіне
Мұнара қылып үйермін (10).

Бұл жырда, сөз жоқ, тарихқа белгілі Абылай жорығының кейбір шындық елестері, соғыстың себептері мен келіссөздердің барысы, ұрыс суреттері аңғарылады. Абылайдың аттанысын сипаттайтын түс эпикалық жыр үлгісінде берілген.

Тағы бір мезгіл болғанда
Сүмбіле туды жылтытып,
Ат семірді күнтийп,
Жүз қойға алған құлаша ат
Жүректей болып семірді,
Жыландай болып жарады...
Көк бөрідей желді хан,
Тұрымтайдай қонды хан (11).

Абылайдың ашуға мінген шағын «қаздай болып қаңқылдап, бурадайын бұркылдап, сай суындай сарқылдап, жай тасындай

жаркылдап» деп суреттейді. Абылайдың жасағында казактың көп руларының адамдары қатысканы көрінеді. Әсіресе қонырат мергендері көп қайрат жұмсады делінеді.

Қоныраттың көп мерген
Күйінді болған сол байғұс,
Ірме кара мылтықты,
Тізеге ала отырды.
Ұзын бір окка толтырды,
Оқшантайын қағысты,
Басып бір басып қалысты... (12)

Қара батыр мен Орақ батыр толғауларында да қаһармандық жырлардың өрнектері жақсы сақталған.

Шоқан жинаған мақал-мәтелдердің аз ғана тобы баспа жүзін көрген. Олар: «Өтірік сөз жанға қас, өткір пышақ қынға қас», «Жауда қалған бұлбұлдан, үйге қашқан ит артық», «Өлген арыстаннан тірі ит жақсы», «Сақтанғанды құдай сақтайды», «Ерді құдай сақтайды, етікті нөл сақтайды», «Өзін білме, білгеннің тілін алма», «Мұрын жоқ болса, екі көз бірін-бірі шүкиды», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Патша болсам, май жер едім», «Көп сөз бөк сөз, аз сөз рас сөз», «Асықпа қарға, түсерсің торға», «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Білгенің қайсы, білмегенді кешірмесең», «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ», «Өшкен жанбайды, өлген тірілмейді», «Қамқа тон да шүберек болар тозған соң», «Тоты құс бойын көріп сыланады, аяғын көріп қорланады», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Жасың қырыққа келген соң аяғына шідер түсер», «Көп жеймін деген аз жейді, аз жеймін деген көп жейді», «Ақыл дария екен, көңіл дүлдүл екен», «Тоймасқа берме, толмасқа құйма», «Алып анадан туады, ат биеден туады», «Ақсұнқар атқа ғашық, күйкентай жемге ғашық», «Етігің тар болса, тыныштығыңнан не пайда», «Ұйқы жанның тынышы, иман жанның қуанышы», «Қос ат мінгеннен қол көбейеді, қозысымен қой көп көрінеді», «Тойғаннан құрсақ жарылмайды, қуанғаннан маңдай жарылмайды», «Басқа бөле қайдан – тілден», «Мезгілсіз таң атпайды, уақытсыз жан шықпайды» — деген тәрізді халық нақылдары.

«XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» деген еңбегінде Шоқан Уәлиханов аса қызғылықты деректер келтіреді. Мұнда сол дәуірдің белгілі қайраткерлері жайында он төрт

әңгіме берілген. Сол әңгімелерде Абылайға, Бөгенбайға, Жанатайға, Сырымбетке, Жәнібекке, Байғозыға, Оразымбетке, Елшібекке, Малайсарыға, Баянға қатысты жайлар сөз болады. Қалмақ ханы Қалдан Серенмен арадағы соғыстар, елшіліктер, қарым-қатынастар жөнінде де мағлұматтар кездеседі. Бұл аңыз-әңгімелердің тарихи да, мәдени де мәні мол. Олар өз тарапынан XVIII ғасырдағы жаугершілік кездің шындығын толығырақ, тереңірек танытуға көмектеседі. Тарихи жазбаша деректер ауқымынан онша алыс кетпейтін мұндай әңгіме-аңыздар белгілі бір оқиғалардың, адамдардың нағыз келбетін білуге жәрдемдесе алатын құнды естелік орнына жүреді. Аңыздар сол замандағы көрнекті адамдардың іс-әрекетін мінездейтін, ел аузында біреуден екіншіге көшіп, қорытылып, өңделіп жеткен сөздер. Бұлар тарихи істердің хронологиясы орнына жүрмегенімен, халық естелігі ретінде аса бағалы. Аталған әңгімелердің көбі ауызша түрінде соңғы кезге дейін айтылып келген. Солардан Ш. Уәлиханов жазбаларының кейбір маңызды айырмашылықтары бар.

Біріншіден, бұл аңыз-әңгімелердің бұдан бір жарым ғасырдан артық уақыт бұрын жазып алынуы өте мәнді. Осы әңгімелерді кейінгі кезге дейін ел аузында сақталған нұсқалармен салыстырып көрудің өзі қызықты мәселе болар еді.

Екіншіден, ғалымның шыққан, өскен ортасы Абылайдың өз әулеті екенін ескерсек, аталған аңыз-әңгімелердің бағасы арта түседі. Өйткені XVIII ғасырдағы жоңғарға қарсы қазақ халқының азаттық күресінің басында Абылай хан, оның атақты батырлары тұрғаны мәлім. Жоңғармен жойқын күрестің барлық кезені, қайшылықтары, ерекше ерлігімен көзге түскен батырлар жөнінде әңгімелер Абылайдың айналасында аса көп тарауы табиғи болатын. Үшіншіден, қазақ тарихының жағдайын заманында өз отандастарының қай-қайсысынан да артық білген Шоканның ел аузындағы әңгімелерді талғаусыз тізбей, ең маңыздыларын ғана екшегенін, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан келгенін, үлкен жауапкершілікпен қарағанын атап өтпеуге болмайды.

Енді осы еңбектегі кейбір аңыз-әңгімелердің танытқыштық сипатына кідірейік. Он төрт әңгіменің біріншісінде көңіл аударарлық нәрсе — Абылайдың Бөгенбай мен Жанатай батырлары ерекше қадір тұтқанын мәлімдейтін түс. Жоңғарға қарсы соғыстың атақты қолбасшыларының бірі — Бөгенбайдың даңқы өзге аңыздардан, тарихи өлеңдерден, көлемді жырлардан белгілі. Со-

лардың үстіне Шоқан келтірген мысал Бөгенбай жайындағы түсінігімізді кеңейте түседі. Бір жолы Жанатай мен Бөгенбай жауға аттанып, біраз уақыт хабарсыз кеткенде Абылай тынышсызданып, қасындағы Бұқар жыраудан «Менің батырларыма не болды екен?» — деп сұрайды. Бұқардың «батырларың аман-есен олжалы оралады», — деген жорамалының дұрыс келгенін естігенде хан «төбем көкке жеткендей болды-ау», — дегені бұл ерлердің ел алдындағы беделін айқындай түседі. Бұл арада атақты ақын, дана Бұқар жыраудың хан құзырындағы орны, оның сенімді кеңесші, ақылгөй екендігі көрініп тұр.

Осы топтағы екінші аңыз-әңгіменің де көңіл аударарлық сырлары бар. Бұл Абылайдың қытай әскерлеріне қарсы сәтсіз соғысының бір эпизодына анықтық енгізе алатын аңыз. Тарихи құжаттарда үлкен оқиғалардың жалпы бағыты, негізгі факторлары ғана сақталып, жекелеген детальдар еленбей қалатыны табиғи.

Міне, осындай оқиғалардың бірінің шын астары Тәткіқара жырау жырынан да көрінетін. Мұны Шоқан қысқаша мазмұнын жазып алған әңгімеден де аңғаруға болады. Жаудан шегіну қарапайым жұртшылыққа теріс әсер етер ме екен деп ойлап, Абылайдың аландаған, қынжылған сәтін жыр-аныз дәл бейнелеген. Ол өлең мынау:

Кебеже қарын, кең құрсақ,

Көтере көр бұл істі.

Көп қытайдың жылқысы

Тұрымтайдай құнысты,

Жау жағадан алғанда,

Ит етектен алғанда,

Ер Абылай қорыққан жоқ,

Әншейін еңкейе түсіп жылысты.

Бәсентиін Сырымбет

Оқ жіберіп ұрысты.

Ақыл қалмас қашқанда,

Дегбір қалмас сасқанда,

Баяндай ерді көрмесің

Бұрылып жауды шанышқанда (13)...

Мұндай өлең тарихи оқиғаның сыры мен қырын таныстыруға аса қымбат куәлік бере алады. Соғыстың алмағайып бір кезеңіндегі жағдай, сол кездегі адамдардың түрлі әрекеті өлеңде мейлінше айқын түскен. Қысылтаян кезде Абылайдың шегінуге, жан-

сауғалауға ойысқаны, ал Сырымбет, Баян секілді ерлердің теңдессіз ерлігі, ел намысы үшін ақырына дейін алыса білетіндігі жалт етіп көрінген. Міне, тарихи өлеңнің танытқыштық күдіреті деген осы. Шоқан жазып алған, мазмұны ғана орысша берілген қысқа әңгіме осыншама сырды анықтай алатындығын келтірген мысал сипаттаса керек.

Енді бір әңгімеде Абылайдың үйсін Ерден биге қаһарланып, қол жинағаны, ханның бетіне ешкім келе алмай тұрған кезде Бұқар жыраудың басалқы айтқаны келтірілген. Ал тағы бір аңыз-әңгімеде Абылайдың Түркістаннан шығып, Әбілмәмбет ханға беттеген жолында біраз уақыт өз атын жасырып, қарауыл руының адамы Дәулетбай дегеннің үйінде жүргені, оның әйелі жолаушы жігіттің мінезіндегі тартымдылықты, сыпайылықты, таза төбеттілікті байқап қалғаны, Дәулетбай бұл жігіттің мән-жайын, нәсілін қасында еріп жүрген Ораздан сұрап білген соң Әбілмәмбетке ертіп апарғаны, Дәулетбайдың Абылайға сыйлаған аты кейіннен сан жорықта даңқы шыққан Шалқұйрық екені айтылады. Бұл да ел арасында кең тараған аңыздың бірі. Абылайдың өзге елге танылар сәтке дейін түрлі себеппен шын атын, ата-тегін жасырып жүргені, кейіннен жаугершілік заман туғанда, жоңғарға қарсы соғыста жарқ етіп көзге түскені туралы әңгіме көп. Қалай болған күнде де Шоқан жазып алған әңгіме нұсқасы осы шындықтан алыс кетпейді. Бұл әңгіме ел арасында айтылып келген аңыздарды өз тарапынан толықтырып қана қоймайды, жаңа өрнектермен байыта түседі.

Келесі бір аңыз-әңгіме Абылайдың Қалдан-Сереннің қолына түсіп қалып, одан қалайша босап шыққандығын сөз етеді. Бір соғыста Абылай Қалданның ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. Ақырында жаулар Абылайды қолға түсіреді. «Менің ұлым Шарышты неге өлтірдің?» — деген Қалданның сұрағына Абылай: «Сенің ұлың Шарышты менің қолыммен халық өлтірді, айыбы маған таңылды», — деп жауап беріпті. Бұл әңгімеде Шарыштың анасы баласының мерт болғанын ойлағанда ашу-ызаға булығып, тұтқындағы Абылайды күн сайын зәбірлеп, балағаттағаны, ақырында Қалданның аманат алып қалып, Абылайды босатып қоя бергені айтылады. Тарихи дерек пен аңыз-әңгіме арасында бірсыпыра айырмашылық бар екені көрініп тұр. Шындығында Абылайдың жоңғар тұтқынынан босауына орыс патшалығы өкілдерінің талап етуі себепкер болғаны тарихтан белгілі (14). Ал бірақ

бұл аңыз-әңгімеде ешбір архивте тіркелмеген жайлар көрініс береді. Абылайдың тұтқындағы халі мұнда анық елестеген...

Шоканның осы еңбегінде келтірілген келесі бір аңыз-әңгімеде үш жүздің баласынан кімдерді ерекше сыйлайсыз деп сұрағанда Абылай «Өзімнен бұрынғылардан екі адамға: Қалданнан тоқсан тұтқынды қайтарған қаракесек Қазыбекке, сол секілді өз адамдарын тұтқыннан алып шыққан уақ Дербісәліге сүйсінуге болады. Мұның алғашқысы тұтқындарды Қалданның алдына барып, сұрап алды, соңғысы үйінде отырып-ақ жауды қорқытып, адамдарын қайтара білді. Өз карауымдағы батырлардан байлық, батырлық мінезге келгенде бәсентиін Малайсарыдан, ақыл мен ерлікке уақ Баяннан асатыны жоқ» деген екен (15). Осы аталған адамдардың тарихи істері түрліше айтылатын аңыз көп. Мына сөздер солардың қатарынан ең мәнді, неғұрлым сенімді әңгімелер ретінде замана, оқиғалар шындығын толығырақ түсінуге көмектесе алады. Мәселен, Қаздауысты Қазыбектің дүлдүл шешендігі, батылдығы, парасаттылығы бүкіл қазақ еліне жайылған. Ол туралы халық жадында сақталған естелік мол. Абылай айтыпты деген мына баға сол сөздермен ұштасып жатқанын көреміз. Халық Қазыбектің ел ішіндегі дауларда айтқан төрелігінен гөрі сырт жаулардан ел есесін қайтарған мезеттеріне ерекше көңіл қоюы мейлінше табиғи. Ал Абылай Малайсары мен Баянды барлық батырлардан артық қоюы да олардың тарихи қолбасшылық қызметінің мәні туралы мәселені жаңа қырынан тануға себептеседі. Әрине, аңыз-әңгіме хатқа түскен, айтушының қолы қойылған документ емес. Абылай дәл осылай айтты ма, жоқ па, оны ешкім де дәл куәлендіре алмайды. Бірақ, аңыз-әңгімеде өлгі батырлардың осыншама асқақ дәріптелуі бекер деуге келмейді. Қандай әңгіменің де түп негізінде қуатты шындық жататыны белгілі. Ендеше бұл мағлұматтар аталған батырлардың тарихи құжаттарға түспеген, бірақ шындықты танытарлық сипаттамасы бола алатыны күмәнсіз. Бұл куәліктерден тарихи дәуірдің асқан батыры уақ Дербісәлінің де тұлғасы елес бергендей... Сондай-ақ Тарақты Байғозы батырдың бейнесін мінездеуге де Шокан еңбегінде келтірілген дерек негіз бола алады.

Ш.Уәлиханов жазып қалдырған XVIII ғасыр батырлары туралы аңыз-әңгіме көп шындықтың бетін ашуға жарайды. Бір кезекте бағаналы Оразымбет, Баянбай батырлардың ерліктері де айтылып өтеді. Ең маңыздысы сол – бұл жазбаларда басқа ешбір жерде

кездеспейтін деректер ұшырайды. Мәселен, сіргелі Елшібек батыр өзін қолға түсіріп, астындағы атын олжаламақ болғанын сезіп, жаудың алдына әдейі баяулап барып, оқ дарымайтын жерге келгенде шапшаң қимылдап, дұшпаннан айласын асырғаны жайында аңыз-әңгіме қолмен қойғандай нақтылы көріністі елестетеді (16).

Ендігі бір аңыз-әңгіме уақыт жамылғысы жасырған кейбір шындықтың терең сырын бүкпесіз білдіре алатындай: Жанатай батырдың жау қолынан қалай өлгенін сипаттайтын оқиғаның мән-жайын мөлдіретіп шежірелейді. Жанатай өлімін естігенде Абылайдың «қайраусыз қара болатым-ай», — деп жылап жібергенін айтады. Қазақ халқының азаттық үшін күресінде еңбек сіңірген батырды Абылайдың дәл осылай бағалауы нағыз шындыққа апарады. Ал Баян батырдың өлімін аңыз қалтқысыз шындығымен келешек ұрпаққа жеткізген деп ойлауға болады. Жанатайдың кегін алу үшін аттанған қазақ қолының алдынан қалмақ елшісі шығып, татуласайық, айыбымызға ақ үйлер тартайық дегенге Абылай хан иланып қалып, жаудың жылыстап кетуіне мүмкіндік беріп қояды. Дұшпанның сөзіне әу бастан сенбеген Баян батыр ғана болады. Ол жоңғар сонынан мың адаммен аттанып жетем дегенше жаулар алыстап, Қытай шеніне өтіп кетеді, Баяндар қайтар жолда ауруға ұшырап өледі. Міне, бұл аңызда өте терең ақиқаттың ұшығы жатыр. Абылай хан мен халық өкілі Баянның көзқарасындағы алшақтық осы тұста айқын елес берген. Жаудың «кішірейіп» келгеніне, сыйлық ұсынғанына алданған болып, Жанатай кегін ұмытқан Абылай мен мансап, жеке басының пайдасына елікпейтін халық батырының таза табиғатын аңыз осылай түсіндіреді...

«Абылай» атты мақаласында Ш.Уәлиханов бірнеше тарихи аңызды келтіреді. Бұларды аңыз санатына қосудың себебі бар. Шокан мұндай әңгімелерді архивтің дерегіне қарап емес, өзінің аулындағы, айналасындағы кісілерден естіген. Соған қарамастан бұл мағлұматтардың бағасы ерекше. Абылай туралы аңыз-әңгімелер Шоканның жас кезінен бастап өте көп естіген, ертеден құлағына құйғандары екеніне шүбә болмаса керек. Өйткені бүкіл қазақ даласында есімі жайылған Абылайдың басынан кешкендерін шөбересі Шокан өз аулындағы шежірелерден ерекше ынтымақтамамен тындағаны, ұғып алғаны көміл. Осы себептен сөз болып отырған мақалада келтірілген оқиғаларды тарихи аңыз қатарына қосып отырмыз. Соның бірі – Абылайдың ең алғашында қатар-

дағы сарбаз ретінде жоңғарға қарсы ұрыстарға қатысып, атағын шығарғаны, ерекше ерліктер көрсеткеннен кейін ғана данқы өрлей бергені, халық құрметіне бөленгені туралы әңгіме. Мұның бәрі тарихи фактілермен расталатын жайлар. Абылайдың бір рет қырғыздың, екінші рет қалмақтың қолына тұтқын болып түскені туралы Шоқан дерегі оған ауызша жеткен деуімізге болады. Абылайдың орыс патшасы мен қытай императоры арасында жүргізген саясатын да Шоқан мейлінше дәл әңгімелеген.

«Қазақтың бірде-бір ханы Абылайдай шексіз билікке ие болған емес» деп жазады ол (17). Абылайдың өз үрім-бұтағына қазақ руларының ішіндегі дау-таласты ақырына дейін шешпендер, олардың келіспеушіліктері мен жанжалдары хандық биліктің сүйеніші болады деп өсиет қалдырғанын да жазады Шоқан. Қарнарлы хан жайында аңыз-әңгімелердің, өлең-жырлардың көп таралуын да зерттеуші Абылайдың заманы мен ол басқарған істердің маңыздылығына байланысты қарайды. Сондай өлеңдердің кейбіреулері нендей себеппен шыққанына да анықтық енгізеді. Ал «Шанды жорық» жырында Батыр Баян шейіт болған бір соғыстың, «Қап қағылғанда» Еділ қалмақтарына аттаныс кезінде батырлардың жеті күн аштыққа ұшырауы айтылады дейді (18).

«Шона батыр» — тарихи аңыз табиғаты тұрғысынан көңіл аударарлық. Мұнда 1740 жылы башқұрт қозғалысын бастаушылардың бірі Қарасақалдың қазақ арасына сіңіп, өзін сол кездегі жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің туысы Шона батыр деп дақпырт таратқаны айтылған. Осыдан кейін автор алтай қалмақтарының немесе алтайлықтардың Шона батыр турасындағы аңыз-әңгімесін мазмұндап келтіреді. Бұдан соң Қарасақал жайындағы қазақ әңгімесін береді (19). Тарихи екі адамның: Қарасақал мен Шонаның қазақ арасында Шона батыр деген атпен мәлім болып жүруі, оның жоңғарлар мен башқұрт билеушілеріне де қауіпті көрінуі, қазақ арасында Қарасақалдың Қабанбай батырдың құзырында болуы, кейіннен Қалдан Сереннің айтуымен оны Барақ сұлтанның өлтірмек болғаны, осыны сезген Қарасақал-Шонаның Қазыбек биді паналағаны туралы Шоқан жазбалары қызғылықты. Бұл еңбекте бүкіл Ресейдің Еділден жоңғарға дейінгі аймағында Шонаның аты кеңінен мәлім болғаны, ол туралы неше алуан ғажайып әңгімелер тарағаны айтылған. Шона туралы аңыз-әңгімелер ауызекі әдебиеттің табиғаты, ерекшелігі туралы түсінігімізге нақты дәлел бола алады.

Шоканның «Едіге» жырының неғұрлым толық та көркем нұсқасын жазып қалдыруы қандай елеулі іс болса, сол нұсқаны профессор П.М.Мелиоранскийдің өзі алғы сөз жазып, басып шығаруы да фольклор тарихы үшін маңызды жұмыс (20). Осы кітаптағы алғы сөзінде П.М.Мелиоранский жырдың тілі, тарихы, ондағы қаһармандардың тарихқа қатысы, варианттары жөнінде құнды ойлар қозғайды. Шоқан қолжазбасына барынша құрметпен қарауы, жыр мәтінінің неғұрлым тарихи қалпында берілуіне аса көңіл бөлінуі орыс ғалымының зор мәдениетін сипаттайды. Жыр мәтінінің осылайша жазып алынғанын ол «аса бағалы» деп қарайды (21). Мелиоранский Шоқан қолжазбасындағы түрлі түзетпелерді анықтауға ерекше ілтипатпен қараған. Тіпті ол жыр мәтінінің сонына әлдекімдердің қолымен қосыла жазылған көлденең сөздерді де айыра қараған (22). Мелиоранский ғылыми адалдықты ардақ тұтқаны соншалық — жыр мәтінін көшірушінің шалағайлығынан кетуі мүмкін нұсқандарды да қолдан «жөндеп жіберуге» бармаған. Жырдың ноғай нұсқасымен аса ұқсастығына қарап ғалым қазақ, ноғай варианттары бір түбірден тарауы мүмкін деп жорамалдайды (23). Жырдағы кейбір көне сөздердің мағынасын ашуға С.-Петербург университеті заң факультетінің IV курс студенті Жиһаншах Сейдалиннің көмегі тигенін атап өтеді.

Ш.Уәлиханов секілді Мелиоранский де жырдағы оқиғалар мен адам аттарының тарихи жайларға жақын тұрғанын атап өтеді. Әсіресе ол Едігенің, Тоқтамыстың, олардың балалары Нұрадыңның, Қадырбердінің аттары мен атқарған істері жырда тарихта болып өткен жайларға ұқсас келетінін көрсетеді. П.М.Мелиоранский Ақсақ Темірдің жырда Сәтемір болып жүргеніне көңіл аударады. Сонымен қатар жырда Едігенің туысын баяндаған тұста қиял-ғажайып араласқанын, оны айтушылар әулие Баба Түкті Шашты Әзизден «жаралды» деп дәріптеп әкеткенін баяндайды. Ғалым бұл тұста өз тұжырымын ұсынбай, жыр мазмұнына тоқталумен шектелген. Бұдан кейін Едігенің тегі туралы өзге мағлұматтарды келтіреді, тарихи аңыздарға шолу жасайды. «Біз Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз ертеде туған, тіпті жеке нұсқалары олардың тірі кезінде-ақ айтыла бастаған деп ойлаймыз» деп жазады П.М.Мелиоранский (24). Ол жырда тарихи шыншыл оқиғалармен бірге фольклорлық сарындар да күрделі орын алатынын ескерткен. Олардың аражігін ажырату оңай емес, бірақ жырдың «халықтығы мен кең тарағандығы күмәнсіз» (25) деп тұжырымдайды.

Кіріспенің соңынан П.М.Мелиоранский Едіге жайындағы аңыз-даулардың түрлі нұсқаларынан дерек келтіреді: атап айтқанда Спасский 1820 жылы «Сібір хабаршысында» жариялаған нұсқаны, В.В.Радловтың Қырымнан жазып алынған вариантын, И.Н.Березиннің «Түрік хрестоматиясында» берілген аңызды, Сібірден Радлов тапқан үш нұсқаны, каракалпак версиясын көрсетеді.

Шоканның фольклор жинаушылық саласындағы тындырған зор еңбегінің дерегін замандастарының естелік, мақалаларынан да табамыз. «Оның қазақтар туралы материал жинаған үлкен портфелі бар еді, соның қайда екені белгісіз. Ол жазбалардың шетжағасын көрген де едім», — деп жазады Г.И.Потанин (26). Шокан жазбаларының ішінде оның ескі қазақ жырлары туралы ой-пікірлері сақталған. Соның бірінде «қазақ арасындағы жырлардан маған тағы да екеуі мәлім: бірі «Ер Көкше» деп аталады және «Ер Қосай» деп мәлімдейді ол (27). Ш.Уәлиханов «Едіге» жырының орысша аудармасын үш нұсқадан жасаған, ал ол нұсқаларды оған әкесі Шыңғыс Уәлиханов көшіртіп берген, орысша аударма көлемі 13 бет, бірақ оның 11, 12-беттері жоғалған, — дейді Г.Н.Потанин (28).

Академик Н.И.Веселовский орыс географиялық қоғамының шығыс бөлімшесінде жасаған хабарламасында Ш.Уәлихановтың жинаған фольклорлық материалдарына қысқаша сипаттама берген. Ол осы мәжілісте «Манастың» Шокан аудармасын оқыған, әсіресе Көкөтай ханның халықпен қоштасқан жеріне, Бокмұрынды хан сайлайтын тұсқа, Көкөтай ханның асына елді шақыруға арнайы адам аттандырған көрініске айрықша назар аударған (29). Географиялық қоғам мәжілісі Шокан жазбаларының В.В.Радлов нұсқасында жоқ жерлеріне айрықша мән берген (30).

Белгілі ғалым П.М.Мелиоранский Шоканның Едіге туралы эпикалық аңыздарды жазып алғанын бағалай келіп, қолжазбаның сипатын нақтылы баяндайды, қолжазбаға «Едіге би» деп ат қойғанын айтады. Бұдан кейін «Едіге» жырының кімнен, қашан, қайда жазып алынғаны хабырланады. Бірінші рет бұл жырды Шокан Аманқарағай округінде 1841 жылы қыпшақ ақыны Жұмағұлдан естіген, жырдың алғашқы көшірмесін Шыңғыс Уәлиханов жасаған, екінші көшірмесіне ол кейбір аңыздарды қосқан, үшінші нұсқа ақын Арыстанбайдан жазып алынған, осы үш көшірмеден Шокан мен Шыңғыс құрама нұсқа даярлаған (31). Шо-

қанның ауыз әдебиеті ескерткіштерін көшіріп жазып алуы терең ойластырылған, ғылыми мақсат көзделген жүйелі іс болғанын осы мысалдың өзінен байқауға болады. П.М.Мелиоранский Шокан қолжазбаларын өте ұқыпты қарап, мәтіннің сөздік кестесіне дейін көңіл бөлген, кейбір тұстарда қазақ сөзіне шағатай, татар тіркестері араласып кеткенін де байқайды.

Ф.Р.Остен-Сакен Ш.Уәлиханов Орта Азия халықтарының аңыз-әңгімелерін, дастандарын жинап алуға қайратын да, уақытын да аямайтын еді деп жазады (32). Бұл айтылғандар Ш.Уәлихановтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылық қызметі сан қырлы, елеулі болғанын аңғартады. Көптеген фактілер жеке-дара еңбек түрінде емес, ғалымның сапарнама, этнографиялық, географиялық, тарихи шығармаларының арасында шашырап жатқаны өз алдына бір төбе.

«Едіге» жырын жазып алуы, орыс тіліне мазмұндап аударуы, эпостың генезисі, тарихи оқиғаларға қатысы туралы пікірлері Ш.Уәлихановтың аса маңызды еңбектерінің бірі. Оның осы саладағы ізденістері шығармаларының алғашқы басылымында жарияланған (33). Бұл еңбегінің кіріспесінде Шокан дүниеге өннің жайылуы туралы аңызды келтіре отырып, қазақ, каракалпак арасында ән, өлеңнің кең тарағанына тоқталады. Әсіресе ол каракалпак халқына бұл өнердің «қонып өткенін» атап көрсетеді (34). Бұдан кейін зерттеуші «Едіге» жырының жазып алыну тарихына, эпостың туған, тараған дәуіріне қатысты пікір қозғайды. «Бұл жырды, — дейді ол, — мен бірінші рет Аманқарағай округіндегі күрлеуіт қыпшақтың шағын аулында Жұмағұл ақыннан 1841 жылы естідім. Қалай алып қарағанда да XV ғасырға тән болып табылатын бұл рапсодияның мазмұны мені аса қызықтырды. Тоқтамыс хан мен Темірлан секілді Едігенің де өмірде болғаны күмәнсіз. Бұл халық аңызымен ғана емес, жазбаша фактілермен де дәлелденеді... Хальфиннің хрестоматиясында Едігенің Қазан татарларының айтуынан жазып алған шежіресі берілген. Ұлытаудың батыс жағында, Едіге деп аталатын бөлек тау сілемі бар. Осы биіктің басында... Едігенің обасы деген оба бар, ал таудың өзі Едіге деп аталады...» (35). Мұнан кейін Шокан бұл жырды алғаш қыпшақ Жұмағұл ақыннан жазып алған өзінің әкесі Шыңғыс Уәлиханов екенін мәлімдейді, жырдың екінші нұсқасын да Шыңғыс түрлі айтушылардан естігендерін қоса отырып жасағанын, ал үшінші нұсқа Арыстанбай ақыннан жазып алынғанын,

сол үш нұсқадан әкесімен бірлесе отырып толық топтама вариант шығарғанын көрсетеді (36). Мұның өзі Шокан Уәлихановтың қаншалық күрделі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенін дәлелдейді. Жырдың өлең өлшемін таныстыру үшін Шокан өзінің зерттеуінде «Едігеден» екі-үш шумақ мысал келтіреді. Тоқтамыстан қашып шыққан Едігеге сонынан қуа барған тоғыз батырдың бірі Кен Жанбай былай дейді:

Ай Едіге, сен қайтсана,
Қайтып Еділ өтсана,
Еңсесі биік ақ орда
Еңкейіп сәлем берсана.
Еріні жұқа сарыаяқ
Ер саркытын ішсана,
Жауырындары жақталы
Түйе баулы тартпалы
... Тон береді кисана,
Көк ала жорға
Көн дауылпаз байланып,
Тұтам бауы сом алтын
Ақ сұңқар құс береді,
Көл айнала шүйсана (37).

«Едіге» жыры – Шоканның пайымдауынша, XV ғасырдың бас кезінде пайда болған. Жырда ерте дәуірлерге тән көптеген сөздер мен тіркестер кездесетінін, мұнда бергі кездің өлендеріндей араб, парсы сөздері ұшырамайтынын ғалым атап көрсетеді. Ибрагим Хальфиннің 1822 жылы шығарған хрестоматиясында берілген Едігенің ата-тегінің шежіресін келтірген. Едігеге қатысты деректерді Шокан, ибн Арабшахтың еңбектерінен де іздеп көрген. Енді бірде Шокан Едіге туралы ноғай аңызына кідіреді. Мұнда Едіге Баба Түкті Шашты Әзиздің тоғызыншы ұрпағы делінген (38). Едігенің ғажайып туысы туралы алуан түрлі аңыз-әңгіменің біразын Шокан орыс тілінде жазып қалдырған, ал жырдың толық нұсқасын орысшаға аударып, ғылым алдында елеулі іс тындырған. Атап көрсететін бір нәрсе, Ш.Уәлиханов ескілікті ел мұрасын жиып, олар жайында пікір айтқанда тек қана фактіге, шындыққа сүйенеді, әсірелеу, әдейі көтермелеу секілді нұқсандар оның мінезіне жат нәрсе. Өзге көптеген еңбектерін айтпағанның өзінде Ш.Уәлихановтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Едіге» жырларының ең толық нұсқасын жазып алып, рухани мүлік санатына қосуының өзі бірегей істер.

Ал қырғыз халқының эпосы «Манас» жырының үлкен бір бөлігін жазып алуы, орыс тіліне аударуы, ең алғаш эпостың жалпы бітімі, мәдени мәні, ерекшелігі туралы беделді пікір айтуы нағыз ғылыми ерлік. Оның өмірінің өте қысқа болуынан көптеген ғылыми жоспары жүзеге аспай қалды. Шоканның еңбектерін алғаш рет шығаруға күш салған орыс ғалымдарының азаматтық саналы әрекеттері, Ш.Уәлихановтың қолжазбаларын көздің қарашығындай кастерлеп, сақтап жеткізген дос, жолдастарының адал пейілдері болмаса, қазақ ғалымының еңбектері мүлде із-түзсіз құрып кетуі де мүмкін еді. Әсіресе Шоканның алғашқы шығармалар жинағын үлкен ыждағаттылық көрсетіп баспаға әзірлеген Н.И.Веселовскийдің тарихи қызметін естен шығаруға болмайды. Ш.Уәлихановтың әлі де болса түрлі қалалардың архивінде шашырап жатқан еңбектерінің бар екенін шокантанудың бас маманы, академик Ә.Х.Марғұланнның зерттеулерінен білеміз (39).

Шоканның фольклор жинаушылық еңбегінің ең күрделісі қатарына оның қырғыз эпосы «Манастың» көлемді бір бөлігін жазып алып, жырдың жалпы мазмұнымен жұртшылықты таныстыруы. Қырғыз еліне 1856 жылғы барған сапарында Ш.Уәлиханов бір көрнекті манасшыдан (өкінішке қарай манасшының аты-жөні жазылмаған) бұл эпопеяны тындап, жырдың ғажайып сымбатына қызығып, оның «Көкетайдың асы» деген көлемді бір саласын хатқа түсірген. Дәлірек айтқанда жыр мәтінін Шокан қасына еріп жүрген сауатты адамдардың біріне жаздырып, өзі қайта қарап, тексеріп, тиісті өзгертпе, қосымшаларын, түсініктемелерін жасаған (40). Жалпы көлемі үш мың жолдан асатын мәтіннің Шокан 913 жолын орыс тіліне аударған. Ш.Уәлиханов жазып алған «Көкетайдың асы» қазақшаланып та жарияланғаны белгілі (41). Бұл еңбек Ш.Уәлихановтың фольклор жинаушылық тәсілін де таныстыра алады. Бір атап өтерлік нәрсе «Манастың» Шокан жазып алған бөлігін ағылшын профессоры А.Т.Хатто латын әрпімен жариялап, қатарына ағылшын аудармасын берген (42). Мұның өзі қазақ ғалымы бастаған істің жалғастық тауып келе жатқанын сипаттайды.

Шокан жырды жазып алушының кейде қазақшалап жіберген сөздерін өзі қарап шыққанда түзетіп, түпнұсқалық қалпына келтіріп отырған. Кейбір сөздердің қырғызшасы үстіне қазақша баламасын да көрсеткен, енді бір ретте сөздер мағынасын арақідік орысша түсіндіре жазған. Мұның бәрі жырдың асыл нұсқасын

неғұрлым анық, дәл түсіндіру мақсатынан туған. Араб алфавитінің әріп саны жетіспегендіктен және қырғыз тілінің кейбір фонетикалық ерекшеліктері себебінен қайсыбір тұста сөздердің қазақшаға бейімдеу түскендігі түсінікті. Жалпы алғанда Шоқанның «Манас» мәтінін ескі қадим жазуының мүмкіндігін толық пайдаланып, барынша ғылымға адалдық сақтап еңбек еткені ешқашан бағасы кемімейтін жұмыс. Шоқан жазып алған «Көкөтайдың асы» кейінгі кезде қырғыз тілінде де жарияланды, қазақ ғалымының эпосты хатқа түсіру принциптеріне талдау берілді (43). Бұл зерттеу архивтік түпнұсқа негізінде биік ғылыми методологиялық деңгейде жүргізілген.

III

Шоқанның ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастаған кезеңі оның бұл саладағы зерттеушілік ісінің де ілкі шағы деуге болады. Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ Ш.Уәлиханов ғылыми ізденістің алғашқы қадамын жасайды. Атақты шығыстанушы ғалым И.Н.Березиннің сұрауы бойынша «Токтамыс жарлықтарының» кейбір сөздерінің мәнін анықтауға атсалысады. И.Н.Березин аталған еңбектің түсінуге қиын жерлерін білгісі келіп, Н.Ф.Костылецкийге жібереді, ол бұл жұмысты Шоқанға тапсырады. Ш.Уәлиханов Березинге жазған хатында: «Бұрынғы ұстазым Н.Ф.Костылецкийден «Токтамыс жырларындағы» қазіргі татар тілінде қолданылмайтын бірнеше сөздің мәнін қазақ тілінен іздеп көру жөніндегі ұсынысыңызды біліп, мен қария қазақтардан сұрастырып, біздің тілімізден бірнеше сөз тауып едім, соларды Сізге жіберуге асығып отырмын», — дейді (44). Міне, осы Березин тапсырмаларын орындау үрдісінде Шоқан ғылыми ізденістің сырына қызыға бастаған секілді. Березинге жауап хатынан Ш.Уәлихановтың тарих, этнография, түркі тілдері, монғол шежіресі бойынша мол дайындығы бар екені танылады. «Токтамыс жарлықтарындағы» жекелеген терминдер мен тіркестерді анықтай отырып, Шоқан өз тарапынан бірталай мәселелерді көтереді. Ол «қазақ» деген сөздің мағынасына ой жүгіртеді, А.Левшиннің осы жөніндегі болжамдарына күмән келтіреді, өзінің оқыған кітаптарына сүйеніп, қазақ халқы құралған дәуір туралы пікір айтады, оның негізі Алтын Орда ханы Бердібек өлгеннен

кейін топтаса бастаған дейді (45). Осы хатында Шоқан қазақ арасында Едіге, Ер Көкше, Ер Қосай, Орақ мырза жөніндегі жырлар кең тарағанын баян етеді. Шоқанның «орда», «оң қол, сол қол», «маймене», «майсара» секілді терминдерді түсіндіріп беруінің өзі оның білімдарлығын көрсетеді. Жекелеген сөздердің мәнін іздегенде Шоқан тек қазақ, татар халықтарының тілдерімен ғана шектелмейді, жалпы түркі-монғол көлеміне көтеріледі, кейде Орта Азия тарихының деректеріне сүйенеді. Осындай кең құлаштылық, әмбебаптық, тарих, этнография, фольклор, тіл деректерін қатар салыстыра қарау Ш.Уәлихановтың кейінгі еңбектеріне тән қасиет болып қалыптасқан. Бұл айтылғандар Шоқанның Березинге жауап хаты аса маңызды бастау екенін аңғартады. Шоқанның болашақта қызығатын тақырыбының көбі осы хатта шет жағалай болса да бой көрсетеді. Олар түркі-монғол халықтарының тарихы, тілі, мәдениеті, шежіресі, аңыздары, ауыз әдебиеті, салт-санасы, т.б. Шоқан Әбілғазының шежіресінен, «Шейбани-намеден», Қайырғали Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарифынан», қазақ шежіресінен, монғол, Алтын Орда тарихынан мол мағлұмат келтіреді, «Бабырнаменің» қазақ тарихына қатысты тұстарына көңіл бөледі. Сөйтіп, Шоқанның Березинге арналған хатынан болашақ үлкен ғалымның алғашқы сенімді қадамы сезілгендей болады, ғылым үшін аса қажет қаншама мәселелердің ұшығы байқалады.

Ш.Уәлихановтың ғылымға дайындықпен, тегеурінді мақсатпен келгенін оның жасаған конспектілері, шығармашылық лабораториясы айқын сипаттайды. Бұған оның И.Н.Березиннің «Хан жарлықтарын оқығаннан жасаған байқаулары», «Жамиғ ат-тауарихтан» үзінді етіп алғандары дәлел. Осы екі еңбек Шоқанның ғылыми қызығу шеңберін және жұмыс тәсілін нақтылы байқатады. Токтамыстың Яғайлаға жарлығының аты қалай аударылуы керектігіне тоқталып, аударманың Березин, Қазембек нұсқаларын салыстырады. Содан кейін Токтамыс хатының мәтіні араб әрпімен берілген, орысша аудармасы жалғастырылған (46).

Бұл материалға Шоқанның көңіл аударуында мән бар. Өйткені Алтын Орда ханы Токтамысқа қарсы Ақсақ Темірдің соғыс ашқаны, бұл оқиғаға Едігенің қатысы әлгі хатта анық көрсетілген еді. Тарихтан белгілі 1392 жылы болып өткен бұл соғыс бүкіл Алтын Орданың тағдырына күшті әсер еткен оқиғалардың бірі. Қазақ тарихын, жыр, аңыздарды зерттеуге зейін қойған Шоқанға жазбаша деректерді білуді аса қажет етеді. Шоқанның «Едіге»

жыры туралы талдауларына мұндай мағлұматтар да тірек болғаны көміл. Мұның бәрі қазақ ғалымы үшін әр тараптан қызық мәселе болатын. Әсіресе ол тарихи жырлардың анық болып өткен оқиғалармен байланысы, өз елінің ертедегі өмір, күрестерінің ізі ауыз әдебиеті шығармаларында қаншалық сақталған деген сауалға жауап іздеген. Алтын Орда, Ноғай ордасы дәуірінің көптеген белгілі батырлары қазақ аңыз, жырларының қаһарманы болып жүруі Шоқанды сол құбылыстың түбірін тексеруге ұмтылдырған.

Сағадат Гирей жарлығын оқу үстінде Шоқан қазақ жырындағы Шора батырға қатысты деректерге кіреді. «Шора батыр» жырындағы Ақтажы бидің шығу тегі туралы ғалым нақтылы дерек келтіреді. Оның пайымдауынша Ақтажы – Орал, Сарайшық маңындағы ноғайлардың бии. Шоқан сөз етіп отырған «Шора батыр» жырында қаһарман Қазанды қорғауға аттанған жауынгер болып көрінеді, оның екі шақырым жерден жіберген жебесі жаулардың зәресін ұшырады. Оқиғалардың өріліміне қарағанда Шоқан айтып отырған нұсканың өзіндік өзгешеліктері болғанға ұқсайды. Бұл арада мәселе Шоқанның тарихи эпостың генезисін тану жөніндегі ғылыми мәселесінде. Ш. Уәлихановтың бұдан кейінгі еңбектерінде қалыптасқан эпосқа деген көзқарасы осы зерттеуінде де көрініс берген. Ол – тарихи оқиға мен тарихи аңыз, жыр арасынан тікелей байланыс іздейтіндік. Бұл концепция сол тұста орыс фольклористикасында орын тебе бастаған ғылыми методологиямен байланысты. Шоқан алып отырған мағынада тарих пен эпостың байланыстылығы нанымды болып елестейді. Әлбетте Ш. Уәлиханов қазақтың барлық эпикалық жырларын емес, Алтын Орда, Ноғай ордасы заманының жаңғырығын аңғартатын белгілі бір топ шығарманы ғана айтып отыр. Шынында да Едіге, Шора туралы жырларда нақтылы тарихи оқиғалардың сілемі айқынырақ елес беретін. Бұл ретте Шоқан пайымдаулары өзінің ғылыми маңызын сақтай береді.

«Жамиғ ат-тауарихтан» жасалған мазмұндама, түсініктеме де Шоқанның тарихи еңбектерге деген үлкен ілтипатын таныта алатын мысалдың бірі. Қадырғали Жалайыридың бұл қымбатты туындысын ол ұқыпты оқып қоймай, ол еңбекті түркі-монғол халықтары туралы жазылған басқа да шежірелермен салыстырады. Олардың бәрін екшеп, қазақ тарихына қатыстыларына толығырақ тоқталады. Кітаптың Оғызхан аңызына арналған тарауына Шоқан көбірек зер салған. Оғыздардың 24 тармаққа бөлінетініне,

олардың ішінде өзге түркі халықтарына ортақ рулар кездесетініне, оғыздың үрім-бұтағы туралы аңызға түсініктеме береді. Бұдан кейін Шыңғыс хан әулетінің тарихына шолу жасайды. Тоқтамыстың ұлы Қадырберді мен Едігенін арасындағы соғыстың мәнжайына да тоқталып өткен. Тоқтамыстың да тұқымын кең таратып айтады. Ел аңызында «Еділ қатса, кім өтпес, Едіге өлсе, кім өлмес» деген қанатты сөзге жан-жақты ой жүгіртеді. Бұл тұстарда Шоқан Қадырғали кітабынан үзінділер мазмұндап қоймай, өзге тарих нұсқаларымен салыстыра отырып, өз ойларын топшылайды, Темір Құтылық, Қажыгерей хан шежіресіне де көңіл бөледі. Ораз-Мұхамед тарихына қатысты тарау Шоқанның аса қызыққан тақырыбының бірі болғаны көрінеді. Ораз-Мұхамедтің атабабаларының шежіресін толық баяндайды, оның он алты жасында орыс патшасы Борис Годуновтың құзырына келгенін, соңынан Қасымов қаласына хан болғанын мәлімдейді (47). Ораз-Мұхамед хандық құрған қаланың ел билеу жүйесін түсіндіреді.

Қадырғали Жалайыри кітабының тілі турасында Шоқанның пікірлері өте қызғылықты. Еңбектің тілі «қазіргі қазақ тіліне өте жақын» деп тұжырымдайды Шоқан (48). Бұл кітапта Әбілғазы шежіресі мен «Шейбани-намеге» қарағанда аңыз-өңгіме аздау екенін де атап өтеді. «Сөздері мен тіркестері тамаша, солардың көбі күні бүгінге дейін қазақтарда сақталған», – дейді (49). Ш. Уәлиханов заманында көне қазақ тілі, көне қазақ әдебиеті деген терминдер, ұғымдар орын тебе қоймағанын еске алсақ, оның келтірілген сөздері аса маңызды болып көрінеді. Сондай-ақ еңбектің кейбір тұстары сол кездегі татар тілінің нормасына жақын жазылғанын автор көрсетіп отырады. Мәселен, «Тауарихтың» Борис Годуновқа арналған беттері дәл осылай екенін атап көрсетеді. Шығарманың тілдік кестесі жайында Шоқан көрсеткен ерекшеліктер нақтылы байқаулар нәтижесі. Мәселен, Ш. Уәлиханов қазақ тілінде ару деген сөздің жиі кездеспейтінін айта келіп, бұл сөз ескі жырлардың кейбіреулерінде ғана ұшырайтынын дәлелдейді. Алтын Орда кезінде өмір кешкен қоңырат Ораз батырдың жалғыздығына нала болып айтқан өлең жолдарын мысалға келтіреді. Осы еңбегінің сонында Шоқан «Жамиғ ат-тауарихта» қолданылған, бірақ татар тілінде кездеспейтін 219 сөздің түсінігін тізіп береді. Мұның өзі бұл тарихи еңбек авторының қазақ екенін, шығармасын сол кездегі жазба әдеби түркі тілінің нормасына жақын тілде жазғанын айқындай түседі. Жалпы алғанда Шоқанның

«Жамиғ ат-тауарихқа» жасаған түсіндірмесі қазақ ғалымының білім құлашын, жұмыс стилін, қызығуларының кендігін, халқының тарихына жанашыр көңілмен қарайтындығын әрі ғылыми әділдігін сипаттайды...

«Қазақ халықтық поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуінде оның бұл тараптағы тұжырымдары неғұрлым кеңірек берілген. Мұнда жалпыхалықтық поэзияның мінездемесі, жыршылық дәстүр турасында бағалы пікірлер бар. Осы еңбегінде автор «Ер Көкше», «Ер Қосай» туралы жырды алдымен айтады. Қысқаша түрде жыр мазмұны келтіріліп, мұнда қазақтың уақ, қыпшақ секілді руларының өзара тартыс-таластарының елес беретіні атап көрсетілген. Жырдың көркемдік қасиетін «өлендері ерекше күшті әрі сұлу» деп сипаттаған (50).

Ғалымның назарына ілінген екінші жыр «Орақ батыр» деп аталады. Шоқан бұл жырдың нақтылы мазмұнын келтіреді. Орақтың атығай руынан шыққандығын білдіреді. Осы аттас жырдың толығырақ нұсқасын Кіші жүз елінен, Нұрымбай өлеңшіден естігенін де ескертіп өтеді. Орақ батыр бір соғыста қолға түсіп, ақырында туған елін сағынып, сахараға қайта оралғаны жөніндегі жыр дерегін келтірген. Мұнан кейін ғалым жыр жанрының ерекшелігін байқату үшін «Едіге» эпосынан үзінді мысал алған.

Осы еңбегінде Ш.Уәлиханов қазақтың эпикалық аңыздауларының қаһармандары Орақ, Ер Көкше, Ер Қосай батырларды нағайлы дәуірінің туындысы деп қарап, бұлардың бәріне тән ортақ кейбір сипаттарды ашады. Осы шығармаларда айтылған рулық жіктер мен алауыздықтар, хандардың өзара бақталас соғыстары мен шапқыншылығы Токтамыс хан дүниеден өткеннен кейінгі аласапыран кездің көрінісі деп қарайды. Бұл тұжырымдардан шығатын жалпы бір қорытынды — қазақтың ұлы ғалымы эпикалық жырлардың желісін, бағытын, қаһармандарын тарихта орын тепкен белгілі оқиғалармен тығыз байланыста алып қарайтындығы.

Аталған еңбекте жыршылық өнер туралы да ой қорытылған. Автор эпикалық аңыздауларда өлең мен қарасөз кезектесе келіп отыратынын айтады, жыршылар қобызға қосып орындайтынын көрсетеді. Бұл арада бір маңызды мәселені аңғаруға болатындай. Ш.Уәлиханов кезінде жыршылардың көбі қобызға қосып орындаушылығы орын алған.

Осы зерттеуінде ғалым өте маңызды тұжырым білдіреді. Соның бірі — жыршылық дәстүрі бірте-бірте азайып бара жатқан-

дығы туралы. Ендігі жерде қобызға емес, домбыраға қосып айтушылық өріс ала бастағанын, қобыз көбінесе бақсылар үлесіне көшкенін жіті аңғарған. Тіпті ол атакты ақын, жыршы Жанақтан кейінгі кезеңде қобызға қосып өлең айту мүлде дағдыдан шығып қалды деп кесіп айтады (51). Бұл бүкіл қазақ даласына тән ортақ заңдылық болмағанымен, Ш.Уәлиханов сөз етіп отырған Сарыарқа елі жағдайына тән құбылыс еді.

Қазақ ғалымының еңбегінде эпосқа арналған талдаулардың жалпыхалықтық эпикалық дәстүрді түгел қамтымайтыны белгілі. Ш.Уәлиханов ескі жыраулық, жыршылық орнын төкпеақындық алып келе жатқанын да көрсеткен. Ол «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ер Көкше» мен «Ер Қосай» секілді ұзақ жырларды жаттап айту дәстүрі азайғанын байқаған. Ш.Уәлиханов өмірдің кез келген күрделі сауалына жауап бере алатын төкпеақындықтың алғы кезекке шығуын көркемдік дамудағы сонылық деп қараған. «Ер Көкшені» жырлаған Арыстанбай, «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» айтқан Жанақ секілді бірен-саран ғана ақын-жыршылардың «соңғы» репертуарын көріп қалған Шоканның мұндай қорытындыға келмеуге мүмкіндігі жоқ еді... Эпикалық дәстүр азая бастауын дер кезінде аңғарған ғалым ескі жыр мұрасын тезірек әрі толығырақ жазып алу қажеттігін де ескерткендей болады, жыр қазынасын хатқа молырақ түсіре алмағанына өкініш білдіреді.

Ш.Уәлиханов халық шығармаларын ғана емес, сол туындыларда кездесетін атау сөздердің мәнін де ашып көрсетуге ұмтылуы кездейсоқ емес. Бұл оның халық мұрасына деген қызығуы үлкен мүддеден туандығының белгісі. «Азамат», «Шора», «қазақ» деген сөздердің түп мағынасын іздеуі ғалымның мәдени-ағартушылық аңсарымен орайлас. Мәселен ол «жігіт» деген сөздің мағынасы анатолія түріктерінде, кавказ халықтарында жүрек жұтқан ер, шабандоз секілді ұғым беретінін, ал қазақта «жігіт» жалпы бозбала атаулыға қолданылатынын ажыратып көрсетеді.

Аталған еңбектің тағы да бір қызығалықты қыры бар. Ол кей жырлардың бір емес, бірнеше халықта қатар айтылып келе жатқанын ескертуі. Ш.Уәлиханов «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры түркі-монғол халықтарының бірсыпырасында бар екенін мәлімдейді. Мұның өзі ғалымның еңбектерінде тарихи типологиялық салыстырулардың элементі кездесетінін көрсетеді...

«Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» деген еңбектің аса маңызды тұсы — өлең жанрларының ерекшелігі ашылып,

жіктеулері берілуінде. Поэзияның түрлері бұлайша жүйеленуі елеулі ғылыми ізденіс нәтижесі, қазақ фольклортану саласының зор табысы екені анық. Енді сол жіктеулерді келтірейік.

1. Эпикалық аңыздарды ғалым «жыр» деген атаумен береді. Ілгеріде сөз болған «Ер Көкше», «Орақ батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлуларды» автор осы топқа қосады. Демек Еуропаның көп елдерінде «эпос», қайсыбір халықтарда «эпикалық поэма», көршілес Орта Азияның бірсыпыра жерінде «дастан» деген терминмен беріліп жүрген эпикалық аңыздарды «жыр» деген атаумен көрсету дәстүрі бізде Шоканнан басталғанын көреміз.

2. Ш.Уәлиханов жоқтау өлеңдерді жеке топқа бөліп, «жылау» деген атпен берген. Салтқа байланысты өлеңдердің ерекше маңыздыларының бірі ретінде жоқтаудың бөлек көрсетілуі себепсіз емес. Бұл оның халық арасында кең таралған мәнділігіне байланысты болса керек. Жоқтау өлеңдердің бірнеше белгісін автор нақтылы көрсеткен. Жоқтауды әйелдер айтатыны және жанынан шығарып, тыңнан толғайтыны ескертіледі. Мұндай өлеңдердің жыр өлшемімен шығарылатыны да атап өтілген. Жоқтаудың көрнекті үлгілері ретінде Айғаным Уәлиеваның үлкен ұлы Мәмеке өлгенде айтқан жоқтауы мысалға алынған.

3. Тойларда жігіт пен қыз арасында өтетін көңілді, ойнақы, бірер ауыз өлеңмен өтетін қысқаша айтыс «қайым» деп аталған. Айтыс кезінде жұмбақтасу да, әзіл сөзбен қағыту да, кейде тұрпайы, қатқыл сөздер де қолданылып калатыны дәл көрсетілген.

4. Бір-бір шумақтан тұратын, әрқайсысында белгілі бір аяқталған ой айтылатын, өнге қосатын өлеңдер «қара өлең» деп аталған. Бұл кең таралған халықтық өлеңдер болса керек.

5. Жалпы поэзияның басқа жанрларындағы шығармаларды автор «Өлең» деген терминмен топтайды.

Бұл көрсетілгендер қазақтың халықтық поэзиясын жіктеудің алғашқы елеулі тәжірибесі. Ауыз әдебиетін зерттеумен бірінғай шұғылданбағанына карамастан Ш.Уәлиханов өлең өнерін жіктеп көрсетудің соны соқпағын салған. «Өлең» деген атауға Шокан ерекше мән берген. Ел аузында сақталып келген, жаттамалы шығармалардан бөлекше, түрлі жағдайға байланысты туатын, кейде лирика, енді бірде поэма сипатында жаратылатын авторлық туындыларды ғалым кең мағынасында осы топқа қосқаны байқалады. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ұйқасы мен өлшемі «өлең» түрінде берілген деп, пікірін анықтай түседі, эпос-

тың алғашқы бір шумағын мысалға да келтіреді. Олай болса Шокан ұғымындағы «өлең» қазіргіше айтқанда бірінші, екінші және төртінші жолы ұйқасатын онбір буынды өлең. Орынбай, Шөже секілді заманында белгілі ақындардың төкпе өлеңдерін де осы топқа қосуы «өлең» деген терминге ақындық поэзия сыйғызылғанын білдіреді.

Қазақ халқының сөз өнері, ақындық, жыршылық дәстүрі туралы ойларын Шокан Уәлиханов басқа тұстарда да қайтадан толықтырып отырған (52). Ол қазақ халқының хатқа түспеген өлеңдік мұрасының аса бай екенін әрдайым ескертіп отырады. «Қыздар мен жігіттер күйеу мен қалыңдықты мақтап тойларда өлең айтқанын» (53) көрсетеді. Бұл жерде ғалым жар-жар өлеңін еске алып отырғаны белгілі. Той кезіндегі ақындар айтысы туралы да пікір қалдырған.

Ұзақ жырларды айтушыларды «ақын», қарасөзбен әңгімелеушілерді «ертегіші» деп атайтынын көрсете келіп, Шокан жыршы-ақындар ауылдан ауылға қыдырып жүріп айтуды салт еткенін мәлімдейді (54). Мұның өзі Шокан заманында ел аралап жыр айтушылықтың кең өріс алғандығын аңғартады. Осыдан кейін Ш.Уәлиханов төкпеақындық, өлеңшілік табиғаты жайында қызғылықты ойлар түйеді. Ғалымның байқауынша, төкпе өлең көбінесе жеке адамдардың қасиетін мадақ ететін тұста айтылады, екіншіден, мұндай өлең көпшілік алдында орындалады. Зерттеуші бұл арада ақындық шабыт үшін тыңдаушы ортаның рөлін жіті аңғарған, ақын сөзін қарапайым жұртшылық «тәуліктер бойында» тыңдауға жалықпайтынын атап өткен. Мактау өлеңді бағалай білмеген сараң байларды ақын, өлеңші жұрт алдында мысқылдап, масқаралап танбалайтынын, ақындардың осындай мінезінен сескеніп олар сыйлықты мол беріп, өлеңшіні риза ететінін жазған. Бірақ Шокан мұндай сұрамсақ ақындарды қолдамайды, олардың әсіре мактау өлең айту дағдысына сын көзімен қарайды. Сонымен қатар ол өлеңді қадірсіз етпейтін, саз өнерін орнымен жұмсайтын, шығармаларында қоғамдық мәселелерді көтере алатын нағыз ақындарды жоғары бағалайды. Шокан: «Ұлы жүзде осындай тандаулы екі ақынды білемін», – дейді бірде (55). Ақындар айтысының кезінде әріптестер бір-біріне өткір сын айтатынын, мұның өзі тыңдаушыға әсер ететінін Шокан дәл байқаған, айтысушы «ақындар көбінесе мәнді» мәселелерді қозғайтынын көрсеткен (56). Ақындар айтысының шындықты ашу, қоғамдық деректерді әшке-

релеу құралы екенін жан-жақты зерттемесе де, Шоканның жоғарыда келтірілген байқаулары бұл жанрдың өзіне хас белгісін дәл басқан деп айтуға болады.

Қазақ ертегілерінің жалпы бағыты, оқиғалық құрамы жөнінде де Ш.Уәлиханов құнды ойлар білдіреді. Ертегішілердің репертуары бай екенін ескерте келіп, ертектерде алып батыр, жезтырнак, шайтан секілді кейіпкерлер кездесетінін көрсетеді. Сондай-ақ Ш.Уәлиханов мақал-мәтел, жұмбақтар турасында тоқталады, үш жүзге жуық мақал жинағанын мәлімдейді (57). Мақал-мәтелдер араластырып сөйлеу әңгіме, билер сөздеріне айрықша ажар беретінін айтады. Енді бірде қазақтар арасында күлдіргі әңгімелер-хикаяттар мол ұшырайтынын ескертеді.

Қазақ ауыз әдебиеті шығармаларын жинау мен зерттеуді Ш.Уәлиханов жеке өзіндік мақсат көрген емес. Сондықтан да ол халық туындыларынан елдің салт-санасын, дүниетанымын, тұрмыс, кәсіп ерекшелігін білгісі келеді, тарихи өмірдің сарынын, елесін іздейді. Өкінішке қарай Шоқан жинаған қазақ фольклоры шығармалары толық күйінде сақталмаған.

«Оңтүстік Сібір губернияларының тарихынан аңғармалар» деген мақаласында ғалым қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелерінің терен мәніне тоқталады, үлкен теориялық қорытындыға келеді. Аңыз-әңгімелер халықтың жазба тарихын қалпына келтіре қайталай алмағанымен, елдің өткендегісінің мол ақиқатын елестете алады деген пікір мұнда негізгі желі болып тартылған. «Егер Гомердің поэтикалық аңыздаулары, Геродоттың естіп алып жазып қалдырған аңыздары азды-көпті тарихилық мәнге ие десек, егер әрбір шала-пұла, қисынсыз аңыз-әңгімелердің өзінің негізінде оқиға мен шындық жатады десек, қазақтардың ұнамды және жүйелі аңыздауларында... тарихи мән болуы шүбәсіз» (58) деп жазады ол. Жалпы, аңыз-әңгіме жанрының ерекшелігі өткен заман оқиғалары мен адамдары туралы кең деректі мағлұмат бере алатындығында екенін ескерсек, Ш.Уәлихановтың мына тұжырымдарында зор шындық жатқанына сенеміз.

Осы еңбегінде автор: «Өлең, ескі жыр... айтылудан қалып барары» (59) деп өкініш білдіреді, мұның себебін мұсылманшылық шарттары кең тарай бастағандықтан көреді. Бұл тұжырым да өмір шындығынан алынғандығы мәлім. Әрине, ескі жыр мен өлеңнің азырақ айтыла бастауының бұдан басқа да себептері бар еді. Жалпы, ауыз әдебиеті дәстүрі жазба мәдениет жетіле бастаған кезде

баяулай түсетіні заңдылық секілді нәрсе. Халықтың сан ғасырлар бойындағы салт-санасына өзгеріс туа бастауы, Ресей қарауына түскеннен кейінгі жерде орын тепкен әлеуметтік-мәдени өзгерістер, тұрмыс қалпындағы жаңа нышандар ауызша поэзиялық дәстүрге бірте-бірте ықпал жасауы табиғи еді. Мұны ғалымның өзі де байқаған. Ол мұсылманшылықты дәріптейтін сарындармен қатар орыс мәдениетінің де әсері сөз өнеріне тие бастағанын аңғарған (60).

Қазақ халқының ақындық өнерге бейімдігі туралы Ш.Уәлиханов қалдырған сипаттамалар шындықты дәл басады. «Поэзияға бейімдік, әсіресе бірден төгіп айтқыштық барлық көшпенді расалардың ерекшелігі (61)», — дей келіп, ғалым күрделі тарихи салыстырулар жасайды. Көшпенді бәдәуилердің кішкентай баласына дейін өздеріне қойылған сұраққа табанда өлеңмен жауап беретіндігін еуропалық саяхатшылар талай рет тандана жазғанын еске сала отырып, мұндай дәстүр жалпы түркі-монғол нәсіліне де тән екенін тұжырымдайды. Мұның себебі кең жазира дала табиғатының немесе алаңсыз көшпенді өмірдің өз заңдылықтарынан ба, қалайда арнайы зерттеу керек деп ойын тұйықтайды.

Осыдан кейін ғалым араб және қазақ поэзиясының кейбір тұстарын салыстыра баяндайды. Бүкіл татар (түркі — Р.Б.) тілдес халықтар арасында ақындық қабілеті жағынан қазақтар біріншілер қатарында тұратынын көрсете отырып, ориенталист Сенковскийдің бәдәуилер табиғатынан ақын деген сипаттамасын қазақтарға да толық жарасымды санайды (62). Әсіресе ол қазақ поэзиясында ел өмірінің, нанымдардың дәл көрінісі берілгендігін зор қасиет деп бағалайды.

Сөз болып отырған еңбегінің ақырында Ш.Уәлиханов ауыз әдебиеті нұсқаларының танытқыштық сипатын, елдің өткен-кеткен жағдайларын толығырақ түсінуге таптырмайтын жанды дерек екенін ескертеді, қазақ тарихи аңыздарының өзекті бағытын ашып көрсетеді. Ол ақындар жырлап келген қаһармандар іс-әрекеті көбінесе Алтын Орда дәуірімен байланыстырылатынын, өмірде орын тепкен оқиғалардың өзгеріссіз қалпында айтылып келгенін, бұлай болуына әр дәуірде өмір кешкен төкпе ақын-жыршылардың еңбегі ерекше сіңгенін, мұның өзі халықтың рухани және тарихи тіршілігінің тұтас келбетін беруге жарайтынын атап айтады. Нақтылы жырлар мен аңыздардың қазақ жерінің әр бұрышында өзгеріссіз сақталғанына ғалым ерекше ден қояды және мұны ғажайып құбылыс деп қарайды.

Казактын ұлы ғалымының фольклор саласындағы тындырған аса мәнді істерінің қатарына қырғыз ауыз әдебиеті, оның жүйелері туралы байқаулары, жазып алғандары, талдаулары жатады. Жалпы Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен тағдырына зор жанашырлықпен қараған Шокан ол елдердің мәдениетіне де көп көңіл бөлген. Оның жол-жазбаларында, зерттеулерінде, хаттарында Россия империясын жайлаған ұсақ халықтардың халіне ерекше назар аударылып отырады. Сондай жол-жөнекей айтылған ойларының өзі тереңдігімен ерекшеленеді.

Қырғыз жеріне Шокан бірнеше рет барып, күрделі зерттеулер жүргізгені мәлім. Ол елдердің географиялық жағдайы, тарихы, наным-сенімі, саяси ахуалы жайында бұл сапарларында ғалым қыруар мағлұмат жинаған. Күнделік түрінде жазылған жазбаларында аса көп деректер келтіріледі. Шоканның қырғыз тілін, әдет-ғұрпын білгендігі оның зерттеушілік жұмыстарына үлкен жәрдемін тигізген. Қырғыздың елдік тарихын сөз ететін зерттеу «Қырғыздар туралы жазбалар» деп аталады. Ғалымның ауыз әдебиеті турасындағы қызғылықты ойлары да аталған еңбекте неғұрлым мол шоғырланған.

Алатау аңғарын жайлаған қырғыз халқының сол кездегі мәдени қалпына шолу жасай келіп, Шокан ауыз әдебиеті мәселесіне арнайы тоқталады. Ең алдымен ол қырғыз ауыз әдебиетін жанрлық, мазмұндық сипаттары бойынша жүйелеп көрсетеді. Өз кезі үшін мұндай жүйелеудің зор жаңалық екенін атап көрсетуіміз шарт. Қырғыз фольклорымен жеткілікті мөлшерде таныс емес адам мұндай іргелі ойлар айта алмаған болар еді. Ендеше Шоканның қырғыз ауыз әдебиетіне қатысты пайымдаулары ұзақ таныстықтың, кең салыстырулардың, аса көп деректерді білудің және соларды талдаудың нәтижесі деп білген жөн.

Ғалым қырғыз фольклорын негізінде үш топқа бөліп қарастырған. Ол ертекттер мен тарихи немесе қияли аңыз-әңгімелерді жеке бір сала етіп алып көрсетеді. Бұларда қиял-ғажайып сарындардың мол кездесетінін зерттеуші жіті байқаған. Ертегілер мен аңыздарда адамдар жат күштер: алыптармен, жалмауыздармен, жаналғыштармен күресіп, жеңіске жетіп отыратынын атап өтеді. Әдетте ертегі қаһарманы біреудің жалғыз ұлы болып келетіндігі,

оның мінген аты да өзіне лайықты, мықты серік болатындығы, «тіл бігіп» сөйлей алатындығы, қиын кезеңдерде батырға нағыз жанашыр, жәрдемші сипатында жүретіндігі, көбінесе ондай ерлер жаудың немесе жалмауыздың қолындағы тұтқын болған сұлу қызды ғажайып әрекеттер жасап босататындығы, жас батыр алыс, белгісіз сапарға аттанғанда ата-анасы оны жібергісі келмей, қаһарманның талабын көргеннен кейін еріксіз рұхсат беретіндігі секілді ертегілерге тән ортақ сарындар көрсетілген. Мұның өзі Шокан қырғыз ертегілерінің құрамын жеткілікті түрде танығанын байқатса керек. Осы қысқаша сипаттамаларда өте салмақты да жүйелі ойлар ұшығы жатыр. Қырғыз ертегілерін әңгімелегенде Шокан олардың татар ертекттерімен кейбір ұқсастықтарын да ескертіп өткен. Сонымен қатар, ертекттердің құрылыс жөнінде де нақтылы байқауларын білдірген. Мәселен ол ертекттерде қайталама, ортақ жайлардың кездесетініне зер салған. Қырғыздың шежіресі бойынша да Шокан өз пікірлерін қалдырған. Халықтың, рудың, тайпаның тарихы қырғыз арасында отбасылық шежіре, аңыз-әңгіме түрінде атадан балаға ауысып отыратындығын көрсетеді.

Қырғыз фольклорының екінші үлкен тобы сипатында эпикалық аңыздар алынған. Бәрінен бұрын ғалым қырғыз жырының ұйқас, ырғағындағы үндестікке, дыбыс қуалаушылыққа, басқаша айтқанда ассонанстың жиі кездесетіндігіне баса назар аударған. Бұл жағдай ежелгі түркі поэзиясына тән еркешелік екенін бұрынғы-соңғы оқымыстылар кең дәлелдегені белгілі. Шокан бұл ойларын «Манастан» біреу үзінді келтіре отырып баяндайды.

Алтын ердің қашы екен,
Аталы жұрттын башы екен...
Көк дөнненін басы бар
Көкетай ханның асы бар.

Осыдан кейін ол «Манас» жырына классикалық сипаттама береді. «Манас» — бұл энциклопедия, халықтың бір белгілі батыры айналасына, Манас төңірегіне, бір уақытқа жинақталған барлық ертегілерінің, хикаяларының, аңыз-әңгімелерінің, географиялық, діни, ақыл, адамгершілік түсінігінің қосындысы. «Манас» — тұтас бір халықтың шығармасы, тереңнен нәр алып ұзақ замандарда дамыған халықтық эпосы, сахараның «Иллиадасы» секілді (63), — дейді. Зерттеушінің аса маңызды ескертпелерінің бірі — сөз болып отырған жырға түрлі замандардың, алуан оқиға-

лардың бірте-бірте қосылып, қомақталып отырғандығын көрсетуі (64). «Манастың» жалғасы «Семетейдің» аса ірі аңыздау екендігін ғалым көрсетеді. «Манас» жыры туралы жазба мәліметтің жоқ кезінде оған ерекше көңіл бөліп, тұтас мазмұнын, мақсатын, бас кейіпкерлерін талдап, идеялық-көркемдік қасиетіне терең баға беруі, бұл жырды орыс, Еуропа қауымына таныстыруы, жырдың қызықты бір бөлігін жазып алуы, оны өзі орыс тіліне аударуы Шоқанның мәңгі өшпейтін тарихи істерінің бірі, туысқан қырғыз халқы алдындағы ұлы еңбегі.

Тұрмыс-салттық өлеңдерді Шоқан қырғыз фольклорының жеке саласы ретінде қарайды, бұлардың тақырыптық, мазмұндық жайларына да ерекше тоқталады. Бірақ ол қырғыз халқында қысқа өлеңдер қазақтарға қарағанда аздау деп тұжырым жасаған. Мұндай қорытындының белгілі дәрежеде шартты екенін көрмеуге болмайды. Қанша дегенмен, қысқа мерзімдік саяхаты кезінде ғалым қырғыз ауылдарын толық аралай алған жоқ, халықтың өлең қазынасын қалың материалға сүйене отырып тексеруге мүмкіндігі жеткілікті болмаған. Осыған қарамастан Шоқан қырғыз халқында эпикалық аңыздаулардың басым жатқанын дәл байқаған. Эпостан халық өзінің өткенін іздейтінін, тарихи аңыздар елдің хатқа түспеген шежіресі орнына жүретінін үлкен парасатпен пайымдаған.

IV

Ғалымның еңбектерінде казак, қырғызбен бірге көптеген халықтардың ауыз әдебиеті, эпикалық дәстүрі, аңыз-әңгімелері жайында өте мәнді тұжырымдар кездесіп отыруы кездейсоқ емес. Бұл оның жалпы демократиялық, гуманистік, ағартушылық көзқарасына тікелей байланысты. Ш.Уәлиханов жазбаларында ұйғыр, қалмақ, саха, алтай, телеуіт, монғол фольклорына қатысты ойлар жиі ұшырайды. Сондай пікірлердің бір саласы оның «Оңтүстік Сібір руларының тарихынан аңғармалар» деген мақаласынан көрінеді. Ол дін ережелеріне тым бойұрушылық халықтың ақындық өнерін көркейтуге залалды екендігін көп мысалдармен дәлелдеуге ұмтылады. Қазан татарлары мен османдық түріктердің ауыз әдебиеті мұраларының ұмытылып кетуіне діни схоластика кері әсер еткен деп санайды. Оның есесіне Сібірдің

дін шырмауына ілінбеген ұсақ халықтарында ежелгі фольклор нұсқалары бай да тұтас қалпында сақталғанын мысалға келтіреді. Әрине қазандықтарда, османдықтарда ертегілер мен халық өлеңдері мүлде жоғалған деген пікірде біржақтылық бар. Ол халықтардың фольклор мұрасы ешбір елден кем сақталмағаны белгілі. Бірақ Ш.Уәлихановтың діни догмалары халықтың еркін қиялына тежеу салады деген тұжырымы шындыққа негізделген.

Саха (якут) халқының ауыз әдебиеті туралы ғалым орнықты ойлар келтіреді. Ол сахарала әсіресе эпикалық поэзия күшті дамығанын бірталай дерекке сүйеніп айтқан. Солардың қатарында Хорылан, Мохсоргол, Еберен-Әмехсин жырлары көрсетіледі. Ал Қыланых – Қыс батыр туралы романтикалық поэманы ерекше атап өткен. Якут халқының шын аты саха екенін де ғалым біліктілікпен аңғара білген. Сахалардың Солтүстік Азияға көшуі туралы халық аузында жүрген аңызды мысалға келтіруі көңіл бөлерлік. Елді Алтайдан бастап шыққан батыр Әллия мен бай Омоғойдың ұмытылмас ерлік істері сахалар санасында сақталып келгені айтылады.

Саха (якут) халқының Лена өзені бойында орналасу тарихын Әллия батыр мен Омоғой байдьң әрекетіне қатыстырып әңгімелейтін аңыз да мифтік көзқарасқа келеді. Бұл – халықтар алғашқы адамдардан, жеке жүрген «соқа басты» жандардан пайда болған делінетін көне ұғымның жалғасы екендігі көрінеді (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 1. С. 394).

Сол кездегі якут тілі сөздігін жасаушылардың еңбегіне талдау жасайды, жергілікті халық тілін дұрыс дыбыстап жазу қажеттілігіне назар аударады.

Ш.Уәлихановтың Орта Азия халықтарының фольклоры жайындағы пікірлері көп жағдайда оның сапар күнделіктері, естеліктері, тарихи-этнографиялық шолулары арасында араласқұралас келіп отырады. Ғалымның атақты «Жоңғария очерктерінен» де осыны көреміз. Мұнда автор алдымен Орта Азияның өткені мен кейінгісін салыстыра келіп, мәні терең тұжырымдар жасайды. Бір заманда кітапханалары, обсерваториялары болған Хиуа, Бұхар, Самарқанның соңғы ғасырларда дін шырмауына ілініп, ертедегі даңқынан мүлде айрылып қалғанына өкініш білдіреді. Сондай-ақ Шығыс Түркістан ахуалының да бұдан көп айырмашылығы жоқ екенін ескертеді. Бірақ Қашқардың музыкалық саздары мен бишілерін әлемде теңдесі жоқ деп жоғары бағалайды (65).

Осы тұста Шоқан аса бір қызықты тұжырым жасайды, ол казак пен кыргыздың ертегілері, мифтері, эпикалық жырлары мен аңыздары көп ретте Еуропа халықтарының, соның ішінде славяндардың фольклорлық шығармаларымен сарындас екендігін атап өтеді (66).

Сөз болып отырған еңбегінде ғалым көшпенді халықтардың өлең-өнге ерекше бейім екендігіне тоқталады. «Бұрынғының сөзіне құмарлық және аңыз-әңгімелерінің байлығы Солтүстік және Орта Азия көшпенді халықтарының ерекшелігі болып табылады. Бұл әңгімелер ру ақсақалдарының естеліктері немесе заңдық аңыздар мен шежіре ретінде, кейде эпос түрінде қатты құрметтеліп, сақталып, жыршылар қауымы арқылы ауыздан ауызға көшіп отырған» (67). Сол аңыздардың аса үлкен тобы кыргыз халқының жаралуы, тарихы туралы көне әңгімелер екенін айтады. Бұл арада ескі төтемдік ұғымдарға қатысты аңыздар келтірілген.

Ғалым түрлі аңыздар ішінен «Ноғайлы жырлары» деп аталатын эпикалық аңыздарға айрықша көңіл бөледі. Автор бір кезде «ноғай» деген атау Орта Азияның түркі және монғол тектес көшпелі руларының жалпы есімі болған деп пайымдайды. Ноғай аңыздары XIV–XVI ғасырларда туған дей келіп, олардың тарихи танытқыштық сипаты бар екенін аңғартады.

Шоқан аталған еңбегінде өздерін Алтын Орда мен Шағатай ұлысына тән деп есептейтін казак, ноғай, көшпелі өзбектерде Едіге, Ер Көкше, Орак, Шора туралы жырлар сақталғанын сөз ете келіп, осылардың әрқайсысы да тарихта болған адамдар деп есептейді (68). Бұл аңыз, жырлар бір-біріне тілі жақын халықтар арасына тарап отырғанын табиғи құбылыс деп есептейді. Осы ойларын дамыта келіп автор бірсыпыра салыстырулар жасайды. Мәселен, ол түрікмендерде де Едіге туралы аңыз айтылатынын келтіреді. Жалғыз көзді дәу туралы көне грек аңызына ұқсас кейіпкер казак ертегісінде де кездесетіндігіне назар аударуы маңызды (69).

Ғалымның осы еңбегінде «Манас» туралы ойлары кеңірек таралып айтылған. «Манас» — кыргыздардың барлық мифтерінің, ертегілерінің, аңыздарының белгілі бір уақытқа және бір ғана батыр Манастың төңірегіне топтастырылған энциклопедиялық жинағы. Кыргыздардың өмір суреті, әдеті, мінезі, географиясы, діни және медициналық білімдері осы ұланғайыр эпопеяда көрініс тапқан. Бұл поэмада, біздің ойымызша, кейінгі кезендердің қоспалары мен өзгерістері орын тепкен. Мүмкін оның қарасөзді ер-

тегілермен тұтаса құралып тууы да кейінгі мезгілдің ісі болар. «Манас» бүгін калыпқа түскен көптеген эпизодтардан тұрады. Ал бұл — кыргыз Одиссеясы» (70).

Мұндай талдаулар мен бағалардың кезінде зор жаналық болғанын ғылыми жұртшылық мойындаған. Сонау патша заманының қыспақ кезеңінде кыргыз халқының елдік мақтанышына айналған осынау эпопеясын әлем жұртшылығына таныстыру, жырдың айрықша қасиеттерін тану білімдарлықты және батылдықты керек ететін еді.

Мұнан соң Шоқан «Манастың» қысқаша мазмұнын қарасөзбен тартымды түсіндіріп берген. Ұзақ жырдың бір бөлегін — «Көкетайдың асын» жазып алғанын және бұл үзіндіні орысшаға аудармақ болғанын білдірген.

Ш. Уәлихановтың еңбектерінде халықтардың наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде ойлар мен тұжырымдар мол. Мұндай пікірлер оның барлық туындыларында там-тұмдап аралас келіп отырады. Жалпы, Шоқан шығармаларының бір ерекшелігі олардың белгілі бір мәселеге ғана арналмай, құбылыстарды кең қамтитын әмбебаптығында. Алдына үлкен жауапты саяси, мемлекеттік міндеттер қойған сапарларының барлығында да Ш. Уәлиханов өзі таныған шындықты неғұрлым молырақ камтуға ұмтылған. Мәселен, өзі көрген елдің географиялық жағдайын айта отырып, тарих пен этнографиясын тасада қалдырмайды. Әсіресе халықтың аңыз-әңгімелерін, шежіресін, мифтік ұғымдарын, өнерін бір-бірімен тығыз байланыста алып қарайтынын көреміз. Сондықтан да ғалымның фольклорға тікелей арналмаған зерттеулерінде де халық шығармалары туралы ойлары қатарласа жүреді. Бұларды негізінен үш топқа бөліп қарауға болады. Шоканның түрлі халықтардың мифологиясы, аңызы, шежіресі жайындағы байқаулары мен талдаулары өте қызғылықты. Сол үшін алдымен оның әр кезде жазған зерттеулерінде кездесетін осы тараптағы тұжырымдарына тоқталайық.

«Ұлы жүз қазақтарының аңыздары» деген зерттеуінде ғалым халық шежіресін сөз ете келіп, қазақтардың арғы тегін Алаш есімді кісіден тарататынына көңіл аударады. Алаштын қай заманда өмір кешкендігіне ой жүгіртеді. Ең маңыздысы сол, Шоқан халықтың мұндай жеке адамнан таралдық деп ұғуы нағыз мифтік дүниетаным екенін ескертеді (71). Бұл ойын кенейте келіп, ғалым өздерінің еркіндігі мен тәуелсіздігін әйтеуір бір бастаушы жара-

тушы түп атаға апару жалпы азия халықтарында жиі кездесетін ұғым екенін айтады.

«Қырғыздар туралы жазбаларында» Ш. Уәлиханов бұғы руының тегіне байланысты мифтік аңызды келтірген. Ғалым қырғыздардың тұтас бір руы бұғы анадан, «мүйізді бәйбішеден» таралған деген тамаша аңызды толық жазып алған (72). Қырғыз халқының атын «қырық қыздан» шығаратын, олар қызыл итпен байланысы болыпты-мыс дейтін аңыздың да түп тамыры дүниенің жаратылуын жеке бір бастаушыларға телитін мифтік-төтемдік ұғымдарға жақын (73). Қырғыздың бір аңызында дәруіштің қызы аспан әлемінен түскен періштелермен қарым-қатынаста болады. Тағы бір аңызда қырық қыз теңіз жағалап жүріп, жағадағы толқын көбігінен жүкті болған делінеді. Кейде аңыз тұтас бір халықты Қырғызбай деген адамнан таратады (74).

Қырғыздың енді бір аңыздарында олардың түп атасы Ноғайдан тараған болып есептеледі, Бістықкөл толқығанда ауық-ауық жағаға шығып қалатын ескі үй мүлкі қалдықтары бір кездегі ноғайлы қалаларының жұрнағы деп ұғынылған (75). Мұның бәрі жаратушы ілкі адамдар болған дейтін мифтік ұғыммен сабақтас. Халықтың жаралуын аннан, жан-жануардан «шығару» да жиі кездесетін аңыз болып табылады. Кейбір түркі халықтары ертеде өздерінің арғы тегін қасқырдан «таратқаны», қасқырға табынғаны белгілі. Қазақ, қырғыз ертегілерінде кездесетін үш қат әлем туралы түсінік те дүние құрылысын мифологиялық модель бойынша түсінудің көрінісі.

Ш. Уәлиханов ежелгі грек мифіндегі жалғыз көзді дәу – Полифемнің қазақ ертегілерінде де ұшырайтынын алғаш рет аңғарған. Мұның қазақ арасында Алып деген атпен мәлімдігін айтады. Қазақтардың ертеде аспанға – көк тәңірге сыйынуының да сырын Шоқан табиғатқа табынудың, белгісіз күштерден қорқудың көрінісі деп біледі (76). Күнді, айды, жұлдызды, жерді күдірет тұтудың салдары ескі қазақ өмірінде жиі орын алғанын көрсетеді. Адамға дос күштер мен қас күштер туралы түсініктің өзі мифологиялық дәуірдің жаратындысы. Аспаннан жұлдыз ағып түскенде «жұлдызым жоғары» деп күбірлеу де табиғат құбылыстарын ие санаудың белгісі. Халық ұғымында жұлдыздың ағып түскені бір жерде белгілі бір адамның өлгенін білдірмек. Басына бақыт қонған адамды «жұлдызы жанған» дейтіндік те осымен сабақтас ұғым. Темірқазық, ақбозат, көкбозат, жетіқаракшы тура-

лы аңыздарда жетіқаракшыны жеті ұрының жұлдызға айналған бейнесі деп ұғынған (77). Түнде жаңа туған айға қарап табыну да, «айың оңынан тусын» деп бата беру де көне дәуір наным-сенімінен хабар береді. Біреуге ризалық етсе «тәңір жарылқасын» деу, қарғаса «көк соқсын» деп ызбарлану да аспан әлеміне құлдық ұру нышаны. Аспан адамдары белдікті тамағынан, жердегілер белінен, жер астындағылар аяғынан байлайды дейтін ертегі түрінде де үш қат әлем түсінігі жатыр (78). Ш. Уәлиханов өлі мен тірінің достығы туралы аңызды да жазып алған. Бір соғыста шейіт өлген жан тірімен дос болады, соның кеңесімен жоғалған қысырақты іздеп шыққан бай баласы көп шытырман оқиғаларға кездеседі, ақырында барлық көздеген мақсатына жетеді. Бұл адам өлгенмен, оның жаны өлмейді, тіршілігі жалғаса береді деп санайтын көне анимистік ұғымдармен ұштасатын аңыз. Ш. Уәлиханов осындай аңыз, ертегілерде халықтың бір замандағы дүниені тану дәрежесі қандай болғандығынан ғана емес, қазіргі наным-сенімінен де хабар береді. Мұның бәрін ғалым халықтың рухани әлемін, мәдени дәрежесін, ақындық қиялын жан-жақты түсіну мақсатында жинап тексерген.

Қазақ ғалымының мақалалары мен зерттеулерінде әпсана (легенда) мен аңыз-әңгімелер (предание) өте мол келтірілген. Мұның өзі Шоқан халықтың аңыз-рәуаяттарына, көне сөздеріне айрықша мән бергенін, солардан елдің ескі өмірінің ізін іздегенін байқатады. Бұл топтағы материалдың өзін бірнеше жүйеге бөліп қарауға болады. Жеке тарихи адамдар туралы әңгімелер бір болса, қиял-ғажайып аралас әпсана-легендалар өз алдына үлкен шоғыр. Сол әпсаналары аспан әлемі (ғарыштық) жер, судың жаралуы, аты (географиялық, топонимикалық), халықтар мен тайпалардың пайда болуы (этногенездік), жан-жануарлардың жаралуы (зоогенетикалық), әулиелер, пайғамбарлар жайындағы діни аңыздар (әлеуметтік-қияли әңгімелер) деп жіктеуге болады. Ш. Уәлиханов өзінің еңбектерінде дәл осылай нақтылы жіктемеге-німен, бұл аталған белгілер оның жазып алғандарынан толық табылады.

«Жамиғ ат-тауарихтан» үзінділерінде де Ш. Уәлиханов тарихи шындықты аңыз дерегімен салыстырып көруді көздейді. Демек, Шоқан үшін аңыздар өткен өмірді танудың кілті, құралы секілді. Оғызнаме, Шайбанинаме, Едігеге қатысты аңыздар халық жадында сақталғанына көңіл бөледі. Шоқан казактың (казачество)

сөзінің мағынасын көп іздестіріп, бұл терминнің орыстарға түркі халықтарынан ауысқанын дәлелдейді (79). «Көшпелі далалықтар қазақ деген атауды мақтаныш еткен» деп жазады Шоқан. Қ. Жалайыри еңбегінің Жиренше шешен туралы тұстарына да Шоқан ерекше тоқталып өткен. Сондай-ақ Асан қайғы атына байланысты жеткен әңгімелердің мәнін жоғары бағалайды.

«Ыстықкөлге сапар күнделігінде» Ш. Уәлиханов аңыз-әңгімелерді жүйелі түрде жинаған, олардың шығу, сақталу себептеріне ой бөлген. Бірде ол «Торыайғыр» деген жердің аты неліктен шыққаны туралы ел аузынан естігендерін келтіреді. «Манастың бозтөбесі» деген атаудың Манас батыр есіміне байланысты қойылғанын анықтайды (80).

«Қырғыздар туралы жазбаларда» да көп қызғылықты мағлұмат бар. Мұнда Ыстықкөлдін пайда болуы жөнінде елдің әлемі анызы берілген. Осы еңбегінде Шоқан қазақ, қырғыз, монғол халықтары арасында сақталып келген Шыңғысханның туысы туралы аңызды айтады. Ш. Уәлиханов қырғыздарда ноғай тарихы туралы әңгімелер сақталғанына ерекше көңіл бөледі. «Он сан ноғайдың» бүліншілікке ұшырағаны жайында қазақтарда айтылатын аңыз-әңгіме қырғыздарда да сол мағынада әңгімеленетініне мән берген (81).

Жоңғар Алатауының алқабында кездесетін терең орларды халық Жәнібек хан тұсында құлан аулау үшін қазылған деп аңыз етіп келгенін жазған. Ән өлеңінің елге тарауы туралы аңыздың тағы бір нұсқасы келтіріледі. Мұнда қазақ арасында бұл өнердің Орта жүзге «қонып өткені» жайында қариялар әңгімесі келтірілген (82). «Жоңғария очерктерінде» автор жол-жөнекей кейбір тарихи батырлар турасында мағлұмат береді. Мәселен, ол орыстың 1423 жылғы Никон шежіресіне сүйеніп, Көкшені де, Шораны да ертеде анық өмір кешкен адамдар деп санайды (83).

«Іле өлкесінің географиялық очеркі» деген еңбегінде Шоқан тағы бір қызық аңызды сөз етеді. Абылай айналасына топталған қазақ батырларының ішінен бәсентіін Малайсарының заманында аса беделді болғаны, оның бір басында парасат пен қаһармандық ұштасқанын атап айтады, мұның өзін ол тарихи жазбаларға сүйене отырып дәлелдейді.

Бұл көрсетілгендер Ш. Уәлихановтың еңбектерінде тарихи, этнографиялық, тілдік, археологиялық, өнерлік, фольклорлық мағлұматтар қатарласа, бірін-бірі толықтыра келіп отыратынын аңғартты. Әсіресе оның жер, су атаулары, халықтың ғарыштық

наным-сенімдері, белгілі тарихи адамдар хақындағы төл мәселесі болып табылады.

Ш. Уәлиханов өзінің сапарнамасы мен күнделігінде аралаған елінің шежіресіне азды-көпті соғып отырады. Мұны ол тарихшы ретінде де, этнограф сипатында да өте қажет санаған. Сонымен қатар шежіренің халық ауыз әдебиетін түсінуге де септігі бар, өйткені көптеген тарихи аңыздар, өлеңдер, жырлар ізі суымаған оқиғалардың сонынан ала туатыны белгілі. Фольклор шығармаларының көбінде тарихи істерінің нақтылы хронологиясы берілмегенімен, ұлы сарыны сақталады. Кейбір туындыларда қаһармандардың елі, руы ескертіледі. Ендеше ауыз әдебиеті шындығы мен тарихи шындықтың ара қатынасын ажырату үшін де шежіре өзіндік қызмет атқара алады. Шоқан жазып алған шежіренің ауыз әдебиеті үшін пайдасы осы тұсынан көрінеді. Ш. Уәлиханов эпикалық жырлардың кейіпкерлері Шора, Көкше, Едіге туралы сөйлегенде тарихи деректерден қол үзбейді, ақиқатқа табан тірейді. XVIII ғасырда жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырлары жайындағы аңыздарды да белгілі, нақтылы оқиғалармен байланыстырып, салыстырып қарайды. Қысқасы, Шоқан жинаған шежіре өзінің бағасын жоймайтын маңызды мағлұмат болып табылады. Профессор И. Н. Березинге жазған хатында қазақ хандарының шежіресін қоса жібереді. Шоқанның жинаған бұл мағлұматы құнды құжат болып есептеледі.

«Жамиғ ат-тауарихтан үзінділер» деген еңбегінде Шоқан Алтын Орданы билеген хан әулетінен өз заманына дейінгі буынды саралап таратып береді. Едігенің ата-бабалары туралы аңызды келтіреді. «Қазақ шежіресінде» белгілі рулардың тарихи мекен-жайларын, түрлі халықтардың құрамына қосылу жағдайларын айтады, үш жүздің әрқайсысының негізгі тайпаларын атайды, қазақ халқының түркі-монғол тектес елдерден пайда болғанын, «қазақ» деген атаудың бұлардың жалпы есімі болып XV ғасыр тұсында қалыптасқанын өзінен бұрынғы тарихшыларға сүйене отырып дәлелдейді. Өзбек халқының құрамына енген түркі руларының Орта Азияда қандай өңірлерді мекендейтінін Ш. Уәлиханов білгір баяндайды. Әсіресе ол қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтарының ескі жырларында бөріне ортақ сарындардың мол екендігіне көңіл аударған. Ноғайлы дәуірінің мұрасы тек сөз, саз музыка өнерінде ғана емес, заттық ескерткіштер арқылы да сақталғанын Шоқан дәлелдеп береді (84).

Қазақ халқының тарихи тағдырын танып-білу үшін Шоқан кейде өз елінің шежіресіне, енді бірде бұрынғы өткен Рашид-аддин, Әбілғазы, Дулати, Қадырғали Жалайыри еңбектерінде, енді бірде орыс жазбаларына үніледі. Бұл сол замандағы негізгі сұрау еді. Өйткені халықтың тарихын білмей, оның бұралаң жолдарын, шытырман күреске, қайшылыққа толы өткенін ескермей, келешегі туралы сөз қозғау қиын. Өз елінің жақсы дәстүрін Ресейге таныстыруды мақсат еткен ғалым тілге тиек етер деректі іздейді, түркі-монғол елдерінің аңыздарынан, жырларынан ол елдердің бұрынғысының бейнесін білгісі келеді. Бір кезде әлемді тігіреткен Шыңғысхан империясының бертің келе бөлшектеніп, ақырында ұсақтап, өзге елдердің қарауына түсуінің себебін білу ойшыл ғалымды алуан ізденіске апарды. Қазақ, ноғай, өзбек одақтарының қалай құрылғанын да талдап көрсетуге ұмтылады. Ноғайлар мен қазақтардың бірлесіп өмір кешкен кезі ауыз әдебиетінде алтын ғасыр сияктанып сипатталатын себебін де түсіндіреді. Кейіннен қалмақтардың, тағы басқа жаулардың қысымынан ноғайларды бөлінгенде мұн мен өкінішке толы жырлар туғанын айтады. Осындай тарихи халдерді шола отырып, Шоқан өз халқының бастан кешкендері көбінесе көркемсөз бен саз түрінде сақталып қалғанын көреді. Бұл туындыларға зор баға береді, туған елінің неше алуан қымбат жырлар мен аңыздарды айтып келгеніне зер салады, мақтаныш тұтады. Ақындық, жыршылық туралы Шоканның биік бағалары мейлінше дәл. Ғалымның қысқа өмірінде ұзақ жасайтын еңбек қалдыруы үлкен отаншылдық ойлардан, арман, мақсаттан деп білу керек. Жыршылардан эпикалық аңыздауларды жазып алуы да халқының рухани мұрасын келешекке жеткізу аңсарынан шығады.

Ш. Уәлиханов шын мәніндегі шығыстанушы ретінде көршілес жатқан елдер тарихымен да жақсы таныс болған. Оның көп мағлұматтары қытай, монғол, араб, парсы, түрік кітаптарынан алынған. Оның конспект жазбаларының ішінен тек түркі-монғол хандарының ғана емес, жалпы Шығысты билеген әулеттердің де шежіресіне қатысты деректер кездеседі. Мәселен, ол саманилер, ғазнауилер, селжұқтар, хорезмшахтар, исмаилидтер, қарақытайлар әулеті қанша заман ел билегеніне дейін нақтылы зерттеген.

Шоқан жазып қалдырған миф, әпсана, өлең-жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, шежіре ғалымның қазақ, қырғыз, монғол, алтай, ноғай, татар, ұйғыр, башқұрт, түрікмен, өзбек, қарақалпақ халық-

тарының рухани мәдениетін білуге, бұл елдердің бастан кешкен шырғалаң тарихын тануға, бұлардың арасындағы этникалық туыстықты да, түрлі жағдайлар салдарынан туған алалықтарды да, сәтсіздікті де түсінуге көмектеседі. Әсіресе қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиеті бойынша жүргізген зерттеулері ешқашан маңызын жоймайтын ғылыми ерлік деуге лайық.

Әдебиет:

I

1. Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. Алма-Ата, 1961. Т.1. С.26.
2. Уәлиханов Ш. Танд. Алматы, 1985. 16-б.

II

3. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: в 5 т. 1968. Т.4. С.26.
4. Сонда.
5. Валиханов Ч.Ч. Т.3. С.53.
6. Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. Казань, 1876. Т.3.
7. Валиханов Ч.Ч. Т.1. С.176 — 177.
8. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1984. С. 353.
9. Валиханов Ч.Ч. Т.1. С.176 — 177.
10. Сонда. 178-б.
11. Сонда. 175 — 176-б.
12. Сонда. 179-б.
13. Алдаспан. Алматы, 1970. 126-б.
14. История Казахской ССР. Алма-Ата, 1979, Т.3. С.72.
15. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.1. С.222.
16. Сонда. 224-б.
17. Сонда. 430-б.
18. Сонда. 430, 432-б.
19. Сонда. 436-б.
20. Мелиоранский П.М. Сказание об Едиге и Токтамышше, Спб., 1905.
21. Сонда. 2-б.
22. Сонда. 3-б.
23. Сонда. 5-б.
24. Сонда. 13-б.
25. Сонда. 16-б.
26. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.4. С.324.
27. Сонда. 491-б.
28. Сонда. 493-б.
29. Сонда. 493 — 494-б.
30. Сонда. 496-б.
31. Сонда. 497-б.

32. Сонда. 508-б.
33. Сочинение Чокана Чингисовича Валиханова / Под ред. Н. И. Веселевского. Спб., 1904.
34. Сонда. 223-б.
35. Сонда. 223 — 224-б.
36. Сонда. 224 — 225-б.
37. Сонда. 226-б.
38. Сонда. 231-б.
39. Марғұлан Ә. Шоканның жарияланбаған материалдары. «Қазақ әдебиеті», 1981. 16-қазан.
40. Марғұлан Ә. «Шокан және «Манас». Алматы, 1971. 32 — 34-б.
41. «Көкөтайдың ертегісі», «Манас» жырының Шокан жазып алған бөлігі. Алматы, 1973.
42. Hatto A. T. The memorial feast for Kokotoy-khan (Kokktoyduñ asi). A. Kurgiz Epic Poem. Oxford University Press. London, 1977.
43. Ботаяров К., Ибраев Ш. Эпикалык мұрастың бір тамшысы// Ала-Тоо, 1979. № 7. 68 — 97-б.

III

44. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.1. С.121.
45. Сонда. 122-б.
46. Сонда. 132 — 134-б.
47. Сонда. 156-б.
48. Сонда. 158-б.
49. Сонда. 159-б.
50. Сонда. 196-б.
51. Сонда. 199-б.
52. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.3. С.417.
53. Сонда. 418-б.
54. Сонда. 419-б.
55. Сонда. 419-б.
56. Сонда. 419-б.
57. Сонда. 420-б.
58. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.1. С.388.
59. Сонда.
60. Сонда. 389-б.
61. Сонда. 390-б.
62. Сонда. 390-б.
63. Сонда. 367-б.
64. Сонда.

IV

65. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.1. С.394.
66. Сонда. 409-б.

67. Сонда. 418-б.
68. Сонда. 419-б.
69. Сонда. 420-б.
70. Сонда.
71. Сонда. 200-б.
72. Сонда. 344-б.
73. Сонда. 344 — 345-б.
74. Сонда. 381-б.
75. Сонда. 471-б.
76. Сонда. 470-б.
77. Сонда. 480-б.
78. Сонда. 480-б.
79. Сонда. 206-б.
80. Сонда. 246-б.
81. Сонда. 357-б.
82. Сонда. 357-б.
83. Сонда. 419-б.
84. Сонда. 212-б.

ШОҚАН ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың көп қырлы мұрасының бір саласы — ауыз әдебиеті туралы еңбектері. Ол бір-біріне етене жақын қазақ пен қырғыз фольклоры жайында аса бағалы зерттеулер қалдырды. Сонымен қатар ғалымның шығармаларында Орта Азия, Қазақстан, Сібір халықтарының ауыз әдебиеті жөнінде де ойлар мен тұжырымдар кездеседі. Мәселен, ол саха (якут) аңыздары мен эпикалық жаратындылары турасында алғашқы зерттеушілердің бірі қатарында пікір айтқан. Оның еңбектерінде ұйғыр, қалмақ, алтай, монғол, бурят, карақалпақ, түрікмен, өзбек фольклорына қатысты қызықты талдаулар ұшырайды. Мұның бәрі бұл халықтардың тарихы мен мәдениетін тексерушілер аттап өте алмайтын маңызды куәліктер болып табылады.

Шоқан Уәлихановтың фольклоршылық туындыларын сөз еткенде кейбір мәселелерді ескеріп отырған жөн. Ол қай халықтың болсын ауыз әдебиетін арнайы зерттеген емес. Бұлай етуге ғалымның мүмкіндігі де болмаған. Шоқанның фольклор ескерткіштері туралы байқаулары — оның әскери немесе әкімшілік тапсырмаларын орындай жүріп, жол-жөнекей тапқандары. Асқан зеректігінің және білімділігінің арқасында Шоқан сондай санаулы қысылтаяң сапарларының өзінде қыруар материал жинай білген. Ш.Уәлиханов еңбектерінің және бір ерекшелігі олардың «көпқабаттылығында» деуге болады. Ол әрбір күнделігінде немесе очеркінде белгілі бір өлкенің, халықтың тарихын, этнографиясын, археологиясын, ән-күйін, тілін, әдебиетін тұтастай қарап, көзге ілігіп, ойға қонғандарын жазып отырған. Сондықтан да оның таза жағырафиялық дейтін зерттеулерінің өзінде тарих пен салт-санаға байланысты байламдар да табыла береді. Қиындығы, кездейсоқтығы мол ресми қызметтерде жүріп, бас-аяғы он шақты жылдың ішінде Шоқанның құнды еңбектер жазғаны қайран қаларлық. Бұл оның әуел бастан болашақ ғылыми нысана-

сын анықтап алған мақсаттылығына да, патшалық отарлаушылық езгісінде жатқан елдердің рухани мүмкіндігін таныстырғысы келген азаматтық аңсарына да байланысты болса керек.

Тағы да бір атап өтерлік мәселе — Шоқанның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, түсіндірудегі мұраты жайында. Ғалым фольклор деректерін табуды жеке өзіндік мақсат деп қарамаған. Ол ауыз әдебиеті мағлұматтарын жазбаша ескерткіштері аз сақталған халықтардың тарихи даму өзгешеліктерін, мәдениетін, наным-сенімін, саяси-қоғамдық ахуалың танып-білудің құралы санаған. Мұндай ойларын Шоқан әлденеше қайталап, жазып қалдырған. Оның зерттеулерінде халықтар тіршілігінің сан тарауы білгір де мол қамтылып отыратыны осы себептен. Ғалым рухани және материалдық мәдениетті бір-бірінен бөліп алып қарамайды, солардың арасынан бірлік, белгілі бір заңдылық іздейді. Оның археология туралы толғамдарында ел өмірінің ерекшелігін «түптен тартып» көрсету ниеті сезіледі. Молаға үйілген обалар мен басына қойылатын құлпытастар жөнінде кең салыстырулар жасай келіп, ғалым аса маңызды қорытынды жасай біледі. «Ерте заманда, — дейді ол, — данқты адамдардың, батырлығымен, өнегелі істерімен атағы шыққан жандардың моласына топырақ үю дәстүрі халықтардың баршасына ортақ дәстүр болған. Гректер де обалар салған және бұл сияқты топырақ үйінділері Солтүстік Америкадан да табылып жүр. Қытай тарихшылары мұндай дәстүр хунныларда да болғаны жайлы айтады. Оңтүстік Ресей мен Сібір және Орта Азия далаларында тізбек-тізбегімен шұбай созылған ескіліктің бұл қалдықтары көп кездеседі және олар ғылым жүзінде талай зерттелген... Қазақ даласында мұндай обалар өте көп кездеседі. Көне ескерткіштердің басқа да бірнеше түрлері бар. Қазақ даласынан ғимарат, мұнара және басқаларының қалдықтары табылып жүр. Соған карағанда, бұл даланың оңтүстік бөлігі бір кезде отырықшы халықтың мекені болған деген ой туады» (Шоқан Уәлиханов. Тандамалы, 1985, 208 — 209-беттер). Осылайша ғалым сенімді ғылыми қорытындыларға келу үшін, заттық мәдениет жәдігерлерін де жиі сипаттап отырады, кейде археологиялық, енді бірде этнографиялық деректерге сүйенеді, тағы бірде фольклор куәлігін таяныш етеді.

Қырғыз халқының этногенезін анықтауға, «қырғыздар бір заманда Алатау аңғарына Сібірден, Енисей бойынан көшіп келген» дейтін жорамалдың шындығына жету үшін ғалым әсіресе

аныз деректерін көп пайдаланады. Бұл жөніндегі аңыз, ертегілердің мөнүн ол былайша бағалайды: «Орта Азияның барша көшпелі тайпалары сияқты Алатау кыргыздарының да отбасы естеліктері түрінде сақталып келген, өздерінің ата-бабаларының, даңқты батырларының ерлік істерін баяндайтын талай-талай тарихи аңыздары мен ертегілері, поэзиялық хикаялары бар. Бұл аңыз-ертегілердің белгілі бір сындарлы жүйесі жоқ және көбінесе шындыққа жанаспайтын болғанымен, бәрін тұтас алғанда, халықтың өткендегі өмірінің қысқаша тарихи суретін бейнелейді. Өздерінің батырлары мен халық арасындағы маңызды оқиғалар туралы аңыздарды жырға айналдырып, келешек ұрпаққа от басындағы естелік әңгіме тәрізді айтып жеткізіп отыру — барлық көшпелі тайпаларға тән салт. Аңызшылардың ең құрметтісі сол аңыздарды аумамай-төкпей жеткізушілер болып табылады» (Шокан шығармаларынан мысалға алынған үзінділер Ә.Ипмағамбетовтің аудармасынан келтірілді). Бұл айтылғандардан Шоканның халық тарихын түсіндіруге азды-көпті септігін тигізетін аңыздарды мейлінше зейін қоя жинауының және зерттеуінің себебі аңғарылса керек. Мұндай ғылыми тәсілдің жемісті болғанын ғалымның күллі еңбектері толығымен дәлелдейді. Шежірелерді, тарихи аңыздарды, жазба мәтін-деректемелерді салыстыра, археологияның, этнографияның, тілдің, музыканың куәліктеріне сүйене отырып, зерттеуші көп ақиқатты ашып береді.

Өзінің барлық жұмыстарына методологиялық тірек етіп ұстанған осындай көзқарасын Ш.Уәлиханов енді бірде тереңдете келіп, Шығыс жазбаларында шым-шытырық араласып кеткен тарихи фактілерден гөрі халық аңыздарының маңызын артық санайды. «Қыргыз тайпаларының, асылы, жазба әдебиеті жоқ халықтардың тарихы шынайы ақиқаттан гөрі көбінесе аңыздарға негізделеді де, бізге тек қытай мен шығыс тарихшыларынан алған, біріне-бірі қайшы келіп, былығып жатқан күйінде немесе жұрттың бөріне түсінікті, карапайым болғанымен, көп мәні бар, талай сыр түйген, жұмбақ күйінде жетеді, сондықтан олардың ертедегі тағдырын түнек басып, беймәлім болып отыр. Көшпелі халықтардың, зады, жазба әдебиеті жоқ тайпалар дерегі олардың аңыздары немесе солармен байланысты болған мәдениетті халықтардың шежірелерінен алынған мәлімет үзінділері болып келді және солай бола бермек» (Сонда. 221-бет). Осының ізінше Шокан аңыздардың деректемелік сипатын «бір-бірімен байланысы

жоқ әрі дүдәмалдау тарихи баяндарды анықтауға аңыздардың, қосымша мәлімет есебінде ерекше үлкен мәні бар екені күмәнсіз» деп нақтылай түседі.

Қырғыздың ежелгі мекені Өндіжан мен Алатау аралығы екенін ғалым аңыз мағлұматтарынан да іздейді. Халық арасында қырғыздардың сонау Енисей бойынан көшіп келгені жайында ешқандай аңыз сақталмағанына карап ол «қоныс ауыстыру» теориясына мықтап күмән келтіреді, «анағұрлым ертеректе пайда болған аңыздарды есінде сақтап отырған халық өзінің туған елінен (Енисей бойынан — Р.Б.) қоныс аударғаны сияқты аса зор оқиғаны небәрі жүз жылдай ғана қысқа уақыттың ішінде мүлдем ұмытыпты деп ойлаудың өзі қиын» дейді.

Осы пікірін Шокан қырғыздар арасында ноғайлы заманы туралы аңыз әңгімелердің көп сақталуымен де дәлелдемек болады. Бұл арада ол қырғыз тарихы Сібірмен емес, қазақтармен, ноғайлармен ежелден бері көбірек байланысты деген тұжырымды ұсынады. «Қырғыздардың Тянь-Шань тауларының байырғы тұрғындары екенін солардың өз аңыздарымен қатар «ноғайлының аңыздары» деп аталатын хикаялары да сипаттайды, тілі мен мазмұнына карағанда, бұл аңыздар XV ғасырда пайда болған. Алатау қырғыздарының жер ауып келгендігін теріске шығаратын тағы бір тамаша факт — ол қырғыздармен тату көрші болып отырған туысқан халық ретінде айтылатын ноғайлылар жөніндегі аңыздар» (Сонда. 234-бет).

Бұл пікірлер айтылғалы жүз отыз жылдан асты. Осы аралықта қоғамдық ғылымдар, соның ішінде тарих ғылымы көптеген тың фактілермен толықты, жана жорамалдар, қосалқы фактілер пайда болды, қырғыздардың атақонысы, көш жолы жөнінде түрлі топшылаулар айтылып келеді. Біз Шокан пікірін ғылымның соңғы сөзі деп келтіріп отырған жоқпыз, оның халық тарихының мәселелерін түсіндіруге ауыз әдебиеті материалдарын пайдалану принципін ғана дәлелдей түсуді ниет еттік.

Ш.Уәлиханов қырғыздардың Енисей дәуірін де жоққа шығармайды, бұл ретте де ол көптеген халықтардың шежірелері мен аңыздарына сүйенеді. «Оңтүстік Сібір алғашқы дәуірдің өзінде-ақ қырғыздардың көшіп-қонып жүрген тұрақты мекені болған... Көшпелі халықтар мен тайпалардың тарихы сонау ерте заманнан бастап бізге бірде тасып, біресе кейін қайтқан дария сияқты болып көрінеді. Саяси төңкерістер мен соғыс атаулының барша-

сы да халықтарды қозғалтып, қоныс аудартып отырған. Жалпы қозғалыс тасқыны ағызып өкеткен түрлі тайпалардың бөлімдері басқа тайпалармен араласып, өздерінің бұрынғы қоныстарынан алыс, мүлдем басқа бір жақтан барып шығып отырған. Мұндай құбылыстар өте көп болған және көшпелілердің өмірінде осы кезге дейін де қайталана береді. Бүгінгі қырғыздардың өздерінің сібірлік тайпаластарынан бөлініп кетуі де ертедегі, бәлкі, Шыңғысханға дейінгі, ұйғырлардың Анқыра-Мореннен жер ауған заманында немесе сол Шыңғысхан тұсындағы осындай бір қозғалыстардың салдарынан болуы да әбден ықтимал» (238-бет). Демек, Шоқанның пайымдауы бойынша, қырғыздардың бір бөлегінің Алатауға келген шағы бергінде емес, аңыз дерегі мүлде ұмытылған бағы замандарда орын алған... Шоқан Уәлихановтың бір таңғалатыны ноғайлы аңыздарының тек Алатау қырғыздарына ғана емес, Сібірдің иен даласын жайлаған түркі тілдес халықтарға да танымал болып, ауыздан ауызға айтылып келгендігі. Сол аңыз бірлестігіне қарап ғалым ұлан-байтақ бұл атыраптағы халықтардың кейде генетикалық, кейде мәдени жағынан туыс екеніне көз жеткізеді.

Қырғыз тарихына қатысты мағлұматтарға бойлаған сайын Шоқан «аңыз — халықтың өзгеше естелігі» деген қорытындыға мықтап табан тірейді, әпсана өңгімелердің танытқыштық қасиетіне шәк келтірмейді. «Қырғыз халқының рухани дамуының жалғыз ғана ескерткіші — ол проза немесе өлең түрінде ауызша айтылатын эпикалық аңыздары», — дейді.

Қазақ ғалымның қырғыздарға арналған негізгі зерттеуі «Қырғыздар туралы жазбалар» деп аталады. Бұл бірегей еңбектің сансала мәселені қамтығаны және материалдарының байлығы соншалық, әлі күнге дейін өзінің ғылыми мәнін жойған жоқ. Сондай-ақ Ыстықкөлге 1856 жылғы сапардың күнделігі, «Оңтүстік Сібір руларының тарихынан жазбалар» деген еңбектерінде де қырғыздар хақында қызғылықты ойлар бар.

Қырғыз фольклорының нұсқаларымен кең танысқан алғыр ойлы ғалым халық ауыз әдебиетін тұңғыш рет жүйелеуге барады. Оның жіктеуі бойынша қырғыз ауыз әдебиеті ертегі-аңыздар, эпикалық поэмалар, тұрмыс-салт өлеңдер болып үш топқа бөлінеді. Осылай жинақтауының өзі Шоқанның қырғыз халқы алдындағы өшпес еңбегі болып саналады. Ғалым осы жіктеуінің алғашқы екі тобына тереңдеп тоқталады. Қырғыздарда қысқа ха-

лықтық лирикалық өлеңдер тым аз деген ғалым тұжырымын шартты түрде ғана ұғынсақ абзал. Шоқан қырғыз жеріне тікелей қызмет бабымен барған кездерінде, әрине, халық өлеңдерін толық теріп, топтауға да, олардың табиғатын зерттеуге де еркін уақыт таба бермеген. Ғалымның қырғыздарда тұрмыс-салт өлеңдері аз деп есептеуі оларды ұлан-ғайыр эпостармен салыстыруынан ғана шыққан түйін секілді...

Шоқан жазып алған қырғыз аңыздары мен эпикалық жырларына жекелеп тоқталардан бұрын ғалымның олардың жалпы түркі тілдес халықтар мұрасымен, соның ішінде қазақ, қарақалпақ, ноғай, көшпелі өзбек ауыз әдебиетімен ұқсастықтарына жіті назар аударғанын атап өту керек. Ол қырғыз арасында Асан қайғы туралы аңыздың барлығына көңіл бөледі, жырларда «Орманбет би өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде» секілді тіркестердің қайталанып келіп отыратынын кездейсоқ құбылыс деп қарамайды. Жалпы алғанда, Ш.Уәлихановтың қазақ, қырғыз, қарақалпақ арасындағы көптеген аңыздардың, жырлардың, өлеңдердің төркінін сол халықтардың басы бірігіп өмір кешкен дәуір шындығынан іздеуі — аса қызықты болжам, арнаулы зерттеулерде анықтала түсетін мәселе деп қарауымыз керек.

Қырғыз ертегі, аңыздарының көбіне ортақ белгілерді жинақтап айта алғанына қарағанда, Шоқан ондай ескерткіштерді өте көп жазып алғаны көрінеді. Солардың бірқатарында халықтың ата-тегі (геңеологиясы) туралы, енді біреулерінде дүниенің жаралуы, тағы біреулерінде жер-судың аттарына байланысты аңыз-әпсаналар айтылып отыратынына көңіл бөледі. Ертегілер мен аңыздардағы ортақ бірсыпыра қасиеттерді Шоқан топтап, жүйелеп түсіндіреді. Оның көрсетуінше, ертегілердің қаһарманы әдетте бір ханның не байдың баласы болып сипатталып, «күн санап емес, сағат санап, өсіп, ержетеді», оның тандап алған жүйрік аты болады, ол аттардың қысылтаяң кездерде тіл бітіп сөйлеп, иесіне ақыл-кеңес айтатыны да болады. Кейде ертегі қаһармандары жер асты әлемін аралап, алыптармен алысады, дәуірдің тұтқынындағы сұлуларды азат етеді, зұлым күштермен алысатын қаһарман қашан да жеңіске, мұратқа жетіп отырады. Ертегілердің түрі проза болғанымен, айтқан кезде әрқашан да нақысты сөздер мен ұйқасты, күлдіргі мәтелдер көп берілетінін көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде келтірілген қырғыз аңыз-әпсаналарын бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Бірқатар аңыз-

дардың мифологиялық сипаты басым жатады. Сонымен бірге топонимикалық, космогониялық, генеологиялық аңыздар да күрделі орын иеленеді. Шоқан еңбектерінде біз осы секілді отыздан артық аңызды кездестіреміз. Солардың бәрін болмағанымен, кейбіреулерін мазмұндап баяндасақ та, ғалымның көңіл аударған мәселелері қаншалық мол екеніне көз жеткізуге болады. Атап өтерлік тағы бір мәселе сол, ғалым мұндай аңыздарды бір ғана мақсатта — халық тарихының жұмбақтарын шешу мүддесінен қарап талдағандығы.

«Қырғыз туралы жазбалар» деген көлемді еңбегінде Шоқан осы халықтың тегіне, өмір ерекшелігіне қатысты өзі естіген аңыздардың көбін келтірген. Солардың кейбіреулері елдің ерте замандағы наным-сенімдерінен мол хабар береді. Осылардың бірі — бұғы руының түп-тегін түсіндіретін мифологиялық аңыз. Мұны ғалым төмендегіше баяндайды: «Бұғы дегеніміз — сүтқоректі, аша тұяқты, кәдімгі мүйізді жануар. Тайпаның бұғы деп аталуы жөнінде халық арасында тамаша бір ертегі бар. Қарамырза мен Асан Аламышық тауында бұғы аулап жүріп, бір топ маралдың ішінен бұғы мүйізді ғажайып сұлу қыз бен баланы көреді. Баланы өлтіреді де, қызды бауырының үстіне құлай кетіп, өлігін құшып, зар еңіреп жатқан жерінде ұстап алады. Мүйізді қыздың қарғысына ұшыраған Қарамырза мен Асан бала көрмей кетіпті». Сұлуды рубасы Мырзағұлға алып келеді, содан кейін Мырзағұл оған өзінің Жаманқұл деген немересін үйлендіреді. Кейінгі ұрпақтарының айтуына қарағанда, ру анасы болған бұл әйелдің өзі жай кісі болмапты (киелі, қасиетті деген ұғымда) және де ғажайып даналығымен даңқы шығып, мүйіз бәйбіше, мүйізді апа атаныпты... Мүйізді ананы Ыстықкөлдің қамқоршысы деп санайды және халықтың пікірінше, оның рухы Ыстықкөл аймағын қорып шарқ ұрып, ұшып жүреді екен» (216 — 217-беттер).

Бұл аңыздың өте көне дәуір әңгімесі екені көрініп тұр. Адамдар баяғы заманда табиғаттың тылсым күштеріне толық тәуелді кезде дүниедегі әрбір нәрсенің иесі, киесі болады деп ұғынған ғой. Мұндай төтемдік түсінікті басынан кешірмеген ел жоқ десе де болғандай. Түркі халықтарының көбінде, мәселен, бөрі жебеуші күш тәрізденіп танылған. Ертеде бөрінің бассүйегін үйге байлап қоюшылық дәстүрі де орын тепкені туралы деректер бар. Бұғы аңызы да осыған ұқсас. Күні кешеге дейін қырғыздар арасында айтылып келген бұл аңызға халық шынымен сенген. Әпса-

наның ғасырлар бойында ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа таралуы да тұтас бір тайпаның өз тарихының түп негізін осылай түсініп, толық иланып келгеніне байланысты.

Шоқан қырғыздар қыздан пайда болыпты деген аңызды да жазып алған, бұл әңгіменің де түрлі нұсқаларын өзінің еңбегінде көрсеткен. Солардың бірінде теңіз суының көбігінен Қаншайым деген қыздың жүкті болып, тапқан баласы Қырғызбай атанған делінеді. Бұл да жан-жануар атаулының жаралуы құдірет күшіне байланысты деп ұғушылықтан туған аңыз екені айқын. Ғайыптан жаралу — партеногенезис мүмкіндігіне талай замандар бойында қаншама елдер сеніп келген. Кейінірек атақты ел билеушілерді дәріптеу үшін оларды «нұрдан жаралған» деген секілді лақаппен тым мадақтап әкететін болған. Мәселен, Шыңғысхан туралы монғол аңызында оны күн сәулесінен пінә болған делінеді. Шындықпен ешбір жанастығы жоқ мұндай әңгімелерді ел билеушісі үстем қауым әдейі дабырайта насихаттап отырған.

Қазақтың «Ақсақ құлан — Жошы хан» аңызының қырғыздар арасында да мәлім екенін ғылым дүниесіне таныстырған да — Шоқан. Арғы түбі сонау XIII ғасырға тартатын бұл аңыздың даңқы бұл күнде әлем жұртшылығына аян деуге болады. Бір кезде атақты музыка зерттеушісі А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының мың әні» деген жинағына енген осы аттас күй аңызына ұлы жазушы Ромен Роллан да қызыққаны белгілі. Осы аңыздың қазақ пен қырғызда бірдей сақталуының өзі — екі ел тарихтың ұзына бойында ауылдары аралас, қойлары қоралас, мәдени дәстүрі ұқсас болуының тамаша белгілерінің бірі. Қырғыз аңызын Шоқан былай баяндайды: «бір кезде қырғыздар ханға (оның қай елдің ханы және қай хан екені, сірә, белгісіз болу керек, кейбіреулер оны Жәнібек хан деп атайды) Жошы деген кіші баласы өздеріне хан болуын тілеп, өтініш етіпті. Хан қырғыздардың өтінішін қабыл алып, өзінің ұлын ашамайға мінгізеді де, елшілермен бірге аттандырып жібереді. Бірақ Алатау ордасына бара жатқан жолында ханзада құлан үйіріне тап болады да, соларды қуып жүріп қаза табады» (220-бет). Аздаған өзгешелігін айтпағанда, бұл аңыз қазақтағы нұсқасымен бір түбірден тарағаны сырт көзге де шалынғандай.

Қазақ, ноғай ауыз әдебиетінде кеңінен мәлім, аты аңызға айналған Асан қайғы туралы шежіре әңгіменің қырғыздарда да бар екенін Шоқан тандана атап өтеді. «Халықтың есінде қалған Асан

кайғы деген атақты жиһангез философ кыргыздардың анызы бойынша «Жырғаланда көшіп-қонып жүрген» дейді ол. Бұл да аңыздар типологиясы туралы мәселені күн тәртібіне қоятын аса қызықты мысалдардың бірі. Аңыздың төркінін ғалым кыргыздардың қазақ, ноғайлармен ғасырлар бойында қоныс отыруының салдарынан деп біледі.

Шокан жинаған аңыздардың бірсыпырасы жер атауларына, топонимикаға байланысты болып отырады. «Манастың бозтөбесі», «Сантас», «Қарқара» секілді атаулардың шығу тегін де ғалым аңыздар ізімен әңгімелейді. Мәселен, «Манастың бозтөбесі» деген ат батырдың қалмақ жауларға аттанарда әскер жиып, дайындық жүргізген, қоныс тепкен жерінің есімі делінеді. Ал Қарқара атауын аңыз бір соғыста қолға түскен екі қалмақ қызының басындағы қарқарамен байланыстыра баяндайтынын атап өтеді. «Алатайдай бүлдірді» дейтін сөздің де мағынасы кыргыз, қазақ, ноғайда ұқсас екеніне көңіл аударады. Тағы бір атап өтерлік қызық нәрсе – кыргыздарда Едіге жайындағы тарихи аңыздың болуы. «Ыстықкөлге 1856 жылғы сапар күнделігі» деген жазбаларында Шокан кыргыздар Едіге жөніндегі аңыз-әңгімені біледі деп мәлімдейді. Кең таратылып айтылмаса да, бұл барынша маңызды хабарлама деп қараймыз. Егер кыргыз фольклоршылары бұл аңызды жазып алған болса, оны қазақ, қарақалпақ, башқұрт нұсқаларымен салыстырып тексеру бір игілікті іс болар еді.

Шокан Уәлихановтың кыргыз аңыз-әпсаналарын жинап, талдау жасауы, сол арқылы туысқан халықтың тарихи тағдырының бұралаң жолдарын, шығу тегін, қоныс-өрісін, өзге елдермен мәдени байланыс дәрежесін, дүниетанымын, наным-сенімін, жаратылыс туралы ұғымын анықтамақ болып, қыруар жұмыс атқарғаны – ғылыми ерлік деп айтуға тұрарлық. Осындай жұмыстары арқылы Шокан ғылыми нысанасына жетумен қатар іргелес жатқан бауыр-туыс елдің рухани әлемін сол кездегі зиялы жұртшылыққа таныстырып, халықтар достығын нығайтуға нақтылы қадам жасаған.

Қазақ ғалымының кыргыз фольклорына арналған еңбегінің ең маңыздысы – «Манас» эпосының бір бөлігін жазып алуы, оны орыс тіліне аударып, сол замандағы ғылым назарына ұсынуы. Ғалым бұл жырдың құрамын, мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін терең түсініп қана қоймай, күні бүгінге дейін бағасын жоймаған тамаша талдаулар да жасаған. Кыргызстанға ресми әскери, сая-

си тапсырмалармен барған шақтарында Шокан өзге қыруар жұмыстарының үстіне фольклор мұрасын жинап, жариялап, зерттеуге де мүмкіндік таба алғаны таңғаларлық. Шоканның «Манас» жайындағы айтқан пікірлері фольклортану тарихында тұңғыш қымбат тексеру болып табылады. Сол үшін бұл мәселеге кеңірек кідіруіміз ләзім.

Мақалалары мен зерттеулерінің арасында Шокан Уәлиханов «Манас» тақырыбына жиырма шақты рет арнайы тоқталып сөз еткені мәлім. Солардың басы құралып келгенде манастанудың алғашқы бағалы тарауы келіп шығады. Ғалым «Манас» мәселесіне өзінің «Қыргыздар туралы жазбалар» деген еңбегінде неғұрлым көбірек назар аударған. Сондай-ақ зерттеуші «Ыстықкөлге 1856 жылғы сапар күнделігінде», «Оңтүстік Сібір рулары тарихынан жазбалар» атты очерктерінде де бұл жырдың тарихына, таралу, сақталу жағдайына мән бере қарайды. Осылардың әрқайсысында «Манастың» генезисі, эволюциясы, тарихи шындыққа қатысы жөнінде күрделі ойларын тізеді.

Жырдың мазмұндық, тілдік келбетіне терең бойлаған ғалым оның «тым ертеде пайда болғанын» алдымен атап өтеді. Бұдан кейін ол талдауын «бұл поэманың негізгі тақырыбы – ноғайлы елінің мырзасы Манас батырдың ерлік істерін баян ету. Бұл дастанда кыргыздардың өзі де, жана қазақтар да ноғайлылармен тату болып, көрші отырған екі ел болғанымен, әрқайсысы өз алдына дербес халық ретінде көрсетіледі» деп жалғастырады.

«Манас» сынды ересен көлемді әрі көркем жырдың ұлы желісін анықтап тексеруге, ондағы оқиғалар жүйесін, түрлі дәуірлердің «қабаттарын» аңғаруға көп уақыт керек. Эпостың бір бөлімінің өзін жыршылар бірнеше түнде айтып тауыса алмайтын болғаны да белгілі. Ендеше, Шоканның Кыргызстанда болған санаулы күндерде осыншама орасан мол материалды меңгеріп алуы қайран қаларлық көрініс демеске болмайды. Осыған қарағанда, ғалым «Манас» жырының мән-жайына бірер сапар кезінде ғана емес, басқа уақыттарда да қызыққан секілді. Ол жыршылармен ғана емес, құймақұлақ қариялармен де, шежірешілермен де көп кеңескенге ұқсайды. Соның арқасында «Манастың» бітіміне қатысты аса маңызды мәселелердің көбін Шокан өз зерттеулерінде қадап көрсете де алған. Дастанның бойында әрі ескі, әрі жана қабаттардың аралас келіп отыруын, жалпы алғанда, мұнда кыргыз халқының тарихи естелігі көрініс бергенін ғалым тама-

ша тұжырымдап береді. «Бұл өзі эпостық дастан болғанымен де, сірә, кешірек шыққан болу керек... Кейінгі кезде оған қосымша өзгерістер енгізілгені айқын көрінеді, бірақ сөйтсе де бұл дала эпосын өздерінің ерекше сүйіп, ардақтауына қарағанда оның өзекті желісі немесе негізі, әрине, қырғыз халқының сүйікті естеліктеріне құрылған» (235-бет).

Эпикалық дәстүрі жағынан қырғыз жырлары казак, ноғай дастандарымен өте тығыз байланыстылығына, көп ретте бұл шығармаларда осы халықтардың бәріне ортақ қаһармандар араласып жүретініне Шоқан терең талдаулар жасайды, осы халықтардың көркемдік мұрасындағы ортақ желілер мен сарындарды сан рет ұғындырады. «Манас» сынды эпопеяның қадір-қасиетін ашардан бұрын эпос, аңыз табиғаты туралы жан-жақты салыстырулар жүргізеді. Шоқанның «Манасқа» берген классикалық анықтамасы жырдың тұлғасын тереңдеп танудан туған нағыз ғылыми тұжырым болып естіледі. Қырғыз эпосы жөнінде зерттеушілер өз тұжырымдарын білдіріп келеді, жыр жайында қаншама орнықты ойлар айтылды. Бірақ «Манасқа» Шоқан жасаған сипаттамадан асырып ешкім айта алған жоқ.

«Алатау қырғыздарының поэзиялық ең басты және жалғыз десе де болғандай данышпандық халық шығармасы Манас туралы дастан екені күмәнсіз. «Манас» – бір кезеңге және бір адамның, Манас батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы. «Манас» – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көпжылдық шығармашылық жемісі, дала Илиадасы десе де болғандай», — дейді Шоқан. Осыншама терең, кемел сипаттаманың бір сөзіне ғана түсінік бере кетуге тура келеді. Ол – «Манасты» қырғыздың бірден-бір жыры деген тұжырым. Кейінгі кезде қырғыз халқының «Манастан» басқа да жырлары мәлім болды, олар да зерттеу тақырыбына айналды. Бірақ Шоқан Қырғызстанда болған шағын уақыт ішінде ондай жырларды естімеуі әбден мүмкін. Ол кез былай тұрсын, қазірдің өзінде де арнаулы фольклоршы мамандар болмаса, елдің көбі «Манастан» өзге жырларды біле бермейді, ұлы эпопеяның даңқы көп жағдайда өзге шығармаларды тасада қалдырып отырады...

Жырдың генезисіне қатысты казак ғалымының болжамы өзгеше мәнді болып көрінеді. Ол «Манастың» оқиғалық сүйегі

бұрын ел арасында ауызша қарасөз, әңгіме түрінде айтылып келіп, кейінгі замандарда ғана жырға айналған болуы мүмкін деп есептейді, жырдың құрылысына қосымшалар да осындай ретпен бірте-бірте енген болар деп түйіндейді. Мұның өзі эпостың эволюциясы, сақталу заңдылықтары туралы ең алғашқы ғылыми күрделі ойлар болып табылады.

Шоқанның «Манас» жырының жеке тараулары, қаһармандары туралы мінездежелерінде де көңіл бөлерлік, ілтипатқа аларлық пікір мол. Әсіресе ол жырдың бас қаһарманы – Манастың іс-әрекеттері мен жорықтарының сипатына басымырақ тоқталады, оның кейбір істеріне сын көзімен де қарайды. Бірақ олардың қай-қайсысы да, түптеп келгенде ғалымның эпосқа берген жоғары бағасына қайшы келмейді. Зерттеуші жыр қаһарманы Манастың жас кезінен батырлық көрсете бастағанын, жыл санап емес, күн санап өскенін эпикалық туындыларға тән белгі деп қарайды, оның ерлікпен үйленуін, жауларымен көп соғыстарын, жасынан әке ыркына қиғаш келіп, өз дегенін істепіп үйренгенін атап өтеді.

Ғалым «Манастың» бірнеше өзгешелігіне айрықша ден қояды. Ең алдымен оны жырдың төгілген тілі, сөз, тенеу айшықтары, түйдек-түйдек кестелері қызықтырады. Халық мұрасынан елдің нағыз рухын көргісі келетін Шоқанға бұл тамаша құбылыс болып елестеді. Екіншіден, ол эпостағы жер атауларының қырғыз шындығына қаншалық дәл келетініне мән береді. Түрлі халықтардың тарихи мекеніне дейін жырда анық көрсетілетініне зерттеуші таңғалады. Мәселен, ол қырғыздың, казактың, қалмақтың, ноғайлының көшіп-қонып жүрген жерлерінің есімдері жырда ақиқатқа сай берілгенін жоғары бағалайды. Мұны да Шоқанның негізгі ғылыми концепциясына – ауыз әдебиеті шығармаларынан өмір шындығын неғұрлым молырақ іздегісі, тапқысы келетін аңсарына байланысты түсінуіміз керек. Ақырында ғалым жырдың ең құнды қасиеті қатарында онда халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының, наным-сенімнің мейлінше жан-жақты суреттелгенін, оның жаратылыс, тағдыр, болып өткен оқиғалар туралы түсінігінің кең сипатталғанын атайды. Тарихи шындықтың өз заңдылығына сәйкес көркемдік жинақтайтын эпостың тағы да бір қырына Шоқан назар аударады. Ол қандай аламан-тасыр, алмағайып қақтығыс, соқтығыстарда да, шапқыншылық тұстарында да казак, қырғыз және ноғайлының мақсаты бір туыс, тату елдер болып бейнеленіп отыратыны. Көрші жатқан, төсекте басы, төс-

кейде малы қосылған, құдандалы, тарихы да, тағдыры да ұқсас қазақ пен қырғыз халықтарының замандар бойындағы ынтымағы мен достығы, қиын кездерде бір-біріне қол ұшын беруге даяр тұрған жақындығы эпоста із қалдырғанын Шоқан Уәлиханов айрықша маңызды құбылыс деп атап өтуді лайық көрген.

«Жоңғария очерктері» деген аса әйгілі еңбегінде Ш.Уәлиханов «Манас» туралы талдауларын жалғастыра түседі. Бұл тұста зерттеуші жалпы жыр жанрының қырғыздарда, көшпелі өзбектерде және ноғайларда ұқсастығына тоқталады. «Ноғай» деген атау Орта Азияның түркі тілінде сөйлейтін халықтарының ортақ есімі болғанына анықтық енгізеді. Осылардың бірінде айтылып келген аңыз, ертегі екіншілеріне онай ауысып отыру заңдылығына мысалдар келтіреді. Бұл еңбегінде Шоқан «Манас» жырының жалғасы болып табылатын «Семетей» туралы да сөз қозғайды, оны қырғыз Одиссеясы деп сипаттайды. Манас батырдың жырда берілген мінездемесін орысшаға сөзбе-сөз аударып таныстырады, оның Қарахан қызы Қаныкейге үйлену тарихын баян етеді. Жыр қаһарманы Манастың кейбір әрекеттерін құптамайтынын білдіре отырса да, зерттеуші эпостың жалпы тұлғасына қарап, батырдың ісі халық үшін қажетті болғанын мойындайды, оның әлсіздердің қорғаны болғанын, жауларымен соғысып, Жоңғария жерінде ерлік іздерін қалдырғанын айтады. Қырғыздар Үрімші маңындағы Манас атты қаланы өз батырының есімінен шыққан деп сенетінін мәлімдейді.

Бұдан кейін Шоқан «Манас» жырының ең әсем бөліктерінің бірі – «Көкөтай ханның асы» тарауын қысқаша мазмұндайды. Көкөтайдың асы кезінде қалмақтардың астамшылық көрсеткеніне шыдай алмай қырғыз батырларының соғыс салғандықтары, ең мықты деген дұшпандары Жолай мен Қоңырбайдың осындай ұрыс кезінде өлтірілгені, ақырында жаулар қолынан Манастың да мерт болғаны жайында мағлұмат келтіріледі.

Өзі жазып алған жыр үзіндісін қағаз бетіне түскен алғашқы қырғыз сөздері болар дей келіп, Шоқан осы эпостың түсінуге қиын атаулары мен ұғымдарының сөздігін жасағанын да хабарлайды. Мұндай сөздікті ол шығыстанушылар (ориенталистер) үшін жасадым дейді. Арнайы тілдік зерттеу жасауды мақсат етпегенімен, ғалым осы арада қырғыз тіліне араб, парсы сөздерінің тым аз кіргенін, мұнда байырғы түркі және монғол сөздерінің қабаты қалың екенін дәл сипаттайды.

Шоқанның ұлан-ғайыр «Манас» жырынан Көкөтай ханның асын суреттейтін бөлігін ғана жазып алуы кездейсоқ емес. Эпостың бұл тарауында қырғыз халқының тұрмыстық-салттық жағдайлары, қазаны атқару рәсімдері, байлық салтанаты, елдік дәстүрлері неғұрлым кеңірек көрініс береді. Үлкен астарда бәйге жарыс та, көкпар да, палуан күрес те, түрлі басқа халықтық ойындар да болып тұрған, сан рулы елдер жиналып бас қосқан. Ас кезінде ел ішіндегі қайшылықтар мен күрестер де, кектескен рулар арасындағы араздық та бой көрсетіп қалатын болған. Асқа тігілетін үй мен сойылатын малдың саны да ас өткізуші елдің елдігіне, мәрттігіне, бірлігіне сын секілді саналған. Демек өлген кісіге ас берудің өзі көшпелі елдер тарихында айта қалғандай ірі, жауапты оқиға болып табылады. Осы шарттардың бәрі де «Көкөтайдың асында» кең қамтылып көрсетілген.

Көкөтайдың өлер алдында, өзін ақырғы сапарға қалай жөнелту керектігі туралы халқына қарата айтылған өсиет сөздерінен елдің салт-дәстүрі танылды. 199 жыл жасады делінетін Көкөтайдың соңғы аманаты мынау:

Менің көзім өткен соң, жұртым,	Сексен серкеш майына Қыш құйдырып ала гөр.
Қылышпенен қырдырып, Қымызбенен жудырып, Шарайнамен шаптатып, Былғарымен қаптатып, Ақ қазаным жастатып, Құбылаға қаратып, Қызыл мақпал бүктетіп, Қызыл нарға жүктетіп, Алпыс ноғай, қырық керуен, Алып келіп түсе гөр...	Үстінгі жолдың астына Айға баққан ақ сарай Ақ сарайлап қоя гөр. Күнге баққан көк сарай Көк сарайлап қоя гөр... Кешенемнің басына Тай түйені сойдырып, Тоқымын қайыра байлатып Құнан да бәйге қыла гөр...

Әрине, мұндай кәделі ас әркімдерге жасала бермейді. Көкөтайдың халқы алдындағы кәдірі оның өлерінде айтқан «тентекті жиып, ел қылдым, құладым салып, құс қылдым, құрама жиып, ел қылдым» деген сөздерінен де байқалады. Жырда ас өткізу себебі осылайша мол дәлелді, сенімді етіп берілген. Көкөтай тіпті асқа кімдерді шақыру, қандай елдерге хабар жеткізу керектігін де айтып кеткен болады. Сондай асқа шақырылатын қасқа мен жайсаңның ішінен Манас мінездемесі оқшау, асқақ суретпен беріледі.

Үңгір жерде үй шапқан, Жылға бар жерде жылқы алған,	Бауыры шұбар, сұрғылт бет, Батыр Манас сұрасан, Көкжал бір сырттан бөрі еді,
---	--

Қабағы биік, өңі саз,
Еңсегей бойлы ер Манас.
Қаны бір кара, беті көк,

Сол ер Манасқа бара гөр,
Қарызымнан бір құтылып
кала гөр...

Асқа шақырылатын елдер мен адамдар атын, олардың жөн-жосығын жыр шалқыта баяндайды. Бұл тұста бізді ерекше қызықтыратыны — қазақ жерінен келетін атақты адамдар жайы.

Көкөтайдың баласы Бокмұрын «жайма кекіл жас Айдарды» ел шақыруға жұмсағанда алғашқылардың бірі етіп Қосайды еске алады. Қосайдың мекені де, ел алдындағы орны да, батырлығы да Бокмұрын сөздерінен мәлім болады.

Мұнан әрі сен барсан,
Ұлы да тауды жайлаған,
Алтын көзді Мадиян,
Басынан үзбей байлаған.
Ел ағасы Ер Қосай.
Ат тағасы Ер Қосай!

Бекіп қалған Бейшіннің
Бетін ашқан Ер Қосай,
Тұрып қалған Тұранның
Жолын ашқан Ер Қосай,
Байланып қалған базардың
Бағын ашқан Ер Қосай...

Асқа шақырылатын қадірлілердің ішінде қазақ жерінен Қосайдан басқалар да аталады.

Онан әрі сен барсан,
Екі тізгін тең барсан,
Қамбар, Қамбар, Қамбар хан,
Қамбар ханнан Айдархан,

Айдарханның баласы
Елестен туған Ер Көкше,
Ер Көкшеге барып айт...

Хабаршы мінген жүйрік ат Мәнікердің шабысын суреттеген тұста да небір тосын да шебер сөз кестелері ұшырайды:

Мәнікердей тұлпар ат,
Тайдай еті таралы,
Түйғындай жүнін түзеді,
Койдай еті катады,
Кояндай жүнін түзеді,
Арандай аузын ашады,

Қанды көбік екі етекке
шашады,
Көрінген жерде көрінді,
Көрінбеген жерде
Көк түгін боп созылды.
Омбыл-омбыл ойылтты,
Омбылдан алыс тойылтты.

Жырда Манас бейнесі қайталана, үздіксіз өсіріле, күрделілене көрсетіледі. Халық сүйіктісі батырға теңеу мен балаудың інжу-маржандары арналады. Асқа хабар айта барған жас Айдарға Манас бейнесі былайша елестейді:

Жатқан екен ер Манас,
Батар айдай балықсып,
Шыққан күндей толықсып,
Ер Манастай батырын
Алтынды танап ақ шатыр
Аспандата тігіпті,
Күміс танап көк шатыр,

Көкке тірей тігіпті.
Жатыр екен ер Манас,
Аузынан түгін бұрқырап,
Балдырғандай бұралып,
Бала құстай талпынып,
Қаршығадай қағынып,
Ителгідей тебініп...

Ашу шақырған Манасқа жас Айдар «бір ұядан так едім, жұмыртқадан ақ едім», — деп жалыныш сөздерін айтады. Айқожа молда «ақ сәлдесі қазандай, шақырған үні аздай» деп сипатталады. Манастың ашуланғандағы кейпі «қара көзін қан шалып, қанды бетін сұр шалып» деп бейнеленеді. Ас кезінде табақ тарту, қонақ күту, түрлі елдердің салттарын көрсету жырда кең орын алады. Кейбір елдердің етті шала піскен қалпында жейтініне дейін нақтылы тізіліп айтылады...

Ас берілу мөресімі кезінде қаншама қайшылықтар, алауыздықтар да бой көрсетіп қалатыны белгілі: мұндай жиын шақырған да, шақырылған да елдің байлығын, батырлығын, парасатын сынға салады. Көкөтай хан асына жиналған талай елдің ығай мен сығайлары әрқайсысы есесін ішіне түйе келеді. Мәселен, қалмақтың ханы Месқара қырғыздың «аты қандай екен деп, алыбы қандай екен деп, келбеті қандай екен деп» астыртын тың тыңдауға ниет аударыпты. Месқара білмегенсіп Қосайдан қырғыз, қазақ батырларының аты-жөнін де сұрап жүреді. Қосай мадақтап таныстыратын ерлердің біріншісі Манас болса, одан өзгелері де осал сокпайды. Солардың ішінде «Еламан байдың баласы Ер-төстік, Едіге», «ақтар таздың баласы ер Үрбі, өзгеше туған ер Қараш» аталады. Бұдан кейін Месқара асқа жиналғандардың аттарын сынайды, жүйріктердің иесін сұрайды:

Құмда туып, шөлде өскен,
Құланменен бірге өскен,
Текеменен бірге өскен,

Темір тұяқ, жез білек,
Терлемейтін ырғай мойын,
Көк ала ат кімдікі?

Месқара қырғыздың ең дүлдүл атын көріп, «біздің Жолай батырға Мәнекерді тартсаңшы», — деп салмақ салады. Бұл астамшылықты естіген Манас ашуға мініп, қалмақ тобын тапап жібере жаздайды. Жауларының сесін қайтарып, Манас астың бар билігін өз қолына алады.

Атшабыстың аумағы орасан болып көрінеді. Екі мың сексен ат шабысқа түсетін болады, «әрі кетсе алты айға, бері кетсе алты

айға, шабарға кеткен аттарды он екі айда көрелік» деп келіседі. Бұл да эпикалық әсірелеудің көрінісі. Мәнікер атқа мініп шабатын жас Айдарға Бокмұрын «астындағы Мәнікер, алты айшылық жол болса, айлық табына келетін, жеті айшылық жол болса, жыл табына келетін» деп мадақтайды... Аттарды бәйгеге қосып жібере салысымен палуан күресі басталмақ болады. Кәуірдің ханы ер Жолайға қарсы шығатын палуан табу оңайға түспейді. Қосай «мұнымен кім күреседі» деп Манасқа да, Ертөстікке де, Ер Көкшеге де барады, бәрі де «жоламаймын Жолайға», — деп тайқып шыға береді. Ақырында күресуге қарт Қосайдың өзі бел буады. Дұшпан елдің батырын осыншама айбынды етіп көрсету — эпосқа тән демократиялық дәстүрдің бірі. Манас «мен ат үстіндегі ұрыс болмаса, жаяу алысуға жоқ едім», — десе, Ертөстік осының алдында ғана талай қиындықтар кезінде қайратын тауысып алғанын дәлел етеді. Токсан бес жастағы делінетін Қосайдың еріксізден күреске түсуі де ел намысын аяққа тапталпау тілегінен туады. Жолайдың Қосайға айбат шегіп, үрейін ұшыру үшін айтатын сөздері де ересен теңеулерге толы («Саныңнан алып атпасам, Самарқанды көздей ұрмасам, Қосай, менің Жолай атым құрысын», — деп қасам ішеді).

Жолайдың тұрпаты да жан шошырлық болып берілген, төбеті жалмауыздай екені былайша сипатталған:

Бір күн оның жегені	Тоғыз айғырдың еті екен.
Тоғыз бұқа еті екен,	Бір күн оның ішкені
Тоғыз қошқар еті екен,	Токсан саба қымыз екен...

Міне, осындай дәумен күресудің өзі жүрекжұтқандық екенін эпос ересен әсірелеп бейнелейді.

Бұрадайын бұлқысты,	Өрдегі тоғай жойылды,
Бұлшық етін жұлысты,	Ойға қарай — сүрісті.
Тау бұқадай сүзісті,	Ойдағы тоғай жойылды.
Өрге қарап сүрісті —	Ой жерлері дөң болды,
	Дөң жерлері ой болды...

Жығылған Жолайдың басынан аттап өткен Қосайды кінәлап, қалмақтар дау шығарады, жабыла соғысқа түседі, бірақ жеңіліс табады. Той иесі Бокмұрын ежелгі тәртіп бойынша барлық қиянқыллықты көтеруге тырысады, қалмақ батырлары Жолай мен Жаңбыршыға (казак-ноғайлы эпосындағы ерлердің бірі Жаңбыршы

мына жерде қалмақ жаудың сапында жүр), тарту-таралғы беріп, көңілдерін аулайды. Жаңбыршыны сайыста жеңген Манас болады.

Жырдағы бір тосын көрініс — шөгерулі түйені Оранқы деген әйелдің жаланап барып бұйдасын тісімен іліп жетелеп әкеткенін суреттеген тұс. Бұл ұлы жиындарды қызықтау үшін үстем тап өкілдерінің ертеден ойлап тапқан «ермегінің» бірі болуы тиіс. Мұндай қылыққа Манас намыс шақырғанда, Оранқы оған дөрекі де болса рас жауап береді. Жаланап барып түйені шешіп алған ерсілеу Оранқы «тоқсан торы айғыр үйірін» ортаға бәйгеге тігіп, намыстылығын көрсетеді.

Атжарыста қырғыздардың жүйріктері озып келгеніне қарамастан, қалмақ, қытайлар жағы «бәйге біздікі» деп, тағы зорлық жасамақ болады. Жаулардың қарасы тым көп екенінен сескеніп, қырғыз жағынан Манасты жақтаушылар бірден белсеніп шыға қоймайды. Оның қасында өзінің қырық шорасы ғана болады. Осы тұста аса бір қызықты бейне жалт етіп елес береді. Ол Манасқа алмас болат қару жасап беретін Түгер ұста-дарқанның бейнесі. Оның жасаған қаруы ерекше қасиетке ие болады. Бұл қаруды қалай жұмсау керектігін ұста Манасқа түсіндіреді.

Қынға салса, қылт етпес,
Суырып алсаң жылт етпес,
Ай жаққа қарай сілтесен, төрем,
Алтын жаны жалт етер,
Күн жаққа қарай сілтесен, төрем,
Күміс жаны жалт етер.
Ақырын сілтеп, қатты тарт,
Оқыстан жерге түспесін,
Қолыңнан жазым болмасын,
Жүзін төмен қаратпа, төрем...

Манасқа арналып соғылған болат қарудың жасалу суретінің өзі ерекше (ақ болатын жасай бастапты, сонда көрігіне шыдамай, көк бұқалар мойылды, көміріне шыдамай, толған тоғай жойылды, сауырына шыдамай, қысқа сулар суалды).

Қырғыздар мен олардың ежелгі жауы қалмақтар арасында ертеден келе жатқан кек Көкетай ханның асында ұмытылмай, қайта лаулай түседі. Жақсы ниетпен жасалған астың үстінде де дұшпандар ашық сыр береді, бұрынғы өктемдігіне басады, қиянат зорлыққа оңай барады. Жыр осы мәселенің бәрін өзіне тән даналықпен әрі байыпты, әрі барынша көркем баяндайды. Астың

ақыры Жолай, Қонырбайлардың анық өштікке бет бұрып, қырғыздарды соғысқа шақырған суреттерімен саркылуға ойысады. Қалмақтармен қырғын айқаста Манастың досы Алмамбет айрықша ерлігімен көрініп, жаудың бас батырларының бірі Жолайды женеді, ал Манас Қонырбайдан басым түседі. Жырдың соңында Манасты дәріптеу мақсатымен оны шапқыншыға ұқсатып көрсететін тұстары әділдік күрескері, елдік мүдденің намыскері сипатында бойы биіктеп көрінетін батырдың тұлғасын біршама төмендетіп жібереді («Манастайын батырың, бауыры шұбар, сырты көк, қара шоқты қалмақтың, оның жұртын бір алды, қызыл шоқты қытайдың, оның жұртын бір алды, қазаққа жылқы қоймады, қалмаққа тыныштық бермеді»). Бірақ мұндай жерлер эпостың анық халықтық бағытына сәйкес келмейтін, кейбір ақын, жыршылар белгілі бір мақсатпен кейіннен жанынан қосып жіберген жолдар екенін аңғару қиын емес...

Көкөтай ханның асын суреттейтін жыр бөлімі белгілі дәрежеде «Манас» жырының ұлы тұлғасын, эпостың ерекшелігін, оның идеялық, мазмұндық аумағын және бағдарын таныстыра аларлық екенін Шоқан Уәлиханов дәл аңғарып, жазып алып, орысша аударып, тиісті талдау берген. Мұның өзі де қазақ ғалымының өнегелі еңбегі, туыс елге деген шарапаты деп есептелуі керек. Патшалық билеген тар заманда қырғыз халқының рухани мұрасын әлем жұртшылығына таныстыру арқылы Шоқан ғалымдық парызын адал атқарған.

ЖАУҒАР ЖИҒАН ЗИЯЛЫ

Кезінде мәдениетімізге хал-қадірінше үлес қосқан зиялыларымызды біліп болған жоқпыз. Ал мәдени мұраны саралап танып, санаға сіңірмей, өткеннің үлгілі жақтарынан ғибрат, өкініштерден сабақ алмай өз қадірін білетін қауым болу қиын. Әрбір мәселеде көрінген елге еліктей бергіштігіміздің де сыры ұлттық болмысымыздың «салмағы» жеңіл тарта беретіндіктен. Сол үшін бұл кезге дейін ұмыт қалып келген тарихи қайраткерлердің өнегелі істерін білу, бағалау жолындағы қадамымыз халықтану ғимараттарына қаланған кірпіш бола бермек.

Біз есімі мен еңбегі қалтарыста қалып қойған бір зиялымыздың дерегін жұртшылыққа таныстыруды мақсат еттік. Ол — ауыз

әдебиеті мұрасын тірнектеп жинап, ғылыми айналымға түсуіне елеулі еңбек сіңірген Еркінбек Ақынбекұлы. Бұл кісі туралы Қазақ совет энциклопедиясының бірінші томында (1972) былай деп жазылған: «Ақынбеков Еркінбек (1863 — 1918) — ауыз әдебиетін жинаушы, фольклорист. Бұрынғы Шымкент уезі, Ноғайқора болысында туған. 1883 жылы Түркістан қаласындағы жалпы білім беретін орыс мектебін бітіреді. Бұдан кейін Скобелев (Ферғана), Әулиеата (Жамбыл), Шымкент уездік басқармаларында ұзақ жылдар тілмаштық қызмет атқарады. Ақынбеков қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін көп жинаған. Тұрмыс-салт жырларының нұсқалары Ақынбеков жазбалары арқасында табиғи, өзгермеген қалпында жетті. Фольклорист Ә.Диваев 1909 жылы одан «Алпамыс» жырын жазып алып, 1916 жылы жариялаған. Ақынбековтен жазып алынған түрлі аңыз, ертегі өлеңдер Диваев жинақтарында күрделі орын алады» (239-бет). Зер салып оқыған кісіге осы шағын мақала бірталай сыр аңғартқандай. Қазақ эпосының інжу-маржаны «Алпамыс батыр» жырының нұсқасын ел арасынан іздеп тауып, алғаш хатқа түсіргендердің бірі болғанының өзі Еркінбек Ақынбеков атын фольклортану тарихына енгізуге жеткілікті дәлел болар еді. Тағы бір көңіл бөлетін нәрсе «Ақынбековтен жазып алынған түрлі аңыз, ертегі, өлеңдер Диваев жинақтарында күрделі орын алады» деген сөйлем. Бұл арада Әбубәкір Диваевты таныстырып жатудың қажеті бола қояр ма екен? Ә.Диваев (1856 — 1932) Қазақстанның Оңтүстік аймағының (бұрынғы Сырдария, Жетісу губерниялары) ауыз әдебиетін неғұрлым көп жинаған, зерттеген аса көрнекті фольклоршы ғалым. Ол туысқан башқұрт халқының перзенті, 1876 жылы Орынбордағы кадет корпусын бітіргеннен кейін, Түркістан өлкесіне қызметке жіберілген кезінен өмірінің ақырына дейін қазақ фольклорының үлгілерін жүйелі түрде жинап, көп нұсқаларды орыс тіліне аударған, ғылыми еңбектер қалдырған ғұлама. Зерттеушілердің көрсетуінше Ә.Диваев топтаған, түсініктеме жазған ауыз әдебиеті мен халық ақындары поэзиясы үлкен шоғыр.

М.Әуезовтің басқаруымен шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихының» (1-том, 1-кітап, 1960) «Қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы Октябрьге дейінгі ғылым» деген тарауынан (авторы профессор Н.С.Смирнова) «Диваев Шымкент уезінде ауыз әдебиет мұраларын аса көп білетін дарынды жыршы өрі өңгімеші Ақынбеков Еркінбекпен кездеседі. Ол одан қыз ұзатқан тойда айтыла-

тын жар-жар, аужар өлендерін және баска да ертегі, мысқыл әңгіме, мақал, жұмбақ, жырлар жазып алған (43 — 44-беттер) деген сөздерді оқимыз. Бұлардың көлемі мен тақырыптық құрамы қандай екенін Ә.Диваев архивтерін ақтарған зерттеуші ғана нақтылы тізіп көрсетуі мүмкін. Осы кітапта бұдан соң «Диваев алдымен қолжазбаның өзін қолға түсіруге тырысқан, ал иесі бермеген жағдайда көшіріп алған. Мұндай жағдайда шығармаға «қолжазбадан» деген белгі соғып отырған. Диваев әлгі Ақынбеков Еркінбектің қолжазбасынан алынған ертегілерді бастырып шығарды» (соны, 44-бет).

Ә.Диваевтың фольклорлық мұрасын зерттеуші Ф.Оразаева мен Т.Сыдықовтың бірігіп жазған «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) атты кітабында Еркінбек Ақынбеков жайында қосымша деректер берілген. А.Ақынбековтың Ә.Диваевқа тигізген көмегі дәйекті сипатталған. «Әбубәкір көбінде Сырдария, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Өзбекстан, Қарақалпақстан төнірегін қоныстанған халықтардың жұмбақтарын да жинаған. Жұмбақтарды жинақтауда оған көп көмек көрсеткен Шымкент уезі, Ноғайқара болысының қазағы Еркінбек Ақынбеков болады» (329-бет). Енді бір жерде Ә.Диваевтың ертегілер мен эпикалық шығармалардың екі-үш вариант-нұсқасын жинағаны айтылады. Бұл пікірді «ертегі, жоқтау, Алпамыс туралы аңыз әңгімелер Еркінбек Ақынбеков, Қожабай Амалдықов, Мақан Шақтабаевтардың қолжазбаларынан көшірілген» деген тұжырым растайды (332-бет).

Зерттеушілер сөздерін жалғастыра түсейік. «1909 жылы Ә.Диваев «Алпамыстың» тағы бір нұсқасын қазақшадан орысшаға аударды. Ол нұсқа Шымкент уезінің қазағы Еркінбек Ақынбековтің «Алты жасар Алпамыс» деп аталатын қолжазбасы. Ертегі түрінде қарасөзбен жазылған бұл нұсқаны Ә.Диваев 1916 жылы «Великан Алпамыс» деген атпен бастырып шығарды (көрсетілген кітап. 339-бет). Еңбек авторлары Е.Ақынбековтің «Алпамыс жырын тауып, жазып алудағы бағалы қызметін тағы бірер жерде қайталап тұжырымдайды (350 бет)...»

Келтірілген мысалдар Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында туып-өскен, өзінің зерек, алғырлығының арқасында сонау отаршылдық заманда орыс тілін жетік меңгеріп, уездік әкімшілік мекемелерінде көп жылдар тілмаш болған Еркінбек Ақынбековтің ауыз әдебиеті мұрасын жинап, аса пайдалы іс атқарғанын айқын дәлелдейді.

Біздің қолымызда Е.Ақынбековтің өмірбаяндық өзге деректері жоқ. Білетіндердің айтуынша ол білімді, парасатты, дарынды, сөзге жүйрік, әр нәрсеге имандылық тұрғысынан қарайтын кісі болған. Ел арасында теңсіздік зардабына душар болған рулар мен ауылдардың шағымдарын «Еркінбек адал тексеріп, тура төрелік жасаған» деген сөздерді құлағымыз шалған...

Еркінбек Ақынбеков өмірінің ақыры кайғылы аяқталған. 1918 жылы большевик атын жамылған жендеттер оны және бір топ ел жақсыларын тергеусіз, сотсыз Түркістан станциясы вокзалының алдында атқан. Жұртшылық сөзін сөйлейтін білікті, инабатты жандар осылайша опат болған...

Кенес дәуірінде орын тепкен көптеген әділетсіздіктер секілді Еркінбек Ақынбековтің нақақ өлімге душар болғаны анық. Ең өкініштісі сол — қаражүрек, қатыгез әсіребелсенділердің қаны сорғалаған зорлығы ондаған жылдар бойы айтылмай қала берген. Енді бұл оқиғаны көзімен көрген куәлерді іздеп табу қиын. Қалай болған күнде де зұлымдық әшкереленуі, әділдік үстем болуы тиіс. Сондай шараның бірі Түркістан станциясы вокзалының алдында, елдің құрметті адамдары шейіт болған жерде солардың аттары жазылған обелиск-белгі қоюға болар еді... Шардардың әкімшілігі мен зиялы жұртшылық бұл мәселеге көңіл бөлер деп сенгіміз келеді...

МҰХТАР ӨУЕЗОВ ЖӘНЕ «МАНАС»

Қазақ кенес әдебиетінің классигі Мұхтар Өуезовтің көп қырлы шығармашылығында оның ауыз әдебиетіне арналған зерттеулерінің алатын орны үлкен. Жазушы фольклор мұрасына ерекше ықылас білдіріп, ауыз әдебиеті нұсқаларын ұдайы іздестіріп, жүйелі түрде тексеріп отырған. Қаламгерлік сапары басталған кезден-ақ суреткер фольклорды терең білуді өзінің алдына ұлы мақсат етіп қойған секілді. Ол қазақ ауыз әдебиетінің бірсыпыра үлгілерін ел арасынан жазып алып, жариялаумен де айналысқан. Оның «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының Бейсембай ақын айтқан көркем нұсқасын жазып алуы осыны көрсетеді. М.Өуезов ауыз әдебиеті ескерткіштерін әрі көркемсөз өнері ретінде, әрі халық тарихын түсінуге апаратын сенімді дерек сипатында қарап бағалаған. Сонымен қатар ол фольклор материалдарын

жазба әдебиетті байытып отыратын сарқылмас қазына деп те білген. Мұның растығын жазушының бай шығармашылық тәжірибесі айқын дәлелдейді.

М.Әуезовтің қырғыз халқының эпосы «Манасқа» көңіл бөліп, бұл ғажайып мұраның білікті зерттеушілерінің біріне айналғанын да оның ауыз әдебиетіне деген зор ілтипатының көрінісі деп қараса болады. Оның үстіне «Манастың» теңдесі жоқ көлемі де, көркемдігі де, тұтас бір халықтың ақындық өнерінің символы дерліктей өзгеше бітімі де қазақ ғалымын қызықтырған.

Зерттеушінің «Манас» тақырыбына нақтылы қай жылдары қол ұрып, қадам қойғанын анықтау қиын емес. Бізге белгілі мәлімет бойынша, ол жиырмасыншы жылдардың ақырғы тұсында қырғыз эпосы бойынша ғылыми еңбек жазуды алдына нысана етіп қойған. «Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» деген монографиясының негізін ол отызыншы жылдарда жазып, еңбектің үш нұсқасын жасағаны мәлім. Кезінде ғалым осы зерттеуінің негізінде «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде мақала бастырғаны белгілі. Ал монография толық түрінде көп жыл кейін, 1959 және 1962 жылдары М.О.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет» деген кітаптарында жарық көрді.

Бұл монография манастану тарихында өте күрделі қызмет атқарды, эпостың көптеген ерекшеліктерін тамаша талдап ашып берді, зерттеушілік мәдениеті мен тереңдігінің үлгісіндей ғибрат қалдырды. Монографияда көтерілген және дәйекті шешім жауабы берілген мәселелердің құрамын тізіп көрсетсек те, еңбектің орны мен мәні аңғарылады. М.Әуезов бұл зерттеуінде жырдың пайда болуы және дамуында манасшы жомықшылардың рөлі, эпикалық жыраулардың тұлғасы, эпикалық орта, жыршылық мектеп, эпостың полистадиялылығы, генезисі, жырда тарихи оқиғалардың елес беру дәрежесі, типологиялық және поэтикалық мәселелері жайында байсалды тұжырымдар жасады.

«Манастың» ұлан-ғайыр жыр күмбезі болып сомдалуына айтушылардың сіңірген қызметі зерттеушіні қатты қызықтырған. Осы мақсатпен ол эпостың ең ірі орындаушылары Сағымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаевтың айтқыштық өнеріне ерекше зер салады. Аты аңызға айналған жыршы Жайсаңнан бастап, бертіндегі Келдібек, Балық, Найманбай, Тыныбектер дәстүріне шолу жасайды. Осындай салыстыру кейбір жыршылардың өнерін

өз құлағымен естіп байқау, көпті көрген көнелерден сұрастыру арқылы ол манасшылардың шығармашылық тұлғасын танығандай болады. Зерттеуші ең алдымен айтушылардың өзін екі топқа бөліп қарайды. «Импровизаторлық таланты күшті, шабыты тасып төгілген жыршылар жаттап алған жырларын өзгерте, өз жанынан қоса отырып айтатын болған. Ал енді біреулер тек естігендері мен жаттап алғандарын ғана айтқан» (М.Әуезов. «Уақыт және әдебиет», 1962, 180-бет). Бұдан кейін ғалым жыршылықтың өзінде біреуден біреу үйреніп толықтырып, дамытып өкетегін дәстүр болғанына тоқталады, айтушылар мектебінің кейбір дерегін келтіреді. «Балық – бергі заманда болған ақын. Балықтан кейін оның баласы атақты ақын Найманбай шығады. Балықтан бастап «Манасты» айтып таратуда, кейінгі ұрпаққа беруде мирастық дәстүр туады... Сол сияқты Сағымбай да «Манасты» ағасы Әлішерден үйренген» (Көрсетілген кітап, 179-бет).

Жомықшылар мен жай жыршылардың өзіндік орнын анықтап, «Манасты айтушылардың мектебі жөнінде мол мағлұматтар келтіре отырып, зерттеуші «эпостың барлық нұсқаларына ортақ желі бар ма» деген сауалды ылғи есінде ұстайды. Өйткені соншама мол айтушылар замандар бойында жана версиялар тудырып әкетуі де мүмкін ғой. М.Әуезов өзіне мәлім болған варианттарға және жыршылардан естіген куәліктерге сүйене отырып, «Манастың» негізгі оқиғалық түбірлері түрлі нұсқалардың бәрінде дерлік сақталғанын анықтайды. Бұл ғылыми жағынан алғанда үлкен принциптік мәні бар тұжырым еді. Ол осы сұраққа жауапты жыр мәтінінен ғана іздемей, құймақұлақ ел адамдарынан да естиді. Соның арқасында «Көне құлақты қариялардың айтуынша, дастанның барлық эпизодтарында да әрекет ететін кейіпкерлер де бір, олардың қимылы мен істері де бір» деп (179-бет) берік байлам жасайды. Мұндай дерек зерттеушіге жырдың халық құлағына қанықты ежелден айтылып келе жатқан желісін анықтау үшін де, варианттардың арасындағы өзара жақындық пен алшақтық дәрежесін білу үшін де керек болған.

Сонымен қатар М.Әуезовтің көздеген түпкілікті бір мақсаты зерттеудің өн бойында көрініс беріп отырады. Ол – «Манастың» халық қиялынан жаралған, елдің арман, үмітіне бөленген шынайы табиғи туысын мінездеу мәселесі. Осындай негізгі проблемаға зерттеушінің тұрақты көңіл бөлуі кейіннен «Манас» төңірегінде талас туған кезде зор пайдасын тигізгенін, ғалымның қыр-

ғыз эпосының халықтық келбетін дәлелдеп шығуына мүмкіндік бергенін көреміз.

Қазақ ғалымының сонау отызыншы жылдардың өзінде «қай нұсқасын алып қарасак та, эпостың негізгі элементтерінен бұл жыр о баста халықтың туындысы екенін, оны ру ұжымдарының мақсаты мен тілегін білдірген жыршылар шығарғанын анық көреміз. Батырлық хикаяны тудырған да, өз ішінен шыққан өкілдердің, яғни батырлардың жинақты бейнесін жасаған да халық» (184-бет) деп қорытынды жасауы ғылыми ерлікке барабар.

М.Әуезов «Манас» жырының тақырыптық жүйесін өзінше топтап көрсетеді. Олар: 1. Манастың дүниеге келуі және бала-лық шағы. 2. Жорықтар. 3. Батырдың інісі әрі серігі Алмамбеттің келуі. 4. Қаныкейге құда түсіп, үйленуі. 5. Көкетай асы. 6. Көзкамандар (Манастың туыстары) оқиғасы (191-бет). Осы және баска үлкенді-кішілі оқиғалардың көлемі мен құрамын анықтау түрлі кезеңдерде қосылған эпизодтар мен идеялардың сипатын тануға мүмкіндік береді деп есептейді. Зерттеуші бұл көрсетілген ұлы желі түрлі варианттарда қаншалық дамытылып немесе кішірейтіліп айтылатынының сырына үніледі. Соңғы мәселені ғалым жомықшылар мен жыршылардың дарын қабілеті қауқарына байланыстыра қарайды. «Жыршылардың барлығы айтатын эпизодтық тұлғалар мен кейіпкерлер бірдей», — дей келіп, ғұлама тағы бір заңдылықты көрсетеді. «Бұдан олар (жыршылар — Р.Б.) белгілі бір сюжеттік желіні бір-бірінен қабылдағаны байқалады. Бірақ олар жырды бір-бірінен жаттап алған деуге болмайды», — деп түйіндейді ол (180-бет). М.Әуезовтің және бір үлкен ғылыми қорытындысы «Манасты» айтушылардың үлкен екі мектебін, Нарын және Қаракөл (Пржевальск) мектебін анықтауы. Мұның алғашқысының көрнекті өкілі деп Сағымбай Оразбақовты атаса, соңғысына мысал етіп Саяқбай Қаралаевты алады.

Бұл күнде «Манасты» зерттеушілер көп, олар жырдың түрлі аспектілерін нақтылы тереңдеп тексеруге беталып келеді. Қол жеткен табыстар да аз емес. Бірақ әр нәрсені тарихилық тұрғысынан қарасак, М.Әуезовтің сөз болып отырған монографиясында қаншама күрделі байқаулар мен ойлар айтылғанына қайран қалмаска болмайды. Ол жыр мен жыршылықтың бірқанша заңдылықтары мен шарттылықтарын барлап қана қоймай, ғылыми мәні терең байлаулар да жасаған. Ғалымның «Манас» жырының негізгі бөліктерінің тұрақты, айнымайтын мәтіні туралы аңғар-

ғандары да келелі пікір. Сондай-ақ жомықшылардың қызметін көрсетуі де маңызды тұжырым. «Батырлық жырдың, — дейді ол, — қалыптасуын және оған кейін жамалған қоспаларды сөз еткенде шешуші орынды тек жомықшылар ғана атқарғанын атап айту керек. Өйткені сюжет желісін, оның өлшемі мен түрін, батырлық эпостың бүкіл стилін анықтайтын солар» (183-бет).

Эпикалық ортаның орны мен әсері жайында да М.Әуезов көп тоқталған. Ғалымның түбегейлі тұжырымы эпостың жасалып, жетілуінде жыршылар, айтушылармен қатар сол жырды тындаушы ортаның, халықтың да ықпалы күшті болған деген ойларға саяды. Бұл мәселеге зерттеуші ерекше мән беріп қайталап оралып отырады. «Жазушы мен оқушының байланысы кітап арқылы ғана болса, ал жыршы мен тындаушы әрдайым бетпе-бет отырады. Олардың байланысы анағұрлым тығыз, бір-біріне тигізетін әсері де даусыз. Ауызша айтылып таралатын поэзия тындаушысыз тумак емес», — дейді ол (183-бет). Жыршы мен тындаушының байланысына қатысты зерттеуші бірнеше мезетті атап көрсетеді. «Тындаушы енжар оқушы емес. Ол шығармашылық үрдістің тікелей куәгері. Көз алдында туған өнерді бағалай отырып, ол батырлық жырдың қалыптасуына белсене араласады» (183-бет). «Манастың» кең тарамдалып, көркейіп шығуына ел батырының даңқты істері мен өнегесін ұдайы естігісі келген тындаушы жұртшылықтың ықыласы мен талабы да ықпалды фактордың бірі болған. Бұл жөнінде М.Әуезов пікірі мүлде айқын. «Тіпті әуел баста батырлық жыр бір ғана циклден тұруы да ықтимал. Ал кейін тындаушы ортаның талап етуімен жомықшылар бұрыннан бар, мәлім сюжеттік желілерді жаңа оқиғалармен байытып, өрбітіп отыруы мүмкін. Өйткені тұрақты тындаушылар ғана сюжетті кеңейтуді, жаңартуды талап етеді» (185-бет). Демек жырдың идеялық, оқиғалық жаратылысын тексергенде әлеуметтік ортаның әсерін естен шығаруға болмайды екен. Манаптар мен дін иелері «Манастың» халық арасында соншалықты сүйікті екенін көріп, жырға өздерінің көзқарастарын да қостырып жіберуге әрекет жасаған. Эпостың кейбір варианттарында кездесетін, халыққа жат сарындардың да сырын осыдан деп түсінсек абзал.

М.Әуезов қырғыз жыршыларының арасында сөз өнері ғайыптан келіп «қонатын», «кереметтің» күшімен пайда болатын нәрсе деп түсінушілік кең тарағанын атап өтеді. Үлкен жомықшылардың көбі жұртшылықты түсінде өзі келіп «аян бергеннен» ке-

йін кәсіп еткен. Қалай болған күнде де айтқыштық өнердің түбірін дарығандыққа жору кең жайылған ұғым еді. Кейбір жомықшылар жөнінде халық жадында қиял-ғажайыбы аралас аңыздар тарап отыруы да осыған байланысты. Мәселен, «Келдібек жырлағанда киіз үй селкілдеп, айнала төңірек ұйып қалады екен, кенет кара дауыл соғып, ауыл манын жұмбақ та тылсын қалың қол қаптап, ат тұяғынан кара жер солқылдайды екен», — десіп мадақ етіскен. Сол атакты Келдібек те, одан бертінгі Тыныбек те жыршылық өнердің өз бойларына сиқырлы түс көргеннен соң дарығанын айтқан. «Манастың» ең тандаулы нұсқасын жырлаған Сағымбай да түс көріп барып, жыршылық жолын таңдағанын мәлімдеген. Ал Тыныбек жомықшының көрген «түсін» ел былайша дәріптеген: «Жол жүріп шаршаған Тыныбек ұйқтап кетеді. Түсінде оған салт атты көп кісі келеді. Ішінде Аққұла атына мінген Манас та бар. Қасында соңына ерген қырық батыры. Олар Тыныбекке жақын келіп жайғасады. Манас жеке отырады да, серіктері төрт топқа бөлінеді. Тамақ ішіп отырған Манас нөкерлеріне Тыныбекке дәм беруге бұйырады. Олар Тыныбекке бал береді (Тыныбек бұрын бал жемеген екен. Кейін де балдан дәм татпаған. Манастың қызметшілерінің қолынан дәм татқанмын дегенді айтқан). Тыныбек қызметшілерден олардың жөнін біледі. Кейін сәл есін жиып Тыныбек жақындай түскенде Манас пен оның серіктері ұзай береді. Тыныбек шаба-шаба шаршайды, жете алмайды. Ол сөйтіп шапқылап жүріп түсінде Манас жайын жыр етеді. Ояна келсе, бәрі де түс екен. Бірақ жаңағы жыр сарқылып қалмайды, қайта буырканып тасқындап төгіледі. Аяғын өрең көтеретін көтерем байталы да құстай ұшады. Тыныбек жыл бойы жырлайды. Ауылына келе сала ол тағы да жыр төгеді, ұзақ түн бойына жырлап шығады...» (Аталған кітап, 182-бет). «Манастың» телегей теңіз жолдарын жатқа білудің сырын жыршылар да, жұртшылық та тек осындай ғайыптың құдіретімен ғана болуы мүмкін деп сенген...

Қазақ ақын, жыршыларының да түс көріп барып, сөз өнері жолына түскендігіне мысал көп. Мұның бірсыпыра қызықты дерегін профессор Е.Ысмайылов өзінің «Ақындар» атты құнды монографиясында келтірген еді. Атакты ақын Ә.Тәжібаевтың айтуына қарағанда, халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев өзіне ақындық дарытқан «ие» жолбарыс бейнесінде оны үнемі жебеп, медет болып отырғанын мәлімдеген. Өзбек фольклоршысы Т.Мырзаев жыршылар жөніндегі зерттеуінде де айтқыштық

өнердің «түс көру» арқылы қонатындығы туралы түсінік шайырлар мен хафиздер арасында да мол таралған наным болғанын айтады. Ертеде өзбек ақындары «Мұрат тауына» барып түнесе, сөз өнері қонады-мыс деген аңызға иланғаны жайында да деректер бар. Міне, бұл көрсетілген мысалдардың түбірі бір арнаға құяды. Ол — бұрын көптеген халықтар арасында ақындық, жыршылықтың түп-төркінін киелі күшке, белгілі бір төтемге қатысты деп сенудің кең орын алғандығы.

«Манастың» әр дәуірдің салт-санасынан хабар беретін көпкәбаттылығы (полистадиялылығы) туралы М.Әуезов еңбегінде айтылған пікірдің де мәні зор. Ол жырдың кестесіне кейінгі замандарда қосылған кейбір кертартпа сарындарға бола оның анық қымбат белгілеріне көз жұмып караудан сақтандырғандай болады. Кейінгі зерттеулер эпостың оқиғалары мен тұлғаларын тарихи дәуірлердің белгілі бір кезеңіне ғана телудің ешбір мүмкін еместігін дәлелдеп отыр...

Жырдың оқиғалық өрілімін жан-жақты сөз ете келіп, зерттеуші солардың бәрі Манас төңірегіне, соның атына байланысты өрбіп отыратынын, тұрмыстық-салттық эпизодтардың күллісі бас қаһарманның батырлық жорықтарын айтатын негізгі идеяға тәуелді екенін көрсетеді. «Дастанға бірден-бір өзек болып тұрған — басты кейіпкер туралы және оның жорықтары мен бастан кешірген оқиғалары жайындағы тақырып» деп тұжырымдайды ғалым. Бұл пікірлер Шоқан Уәлихановтың өткен ғасырда «Манасты» алғаш жазып алып, әлемге таныстырғанда берген анықтама-сымен орайлас жатқанын көрмеуге болмайды.

М.Әуезов жырдың басты қаһармандарына байланысты өрбітін оқиғаларға да жүйелі түрде тоқталады. Эпостың генезисіне қатысты көп қызықты ойлар айтады. Әсіресе ол жырдың негізгі желісі болып табылатын «ұлы жорық» төңірегіне молырақ аялдайды, эпос оқиғалары мен тарихи істер арасынан байланыстар іздейді, осы орайда шежіре, аңыз, тарихтан бірталай мысалдар келтіреді. Зерттеуші бұл арада фольклортанудағы белгілі бір белес болып табылатын «тарихи мектеп» қағидаларына ден қояды. «Тарихи мектеп» теориясын ұстанушылар жыр, былинадан көбінше тарихи негіздер іздейтін, эпос оқиғалары мен қаһармандарын қалайда бір түп себепке жақындастырғысы келетін. Әрине, мұндай ізденудің өзіндік пайдалы жақтары да болды. Ол әдістің ұтымды жағы — жырларды өмірлік шындықтарға неғұрлым қабыс

тыра зерттеуге ұмтылуында болатын. М.Әуезовтің «Манас» пен ертедегі тарихи оқиғалар арасын салыстыратын жерлері оқушыға көп ой салады. Оның «Манас» оқиғаларын ежелгі Қырғыз мемлекеттігі, Ұйғыр хандығы, одан әрідегі Түрік қағанаты кезеңінің ақиқатына жанастыра қарастыруы өте-мөте нәрлі ізденістері болып табылады. «Манас» деген сөздің мағынасына да зерттеуші ой жүгіртеді. Бұл есімді ғалым «шаман төңірлерінің бірінің есімі немесе сол кезде Орта Азияда көп таралған манихеизмнен шыққан болуы тиіс» дейді (көрсетілген кітап, 206-бет). М.Әуезов қырғыз эпосының ежелгі Орхон жазбаларындағы сарындарды еске салатынына көп көңіл бөледі, көп зерттеушілер тек қарасөз, шежіре деп есептеп келген сол жазулардан эпикалық дәстүрдің белгілерін көреді. Орхон жазуындағы Құлтегін батырдың жорықтарын суреттейтін тұстар мен «Манастың» оқиғалық негіздерінен кейбір сарындастық тапқандай болады. Қазақ ғалымының бұл тұжырымы алдағы кезде зерттеушілеріміздің ерекше көңіл бөлетін, нақтылы тексерулер арқылы дәлелдей түсетін жайлары болып табылады.

«Манастың» шығыс дастандары дәстүрімен ұқсастығы турасында да ғалым бағалы байламдар жасаған. Сонымен қатар жырдың құрылысы, бейнелеу жүйесі, дәстүрлілік пен ұдайы толығып, молығып отырудың заңдылықтары жөніндегі байқағандары ешқашан мәнін жоймайтын ойлар.

Манастану тағдырында М.Әуезовтің 1952 жылы Фрунзе қаласында өткен конференцияда сөйлеген сөзінің мәні аса зор. Қырғыз эпосының басына қауіп төніп, оны феодалдық идеология туындысы деп «бағалаушылардың» үні өктем шығып тұрған қатерлі шақта бұл ескерткіштің халықтық бітімін дәлелдеп, әрі ғылыми, әрі азаматтық ерлік көрсету оңай емес еді. М.Әуезовтің осы конференциядағы шыншыл тебіреніске толы сөздері парасат салтанатындай болды. Бір-біріне кереғар айтылып келген көп талдаудың бағытын туралық жолына бұруға қазақ ғалымының білгірлігі мен биік беделі таудай тірек болғанын ұмыту мүмкін емес.

Әрбір эпикалық шығарманы зерттеп талдағанда оның нұсқаларын есепке алу ғылымның басты шартының бірі екенін ескерте келіп, ғалым «Манас» жыры да бұл заңдылықтан сырт тұра алмайтынын көрсетеді. Фольклор туындыларының бір ғана дәуір емес, сан түрлі заманның дүниетанымынан хабар беретін көпста-

диялылы сипаты басым болатынын айта отырып, зерттеуші «Манас» сынды ұлан-ғайыр эпосты тек қана бір айтушының нұсқасы негізінде ғана тексеру мүлде аздық ететінін айтады. Шығарманың бойына түрлі кезде әр қилы себеппен қосылған эпизодтар мен өрнектерді тұтастай салыстыра, шола келгенде ғана оның нағыз халықтық ұлы желісін анықтауға болады деп түйеді. М.Әуезов жырдың Сағымбайдан жазып алынған вариантында халықтық емес сарындар да ұшырайтынын, бірақ олардың эпос құрылысына кейіннен келген қоспалар екенін аңғартады. М.Әуезов бір кезде өзі де «Манасты» феодалдық идеология жемісі деуге бейім болғанын, ақырында, ұзақ жылдардағы түпкілікті зерттеу нәтижесінде ғана эпостың шын табиғатын тани бастағанын жасырмай баяндайды. «Манасты» мансұқтағысы келетіндер жырдың негізгі өзегі мен кездейсоқ қоспаларды айыра алмағанына өкініш білдіреді. Бұл пікірдің бәрі де дер кезінде айтылған, зерттеушілерді бірден-бір дұрыс бағдарға салатын байсалды ойлар еді.

Сол конференцияда М.Әуезов мамандар мен жалпы зиялы жұртшылық алдына: 1. Кенестік қырғыз халқына «Манас» керек пе, жоқ па? 2. Эпостың құрама, екшелген вариантын жасауға бола ма? 3. Ондай вариантты қандай жолмен қалыпқа түсіруге болар еді деген сауалдар қойып, оның дәйекті жауабын да өзі ұсынған болатын. Терең білімділікке және ғылыми объективтік ақиқатқа негізделген Мұхажір сөздерінің әсері арада көп жылдар өтсе де бәсең тартқан жоқ. Өйткені ол сөздер ғалымның тек қана ақиқатқа сүйенетін мінезін ғана байқатып қоймай, шындық үшін табан тіреп күресе білетін мәрттігін де жарқырата ашқан еді.

Алғашқы сұрағына тоқтала келіп, М.Әуезов «Манас» жырын тек ғалымдар, жазушылар ғана емес, бүкіл қырғыз халқы қалтқысыз қабылдап отырғанын айтты. Кеңес дәуірінде жасаған отыз төрт жылының ішінде қырғыз халқы өзінің сүйікті «Манасынан» бір сөт ажырап көрмегенін, жырдың мектеп оқулықтарында, жазба әдебиетте, көркемөнерде, баспасөзде ұдайы насихатталып келгенін, қысқасы, эпостың ел өміріне етене сіңісіп кеткенін тұжырымдай отырып, ғалым осының бәрі ұлы мұраға берілген ең өділ әрі түпкілікті баға екенін мәлімдеді. Сонымен қатар зерттеуші жырдың кеңес жылдарында бұрынғы керексіз сарындардан, діни, ұлтшылдық бояулардан арылып, өзінің табиғи халықтық мөлдір нұсқасын сақтап қалғанын көрсетті. Қырғыз халқының түсіні-

гінде хан Манастың емес, елдің намысы, ерлік, қаһармандық, отаншылдық, ізгілік туралы ұғымдарының жиынтығы – батыр Манастың бейнесі ғана өшпес орын алған деді ол (М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 19-том, Алматы, «Жазушы» баспасы, 1985, 154-бет).

Бұдан кейін М.Әуезов «Манастың» кыргыз халқының рухани өміріндегі бірегей орнын салалап ұғындырып өтеді. Оның көрсетуінше, бұл жыр тұтас бір халықтың ғасырлар бойында жасаған ақындық сөз өнерінің, әдеби тілінің көрсеткіші болып табылады, халық тілінің синтаксистік, лексикалық, поэтикалық байлығын танығысы келген бірде-бір адам эпосқа соқпай өте алмайды, сан замандарда қалыптасқан ақындық мәдениет өрнегі де осында.

Осы сөзінде М.Әуезов эпостың генезисі жөнінде өзінің бұрынғы зерттеулерінде жасаған тұжырымдарын дамыта түседі. Мәселен ол жырда, көп ғалымдар көрсетіп жүргеніндей, тек XIV-XVIII ғасырлардағы қалмақ, кыргыз соғыстарының ғана сәулесі емес, одан бұрынғы монғол шапқыншылығы кезінің де көрінісі бар екенін аңғартады. Бұл тезисті тереңдете түсіп, ғалым эпоста ертедегі түрік қағанаты дәуіріндегі, ежелгі ұйғыр патшалығы тұсындағы оқиғалардың да жаңғырығы сақталуы мүмкін деп есептейді. Бұл жырдың түп негізін тануға апаратын жаңа толғам еді (155-бет).

«Манастың» тұтас вариантын жасау мүмкіндігі мен оның жолдарын М.Әуезов бір-біріне байланыстыра қарайды, ол үшін жырдың әуел бастан айтылып келе жатқан тұрақты сарындарын танып, екшеп алуды ұсынады. Мұндай сарындарды ұлы жыршылардың бәрінің де нұсқасынан табуға болатынын көрсетеді, халық арасында эпостың қалыптасқан, жүйелі желісі бар екендігін сипаттайды. Әсіресе жырдың бұрынғы-сонды барлық нұсқаларында соғыс суреттері берілген батырлардың жекпе-жегі, кейіпкерлердің портреттік мінездемелері, қаһармандардың ерлік қасиеті сипатталған тұстардың орайластығы айқын. Табиғат көріністері, халықтар мен елдерді таныстыру, мерекелердің, ойындардың, салттардың, ырымдардың көрсетуі, қаһармандардың туу, өсу-ер жету, үйлену, қалыңдық іздеу мәресімдерінің, үлкенді сыйлау, ананы, атаны құрметтеу, достық пен қастық туралы халықтық ұғымдар сипатталуы – осының бәрі көптеген варианттарда қайталану келетін ортақ желілер екеніне М.Әуезов баса назар аударады. Ол осындай ертеден ел құлағына қанықты, сүйікті са-

рындарды эпостың ұлы демократиялық рухына сыйыспайтын, кейіннен үстем тап өкілдері мен дін иелерінің идеологиясын мадақтау тілегінен туған, табиғаты халықтық ұғымға мүлде жат қоспалардан айырып алу ғана бірде-бір дұрыс шешім болатынын, жолдан жамалған жасанды, жалған, жаңсақ мотивтерге бола эпостың мәңгі жасайтын өрнегіне кінәрат келтіруге болмайтынын зор сеніммен дәлелдейді.

Бұдан кейін М.Әуезов «Манастың» екшелген вариантын қалай құрастыруға болады деген сұрауға өз пікірін айтады. Ол жырдың бірде-бір нұсқасын басы бүтін алмай, түрлі нұсқада қайталану кездесетін өзекті желіні талғап алуды ұсынады. Фольклортану ғылымының шарттары бойынша эпостың қандай вариантының да өзіндік келбеті, қайталанбас өрнегі бар, сол үшін олардың «правосы» тең деп есептеледі. М.Әуезовтің «Манас» варианттарынан түбегейлі бір нұсқа жасайық деуінің себебін сол кездегі ғылыми, саяси ахуалға да байланысты қарасақ, мәселе түсініктірек болып шығады. Елуінші жылдардың бас кезінде кейбір фольклоршылар ғылымның объективтік талаптарын ұмытып, бірсыпыра эпосты түгелдей мансұқтап тастауға жақын келген еді. Олар эпос пен тарихи оқиғалардың екеуі мүлде алшақ жататынын, эпос өмір оқиғаларын өз шарттарына бағындырып алатынын ескермеді, қаһарман байдың баласы болса, жырды да байшылық идеология жаратындысы деп төте тұжырым жасады, осы дақпырттың салдарынан бірталай эпикалық аңыздаулар «сын» нысанасына алынды, оқу бағдарламалардан шығарылды, кейбір зерттеушілерге саяси кінә тағылды... Міне, осындай жағдайда «Манас» эпосына арналып өткізілген конференцияның да міндеті онай болмағаны белгілі. «Манасты» мүлде қаралағысы келгендер сол конференцияның өзінде-ақ табылған еді. Бірақ бірсыпыра беделді ғалымдар мен жазушылардың тегеурінді дұрыс бағыты мәселенің оң шешілуіне мүмкіндік берді. Соның ішінде ең салмақты, саликалы сөз – М.Әуезовтің лебізі еді.

Шығармашылық өмірінде көп салалы қызмет атқарған, қазақтың кеңестік жазба мәдениетінің бас тұлғасы ретінде қыруар міндет көтерген, драма, проза жанрларында биік үлгілер жасаған, әлем әдебиетінің інжу-маржан ескерткіштерін қазақ оқушысының игілігіне айналдырған, әрі ғұлама оқытушы ретінде жоғары оқу орындарында дәріс оқыған, қазақ фольклорының аса көрнекті білгірі болған М.Әуезовтің «Манас» жөніндегі талқылауға

араласып, ең беделді, шешуші сөз айтуы оның ғылыми мүддені ардақ тұтқаны ғана емес, халықтар достығының нығаюына да қосқан үлесі болды.

Заманамыздың аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге алып жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі — «Манас», екіншісі — Мұхтар Әуезов» («Біздің Мұхтар», 1976, 71-бет) деген сөздері ұлы суреткер ғалымның тарихи орнын белгілейтін биік баға.

ҒАЛЫМНЫҢ ОЙЫ ОРТАҚ

I

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, белгілі фольклоршы, атакты археолог, Шоқантанудың негізін салушы, тарихшы, этнограф Ә.Марғұланның ғылым әлемінде атқарған істері туралы ұзақ та, қысқа да айтуға болады. Желілеп әңгімелесе, оның өмірі мен өнегесі үлкен, қызғылықты кітаптың мазмұнын құрар еді.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы көкек айының жиырма жетісі күні Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы 2-ауылда туған. Бастауыш, орта оқу орындарын бітіргеннен кейін ол Ленинград мемлекеттік университеті қоғамдық ғалымдар факультетінің шығыс бөлімінде (1925 — 1931) оқиды, мұнымен қатар Өнер тарихы институтында дәріс тындайды. Студент кезінің өзінде Қазақстан мен Алтайды зерттеу экспедицияларына (1926) қатысады, наймандар мен адайлардың тарихы, тұрмысы, әдет-ғұрпы жөнінде ғылыми ізденістер жүргізеді. Ә.Марғұлан Қазақстан оқу халық комиссариатының жанындағы жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызмет істейді. 1946 жылдан бастап өмірінің ақырына дейін Қазақстан Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтында сектор, бөлім меңгерушісі болды. Осы уақыт ішінде жемісті еңбек етті, оның қаламынан 300-ден артық зерттеу, 200-ге жуық ғылыми мақала туды.

Ғалымның өмірбаяндық мәліметтерін шолып шыққанда бірнеше елеулі жайлар көзге түспей қалмайды. Жасында ауылдық

мектептен араб әліпбиін танып, сауатын ашуы, көне түркі, қазақ қолжазбаларын оқуға төселуі, есейе келе орысша оқуға жетіліп, ақырында Ленинград университетін бітіруі екіншісінің басына кездесе бермейтін сәттілік деуге болады. Орта Азия мен Қазақстан жерінде мың жылдан аса өмір сүрген араб алфавитімен жазылған мұраны меңгеру әдебиетші, тілші, тарихшылар үшін сарқылмас қазына секілді болса, Әлкей Хақанұлы сол байлықтың тұнығынан ерте бастан қанып ішкен.

Болашақ ғалымның халық тарихын қадірлеп, сүйіп өсуіне, өмірлік нысаналарының айқындалуына жасынан ауыз әдебиеті нұсқаларын, аңыздарды, ақындар шығармаларын, шежірелерді көбірек жаттап өсуі себепкер болса керек. Әсіресе Ә.Марғұланның туып-өскен жері — Баянауыл атырабында көне тарихты да, қазақ халқының дербес ел ретінде сақталуының тағдырын шешкен заман XVIII — XIX ғасыр әңгімелерін де мол білетін құймақұлақ кісілер аз болмаған. Ол XVIII ғасырда қазақ халқының жоңғар, қытай басқыншыларына қарсы күрес хикаяларын, ел батырларының ғажайып ерлігін, XIX ғасырдың түрлі оқиғалары мен белгілі адамдары туралы нақтылы мағлұматтарды өз аулының қарияларынан естіген. Қазақ халқының азаттық күресін бастаушылардың бірі — Олжабай батыр (XVIII ғ.) Әлкей Марғұланның арғы бесінші атасы болып келуі де, Олжабай туралы әңгіме, аңыз, жырдың ел аузында сақталып келуі де болашақ ғалымның жас қиялын тербетпеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне Сарыарқада қазақ өні мен өленінің туын тіккен небір дүлдүл өнерпаздардың тікелей ықпалын көруі де Ә.Марғұланның тұңғыш тағылым мектептері тәрізді...

Кейінірек Ә.Марғұланның қазақ фольклорын, XVIII ғасырдағы батырлар жырын негізгі тақырып етіп алуына да, археология саласынан Орталық Қазақстанның көне мәдениетін зерттеуге бел байлауына да жас кезінде көңілге мықтап түйген мұраттар түрткі болғаны көміл. Ғалым өзіне дейін аңыз түрінде жеткен жәдігерлердің тарихи негізін ғылым жолымен дәлелдеуді мақсұт тұтқан.

Ә.Марғұланның оқуға, білімге талпынып, алдына ірі мақсат қоюына өзі жасында көрген ұлы ақын Сұлтанмахмұттың, бұған жақсы пейілін аямаған, кейін Қазақ Ғылым академиясының негізін салған Қаныш Сәтбаевтың, жас кезінен достасқан жазушы Мұхтар Әуезовтің, тағы басқа көрнекті адамдардың тәсір ықпалы болғаны да атап көрсететін құбылыс.

Санкт-Петербург университетінде заманының озық ойлы, терең білімді ғалымдарынан дәріс тындап, тәлім алуы Ә.Марғұланнның зерттеуші ретінде қалыптасуына мүмкіндік берді. Атап айтқанда В.В.Бартольдтен Орта Азияның тарихы мен археологиясы, С.Ф.Ольденбургтен Үндістан фольклоры мен өнері, И.Крачковскийден араб филологиясы, Е.Э.Бертельстен парсы поэзиясы, С.Е.Маловтан көне түркі тілдері, А.Н.Самойловичтен Орта Азия халықтарының әдебиеті, Н.Я.Марр мен И.И.Мещаниновтан, В.Л.Щербадан тілтану туралы дәрістер тындау аз олжа емес еді. Осы секілді ғұламалардан көрген өнегесін ол өзінің ғылыми өмірінің тұрақты принциптеріне айналдырған. Пәннің тарихына тереңдеп бару, өзіне дейін айтылған, жазылған пікірлерді толық салыстырып шығу, түпнұсқа деректеріне сүйену, түрлі пәндер саласындағы жетістіктерді пайдалану Ә.Марғұланнның ғылыми істерін айрықша мазмұнға бөлейді.

Өзінің ұзақ зерттеушілік өмірінде Ә.Марғұлан қыруар қолжазба жинаған, түрлі қалалардағы архив қазынасын ерінбей-жалықпай сүзіп шыққан. Қазақ, орыс тілдерінде барабар жетік, жүйрік жаза алатын ғалым өсте көлемге қызықпайды. Ол үшін басты көрсеткіш — сан емес, сапа. Сондықтан оның көлемі аздау көрінетін зерттеулерінің өзінде тың пікірлер, қызғылықты қорытындылар мол болады.

Ғалымның фольклорға қатысты еңбегінің дені қазақ эпосының тарихын, эволюциясын, жырларды туғызған түп себептер, жыраулар рөлін анықтауға арналған. Оның «Эпос жыры туралы» (1940), «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» (1941), «Қазақ әдебиеті» (оқулық, 1941), «Ш.Уәлиханов — Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші» (1941), «Қазақ эпосының сипаты және тарихи шарттылығы туралы», «Қазақ халқының эпикалық аңыздары», «Халық жырын туғызған тарихи мұралар», «Эпические сказания казахского народа» (1946), «Алпамыс» (1949), «Қазақ халқының ежелгі поэтикалық дәстүрін сақтаушылар жайында» (1957) тәрізді мақала, зерттеулерінде көптеген құнарлы ойлар еуропа фольклортану ғылымы деңгейінде айтылған.

Ә.Марғұланнның әрбір мақаласында тың тұжырым, тосын фактілер беріліп отырады. «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары» (1955), «Абайдың Ленинградтағы қолжазбасы» (1957), «Шокан Уәлихановтың әдеби жазбалары» (1958), «О носителях поэтической культуры казахского народа» (1959), «Шоканның

жаңадан табылған хаттары» (1960), «Жаяу Мұсаның жаңадан табылған өлеңдері» (1961), т.б. бұған дәлел.

Қазақ халқының поэтикалық дәстүрін сақтап жалғастырушылар туралы ғалымның ойлары мен нақтылы тексерулері атап көрсетерлік. Ғасырлар тасасында аты-жөні ұмыт болып кеткен талай-талай акын-жырау, жыршының есімін қайта «тірілтіп» ғылым мүддесіне пайдалануда Ә.Марғұланнның еңбегі ерекше бағалы. Ол ұмытылуға айналған қыруар фольклорлық мұраны жаңадан ашты. Бұл күнде мағынасы көмескіленген немесе мүлде түсініксіз көп атаулар мен терминдердің дәл мәнін Ә.Марғұлан тауып берген. Қазақ совет энциклопедиясы томдарына кіретін көне ұғымдардың мағынасын іздеген кезде академик Әлкей Марғұлан жәрдемге келіп, осындай міндеттің ауыр жүгін көтеріскенін жақсы білеміз. Қазақтың тарихына, этнографиясына, фольклорына, археологиясына қатысты проблемалар мен деректерді дәл Ә.Марғұланды кемел түсіндіріп бере алатын зерттеуші кемде-кем.

«Қазақ жырын туғызудағы мотивтер» («Халық мұғалімі», 1940) деген мақалада қазақ эпосында неғұрлым кең де көркем сипатталған типтік тұлғалар сөз болады. Автор елін, жерін жаудан қорғаған батырлар бейнесі жырларда неліктен негізгі орын алатындығын тарихи, өлеуметтік жағдайлармен дәлелдейді. Әлемдік эпостың тәжірибесіне сүйене отырып, тұжырымдары мен ойларын сенімді түйіндейді. Бұдан кейін жыр-дастандарда ер жігіттің серігі — сүйген жар бейнесінің қаншалықты жан-жақты жасалғанына тоқталады. Ескі грек мифологиясы мен түрік-монғол жырларының кей тұстағы ұқсастық сарындастығын да ашып отырады, мұндай құбылыстың себептерін айтуға тереңдеп барады. Алып батырды табатын, ер жігітке опалы жар бола алатын, ақылды, сұлу, ел-жұртқа мейірімді, камкор әйел тұлғасын жасау да қоғамдық өмір қажетінен туған нәрсе екенін түсіндіреді. Осындай ойларын жырлардан тамаша көркем кесек мысалдар келтіре отырып өрнектейді.

Қазақ жырларын туғызған сарын (мотив) ішінде «ер қанаты ат» кең орын иеленетіні аталған зерттеуде терең тексерілген; жүйрік ат бейнесінің өсем де тартымды суреттеріне тоқталған.

Ә.Марғұланнның қазақ эпосының сипаты мен дәуірлері туралы терең ойлары оның «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса» деген зерттеу мақаласында тамаша тұжырымдалған. Бұл мақалада қазақ эпосының рухани мәдениеті

тімізден алатын орны мен маңызы атап көрсетілген. Ғалымның эпос дәуірлері туралы толғамдары өзінің маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ.

Ә.Марғұлан қазақ жырын бір халық деңгейінде ғана алып қарамай, аңыздаулардың төркінін Сібір, Алтай, Орта Азия, Кавказ халықтарының фольклор байлығын есепке ала отырып ажыратады. Тарихи, этнографиялық, тілдік материалды ғылыми дұрыс тәсілмен тексеру арқылы автор ірі жинақтаулар жасауға мүмкіндік тапқан. Ол қазақ эпосында аңыз аз, тарихи шындық мол екенін ескертеді. Эпостың шыққан кезеңін бірнеше дәуірге бөледі:

1. Архаикалық дәуір. Бұған исламға дейінгі кезеңде туған аңыз бен аңыздаулардың ежелгі туындыларын жатқызады. Бұл аңыздарда түркі тайпаларының замандар бойында Қытай, Иран, Византия басқыншыларына қарсы күресі елестейтіні көрсетіледі. Ғалым кей аңыздардан сонау кәдімдегі Ескендір Зұлқарнайын жорығының («Қу бас») жаңғырығын пайымдайды. «Ер Төстік», «Ақ Кебек», «Құламерген», «Шолпан мерген» жырларын осы архаикалық дәуір туындысы деп біледі.

2. Эпостың өте күшті дамыған дәуірлердің бірі – оғыз-қыпшақ (VI — XII ғ.) дәуірі деген тұжырымды да автор қызғылықты фактілермен сипаттайды. Қорқыт, Қазанбек, Домбауыл, Алпамыс, Қозы Көрпеш туралы жырларды осы топқа қосады.

3. XIII — XIV ғасырлар оқиғасын қамтитын жырларды зерттеуші жеке бір дәуір деп қарайды. Бұл кезеңде туған жырлар қазақ эпосының негізін құрайды деп есептейді. Бұларды мазмұны мен бағыты жағынан екі топқа бөлген. Олар: а) Жошы ұлысының құрылуы мен ішкі қайшылықтарын суреттейтін жырлар («Қобыланды», «Ер Тарғын», т.б.); ә) Осы ұлыстың ыдырағанын және өзара соғыстарды куәлейтін эпос («Қамбар», «Қазтуған», т.б.).

4. XVII — XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншыларына қарсы күресті бейнелейтін жырларды жеке топқа бөлген. Автор бұл арада Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Есім хан туралы жырларды еске тұтқан. Бұл жырлардың кейбір белгілері жағынан тарихи өлеңдерге жақынырақ келетіні де аңғартылған.

5. Қазақ эпосының бесінші дәуірінде автор XIX ғасырда патшаларға, хандарға қарсы күрескен батырлар жайындағы шығармаларды қосады (Исатай, Махамбет, Бекет, Жанқожа, т.б. туралы жырлар). Бұлардың қай-қайсысы да өзінің сипаты жағынан тарихи жырлар жанрына жататынын атап көрсетеді. Эпосты осы-

лайша дәуірлеу фольклор ғылымына қосылған жаңа пікір деп қарау керек.

Эпос тарихын дәуірлеу жөнінде түрлі жорамалдар айтылып отыруы табиғи. Бірақ эпос зерттеушілердің қай-қайсысы да Ә.Марғұланның жоғарыда аталған еңбегіне соқпай өте алмайтыны анық.

Ә.Марғұланның көпжылдық үздіксіз ізденістерінің күрделі қорытындысы, өшпес еңбегі — қазақ халқының данышпан білімпазы Шоқан Уәлиханов мұрасының бес томдығын әзірлеуі және жалпы редакциясын басқаруы. Ш.Уәлихановтың еліміздің түрлі қалаларындағы архивте шашырап жатқан қолжазбаларын ыждаһатпен іздеп, ерінбей жиып, олардың мәтінін ажыратып оқу, түсініктеме жасау қаншалық қиын жұмыс екені белгілі. Шоқанның осы уақытқа дейін «жоғалдыға саналып» келген талай қолжазбасын тауып, оны жалпы жұртшылықтың оқуына мүмкіндік берген, көп жылдарын осы жолда сарп еткен Ә.Марғұланның еңбегі монумент еңбек десек, артық айтқандық емес. Білімділік, ғылыми төзімділік, жан-жақтылық, тереңдік үлгісін ол Ш.Уәлихановтың көп томдығын шығару кезінде мейлінше жарқын көрсете алған.

Бұл күнде қазақ археологтері халқымыздың көне орта ғасырлардағы заттық мәдениет мұраларын іздеу жөнінде ірі ұмтылыстар жасап келеді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан (Отырар), Жетісу жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді. Орта ғасырлардағы қазақ қалаларының кейбіреулері кешенді түрде зерттеле бастады. Мұндай жұмыстардың ұйтқысы академик Әлкей Марғұлан екені жұртшылыққа мәлім.

«Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» деген ұжымдық еңбек — ғылымдағы соны сөздің бірі. Мұнда Орталық Қазақстанның ежелгі металлургия, отырықшылық мәдениеті туралы тұңғыш рет тың деректер келтірілді. «Қазақстандағы археологиялық ізденістер» деген кітапта да (1973) Ә.Марғұланның жаңа зерттеуі басылды. «Жезқазған — ежелгі металлургиялық орталық» деген еңбегінде ол аса маңызды тұжырымдар жасайды. Ә.Марғұлан металлургия тарихы туралы зерттеуіне мифологияны да, шежірені де, архитектура ескерткіштерін де, жер, мекен металл атауларын пайдаланған. Мәселен, ол жез, қорғасын, кен, қолаба, қалайы, мырыш, жезді, кенгір, теміртау секілді атаулардың көне кезеңнен келе жатқан сөздер екенін дәлелдейді.

Алматы қалалық казак әдебиеті мен өнері халық универси-тетінде өткізген дәрістеріне келген жұрт М.Әуезов мұражайы-ның залына сыймай, дәрісті тікесінен тіке тұрып тындағаны, сол дәрістердің қайтадан өткізілуін сұраушылардың көп болғаны аңызға бергісіз шындық.

II

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының аса бай эпостық мұрасының ішінде өзіндік көлемімен де, көркемдігімен де, тарихи деректігімен де ерекше тұлғаланып тұратын жырдың бірі — «Манас». Осы эпопеяны тұңғыш зерттеуші оны әлемдік көлемде таныстырушы Шоқан Уәлиханов болғанын (Сочинения Ч.Ч.Валиханова, 1904) заңды мақтаныш етеміз. «Манасқа» Шоқан берген сипаттама күні бүгінге дейін күшін жойған жоқ. Ал Кеңес заманында «Манасты» тиянақты зерттеуші ұлы суреткер һәм ғалым Мұхтар Әуезов еді. (Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 1959). Ғылымдағы түрлі асыра сілтеушілердің кесірінен «Манастын» басына қилы-қилы кінәраттар тағылған кезде М.Әуезов өзінің биік беделімен, дәлелді пікірлерімен дастанды жат жаладан арашалап қалғанын тарих ұмытпайды. Қазақтың екі кеменгері екі дәуірде «Манастын» ең жетік білгірі де, дуалы ауыз насихатшысы да болып, маңызды еңбек қалдырғаны зор өнеге.

«Манас» жырының құпиясын ашып, ғылыми қауым игілікті ету жөнінде Шоканнан басталып, Мұхтар еңбегі арқылы жалғаса түскен тамаша дәстүр тарихшы, этнограф, археолог, әдебиетші-академик Әлкей Марғұланның монографиясынан жалғасын тапты. «Шоқан және Манас» — фольклортану ғылымына өз жаңалығымен, қайталанбас сом бітімімен қосылған үлес. Кітаптың әр тарауы бағалы мағлұматтарға толы. Сөз болып отырған кітап «Манас» жырын жазып алу тарихынан», «Жырдың мазмұны, сюжет құрылысы», «Жырдағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары, олардың тарихи негізі», «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы» деген төрт тараудан тұрады. Монография соңында «Көкөтай ханның ертегісі» берілген. Аталған тараулардың қай-қайсысында да деректер, салыстырулар, білікті болжамдар мол.

Ә.Марғұланның сан архивте шашылып жатқан, жоғалдыға саналып келген Ш.Уәлихановтың қолжазбаларын тірнектеп тау-

ып, оларды бүгінгі жұртшылыққа ұсынуы ғылыми ерлікпен барабар. Осының бір күрделі нәтижесі — «Көкөтай ханның ертегісі» табылуы. Осы мұраны қашан және қандай жағдайда, кімнен жазып алғанын анықтауға ғалым көп уақытын сарп еткен. Қырғыз манасшыларының айтуында жырдың түрлі айырмашылықтары бар екенін ескерген автор Шоқан жазып алған нұсқа дәл кімнен келгенін тексеруді ғылыми міндет етіп қойған. Автор Шоканның қырғыз әдебиеті мен тарихына байланысты жазған материалдарын: аңыздар, шежірелер, жырлар деп негізгі үш топқа бөліп қарайды. «Манас» жырының тұтас тұлғасын таныған Ш.Уәлихановтың «Көкөтай ханның ертегісін» ғана жазып алу себебін аса дәлелді әңгімелейді. Шоканның жыр кестесін анық та табиғи қалпында жазып алуын автор тарихи іс деп бағалайды. Бұл бағаның әділдігіне кітаптың келесі тарауларында көз жетеді. «Манастан» Шоқан жазып алған үзіндінің көп ерекшелігін де Ә.Марғұлан атап көрсеткен. Дәл Шоқан жазған «Көкөтай ханның ертегісін» кейінірек В.В.Радлов та хатқа түсіргені белгілі. Бірақ бұл екі нұсқаның алғашқысы анағұрлым бай да, көркем де екенін автор үйлесімді түсіндіреді. Ә.Марғұлан «Көкөтай ханның ертегісін» Ш.Уәлиханов та, В.В.Радлов та бір жыршыдан жазып алғанын анықтаған. «Мазмұн жағынан екі жырдың арасында көп өзгешелік жоқ. Айырмашылық тек қана жыршының қандай шабытпен айтуынан, жазып алушының қолданған әдісінен ғана аңғарылады. В.В.Радлов жазуында жырдың ағымы жүйелі суреттелмей, кейде үзіліп, кейде кібіртіктеніп отырады. Шоканның жазуындағы аңқып тұрған хош иісті көркем бейнелер мұнда сараң кездеседі. Тегінде, Шоқанға ашқан кеудесін жыршы аяулы ғалымға кең аспаған, қулыққа салып, «Көкөтай» жырының көп жерін қалдырып айтқан, оның ішінде Көкөтайдың өсиет сөзі бүтіндей жоқ, көш жолы, ас беру, асқа шақыру, ат сынау суреттері Шоканның жазуындағыдай шалқыта айтылмай, қысқа-қысқа кібіртік түрінде жазылған. Бұлай болудың себебі: жыршы В.В.Радловты «ақ патшаның ұлығы» деп түсініп, оған басқа сезіммен қараған. Жырдың тарихи құрылысын өзгерте айтып, оның көп жерін «ақ патшаны»мақтауға арнаған, Манасты «ақ патшаның қарауындағы батыр» деп суреттеген. Мұның бәрі, әрине, «ақ патша ұлығына» жағынып, оның көңілін алдап, тағы да сый-сыяпат көрсем деген оймен істелген. Сондықтан В.В.Радловтың жазуында жырдың тарихи заманнан қалыптасқан түріне қайшы

келетін... бұрмалап айтқан бояма сөздер жиі кездесіп отырады», — деп тұжырымдайды.

Осы анықтаманың өзі аталған еңбектің салдарлы ізденулер нәтижесінде туғанын аңғарта түседі. Біз Шоқан жазып алған нұсқаның айрықша қымбаттылығы неде екеніне монография бойында талай рет көз жеткіземіз. Уақыт өткен сайын «Манасты» айтушылар жырдың кестесіне елеулі өзгерістер енгізіп, байырғы қалпынан көп алыстатып өкеткен көрінеді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін автор тағы да көп мысалдар келтіреді. Жырдың өзгермеген түпнұсқасы және оның ғылым үшін пайдасы деген қағиданы Ә.Марғұлан кітаптың келесі тарауларында «жіліктеп» шешеді.

Монографияның алғашқы тарауында автор «Манас» жырының ғасыр бойында зерттелу жайын шолатады; бұл саладағы белгілі еңбектердің өзіндік орнын айтып, ерекшелігін ескертеді. Шоқан қолжазбасының табылуы «Манастың» шығу тарихын, қай заман туындысы екенін, қандай ақиқатты өзіне арқау еткенін анықтауға беделді негіз болатынын тағы да тұжырымдай келіп, Ә.Марғұлан жұртшылық назарын ескі «түркі» жазуының ғылым үшін, тарихты тану үшін айрықша қадірлі екеніне аударады... «Манас» жырын Шоқан ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған, «түркі» деп аталатын, дәстүрлі араб емлесімен жазған. Мың жылдық тарихы бар, көп ғасырлар ішінде қалыптасқан бұл жазудың тарихи дәуірлерде болған саяси, мәдени тіршіліктегі маңызы зор болатын. Оныншы ғасырдан бастап, соңғы дәуірге дейінгі Орта Азия мен Қазақстанда, Орал, Еділ бойында жасаған саңлақ, көзі ашық адамдардың барлығы өзінің ойларын қағаз бетіне осы жазумен ғана түсірген. Шағатай ақындарының өлендері, атакты Бабырдың, Қадырғали Жалайыридың, Әбілғазының тарихи жазулары, Бұқар жыраудың, Абайдың өлендері, Сырым Датовтың нақылдары бізге осы жазу арқылы жетті. Бұл жазумен сақталған тарих, шежіре, әдебиет, тіл мұралары аз емес. Оның мысалына «Қорқыт» әңгімесін, «Оғызнаме», «Мұхаббатнаме», «Шайбанинаме», «Шынғыснаме», «Абушка», «Саңлақ» тағы басқа қолжазбаларды келтіруге болады. Қазақ, қарақалпақ, ноғайлар айтатын XIII — XVI ғасырлардағы ерлік, махаббат жырларының көбі осы жазумен сақталып келді. Олардың ішінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Едіге», «Ер Сайын», «Ер Тарғын» тағы басқалар бар. Олардың ертеректе жазылған нұсқалары қолжазба түрінде осы күнге дейін дүние жүзінің атак-

ты кітапханаларында сақталып келді. Олармен қатар XVI — XIX ғасырлардағы қазақ халқының Орта Азия, Ресей, Қытай мемлекеттерімен елшілік, жұртаралық қатынастары да бір ғана осы жазумен жүргізілген. Шоқан жазып алған «Манас» жыры сондай тарихи жазулардың бірі (Марғұлан Ә. «Шоқан және «Манас»).

Ә.Марғұлан «Көкөтай ханның ертегісі» жырының мазмұнын талдай келіп, қырғыз халқының тарихына байланысты өте маңызды байқаулар айтады. Ел басшысы Көкөтайдың қартайып өлер шағында елімен қоштасуы, Көкөтай өлген соң билік үшін таластар, халықтың дана жолбасшы іздеуі, ас беруге даярлық рәсімдері, Алатаудан Алтай, Қанғайға дейінгі көш жолының суреттері, Енисей бойында «түпкі ханға» барып, Көкөтайға ас берудің түрлі көріністері, мал сойыс, ойын, атшабыс, мереке салтанаты — бәрі де халық өмірінің аса қызғылықты тұстарын, мәдениет, ұғым-наным, әдет-ғұрып дәрежесін бейнелейтін куәліктер ретінде қаралған. Автор «Манастан» Шоқан жазып алған үзіндінің екі түрлі айрықша белгісін бөліп көрсетеді. Соның бірі — елдің бір замандағы патриархаттық салт-санасының қоспасыз, «таза» калпында көрінуі; екіншісі — халықтың көне дәуірдегі тіл ерекшелігінің алғашқы көркімен сақталуы. Автор Шоқан жазып алған «Көкөтай ханның ертегісі» «Манас» жырының бір бөлегі ғана болғанымен, эпопеяның бас идеясы бұдан анық аңғарылатынын ескертеді. Ол — сыртқы жаулар, ішкі алауыздықтар қырсығын жоюға елді бастай алатын ерді аңсау, халық бірлігі мен тәуелсіздігін жоғалтпау идеясы. Көкөтайдың асына байланысты көл-көсір салтанат бір жағынан халықтың сол дәуірдегі дарқан мінезін, ерлікке толы тарихын көрсетсе, екінші жағынан қырғыз қауымының ішкі қайшылықтарын да сездіреді.

Жырдың әуелгі нұсқасы сақталуының нендей мәні бар екенін Ә.Марғұлан былай баяндайды: «Тарих-география көзімен қарағанда жырдағы ең маңызды суреттің бірі — ерте замандағы көш жолы, оның ішінде қырғыз халқының Алатаудан Алтай, Саян тауларына көшіп бара жатқандағы жойқын көш суреті. Көш Ыстықкөл жағасынан — Қозыбасынан (Қопа) шығып, ең соңында Енисей өлкесіндегі Түпкі ханға барып тоқтайды. Ол жерге барған соң Көкөтайға ас беру жабдығына кіріседі. Сөйтіп, көштің бағыты кейбір жазушылардың түсінуі сияқты Шығыс Түркістаннан батысқа қарай емес, Ыстықкөлден Оңтүстік Сібірге, Алтай, Саян тауларына қарай бағытталған. Оны жырда кездесетін көш

жолының суреттері мен ондаған жер аттары айқын сипаттайды. Оның үстіне мұндағы жер аттары тарихи заманнан бүгінге дейін қолданылып келе жатқан географиялық атаулар екенін көрсетеді» («Шоқан және «Манас», 43-бет). Қырғыздар ерте заманда Енисей мен Алатаудың арасында көшіп-қонып жүрген үлкен айбарлы ел болғандығы «Манас» жыры арқылы осылай дәлелденеді.

Ә.Марғұлан келтірген фактілердің әр тобы жеке-жеке зерттеулерге тақырып болғандай. Мәселен, Көкөтай ханның асына шақырылған елдің аумағы мен құрамына көз жіберсек, Түрік қағанаты кезіндегі бірлестіктер еске түседі. Бір жағы Каспий, Батыс Қазақстаннан бастап Үргеніш, Самарқан, Бұхара, Сыр бойы, Орталық Қазақстан, Жетісу, Ертіс, Алтай өлкесінің халқы асқа шақырылуы да кездейсоқ болмаса керек. Ел басына түскен ірі оқиғалар кезінде тек бір-бірімен тығыз байланысты, мүдделес, мұраттас жұрттар ғана бас қоспақ, бірлесе мәміле таппақ. Сөйтіп, «Көкөтай ханның асы» тарихтың шаңы басқан көп сырды жанғырта баяндай алады екен.

Монографияда «Манас» жырының қаһармандары, олардың тарихи негізі туралы да мәнді, ғибратты әңгіме қозғалған. Автор бас қаһарман — Манастың өмірбаяны мен ерлік істеріне талдау бере отырып, жалпы түркі халықтарының эпосындағы ортақ заңдылықтарды сөз етеді. Манастың туысына, тәлім-тәрбиесіне, ел бастауына қатысты деректердің бәрі де түркі халықтарының, соның ішінде қырғыз халқының қадім ғасырлардағы шындығына сәйкес келетінін дәлелдейді. Автор «Манастың» түпкі нұсқасына кейінгі заманда қосылған түрлі хаттамаларды білгір ажыратады.

«Манас» жырының беретін мағлұматтары бір ғана қырғыз халқының аумағымен шектелмей, Қазақстан, Орта Азия елдерінің бәріне де қатысты екенін дәлелдеуі — монографияның мықты қорытындыларының бірі. Әдебиет мұраларын тарихи ғылым жетістігіне сүйене отырып зерттеу қаншалық жемістер бере алатындығын аталған еңбек сипаттай түседі. Тек қана қазақ, қырғыз тарихымен қымталып қалмай, қытай, монғол, қалмақ, араб халықтарының жазбаша деректерін де қажетті жерінде пайдалана білетіндігі Ә.Марғұлан еңбегінің танытқыштық, ғылымдық шоқтығын биіктете түседі.

Атап көрсетерлік тағы бір мәселе — автор «Манас» қаһармандарының тегін іздегенде Орхон-Енисей тас жазуларының дәлелдемелеріне де арқа сүйейді. Жырдағы ұнамсыз кейіпкер

Жолайдың белгілі ұйғыр ханы, Қытай басқыншыларының қолшоқпары — Иоллықтан алынғанын айтатын тұстар да сенімді естіледі. Түркі халықтарының қас жаулары тек сырттан келген жатжұрттықтар ғана емес, өз ішінен шыққан мансапқор, дүниеқор, сатылғыштар ланы бәрінен де зарарлы болғанын жырақ заман жәдігері «Манас» та ескертіп тұрғандай.

Кітапта сөз болған ірі ғылыми проблеманың бірі — «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы мәселе. «Манас» — бір дәуірдің туындысы емес. Ол көп заманның оқиғаларын, көп ғасырдың аңыздарын, эпикалы сарындарын тұтастырып айтқан жойқын эпопея. Оның сюжет құрылысы мың жыл ішінде Орта Азия көлемінде болған оқиғалардан тізіліп, көп ақындар ұрпағы соны сәулетті түрде ежелгі заманның алып ері Манастың төңірегіне топтастырып айтқан» (87-бет). Жырдың оқиғалық негізі VII — IX ғасырларда Орта Азиядан Сібірге дейінгі ұлан-байтақ өлкеде өткенін, әр дәуірдің ақындары белгілі жағдайларға байланысты сол ескі сарынды құбылтып, өзгертіп, толықтырып, өз кезінің қажетіне жақындатып жырлағанын кітап авторы нанымды баяндайды.

Монографияда жырдың бас идеясы не деген сауалға да жауап айтылған. Кейбір шетел ғалымдарының «Манас» шапқыншылықты дәріптейді-міс деген долбарының шындыққа жанаспайтындығын, ондай тұжырымның түркі халықтарының тарихи даму үрдісін білмеуден туғанын аңғарта келіп, Ә.Марғұлан былай дейді: «жырдың негізгі идеясы шапқыншылық емес, қайта сыртқы жаудың шапқыншылығына қарсы тұрып, көп тайпалар қоныстайтын қадірлі отанды қорғау, өз елінің еркіндігін, тәуелсіздігін мұрат етіп, ол үшін күресу, соның жолында бар өмірін сарп ету, сол үшін өлу, «Манас» сияқты ұлы жырға сюжет болатын мұндай ұлы уақиғалар Орта Азия қыраты мен даласында аз болмаған. Оған ауық-ауық шығыс жақтан қаулаған басқыншылық сүрендері айқын дәлел бола алады» (Көрсетілген кітап, 87-бет). «Манастағы» басты тартыстардың бірі Бесбалық (Бейжін) өлкесі үшін түркі халықтарының, тайпаларының бірлесе күш жұмсауы, күресуі төңірегінде болады. Негізгі жау түркі елдерінің жерін, суын басып алмақшы болған Қытай басқыншылары болып көрінеді. Жазба тарихтың дерегіне үнілсек те жүздеген жылдар бойы Шығыс Түркістан мен Орта Азияның түркі халықтары өз тәуелсіздігі үшін Қытай озбырларына қарсы жан аямай күрес жүргізіп келгенін, соның арқасында ғана Сібір, Алтайдан бастап Кавказға

дейінгі көз жеткісіз өлкенің азаттығын сақтай алғанын оқимыз. Ендеше «Манас» сол күрестің ең бір жанды тұстарын елестететін, шындығы мен қиялы аралас көркем ескерткіш. Түрік қағанаты, Қарахандар мемлекеті оқиғаларына қазіргі түркі тілдес халықтардың көбі ортақ болатыны секілді, сол ғасырлардың қаһармандық шежіресі де көп ретте ортақ мұрадай. «Манасқа» мәңгілік өмір беріп отырған идея — елдік, отаншылдық, ынтымақ идеясы...

Ә.Марғұлан кітабының соңында «Көкөтай ханның ертегісі» атты қолжазбаның тұңғыш рет факсимилесі жарияланған. Бұл «Манасты» зерттеушілер үшін аса бағалы жаңалық. Академик Ә.Марғұланның «Шокан және «Манас» атты кітабы кемел оқымыстының көпжылдық ізденістері нәтижесінде туған терең ғылыми еңбек.

III

Тарихтың, шежіренің, аңыздың, сәулет өнерінің, заттық мәдениеттің көзден таса, көңілден ұмыт қалған ескерткіштерін бүкіл саналы өмірінде ерінбей іздеп, сарыла зерттеген, архивтің терең қоймаларында немесе ескі қалалардың қираған үйінділері астында көміліп қалған көне дәуір куәліктерін жинап, олардан терең мағына тауып, ел игілігіне жаратпақ болған оқымыстының көп еңбегі кезінде жарық көрмеуінің де себебі түсінікті. Ғылымды жаулап саясаттың қанжығасына байлап берген кешегі әкімшіл-өміршіл жүйе үстемдік еткен кезде «қазақ жерінде бұрын ұлы мәдениет болған» дегенді айтатын Ә.Марғұлан сынды нағыз ғалымдардың еңбегі жарық көруіне жол жабық еді. Энциклопедияшы ғалымның мұрасы бұл күнге дейін жамағатшылыққа жартыкеш түрінде ғана танылып отыруы өкінішті ойлар туғызады. Бұл біздің асыл мұрамызды білу мен бағалау жөнінде кенжелеп келе жатқанымыздың бір көрінісі...

Ә.Марғұланның әрбір мақаласы мен зерттеуі талдаулар мен ірі қорытындыларға, соны пікірлерге, қызғылықты салыстыруларға толы. Мұның сырына қанығу үшін, бірнеше мәселені бөліп айту қажет. Ең алдымен оның еңбектерінде бір емес, бірнеше пәннің жетістігі қатар әңгімеленіп, бірін-бірі толықтырып, құбылыстардың жана қырларын ашуға септеседі. Ауыз әдебиетінің эпос, ертегі, аңыз-әпсана секілді жанрлары жайында сөз қозға-

ғанда ол шығарманы ғана талдауға ұмтылмай, тарихтың, этнографияның, археологияның мысалдарына да сүйенеді.

Әлекен еңбектерін өзгелерден оқшау оздырып көрсететін нәрсенің бірі — оның белгілі бір тақырыптарды сөз еткенде асса әлемдік, қалса түркі-монғолдық кеңістіктегі мәнбе-деректерді тарихи-типологиялық жағынан салыстырып тексеретіндігі. Оның Қорқыт туралы ізденістері бұл айтқанымызға дәлел бола алады. Жаһанның ғылыми жұртшылығына көптен мәлім «Дәде Қорқыт кітабы» атты оғыз-түрік эпосына негіз болған дәуір шындығын қазақ арасына тараған Қорқыт туралы аңыз әңгімелермен байланыстыра зерттеген бірден-бір ғалым Ә.Марғұлан екенін мақтанышпен айтуымыз керек. Монографияның «Қорқыт туралы қазақтың қария сөздері», «Қорқыт анызын дәстүр етіп сақтаушылар», «Қорқыт бұрынғы ғалымдар мен ақындардың есінде», «Қорқыт кітабының қазақ аңыздарындағы елесі», «Қазақ аңыздарындағы Қорқыттың болмысы және оның жүрген жерлері», «Қорқыттың өліммен күресі», «Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі» деп аталған әрбір тарауында ғылымдық әрі танымдық мағлұматтар мол. Оғыз және қыпшақ халықтарының арасында кеңінен таралған эпостың тарихи-генетикалық мәнін, сақталу, даму ерекшеліктерін ашатын осы зерттеуді жалпы түркологияның биік жетістіктері қатарында алып қарау орынды болмақ.

Белгілі бір шығарманың тарихи шындыққа жанастылығын анықтап, оның жасалған дәуірін, даму жолдарын, жыршы-айтушылардың рөлін білу үшін вариант-нұсқаларды салыстыра зерттеу ауыз әдебиетін танудың қалыптасқан шарты болып табылады. Осындай зерттеудің классикалық үлгісін ғалымның «Қозы Көрпеш — Баян сұлу жыры» деген еңбегінен көреміз. Зерттеуші бұл еңбегінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жөнінде соңғы екі ғасыр бойында атқарылған жұмыстарға білгір шолу жасайды, жырдың әр кездегі басылымдары мен оны таныстыруға, бағалауға түрлі авторлардың сінірген үлесін айқындайды. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» төңірегінде ертелі-кешті айтылған пікірлерді сараптап, Әлекен өз тұжырымдарын түйеді. Ол өзінен бұрын жырдың отызға жуық вариантына лебіз білдіргендердің бірде-бірін ұмыт қалдырмай, олардың талдауларындағы артық-кем соққан жерлерді байыпты түрде ілтипатқа алады. Міне, осындай ғылыми кішіпейілділік пен адалдық, тек қана объективтік ақиқатты мойындау ғалымның толғамдарына айрықша құндылық дарыта-

ды. Жырдың әрбір нұсқасында өткен замандардың қайталанбас өрнектері кездесетінін, солардың бәрін есепке алғанда ғана эпостың тарихилық сипатын тануға болатынын ескерген зерттеуші жазба деректерде сақталмаған сырларды табады. Жырдың дүниеге келген дәуірін анықтауы ғалымның осындай жан-жақты салыстыруларының нәтижесі болып көрінеді. Әлекең эпостың екі мың жылдан бері айтылып келе жатқанын дәлелді баяндайды. Бұл реттен алған академик Ә.Марғұланның «...Қаншама варианттары, нұсқалары екі жүз жыл шамасында жиналып топталған, зерттелген, қазақ халқының мақтанышы болған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры — дүниежүзілік әдебиеттің ұлы мұрасы, халық ақындарының үздік шығармасы. Оның басына орнатқан сәулетті күмбезі де сүйіскен екі ғашықтың махаббатын екі мың жылдан аса уақыт еске түсіріп, халық қиялын тербеп келеді» деген тұжырымын құптамасқа болмайды. Болашақта «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» екі мың жылдық салтанаты атап өтілгендей жағдай келсе, оған ғалымның ұзақ жылдар бойында жүргізген зерттеулері сенімді таяныш бола алады...

Ә.Марғұланның фольклор, соның ішінде эпостың архаикалық көне кезеңін жеке бөліп жіктегені методологиялық жағынан дұрыс бағыт болып келеді. Бұл мәселені ғалым өзінің «Ежелгі жыр, аңыздар» (1984) деген еңбегінде сенімді дәлелдеп шыққан. Ғұлама қазақ арасындағы ерлік аңыздаулардың алғашқы дәуірін ежелгі ғұндар, қаңлылар, үйсіндерге қатысты әңгімелейді. «Ғұндардың аса күшейіп, мықты болған кезі, — дейді ол, — біздің заманымыздан бұрынғы III — IV ғасырлар арасы. Олардың бар өмірі Қытай елімен соғысумен өтеді. Осы кезде ғұндар ортасынан ел қорғайтын кеменгер басшы, жойқын алып ерлер шыға бастайды. Соның бірі Тұман, оның алып ұлы ер Мөде... Мөденің дәуірі ғұндарда ерлік жыры тудырған бір жарқын заман» («Ежелгі жыр, аңыздар, 12-бет).

Өлкей Хақанұлының ғұндар тарихына терендеп талдау жауау фольклоршылар үшін ғана емес, тарихшыларға да тағылым берерлік. Ол ғұндарды Еуропа жеріне бастап апарған жауынгер қолбасы Аттила-Еділ туралы сол елдерде көптеген эпикалық жырлар туғанын да сөз етіп отырған. Міне, осылайша бір шеті Қытайдан Еуропаға дейінгі аралықта мекен еткен көне қауымдардың кейінгі түркі халықтарымен, соның ішінде қазақ халқымен үзілмеген байланысы бар екенін шалқыта баяндауы, ескі тай-

палармен бертіндегі халықтардың мәдениетінде, аңыз әңгімелерде ұқсастық, үндестік мол екенін мағлұматтармен айқындап беруі аталған еңбектің құндылығын белгілейді. Эпос тудырған орта туралы ойларын қорытындылай келіп, ғалым: «Ғұндар — мыңдаған жыл ұлы сахараны қоныстап, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет қалдырған ел. Олардан ұрпақ болып қалған үйсіндер, қаңлылар, оғыздар, қыпшақтар, арғындар, қоңырат, қияттар, наймандар, керейлер, уақ-үнгірттер, латтар. Бұлар мирас етіп қалдырған қалалар Сыр бойында, Жетісуда, күнбатыс Қазақстанда, Манғыстауда орасан көп. Олардың ішінен ең жойқындары Сайрам, Сүткент, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанак, Қауған-ата, Артық-ата, Баршыкент, Жент... Жетісуда болған атақты қалалар Шу, Баласағын, Талас, Барысхан, Құлан, Меркі, Ашпара, Ілебалық, Құяш, Екіоғыз, Қиялық... тағы басқалар», — дейді (Көрсетілген кітап, 41-бет).

Қазақ тарихында оғыз-қыпшақ дәуіріне қатысты аңыздардың молдығы және мәнділігі соншалықты, оларды тұтас жеке дәуір ретінде алып қараудың орынды екендігіне де ден қоямыз. Ғұлама осы дәуірге тән көптеген терминдер мен тіркестердің мағынасын түсіндіреді, «Қондыгер құбаң жұрты» дегеннің орта ғасырларда оғыздар мен қыпшақтардың жалпы атауы болғанын, қазақ пен түрікменді Жайылхан және Сейілхан деген екі атадан тарататын аңыздың да сол дәуірге тән екенін әңгімелейді. Бір заманда оғыз бен қыпшақ арасындағы қарым-қатынастың өте тығыз болғанын ескере келіп, ғалымның: «Қорқыт» сияқты сұлу аңызды оғыздан қыпшаққа, не түрікменнен қазаққа ауған сюжет деп айту өте қиын» деген (354-бет) пайымдауы да ой саларлық...

Қазақтың қаһармандық жырларын, аңыз әңгімелерін әрбір дәуірдің тұрмыс-тіршілігімен, салт-санасымен байланысты баяндай келіп, ғалым солардың негізгі сарындарын да жүйелейді. Ертегі-әңгіме, эпос-жырға желі болған түбірлі сарындар қатарында: ел қорғаны ерлерді ардақтау, елге ақылгөй болған қарияларды қадірлеу, Қорқыт, Асан қайғы, Жиренше, т.б. алып ер туатын ананы құрмет тұту, келешекте ана болатын қыз баланы тәрбиелеу, ер баланы садақ аттырып, аң аулатып, ерлік сынынан өткізу, жүйрік ат тандап мінуді, т.б. айтады (362-бет).

Ертегідегі мифтік, төтемдік, анимистік, магиялық түсініктердің аңыз, жырларда кездесу заңдылығын жан-жақты сөз ететін, әсіресе түркі халықтарының иесі — төтемі болып есептелетін

көкбөрі туралы тұстар ғалым еңбегінің қызғылықты беттерін кұрайды.

Академик Ә.Марғұланның Алматы қалалық халық университетінде көп жылдар бойында қазақ эпосы туралы оқыған тамаша дәрістері туралы айтуымыз жөн. Халықтың көркемдік мәдениеті тарихынан мағлұмат білгісі келген тыңдаушылар алдында академик Ә.Марғұлан өткізген сабақтар қайталанбас салтанат сәттеріндей болатын. Ғалымның сөздері халық университетінің фонотексінде сақталып келеді. Ол дәрістердің сөздерін де, Әлекеннің өз архивындағы қыруар қызық материалды да жеке-жеке том етіп шығару, ұлы білімпаздың мұрасы туралы зерттеулер жазу алдағы уақыттың міндеті болып қала береді. Бұл жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімі жанашырлық көрсетуі парыз.

Қазақ фольклортану ғылымының жаңа белестерге шығып, сапалар табуы, жетіліп өркендеуі, халықаралық санатқа көтерілуі академик Әлкей Марғұланның есімімен тығыз байланысты. Сондықтан біз оны эпостанудың негізін салушылардың бірі деп бағалаймыз. Оның біліктілік пен парасатқа толы талдаулары мен ойлары оқушы мен зерттеушіні ғылым жүзіндегі жаңа өрістерге рухтандырады, ал ғұламаның өз тұлғасы ақиқатты ардақ тұтудың, ғылымның нұрлы мұратына берілгендіктің биік үлгісі болып қала береді.

СҰЛТАНБЕК ЖЫРШЫ

Халықтың ауыз әдебиеті мұрасын жадында сақтап, ғасырлар бойында айтып келген өзгеше өнер иелері — жыршылар кешегі жартылай көшпелі өмір жағдайында бір өзі тұтас театр қызметін атқарған десе де болады. Олардың еңбегін жұртшылық ақыннан кем бағаламаған. Егер ақындар өмірдің күнделікті нақтылы сауалдарына өз шығармаларымен жауап айтса, жыршылар негізінде өткен дәурен оқиғалары мен адамдарының ғибратты, қызықты тәжірибесін қайта елестетіп отырған. Кейде бір кісінің басынан ақындық пен жаттап жыр айтқыштық қатар табылған. Тіпті өз жанынан шығармай, өзгелерден немесе кітаптардан, қолжазбалардан үйренген сөздерін айтса да, жыршының қауым алдындағы беделі төмендемеген.

Жыршылық дәстүр ертеде Қазақстанның барлық бұрышында да орын тепкен. Тарихта аты қалған Марабай, Мергенбай, Жанак, Нысанбай, Құлыншак, Майкөт секілді ақын-жыршылардың ауыз әдебиеті байлығын насихаттау мен жеткізудегі еңбегі елеулі. Халықтың замандар бойында екшелген, саф алтындай таза, өміршең, дана көркемсөз қазынасын жетілдіруде, әсіресе ұлы мұра — эпосты жоғары идеялық-көркемдік дәрежеге көтеруде жыршылардың орны бөлек.

Қазақта өлең мен жыр атаулары қатар қолданылып келгені белгілі. Олай болса, өлең айтушының өлеңші дегені секілді жыр жаттағанды жыршы деп атап кетуі де табиғи. Ал «жырдың» түбірі шьер (өлең) деген сөзден де келуі ғажап емес. Ішіндегі сырын ақтарған адамды «шерін шығарды» деп те айтады ғой. Көршілес өзбек, түрікмен, тәжік халықтарында «шьер» осы күнде де «өлең» мағынасында қолданылады. «Жырдың» түп негізін, этимологиясын тексеру, әлбетте, жеке мәселе. Бұл әдебиеттік, фольклорлық терминдерді жіктеп, саралап, анықтай түсудің қажеттігін де аңғартса керек...

Жыршылардың көрнекті өкілдері соңғы кезге дейін өмір кешіп келді. Әйгілі ақындардың кейбіреулері кезінде жыршылықты да қатар жүргізгендер болатын. Жамбылдың, Нұрпейістің, Исанын көп жырды жатқа айтқаны анық. Жыршылық талай ақынның «қосалқы» кәсібі болғандай. Өнер иелері реті келсе өлең айтысына түскен, той бастаған, кейде жамағатшылықтың қалауы бойынша жыр, терме айтқан. Жалпы, бұрынғы жыршы, ақын, сал, сері, өлеңшілердің атауларының бесаспап, әмбебап болып келгендігі де осы айтылғанға байланысты. Қандай ортада қайсы өнер өтімдірек екенін аңғарған орындаушылар бірде жыр, бірде өлең айтып, әлеумет тілегін қанағаттандыруға ұмтылған.

Жыр айту дәстүрі көбірек сақталған өлкенің бірі — оңтүстік-батыс аймағы. Бұған мысалға бір ғана Мұрын жырау Сенгірбаевты алса да жеткілікті. Оның айтуынан кенес жылдарында «Қырымның қырық батыры» деп аталатын дастандар тізбегі жазып алынды. Сыр бойында, Оңтүстік Қазақстанда, Қарақалпақстанда ұзақ эпос айтатын жыршылар қазір де кездеседі. Мәдениет мұраларын қорғау қоғамының республикалық екінші съезіне (1976) шақырылған делегаттар ішінде қызылордалық өнерпаз Әбдірахман Батырбеков «Көрұғлының» жеке тарауларын байырғы мақамымен айтқанын өз құлағымызбен есіттік. Мұндай мысал мол.

Бұл айтылғандар жыршылық дәстүр, бірсыпыра әлсіреген түрде болса да, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқандығын дәлелдейді.

Оңтүстік Қазақстанның Шаян ауданында (қазіргі аты Бәйдібек) өмір кешкен ақын, жыршы Айнабек Нысановтың (1909 — 1972) айтуынан «Мұнлық-Зарлық», «Жетім Құбыл», «Құлқаныс-Зеберше», «Сауда Ишан», «Орақ-Тағай», «Мұнлы Сейіл», «Әміре-Әмзе» секілді эпикалық дастандар жазып алынған. Қарақалпақстанда тұратын Алдаберген Тасқынбаев та дәстүрлі жыршылық өнерін тамаша меңгерген өнер иелерінің бірі. Оның репертуарындағы «Асау Барақ» дастанын кезінде грампластинкеге жаздырып алғанымыз сәтті олжадай болған еді. Ал жыршы-жырау Қайролла Иманғалиев туралы «Мәдениет және тұрмыс» журналында (1979, 12-сан) мақала жарияланып, оның өмірі мен шығармашылық жолы туралы мағлұмат берілді. Онда былай делінген: «Түрікмен, Қарақалпақ республикаларындағы қазақтар арасында өзінің ақындығымен, жыраулық қабілетімен құрметке бөленген дарын иесі Қайролла Иманғалиев төртқара Тенізбай жырау, адай Сүгір жырау, табын Жаксылық жырау, керейіт Жалғасбай жырау, кердері Құдайберген жырауға барып, үлгі-өнеге үйренеді. Нұрпейіс Байғаниннің ұстазы болған кете Жаскілеңнің ұрпағы Махмұттан үлгі алған... Қайролла ұзақ жыр толғайтын, әсіресе «Ноғайлы жырларын» жатқа айтатын бірден-бір қазақ жырауы» (14-бет). Осы қадірлі жыршы Қайрекеннің орындауында «Қарасай-Қази» дастаны халық мұрасының жанашыры Мардан Байділдаевтың ұйымдастыруымен грампластинкеге түсірілген еді... Осы кезеңде «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қабанбай» жырлары белгілі ақын, жыршылар орындауында қайта жазып алынғаны да белгілі.

Жыршылық өнердің классикалық үлгісін табиғи қалпында асқан шеберлікпен жеткізген адамның бірі — ұзақ өмірінде халыққа тамаша талантымен қызмет еткен Сұлтанбек Аққожаев (1876 — 1963). Сұлтанбектің айтқыштық еңбегі жөнінде филология ғылымының кандидаты Тұрлыбек Сыдықовтың «Алпамыс батыр» жайындағы зерттеулерінде аталып келеді. Жыршының өмірі мен шығармашылығы туралы Қазақ совет энциклопедиясында да жазылды (1-том, 209-бет).

Кезінде атағы кең жайылған Сұлтанбекті біз бала кезімізде көріп, оның жыршылық, әншілік, күйшілік, әңгімешілдік шебер-

лігінің куәсі болған едік. Сондықтан жыршы тұлғасы туралы сөзімізді осы өнерпазға байланыстыра жалғастыруды жөн көрдік.

Сұлтанбек Аққожаев бұрынғы Ақмола губерниясының Құланөтпес деген жерінде дүниеге келген. Жасында Оңтүстік Қазақстанға, Түркістан ауданына көшіп келіп, өмірінің ақырына дейін Қаратауды мекендеп қалып қойған.

Оның өлеңге әуестігі ерте жастан басталған. Сұлтанбектің өзі шығарған бір өлеңде атакты ақын Құлыншак Кемелұлын тікелей ұстазым деп атайды. Құлыншак 1840 жылы туып, 1911 жылы қайтыс болған. Сұлтанбек өскен өңірде Майлы, Мәделі, Молда Мұса, Нұралы, Ергөбек, Санбай, Мырзабек секілді ақындардың аты да әйгілі еді. Сонымен Сұлтанбек жыршының тәлім, үлгі алған мектебі — айтысқа да, жыршылыққа да барабар халық ақындары болған.

Бұл күнде жыр айту мен жыршылық дәстүрдің көне салттарының көпшілік біле бермейді. Сол үшін Сұлтанбектің халық алдында өнер көрсету дағдысын еске түсіріп, жүйелі баяндап шығудың танытқыштық мәні бар.

Ел аралап жүрген жыршы, ең алдымен өнерге, өлеңге құмар ер көңілді, ақжарқын, сақи адамдардың үйін тандайды. Анық тыңдаушысы жоқ ортада желілі жыр айтылуы мүмкін емес... Жыршы түскен үйге ауыл адамдары жиналады. Бұл әдетте кешкі астан кейін болады. Жұрт жыршыдан жыр айтуды қолқалай бастайды. Сонан кейін ол қолына домбырасын алып, құлаққүйін келтіріп, кіріспе өлең айтады, өзінің білетін шығармаларын санап шығады, «ол айтқаным болмаса, оған да көңілің толмаса, және де сөзім және бар», — деп, өзі білетін әрбір қисса, дастанға қысқаша сипаттама беріп өтеді. Осыдан кейін жиналған адамдар өлгі аталған жырлардың «анасын айтыңыз, мынасын айтыңыз», — деп тілек етеді. Ақырында көпшіліктің ұнаған жырына тоқталады.

Сүйікті жырды тандау дегеннің де себептері болады. Халық әдетте өздерінің құлағына қанықты, белгілі дәрежеде елдің өткен тіршілігіне, тарихына, шежіресіне азды-көпті қатысы бар әңгімелерді көбірек қалайды. Онан соң жырдың оқиғалары мен қаһармандарының іс-әрекеті уақыттың, адамдардың сол тұстағы аңсарына үндес келуі де маңызды мәселе.

Сұлтанбек жыршы осылайша жұрттың тілегін анық біліп болған соң, ұзаққа шабатын жүйріктей көсіле жөнелетін. Бір жырдың өзін бірнеше сұлу мақаммен айтатын. Оқиғаның бағытына, мәніне, бұрылыстарына және жыршының шабытына орай әуен-

нің де ырғағы өзгеріп, кейде жоғарылап, кейде төмендеп құбылып отырады. Жырдың әрбір бөлімінде дауыс екпіні, әуездің құлпыруы тындаушыны жалықтырмайды.

Эпостың екшелген сұлу сөз кестесі мен терең мазмұны, қызғылықты оқиғасы тақпақтап айтса да әсерлі шығады ғой. Сахарлардың (якут) олонхосуттары мен қырғыздың манасшылары жырды тақпақтап толғағанда елдің қызығуы әсте төмендемейтіні эпостың ұлы идеясы мен ғажайып көркемдігіне байланысты. Ал осылардың бәрінің үстіне орындаушының әдемі дауысы, домбыраның сүйемелі қосылғанда ғажайып жарасым пайда болады. Жыршыны көзбе-көз көрмей, тасадан естіген адам осыншама қайталанбас сүйкімді сазды бір кісінің айтып отырғанына иланбауы да мүмкін. Сұлтанбек жыршы «Қыз Жібекті» немесе «Шора батырды» айтсын, кемінде бес-алты тамылжыған терме, ән сазын қайталап отыратын. Сонда бір жағынан жұрт жақсы жырдың мазмұнынан ғибраттанса, екінші жағынан операдағы бірнеше әншіні тыңдағандай ләззат алатын...

Жыршы бірнеше сағат бойына үдете көсілгенде ара-тұра оқиғаның барысын, себеп-салдарын, қысқаша тартымды әңгімелеп береді. Сөйтіп өлең мен қарасөз кезектесіп отырады, терменің бұрылыс жерлеріне келгенде домбыра құлағы да тиісті әуенге лайықталып бұралады. Тындаушылардың ризалығы «бәрекелде», «көп жаса», «паһ, шіркін» деген сияқты көтермелеу сөздерден байкалып жатады. Кейбір мезеттерде халайықтың жырдағы оқиғалар ауқымына берілгендігі соншалық, ағыл-тегіл жылап отырғанын көресің. Біз ер жеткелі бері өнер туындысы атаулының бірталайын көріп келеміз. Бірақ тамам тындаушыны ерекше тебіреніске салып, көзінен жас моншақтатқан құдіретті күшті көргеніміз сирек. Ал Сұлтанбек жыршының айтуында осындай сикырлы күш бар еді.

Қазақ жыршысы не домбыраға, не гармоньға, не кобызға қосып әндетіп орындайды. Сөйтіп мұнда поэзия мен музыка үндестік, бірлестік табады. Осыдан барып жыршылық әркімнің қолынан келе берместей айрықша қымбат өнерге айналады. Кейде жамағат жырдың сөзі мен айтушы дауысының қайсысына көбірек ден қойып отырғанын ажырату қиын. Қазақ эпосын ғасырлар сілемінде жоғалтпай жеткізген құдіреттің бірі шығарманың өз қасиеті болса, екіншісі толқын атқан жыршы сазы демеске болмайды. Дәл осындай табиғатының арқасында ғана

жыршылық әлі күнге дейін өзінің тартымдылығын жоймай келе жатқандай. Бұл күнде Қазақстанның кейбір жерлерінде, Қазақстанда әннен де гөрі жырды көбірек аңсайтын жұртшылық табылады.

Жыршыда әсем дауыс, әншілік қабілет болуға тиіс. Сұлтанбек кейде жиналған жұрт терменің қоңырқай жорғасынан жалыққандай болды-ау деген кезде дауысты күрт көтеріп, биік әнге салатын. Жалпы, терме сазы мен әннің алмасу дәстүрі ежелден келе жатқан салт болуы мүмкін. Мұның ақиқаттығын атақты әнші Нартай Бекежановтың орындаушылық өнері де жарқын сипаттайды. Нартайдың өзгеге ұқсамайтын даралығы да осы дәстүрді — терме мен ән сазын тамаша табиғи бірлестікке жеткізуінде болатын. Мәселен, оның атақты «Толқын» деген әнінің бас жағы қазақтың байырғы да биік әндерінің үлгісінде келсе, соңы терменің қайырмасымен аяқталатын. Бұл дәстүр жыршылықты бұдан да былай дамытуға қажет шарттың бірі болып көрінеді. Өйткені Қазақстан жері қандай кең болса, әншілік, жыршылық, термешілік салты да түрлі-түрлі... Бір жерде әншілікті ерекше ардақ тұтса, екінші жерде терме, толғау, жыр сазын көбірек ұнатады. Демек ән мен терме әуенінің «қосылуы» бұл өнерді алдағы кезде көркейтудің ең тиімді тәсілі секілденеді.

Дастан айтуын қалыптасқан, уақыт сынынан өткен мақам ырғағын орынсыз өзгерту табысқа жеткізбейді. Дастанды жаттап алып, жаңаша тосын әуенмен айтқысы келгендердің сәтсіздікке ұшырағанын көріп жүрміз. Айталық, «Көрұғлы» жырын тек өзіне тән арнаулы мақамдармен ғана орындауға болады. «Көрұғлының» тәжікше нұсқасын айтушылардың «тілі бөлек» болғанымен, жалпы әуені бастапқы түрікмен сазына ұқсас келуі де бұл дәстүрдің қаншалықты берік сақталғанын дәлелдейді. Бұл мақамдар жүз жылда яки мың жылда қалыптасты ма, дәлелдеп айту қиын. Бір анығы сол — ежелден жыр айтқан жерлерде әрбір дастан, қиссаның өзіне лайықты саздары болады. Қандай асқан әнші, термеші болса да, сол дәстүрден аулақ кете алмайды. Жыршылықтың аса сүйікті болып келуінің де бір себебі одан елдің құлақ құрышы қануында.

Талантты жыршы әншілігінің үстіне актер уәзипасын да атқарған. Эпостың әрбір қаһарманының портретін немесе іс-әрекетін, мінез ерекшелігін баяндаған сәттерде орындаушының да дауысы құбылып, түрліше реңге ауысады. Мәселен, «Алпамыс»

жырында батырды алдайтын мыстан кемпірдің мәздем сөздері, бас қаһарманның жау зынданынан шығып, еліне диуана кейпінде келгендегі көріністер, Алпамыстың атасы, әкесі, ұлы, әйелімен дидарласуы, Бадамша сақаумен айтысы түрлі дауыспен берілгенде солардың өз келбеттері де көзге елестегендей болады. Тындаушының ұғым, білім, парасат деңгейін жыршы есепке алып, соларға өсер берерлік ұтымды тәсіл қолданады.

Жыршының белгілі музыкалық аспапта еркін ойнауы да шарт болған. Дастанның яки терменің ағысына кідіріс келтірмей, қайта шығарманың ажарын арттыруға домбырашылық, қобызшылық мықты септеседі. Біз көрген Сұлтанбек жыршы көп күйді білетін белгілі домбырашы еді. Оның барлық мақамы домбырада сүйемелденетін.

Сұлтанбек өнерінің тағы бір қыры – ертегішілігі еді. Ауылда апталап жатқанда ол жыр орындаумен шектелмей, талай-талай ертегіні майын тамыза айтатын. Солардың ішінен «Ақыл мен бақ», «Ораз молла хикаясы» секілді әңгімелерінің танытқыштық, тәрбиелік мәні айрықша болатын. Ал әңгіме айту дегеннің де айрықша өнер екенін көреміз. Бұл да ертеде көшпелі өмір кешкен халқымыздың тәжірибесінде қалыптасқан, «ауызша тарих» секілді бағалы құбылыс. М.Әуезов өзінің атағы әлемге жайылған «Абай жолы» роман-эпопеясында ертегіші Баймағамбеттің елеулі бейнесін жасағаны белгілі. Шынында ерте кезде әр ауылдың дерлік өз әңгімешісі болғанға ұқсайды. Өйткені арғы-бергі тарихта орын тепкен оқиғаларды жандандырып, әрлеп, қайталап айту екінің бірінің қолынан келе бермеген. Ал бұл міндетті белгілі жыршылар, ақындар да қатар атқарысып отыруы жиі кездескен.

Жыршылық немесе жыраулық өнер кейбір жерлерде дәстүрін жоғалтпай, дамуға қабілетті екенін көрсетіп келеді. Бұл оның қайталанбас қасиетіне байланысты. Ал осы дәстүрге көңіл бөліп, айтушыларға ілтипат жасалса, жаңа нәтижелерге жетуіміз зайыр. Қызылорда облысында жыршылар өнерінің байқауы өткізілуі бұл дәстүрге тың серпін бергендей болды; бір топ жас жыраудың термесі радиоға, грампластинкаға жазылды. Дүлдүл жыршы Көшеней Рүстембековтің дауысы жазылған пластинка қолдан-қолға тимей кетті. Ендігі жерде жыршылық жиындарын республикалық көлемде өткізуге де кезек келгендей.

Жаңаланбайтын, соны сапаға көшпейтін дәстүр жоқ. Жыршылық та сондай. Эпосты сақтау, насихаттау, дамытуға айтушы,

жыршының қызметі деген мәселе – фольклор ғылымының қатты қызығатын мәселесі. Эпос айтудағы дәстүр мен жанашылдық, жыршының рөлі, эпикалық қайталама формулалардың орны мен мөлшері, варианттар табиғаты, көркемдік құралдары, эпостың таралу ауданы, жыршылық мектептері, ұлттық ерекшеліктері мен интернационалдық сипаты, тындаушы, әлеуметтік ортаның мәні секілді толып жатқан ғылыми проблемаға байсалды шешім, талдау жасалуы ләзім.

ТОПОНИМДЕР ТАРИХ КУӘЛІГІНДЕЙ

Топонимдер – елдердің белгілі бір өңірді қоныстану тарихынан, кәсібінен, этностардың мекенжайынан, миграциялық үрдістерден мол дерек беретін рухани байлық, халық даналығының көрсеткіші. Кейбір ғалымдар жер беті географиялық атаулар арқылы жазылып қалған тарих кітабы деп те атайды. Мамандар топонимдерді эндонимдер және экзонимдер деп екі топқа бөліп қарайды. Мұның алғашқысы әр халықтың өз жеріне өз тілінде қойған аттары, соңғысы – сол жерлерді жаулап алғандардың бұрынғы атауларды өзгертіп, өз тілінің заңдылығына орайластыруы. Эндонимдер географиялық атаулардың ең көне және құнды тобын құрайды, ал экзонимдер айтылуы, жазылуы жергілікті халықтың тіліне сәйкес келмейтін, бұрмаланған атаулар болып саналады.

Қазақстанның кең көлемінде мындаған, миллиондаған эндонимдік байырғы топонимдер қалыптасқан. Өкінішке қарай, солардың белгілі бір бөлігі ғана хатқа түскен, карталарда көрсетілген. Мәселен, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынов атындағы Тілтану институты жасаған каталогта 134 мың әкімшілік-аймақтық елді мекендер тізілген. Ал география институтында 140 мың ғана атау жүйелік каталогтан орын алған. Бұлар еліміздегі топонимдердің барлық аумағын қамтымайтыны айқын. Ресми басылымдарда көрсетілмеген, бірте-бірте ұмытылып бара жатқан атаулардың қанша екендігі бір жаратқаннан басқаға мәлім емес. Мамандардың көрсетуі бойынша, Қазақстандағы 85 мың өзеннің бес мыңы, 48 мың көлдің үш мыңы ғана анықталған. Кейбіреулер еліміздегі осыншама көп көл мен өзенді қиялына сыйғыза алмай, күмән келтіруі де ықтимал. Ондайларға бірер мы-

салмен ғана жауап берсек те болады. Сұлу көркін қаншама әншілер, сері-салдар жырға қосып, сексен көлін мадақ еткен Көкшетауда бүгінде қанша көл қалғанын санап беру үшін үлкен математик іздемеу керек. Өйткені аты аңызға айналған сексен көлдің қазір сегізі де жоқ. Бұл көлдер сан ықылым замандарда емес, бас-аяғы бес-он жылда, тың және тынайған жерлерді игеру науқаны кезінде жоғалған. Миллион жылдар бойында толқыны тулап жатқан Арал теңізі де Көкшетау көлдерінің тағдырын құшып, XX ғасырдың екінші жартысында мүлде құруға бет алды. Ал қазақ жерінің қара шаңырағындай Қаратаудың теріскейі мен күнгеінде сылдырап аққан жүздеген өзен, бұлақтар «кенестік империяның күш-қуатын арттыру, уран көздерін іздеу» жанталасы кезінде тау қабаттарына сіңіп кетті. Міне, осындай жағдайда Қазақстандағы өзендер мен көлдердің оннан бірінің де атаулары жазылып қалмағанына таңғалуға болмайды. Өз жері мен байлығының тағдырына толық иелігі бар елдер топонимдерді есепке алып, олардың тарихын түсіндіруге айрықша көңіл бөледі. Мәселен, жерінің көлемі Қазақстаннан анағұрлым шағын Сауд Арабиясында 20 томдық «Қазіргі және тарихи географиялық атаулар сөздігі» басылып шыққан. Болашақта географиялық атаулардың академиялық сөздігін шығару кезек күттірмейтін кәделі іс болар еді...

Ежелгі атаулары бұрмаланып немесе мүлде өзгертіліп жазылған топонимдер жағдайы да аса күрделі мәселе. Тілдік заңдылықтары бұзылып, бұрмаланған географиялық атауларды төртіпке келтіру, оларды шым-шытырық қателіктерден арылту мемлекеттік мәні бар іс екенін қашан түсінер екенбіз? Әркім өз қарабасының қамымен әлек болып, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге мойны жар бермей кете берсе, толық мөнгүрттікке барып тоқтауымыз ғажап емес. Қазақстанның жер байлығына қызығатын империялар халқымызды тарихи хатира-жадтан мақұрым қалдыру үшін терең ойластырылған бағдарламалар жасап, оларды тосқауылсыз жүзеге асырып отырған кезде ұлтымызды сақтау шараларын күн сайын, сағат сайын ескертіп, сол міндеттердің орындалуын қадағалап отыратын көреген басшылары жоқ елдің халі мүшкіл. Төніп келе жатқан ұлтсыздану қаупінен алаш жұртын қорғаудың шарты көп. Олар: бүкіл халқымызды ана тілінде оқығатын жағдайға жеткізу; жер жүзінен қаптап келген миссионерлер жастарымыздың санасын улап, оларды қасиетті дініміз исламнан

бездіруіне, космополитизмге жол бермеу; тарихымызды түрлі бұрмалаушылықтан арылтып, жаңа ғылыми методологияға сүйенген оқулықтар шығару; алуан түрлі зорлық пен қысымшылық салдарынан жер-дүниеге шашырап кеткен қандастарымызды тарихи отанына қайтаруға шұғыл шаралар жасау; ұлтымыздың адамгершілік асыл дәстүрлерін жаңғырту; түбі бірге туысқан түркі халықтарымен мәдени, экономикалық байланыстарды күшейту; бүгінде ұмытылуға жақын қалған бай да сұлу халықтық музыкамызды қайта түлету; салтымызға мүлде сыйыспайтын жат әрекеттерге (ұрлық, маскүнемдік, жезөкшелік, мейрімсіздік, нысапсыздық, нашақорлық, кісі өлтірушілік, қарт ата-аналарға қайырымсыздық, шетелдерге бала сатушылық, сәбилерді пана-сыз жетім қалдыру, т.б. секілді) тосқауыл қою; радио, телевидение, баспасөз арқылы азғындық әдеттерді ашық насихаттауға тыйым салу, т.б.

Бұдан былай ұлт болып көркеюі қыл үстінде тұрған халқымызды тарихи «сауаттандыру» үшін қажет жұмыстардың бірегейі Қазақстан географиялық атауларын тұрпайы қателіктерден тазартып, толық және сапалы етіп жарыққа шығару болмақ. Бұл іске жер-жердегі мұражайлар мен мәдениет ошақтары төңірегінде шоғырланған өлкетанушылар, ауыл мұғалімдері, журналшылар, ақын-жазушылар, шежірешілер, құймақұлақ қариялар, зиялы зейнеткерлер көмегі керек-ақ. Өз облысы мен аудандарындағы географиялық атаулар мен олардың мән-жайын жергілікті энтузиастардан артық білетіндерді іздеп табу қиын. Топонимдерді жинауға ереже жасап, әдістемелік басшылық көрсетуді Қазақстан Ғылым академиясының география институты міндетіне алса, орынды болмақ. Осындай бір іс басталып кетсе, бірнеше жылдың ішінде географиялық атаулар сөздігін неғұрлым кеңірек тізіп шығуға болар еді. Ол каталог-тізімде жоғарыда біз мысалға келтірген өзен, көлдер ғана емес, жер бетіндегі жазықтық, жайылым, еңіс, ойпат, бұлақ, бел, қырат, асу, қайқан, дөң, иін, тау, тас, шың, саз, құм, арық, оман, шығанақ, шатқал, бұғаз, құлама су, жыра, үңгір, сай, құдық, шыңырау, тоғай, орман, тоған, тұма, арал, қауыз, шөлейт, өзек, өр, жон т.б. атаулар қамтылу қажеттігі түсінікті...

Әуел бастағы аты өзгерген экзонимдердің пайда болу тарихы да нақтылы зерттеуді керек етеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері көптеген географиялық атаулар қалпына келтірілді. Бі-

рак бұл игі бастама жүйесіз жүргізіліп келеді. Біздің зиялы жұртшылығымыз, әсіресе республика, облыс, аудан басшылары бүлінген топонимдердің бастапқы атауын іздеп, тарихи шындықты үстем етудің саяси, мәдени мәні зор екенін әлі де толық сезінбейтіні, құлдық, кіріптарлық психологиясынан айыға алмағандығы аңғарылады. Атажұртымыздың топонимдерін өзгертуді отаршыл басқыншы күштер қаншалық терең ойластырса, ондай әдейі жасалған қастандықтардың ізін өшіру үшін соншалықты сауатты, жігерлі, байыпты жұмыстар іске асырылуы тиіс. Ең алдымен жеріміздегі географиялық атаулар не үшін, қалай өзгертілгенінің себебін түсініп алуымыз қажет.

Сонау Х ғасырда атақты Түркістан ғалымы Әбу Райхан Бируни топонимдер белгілі бір елді тілі бөтен жатжұрттықтар бағындырған кезде тез өзгере бастайтынын айтқан екен. Ұлы ғұлама пікірінің растығын Қазақстанның Ресей қарауына түскеннен кейінгі жағдайы толық дәлелдейді. Отаршыл империя қазақ халқының тарихи санасын өшіру үшін, өздері басып алған жерлердегі географиялық атауларды өзгертуді мақсат еткен. Бұған біреу мысал келтірейік. III Александр патша 1894 жылы Ресей қарауындағы барлық генерал-губернияларына жіберген құпия хатында: а) империяның күллі өңіріндегі елдімекендерге орысша ат қоюды; ә) мұндай мүмкіндік болмаса жергілікті атаулардан тікелей аударып, калька жолымен орысша нұсқасын жасап, қалыптастыруды міндеттеген. Ал «Туркестанские ведомости» журналының 1899 жылғы бір санында жергілікті атауларды орысшалау бағынышты халықты ассимиляциялауға пайдалы дей келіп, Жайықтың Орал, Алматының Верный, Ақмешіттің Перовск болып өзгеруі саяси мақсаттан туғаны айтылған. Бұл Қазақстанда қаптап кеткен орысша атаулардың кездейсоқ емес, бағынышты халықтарды орыстандыру жолындағы кешенді жасырын бағдарламаның бір тармағы болғанын көрсетеді.

Қазақ жеріндегі географиялық атауларды өзгерту қазақ хандықтарын жойып (1822, 1824-жылдарда), олардың орнына бүкіл-ресейлік әкімшілік билеу жүйесін енгізген кезден бастап күшті қарқын алған. Ресей патшасының бүкіл қазақ жерін мемлекет меншігі деп жариялауы отаршыл әкімдердің бұл тарапта ешкімнен айылын жимай, еркін қимылдауына жол ашты. Географиялық атауларды транскрипциялау жөнінде дүние жүзі ғылымында мойындалған ережелермен есептеспей, патшалық өкілдері

қазақша топонимдерді өз қалауынша өзгерте бастады. Мәселен, «Ақшоқы» деген атау «Ақшоқы, Ақшока, Ақчока деп түрліше айтылатын, жазылатын болды. Ал «Қушоқы» «Кучонский» делініп, әуел бастағы түрінен адам танымастай болып өзгертілді. Кейбір сөздердің орысшаға транскрипциялануы кісі күлерлік жағдайға жетті. Бұған Ерейментаудағы «Ақдің» деген шынның әуелгіде Ақдым, онан кейін Белыйдым, ақырында Белодымовка болып құбылғанын мысалға алуға болады. Тіл ғылымының шарты бойынша түбір атау, мүмкін қадарынша, бұрмаланбауы талап етіледі. Дүние жүзіне ортақ осы заңдылық Қазақстан жағдайында тұрпайы түрде бұрмаланғанын жұртшылық біле бермейтін де шығар. Бозашы, Ақтөбе, Қарашығанақ тәрізді жер атауларының Бузачи, Актюбинск, Карачаганақ болып кетуі де транскрипция тәртібін елемейтін салдары. Кейбір қазақы атаулардың ауыстырылған нұсқасын оқып отырып, олардың түбірі не екенін қанша іздесе де таба алмайтын кездер болады. Кешегі кенестік дәуірде Ақмола облысында атағы шығып тұрған «Колутонский» деген совхоз туралы баспасөз бетінде жиі жазылушы еді. Сырттай қараған адам оны орыс немесе украин сөзі ме екен деп қалуы да мүмкін. Сөйтсек, «Колутонскийініз» қазақтың «Құлқұтан» деген көне бір ауылының аты екен. Алматы қаласының орталық мәдениет және демалыс паркіне жақын көшелердің бірі «Танкерейский» делінуші еді. Бұл «жұмбақ» сөздің қазақшасы «Төңкеріс» екенін тіл мамандары тапты-ау. Осылар секілді мүлде бұрмаланып кеткен атаулар Қазақстан жерінде жүздеп саналады. Алдағы кезде бұл нұсқандар түзетіліп, каталогтарда, географиялық карталарда, ресми жазба құжаттарда дұрыс жазылатын болуы тиіс.

Қазақша атаулардың ізін жоғалтып жіберудің тағы бір амалы топонимдерді калька жолымен орысшаға тікелей аудару арқылы жүргізілген. Осындай тәсілмен Қызыл көпірді – Красный мост, Ақсуды – Белые воды, Жетісуды – Семиречье, Көкшені – Синоха, Шортандыны – Шучье, Жеке батырды – Спящий богатырь, Қарасуды – Черноводск деп көне атауларды «таныс бейтаныс» етіп жіберген. Қазақ халқының бірнеше буыны осындай өзгертілген атауларды ғана көріп, оның бұрынғы есімдерін білмей өсті. Осылайша халықтың әрбір атауға байланысты тарихи аңыздары, болып өткен оқиғалары, шежіре сөздері ұмыт қалдырылып, бұл жерде қазақ деген ел болмаған, барлық топонимдер ертеден бері орысша қалыптасқан дегендей пікірді сіңіру көзделді. Түбінде

байырғы қазақ атауларын толығымен қайта орнықтыру керек екенін әрбір отандас зәру міндет деп қабылдауы керек.

Қазақстан жеріндегі бірсыпыра атауларда орыс патшалары мен жаулаушы генералдардың аттары сақталып келді. Оларды тізіп көрсетсек: Романовка, Алексеевка, Николаевка, Александровка, Черняевка, Ванновка, Корниловка болып кете береді. Кейінгі жылдарда республикалық ономастикалық комиссия ондай атаулардың кейбіреулерінің өз аттарын қайтарып, тарихи өділеттілікті орнатуға қадам жасалғанымен, әрі күнге дейін сылбырлық пен жалтақтық басым.

Елуінші жылдардың бас кезінде Солтүстік және Орталық Қазақстанда тың және тынайған жерлерді жаппай жыртқан кезде ескі көне қазақ ауылдарының аты құрдымға кетіріліп, «Московский», «Киевский», «Донской», «Молодогвардейский» деген ондаған совхоздар жанадан құрылды: қазақ жерінде ойран салған кандыбалақ қарақшы Ермактың атына қала берілді. Жойылған қазақ ауылдарымен бірге халқымыздың ғасырлар бойында қалыптасқан тұрмыстық, салттық, кәсіптік мәдениетіне орны толмас залал келтірілді. Тың және тынайған жерді игеру деген даңғаз ұран қазақтың дәстүрлі кәсібі мал шаруашылығының жүйесін бұзды.

Бұл келтірілген мысалдар Қазақстанның географиялық атауларында патшалық Ресей заманында, кеңес дәуірінде жергілікті елдің тарихи даму ерекшелігін елемейтін астамшылық салдарынан жіберілген бұрмалаушылықтар аяқ алып жүргісіз екенін көрсетеді. Тәуелсіз Қазақстан республикасы ендігі жерде ұлтымыздың намысына тиетін шалдыр-шатпақ атаулардан толық арылуы парыз. Тарихымызды, тілімізді қорлайтын жөнсіздіктерге бұдан былай төзу ұлт мүддесін аяққа таптаумен, ата-баба аманатына қиянат жасаумен бірдей. Сондықтан бұл тарапта: 1. Географиялық атауларды жазуда соңғы ғасырларда жіберілген транскрипциялық қателер мен бұрмалаушылықтарды түзетіп, олардың қазақ, орыс тілдеріндегі атауын бір ізге түсіру; 2. Әр кезде түрлі себеппен өзгертілген немесе ұмыт қалдырылған тарихи атауларды қалпына келтіру тәуелсіз мемлекетіміздің қасиетті уәзипасы болып табылады.

Мақал-мәтелдер – өмір құбылыстары туралы түйінді ой-пікірді ұтымды, ықпал, өткір қорытындылайтын нақыл сөздер. Мақал мен мәтелдің өзара айырмашылықтары да бар. Мақалда белгілі бір ой аяқталып берілсе, мәтелде айтылатын мәселенің тұспалы сездіріледі, оған үстеме сөздер қосылғанда ғана толысып шығады. Мәселен, «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» – мақал, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен», «берсе қолынан, бермесе жолынан» – мәтел.

Сөз мәйегі мақалдар мен мәтелдер өмір тәжірибесін екшеп, оның сабағын ұсынады, екіұшты, дүдәмал пікір қалдырмай, ақиқатты ашық тұжырымдайды, бұлар өмірдің тұтас үрдісін емес, солардан шығатын тұжырымды мәлімдейді; «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ескертеді. Әрбір мақалда тіршіліктің күрделі заңдылықтары көрініс табады («Бас болмақ онай, бастамақ қиын», «Кісідегінін кілтті аспанда»).

Мақал-мәтел адамзатқа ортақ, әмбебаптық сипатқа ие болуымен құнды. Бұл інжу-маржан сөздердің тура мағынасымен қатар ауыспалы мағынасы да болады. Белгілі бір жағдайға байланысты туғанымен, мақалдардың қорытынды ауқымы кең («Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Шабан үйрек бұрын ұшар»). Өмір құбылыстарын салыстырып, нақтылы түйін жасаушылық та мақал-мәтелге тән қасиеттің бірі («Қара жерге қак тұрар, қайратты ерге бақ тұрар»). Мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарады, кейін ол сөздер ауыздан ауызға көшіп, өңделіп, жетіліп отырады. Тындағанда тартымды, түсінуге жеңіл, үйлесімді, ырғақты болып келуі де мақал-мәтелдің ерекшелігі. Халықтың мақал-мәтелді тез жаттап алып, өз ойларын елдің даналық сөздерімен салыстырып, сабақтастырып отыратыны осыдан.

Ата-бабалардың аманат сөзі – мақал-мәтел ұштығы жекеге емес, көпке арналады. Мақал-мәтелдер белгілі бір қауымның, елдің ғана емес, адамзаттың ортақ сауалдарына жауап береді, ойлар мен талдаулардың бейнелі түрде берілуі бұлардың әсерін күшейтеді. Фибратшылдық бұл жанрдың шығармаларына тән қасиет...

Мақал-мәтел кейде аңыздық, ертегілік мазмұннан да екшеліп шығуы мүмкін («Аяз әлінді, құмырсқа жолынды біл»). Енді бірде тарихи оқиғалар негізінде жасалады. Абылай ханның жоңғар жаулаушылығына қарсы жорықтарының куәлігіндей болып «жак

тартушы көп еді, жаласы Абылайда қалды» деген накыл сөз қалған. Кейде ақын, жазушылар шығармасынан алынған сөздер («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей») мақалға айналады.

Эпитет, метафора секілді бейнелеу құралдары мақал-мәтелде жиі кездеседі («Ақылды ердің ішінде, алтын ерлі ат жатар, асыл әйел ішінде, алтын бесікті ұл жатар»). Мақал көбінесе екі сөйлемнен құралып, бірінде ойдың бастапқы буыны айтылса, екіншісінде қорытынды түйін беріледі: («Күлме досқа, келер басқа»). Екі құбылысты салыстырып, кейде соларды карама-қарсы қою жолымен жасалатын мақалдар да болады («Жаксы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы...»). Өлең үлгісінде келетін мақалдар да мол («Ат көрмеген ат көрсе, шаба-шаба өлтіреді»). Мақалдарда дыбыстық үйлесудің де мәні үлкен («Жегенінді жер көреді, кигенінді ел көреді»).

Сонымен, ауыз әдебиетінің қазынасында мақал-мәтелдің алатын орны өзгеше. Егер эпостан халықтың бастан кешкен қаһармандық оқиғаларының көркемделген ізі, сол істердің жинақталған ұғымы елестесе, айтыста замананың көкейкесті мәселелеріне баға мен үкім берілсе, мақал-мәтел ел өмірінде орын тепкен мәнді құбылыстарға қысқаша қорытынды жасаған энциклопедия тәрізді. Тұжырымдарының әрі толық, әрі анықтығы, өткірлігі мен нақтылығы мақал-мәтелдің танытқыштық, тәрбиелік мәнін күшейтеді. Жалпы алғанда мақал-мәтел адамшылық дастанындай, көнермес қағидадай, өлмес өсиеттей әсер қалдырады.

Халыққа сінімді әрі сүйікті мақал-мәтелдің көбінде терең ойлар, байқаулар бейнелі түрде берілген. Каралұрсін сөзбен айтылған пікір нысанаға жетпеген. Көркемдік элемент мақал-мәтелдің бойына тартымдылық, әсерлілік келбет дарытады. Шешен түйілген, көсем екшелген сөздер ғана тыңдаушыға әсер етеді, ойландырады.

Мақал-мәтел өмірден туады. Ол – тіршілік тартыстарының, үздіксіз күрестердің, әлеуметтік қайшылықтардың тәжірибесі, философиялық мәні; ол өмір заңдарына терең бойлаудан, салыстырудан, адамзат қауымы сан белестерінің шындығын толғаудан жасалған. Ауыз әдебиетінің өзге салалары секілді мақал-мәтел де замандар барысында сұрыпталған, толысқан, өткірленген, заман талабына сәйкес келмейтін ұғымдар ысырылып, ең ескіркес даналықтар ғана сақталған.

Әр дәуірдің қалпына, тіршілік талқысына, бағытына орай жаңа мақал-мәтелдер қосылып отырады. Ел тарихындағы күрделі

әлеуметтік, таптық қозғалыстар, төңкерістер, кәсіп, өнер, білімдегі жаналықтар өзінің жиынтық тәжірибесін мақал-мәтел түрінде де қалдырады. Кейде тарихшылардың өзі анық жүйелеп, зерттеп білмеген жайлардың куәлігі осы жанр ескерткішінен елес береді. Осы тұрғыдан алғанда мақал-мәтелдер тарихтың да ықшамдалған желісі дерлік.

Кейде мақал-мәтел өмір сабақтарын әлі де шешіліп болмаған сұрау түрінде қояды, одан шығатын қорытындыны жұртшылықтың талқысына қалдырғандай болады. Ал бағзы бір тұста әрі сұрау, әрі жауап қатар келтіріледі. Мұндай тәсілдің қай-қайсысы да адамды ойландырады. Осылайша өмірдің сан тарауы өзінің мейлінше тапқыр, тағлымды, дәл жауабын алға тартады.

Мақал-мәтелдер халқымыздың бастан кешкен кезеңдері мен асуларының, салт-санасының, өнер-білімінің, кәсібінің, наным-сенімінің, мәдени іздену жолдарының ақиқатын әрі қысқа, әрі нұсқа шежірелейді. Еңбек, кәсіп, бақташылық, диканшылық, төрт түлік мал, бірлік-ынтымақ, ерлік, батырлық, ел қорғау, туған жер, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар, имандылық, оқу, өнер-білім, денсаулық, достық, махаббат, жастық, кәрілік, мәрттік, намыстылық – бәрі мақал-мәтел тақырыбына айналған.

Қазақ халқының ежелгі кәсібі – бақташылыққа, мал шаруашылығына байланысты мақалдарда елдің түсінік, парасатын, құбылыстарға бағасын, көркемдік тұшынымын дәлелдейтін салыстыру көп. «Нар жолында жүк қалмас», «Нар баласы бақырмас», «Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болар», «Жығылсаң нардан жығыл», «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр», «Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді», «Атан түйе жүк астында қартаяды»... Халық төрт түлікті мақалға қоса отырып, өмірдің сан түрлі жағдайларын ұқтырады, қоғам құбылыстарына баға береді. Диканшылыққа қатысты мақалдар қазақ халқының бұл салада бай тәжірибе жинағанын көрсетеді, мұның өзі «қазақ – бірыңғай көшпелі ел болған» дегенді жокқа шығарады («Жеріне қарай егін ек, жолына қарай жегін жек», «Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен»). Өнер, білім жайындағы мақал-мәтелдер де елдің бұл саладағы түсінігінің биіктігін байқатады. «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Бой жетпеген жерге ой жетеді», «Оқу инемен құдық қазғандай», «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді», «Ақыл азбайды, білім тозбайды», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз»...

Туған жер, отан туралы мақал-мәтелдерден де ел, жер қадірін білгендіктің тамаша мысалдары табылады («Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Туған жерге туың тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Әркімнің туған жері – мысыр шаһары», «Өз елім – өлең төсегім», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас»...)

Қазақ – тапқыр сөзді, алғыр ойды биік бағалаған ел. Осы жағдай мақал-мәтелдерде де із қалдырған. Бұған «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Мақтаған жеткізер, шаққан өлтірер», «Піл көтермегенді, тіл көтереді», «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» секілді мысалдар дәлел.

Ғасырлар бойында сырттан да, іштен де шыққан жаулардың қастандығын көп көрген, ынтымақ, бірлік қана ел бүтіндігін сақтайтынын өз басынан кешірген жұртымыздың бұл салада жинаған дана сөздері де аз емес. «Бірлік болмай, тірлік болмас», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Тозған қазды топтанған қарға жейді», «Айрылған азады, қосылған озады», «Кенеспен пішкен тон келте болмас», «Ырыс алды – ынтымақ» деген мақалдардың мәні ешқашан күшін жоймайды.

Қазақ жеріне сұқтанып, озбырлық жасаған дұшпандарға қарсы халқымыздың қаһармандық күресі, мәңгілік ұмытылмас ерлігі тек батырлық жырларда ғана емес, мақал-мәтелде де көрініс тапқан. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Күш атасын танымас», «Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы», «Ерге лайық ат туады», «Ер сүрінбей, ел танымас, ат сүрінбей, жер танымас» деген мақалдар тіршілік тәжірибесінің нәтижесінде туған.

ТАРИХИ ӨЛЕҢ

Тарихи өлең – ауыз әдебиетінің өзіндік идеялық-көркемдік ерекшелігі бар жанры. Тарихи жырлар негізіне өмірде анық болған, «ізі суымаған» әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Мазмұны тарихи істерге байланысты болғанымен, мұндай шығармаларда тарихи құбылыстар тұтас, жүйелі, өзгеріссіз суреттелмейді. Тарихи өлең-жырда дәуірдің замандастарды толғантқан нақтылы құбылыстары алынып, олар замандас көзімен бағаланады. Кейде тарихи дәлдікті «бұзудың» өзі оқиғаны білмегендік емес, оны бел-

гілі дүниетанымға бейімдеп суреттеудің тәсілі. Тарихи өлең – өмірде бола беретін жалпы оқиғалардың емес, белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік тарихи тартыстардың елесі. Оның табиғатын тексеру үшін, өлеңнің қандай жағдайда, ортала туғанын есте ұстау керек. Тарихи өлеңнің тағы бір ерекшелігі – түрлі шығармашылық ағымдардың ырқына көнбейтіндігі, көп өзгерістерге ұшырамайтындығы.

Тарихи өлеңнің өзгешелігін тану үшін кейбір шарттарды ескеру керек. Олар өлеңнің фольклор дәстүрінде жасалуы, тұлғалардың өзара байланысы халықтық-поэтикалық жүйеге сәйкес келуі, оқиғаларды баяндау, тарихи адамдарды сипаттау ауыз әдебиеті дәстүріне үйлес шығуы, композициялық тәсілдер мен көркемдік суреттеу құралдарының тұрақты болуы, қайталаулардың жыр контекстіне кірігуі, шығарманың лексикалық (тілдік) құрамы фольклор заңдылығына орайлас берілуі. Сонымен қатар бұл жанрда шындық пен қиялдың қосылуында ерекшеліктер болады: кейде оқиғаның хронологиялық ізі сақталмайды, елдің тарихи санасы «қайшылықты» болады, осыдан барып болмысты эстетикалық қабылдаудың шарттылығы туады. Тарихи өлеңдердің жасаушысы, түптеп келгенде, белгілі оқиғалардың куәгері кейде қатысушысы болып табылатын халықтың өзі.

Сонымен эпикалық, лиро-эпикалық, лирикалық өлең-жырдың нақтылы тарихи оқиғаларды суреттейтіндері тарихи өлеңге жатады. Тарихи өлеңдер эпикалық шығармалармен ұқсас болып келгенімен, сапалық айырмашылығы да болады. Тарихи өлеңдерде үлкен жинақтау, қиялдан қосу аз. Бұл өлеңдердің бағалылығы нақтылы бір мезгіл мен мекенде болып өткен істердің неғұрлым дәл сипатын беретіндігінде.

Ауыз әдебиеті шығармаларының ішінде тарихи өлең жанр ретінде жеткілікті зерттелмеген. Тарихи өлең ылғи дерлік «таза» қалпында кездесе бермейді, көп жағдайда олар басқа жанрлардың ішінде аралас жүретіні болады. Ертедегі Орхон жазуларында «мен тарихи өлеңмін» деп тұрған жерлер аз емес. Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегін жазуларындағы сөздер нақтылы тарихи оқиғалардың тікелей ізімен туғаны шүбәсіз, мұнда түріктердің ата жауы – табғаштармен арада болған соғыстардың уақыты, әскерлердің санына дейін көрсетілген...

Тарихи өлең нышанын танытатын жекелеген шумақ, үзінділер Шыңғысхан жорығынан кейінгі кезеңдердің сыр-сипатын

ашуға көмектеседі. Ондай мәтіндердің көбі түрлі шежірелер, басқа да тарихи құжаттар арасында сақталып келді. Соларды іздеп тауып, мүмкін қадарынша хронологиялық жүйеге түсіру зерттеушілер міндеті. Шыңғысханның баласы өлгенін есіткірген бір ақын-жыршының жұмбақтап айтқаны, оған ханның берген жауабы нағыз тарихи шындықтың өзі болып естіледі. «Бұлақ бастан былғанды, кім тұндырар уа ханым, терек түптен құлады, кім тұрғызар уа ханым», — деген сұрақтарға Шыңғысхан: «Бұлақ бастан былғанса, тұндырар ұлым Жошы-дүр, Терек түптен құласа, тұрғызар ұлым Жошы-дүр», — деп жауап қатқан делінеді. Ақсақ құлан, Жошыхан туралы аңыз да осыған қарайлас...

XV — XVIII ғасырларда өмір кешкен жыраулар толғауында тарихи өлең санатына қосылатын шығарма аз емес. Асан қайғының төніп келе жатқан сыртқы жаудың зұлымдығын Жәнібекке ескертіп, еліңнің қамын ерте ойламасан, түбі ойран болады деп сақтандыруы тарихи шындықты өте анық сипаттайды.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсін.
Шабылып жатқан халқын бар,
Аймағын көздеп көрмейсің...
Арасынан Қытай, Орыстың,
Қорған сап тыныш жатырсын...
Тіл алсан, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп, жер шалсан,
Тапқан жерге ел көшіп.
Бұл арадан көшпесең,
Айтқаныма түспесең,
Кәуір алар қалаңды,
Шулатар қатын-баланды!..

Шалкиіз жыраудың Ноғай ордасының ыдырап, тығырыққа тірелген кезеңін қасіретті оқиға деп зар төге жырлағаны да тарихи өлең.

Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бүлген күн.
Жез қарғылы құба арлан,
Жетіп түлкі ала алмай,
Қорашыл төбет болған күн.
Оң канатын теріс соғып,
Лашын құс қу ала алмай қалған күн.
Ораздының он ұлы
Ойын салып жүргенде,

Жиырлының жалғызы
Атқан оғын таба алмай,
Жер сабалап қалған күн!

Тарихи өлеңнің негізгі белгісі өткен тарихи оқиғаның өзі немесе ізі өте айқын көрінуінде десек, жыраулар поэзиясының ішінен осы өлшемге дәл келетіндері бар екенін көреміз. Осы тұрғыдан алғанда Марғасқа жыраудың Қатаған елінің ханы Тұрсынға айтқан қаһарлы сөздері тарихи өлеңнің «төл» туындысы.

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсын.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсын,
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіне келіп тұр,
Алғалы тұр жаныңды
Шашқалы тұр қаныңды!

Ақтамбердінің қазақ жерін біртіндеп алып жатқан дұшпанға деген ызалы өлеңінің бүгінге дейін әлсіремеген өжет рухы қайран қалдырады.

Көкорай шалғын, көк майса,
Сырдың бойын жайладық.
Жетісу, Балқаш, Ұлытау,
Сауық құрып тойладық.
Сұмырайға күтпес сұмдықты
Тіледік, қашан ойладық?
Көшіп, босып қоныстан,
Қанжығаға саптыаяқ
Қалайша бүгін байладық?
Сарысу мен Атасу
Бермекпіз кімге алшы деп,
Ертістің ұзын бойына
Шақырып едік біз қашан,
Осыған қорған салшы деп?!

Үмбетей жыраудың Бөгембай батыр өліміне шығарған жоқтауы қоспасыз, әсірелеусіз тарихи шындықтың тікелей жаңғырығы болып естіледі.

Уа, Алатаудай Ақшадан,
 Асып тудың Бөгенбай,
 Болмашыдай анадан,
 Болат тудың Бөгенбай!
 Қалақайлап дулатқан,
 Қалдамандап шулатқан.
 Қалмақты алдың, Бөгенбай!
 Құбыла көшкен байтақтың,
 Ордасындай Бөгенбай!
 Темір жұсап, оқ атқан,
 Қорғасындай Бөгенбай!
 Қолтығы ала бұғының
 Тәйкесіндей Бөгенбай!
 Жаланкия жерлерден,
 Жазбай түсіп, түлкі алған,
 Білегі жуан бүркіттің
 Тегеурініндей Бөгенбай!
 Баянаула, Қызылтау,
 Абыралы, Шыңғыстау,
 Қозыманырақ, Қойманырақ
 Арасы толы көп қалмақ:
 Қалмақты қуып қашырдың,
 Қара Ертістен өткізіп,
 Алтай тауға асырдың!
 Ақ шөуліге қос тігіп,
 Ауыр қол жидырып алдырдың,
 Қалмаққа ойран салдырдың:
 Қабанбай мен Бөгенбай
 Арғын менен Найманға
 Қоныс қылып қалдырдың!

Бұқар жыраудың Абылай ханды қатты сынап әрі мадақтап
 айтқан толғаулары да тарихи шындықты неғұрлым өткір, әсерлі,
 ел мұраты биігінен қарап пайымдаудың теңдесі жоқ үлгісі. Жы-
 раудың ел бірлігін көздің қарашығындай сақтауды өсиет етіп қал-
 дырғаны бүгінгі қауымға да қарата айтылғандай.

Өлетұғын тай үшін,
 Қалатұғын сай үшін
 Қылмандар жанжал-ерегес.
 Бұл қылықты қоймасаң,
 Құдайдың бергеніне тоймасаң,
 Ағаш үйде көуір бар
 Көрерсің сонан теперіш...

Тарихи өлеңдердің құндылығын асыра бағалау мүмкін емес.
 XVIII ғасырдағы жоңғар қалмақтарына қарсы азаттық соғысы

қолбасыларының, ел намысы үшін жан аямай күресіп, өшпес
 даңққа бөленген ерлердің есімін де біз көбінесе тарихи жырлар
 арқылы білеміз. Әсіресе Бұқар жырау өлеңдері халық қаһарман-
 дарының көркемсөзбен өрілген ескерткішіндей. Сонау XV ға-
 сырдың орта шенінде дербес қазақ хандығы орнағаннан XIX ға-
 сырдың алпысыншы жылдарында жеріміз, еліміз патшалық Ре-
 сейдің толық отарына айналғанға дейінгі аралықтағы тарихи өлең-
 нін ұлы сарыны тәуелсіздік ұраны болыпты. Халықты отаншыл-
 дық, азаматтық ойларға, елдік ортақ мүдделерге тәрбиелеу жо-
 лында тарихи өлеңдер ерекше қызмет еткені кәміл.

1723 жылы жоңғарлардың тажалдай қатал басқыншылығына
 байланысты туған «Қартаудың басынан көш келеді» деген өлең-
 нен бүкіл халықтың басына түскен ауыртпалық пен азаптың зіл
 салмағы аңғарылады. Өлеңде қайғылы оқиғаның болған өлкесі,
 кенеттен тиген соққыдан есенгіреп қалған ел қасіреті анық бай-
 қалады. Жыр-өлең қоштасу түрінде берілген.

Қазақтың халық поэзиясында тарихи өлеңдердің желі тартып
 келгеніне мысал мол. Мұрат ақынның «Үш Қияны» да жерден айы-
 рылудың, жау тепкісінен зәбір көріп, шарасыздықтан ата қоныс
 жерлермен қоштасудың қасіретті жыры. Жауынгер ақын
 Махамбеттің көп өлеңдері тарихи өлең қызметін атқарып тұр. Бұлар-
 да XIX ғасырдың бірінші жартысында Батыс Қазақстанда орын теп-
 кен шаруалар көтерілісінің көркем шежіресі берілген. Махамбет
 өлеңдерінде көтеріліске деген халық көзқарасы айқын сездірілген.
 Көтерілістің барысында және ізінше туған өлеңдерден сол бір қаһар-
 лы кезеңнің лебі еседі. Махамбеттің үміт, арманға толы толғаныста-
 ры, елді ереуілге шақыруы, өкініштері, намысты, жігерлі күрескер
 лебіздері тарихи дәуір шындығын көзге елестетеді. Бұл өлеңдерді
 екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – көтеріліс кезіндегі,
 екіншісі – Исатайдың өлімі мен қозғалыстың жеңіліске ұшырауы
 туғызған мұңды өлеңдер. Мұның қай-қайсында да өмір оқиғала-
 ры мейлінше нақтылы бейнеленеді. Мәселен, «Соғыс» атты өлең-
 де хан әскерімен қанды шайқастың суреті бар. Өкінішке толы
 «Мінкен ер», «Нарын», «Қайда бар», «Аймақ көл», жоқтау
 үлгісіндегі «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай»
 халықтың сол кездегі көңіл күйін анық жеткізеді. Сол сияқты «Ұлы
 арман», «Күн қайда», «Ереуіл атқа ер салмай», «Жайықтың бойы
 көк шалғын», «Шегініс», «Біз неткен ер», «Алғай», «Нарында»,
 «Арғымаққа оқ тиді», «Қызғыш құс», «Жалғыздық», «Әй, Махам-

бет, жолдасым», «Мінгені Исатайдын ақтабан-ай», «Мен құстан туған кұмаймын» тәрізді өлеңдерде бұқаралық көтерілістің түрлі кезені жан-жақты баяндалады.

Ресейдің қандықол қарақшысы Ермақтың Солтүстік Қазақстан, Сібір жеріндегі салған сойқаны туралы аңыздармен қатар өлең-жырлар да туған. Соның бірі — «Сәтбек батыр» тарихи дастаны. Осы шығармада көрсетілген оқиға тарихи шындықтың елесіндей сезіледі.

XIX ғасырда бір жағы Ресей отаршылдарының, екінші жағы Қоқан, Хиуа билеушілерінің қазақ халқына жасаған зорлығы да, озбырларға деген халық санасында тұнып жатқан ыза мен кек те ел қарғысындай болып өлеңге түскен. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды басып алып, елге естен кетпес зәбір көрсеткен қоқан-дықтардың лаңын найман Жанкісі деген ақын таңбалаған.

Ассалаумағалейкүм,
Алдияр тақсыр ханымыз.
Алдына келді қарашың,
Арызды қабыл алыңыз.
Біздің елде Жүзбай бар,
Жүзбайдың жүрген жерінде
Жылау менен ойбай бар.
Қаратамыр Дадан бар,
Еріп жүрген соңында
Қырық, отыздай адам бар.
Айтайын десен ұрады,
Ұрмақ түгіл қырады.
Алдына салып айдайды,
Ашулансаң, байлайды.
Хакімі жоқ қазаққа
Теңдік жоқ деп ойлайды.
Алса малға тоймайды,
Біз жылсасак, ойнайды...
Жаксыларды сөгеді
Ат үстінен тебеді...
Ел ішінде ажарлы
Қыз, қатынды қоймайды...

(Образцы киргизской поэзии. Оренбург, 1872)

Тарихи өлеңдер халық басынан кешкен үміт пен наланың, күрес пен арманның таусылмас шері секілді. Бұл шығармаларды жинау да, жариялау да, талдау да алдағы кезде нағыз зерттеушілерін күтеді. Қазақ халқының өткендегі өкінішті сабақтарын еске

түсіріп, жігерін жанитын, намысты оятатын шығармалар өлі де көп міндет атқаратын болады.

Патша заманында қазақ еліне келген жұт апатының суреті де өшпестей болып суреттелген.

Мал жерден бір шөп үзіп жей алмады,
Тау-тау қар қорадан мал шығармады.
Мал түгіл қорадағы, үйдегі адам,
Үйінен он қадам жер шыға алмады.
Отынсыз ас іше алмай бала-шаға,
Бере алмай нәрсе тауып ата-ана,
Көрі шал, кемпір сорлап зар жылады...

XIX ғасырдың соңғы тұсында Басықараның Сазанбайы айтты деген мына бір өлең де қазақ еліне сор болып, қайталап соққан бір жұттың қайғылы суретін таныстыра алады.

Аштыққа халық камалды,
Таба алмады амалды.
Үш ұйықтаса ойда жоқ,
Көрдік сондай заманды.
Аштық есті тандырған,
Мойынға дорба салдырған.
Қабандай жерді қаздырған,
Шөппен жедік балдырған...

Жерден, еріктен айрылудың үдемелі жыры сан тарау. XIX ғасырдың орта тұсында қазақ жеріне патшалықтың әскери бекіністерін салдырмаймын, қазақ тәуелсіздігін сақтаймын деп ұзақ жылдарға созылған ұлы қозғалысты бастаған, ақырында өмірі трагедиямен біткен Кенесары хан заманында туған тарихи өлеңнің өзі үлкен шоғыр. Кенесары Сарыарқадан кеткенде Досқожа ақынның елмен, жермен қоштасуы да дәуірдің сансыз қиянатын көркем жинақтап бере алған шығарма.

XIX ғасырдағы тарихи өлеңдердің тағы бір тарауы — Жанқожа, Бекет, Досан батырлардың азаттық үшін жасаған ерлік оқиғаларына арналған. Бұл батырлар туралы қысқа өлеңдермен қатар көлемді дастандар да туған. Патша әскерінің қазақ жеріндегі өктемдігі сан түрлі өлеңдерде суреттелген. Сол бір ауыр шақтың ахуалын мына бір-екі шумақ өлең аңғарта алғандай.

Аяғы Бұлдыртының тұзды көлді,
Қоныстан күдерімді үздім енді.

Патшаның жарлығына көнбеген сон,
«Гентек» деп патша куды біздің елді.
Біз көштік Жемнің бойын жоғары өрлеп,
Күренге тақтым тұмар алтын зерлеп.
Көп солдат Алкелдіден шыға ма деп,
Асықтым мінгенімше атымды ерлеп...

Тарихи өлеңдердің енді бір тобы – қазақ халқының 1916 жылғы азаттық көтерілісіне байланысты туған. Бұл кезеңдегі поэзия халық қозғалысының әрбір белесін шежірелеп отырған. Халықтың ауыр ахуалын, 1916 жылғы маусым жарлығының салдарын, көтерілістің өрлеу кезеңін, қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауын, жастарды майданның кара жұмысына әкетуін, майдандағы қиыншылықтарды суреттейтін өлеңдер жеке-жеке сала. «Амангелдінің Торғайды алғаны», «Татырда», «Күйік көлдің басында» секілді өлеңдерде көтерілістің эпизодтары дәл де әсерлі көрсетілген.

Тарихи өлең жанры 1941-45 жылдары фашистік Германияға қарсы соғыс кезінде де көрініс берді. Майданға жауынгерді аттандырып салудағы қоштасулар, ұрыс далаларынан елге жазылған сәлем хаттар сұрапыл жылдардың көп сырларын ұқтырады.

Қазақ поэзиясында солдат өлеңдері, айдау, түрме өлеңдері көп жиналмаған. Зерттелуі одан да тапшы. Бұлардың да тарихи өлең тобына қосылатыны зайыр.

Ескерту: Бұл мақалада С.Әбдірахманов зерттеуінің кейбір материалдары пайдаланылды.

ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫ

I

Осылай аталған тақырыпқа сөз сабақтаудан бұрын азын-аулақ шегініс жасау қажет. Күні кешеге дейін өмір-тіршіліктің бағыты діни ұғымдарға қайшы жүргізілгені мәлім. Бала кезімізде үлкендерден жиі естіп, санамызға сіңген сөздер мен ұғымдардың кейінгі жарты ғасырдан артық уақыт ішінде түгелдей мансұқталғанын көріп өстік. Қазақ тілінің сөздік құрамынан обал, сауап, парыз,

мінәжат, ораза, намаз, аят, сүндет, шариғат секілді ондаған, жүздеген қасиетті ұғымдар ығыстырылды. Егер мұндай сөздер кітап арасынан кездесе калса, ол «ескіліктің қалдығы» деп қаралатын еді. Әжеміз екінің бірінде-ақ «жатарда, тұрарда, қол жуып дәм татуға отырғанда, үйден сапарға шығарда «бисмилла» деп айтындар, осылай етсендер жаратқан жебеп жүреді» деп үйрететін. Кейде әлдеқандай қисса-дастандардан үзінді секілдендіріп, «бір бисмилла жаралған мың бес жылда» деген өлең жолдарын да айтатын. Бірақ заманның дінсіздік, атеистікке негізделген идеологиясы небір наным-сенімдерді түбірімен жоюға бағытталған болатын. Бүгінгі қауым үстіміздегі ғасырдың отызыншы жылдарында «құдайсыздар ұйымы» деп аталған, атының өзі жанынды түршіктіретін қоғамдық ұйымның дінсіздікті ұран ғып көтергенінен бейхабар. Сол кездерде дастарқаннан дәм алуға отырғанда да жұртшылық «бисмилланы» айтудан кәдімгідей сескенетін. «Бисмилланы» айтқандарды белсенді, жұлқындылар қорқытып, милициямен айдатып, абақтыға қамап қоюшылығы да орын алған. Қысқасы, мұсылман жамағатшылығы үшін киелі сөз кеңестік дәуірінде «қауіпті» болып есептелген.

Мешіт пен медресенің жаппай жабылып, молдалардың қуғындалғанына да мысал көптеп табылады. Өзге жердегіні сөз етпегенде, Қаратаудың теріскейіндегі Баба-ата мешітінің тағдыры кеңестік замандағы адам ожданына зорлықпен қилігудің сорақы мысалы болып көрінеді. Жандайшап белсенділер отызыншы, қыркыншы жылдарда осы мешітті әуелі астық қоймасы еткен, кейіннен мал қораға айналдырған, ақырында шөп қорасы болсын деп ұйғарған. Кезінде күллі Теріскей елінің балалары оқитын медресе жабылып, оның құжыралары қиратылған, олардың қышын (кірпіш) әркімдер талап, таратып әкетеді. Мұндай халге Қаратаудың күнгеіндегі атақты Аппак ишан мешіті де душар болған. Жергілікті басшылар орасан үлкен мешіт ғимаратының бір бөлігін бұздырып, құрылысқа пайдаланған. Ал Түркістанның түбіндегі данқты Қарнак мешіті мен медресенің халі де мүшкіл болған еді. Бір заманда қазақ халқының Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп, Молда Мұса тәрізді көрнекті ақын, ғұламалары оқыған медресенің бұл күнде жұрнағы ғана қалған. Тіпті Қарнак кентінің аты да ондаған жылдар бойында Атабай аталып, соңғы жылдарда ғана ежелгі атауы қайтарылды. Қазақстанның көлемінде мұндай мысалдар аз емес.

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, ислам дінін қудалау науқаны әдейі ойластырылған, астары тереңде жатқан басқа да зұлымдық әрекеттермен ұштастырылды. Орталық Азия, Сібір, Кавказ, Еділ бойы, Қырым мұсылмандары мың жылдан артық уақыт пайдаланып келген араб алфавиті қолданудан шығарылып, оның орнына латын, көп ұзамай славян әліппесін ендіру халықты дәстүрлі мәдениетінен, салт-санасынан бездіріп, рухани тамырларды қырқумен бірдей еді. Араб әрпімен жазылған мол қазына кейінгі қауымға «түсініксіз» болып қалуының бірден-бір себебі де осында...

Шығыстың ұлы шайырларының еңбектері қайта басылғанда да әрбір шығарманың кіріспе бөлімінде дәстүрлі түрде келіп отыратын, жаратқанның құдіретіне бас ию, мінәжат келтіру сөздері алынып қалатын. Осы секілді әр тараптан жасалған зорлық, қиянат салдарынан халқымыздың соңғы екі-үш буыны діни сенімнен айрылып, имандылық тәрбиесінен махрұм қалды. Мұның зардабын бүгінгі және келешек қауым көпке дейін сезетін болады.

Қазақ ауыз әдебиетіне ислам мәдениетінің тәсірі қаншалық деген сұрақ толық мағынасында күн тәртібіне қойылған емес. Бұл мәселені азды-көпті сөз еткен еңбектердің бәрінде де қазаққа ислам дінінің әкелген игілігінен гөрі «залалы» көбірек көрсетілетін. Қазан төңкерісіне дейін жарияланған зерттеулердің дені мұсылмандықты құбыжық етіп көрсетуді мақсат етегін. Бұлай болуының себебі түсінікті. Өйткені дінді берік ұстаған елді жел аударған қаңбақтай қақпақылға салу оңай емес. Мұндай халықтар отаршыл, зорлықшыл күштердің айтқанына көніп, айдауына жүре бермейді, өз салты мен дәстүрін сақтайды. Сондықтан өзгерлерді өзіне кіріптар етіп ұстауға үйренген Солтүстік Америка, Еуропа мемлекеттері арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін, шығыс елдерін дін жағынан аздыру мен тоздыруды нысана етіп алған. Бұл саясат күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазақстан тәуелсіздік жариялағалы бері мұнда өзге діндерді қаптатап жіберудің әрекеті ашық жүргізіліп отыр. Түрлі нанымдар мен сенімдер бостандығы дегенді сылтау етіп, олар біздің республикамызда діни экспансияны жедел қарқынмен жүзеге асыруды көздейді. Қазірдің өзінде Қазақстанның әділет министрлігі 38 конфессияны тіркеуден өткізгені мәлім. Ол конфессиялар қуат алып, қанатын жазып, өрісін кеңейткен кезде «көп діндер лабо-

раториясы» болып шыға келуіміз ғажап емес. Соншама көп конфессиялардың қатарласа орын тебуі республика басшылары жиі айтып жатқан бірлік пен татулықты күшейтуге қызмет етсе бір сәрі ғой. Қазақ халқының және Қазақстанды жайлаған көптеген (өзбек, қырғыз, татар, ұйғыр, башқұрт, түрік, әзірбайжан, ноғай, қарашай, малқар, қарақалпақ т.б.) халықтардың ежелден ұстанып келе жатқан діни исламның әлгіндей көп діндердің бірі болып, өзінің берік іргесін босансытып алатын қауіп бар. Сол үшін ата-бабаларымыз қажет тұтқая, имандай сенген дінімізді жандандырып, имандылық тәрбиесін күшейтуге атсалысу парызымыз...

Бұл ретте қазақтың ауыз әдебиетінде ислам өркениетінен дарыған құндылықтарды арнайы сөз етудің мәні үлкен. Әлбетте, ауыз әдебиетінің телегей теңіз мұрасында кездесетін мұндай өрнектерді «сүзіп алу», екшеп көрсету оңай емес. Фольклордың әрбір жанрында мұндай белгілер әрқилы кездесетіні белгілі. Сондықтан бұл істі жекелеген жанрлар бойынша жүргізу ұтымды болып көрінеді. Осы мақсатты көздей отырып, біз жоқтау жанрындағы шығармаларда исламдық ұғымдар мен сенімдердің орын алу дәрежесі туралы байқауларымызды білдірмекпіз.

Жоқтау – қазақ халқының ғұрып поэзиясында өзінің көркемдігімен де, көлемділігімен де ерекшеленеді. Ғұлама суреткер М.Әуезов жоқтаулардың мәнін талдай келіп, оларды қазақ эпикалық жырларын туғызған негіздердің бірі деп санағаны белгілі. Өзге зерттеушілер де бұл пікірді тереңдете түседі. «Жоқтауда халықтың көне наным-сенімдерінен бастап, оның тарихында ойып орын алатын асқар тұлғалардың ғұмырнамалық деректеріне дейін көрініс береді» («Тал бесіктен жер бесікке дейін». Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1996, 19-бет).

Біз жоқтау өлеңдерде халықтың ислам мәдениетінің негіздерін қаншалық менгеріп, санаға сіңіру көріністерін сөз етуді көздейміз делік. Бірақ бұл мәселеге келерден бұрын жанрдың көп қырлы ерекшеліктерін көрсетпесек, әңгіме жадағайлау шығуы мүмкін. Сондықтан жоқтаудың танытқыштық, тарихтық, ғұмырнамалық сипаттарын мысалдар келтіре отырып, таратып айтуды лайық көреміз.

Ауыз әдебиетінің көптеген салаларында, соның ішінде ғұрыптық (тойбастар, жар-жар, беташар, естірту, көңіл айту т.б.) өлеңдерде өмір құбылыстарының мәнін жинақтап, топтап айту басым келеді. Мәселен, көңіл айту сөздерінде:

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін,
Қайғы деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт деген тілеу бар,
Қуанып қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,
Қуырып отқа жандырар, —

деген секілді әркімге, әр кезде арнап айта беруге болатын «жалпылық» сипат бар. Ал жоқтауларда жағдай басқаша. Мұнда дүние салған адамның өміріне қатысты сырлар жария болады. Кейде нақтылы деректілік жалғаса келіп, белгілі бір адамның өмірбаянының елеулі тұстарын қайталауға ұласады. Шыншылдық, қайталанбас даралық, өзгешелік жоқтауларда мол болатыны осы айтылғанға байланысты. Әлбетте, жоқтаулардың дені ауызша таралып, көптеген айтушылардың «сүзгісінен» өткендіктен, дәстүрлі жолдар мен шумақтар да күрделі орын иеленеді.

Әусерелі, айбатты,
Хан төрелі сымбатты.
Басқанда жері майысқан,
Өлгенде халық кайысқан
Қабат-қабат қара жер,
Ешкімді қоймай жалмаған.
Жағасы асыл ақ сауыр
Кімдерден жайнап қалмаған* .

Мұнымен қатар белгілі дәуірде өмір кешкен адамдардың тіршілік жолынан қымбат мағлұмат беретін жоқтаулар да аз емес. Кейде ондай өлеңдерден жазба немесе ресми құжаттарда кездеспейтін деректер ұшырайды. Бұған Мамай батыр өлгенде анасы Қараүлектің айтқан жоқтауы мысал бола алады. Ең алдымен Мамай мен Орақтың туыстығы хабарланады («Ай, Орағым, жалғыз қалдың қарағым, Мамайжан еді ырысың, бір құрсақтан дөреген, екеу еді туысың»). Орақ, Мамай екеулеп тізе қосып шапқанда ешбір жауды бет қаратпаған, енді олардың біреуі мерт болуы үлкен қасірет болғаны баяндалады.

Екеуін жауға барғанда,
Қалмақты жеңді ұрысын.
Серіксіз қалдың, Орағым,
Дүние шіркін құрысын!

Қарағым Орақ, ай, Орақ,
Алаштан ұран шакырса,
Құрбысының алды Орақ,
Мамай кетіп алдында,
Туғансыз жалғыз қалды Орақ!

«Мамайжан бойға біткенде, арыстан, бөрі етін жеп, қанып еді жерігім», — дейді Қараүлек. Ал мына жолдар тарихи оқиғалардың хронологиясы тәрізденеді:

Мамайжан еді қуатың,
Екі жыл шөлге қамады,
Қалмақтың бермей суатың...
Қасына әскер ертсең,
Мамай еді жолдасың.
Мамай тірі жүргенде,
Өткір еді алмасың.
Қалмақтың ханы Қараман,
Оны ұстап өлтіріп,
Кесіп едің хан басың...

Қараүлек жоқтауының қуаты соншалық, бұл зарлы ананың ғана емес, күллі ноғайлы елінің өксікті өкінішіндей болып естіледі.

Өлдің Мамай, қор болдың,
Тірілікте зор болдың.
Дұшпанға құрған тор болдың.
Қараүлек шешен зар болды.
Сауытың қалды сандықта,
Алмасың қалды тұлдықта.
Андысқан дұшпан көп еді,
Елін қалды құлдықта.
(178-бет)

Атақты Едіге батырдың даңқты ұрпақтары болып саналатын Орақ пен Мамай туралы жазылған тарихи жазба деректерден гөрі мына жоқтаудың беретін мағлұматы нақтырақ та, молырақ та болып көрінеді.

«Ормамбет» деп аталған жоқтауда тобықты биі Қарамендеге қатысты, хат жүзінде қалмаған, бірақ ел аузында сақталған сирек дерек берілген. Атап айтқанда, казак жерін патшалы Ресей жаулап алуға беттегені анық сезілген кезде елдің Жиделі-Байсынға көшуге оқталып, бірақ мақсатын жүзеге асыра алмағаны аңғартылады.

Ұлт намысын сөйлейін,
Осы отырған әлеумет,
Тастаманыз батадаң.
Қаракем айтқан халқына,
Ықтимал деп Арканы,
Орыс келсе алуға.
Сонан соң көштік Шыңғыстан,
Жиделі-Байсын баруға.
Құбылаға бас тарттық,
Ағайынға көп айттық,
Кісі қайда тануға?
Қалын елде өте алмай,
Себеп болды наданға.
Мұнда тұрып қалуға...
(180-бет)

Бір есептен алғанда, кейбір жоқтаулар белгілі бір оқиғаның ізімен туған тарихи өлеңдерге ұқсайды. Мұнда дәстүрлілік пен нақтылы деректер қатар түсіп отырады. Мұны да жоқтаулардың жанрлық ерекшелігінің бір қыры деп қарауға болады. Қазақ халқы ғасырлар бойына ауыр жағдайларға киліккенде Жиделі-Байсынға көшуді арман тұтып келген. Тарихта сан рет қайталанып, тұрақты сарынға айналған осы ансар XIX ғасырда, Қараменде би тұсында күн тәртібіне қойылғанын көреміз. Тобықты руының бір бөлігі Қаракесек елінің қонысына тұрақтап қалуының себебі де анықталған. Тағы да бір атап өтерлігі – бұл жоқтауда Арқадағы арғын тайпасының ардақты адамдары да сипатталған:

Шакшактан шыққан Жәнібек,
Қазақ ақылын ұлғайтқан.
Қараменде бабамыз,
Үш жүзге өрнек үлгі айтқан.
Қанжығалы Бөгенбай,
Ханға бермей тізгінін,
Өз теңімен қол тартқан.
Атығайда Зілғара,
Бәсентиін Қазанқап,
Ақ патшаға сыр айтқан.
Тобықтыда Құнанбай,
Бәрінің туы болыпты!..
(181-бет)

Осы жоқтаудың соңында Қараменде бидің ісін жалғастырып, ел тізгінін ұстаған, халық камын жеген, барлық ақыл, қайратын осы мақсатқа сарп еткен бір топ белгілі адамдарға да көтеріңкі

мінездеме берілген. Бұл белгілер жоқтаудың жанрлық «шеңберін» кеңейте түседі, оны тарихи дастан деңгейіне жақындатады. Жоқтау жанры ауызша немесе жазбаша хатқа түсірушінің шарықтаған шабытына кең мүмкіндік беретіндігін көрсетеді.

Қаздауысты Қазыбек билі қызы Қамқанын жоқтағаны да белгілі дәрежеде тарихи құжаттан кем түспейтін аса маңызды деректер береді. Қазыбектің қазасына «қазақ болып зарлады, тілеуді құдай бермеді» деген өлең жолдары атакты биге деген ел құрметін дәл тұжырымдаған. Жоңғар-қалмақ шапқыншылығы бел алып тұрған кезде он сегіз жастағы Қазыбектің Қонтажыға елшілікке барып, өзінің батыл парасатымен қазақтың есесін алып бергені туралы кең тараған аңыз билің туған қызының аузымен айтылғанда әсері арта түседі.

Белгілі шығар аллаға,
Қонтажыға барғаның,
Он сегізде сол кезде,
Қалмақты сынға алғаның.
Қазақты жоқтап, қалмақтан,
Араға сөзді салғаның.
Қалмақтың ханы Қонтажы,
Жауаптан ұтып алғаның.
Босатып едін, жан әкем,
Тұтқында қазақ қалғаның.
Талап алған шабынды,
Қайырып алдың бар малың.
Олқысыз тоқсан жесірді,
Сол жерде анық алғаның,
Қазақ пен қалмақ бас қосып,
Екі ұдай болған тобында,
Алдына бір жан салмадың.
(187-бет)

Мына жоқтауда Қазыбек биге қатысты дерек аңыздағыдан да, жазбаша мағлұматтардан да толығырақ болып елестейді. «Батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай, ақылыңмен жол тауып, қазақтың кегін алғаның» деген жолдар жоқтаудың тұжырымы секілденеді. «Батыр мен хан сасқанда, әкеме келіп жол тапқан» делінеді одан әрі қарай... Жоқтауда тарихи шындыққа қайшы келетін, қиялдан қосылған, әсіреленген нәрсе жоқтай. Мұның өзі шығарманың бағасын арттырады...

Қазақтың қалың елінің Арқаға көшіп келіп, түпкілікті қоныс тепкенін Қазыбек атымен байланыстыру да қызғылықты пікір болып естіледі.

Сырдың бойын жаратпай,
Сал өсірер орын деп.
Қазақтың ұлын өсіріп,
Қоныс әпердің Арқадан...
(189-бет)

«Кеңгірбай би» деген жоқтауда бидің жеке басының қасиеті елінің мүддесімен бірлік тапқандығы сипатталады:

Алыстан дұшпан аттанса,
Қар жаңбырдай бораған.
Жақыннан дұшпан аттанса,
Қарт бұрадай жараған.
Барғанда төре таныған,
Қайтқанда кара қамаған...

Атақты адамдардың өмірбаяндық мағлұматын неғұрлым нағымды етіп беру үлгісі «Әбдіғапар» деген жоқтауда да көрініс берген. 1916 жылғы қазақ халқының Ресей патшасының жат саясатына қарсы қозғалысының көсемі Әбдіғапар туралы ұзақ жылдар бойында жартымды ақиқат айтылмай келгені мәлім. Ресми құжаттарда шын тұлғасы бұрмаланып келген осы бір қайраткер өмірінің жолайрық кезеңдерде атқарған істерін, тіпті көп жағдайда жұмбақ болып келген өлімінің себептерін де жоқтау айқындап береді. Бұл жоқтаудың авторы әйгілі ағартушы ғұлама ғалым, ақын Ахмет Байтұрсынов делінеді. 1916 жылға қатысты оқиғалардың қыры мен сырын жетік білетін ұлы ойшылдың сөзіне ерекше ілтипатпен қарау ләзім. Оның әрбір сөзінің тасасында әлі күнге дейін тарихшылар айқындап болмаған сыр ұштығы мол.

Жоқтаудан бірнеше сарынды екшеп қарауға болады. Ең алдымен Әбдіғапардың оқиғалар толқыны биікке көтерген кездейсоқ біреу емес, халық алдында зор беделге ие болған адам екені танылады.

Сұлтанымды сұрасан,
Ақылы толық кен еді.
Саясатын сұрасан,
Патшаменен тең еді...
Шалқар көлдің ішінде,
Ел сыярлық кеме еді.
Залалы жоқ адамға,
Аспан, жерден кен еді.
Билігі хаққа мағұлым,

Ізгілігі мол еді.
Әкім болған халқына,
Айтқан сөзі ем еді.
Орыс, қазақ жақсысы,
Бір өзіне тел еді.
Өзі бакқан еліне,
Сауабы қайыр көл еді...
(202-бет)

Міне, осындай халық алдында қадірі асқан адамның өз ажалынан өлмей, әлдекімдердің қаражүрек жауыздығынан мерт болғаны жоқтаудың өн бойына тартылған желі секілді. Тіпті бүкіл жоқтауды Әбдіғапар қасиетін мадақ еткен, ең жақын адамның таусылмас өкінішті сыры деп қарауға болғандай. Бұл арада жоқтау үлкен әлеуметтік қайшылықтарды талдай алатын қуатқа ие болғанын көреміз. Әбдіғапар трагедиясының түбірі оның өз басы кінәлі емес іске күйіп, дұшпандарының қастандық құрбандығы болуына байланысты. Оның нақак өлімі бір үйдің емес, күллі Орта жүздің қабырғасына батқан ауыр қайғы болып суреттеледі. Жоқтаушы айықпас шерлі көңілін білдіреді:

Кімнің белі сынбайды,
Қамалдың туы жығылса?
Кімдер сұрау салмайды,
Сақасы алтын жоғалса?
Кімдер шерлі болмайды,
Торға түсіп қамалса?
Кім Гүлстан болады,
Қаза соғып, жел ұрса?
Сайран қылар бакшасын,
Сахарада жау алса?..
(199-бет)

Өзінің мағлұматтылығы, әлеуметтік талдауға бара алғандығы және көркемдік реалистік кестесі жағынан алғанда «Әбдіғапар» жоқтау жанрының шоқтықты туындыларының бірі болып табылады. Мұнда кесек, көркем теңемелер мен баламалар, тосын бейнелер кездеседі. Мысалы: «Рүстем—Дастан секілді, сақып қыран ер еді», «Айқындалған алашқа, шұбар ала ту болды» «Қабыл болмай ғазалым, Сұлтанымнан айрылып, көрдім дүние азабын», «Әкім болды алды кең, шыбыны жоқ жаз еді», «Кәпір менен мұсылман, арасында нұсқа едің», «Ел ішінде бұзыққа, көкпен ұшса — тор еді, жермен қашса — ор еді», «Ұран да болдың орасан,

«Казак — шала мұсылман» деген дақырт басқыншы мемлекеттердің бұл жөнінде қырсық «саясат» ұстап, лажы болса, елді шоқындырып жіберуге әрекет етуіне негіз болған. Патшалық Ресейдің Ильминский, Алекторов сынды миссионерлерінің алдына қойылған мақсат та қазақ мұсылмандығын жоққа шығарып, христиандықты енгізу еді. Бірақ қазақты шоқындыру істері нәтиже берген жоқ. Ресеймен шекаралас отырған қазақ тайпалары мен руларының жекелеген адамдары болмаса, көпшілік қауым дінін өзгертуге көнбеді. Қазақты ислам дінінен ажыратудың қиын екендігін айтып аң ұрмаған миссионер аз. Олар өздерінің еңбектерінде қазақ арасындағы мұсылмандықты әрдайым «мансұқтап» жазғаны белгілі.

Кешегі кеңестік заманда «дін — мемлекеттен бөлек» деген қағида сөз жүзінде айтылғанымен, діндерге өкімет тарапынан қысым, зорлық көрсетілмеген кезі жоқ. Таяқтың жуан ұшы әсіресе мұсылман дініне тигені де құпия емес. Мектептердің оқу бағдарламасына орыс тарихы мен мәдениетін таныстыратын материалдың дендеп енуі де осы себептен еді. Кеңестік жетпіс жыл ішінде мешіт, молда, медресе атына жылы сөз айтылып көрмегенін ел біледі. Ол — ол ма? Оңын-солын танып болмаған жеткіншектерге «байларды, молданы қойдай қу қамшымен» деп тақпақ айтқызып, араб әрпімен хат танығандарды жексұрын етіп көрсету дағдылы іске айналған еді.

Патшалық заманында да, кеңестік дәуірде де исламға қарсы жүргізілген сұрапыл насихатқа карамастан, қазақ елі «мұсылмандық белгісін» жоғалтып алмағаны, үстірт қарағанда, бір ғажайып жағдай секілді. Ал шындығына келгенде, мұның аса құпиясы жоқ, түсінікті хал екенін көреміз. Қазақстанда исламның ертеден тамыр жайғанына мысал көп. Мұсылман дінінің қазақ арасына алғаш келген кезеңін еске алсақ, оның кем дегенде мың жылдан артық тарихы бар екеніне көз жетеді. Кезінде жаһанның «екінші ұстазы» атанған әмбебап ғұлама Әбунасыр әл-Фарабидің соншалық білім кәметіне жетуіне сол замандағы озық мұсылман ғылымы мен мәдениетінің тәсірі болғанын білмейтін жан жоқ. Ислам өркениетінің белгілерін орта ғасырлардағы білімпаз, ойшылдардың шығармаларынан ғана емес, халық ақындарының, жыраулардың, шешендердің, билердің сөздерінен де табамыз. Олардың ислам қағидаларын санаға терең сіңіргендіктері ойлау жүйесінен де, небір көделі ұғымдарды орнын тауып қолдануы-

нан да аңғарылады. Ең ғажайы сол, өздерінің кәсіп, мамандығы дін қызметінен алыс тұрған жандардың сөздерінен де шариғат ережелерін жақсы білгендік байқалады.

Ауыз әдебиетінің бір ғана жанры — жоқтау өлеңдері бұл айтқанымызға дәлел бола алады. Айтушылар, ақындар, шайырлар дүниеден өткен адам жөніндегі ойларын көбіне мұсылмандық түсініктерімен өрнектеп отырған. Бұлар сырт әсер, әшекей секілді көрінбей, шығарманың құрылысынан берік орын алғаны көзге айқын шалынады. Көптеген жоқтаулар мұсылман ақын, ғұламаларының дәстүріне орайлас, жаратқанға мінәжат ету сөздерінен басталып отырады. Сонда олардың аузына сөздің ұлығы — «бисмилла» алдымен түседі.

Бисмилла — аты Алланың.
Айтқаны қожа-молданың...
(155-бет)

Бисмилла — сөздің өрнегі,
Пенденің рас өлмегі...
(161-бет)

Бисмилла — сөздің пірі екен,
Ең асылы — нұры екен...
(162-бет)

Ағузы тартсаң сабақтан,
Үмітін болса сауаптан,
Бисмилласыз тартпайды...
Бисмилла артық сабақтан,
Сауабы тәтті шараптан...
(163-бет)

Бисмилла деген сөз басы,
Таусылмас жылап көз жасы...
Бисмилла сөзді қосайын,
Әуелгі жоқтау басына...
(172-бет)

Бисмилла деп бастайын,
Медет тілеп Алладан...
(178-бет)

Бисмилладан бастайын,
Шариғаттан аспайын...
(186-бет)

Бисмилла сөзден бастайын,
Асығыс айтып саспайын...
(220-бет)

Бисмилла деп бастайын,
Асылық сөзді қоспайын...
(221-бет)

Бисмилла сөздің басына,
Ағайын келді қасыма...
(229-бет)

Бисмилла деп бастайын әлхам сүре басынан,
Кәләм шәриф ішінде әліп ләм тұрар қасынан...
(232-бет)

Бисмилла дейді сөз басын,
Қайғымен аққан көз жасым...
(237-бет)

Мұншама жоқтау өлеңінің көркі болып «бисмилланың» тұруы қасиетті сөздің мағынасын ұғып, көңілде жаттап өскендік белгісі. Өзге мысалдарды келтірмей, дәл осы бір сөздің жоқтау атаулыға өзгеше салмақ қосып тұрғанын айтсақ та, қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесіне ислам ұғымдары етене араласқанын мойындар едік.

Жоқтауларда жаратушы Алла, оның расул-елшісі Мұхаммед пайғамбардан, саһабалардан бастап, ислам тарихында орын алған ұғымдар мен терминдер, адам аттары, белгілі оқиғалар естелігі — бәрі де тиісінше орын алып отырады. Олар: Дәуіт, Сүлеймен, Мұса пайғамбарлар, Әбубәкір, Омар, Осман, Әлі, Құранның «алты мың алты жүз» аяты, Адам ата, Лұхман әкім, Қыдыр, Арафат, Сират, Хауат Кәусар, Хамза, Ғарасат, 18 мың ғалам, шарифат, иман, намаз, мәңкүр-нүңкір, ұжмақ, шапағат, қиямет, машқар, мінәжат, медет, хазірет, екі дүние, жаннат, құран, ақырет, күпір, әнбие, машайық, зұлпықар, Қасен, Құсейін, Шаһадат, Зәбур, Нәмруд, Ибраһим, Жәлил, Хабиб, Махшар, Нәби, Періште, тақыт Сүлеймен, жүз жиырма төрт мың пайғамбар, отыз үш мың саһаба, пейіш — мұның бәрі мұсылман әлеміне таралған атаулар мен мағыналар...

Ал осы ұғымдар жоқтау өлең құрылысына қалай қабысқанына тоқталудың өзі қызықты мәселе. Жоқтау айтушылар белгілі бір адамның өлімі отбасы, ру, тайпа, ел басына түскен қасірет,

орны толмас өкініш екенін сипаттай келіп, өмір, адам тағдыры жаратқанның ықтиярында екеніне тоқталады. Көңілді жұбату үшін келтірілген дәлелдер соншалық күрделі болып келеді.

Тіршіліктің пәнилігін, өмір бар жерде өлім болуы заңдылық екенін айту жоқтаудағы тұрақты сарынның бірі.

Қабат-қабат кара жер,
Ешкімді қоймай жалмаған.
Жағасы асыл ақ сауыр,
Кімдерден жайнап калмаған.
(153-бет)

Ажалдын оғы жақсылар,
Қай пендеге тимеген.
О да өткен Дәуіт пайғамбар*,
Темірді отсыз илеген...
Сүлеймен патша пайғамбар**,
Олар да кетті, келді де.
(156-бет)

Құдайдың салған ақ ісін,
Дін мұсылман көрмегі.
Бұл дүниеде тұру жоқ,
Ажалға адам көнбегі.
Құдайдың досы Мұхаммед,
Басқаменен тең бе еді,
Хакка мойын ұсынды,
Қарсылық ету жөн бе елі?
(161-бет)

Ажал жетсе, адамның,
Мекені — жердің ұрасы.
Үстаса қолда тұрмайды,
Әуелде жазған шығасы.
Патша отырмас тағында,
Басынан тайса жығасы,
Дүниеге тұлға боп,
Қалған бар ма туасы.
(162-бет)

Біз түгіл өткен дүниеден,
Құданын сүйген достары —
Әбубәкір, Ғали мен,
Әзірет Ғұмар, Ғұсманы***,
Хакка бенде болған сон,
Өлімнен бар ма қашқаны?
(216-бет)

Қазаның қайғылы өкінішін «женілдету» үшін жоқтау айтушылар ең зор дәлел ретінде пайғамбарлардың, оның ең жақын ізбасарларының дүниеден өткенін тілге тиек етеді, олардың елден асқан ерекше қасиетін мадақтайды.

Мұстафаға арнаған,
Әуел менен ақырды.
Расулдың төрт жары,
Әуелі Әбубәкір-ді.
Онан соң ғаділ Ғұмар
Зейіні терең ақылды.
Үшінші Ғұсман молда екен,
Дін үшін азан шақырды.
Мұсылманның тірегі,
Төртінші Ғали батыр-ды,
Исламның жолында,
Қиратты талай көпірді...
Ақ пайғамбар кем көрмес,
Баласынан пақырды.
Екі дүние шырағын,
Жеті қат көктен асырды.
(164-бет)

Мұндай мағлұматтарды келтірудің өзіндік себебі бар. Қай пенденің де мезгілсіз келген ажалдың ауырлығына қабырғасы қайысады, тілінен зар төгеді. Әсіресе қастандық құрбандығы болып кеткендер қазасының өксігі оңай басылмайды. Мұндай жағдайда дін мұсылман қауымы үшін мәңгілік игілікті іс еткендердің дұшпан қолынан қаза тапқанын еске салу елді сабырға шақыратын уәж болып саналған.

Дүниені жаратты,
Пайғамбардың нұрынан.
Жіңішке, дейді, сиратты*
Жылқының жарты қылынан.
Қарын** пайда көрді ме,
Қайырсыз жиған малынан.
Ғазірет шер өліпті,
Башар деген құлынан...
Қарасатта*** нәсіп ет
Хауас кәусар суынан,
Хамза деген сахаба,
Майданда ұрыс салысқан.
Жас екен қатын, баласы,
Артында шулап қалысқан...

Бұл жолдарда ислам тарихына қатысты бірталай маңызды ұғымдар орын алған. Дін қағидаларын үстірт білген ел көркем поэзияға осыншама күрделі түсініктерді сыйғыза алмаса керек. «Біреуге қиянат, қылмыс жасағанды өлгеннен кейін ауыр жаза күтіп тұрады» деген ойды да жоқтау айтушылар ескертіп отырады.

Құдай деген пендеге,
Көңілдің жақсы тазасы.
Ақ жолынан аумаса,
Шайтанның* кетер мазасы.
Ғазіреті Ғұсманның,
Адамнан болған қазасы.
Ғарасатта берілер
Ол адамның жазасы.
(165-бет)

Жоқтау өлеңдерде дүниедегі барлық құбылыстарды жаратқан Аллаға жалбырыну сарыны желі болып тартылады; жас та, көрі де, дана да, бала да сол күдіретті рухтың еркімен өмір кешеді, пендесі хақ жолына адал болуы, қиындық пен кездейсоқтыққа көндігуі тиіс. Шын тілесе, істің ақыры оңалады, үміт пен сенім орындалады деген ұғым қайталанады.

Бисмилла артық сабақтан,
Сауабы төтті шараптан.
Пайғамбар – хақ, құран – шын,
Мінәжат қылсаң, тағаттан.
Мұса ғалам пайғамбар,
Қасиет көрген таяқтан.
Қыдыр дарып тіліне,
Жолынан күнде май аққан.
Он сегіз мың ғаламды,
Мұстафа үшін жаратқан,
Ескендір өткен падыша,
Күмісті қардай қаратқан.
Дәуіттің ұлы Сүлеймен,
Бір басын мыңға балатқан.
Ұлықпан әкім өмірін,
Екі мың жылға санатқан.
Қимылдаған халықты,
Хауа анадан таратқан.
Адам ата тақсырға,
Ғарапаттан* таң атқан.
(163-бет)

Осы шумақтарда көрсетілген есімдер мен атаулар ислам әлемінде кең таралған, әрбір мұсылман бала кезінен санасына сіңірген ұғымдарды қамтиды, жоқтаудағы бұл терминдерді ертедегі қазақтар арнаулы сөздіктерге қарамай-ақ білген. Бұған қарағанда, қазақ қауымына мұсылманшылық тарихы мен шарттары қанық болған секілді. Миссионерлердің қазақты басқа дінге шоқындыру ниетінің жүзеге аспай қалған себебін іздегенде бұл мәселені әрдайым есте ұстауымыз ләзім. Кенестік билік кезінде қазақ халқының бірнеше буыны діни білім мен тағылымнан мақрұм қалдырылды. Мұндай жағдайда қазіргі кейбір жастардың өзге діндердің шылауында кетіп жүргеніне таңғалуға болмайды. Діни бар елдің темірқазықтай мықты тірегі болатыны, дінсіздік жайлаған жерде азу мен тозудың алуан сорақы түрлері шығатыны дәлелдеп жатуды керек ете қояр ма екен?..

Бұл айтылғандардан елеулі бір қорытынды шығаруға болады. Қазақстан келешекте мықты жұрт болуы үшін, ғылым мен техниканы, экономикалық заңдылықтарды білудің қажеттігі көміл. Бірақ өткендегі мәдени, рухани мұраны меңгеріп алмай, халқымыздың өзіндік дара келбетін қалыптастырған құндылықтарды қадірлемей, әр елдің «жаңалығына» еліктеуді ғана місе тұту Қазақстанды аты-жөні белгісіз космополиттік қоғам орнатуға апаратын «төте» жол екенін зиялы қауым, бірінші кезекте ел тізгінін ұстап отырған басшылар түсініп, тиісті қорытынды шығармаса, асыл еліміздің келбеті жойылып, өзгелердің ығында жүре беретін ойсыз, бағдарсыз, дінсіз, ана тілсіз тобырға айналатынын аңғару үшін сәуегей болу шарт емес. Елдің елдігін сақтау жолдарын терең ойластырған ұлттық даму бағдарламасын жасауды кешеуілдету құрдымның аузына өз еркінмен барғанмен тең...

Өмірден өткен адамның атақ-даңқын, барша істерін тізіп, кейде өсірелеп, «ағынан жарылып» айту жоқтауларға хас белгінің бірі. Бұл қатарда айрықша қадірлі саналатын іс – елге, көпке қайырымдылық. Батыр бол, бағлан бол, бәрінен қымбаттысы жұртшылыққа істеген көмегің дегенді жоқтау өлеңдер өте анық аңғартады. Дүниеден кеткен жандарды сөз ете отырып, келешек қауымға фибрат аңғарту жоқтау жанрының ең өміршең сипаты болса керек. «Арттағыға ісің мен сөзің қалса, өлсең де, өлмегенмен боласың тең» деп ақын айтқан сөз бұл ақиқатты дәлелдей түседі. Жалпы алғанда, жоқтаудың «фибратшылдығы» оны мәңгілік құндылықтар қатарына қосады десек, артық айтылғандық емес.

«Орманбет» атты жоқтауда Қалдау абыздың ең игілікті істері «құрама жиып, ел қылған, құрақ жиып күнелткен» деп сипатталады. Бұл жоқтау бұдан әрі қарай «қалдырмады қадірден, ақылдының сарасы, орыс, ноғай, сарт, казак, орын берді төрінен» деген сөздермен жалғасады.

«Қаздауысты Қазыбекке» арналған жоқтауда данышпан бидің ел ұмытпайтын істері былайша тұжырымдалған:

Қазаққа арнап жол салды,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл,
Аруағына таянып,
Ие болды мал-жанға...

Кенгірбай би туралы жоқтауда да оның көпшілік бұқараға пана болғаны («Кәріп пенен кәсірге, сауып тұрған бие едің, жетім менен жесірдің, айттырмай мұның біледі») көрсетілген. Адамның қасиеті бауырласына тарта бермей, алыста жүрген алаш ұлының қамын ойлайтындығымен өлшенетіні енді бір жоқтауда былайша бедерленген:

Өзім бір деген алашқа,
Аласы бір жок ер еді.
Адам ұлын жақтаған.
Әділдікке келгенде.
Көпір, қазақ мақтаған.
Құрама жиып, ел қылып,
Тұсын таза сақтаған.
Тілі шайпау тентектер,
Ақылына тоқтаған...

Осы жолдардағы «адам ұлын жақтаған» деген тіркес айрықша маңызды болып естіледі. Мұндай биік тұғырға көтерілген қайраткерлер халыққа әрдайым керек. Руға, тайпаға бөлінген қазақ елінде ұлт көлеміне шығып, жалпы жұртшылық мүддесін жоғары қоя білгендерді ел аса қадірлеген. Мұндай қасиеттер азаматқа қазіргі заманда да аса қажет. «Іскер адамдарды іріктеймін» деген желеумен бірінғай тайпаластарын маңайына жиып алып, өзгелермен санаса қоймайтын үлкенді-кішілі әкімдер қазіргі кезде де аз емес. Үлкен лауазымды қызметте тұрған кезеңде мақталып, тұғырдан тайған күні датталатын мемлекет, облыс басшылары дәл осындайлардан шығады.

Жоктау жанрының бірегейлігі халықтың адамгершілік, имандылық тәжірибесін, діни ұғымдарын, қоғам, табиғат туралы білігін белгілі бір адамдар төңірегіне жиып, өмірдің сабағы ретінде ұтымды жинақтап айта білетіндігінде. Бұл реттен алғанда, жоктаулар тек ғұрып поэзиясы шеңберінде қалып қоймай, энциклопедиялық сипатымен ерекшеленеді.

III

Ауыз әдебиеті туындыларының өміршендігі олардың көркемдік, тапқырлық, әсерлілік сипатына да байланысты. Фольклор ең алдымен сөз өнері. Дүниедегі ұлы жазба ескерткіштердің әуел баста ауызша тараған ертегілер, мифтер, аңыздар, әпсаналар негізінде өңделіп, дамытылып жасалатыны мәлім. Ұлы жазушы А.М.Горький «Дон Кихот», «Гамлет», «Фауст» секілді жаһан әдебиетінің дүрлданалары халық қиялында екшелген аңыздық оқиғалар сарынын пайдалана отырып сомдалғанын атап өткен... Қиялға, көркемдік тапқырлыққа бөленбесе, қандай да болмасын ақиқат жалаң тартар еді. Бұл заңдылықты жоктау жанрына да қатысты айтамыз. Ілгеріде біз сөз еткен жоктаулардың дені көркемдік кестесі қалың, айшықтары анық көркем әдебиет мүлкі деп қарауға болады. Өмір шындығынан көркемдік шындыққа көтерілгендіктің неше түрлі өрнегін жоктаулардан да көреміз.

Тарихи қайраткерлердің атқарған істерін жоктау талғаусыз тізе бермейді. Болған оқиға халықтың терең мүдделеріне жауап бере алатындығына орай қиял күшімен «дамытылуы» табиғи. Ондай кезде тарихта жасаған адамдардың бойындағы үлкенді-кішілі «пенделік» нұқсандар есепке алынбай, жақсылық жақтары өсіреленеді. Ертедегі билер, батырлар туралы жоктауларды осы тұрғыдан алып қарасак, шындыққа жақын келеміз. Түптеп келгенде, белгілі қайраткерлер хақындағы жоктау сөздер халықтың оларға берген бағасы болып та табылады. Мұндай жағдайда жоктау арналған жандардың атқарған іс-әрекеттерінің ел арман-мүддесімен үндесетін тұстары екшеліп алынады.

Әлбетте, нақты дәуірі, елі, мекені анық тарихи қайраткердің өмір кешулерін сипаттағанда, қаһармандық эпостағыдай «арыс-тандай айбатты, жолбарыстай қайратты» немесе «суға салса батпайды, отқа салса күймейді, оқ өтпейді, қылыш кеспейді» секіл-

денген шексіз әсірелеуге орын жоқ. Жоктау айтушы өлген кісінің көзін көрген замандастары алдында мұндай артық еркіндікке бара алмайды. Жоктауларды өзінің жанрлық сипаты жағынан тарихи өлеңдерге салыстыруымыз бекер емес. Ендеше жоктауларда қиялдаудың белгілі дәрежеде орын алуы заңдылық деп қарауымыз жөн. Тарихи оқиғалар «таза» қайталанса, ол тарих пәнінің жүгін көтерер еді, ал тарихқа аңыз, қиял араласса, ол ауыз әдебиетінің жаратындысы болып қаралады.

Жоктаулар көркемдік жинақтаушылық қасиеті жағынан алып қарағанда, түрлі деңгейде көрінеді. Онда өмірде болған шындықты «қоспасыз» санамалап айтып шығатындықпен бірге, болған істерді қиял қуатымен қорытып, жаңа сапаға көтерушілік қатар келе береді. Сондай-ақ мұнда классикалық эпосқа тән асқақтық та, нақтылы тарихи жырларға хас байсалдылық та ұшырайды.

Жыраулық толғауға жақын үлгілер:

Ұяда сұңқар түлеткен,
Қиядан сұңқар тілеткен.
Алтайн қызыл түлкі атқан,
Баршаны бөздей жыртырған,
Жібекті жүндей тұттірген.
Қонак келсе, «қон» деген.
Шылаушын салып ат мінген,
Шыныраудан алып су ішкен,
Шынжырлы қауға тарттырған,
Қайыннан астау шаптырған,
Қаптатып жылқы жаптырған.
(165-бет)

Енді бірде тарихи өлеңдердің «таза» өрнегін танығандай боламыз:

Мамай еді дәрменін,
Екеуін қатар жүргенде.
Беріп еді арманын.
Бәрін міндің қатарлап,
Жұрттағы сұлу жорғанын.
Есімханның ары үшін,
Қаты ханынан қалмақтың,
Жеті бозды қорғалын.
Мамайжан тірі жүргенде,
Қолынды айға сермедін.
Орманбет биді қалдырып,

Ноғайлыны тергедін,
Алтын тақтың үстінде,
Ханмен қатар көлбелдің.
(175-бет)

Тағы бір кезекте жоқтау өлеңдер классикалық, қаһармандық эпос сарынына ұқсап кетеді:

Алты атасы бай өткен,
Алты атанға жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен,
Жеті атанға жүк артқан...
Қалмақтан жылқы қудырған,
Құлынын жолда тудырған.
Жамбасынан отырған,
Санама жұлдыз батырған...
Асылы нұрдан жаралған,
Ақ сұңқардай түлеген,
Тояты онын қанған соң,
Алыстан тоят тілеген.
Алыстан дұшпан аттанса,
Қар жаңбырдай бораған.
Жақыннан дұшпан аттанса,
Қарт бұрадай жараған.
(191-бет)

Жоқтауларда эпитет, теңеу, метафора, балама сөздердің асыл өрнектері ұшырайды. Ақындық тапқырлықтың жиі кездесуі бұл жанрдың шығармаларына биік поэзиялық сипат дарытады. Мәселен, батырлық «Ескендір патша дарадай, бекем еді дұшпанға» деп бейнеленген. Ертедегі Рүстем, Дастан, Ескендір тұлғалары ерлік пен қайсарлықтың символындай жиі қайталанып отырады. Ел ардақтысын мақтағанда «тұғырға қонған сұңқары, суытып қойған тұлпары» делінеді. Жұртшылық басына күтпеген қиыншылық түскенін «жаздың күні болғанда, күннің көзі байланды» деген салыстыру арқылы береді. Халыққа пана, қамқор азаматты «күн жағымда көлеңке, жел жағымға қорғаным» деп марапаттау да ұтымды естіледі. Мұндай мысалдарды жалғай беруге болады.

Тайды жеген бөрідей,
Тәуір еді талабын...
Сарала туың салбырап,
Қалмақтың бұздың камалын...
Ақ сүңгінің қияғын,

Күміспенен қаптаған...
Қырық ұл туса бір күнде,
Орнын қалай толады...
Ақ үйімнің арыстаны,
Боз үйімнің бостаны...
Қаһарлы қатты қыс қылды.
Жасаған алла жазымды...
Меруерт тастың сынығы,
Шаһ шараптың тұнығы...
Бергеніне шүкірлік,
Алғанына сабырлық...
Тобышак жинап өмірінде,
Тобышакқа мінбеген...
Көңіл сүйген досына,
Мінезі жұмсақ мақталан.
Қаһары келген дұшпанға,
Қадалған тікен табаннан...
Жаздың күні болғанда,
Күннің көзі байланған...
Еділдің қызыл желіндей,
Саулап бір тұрған сөз еді...
Көлдегі аққу дауысты,
Ақ сұңқар құстай шалысты...
Тау ұшқандай орнынан,
Босап қалды ортамыз...
Әкім болды алды кен,
Шыбыны жоқ жаз еді...
Көпір менен мұсылман
Арасында нұсқа еді...
Қабырға сайын қайғым бар,
Омыртқа сайын уайым бар...
Ай батқандай болдың да,
Адастырып жөнелдің...
Әділдігін бар еді,
Әзіреті Омар, Оспандай,
Үлгіменен сөз айттың,
Тәпсірден шыққан дастандай...
Көкежен, сенен айрылдым,
Көленкелі дарақтай...
Балдағы алтын зұлпықар,
Шаппай сынды сағадан...
Орта жүздің арасынан.
Ойқастап озған жүйрігім...
Мың қойымның ішінде,
Көкқасқа қошқар келбетгі...
Ай қасында Шолпаным,
Хан қасында сұлтаным...
Жерошактай тесік жер,
Жұтып салды дариямды...

Түскен жерін ұсатқан,
Зенбіректің оғындай...
Серкесіз қойдай ұйлығып,
Кен дүниеміз болды тар...
Сары алтыннан салмақтым,
Патша ұлындай ардақтым...
Тазалығы көңілінің,
Шәрбат көусар суындай...
Кітаптан шыққан мағынадай,
Топ ішінде сөйлеген...

Наушаруан әділге,
Әділетін тең қылған...
Дұшпандарға айбыны,
Алатаудай бар еді...
Патшадан кетті әділет,
Пірлерден кетті көремет...
Қырғыздың Алатауындай,
Дұшпан аспас бел еді...
Көленкесі күндік жер,
Асқар тауға тең әкем...
Қара арғымақ қатырған,
Қара лашын қатырған...
Санап жұлдыз батырған,
Ұйықтамай танды атырған...
Көк бесті мініп көп жортқан,
Көк бөрідей түн қатқан...
Қанаты сынса сұңқардың,
Қарсы шабар қарғалар...
Тобынан озған датқалар,
Такқа мінген патшалар...
Өмірің қысқа болса да,
Өренің болсын ең ұзын...
Жүгінген жолдың ағына,
Қараған жанның бабына...
Әкімін болса аюдай,
Түлігін қалар жайылмай...
Қара қылды қак жарып,
Бұзбаған сөзді пара жеп...
Орынбор мен Мәскеудің,
Базарындай жиылып...
Алты алаштын ішінде,
Жалғыз жүйрік басымым...
Қараса, ханнан көзі өткір,
Сөйлесе, жаннан сөзі өткір...
Дәулеттің төрі сол болар,
Арана бала берген сон...
Алатаудың көркі –
Төсінен аққан бұлағы.

Ағын судың сымбаты –
Жайқалып шыққан құрағы.
Өр киіктің көркі –
Ойнақтаған дағы.
Сұңқарды сұлу көрсеткен –
Қанатының кияғы.
Тұлпар жүйрік болмағы,
Құрыштай құйма тұяғы.
Бала деген – адамның
Койнынан шыққан шырағы...

Жоқтау өлеңдерден келтірілген үзінділер оларда салдарлы тарихи, танымдық мағына ғана емес, қазақ поэзиясына көрік қосарлық кесек-кесек тапқырлықтар да бар екенін байқатады. Бұл мұраның халық арасында ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жатталып жетуі өмір шындығына байланысты. Бізге бұл жанрдың дамуға, жалғасуға мүмкіндігі мол болып көрінеді. Кейінгіге қалдырған ғибраты бар жандар туралы айтылатын жоқтауда лириканың нәзік сыршылдығы мен эпикалық жырдың кең құлаштылығы бірлестік тауып, қайталанбас өзгеше өрнек құрайды, адам өмірінің субъективтік мезеттері мен объективтік шындықтың ұласуы жоқтауларды өміртану құралы етеді. Ислам тарихы мен мәдениеті ұғымдарының жоқтау өлеңдер кестесінен күрделі орын алуы адамзаттық құндылықтарды терендеп түсінуге жол ашады.

СЕГІЗ ЖҮЗ ЖЫЛ ЖАСАҒАН КҮЙ

2001-жылғы сәуір айының 24-күні Алматыда Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің концертіне жиылған қауым сирек оқиғаның куәсі болды. Даңқты музыка ұжымының бұл жолғы тамашасы осы оркестрдің негізін қалағандардың бірі, көрнекті күйші, Батыс Қазақстан ән-күйлерін бұдан жетпіс тоғыз жыл бұрын атақты этнограф, музыка зерттеуші А.В.Затаевичке тұңғыш рет жаздырған Камбар Ерғожаұлы Медетовтің туғанына 100 жыл толуына арналған еді. Сырттай қарағанда оркестрдің кезекті концерттерінің бірі секілді көрінгенімен, бұл күнгі тартылған күй, шырқалған ән К.Медетов аманат етіп қалдырған «таныс бейтаныс» репертуарға құрылған болатын. Мәселен, «Ақсақ құлан», «Боғда», «Нарату» секілді көне күйлер кенес дәуірінде оркестрде бірде-бір рет орындалмаған еді. Құрманғазы

атындағы оркестр қазақ күйлерін ғана емес, дүниежүзі компози-торларының шығармаларын шебер менгеріп, талай елді өнерімен тамсандырып келсе де, жоғарыда аталған бірегей туындыларды концерттік бағдарламасына қоса алмады. Мұндай жат көріністің себебі – халық өндері мен күйлерінің інжу-маржан үлгілерін алып келген дәулескер күйші Камбар Медетовтің 1937 жылы «ұлтшылдар ұйымымен байланысы болған» деген жаламен қуғын-сүргінге ұшырауына, 10 жылға сотталып, Сібірдің ит тұмсығы батпайтын тайгасына айдалып кетуіне байланысты. К.Медетов сол кеткеннен қайтып оралмады, оның қашан, қай жерде дүние салғанының да нақтылы дерегі жоқ.

Күйшінің ешқандай кінәсі жоқтығы анықталып, толық ақталғанына 40 жылдай уақыт өтсе де, оның қалдырған мұрасын зерттеуге, қазіргі қауымға таныстыруға көңіл бөлінбеді. Басқаларды былай қойғанда, Құрманғазы атындағы оркестрдің жетекшілері де, мәдениет министрлігінің басшылығы да өмірі нақақтан қиылып кеткен өнер қайраткерінің есімі мен еңбегін елге жария етуге зәредей әрекет еткен жоқ. Ал Қазақстанның тұтас бір аймағының музыкалық асыл мұрасын әлемге танытқан жанның саз өнері саласындағы өшпес қызметі А.В.Затаевич, А.Жұбанов, Е.Брусилловский сынды әйгілі өнер қайраткерлерінің кітаптарында биік бағаланғаны бұрыннан мәлім болатын. Сондай пікір, тұжырымдардың кейбіреулері мыналар: «Камбар Медетов қазақ халық музыка саласынан ұшан-теңіз мағлұматы бар жақсы өнші, үздік домбырашы» (А.В.Затаевич); «Камбардың вариантында – «Ақсақ құлан» әңгімесіндегі барлық ұзақ-ұзақ музыкалы моменттердің басын қосып, құрастырып, артығын алып тастап, қайталаған жерлерін жоқ қылып, бас-аяғы бүтін, ұзын бір симфония жасап шығарғанын көреміз. Біздің ойымызша, күйдің шығуы осы түрде болса керек...» (Құдайберген Жұбанов); «Мен ақсақ құлан туралы аңыздың сонша қарапайым әдіспен көңіл күйінді баурайтын әсеріне қайран қалдым» (Ромен Роллан); «Медетовтің домбыра тартуы басқа домбырашылардың бәрінен мүлде өзгеше тәрізді. Ол әлдебір айрықша тәсілмен тартады. Ішектің нақышты үні бірден-бірге қоюлана түсіп, ешбір сембей, күмбірлей шалқып естілгендей. Оның қолындағы домбырадан әлдебір қайталанбас гуіл, әсем күмбір әуен есіле күйылғандай сиқыр баурайды» (Е.Брусилловский); «Ол домбыра тартқанда біржолата беріліп бар ықыласымен кірісетін, қолы күшті, қаққанда домбыра-

ның «жанын шығарады», бірақ тактайды тарсылдатпайды. Ал сол қолы тіпті жүйрік, «Қарасайдың қуанышы» деген күйді тартқанда параллельді терциямен көз ілеспей жүретін. Қаншама топтан озған домбырашылар болса да, Құрманғазы атындағы оркестрге отыз төртінші жылы жиналғандардың бірде-бірі Камбардың аппликатурасын (саусақ басу тәртібін) ала алған жоқ» (Ахмет Жұбанов).

Музыкалық мұраны тануға, насихаттауға енжарлық пен неміс құрайдылықтың мысалын санасак, тауыса алмаспыз. Бұл тұста музыка, өнер мәдениетінің тағдырына жауапты жекелеген адамдарға кінә артудың пайдасы жоқ. Айыптының үлкені – ұлттық мәдениеттің, соның ішінде саз өнерінің дамуына мүдделі болмаған кеңестік дәуір саясаты деу дұрыс болар. Еліміздің тәуелсіздік алуы талай-талай жоғалған немесе ұмыт қалдырылған рухани құндылықтарымызбен қайта табысуға жол ашқанын ризалық сезіммен атап өтуіміз парыз. К.Медетовтің туғанына 100 жыл толуына байланысты Құрманғазы оркестрінің арнаулы концертінің қойылуы ұлттық дәстүрлерге, асыл мұраларға бет бұрудың жақсы нышандарының бірі. Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында «Күйші Камбар Медетовтің шығармашылық мұрасы және қазіргі заман кәсіби өнерінің мәселелері» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өтілуі де мәдени өміріміздегі кәделі оқиға. Бұл маңызды шаралардың жүзеге асуына халқымыздың қадірлі қаламгері, мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаевтің қамқорлығының шешуші маңызы болды.

Камбар Медетов – гимназияда оқыған, заң курстарын тәмәмдаған, қазақша, орысша сауатты зиялылардың бірі. Ол жиырмасыншы жылдарда және отызыншы жылдардың бас кезінде өзі туып-өскен Мартөк ауданында, облыс орталығы Ақтөбе қаласында халық соты, губерниялық соттың мүшесі болып қызмет істеген. Оның жасынан бойына дарыған домбырашылық өнері ерекше биік болатын. Ол музыкалық оқу орындарын бітірмесе де, әншілік пен күйшілікті «қасиет тұтқан» ортадан алған тағылымы ешбір консерваториядан кем емес еді. Осы өнер қонған әулеттен «Оралдан ән оздырған» әнші, композитор Мұхитты, оның әндерін бүгінгі буынға жеткізген Шынтас Қаратаевты, күйші Әлікейді, домбырашылар Махамбет және Науша Бөкейхановтарды, Лұқпан Мұхитовты, Камбардың өз әкесі – әнші, күйші Ерқожа Қарата-

евты атап көрсетуге болады. Мұның үстіне Қ.Медетовтің қайын жұрты Арынғазы хан әулетінде де саз өнерін пір тұтқан дарындылар мол еді. Қамбардың үлкен қайнатасы Үсен Арынғазиев халық мұрасын жетік білетін, жанынан күй шығаратын, өзі қалыптастырған орындаушылық мектебі бар композитор болған. Қ.Медетовтің балдызы Парау Хаджиева заманында әйелдер арасынан озық шыққан күйші еді. Осы және басқа қайраткерлердің өнері мен шығармашылығын жинақтаса, кішігірім бір музыкалық энциклопедияға жүк болғандай материал табылатыны кәміл.

Қамбар Медетовтің ата-бабадан бері жалғасып келе жатқан дәстүрден алған нәрінің қуаттылығы соншалық, ол халықтың саз мұрасын А.В.Затаевичке, Е.Брусилowskiйге, Б.Ерзаковичке жаздырумен шектелмей, 1934 жылы құрылған ұлт аспаптары оркестрінің ең беделді орындаушысы болды, ел ішіндегі өнерпаздарды іздеп табу жөнінде де қыруар еңбек сіңірді. Қ.Медетов тартқан «Ақсақ құлан» күйі әлемдік саз мәдениеті білгірлерінің бірі, ұлы француз жазушысы Ромен Ролланнан биік баға алған. Бұл қазақ сазгері ұлттық музыканың даңқын әлемдік деңгейге көтергенін көрсетеді. Таланты мен қажыр-қайратын халық музыкасын көркейтуге бағыштаған, өз кезеңінің ең қадірлі күйшісі — Қ.Медетов 1937 жылы қазақ филармониясын басқарып, дарын қуаты кемеліне келе бастаған шағында сталиндік қуғын-сүргіннің қанды шеңгеліне ілініп, мерт болғаны қазақ саз өнері үшін зор шығасы еді.

Үлкен лауазымды қызметтер атқармаған, мансап, билік қумаған өнер адамының мұншама сорақы жазаға душар болуының қаншалықты «занды» екенін ойлағанда екі мәселе ойымызға оралады. Біріншіден, отызыншы жылдардың орта тұсында «тап жауларын» іздеген аласапыран, алмағайып кезеңде арғы тегі Әбілқайыр, Арынғазы хан әулеті болып саналатын Қамбар Медетов ешбір қылмысы болмаса да «оққа байланып кетуге» дайын тұрған нысана еді. Халықтың санасынан дербес қазақ хандығы болған деген ұғымды мүлде өшіруді саясат етіп ұстанған патшалық Ресейдің, оның ізбасары кеңес өкіметінің аксүйек әулеттен шыққан қажырлы, намысты, ер мінезді адамды тірі қоймайтыны айдан анық еді.

Ал күйлер ше? Бұлар ескіліктің ермек әңгімесі емес, тарихи оқиғалар мен тағдырлардың жанды шежіресі, ерлік пен өрлікті еске түсіретін, отаншылдыққа, бірлікке тәрбиелейтін нәзік те

әсерлі құрал ғой. Осы тұрғыдан алғанда Қ.Медетов тартқан «Боғдалар», «Наратулар», «Ақсақ құландар» қазақ халқы жөнінде анық геноцидтік бағыт ұстанған кеңес өкіметіне қарсы айбарлы үн болып естілуі табиғи. Күйді де, күйшіні де жоқ қылу әрекетінің тасасында нақ осындай зұлым ойлар жатқанына күмәніміз жоқ. Батырлықты, мәрттікті, ертедегі асқак қаһармандарды мадақ ететін күйлер кеңес өкіметіне «жағымсыз» болып елестегені де шүбәсіз. Бір Қамбар Медетов емес, сол кездегі көптеген өнер санлақтарының өмірі қайырымсыз қаталдықпен жойылуы бұл айтқанымызды дәлелдесе керек. Қазақтың алғашқы ұлт оркестрінің тағы бір дүлдұл домбырашысы Махамбет Бөкейхановтың атылып кетуі де Қамбар тағдырымен сабақтас. Мұндай мысалды жалғастыра беруге болады. Арқада әсем әннің туын тіккен Үкілі Ыбырайдың, Мәдидің, күй корифейі Әбдінің бір ғана «кінәсі» елдің биік арман, үмітін саз тілімен толғай білгендігі еді ғой. Кеңес өкіметі ірге тіккен жиырмасыншы, отызыншы жылдарда Қазақстанның әр өңірінен нақақ айдалған, атылған, қорланған өнер қайраткерлерінің өкінішті тарихы әлі түгелденіп болған жоқ. Демек, Қамбар Медетов және сол секілді талантты өнер адамдарына жасалған зорлық күллі қазақ халқын жер бетінен жоқ қылуға бағытталған саясаттың құрамдас бөлегі. Басы жиырмасыншы жылдардан басталып, аяғы отыз жетінші жылмен аяқталған қуғын-сүргіннен кейін қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкасы өсуге емес, өшуге бет алғанын мәнгүрттенген біреулер болмаса, елдің көбі жақсы түсінсе керек. Бұл күнде радио, телевидение, сахнадан қазақ әндері мен күйлері тым аз орындалатын болуының түп себебі ұлт өнерпаздарын түрлі сылтаумен қырып-жойған арамза, еуроцентристік саясатта жатыр.

Қазақ күйлерінің биік шоқтығындай «Ақсақ құлан» үнін ғасырлар теренінен алып шығып, біздің заманымызға жеткізуі Қамбар Медетовтің теңдесі жоқ еңбегі болса, осы шығарманың сегіз ғасыр бойында жоғалмай келуінің де сыры бөлек болып көрінеді. Орындаушылардың жадында сақталған мұра түгіл, хатқа түскен жазба жәдігерліктердің мыңнан бір ғана уақыттың қатал сынына төтеп бере алатыны белгілі. Мәселен, күллі түркі халықтарының XI ғасырдағы ғылыми, көркем шығармашылығынан «Күтадғу білік» пен «Түркі тілдерінің сөздігі» ғана біздің заманымызға жеткенін білеміз. Сондай-ақ XII ғасыр жаратындыларынан Ахмет Йасауи мен Ахмет Йүгінекидің «Даналық кітабы» мен «Ақи-

кат сыйы» өзгеше маңыздылығымен мәңгілік рухани мұра болып қалды. Ал сонау XIII ғасырда Жошы хан құзырында тартылған «Ақсақ құланның» содан берідегі қилы-қилы, шытырман оқиғаларға толы сегіз ғасырда құрдымға түсіп кетпей, буыннан буынға, әулеттен әулетке ауысып келуінің құпиясы неде екен? «Құлаққа сіңген» ауызекі әңгіме мен біреуден біреу жаттап алып тартатын күйлердің ұмытылып кеткендері ұшан-теңіз екенін ойлағанда, сондай қатерден «Ақсақ құланды» аман алып қалған «ғажайыпқа» таңғалмасқа болмайды.

Жошыхан дәуірінен бергі жерде адамдар ғана емес, тұтас халықтардың басына мүлде құрып кету қаупі сан рет төнгені мәлім. Бас-аяғы екі жүз жылға созылған қазақ-қалмақ соғыстары салдарынан халқымыздың жартысынан көбі опат болғаны да қасіретті шындығымыз. Әр аймақтарда болып өткен жұт пен ашаршылық, жаугершілікті еске алсақ, халқымыздың «мың өліп, мың тірілгені» ақиқат болып естіледі. Ал қазақ халқының жартысын жалмап кеткен 1931 — 1932 жылдардағы ашаршылық тұсында да балапан басымен, тұрымтай тұсымен тоз-тозы шыққан ел өзінің рухани құндылықтарын сақтап қалғаны бір құдіреттің жебеуі сияктанады.

Зерттеушілер «Ақсақ құлан» күйінің тарихын Жошыханның баласын аң аулап жүргенде құлан теуіп өлтіргеніне, қайғылы да қаһарлы ханға бұл трагедияны домбыра күйімен естірткеніне байланыстырып баяндайды. Әлбетте, күйдің дүниеге келуіне себепкер түп оқиға осы екеніне шүбә келтіру қиын. Бірақ сол заманда сазгерлер шығарған неше алуан шығармалардың ішінен тек қана «Ақсақ құланның» мәңгілік күй болып қалуының сырын хан баласының қайғылы халде мерт болу оқиғасымен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Біздің ойымызша «Ақсақ құлан» Жошы әулеті үшін тек өлімді естірту, жоқтау міндетін атқарған күй емес, өмір мен өлім, пәни мен бақи, барлық пен жоктық, ұлылық пен қорлық қатар жүретінін толғаған күй болып саналған тәрізді. Бұл күйді басы Жошы болып, ханның айналасындағы домбыра тартатындар да орындап, естен кетпес қайғының шерін бір мезгіл осы күйді тартумен шығарған болуы мүмкін. Ақырында бұл дәстүр Жошыдан тараған төре тұқымына ортақ, әулеттік саз-толғау болып қалыптасқан. Біз журналшы Тілекқабыл Боранғалиұлының «Егемен Қазақстанда» (21.04.2001) жарияланған мақаласында осындай ойдың ұшқынын көрдік және осы болжамның дұрыстығына қосы

ламыз. «Ақсақ құлан» анызынан: әлемнің бәрін билесең де ақырында өлім тұзағына ілінесің; қанша тасысаң да бір кездерде төгілесің; өлмес өмір жоқ, тағдыр үкіміне дауа жоқ; бұл жалғанның қызығын қанша қусаң да жете алмайсың; сондықтан тағдырдың жазғанына бағынғаннан басқа шара жоқ; осы заңдылық барлық адам баласына ортақ; бұрын да, қазір де осылай болған; сондықтан басыңа түскен қасіретке шыдамды, сабырлы бол; пешенені жазғанды көрмей, көрге түспейсің... деген рәуішті сарындар бебеу қаққандай болады. Дүниені уысында ұстап тұрамын деген Шыңғыстардың, Жошылардың басына түскен хал кез келген адамның тағдыр, өлім алдында дәрменсіз екенін мәңгілікке паш еткендей. «Ақсақ құлан» — қазақ халқының жаһандық саз мәдениетіне қосқан көркем асқақ ескерткіші. Ол — халқымыздың тарихындағы теңдесі жоқ күй күмбезі. Бұл айтылғандар көркем шығармаға жеке адам басынан кешкен оқиғаларды жалпы адамзатқа ортақ мәңгілік шындықтармен ұластырғанда ғана өлмейтін рухани мүлікке айналатынын сипаттайды.

АЙТЫС ӘЛЕМІ

I

Соңғы жылдарда қазақ көркемсөз өнерінің ғажайып саласы — ақындар айтысы дәстүрінің жанданып келе жатқанын көріп жүрміз. Жаз айларында өтетін малшылар тойында үлкенді-кішілі айтыс болмайтын кез сирек. Облыстық, аудандық газет беттерінде сол айтыстар жиі басылып тұрады. Мұның бәрі төкпе ақындықтың теңдесі жоқ мектебі әрі халықтың таптырмайтын сауығы болып табылатын осынау өнердің көркеюге ыңғайы бар екендігін көрсетеді.

Жақында Күрті ауданының орталығы Ақши селосында Алматы облысы ақындарының айтысы болып, оған жиырма алты ақын қатысты. Айтысушылардың дарын деңгейі, тәжірибесі, әзірлігі әртүрлі дәрежеде көрінгенімен, негізгі мәселе — төкпе ақындықтың бұдан былай да дамуға мүмкіндігі мол екендігі тағы да бір дәлелденгендей болды.

Әсіресе он жеті жастағы Райхан Нәкиеваның тапқыр сөздері нағыз айтыс ақынының алғырлығын танытып еді. Райхан айтыс кезегінің бәрінде де өленді табанда жанынан шығарды және әрбір сөзін ұтымды, өткір жеткізе білді, әріптестерінің ауданында орын алған кемшіліктерді тапжылтпайтын деректермен дәл басып айтты. Жиналған жұрт, соның ішінде мәдениет, өнер қайраткерлері қазақтың айтыс өнері аспанында жаңа бір дарынның көрінгеніне анық көз жеткізгендей еді. Жазба мәдениетіміз біржола қалыптасқан ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарында мұншама төкпе ақындық салты сақталуы сүйсінерлік құбылыс. Осы фактінің өзі-ақ бұдан бір ғасыр бұрын Жетісуда Сара сынды айтыс бұлбұлының өмір кешкенін дәлелдейтін жанды мысал.

Ал жуықта ғана Қазақ мемлекеттік университетінің студенттері арасында ақындық айтыс өткені газеттерде хабарланды. Бұл оқиға да айтыс дәстүрінің өміршең екендігін тағы да еске салып отыр. Мұның өзі айтысты тек колхоз, совхоз, аудан орталықтарында ғана емес, жоғары оқу орындарында да өткізіп тұруға болатынын аңғартты.

Айтыстың осылайша жаңа серпін байқатуы бұл жанрдың өзіне тән дәстүрлері мен тарихына да көңіл аударуды қажет етеді. Дәстүрге сүйенген жанашылдық қана өскелең болатынын ескерсек, айтыстың түрлері, өтілу жолдары, төкпе, ақындықтың әсерлілігі секілді маңызды мәселелер арнайы сөз етуге тұрарлық.

Осы мақсатты ойлай отырып, біз өзіміз көрген, бұдан бірталай жыл бұрын Қазақстанның көп жерлерінде жаппай орын тепкен кішігірім айтыстардың тәжірибесін еске түсіре кетуді жөн көрдік.

Айтыстың кең тараған, өте қызғылықты бір түрі — жігіт пен қыз айтысы болатын. Біз кезінде осы жүйедегі ондаған айтыстарды есіттік, өзіміз де араластық. Сол қайталанбас думан өнер кештерінің жалпы ел үшін бірнеше қымбат сипаты бар еді...

Ең алдымен қыз бен жігіт айтысы — пәлендей үлкен әзірлікті керек етпейтін, кез келген қуанышты жиын, тойда өте беретін сөз сайысының көпшілік түрі. Мұндай айтысқа өлеңге ебі бар адамның бәрі де қатыса алады. Кейде жаттанды, құрама өлендер аралас келе тұрса да, сөз тартыстары нағыз ақындыққа бастама, саты, машық қызметін атқарады, осылай жаттыға келе әріптестер сөзді қадірлеуді, талғауды үйренеді, табиғи қабілетін ашады.

Екі жігіт пен екі қыз жұптаса қосылып айтқан айтыс өлең қандай мәжілістің де сәнін кіргізетін. Өзара сыпайы таныстық-

тан басталған өлең бірте-бірте өрби келіп, көп жайларды қозғауға ұласатын. Осындай кезектесе айтылатын бір-бір ауыз өленнің өзі сырласуға да, сыйласуға да, қактығысуға да жарайтын.

Мұндайда айтысушылардың тілеулестері, серіктері болады. Солар қыз немесе жігіт жағы сөзден тосылып, өлені таусылып бара жатса, білгендерін үйретіп, айтыстың созыла беруіне, өз жақтастарының жеңуіне жәрдемдеседі. Жігіт пен қыз айтысқанда үйреніп алған немесе жартылай жаттанды өленді айту ерсі саналмайды. Мақсат — қарсылас әріптестен сөзден жығылмай, қалайда ұту болғандықтан, өленді «қайдан алғанына» мән берілмейді. Мұның өзі қыз бен жігіт айтысында әріптестердің өз қабілеттері көрінумен қатар «ұжымшылық» сипат басым болатындығын байқатады. Кейде айтысушы жұптың біреулерін ауыстырып, оның орнына өленді одан гөрі тәуірірек білетін біреуді отырғызу да болып жатады. Сондықтан қыз бен жігіт айтысында нағыз фольклорлық сипат неғұрлым анық танылатын.

Мұндай ортала өлең білетін адам бейтарап отыра алмайды, ол не өзі айтысқа қатысады, не білетін тілеулестеріне үйретеді. Көңілдегі жақсы сөз, әдемі теңеу, ұтқыр үйлесімнің бәрі де айтыс үстінде ақтарылуы шарт. Өйткені әріптес қыздың яки жігіттің өлеңші, өнерлі, тіпті ақын аталып кетуі айтыста жарқырап көрінуіне тікелей байланысты.

Ал қыз бен жігіт айтысының да тапқырлық өрісі өзге айтыстар секілді мейлінше кең. Мұнда өмір мен адам мінезіндегі жақсылық пен жамандық атаулы тізіліп, елдің сынына түседі. Міне, дәл осындай айтыс түрін жастар жиналған көпшілік жерлерде қайта жандандыруға әбден болатын секілді. Әсіресе мұндай айтыстың ақындық өнерге жетілдірерлік ерекше пайдасын ұмытпаған жөн.

Қыз бен жігіт айтысының тағы бір қызғылықты жағы — әнінде, әуенінде болса керек. Әдетте әріптестер дауысқа жайлы, ұзақ айтыста шаршатпайтын, аса биік те емес, терме сазындай шапшаң да емес, қоңыр әуенді әндерді қалайды. Кезектесе ұзақ айтысқанда мұндай әуен дауысты қарлықтырмайды.

Оңтүстік Қазақстан облысында, Қаратау өңірінде бір үйде бірнеше жұп әріптес айтысы «қатар» өте беретін. Бір мезгілде үш, төрт жерден көтерілген ән қазіргі операның өз ариясын түрлі дауыспен айтып тұратын әншілерін еске салатын. Бірақ тындаушы жұрт та, әріптестер де мұндайда көп әннің бәріне бірдей емес, өзі жанкүйер болып отырған өлеңшінің әуеніне ерекше зейін са-

лады; бір сөзді де қағыс жібермей, әрі тындап, әрі бағалайды. Әрине, айтысқа түскеннің бәрі шетінен дүлдүл ақын, жезтаңдай әнші емес. Сондықтан да көпшілік тамашалаушылар кімнің сөзі дәмді, әні нақышты болса, соның маңына көбірек жиналады.

Әр жерден қатарласа шығып, үйді кернеп кететін айтыс қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Қайсыбір кезде айтыс бірнеше сағатқа, кейде таң ағарып атып, күн көтерілгенше созылады.

Ел ішінде түрлі тойларда айтылатын осындай өндер магнитофонға, грампластинкаға жазылмаған, музыкашылар назарына ілінбеген. Сол себептен де бұл өндер радиодан да, сахнадан да айтылмай жүр. Қайым айтыстарға таптырмайтын мұндай сәнді өндерді елемей, ұмыт қалдыру обал-ақ. Халықтық музыкамыздың осынау бір бай тармағын қалайда ескеру керек.

Айтыс өндерін бүкіл ел білетін, бірақ олардың шығарушысы белгісіз болып қала беретін. Осыған қарағанда сол өндердің өңделіп шығуына жергілікті дарын иелерінің үлесі көп. Бұл да жалпы айтыс жанрының табиғаты фольклорлық екенін сипаттайтын дәлелдің бірі.

Айтыстың көнермес көркі мен тамам жұртты тамсандыра-лық бірегей қасиеті көп. Солардың ішінде ерекше ұшырайтын сирек үйлесім — сөз бен саздың бірігуі, көңіл күйінің, үміт пен арманның, өкініш пен күдіктің тыңдаушы әрі төреші көпшіліктің талғамына тұрарлықтай болып табан астында әрі тосын, әрі қызықты айтылуы. Болашақта айтыстың әрбір саласы, соның ішінде қыз бен жігіт айтысы дамып кетерліктей болса, оның сөзіне ғана емес, әніне де мән берілгені жөн. Көптен бері танылмай, жинақталмай келген айтыс өндері сонда өз «орнына» түсіп, сөз сайысын ажарландыра түсер еді...

Ақырында айтыстың өте үлкен тамашалық мәнін ескерткіміз келеді. Айтыс кезінде, қанша тыңдаушы болса да, бірде-бір адам бейтарап, селқос қала алмайды. Әріптестердің әрбір ұтымды уәжі, қызық тенеуі немесе өткір сыны, нысанаға дөп тиген сөз көпшіліктен дер кезінде әділ бағасын алып жатады. Елдің ентелеп, ықылас білдіріп, ризалық сезімін ашық дауыспен айтып отыруы, қандай әріптестің қай сөзі қаншалық құнды екенін қапысыз өлшейтін әділ таразы. Сөйтіп жиналған жұрт айтыс кезінде үлкен өнер жарысын көріп, эстетикалық ләззат алып қана қоймайды, сөз сайысының «үкімін» де жасаушы болады. Айтысушы әріптестер де өз өнері табанда ел назарына түсетінін біліп, мұндайда ба-рын аяп қалмайды. Демек ақын мен тыңдаушының іштей шығар-

машылық байланысы бұл жанрдың халықтық сипатын тағы да дәлелдейді.

Кейде жастардың өлең сайысы күтпеген жерден, жұрт сұрауы бойынша басталып кететіні болады. Мұның өзі айтыс халықтың ежелден ерекше сүйген қадірлі тамашасы болып қалыптасқанын көрсетеді. Міне, сол күштарлық қазір де суымағаны сезіледі. Біз ілгеріде атап өткен Алматы облысының ақындар айтысында дәл осындай көрініс болған еді. Ақши селосының орталық клубына айтысты естігісі келетіндер сыймай, көп адам неше сағат бойы түрегеп тұрды. Сонда да ешкімнің ажарынан шаршағандық белгі білінген жоқ.

Бір өзінде бірнеше өнердің — ақындық, әншілік, әртістік, музыкашылық, т.б. өнердің қасиеттері қосылған айтыстың кейбір қызықты қырлары осындай. Біз айтыс түрлерінің бір тармағына ғана тоқталып, қысқаша сипаттап өттік. Осының өзінен де оның көнермес келбеті мен мейлінше соны, өмір сырларын ашудың бір құралы, ақындықты ұштау жарысы, халыққа қуаныш, серпіліс әкелетін тамаша екендігі танылар деп сенеміз.

Әрбір елдің өзгелерде кездесе бермейтін өзіндік ерекшеліктері болады. Сол ерекшеліктер оның отандық немесе әлемдік мәдениетке қосатын өзіндік үлесі, нақышы секілді. Мәселен, Кеңестік Балтық бойы республикаларында сан мың адам қосылып өлең айтатын өн мейрамдары өткізіліп тұрады. Бұл бір ғажайып — сол республикалар халқының мәдени даму тарихына сәйкес қалыптасқан дәстүр.

Сондай-ақ *қазақтың айтыс өнері де өзінің көп қырлы көркімен ұлттық рухани байлығымыз*, мақтан тұтып айтуға татырлық қызығымыз деп бағалауға лайық. Ендеше айтыстың мол мүмкіндігін кеңінен жарыққа шығарып, ежелгі дәстүрді дамыту, елдің аңсап күтетін өнер мерекесіне айналдыру жолын іздестірген абзал. Айтыстың бітімі, жанрлық ерекшелігі, барынша халықтық сипаты, заман талабын өтеуге икемділігі — мұның бәрі оны қадір тұту, көркейту ортақ міндетіміз екенін таныта түседі.

II

Жұртшылықтың көптен күткен оқиғасы — республикалық ақындар айтысы болып өтті. М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының кең залын кернеген халық

үш күн бойы көркемсөз жарысын — ақындар айтысын тамашалады. Айтысқа түскен отыз ақынның, жетпістен астам жыршы, термеші, әнші, күйші, бишінің өнерін байқау үлкен мәдени мерекеге айналды десек, артық айтылғандық емес. Жүздеген көрерменнің назарын өзінен бір сәт аудармай, сикырдай баурап алған, өнер қуанышына кенелткен ғажайып әсіресе ақындар айтысы болды.

Сөз болып отырған ақындар айтысының бір сүйкімді ерекшелігін атап өту ләзім. Бұдан бұрын окта-текте өткізіліп келген айтыстарда әріптестер кей жағдайда күні бұрын әзірлеп, қағазға жазып алғанына қарап айтыл келсе, осы жолы ондай әдет бой көрсеткен жоқ. Мүмкін, жазып алғанын жаттап айтушылық нышаны аздап орны тепкен де шығар, бірақ көп жағдайда ондайдың ізі де білінбей, ақындар сөзі төкпе шығармадай әсер қалдырды. Мұның өзі айтыстың ежелгі қымбат дәстүріне бір табан жақындай түскендік деген сөз.

Айтыс тақырыбының кеңейгендігі, ақындардың сөз кезегінде тек өндірістік фактілерді тізумен шектелмей, үлкен әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтеруі - бұл жолғы айтыстың құлашы мен мүмкіндігі анағұрлым артқанын дәлелдейтін көріністің бірі. Бірсыпыра ақындар дәуіріміздің таңғажайып табыстарын зор қуатпен көкке көтере мадақтай отырып, әлі де толық шешімін тауып болмаған, жұртшылықтың көкейіндегі ірі сауалдарды, бірталай жанды проблеманы күн тәртібіне қоя білді.

Қызылордалық ақын Манап Көкенов Алматы облысының атынан сөз сайысына шыққан әріптесі Надежда Лушниковаға әзіл-шыны аралас бірталай мәселе бойынша кінә арта сөйледі; ол Алматы қаласында қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсаринге, жалынды күрескер Ғани Мұратбаевқа бұл күнге дейін ескерткіш тұрғызылмағанын, жастар тәрбиесіндегі нұқсандарды, Алатау бөктеріндегі сұлу жерлерде курорт, демалыс үйлерінің аздығын мін ретінде тізіп айтты.

Сондай-ақ Маңғыстау облысының ақыны Қожабеков Тілеумұрат айтыс кезінде Гурьев облысының шаруашылық, мәдениет саласындағы түрлі кемшіліктерін бұлтартпайтын дәлелмен шебер шеней білді. Павлодарлық ақын Мұқсихан Заитов қарағандылық әріптесіне асқан күйші, халық композиторы Тәттімбет мұрасына иеліктеріңіз қарын аштырады дегендей аңғар білдірді. Ал ақын Шәкеев Көкен (Көкшетау облысы) Солтүстік Қазак-

станның астық өндіру жоспарын орындай алмаған кейбір шаруашылықтарының мінін тізіп берді, кейбір мекеме басшыларының қауымдық меншікке жаны ашымайтынын таңбалады...

Айтыс ақындарының қатарына дарынды, қабілетті жастардың қосылуы атап көрсетерлік табыс. Бұрыннан аты мәлім Шолпан Қыдырғиязова (Орал облысы) өзінің алғырлығын бұл жолы жарқыратып таныта білді; Жұмаш Оспанбекова (Талдықорған облысы), Уәли Исақов, Тұрсыннай Оразбаева, Камал Ендібаев (Шымкент облысы), Аяз Бетбаев (Жамбыл облысы), Райхан Нәкеева, Айтуған Шәйімов (Алматы облысы), Тұрсынхан Әділханова (Семей облысы), тағы басқалар желілі сөз сайыстарына мүмкіндіктері мол екендігін көрсетті. Отты сын, тапқыр теңеме, тілге жүйріктік Мүтәліп Қыраубаев, Қалдыбек Әлікұлов секілді егде ақындар өлеңінен де кездесіп отырды. Төкпе өлеңнің үйлесім-үлгілері көкшетаулық Көкен Шәкеев пен семейлік Қалихан Алтынбаев сөздерінде де әсем, айшықты өрнектелді.

Ақындар айтысының жүлдегерлерін анықтағанда есепке алынған шарттарды да еске салып өту артық болмас. Төкпе өлеңге, әріптесіне табанда сауал қоюға немесе кідірмей жауап айтуға икемділік ең маңызды белгі деп қаралды. Сонымен қатар айтушыларға басқа да түрлі талаптар қойылды. *Ақын сөзінің өткірлігі мен батылдығы ғана мәселенің тағдырын шеше бермейтіндігі, сын сынампаздыққа айналмауы қажеттігі, қарсы жақтың кемшілігін айтқанда әділдік таразысынан ауытқып кетпеушілік, ұнамды фактілерді де есепке алушылық, сөз сайысының әдептілігі, өлеңді жара-сымды сазбен айтушылық, оның тыңдаушы құлағына жағымдылығы, әріптестердің әртістік мәнері, ұтымды сөзге қонақ беруі, түйінді пікірге тоқтамдылығы, тыңдаушы жұртшылықтың қабылдау дәрежесі де есепке алынды.* Мәселен, ақын М.Көкеновтің сөздерінде табыс пен кемісті айту жанды, өткірлігінің үстіне көкейге қонымды шыққанын ешкім де бекер дей алмас. Сол секілді Ш.Қыдырғиязованың актөбелік Елеусіз Кененбаевпен айтысын әрі салмақты, әрі әдепті айтыстың үлгісі деп қарауға болады. Сөзі орнықты болғанымен, сазы келіспеген, немесе бірыңғай мін тағып, қаралауға құрылған айтыстар жұрт көңілінен шыға бермейтіні де аңғарылды.

Бұл жолғы айтыс ұлы ақын Жамбыл Жабаев бастаған аса көрнекті халық өнерпаздары қатысқан 1943 жылғы айтыстан кейінгі ресми екінші сөз сайысы болды. Бір кезде ұмытылыңқырап қа-

лып, кейінгі жиырма шакты жылдың ішінде қайта жандана бастаған бұл дәстүрдің тәжірибесі толық талданып, зерттеліп болған жоқ. Бүгінгі айтыстардың ежелгі айтыстарға ұқсайтын да, ұқсамайтын да жерлері бар. Айтысты өзірлеудің, өткізудің, бағалаудың барлық талаптары мен шарттары екшеліп, қалыптасып болды деп те айта алмаймыз. Сол үшін республикалық екінші айтыстың барысында ойымызға оралған, алдағы кезде керегі бар-ау деген кейбір пікірлерімізді кеңесу ретінде ортаға салғымыз келеді.

Ілгеріде атап өткеніміздей, республикалық айтысқа төкпе акындармен қатар көптеген жыршы, термеші, күйші, әншілер де қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Әрбір жұп акын айтысының ара-арасында бірнеше жеке орындаушылар сахнаға шығып отырды. Акындар айтысы өзінің «классикалық» формасына түсіп, әбден кемелдену кезеңіне шыққанға дейін мұндай жиындарға жыршы, күйшілерді де араластыра қатыстырудың ерсілігі болмайтын секілді. Бірақ акындар айтысы концерттік сипат алып кетпеуін де ескерген жөн.

Әрбір жұп айтысушыға берілген жарты сағат уақытты аз деушілер де болды. Анық үлкен, тәжірибелі акындарға отыз минут мерзім кең көсілуге, сөз маржанын еркін төгуге мүрша бермейтіні рас. Дегенмен уақытты мөлшерлі кесіп берудің пайдалы жағы да көп. Бұл акындарды шапшаң ойлауға, көңілдегісін ықшам, тартымды білдіруге, жалпыламалықтан арылтуға ұтқыр амал деп қарау керек. Тіпті кейде айтысатын уақытты бұдан да гөрі шектеп, акындарды жаттықтырса әбестігі жоқ. Өйтпеген күнде кейбір өлсіз акындарды күні бұрын өзірлеп, жаттап алған мәтін желісінен бұрып әкету қиын. Қазіргі айтыста бірыңғай фактілер тізіп, санамамен айналысатын «құрғақ жүріс» кейде осындай уақыт кеңдіктен туады. Ал мұндай ырғаққа үйреніп алған акын жуығырақта төте, нақты сөзге келе алмайтын болып дағдыланады. Бұндай тәжірибе тіпті дарынды акындарға да пайда бермейді. Бір ғана мысал. Республикалық айтыста шымкенттік белгілі акын Қалдыбек Әлікұлов әлгіндей орағытпа, кіріспе сөзге көбірек кідіріп қалып, анық дарын байқалатын жерге келгенде уақыт жеткізе алмай, қапыда қалғандай болды. Мұндай жағдай өзге акындар ба-сында да кездесті.

Айтыс бір-біріне қиылыспайтын екі дариядай өз ағынымен кете бермеуі керек. Әріптестің сұрау, сын, уәж сөзіне дер кезінде жауап беру, сөзге сөз қайтару шарт. Әйтеуір ұйқасқан өленнің

көптігі дәтке қуат емес, аз да болса нысанаға дәл тиіп отырғаны абзал. Кейбір акындар әріптестің қойған сұрағына, көрсеткен мініне орынды жауап бере алмай, жалтарып кеткенін, алдын ала өзірлеген ойларын ғана қалайда түгел айтып шығуды көздегенін тындаушы көпшілік дәрменсіздік белгісі деп түсінетінін ашып айтуымыз керек.

Бір қуанышты жері — табанда төгіп айтатын, әріптестің уәжіне ұтымды жауап қайтара білетін акындар тобының көрінуі. Мұндай сипат шығысқазақстандық Сара Токтарбаеваның сөз кестесінен еркін сезілді. Ешкіөлмес ауылының ешкімге «өлең сөзге дес берместен» келе жатқан акын қызы Жұмаш Оспанбекова, шардаралық Камал Ендібаев, өсіресе қырғи тілді Райхан Нәкеева мен Уәли Исақов дәл осындай өнерімен жұртшылыққа жақсы әсер етті. Кейде ұйқас өлшемінде кедір-бұдыры кездесіп отырса да, өленді табан астында шығаратындар сөзі жаттамалы сұлу өлеңнен анағұрлым жаңды естілді.

Акындар айтысының әні, сазы қандай болуы керек деген де мәнсіз мәселе емес. Айтысқа жаттамалы терменін шапшаң сазы да, әрбір шумақ сайын қайырмасы келтірілетін биік әннің әуені де қолайлы келмейтіні, ойды еркін жиып айтуға мүмкіндік беретін, айтыс мазмұнын көлегейлеп кетпейтін қоныр әуен оңтайлы екені мәлім болды. Бұған мысалға акындар Шолпан мен Жұмаштың өндері өздерінің айтуына да, тындаушыларға да жайлы болғанын ескертсек те жеткілікті.

Айтыс өлеңінің көркемдігіне, бейнелілігіне жете көңіл бөлу қажеттігі анық. Қазіргі кезде тек өндірістік үрдістерді, озаттар тізбегін айтып шығу тіпті аздық етеді. Ендігі жерде акындарымыз цифрді ғана емес, соның мәнін талдап үйренуі ләзім. Айтыс шығармаларын тек тамашалық фактор деп қарамай, поэзия мүлкіне айналдыру түпкілікті міндеттің бірі болып қала береді. Республикалық айтыста бірінші дәрежелі диплом алған Манап Көкенов, Шолпан Қыдырниязова, екінші дәрежелі дипломмен ардақталған Көкен Шәкеев, Калихан Алтынбаев, Қалдыбек Әлікұлов, Надежда Лушникова, жүлделі орынға ие болған өзге де акындар өлендерінде айшықты, нақышты кестелер мен бейнелер ұшырасқанын көруші, тындаушы жұрт сүйсіне аңғарды.

Күрделі мәселенің бірі — айтысқа өзірлік пен әріптестерді іріктеудің принциптері. Акындардың болашақ сөз сайысына күнілгері ұқыпты дайындалуы, өзіне ұтымды, әріптесіне «тиімсіз»

жағдайлар мен фактілерді, сөз кестелерін сұрыптауы, іштей ұзақ шығармашылық толғаққа түсуі табиғи іс. Төкпе ақындыққа тау-дай тірек болатын да осындай әзірлік қой. Бұл, әрине, күнілгері әрбір кезекте айтылатын өлеңді жаттап, соның ізінен көз жазбай отыру деген сөз емес. Әлгіндей әзірлік ақынның кез келген сәтте еркін көсілуіне қажет қосалқы материал ретінде ғана қаралуы керек. Әдетте айтыстың барысы екінші бірінде-ақ күтпеген арнаға түсіп кетеді. Оған ешкім де алдын-ала схема сызып бере алмайды. Ал схемаға байланып қалған айтыс айтыс та болмайды. Жаттап келгенін ғана сыпыртып шығатындар, кенет сұрақтар мен жағдайларға сарт еткізіп жауап таба алмайтындар халі мүшкіл.

Кейде айтыс ақындарын еріксіз жасандылыққа, жаттандылыққа итермелейтін себептер болатынын аңғардық. Тәжірибелі, дарынды ақынға қарсы әріптес етіп әлжуаз өлеңшіні отырғызу қисынсыз. Мұндай жағдайда әлсіз ақын өзінше «намысқа тырысып» сөз таба алмай қалмады демесін деп, күні бұрын жаттап алғанын төпей беруі мүмкін. Сондықтан да әріптес етіп бір-біріне тең ақындарды тандау керек.

Қазіргі кезде айтысатын ақындар бір-бірінің облысын, ауданын аралап, танысып отыратын ұнамды салт бар. Айтыстың нақтылы, қызықты өтуіне бұндай өзара таныстық жақсы жағдай тудырады. Бірақ мұның да кейбір ескерерлік жағы жоқ емес. Қайсыбір жолдастар, ақындар қай облыстың өкілімен сайысатынын білсе де, әріптестің кім екенін айтысқа дейін жыға танымағаны дұрыс деп есептейді. Бұл әріптестердің бір-бірімен алдын ала пікір алмасып, «бітім» жасасып қоймауы үшін қажет шарт болар еді.

Айтысты әзірлеудің, өткізудің формалары да түрлене бермек. Түбінде бірыңғай ақындар айтысын ғана жеке-дара ұйымдастыруға да тура келер. Кейде көп ақынның емес, екі әріптестің ғана сөз сайысын емін-еркін тындайтын мүмкіндік те жасалар...

Ал ақындар айтысының жеңімпазын анықтау шарттарын да жетілдіру керек болады. Республикалық ақындар айтысында ресми түрде бірінші орында аталмады дегені болмаса, екінші, үшінші қатарда жүргендердің де кейбіреулері озғандармен үзеңгілес келіп отырды. Сол үшін нағыз жүйрікті екшеу мақсатымен алдағы айтыстарда әріптестердің сөз сайысын бір емес, екі-үш турға дейін байқап көру орынды болар дейміз. Бір әріптестен ғана басым түсуі республикалық айтыстың біріншілігін алып беруге жеткілікті бола қояр ма екен?

Республикалық ақындар айтысының материалдары тегіс камтылып, тиісті суреттерімен, түсініктемесімен үлкен кітап болып басылып шығатындығына сенеміз. Айтыстың тақырыптық аумағы, мазмұндылығы, көркемдік ерекшелігі туралы кең талдауларды сол материалдарға сүйеніп қана айтуға болады. Ақындық айтысына қазылық еткен жюри төрағасы ақын-ғалым Ә.Тәжібаевтың аузымен айтылған ұсыныс-тілектер де тындаушыларға өте орынды көрінді. Әсіресе аудандық айтысты жыл сайын, облыс көлеміндегі айтыстарды екі жылда бір рет, республикалық айтысты бес жылда бір кезек өткізу туралы ұсынысты көрермендер ризалықпен қостады. Кейбір мамандар республикалық айтысты әрбір үш жылда бір рет өткізу дұрысырақ дегенді дәлелдеп айтты. Қазақстан Жазушылар одағында ауыз әдебиеті секциясы, «Жазушы» баспасында халық ақындары шығармашылығы редакциясы ашылуы қажеттігі туралы көптен бері айтылып келе жатқан пікір тағы да тұжырымдалды. Ауыз әдебиеті шығармаларын жүйелі жариялап тұратын, жанр мәселелерін талдайтын арнаулы журнал керектігі де республикалық айтыстың қорытынды мәжілісінде атап көрсетілді. Біз осы мәселелердің барлығы да тиісті орындардың арнаулы шешімдерінде, айтыс қорытындысын талдап, бағалаған құжаттарында көрініс табар деп ойлаймыз...

Республикалық ақындар айтысы халқымыздың көркемсөзге дарқандығын, төкпе ақындық, жыршылық, күйшілік, әншілік, термешілік өнердің әр саласында сап түзеп келе жатқан сан алуан дарын иелері бар екендігін танытты.

III

Ақындар айтысының жұртшылыққа аса сүйікті болуының бірқанша себептері бар. Қоғамдық өмірдің де, жеке адам тағдырларының да алуан түрлі сырлары мен сырқаттары терең ашылуы, әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен қалтарыстары кең камтылуы, халықтың көркемсөзден, ұтымды ойлардан эстетикалық ләззат алуы — міне, мұның бәрі айтыстың әсері кемімес, қызығы солғындамас қырлары болып табылады. Сонда да бұл жанрдың ең басты да жақсы сипаты — сөз өнеріне жетілдіретін теңдесі жоқ мектеп болуында. Ақындар айтыс кезінде белгілі дәлелмен ғана айтпайды, айтылмақ фактілерді шебер де шешен қиюластырып

беру арқылы ғана өз өнерінің әріптесінен басымдығын таныта алады. Сондықтан да *айтыс атаудының ажары, көнермес көркі тосыннан табылған теңеулерінде, бояулы, бедерлі бейнелерінде, ұрымтал тұсты дер кезінде танып, батыл да батым тұжырым жасай алатындығында.*

Бұған ақындар айтысынан көптеген мысал келтіруге болады. Әдетте ру мен рудың атынан сөйлейтін ақындар өз елінің байлығын, атақты адамдарын мадақ етіп, қарсысындағы елдің кем-кектігін, халық ұғымында ерсілік саналатын міндерін сынға алады. Міне, осындай алма-кезек сөз сайыстарында қоғамдық өмірдің әншейінде көзге түспейтін құпия қатпарлары жария болып, жұртшылықтың талқысына түседі. Бірақ ондай сын ақындық тілмен өткір, әсерлі берілмесе, жұртшылықтың қолдауын таба алмайды. Осы себептен де айтыстың жалпы бағдарын қалт жібермей бақылап отырған халайық әріптестердің қайсысының ақындық шалымы көбірек екенін ерекше есепке алады. Өздерінің ықыласы мен қолдауын да соларға арнайды.

Осындай мысалды белгілі ақындар Кеншімбаи мен Айсұлудың айтысынан да аңғарар едік. Екі рулы елдің — жаппас пен жағалбайлының өкілі болып сөйлеген Кеншімбаи мен Айсұлу өз елдерінің байлығын да, көзге түсер жақсылығын да еркін төгіп айтады. Әріптестердің сөз кезектерінен революциядан бұрынғы қазақ ауылының алуан шындығы елес береді. Бұл айтыста екі рудың да атқамінерлері, билеушілері, байлары көбірек мадақталады. Айтыс дәстүрінде бұлай болуы ерсі емес, барынша табиғи нәрсе. Кейде әріптестер азғантай нәрсені өзін әсірелеп, қалайда қарсыласын жеңу үшін зорайтып айтады. Осындай кезде әл-гіндей мақтанудың қаншалықты шындыққа сәйкес екенін, артығы мен кемін қарсыдағы ақын ашып айтуға тиіс. Сонда ғана шындық толық болмақ.

Кеншімбаи ақын бір кезекте: «Үйлер бар Мырқы салған өз күшімен, Ақмешіт — Перовскі қаласында», — деп жаппас руының ең атақты байын мақтаныш ете сөйлейді. Бұдан кейін ол өз өлкесінің тағы да бірнеше белгілі адамдарын үлгілі жандар санатында сипаттайды. Ақын сол байлардың мал басының молдығын, жайлауының кеңдігін, салдырған үйлерін, түзеген салтанатын тізіп өтеді. Ал айтысушы әріптес ақын Айсұлу өзінің сөз кезегінде бұл айтылған адамдардың нәрсіздігін нақтылы мысал келтіре отырып шенейді:

Жаппасым, мактай берме Мырқынызды,
Алдымен Мырқы бұзар шырқынызды:
Байлықпен бар адамын әлек қылып,
Неше жыл бүлдірген жұртыңызды.
Етпейді бір-біріне ешбір рахым,
Аударып арамдыққа құлқынызды.
Нүреке, Жүсіпбек пен Әлім болыс,
Сүгір мен Батырбайды ұстап берген
Ары жоқ адамдықтан — зәлім болыс.
Мактама Нүрекедей дән жігітті,
Мактайсың қайдағы бір кем жігітті.
Жарастың болыс қойдың Нүрекесін,
Әкім ғып Нүрекені түр екенсін.
Қай күні Нүреке болыс болғаннан соң
Еліңнің алған жоқ па берекесін...

Әрине, өз тарапынан Кеншімбаи ақын да Жағалбайлы елі байлары мен билерінің халыққа қиянат қылықтарын әшкерелейді. Сол кездегі қазақ адамының көзіне өте ерсі көрінетін арақ ішу, мас болу сияқты құбылыстарды Кеншімбаи ақын: «Мас болып тапқан пұлмен арақ ішіп, балықтай торға түскен жатады ыршып», — деп өткір сынайды. Келесі бір сөз кезегінде Ақсұлу қазақ аулындағы атқамінерлердің пайдакүнем, дүниеқорлығын, мансапқорлығын өте дәлелді айтады: «Патшаға мақтанбаққа ұстап берер, айдатып азаматын қойдай тізіп», — деп халық мұңын жоқтаған ел азаматтарына жасалған зәбір-жапаны ашып көрсетеді. Ақсұлудың малы көп, елге қайырымсыз байларды «Секілді сусыз арық қайыры жоқ!» — деуі тұтқиылдан табылған тапқырлық болып көрінеді. Әрине, өлеңге ебі бар, айтысқа күні бұрын әзірленген ақын онайлықпен сөзден тосылмайды, жаңа дәлелдер келтіріп, сөз сайысын үдете береді. Дегенмен тыңдаушы жұрт тапқырлық пен өткірлік, шындық пен батылдық кімнің сөзінде көбірек екенін қапысыз танып отырады. Бұл реттен алғанда осы айтыста Ақсұлудың сөздері Кеншімбайдан осал түспейді, қайта кей тұстарда оның дәлелдері қарсыласынан басым келіп отырады. Мәселен, ақын қыздың Кеншімбаидың елге әшкере бір өсегін бетіне басуы жұрт алдында өте мәнді әңгіме болып шығады. Ақсұлудың Кеншімбаиға: «Біреудің ақ некесін айырыпсың, бере ме ақыретте мұның пайда?» — деп сұрау қоюы — ауыр кінә. Бірақ тәжірибелі ақын Кеншімбаи сырғыма сөзбен жалтарып, өзінше «жол тауып», әріптесіне: «Мінің бар шапса кетпес қылышпенен», — деп қарсы дау айтады. Бұл мысалдан айтыс жанрының өзінше бітімі,

айрықша тапқырлықты, дарындылықты керек ететін катал шарты айқын көрінгендей.

Жамбыл мен Айкүмістің айтысында да жастардың әлеуметтік теңсіздігі мәселесі тұжырымды елестетілген. Басқа айтыстардан да кенеттен сөз тапқыштықтың, алғырлықтың алуан мысалын байқауға болады. Бұралқы ақын өзін менсінбей сөйлеген әріптес ақын қызға: «Сандығын кілт салынып ашылмайтын, ардақты алтын түбі, аузы жез бе?» — деп төтеннен сұрақ қояды. Ал Әжек ақын өзінің Шәріпжамал қызбен айтысында жас көңілдің албырт ансарын, қимас құштарлығын өте сыпайы әрі жарасымды түрде: «Талпынып ойда барды қарыштап қал, көңілдің жапырағын желдей желгіп», — деп бейнелейді. Күрбылас жастардың бір-біріне деген ішкі тілегін осылай білдіруі — ақындық тапқырлық нышаны екені анық. Тағы бірде Әжек ақын әріптесіне өзінің ансарын: «Болғанда сен ақ шәйнек, мен самаурын, мен келдім ақ шәйнекті демдегелі», — деп ишарамен білдіреді. Мұнан кейін ақын әріптес қызға өмірдің өткіншілігін, баянсыздығын, нағыз көңіл қалауын ғана табуға асығу керектігін «Әр іске асық болма сөз қуарлық, өмірің алдап кетер тұманданған», — деп әрі сыпайы, әрі шыншыл баян етеді. Сөз кезегінде Шәріпжамал да өмірдің шындық сырын биік поэзияға бөлеп, ғибрат етіп айта біледі:

Арғымақ ат та жақсы шаппаса да,
Қақпанға түсер қасқыр сақтанса да.
Жапалақ қайырғанмен қаз алмайды,
Басына жез томаға қаптаса да.
Жетесіз жабы шауып бәйгі алмайды,
Сүт беріп ақ бидаймен баптаса да...

Ақын қыздың: «Қанатым күн шалмаған мен бір түйғын, жолымда жапалақтар тұра алмайды», — деп өктем, төкаппар сөйлеуі жарасымды естіледі. Дәл осы сөздің қарымтасы ретінде Әжек ақын: «Сен түгіл мыннан озған қашағанға, бұлтартпай шалма құрық салған едім», — деп уәж айтады. Оның: «Түн жарып ай туады кессінен, өленнің жол салайын төтесінен», — деген сөз қатарлары да ақындық ұшқынын танытады.

Жарылқасын жожа Айқын қызбен айтысқанда: «Сөзім бар ай бедерлі айқындалған, ұяттың саясында салқындаған», — дейді. Бұл сөздер тек ұйқасқан тізбек емес, едәуір ақындық мәдениетті де танытады. Әсіресе көп ойлануға уақыт табыла бермейтін бет-

пе-бет айтыста мұндай өткір әрі сыпайы сөз кестесін келтіру дарындылықты керек етеді.

Әдетте сөз сайыстарының көбі қыз бен жігіт айтысы ретінде қайымдасып басталып, сын мен мін айту бірте-бірте тереңдей берелі. Асылы, *айтыстың халыққа керегі оның әрі тамашалық, әрі тапқырлық қасиеті қатар түсіп отыруына байланысты секілді. Бірақ шындап келгенде айтыс тағдырын толыққан ақындық талант, өткірлік пен тапқырлық, алғырлық пен алымдылық шешеді.* Бас-аяғы бірнеше ауыз өлеңмен қайтарылған айтысқа да осы шарт қойылады. Бұл реттен алғанда қазақтың *ақындар айтысы* — *сөздің қадіріне жетудің, оның астарлы динамиттей күші бар сиқырын тауып үйренудің ұлы мектебі.* Қазақтың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген нақылында терең мән жатыр. «Әуелгі бақ — тіл мен жақ», «Тіл тас кеседі, тас кеспесе бас кеседі», — деген сияқты алуан мақал халқымыздың сөз өнерін қаншалықты қиелі тұтқанын ұғындырса керек. Міне, осындай сөздің сыры мен сымбатын ерекше байлық ретінде дүниедегі ең қымбат қазына санап, қастерлеп, орынды сөзге жығылып, «сөйлемесе сөз атасы өледі» деп, ыңғайы келгенде дау-шарға тайынбай кірісіп үйренген ел көркемсөзді культ — тәңірі тұта білген.

Кейде айтысушы әріптесінен дәлелінің кемдігінен немесе сөз таппағандықтан тосылмай, аңдамай, ағат сөйлегендігінен опық жейді. «Сейдәлі мен Алтынның» айтысынан дәл осыны көреміз.

Қыз бір сөз кезегінде Сейдәлінің басы таз екенін мінейді. Бірақ бұған жігіт табанда жауап тауып, Алтынды уәжден ұтады:

Дұрыс-ақ қатар ұшқан қаз болады,
Жігіттің жас мырзасы таз болады.
Танданып, таздың несін айыптадың,
Таз көрсе, қыз көңілі жаз болады,
Үйінде өкен де таз, шешен де таз,
Байғұс-ау, неменен боласын мөз.
Күйеуің — атастырған кәрі Жәкен,
Отыңның басы толған өренде таз...

Бейнелі өткір теңеу, эпитет, метафораның мол кездесуі ақындық дарынның анық көрсеткіштерінің бірі. Асылы, қарабайыр өлең ұйқастыра білумен ғана айтысқа түсу мүмкін емес болған. Көлденең өңгімеге орын жоқтық, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» табушылық, сөз тігістерінің нақыштылығы — айтыс өлеңінің жаны мен сәні. Сейдәлі мен Бәйім, Ділданың айтысында да ал-

ғырлық, жүйріктік нышандары көзге түседі. Бұл айтыста әсіресе Сейдәлінің әріптестерінен көш ілгері екендігі сезіледі. Ол өзінің ақындық парасатын «Мен бір жарық шарайна, көргеннің беті шағылған», — деп әдемі бейнелейді. Әріптесі Бәйімге үстем-үстем сөйлейді:

...Сен жөргекте ұшыңсаң,
Мен іште жатып қағынғам.

Сондай-ақ Сейдәлі ақын екінші әріптесі Ділданы суреттеуге де жанаша тенеу табады.

Күн түскен Тербентпестің бауырындай,
Қарасам ақ жүзіне мұнарланған...

Кез келген сөз сайысының жұрт есінде қалар нәрі — ақындық тапқырлық екенін өзге үлкенді-кішілі айтыстар да сипаттайды.

Үш жүзге өленменен атым шықты,
Талғардың талшоқысы сықылданып, —

деп дәріптейді өзін Мәлике ақын.

Атақты әнші, композитор Әсет өзімен айтысқан Рысжанның әншілігін: «Гармонь мен скрипка жұқпасындай, дауысы сыбызғыдай сылдыр етіп», — деп өзгеше ардақтайды. Ал Рысжанның Әсетті мінездеуі де әрі ұтқыр, әрі ойнақы.

Жінішке бойың нәзік қылдырықтай,
Сүйтсе де сөзің ұтқыр бұлдырықтай.
Қызығып қыз екен деп далбандама,
Түйгынның жемін қуған кезкүйрықтай...

Айтыстың құдіреті екінің бірінде көңілде жүрсе де, жария бола бермейтін шындықты бетін бар, жүзін бар демей ашып, әшкерелеп айта білетіндігінде. Осындай әлеуметтік үкімі, төте батылдығы жағынан бұған ауыз әдебиеті дәстүрінде жасалған туындының бірде-бірі тең келе алмаса керек. Сыр мен Құм елінің атынан сөйлейтін Мәнсұр мен Дәменің айтысында осы екі өңірдің жақсылығы да, мін болып саналар жақтары да тізілген. Жаман, жақсы деген жай сөз ешкімге де әсер ете қоймайды, бірақ сол сөздер өлең кестесіне түсіп, шешен де шебер таратылып айтыл-

ғанда ерекше қуатты күшке айналады, әсері алуан есе көбейеді. Мәнсұр құм елінде су тапшы, тазалық аз екенін: «Көп қойдың жатақтағы құмалағы, желменен құдығына домалайды», — деп үлкен мінді көрсеткендей болса, Дәменің сыны одан да асып түседі.

Сырынның қараңғы, көр кепелері,
Жаланаң жазды күні шекпен киіп,
Қураған кедейінің шекелері...
Сырынның сылдыр бақай адамдары,
Тұрмайды уәдеде табандары.
Жарамды жақсыларын жасық билеп,
Қояды болыс етіп надандарды.

Бұл қысқа ғана тіркеске көркемдік шындықтың заңдылығы, шарты сыйып тұр. Осы арада Дәме, турасын айтқанда, Мәнсұрды ақын емессің, сөз құраған өленшісің деп таңбалаған. Дәме Мәнсұрдың өленінде қиыннан қиыстырылған тосын, өткір теңемелер, шалқыма, әсерлі салыстырулар, көркемдік жаңалықтар аздығын мін көріп сөйлейді. «Қиялмен айтар сөзге» олақсың деуінде қорғасындай салмақты, терең де кемел ой жатыр. Әдебиет теориясының ең күрделі тұстарының бірі — шындық пен көркемдік жинақтаудың парқы екі жол өленде қарапайым әрі тұжырымды айқындалған...

Сегіз салмен айтысқанда Ұлбай қыз жастардың өзара жарастығын: «Көңілі бір-біріне шағылысып, нажағай секілденіп сәуірдегі», — деп бейнелейді. Бүкіл айтыстың ең сәнді жері де осындай ішкі көркемдік қуатқа толы жолдарына байланысты.

Сабырбай мен Байбаланың айтысы өзінің көркемдік шеберлік деңгейі жағынан осы жанрдың ең биік үлгілері қатарына қосыларлық. Мұнда да көңілді селт еткізерлік, нағыз шамырқанған шабыт жемісі дерлік айшықты, әдемі кестелі сөз тіркестері кездесіп отырады. Сабырбай әріптесін қалайда жеңуді көздеп, сөз нәсерін төпесе де, кейде қызды тосылдырмаққа тұрпайы сөздерді араластырып отырса да, Байбала асқан білгірлік, сөзге икемділік көрсетіп, қиын жерден жол тауып шыға береді, көркем сөз тізбегін бірден-бірге жарқырата төгеді. Бұлардың айтысындағы тапқырлық деңгейін төмендегі мысал үзінділер байқатса керек.

Сабырбай:
... Шокпармын сомдап сокқан тоғыз батпан,
... Асусыз ақ қалқанды асқар таумын,

Тасамда бұлт көрінбей шөгіп жатқан,
... Шаттықтың дариясына сүңгімеген,
Қайғылы кара көңіл, сен бір шерлі.
Түсімде Қожа Хафиз, Қорқыт дарып,
Қожа Ахмет Йасауи бата берді,
... Сарқырап таудан аққан мен дария,
Сен қар суы тасыған көзсіз жылға.
... Дарияны қак бөлген мен жайынмын,
... Алыстан айсыз түнде көрінетін,
Сен едің алтын шамдай лаулап жанған.
... Кеуден толған меруерт саналмаған...

Байбала:

Күн жетпес көк теңіздің көркі менмін,
... Даусыма аспандағы күс айналып,
Бес жылғы бедеу марал төсін иген.
... Өлеңнің құзындағы мен ақ марал.
Жетпейді шолақ мерген оғын атқан.
... Өзен болсаң суалар суың бу боп,
От шайнап, ұшқын шашсам, жалын бүркіп.

Мәнсүр мен Дөменің айтысында бізді айрықша таңғалдырған — «жел сөзге жылдам, жүйрік, епті екенсің, қиялмен айтар сөзге бөп-бөтенсің», — деген екі жол өлен.

Айтыс ақындары өлеңді тек ермек деп қарайтындар емес, заманының ұлы шындығын, көкейкесті сауалдарын алтын зердей тапқыр өлеңге бөлеп айта білетін өз руының тамаша жыршылары, шешендері, ел намысын биік көтеріп сөйлейтін қайраткерлері, жұртшылық ойының білгірлері екені кәміл.

Ақындық тапқырлық тек қана белгілі бір кемшілікті дәлмедәл сынаудан көрінбейді. Мысқыл, әзіл араласқан кезде сынның өткірлігі барынша арта түсетінін көреміз. Құдайберген ақынмен айтысқанда Қадиша қыз әріптесінің «Еліміздің қадірлісі» деп мақтаған кісісі — Науанның түрлі жаланың салдарынан жер аударылып кеткенін өте ұтымды таңбалайды.

Мекеге Науан хазірет жіберіп пе ен,
Таксырды жібердің ғой Үркітке айдап.

Сөз кезегінде Құдайберген де есесін жібергісі келмей, қызды: «Жезтырнақ секілденіп шашбау тағып, топқа кеп сылдыр қаққан сен бір шайтан», — деп әжуаламақ болады. Ақындар сөз сайысының нақышы дәл осындай ұтымды, сирек теңемелері мен

баламаларында екенін айтыс тәжірибесі мейлінше толық сипаттап отырады.

Ақындар айтысына түрлі халықтың өкілдері де еркін қатыса береді. Оларға қойылатын жалғыз-ақ шарт — сөз өнеріне дарындылық. Біз бұған қарақалпақ ақыны Әжінияз бен қазақ Меңеш қыздың айтысын мысал етуімізге болады. Бұл — нағыз қыз бен жігіт айтысының үлгісі. Үстірт қарағанда қыз бен жігіттің өзара әзілі секілденген өлең жолдарында халықтың салтына, тұрмысына, ұғым-нанымына байланысты аса мол мағлұмат табылады.

Атақты ақындардың бірі Майлыдан қалған мұраның ішінде оның Айманмен, Гүлханыммен айтыстары кездеседі. Бұл айтыстардағы негізгі сарын — ескі ауылдағы жас адамдардың басындағы еріксіздік. Басында жалындап басталған айтыс нағыз өмір мәселесіне келгенде төмендеп сала береді. Өйткені өзге жерге қалыңмалға айттырылған қыздардың бұлқынып шығып кетуге қауқары жоқ, көне әдетті бұзып, тыңнан жол салуға жігіт те дәрменсіз. Осы айтыстарда қыздардың сөзі басым түсіп отыруы қайран қалдырады. Олар Майлының жігерсіздігін мінеп, оны қайрай түспек болады. Әрі бұлардың дәлелі ұтымды болып шығады.

Ақындар айтысының әр алуан жанрлық түрлері бар. Оны шартты түрде ақындар айтысы, қыз бен жігіт айтысы, қайым айтыс, жазба айтыс, мысал айтыс деген сияқты терминдермен белгілеп жүрміз. Мұның шындыққа негізделгені кәміл. Біз бұл арада айтыстардың жанрлық ерекшелігіне емес, солардың бәріне ортақ болып табылатын айрықша кейбір сипаттарына ғана кідіріп өттік.

«Аталы сөзді арсыз қайырады» деген нақылды берік ұстанған халқымыз үлкен демей, кіші демей, жас демей, көрі демей, еркек демей, әйел демей айтысушы ақынның қайсысының сөзі маңызды, өмірге, шындыққа жақын болса, соны қолдап, көтеріп отырған. Қазақ фольклорын ертелі-кеш зерттеген ғалымдар сөздің жүйелілігін, шешендікті, өткірлікті, батылдықты, үйлесімділікті ерекше қадірлеу халқымыздың ежелден қалыптасқан игі дәстүрінің бірі екендігін анықтаған. Бұл қасиет барлық жанрларда кездеседі. Аңыз-әңгімелерде, ертегілерде тазша балалардың қиын-қыстау кезеңде, қысылшаң дауларда төрелік айтып, даналық білдіргені, қайырымсыз хандарды да ақылымен жеңіп кеткені, ақырында білгірлігі арқасында мұратқа жеткені айтылатын. Ескі билердің шешендік дауларында да жүйелі сөз жүйесін тауып, небір шиеленіскен қиын істер әділ шешіле беретін. Өмірде, әлбет-

те, дәл осындай кашанда туралық жөніп, жақсылық үстем түсуі жиі кездеспегенімен, халық қиялы осылай болуын аңсайтын. Айтыс жанры ауыз әдебиетінің ең өміршен саласының бірі болып келе жатқаны да — оның шыншылдығы мен ғажайып тапқырлығына тікелей байланысты.

IV

Халқымыздың рухани, мәдени өмірінде соңғы жылдарда орын тепкен елеулі құбылыс — ақындар айтысының жаңара түсуі, оның бұдан былай да дамуға мүмкіндіктерінің танылуы. Қазіргі кезде айтыс өткізу бұрынғы жылдардағыдай оқта-текте көрініс беретін оқиға болмай, жүйелі дәстүрге айналып келеді. Солардың қатарынан кейінгі жылдарда Алматыда өткізіліп, телевидение арқылы жұртшылыққа көрсетілген Қызылорда мен Талдықорған, Шымкент пен Алматы облыстары ақын, жыршыларының өнер жарысын ерекше бөліп айтуға лайық. Айтыс пен жыршылықтың жарысы қатарласа өтуі жамағатшылықтың өзгеше көңіл бөліп, зор ықылас қоятын тамашасына айналғанын ешкім де бекер дей алмаса керек. Облысаралық сөз сайыстарының өкелген жаналығын қорытындылап, алдағы міндетті де ойластырып, белгілеп отырудың қажеттігі кәміл.

Осы өнер жарысының жалпы жағдайын талдай келгенде көңілге медеу болатын бірнеше сүйкімді сонылығын екшеп көрсету орынды. Ең алдымен айтыстың түрлі формаларын жандандыруда ілгерілеу болғаны құптарлық деп білеміз. Бұрынғы айтыстарда екі ауданның немесе облыстың әріптес ақындары ғана кезектесіп шығатын, олар өз жерлеріндегі жақсылық, табысты тізе баяндап, арақидік қана қарсы жаққа сын айтып отыратын. Мұндай жағдайда жатқанды мен жанынан шығарғанның жігін ажырату, өленші мен ақынның келбетін айыра тану да оңай болмайтын. Соңғы айтыстар әріптестердің ақындық қабілетін айқындауға анағұрлым жақын келді. Қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, өгірік өлең жарыстары, берілген тақырып бойынша табанда өлең шығару, таныстыру, бастау — бәрі де төкпе ақындық сыналатын тәсілдер. Бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолын бір жақ, қалған жартысын екінші жақ айтатын етіп шарт қою да мейлінше ұтымды әдіс болып көрінеді. Ендігі жерде тек жаттап кел-

генін ғана дәтке қуат санайтындар көпшілік алдындағы өлең жарысына ойланып-ойланып шығатын-ақ болар. Айтыстың ежелгі салтына, шартына бір табан жақындай түстік дегенде осындай ізденіс жолдарын, нағыз тапқырлық танылатын ұрымтал сәттер екшелгенін айтамыз...

Әрине, бірер айтыс кездерінде ғана жарасымды жақсы өлең, бағылдык, өткірлік, шындыққа толы үздік үлгілер туа қалады деп күту асығыстық болар еді. Сонда да болса өленді төгіп айтудың қатал шартына төтеп беріп, азды-көпті әсерлі шумақтар шығарып, әріптестің тосын сұрағы мен сынына іркілмей жауап айта алғандықтың өзі бір сыбағаға аз емес. Айтыстың бас төрешісі — жиналған халық мұндай мезеттердің бірде-бірін қағыс жібермей, әрбір кезек сөздің нысанаға дөп тигенін сүйсіне қолдап отырғаны өнер сайысының табысты болғандығының көрсеткіші.

Айтыс өнерінің қабілетті өкілдері көрінуі көңілге үміт ұялатады. Жоғарыда аталған облысаралық айтыстарда төкпе өлеңге табиғи бейімі бар, төтен сұрақтарға алғыр жауап айта алатын, өзі де әріптесі күтпеген мәселелерді өткір қоя білетін жаңа есімдер көрінгені қуанышты құбылыс. Бұрыннан жұртшылыққа аты мәлім Көпбай Омаров, Мүтәліп Қыраубаев, Өмірсерік Қалдыбаев, Әбікен Сарыбаев, Надежда Лушникова, Әлімқұл Жамбылов, Жұмаш Оспанбековалар қатарына айтыс ақындарының тың толқыны қосылды. Соңғы айтыстарда танылған ақындар ішінде қызылордалық Зәмедин Ибадуллаев, Серік Өтеуов, Мақамбетқали Тұрсанов, шымкенттік Әселхан Қалыбекова, Әбдікәрім Манапов, алматылық Есенқұл Жақыпбековтерді бөліп көрсетуге болады. Өтірік өлең жарысында З.Ибадуллаевтың әріптесінен көш ілгері кеткені оны көріп, тындағандардың есінде болар. Ежелден-ақ өтірік өлең қиыннан қиыстырып айтудың мектебі болатын. Сол дәстүрдің қазіргі кезде де өріс жаюына мүмкіндігі бар екенін көрдік. Ә.Қалыбекова мен Е.Жақыпбековтің сөз сайысы олардың төкпе өлеңге дарындылығын, келешекте шабысқа шабыс қоса алатындығын байқатты. Айтыстың алуан тәсілін меңгерген атақты Н. Лушниковамен өнер жарыстырып, көп ретте ұтымды уәжімен елді риза ете білген Ә.Манаповтың бойында да осы өнерге лайық нышандар толық екенін аңғарғандай болды. Аты аңызға айналған жетісулық дүлдүл ақын Сараның жерлес сінлісі Жұмаш Оспанбекова да айтыстан айтысқа дейін өнер гүлі ашылып келе жатқанын дәлелдей білді. Жұмашпен айтысқан

Серік Өтеуов та жақсы әсер қалдырды. Ол үлкен сахнада, тамам жұрттың алдында алғаш шыққанына қарамастан әрбір өлең кезінде әріптесіне іркілмей жауап айта алды.

Жыршы, термешілер жарысы айтыспен кезектесе жүргізіліп отыруы жарасымды дәстүр болып қалыптасып келеді. Облысаралық өнер сайысында бірталай термеші тартымды өнерімен көзге түсті, сөзімен де, сазымен де тыңдаушыларды риза етті. Талдықорғандық Гүлмайдан Сүндетова, Сағат Жылгелдиев, қызылордалық Әлмырза Ноғайбаев, Алшынбек Сәрсенбаев, алматылық Алма Қыраубаева әрқайсысы терменің өзгеше өрнектерін таныстырды. Шымкенттік ақын, жыршылар Оразгүл Шылмырзаева, Камал Ендібаев, Мұхтар Құралов, Ұлтуаш Асантаева өз кезегінде өншілік әрі термешілік орындаушылықты ұштастырды.

Ақындар айтысында бірсыпыра әлеуметтік мәселелер қозғалып, кейбір көлеңкелі құбылыстар сыналғаны бұл жанрдың халыққа тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор екенін айқын сипаттайды. Әрбір айтыста-ақ қоғамның күн тәртібінде тұрған, көпке ой салатын проблемалар көтерілді. Мәселен, Әселхан Қалыбекова бір өлең кезегінде қалалы жерлерде халықтың өсімі тым төмен екенін, мұның өзі елдің келешегіне залал келтіретінін ашық айтты...

Атап көрсететін нәрсе – айтыс пен жыршылық жарысына жұртшылықтың аса ықыластылығы. Бұл осы өнер салаларының бұдан былай көркею, қанат жаю тағдырына барынша сергек қарауды талап етеді. Өкінішке қарай айтыстың да, жыршылық, термешіліктің де қуатты қарқынмен дамуына жеткілікті көңіл бөлініп отыр дей алмаймыз. Бұл тараптағы азды-көпті табыс әлі де болса жеке-леген энтузиастардың азаматтық әрекеттерінің арқасында мүмкін болып келеді. Мәдениет пен өнерді жетілдіруге тікелей міндетті мекемелердің біразы бұл іске сырттан бақылаушы болып жүргені келіспейді-ақ. Тамыры терең халықтық өнер дәстүрінің ойдағыдай өрістемей отыруының күрделі себептері де бар.

Соның бірі – айтыс өлеңдеріне жазба әдебиет туындыларының өлшемімен қараушылық. Табанда шығарылған өлең мен ұзақ ойланып, көп өңделіп, онашада, жайбарақат жағдайда жасалған туындының айырмасы болады. Айтыс өлеңінде жазба поэзиядағыдай жатықтық, кітабилық, ұйқас, буын өлшемділігі табыла бермейтіні белгілі. «Аттың жалы, түйенің қомында», қысылтаяң асығыста, қалың жұрттың алдында өлеңнің сыртқы түрін келістіру әрі әріптестің сыны мен сұрауына жедел жауап беру міндеті

екінің бірінде-ақ үйлесіп үлгермеуі мүмкін. Сонымен түр жағынан алғанда айтыс жазба өлеңмен теңесуі қиын. Кейбіреулер айтыс кезіндегі сөз ұйқасының кедір-бұдырын ғана көріп, оған күдіктене қарайды. Бұл жалпы ауыз әдебиеті дәстүрінде туатын шығармалардың табиғатын түсінбегендік салдары. Ал сырт қарағанда жұпынылау, қарадүрсіндеу айтыс өлеңінің жиналған қауымға орасан әсер ететінін қайда қоямыз?

Айтыс сөз тапқырлығының ғана жарысы емес, ол халықтың теңдесі жоқ тамашаға кенелетін де орны ғой. Қалың елдің көз алдында жекелік те, қоғамдық та мәселенің неше алуанын батыл да, айқын да көтере алатын мүмкіндік тек айтыста ғана бар. Жазба ақындардың туындысы оқушысын тапқанынша, бағасын алғанынша талай уақыт керек, ал айтыс ақынының әрбір сөзі елдің алдында бірден айтылып, әлеуметтік де, эстетикалық та міндетін орындап отырады. Ал ақынға айтқан сөзі халықтың көкейіне қонып, санасына ұялағанын көруден артық мұрат бар ма? Ендеше жазба туындыдан түр жағынан ұтылатын айтыс өлеңі өзінің қоғамдық қызметінің пәрменділігі жағынан анағұрлым жоғары тұрады. Айтысқа деген кейбір атүсті көзқарас жалпы фольклор дәстүріндегі шығармалардың ерекшелігін түсінбеушілікпен сабақтас. Фольклор шығармасы түр, көркемдік жағынан «ескіргендеу» болып көрінгенімен, онда ешбір жазба шығарма айта алмаған көркем өсіре-леулер, мәңгілік мәнін жоймас бейнелер бар екенін ұмытпалық...

Мәдени мұраға, рухани және заттық жәдігерлерге деген қамқорлық өрістеген жерде айтысқа да, жыршылыққа да көңіл бөлінетіні көрініп жүр. Сондықтан төкпе ақындық, термешілік өнерін жалпы мәдени дәстүрді қадір тұту мәселесінен бөліп алып қарауға болмайды. Жыршылықтың ғажайып үлгілері күні кешеге дейін ежелгі әсерлі қалпында сақталып келсе де, соларды кезінде не магнитофонға, не грампластинкеге жазып алмағанымыз орны толмас өкініш екенін бәріміз бірдей түсініп отырмыз ба? «Алпамыстарды», «Қобыландыларды», «Қыз Жібектерді», «Көрұғлыны» теңдесі жоқ сазымен айтқан жыршылардың бүгінде көп дегенде атын ғана білеміз. Төкпе өлеңнің кереметін көрсеткен Иса Байзақов сынды ақындар өнерін де кезінде бағалай алдық па? Қарақалпақстан мен Сыр бойында ұзақ түнге жыр төгетін орындаушылар әлі де кездеседі. Бірақ олардың жыршылық сазы жазылып алынған да, зерттелген де емес. Бірталай эпос жылдар бойында жарық көрмей, архив тереңінде жатыр.

Қазіргі күнде телевидениеде жыршы, термеші, айтыс акындары өнері жиі көрсетілетін болып жүр. Бұл, әрине, халықтың рухани байлығын түсіне бастағандық нышаны. Бірақ акын мен жыршыны іздеу мен насихаттауда кездейсоқтық басым. Әрбір дарынды орындаушыны немесе айтыс акынын назардан тыс қалдырмай, олардың кемелденуіне ұдайы қамқорлық, көмек көрсетіп отыру шарт. Талантты өнерпаздардың әрқайсысын министрден бастап қатардағы мәдениет қызметкеріне дейін біліп отырмаған, қолдап, тәрбиелеп көңіл бөлмеген жерде Сұлтанбектей, Жиенбайдай жыршы, Сарадай, Исадай айтыс акыны шығуы екіталай. Айтыс пен жыршылықты халқымыздың баға жетпес рухани дәстүрі, әлемдік өнер қазынасына қосқан өзіндік нақышы деп қарасак жөн. Халықтың сөз бен саз өнерінің, өшпес көркін жас қауымның құлағына сіңіретін, жанына жақын етегін осынша қымбатымызды қалай өркендету, насихаттау керектігін ойластырған жүйелі шаралар керек...

Айтысты дамытудың дұрыс жолы оны қолайлы келген жерлердің бәрінде жиі де жүйелі өткізіп тұру болмақ. Ол аудан мен аудан, облыс пен облыс арасында ғана емес, айтыс өлеңге қабілетті адамдары бар оқу, өндіріс орындарында, кез келген жиын-тойларда ұйымдастырылып тұрса ғана көпшілікке кең танымал әрі сүйікті болмақ. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, нағыз кең тынысты кемел дарындылар сондай қалың топтың ішінен ғана іріктеліп шықпақ. Ондай жиын, мәжілістерде қайым айтыстар, қыз бен жігіт айтысы әрі өнерлік, әрі тамашалық қызмет атқаратыны аян. Көпшілік жиналған отырыстарда қыз бен жігіттің немесе қатар құрбының бір-бір ауыз әзіл аралас тапқыр өлеңінің өзі елді ерекше серпілтіп, көңілдендіріп тастайтынын екінші біледі. Ал бір ауыз ұтқыр өлең айта білгеннің өзі қабілеттілікке жатады. Қайым өлеңде әріптесіне бір шумак сөз таба алмаған адам үлкен ұзақ айтысқа ешқашан бара алмайды. Сондықтан *қайым өлеңдер күллі айтыс өнерінің бастауы болып табылады.*

Қыз бен жігіттің айтысы да осыған орайлас. Тіпті төрт адам бір шумак өлеңнің бір-бір тармағын кідірмей, үйлесімді етіп айта алса, мұның да өз орны бар. Шымкент пен Алматы акындарының жақында өткен айтысында ең қызық көрініс – бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолын бір жағы, қалғанын екінші жағы айту жарысы болды. Сырттай қарағанда онай көрінетін осындай сөз

бәсекесі іс жүзінде қиын екендігі сезілді. Өйткені бір ауыз немесе жүз ауыз өлең болсын, ең алғашқы ескірмейтін шарт акындық тапқырлық қой. Мұның өзі күрделі айтысқа баратын жол – ұрымтал жерде айтыла беретін қайым айтыстар деген тұжырымды дәлелдесе керек. Тойларда беташар айтатындар да әдетте осындай алғыр ойлы жандардан шығатын. Қарапайымнан күрделіге қарай дейтін қағиданы ұстанып, бірте-бірте айтыстың басқа да түрлеріне баруға мүмкіндік тумак. Бара-бара жұмбақ айтыстар да ұйымдастыруға болар.

Айтыстың тақырыптық құрамы туралы да ойласатын мәселелер баршылық. Қазіргі айтыстардың бір әлсіз жері – әлі де болса әлеуметтік ірі проблемаларға көп бара алмайтындығы. Әріптестер өз ауданының не облысының жетістігін жалпылама айтып, қарсы жақтың олқылығын жеңіл-желпі ғана сынап өтумен шектеліп жүр. Акындарымыз тақырыптық еркіндікке жете алмай келеді. Жұртшылықтың алдына салатын кедергі мен кесел, азғындық пен тозғындық мысалдары аз емес қой. «Қаттырақ сынасақ, қалай болып кетер екен» деп кейбір акындар әлі де жалтақтай беретін секілді. Қоғамдық дерт болып табылатын маскүнемдік, дүниекорлық, мемлекетке аз беріп, көп алушылық, жастардың жақсы дәстүрден ауа жайылушылығы, еңбек етпей, арамтамақтыққа салынатындығы, ата-ананы сыйламайтындығы, елінің мәдениетінен хабарсыздығы, кейбіреулердің ана тілін білмейтіндігі, жершілдік, топшылдық, рушылдық кесапаты, жат әсерлер алдында дәрменсіздігі, қоғамдық меншікке жаны ашымайтындық, өзімшілдік, рухани кедейлік тәрізді толып жатқан қырсықты сын отымен қарып отыру айтысқа оңтайлы-ақ жайлар ғой. Жақсы адамдарымызды мадақ еткенде де жалпылама кетпей, олардың нағыз үлгілі қасиеті қайсы екенін сенімді ашулары тиіс.

Әлбетте, акындар мұндай мәселелерді мемлекеттік тұрғыдан пайымдай алатын болу үшін, оларға *дарындылықпен қатар білімділік те қажет.* Елдің бұрынғы тарихынан, қазіргі жағдайынан мол мағлұматы жоқ әріптес мақтап та, әшкерелеп те жарытпайтыны белгілі. Сол үшін айтыс акыны өзі де үздіксіз білім көтеріп, айналадағы жаңалықтарға құлақ түріп, құбылыстардың оны мен терісін талдай білетіндей дәрежеге жетуі ләзім. Акындар еліміздің даму бағдарын өте жақсы түсінетін деңгейде болуы шарт. Әйтпесе қазіргі талғамы үлкен сауатты жұртшылықтың үдесінен шыға алмақ емес. Бір сөзбен айтқанда, *қазіргі айтыс акыны өз қалыбын-*

да қоғамдық қайраткерше ойлап, өмірдің барша шытырманы ішінен ең керекті тақырыпты уақытқа, тыңдаушылар талабына сай екшеі білуі парыз...

Айтыс ақындары мен жыршылардың өнерін, еңбегін бағалау турасында талайдан бері баспасөз бетінде қаншама ұсыныстар көтеріліп келе жатқанымен, олардың бір де біреуі нақтылы шешім тапқан емес. Тиісті жетекші орындар шындап көңіл бөлмесе, әлгіндей пікірлердің құр сөз болып қала беретінін көріп келеміз. Әрбір өнер адамы секілді ақын мен жыршының да еңбегін лайықты қадір тұтқанда ғана өсу, ілгерілеу болмақ. Қазіргі кезде халық таланттарын мықтағанда газет мақаласында атап, кейде телевидениеге шығарумен, окта-текте айтысқа түсірумен ғана қанағаттанып жүрміз. Бұл мүлде жеткіліксіз. Ақын мен жыршының озғандарына аудан, облыс, республика көлеміндегі жүлделер белгіленіп, материалдық көтермелеу жасалуы жөн. *Айтыс ақындары мен жыршылардың ең таланттыларына Жамбыл Жабаев және Нұрпейіс Байғанин атындағы республикалық сыйлық, лауреаттық атақ беру қажет* деп санаймыз. Аса ірі айтушыларды *Қазақстанның халық жыршысы құрметті атағына* ұсыну да мерзімі жеткен қажеттілік.

Төкпе ақындық пен үдемелі жыршылық дәстүрдің жоғалып кетпей, біздің кезімізге жеткені, болашақта да дамуға ішкі қуатының сарқылмағаны үлкен ырысымыз. Бірақ баптамаса гүл өспейтіні секілді, тиісті демеуі жасамаса, ардақтай білмесе, не нәрсенің де жоғалуы мүмкін. Сол үшін айрықша өнеріміз айтыс пен жыршылықты жана белеске көтеретін арнаулы тегеурінді шешімдер қажет.

* * *

Атақты әнші, ақын, жыршы Кенен Әзірбаевтың туғанына жүз жыл толуына арналған республикалық айтыс төкпе ақындық өнерді дамыту жолындағы жана кадам. Бұл айтыстың өзіндік кейбір сонылықтары да, олқы түскен тұстары да баспасөз бетінде талқыланып, жұртшылық пікірі қорытындыланды. Ең негізгі тұжырым айтыс дәстүрі канатын кеңірек жая бастаған, оның бұдан былай да көркеюге мүмкіндігі мол дегенге саяды. Айтыс ақындары қатарының толығы бастауы, кейінгі кезге дейін сөз сайыс-

тарына тым аз қатысып келген солтүстік облыстары өкілдерінің сенімді қабілет танытуы, салдарлы ақпа ақындықтың нышаны молырақ сезілуі бұл жолғы айтыстың ұнамды көрінісі делінді. Айтысқа қатысқан Көкен Шәкеев, Әсия Беркенова, Жұмаш Оспанбекова, Есенқұл Жақыпбеков, Қонысбай Әбілев, Әселхан Қалыбекова, Серік Қалиев, Сембай Бердімұратов, Тілеумұрат Қожабеков, Қалихан Алтынбаев, Ниятолла Раманқұлов, Баянғали Әлімжанов, т.б. жүлдегер атанды. Осылардың жартысынан көбі республикалық көлемде тұңғыш рет өнер жарысына түскендігін ескерсек, айтыс ақындарының резерві қалың екенін аңғарамыз.

Айтысты ұйымдастыру мен өткізудің әлі де болса толық қалыптасып болмауы, жарыс қорытындысы бір-бір әріптестің ғана айтысы негізінде шешіліп отыруы шын жүйріктерді анықтауға мүмкіндік бермейді. Осы себептен нағыз суырыпсалма ақындықты танышық деу қиындау. Әлі де болса, «жалғыз шапқан ат жүйрік» дегенге малданып жүргендей жайымыз бар. Республикалық айтыстың материалдары жеке кітап боп шығатын болар, жамағатшылық бұл айтыстың бүге-шігесін талдай берер, тиісті орындар осы дәстүрді неғұрлым кеңірек жандандыру шараларын ойластырар.

Өткен айтыстың тағы бір ұнамды жері — бұл жанрды өркендету туралы жана ойларға, толғаныстарға мүмкіндік беретіндігінде. Біз соңғы жылдардағы айтыстар тәжірибесінен туындаған, алдағы кезде ескерерлік, көп болып кеңесерлік кейбір түйінді мәселелерге көңіл аударғымыз келеді.

Ең алдымен ақындық айтыс жүйелі дайындықты керек ететінін ескеруіміз керек. *Әріптестерді айтыс болардың алдында ғана іздемей, олардың ел өмірімен еркін танысуына кең мүмкіндік туғызу шарт.* Мұның жолдары көп. Ақындар өз ауылының ғана емес, ауданының, облыстың, көршілерінің экономикалық, мәдени жағдайын, жетістіктері мен кемшіліктерін толық объективті түрде талдай аларлықтай еркіндікке жетуі ләзім. Бұл үшін оларға шығармашылық командировка берілуі тиіс. Сонымен қатар *айтыс ақындарына арналып республикалық, облыстық семинарлар өткізін тұруды дағдыға айналдырсақ.* Ол семинарларда тек айтыстың тарихы мен теориясы туралы ғана емес, басқа да түрлі ғылыми, саяси тақырыптарда дәрістер оқылуы орынды. Әлбетте, ақындар бас қосқан жерде үлкенді-кішілі айтыс үздіксіз жүргізіліп отыруы табиғи. Міне, осы секілді жан-жақты дайындықтан өтпеген ақын республикалық немесе облыстық айтысқа келіп бірден өткір өлен

төгуі екіталай. *Күнiлгерi шығармашылық әзiрлiк жасамаған, өмiрдiң алуан мәселелерiне талдау берiп, ой қорытпаған, қайым айтыс жарысына жиi түспеген ақыннан дәл айтыс кезiнде санаулы минуттар iшiнде әрi ұтқыр, әрi көркем керемет өлең құту бекер.*

Ежелгi айтыстың бiр әдеми дәстүрi, бәрiнен бұрын ел өмiрiндегi аса iрi мәселелердi, өз кезiндегi шешiлмеген дiлгiр әлеуметтiк сауалдарды күн тәртiбiне қоя бiлетiндiгiне байланысты болатын. Дәуiрдiң толғағы жеткен проблемаларын жұртшылық алдына жайып салудың өзi айтыстың пәрмендiлiгiн, әсерлiлiгiн арттыратын. Қазiргi айтыстың да таңдаулыларында қоғамдық мөнi зор көптеген ұсыныстар мен тiлектер, сындар кездесiп отырады. Республикалық соңғы екi айтыста көтерiлген осындай зәрулiктердi зерттеп, содан тиiстi қорытынды шығаратын болсақ, бiраз iстер орнына келер едi. Сөз ретi келгенде айта кетейiк: *айтыстардың материалы жан-жақты талданып, тиiстi шешiмдер жасалуы қажет-ақ.* Қаншама әдiл, жанды сөздер, қамқор ойларға мән берiлмей қала берсе, айтыстың аса елеулi қасиетiн, жұртшылық пiкiрiнiң хабаршысы екенiн бағаламағанымыз болмақ. *Айтысты тек кезектегi өткiншi шара деп санап, келесi сөз сайысына дейiн қол қусырып отырсақ, бұл дәстүрдiң мандымайтыны хақ.*

Айтыстан тапқырлықпен қатар әдептiлiк, мөлшерлiлiк, тартымдылық, сынайылық сияқты шарттар да қатар талап етiлетiнi азелден аян. Дөкiрлiк, тұрпайылық ешқашан ибалы ақын аузынан шықпаса керек. Тiптi әрiптес жағының мiнiн айтқанда да шектен шығу жараспайды. Айтыс өнерiнiң қызықтығы да, қиындығы да осында ғой. Сөз сайысына нағыз табиғи төкпе өлеңге икемi бар санаулылар ғана түсетiн болғаны да сондықтан. *Ойланым отырып жазған өлең, ұйқасын ғана келтiрген қарадүрсiн тiркес немесе аздап жылт етерi болғанымен де, жазба әдебиетiнiң арсеналынан ауысқан жолдар мен теңеулер нағыз айтысқа жұғын болмайды.* Қазiргi айтыстардың көбiнде еркiн құйылған табиғи өлеңнен гөрi ұйқасы мен ойы жүйелi, бiрақ ұғымы ауырлау шумақтар жиiрек кездесетiнi де табанда тап басып сөйлеуге дағдыланып болмағандық белгiсi. Айтысқа ақын емес, жәй өлеңшiнiң қатыстырылуы немесе нағыз төкпе дарын бола тұрса да, жарысқа дайындықсыз келетiндiк кездейсоқтыққа душар етпек. Ондай жағдайда әрiптестердiң кезек сөздерi жансыз, қызықсыз, тапқырлықсыз, жасанды ұйқастар болып шығады. Кейде ақындардың келелi мәселелер айтуға қауқары болмай, ұсақ-түйектi сөз ете беретiндiгi де не

дарынсыздық, не дайындықсыздық нышаны. Мұның бәрi әрбiр айтысқа аса жауапты қоғамдық сынақ ретiнде мейлiншә ыждағатты дайындалу керектiгiн дәлелдейдi. *Айтыс тек тапқырлықтың ғана емес, парасаттың, бiлiктiлiктiң, мәдениеттiлiктiң де салтанаты секiлдi әсер қалдырса ғой.* Ақындар айтысының қайта жандану кезенiн бастап кешiрiп отырған шағымызда оның өзiне хас жанрлық күрделi табиғи белгiлерiн неғұрлым толығырақ көргiмiз келедi.

Сөз сайысының өткiзiлу тәртiбiн де жете ойластырмаса болмайды. Бiр жолғы айтысқа ондаған ақын қатысатын жағдайда оларға мөлшерлi уақыт беру қажеттiгiн түсiнемiз. Бiрақ айтыстың нағыз шабытты үрдiс екенiн ұмытуға болмайды. Жаттап алған сөздi айтатындардың да кейде уақыт шеңберiне сыймай қалатын кезi болады. Ал жанынан өлең шығарып, оны әрi шапшан, әрi өткiр етiп айтуға тиiс ақынды сөз кезегiнде санаулы минуттарға таңып қою обал-ақ. Кейде ақындар жаңа қызып келе жатқан кезде айтыс тоқтатылуы тiптi кешiргiсiз. Өткен айтыста дәл осындай жарамсыз әрекеттер бой көрсеттi. Шымкенттiк ақын Әселхан Қалыбекова әрiптесiнiң тосын сұрақтарына шындап жауап беруге оңтайлана бергенде сахна жабылып қалды. Еш заманда да айтысты дәл осылай шорт кесу әдетi болған емес. Әрине, лажы болса белгiленген уақытқа сыйып айтқанға не жетсiн. Сөз сайысын бағалаушылар уақыттың үнемдi пайдаланылу жағын есепке ала жатар. Ол өз алдына бiр мәселе. Бiрақ қалай дегенде де айтыстың нағыз шамырқанған үрдiсiн тек уақытқа тәуелдi ететiн ережеге жығып беру әдiлдiк те, бiлгендiк те емес. Кейде нысанаға тимейтiн жалпылама сөздермен дәл өз «уақытында» шығатын әрiптестер болады. Өкiнiшке қарай, олардың айтқанынан тындаушы тұшыным тауып жарытпайды. Сол үшiн нағыз төкпе ақындық сыналар мезеттерге шындап көңiл бөлуiмiз керек.

Республикалық айтыста бiрiншi жүлдеге ие болған көкше-таулық ақын Көкен Шөкеев бұл жөнiнде мынадай ұсыныс пiкiр айтады: «Басты мақсат тындаушы қауымды, көпшiлiктi риза етуге лайықталғаны дұрыс сияқты. Олай болса, әркiмнiң қолма-қол, суырыпсалма талантын, тапқырлығын, шешендiгiн өлi де болса сынай түсудi алдағы уақытта жетiлдiрген жөн. Мұның өзi негiзiнен сахнада, көпшiлiк алдында тосын сынау болса тым жақсы». («Қазақ әдебиетi» газетi, 20, 07. 84). Бұл сөздердiң де бағыты нағыз төкпе ақындықты дамытуға арналып отырғаны түсiнiктi.

Ақындар айтысында, шартты түрде болса да, жеңімпаздарды белгілеген, көтермедеген дұрыс. Мәселенің ең түйінді жері — сол айтысушылардың сөздері қаншалықты жаттама немесе төкпе екендігін жігі айыра білуде.

Жаксылап дайындалса, айтысушы әріптес жүздеген жол өленді күнілгері жаттап алуы әбден мүмкін. Сол жаттағандарын белгілі уақыт ішінде ұтымды айтып, орындап шығуы да ғажап емес. Бірақ біз бұдан әлі де ақындықтың негізгі көрсеткіші — табанда жанынан шығаратын төкпелікті тани алмаймыз. Сол үшін айтыс өленнің басты шарты әріптестердің бірінің сөзіне екіншісі нақтылы жауап айтып, қайымдасып сайысуы болмақ. Әріптестің берген сұрағынан немесе сынынан орағытып кету, өзінің алдын ала әзірлеген мәтінін ғана сыдыртып шығу бұл жанрдың талабын ұмытумен бірдей. Айтыс жеңімпазын бір ғана айтыспен шектемей, екі, үш турға дейін апару керек деген жолдастардың ұсынысы көңілге қонады.

Ақындар айтысы туралы пікір жазғандардың бірі, Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының доценті Сәбетказы Ақатаев ойлы ұсыныстар да, толғамды талдаулар да жасаған. Ол айтыс өнерінің бүгінгі мәдениетіміздің ажырамас бір бөлегі екенін ескерте келіп, бұл дәстүрді дамытуға орайлы істерді жігерлі түрде жүзеге асыруды қолдайды. Айтысқа бүкіл жұртшылық қызығуының түрлі себептерін айта келіп ол: «Айтыс — өнердің театрланған түрі, сондықтан оның көрермендеріне ешбір қаймықпай-ақ билет сату мәселесі де осы айтыс өнерін жаңғыртудың бір материалдық көзі деп таныған абзал. Айтысқа арнап мекенжай соғу да ойланатын іс» деп жазады. Айтыстың өтетін орны, ортасы осы өнердің қайталанбас өзгешелігіне лайық болуы тиіс. Әріптес ақын сахнаға шығып, нөмір орындайтын әдеттегі әртіс емес. Олардың шамырқана толғануы көрермен ықыласына, көтеріңкі, көңілді атмосфераға қатты байланысты. Ендеше *айтыс, жыршылық өтетін арнаулы лайықты орын, ғимарат салынса деген ұсыныс ілтипатқа аларлық*. Өзге көрші халықтарда бұл мәселеге көптен бері көңіл бөлініп келеді. Мәселен, Ташкент шаһарында әскияшылар өнер жарыстыратын Күлкі театры ашылғанын білеміз. Қазақтың айтыс дәстүрі, жыршылық термешілігі қандай келеге салсаң да олқы түспейді. Алматыда қазақтың фольклорлық театрын ашу туралы көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов көтерген ұсынысты қолдай кеткіміз келеді.

Айтыстың халыққа қадірлілігі тек оның театрлық, тамашалық қызметінде ғана емес. Ол бәрінен бұрын сөз өнері. Айтыста жеңу жарасымды уәжімен, шешендігімен, парасат биіктігімен озғандық белгісі. Ендеше қазақтың фольклор дәстүрінің аса өміршең бұл түрін «терезесі тең» өнер деп қарауымыз керек болады. Олай болса айтыс ақындарының еңбегін бағалау жағын қатты ойластырған жөн. Осы күнде ауыл, аудан, облыс көлемінде айтысқа қатысып жүрген үлкенді-кішілі талапкер ондап емес, жүздеп саналады. Олжас Сүлейменов өзінің бір сөзінде ол ақындардың көптігі соншалық, олардың өзі жеке жазушылық одақ құра алатындай деген еді. Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің арнаулы шығармашылық одағын құру керек пе, жоқ па, бірақ оларға қамқорлық көрсету парызымыз. Әрбір еңбек лайықты бағаланса ғана мұратын таппақ. Айтыс ақындарының шығармаларын басатын, ескі фольклорлық мұраның таңдаулыларын, ауыз әдебиеті дәстүрінде туған тұрмыстық-салттық өлендердің: беташардың, жар-жардың, тойбастардың жана үлгілерін таныстыратын, фольклор тарихы мен теориясына қатысты зерттеулер мен мақалаларды жариялайтын қалайда бір орган керектігі зайыр. Ең болмағанда жылына бір рет шығатын топтама жинақ қажет.

Әзірбайжанда ұлы ақындар ескерткішінің жанына барып жас ақындардың өлең оқу мүшәйрасы жақсы дәстүрдің бірі екен. Бұл жас талапкерлер өнерін ұштаудың тамаша тәжірибесі тәрізді. Осы секілді шараларды біздің де өткізіп тұруымыздың ешбір қиындығы жоқ. Мәселен, жас ақындардың өлең жарысын Абай, Жамбыл ескерткіштері маңында өткізу, ондай «ақындық сағаттарының» уақыты мен құрамын белгілеу жаңа бір игі дәстүріміз болар еді. Абайдың, Жамбылдың ғана емес, Махамбеттің, Сұлтанмахмұттың, сол секілді басқа да ұлы ақындардың поэзия күндерін тұрақты өткізіп тұруға ешкімнің қарсылығы болмас еді. Сондай-ақ жыршылық, термешілік мерекелерін де ұйымдастырып отыру кезектегі істеріміз. Әрине, бұл жұмыстарға Мәдениет министрлігі, Жазушылар одағы мұрындық болуға тиісті екені түсінікті. Ақындар айтысының жазба мәдениет дамыған кезеңде қатарласа дамып келе жатқаны теңдесі жоқ ғажайып құбылыс. Бірақ әрбір жанды дәстүрді саналы түрде қолдап, көтермелеп, жағдай туғызып отырмаса, өздігінен өркен жайып кете қоймайды. Сол үшін айтыстың айрықша өнер екенін қадір тұтып, оның гүлденуіне барлық жағдайды жасау борышымыз.

Қазақ халқы ежелден ақындықты, тапқырлықты, шешендікті айрықша өнер санаған. «Өнер алды — қызыл тіл» деген нақылда елдің сондай ұғым-түсінігінің ізі жатыр. Жаратылыс құбылыстары, түрлі пәндер, мамандықтар, кәсіптер, қоғамдық құбылыстар, қилы-қилы тарихтар, әлем ғажайыптары туралы хабардар халықтың барлық өнердің ішінен сөз өнерін бірінші орынға қоюы терең мәнді мәселе. Тапқыр, орынды сөзді культ, кие санаған елде ғана «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» дейтін шешендерді мадақ ету дәстүрі қалыптасқан. Ал шынында, «ердің құны» деген ел мен елді тартыстыратын, шабыстыратын, бітіспес өштіктерді қоздыратын сұмдық ауыр оқиға ғой. Кейбір халықтарда «қанды қанмен жуу» әдеті күні кешеге дейін сақталып келгені мәлім. Міне, осындай ақыры насырға шаптыратын қылмысты істерге сөзбен бітім жасаушылық қазіргі адамдар ұғымына онша қона бермейтін бір жұмбақ секілді көрінуі де мүмкін.

Бұрын кейбір елдер, соның ішінде қазақ халқы сөз күдіретін, оның өсерін пір тұтқан. Ол ұғымның түп-төркіні адамдардың көне дәуірлердегі кейбір нанымдарына апарлады. Ерте замандарда, алғашқы адам қауымы кездерінде сөздің сиқырлы күшіне сенушілік, сөзде аурудан айықтырарлық, төніп келген бәледен сақтарлық, кез келген қауіп-қатерден құтқарарлық қасиет бар табынушылық орын алған. Ертегілерде адамды «дуалап», аңға немесе құсқа «айналдырып» жіберушілік көріністері дәл осындай сенімдер салдары еді. Бәдік өлеңдері арқылы сөздің магиялық күшімен адам денесінен ауруды қуып жіберуге болады деп те иланған. Кейіннен алғашқы себептері ұмытылыққырап, жастардың бас қосатын әдеттегі ойын-тамашаларының біріне айналған бөлікті де осылай түсінсек керек. Сонымен, бір кездерде адамдар сөздің көдімгі қарапайым тура мағынасымен қатар астарлы, киелі мәні де барлығына имандай сенген. Сөздің қасиетіне бұлайша табыну қазақ арасында өзінше бір дәстүрге айналған.

Ақындық өнер ғайыптан келген күш арқылы дариды деп түсінушілік те осы айтылғанға байланысты. Ертедегі атақты сөз шеберлерінің қай-қайсысы да түсінде біреулер «аян» бергеннен кейін ғана ақындық пырағына мінген. Мұның өзі де ақындық адамнан тыс бір күдірет арқасында пайда болады деген нанымның кен тарағанын көрсетеді. Көшпелі өзбек руларының ақындарында сөз

өнеріне жетілу үшін «мұрат тауына» барып қону керек деген үрдіс болған.

Сөз қадірін ерекше түсінген ел шешендік, тапқырлық сайысында ешкімнің де әлеуметтік, әулеттік, жыныстық айырмашылықтарына шек қоймаған. Бұл ақындықтың өзгеше бір демократиясы еді...

Әйелдер қазақ ауыз әдебиетінің көп жанрларының көркеюіне атсалысқан. Бұл кезге дейін жете бағаланбай келе жатқан салттық өлең-жырдың бір саласы — жоқтауларда әйел, қыздардың үлесі тіпті бөлек. Көркемдігі кемел жоқтаулардың бірқаншасы біздің заманға дейін жеткен. Бұл жанрдағы жаратындылардың айрықшалығы — белгілі бір дәуірде өмір кешкен адамдардың атқарған істері жөнінде дәл мағлұмат бере алатындығы. Солардың бірі — Қараөлектің жоқтауы деп аталатын бір өзі эпосқа барабар тұратын жыр. Кейбір ғалымдар, соның ішінде Мұхтар Әуезов, эпикалық аңыздардың түпкі бір негізі жоқтаулардан таралған деп көрсетеді. Мұны ол қол бастаған батырлардың бастан кешкендері туралы жоқтауда дәл деректердің неғұрлым мол ұшырайтынына қарап айтқан болуы керек.

Ал ақындар айтысының тарихында әйел, қыздардың орны ерекше. Жанрдың қалыптасып дамуына олар еркектермен тең дарындылық көрсеткен деуге болады. Осы жағдай ақындар айтысының өзгеше бітіміне байланысты туған. *Ақындар айтысы — тамам жұрттың алдында өтетін тапқырлық өнер жарысы. Мұның танытқыштық, тәрбиелік, эстетикалық қызметімен қатар, тамашалық әсері де үлкен. Айтыстар — заманның небір күрделі сауалдарын көтере алатын, әлеуметтік мәселелерді күн тәртібіне қоятын, өмірдегі жақсылықтарды жарқырата ашып, кемшіліктерді сын отымен қаритын мүмкіндігі мол жанр. Міне, осындай парасат, білімділік, тапқырлық, әділдік, батылдық сыналатын жарыстарда еркек пен әйелдің қатар түсуі сөз сайыстарына айрықша ажар енгізген. Айтыстар қоғамдық дерттерді жұртшылық талқысына салатын, шешілмеген проблемаларға елдің назарын аударатын өткір де ұтқыр публицистиканың да орнына жүрген. Әріптестердің айтыс кезіндегі диалогтарында шындықтың түп терендеріне дейін ашылып отырған, ақиқаттың жартыкеш қалып қоймауына айтыстың жанрлық ерекшелігінің өзі себепкер болған. Сол үшін де мұнда кейде романның толықтығы, драманың тартыстылығы, лириканың сыршылдығы қатар көрініп отырған. Айтыста жеңген мен жеңілген-*

нің төрелігін жиналған жұртшылық, алқалаған әлеумет шешетін болғанының өзі дүние жүзі өнер тарихында сирек кездесетін құбылыс.

Революцияға дейінгі ақындар айтысы тарихынан небір дарынды әйел, қыздар есімін көреміз. Олардың жиын-тойларда, кез келген салтанатты сәттерде табанда төгіп айтқан өлеңдерінің бізге жеткендері жүзден, мыңнан бірі дерліктей. Бірақ осындай санаулы мұраның өзінен ақындық тапқырлықтың өзгеше өрнекті үлгілерін кездестіруге болады. *Атақты ақын Сарадан бастап, Рысжан, Ұлбике, Манат, Қадиша, Айкүміс, Нұрила, Ақсұлу, Тәбия, қыз Болық, Айқын қыз, Шәріпжамал, Ажар, Назым, Ұрқия, Мәйке қыздарға жалғасатын өнерпаздар тізбегі ақындық мәдениет тарихының төрінен орын алуға лайық.* Әр ауылда дерлік кездесетін, есімі мен сөздері ұмытылған қыз ақындардың қазақтың өлең күмбезіне қосқан нақышы аз емес. Салақтық пен зерттеу мәдениетінің төмендегі салдарынан бізде осы кезге дейін ең әйгілі дейтін ақындардың да өмірбаяндық деректері жиналмаған. Жалпы өнер қайраткерлерінің шығармашылық тарихының жазылмауы қазақ әдебиеттану ғылымындағы үлкен олқылықтың бірі болып келеді. Сөз реті келгенде айта кетейік, ертеде өткен және біздің дәуірімізде жасаған ақын қыздардың өмірбаяндық мағлұматтарын әлі де болса іздей түсу, олардың жасаған кезеңін, өмір кешкен өлке-сін, шығармашылық тағдырын нақтылы көрсету керек, есімдерін әдебиет тарихына кеңірек ендіру шарт.

Ақын қыздар айтысынан білімділік, тәлімділік, тапқырлық, әлеуметтік қырсықтарды сынау, қоғамдық қайшылықтарды ашу — бәрі де табылады. Мәселен, өлеңнің мазмұн тереңдігін сыртқы сұлулығымен ұштастырудың, төрт аяғы тең жорға төкпеліктің алуан үлгісі ақын Сараның Біржанға қарата айтылған кезек сөздерінен мол ұшырайды.

Майысып нәзік белім бұраң қаққан,
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан,
Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,
Сықылды гауһар сағат нақыс шапқан.
Ажымсыз он саусағым бәрі де аппақ,
Болғанда ауызым — сағат, ернім — қақпақ.
Кірі жоқ отыз тісім меруерттей,
Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ақ.
Мойыным сұңғағындай жүзген қудың,
Лебізім шырынындай шәрбат судың.
Қаққанда төңкерілген қас бітісім,

Ашылған айбатындай жібек тудың.
Тамағым жас баланың білегіндей,
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей...

Осылайша үздіксіз төгіліп отыратын өлең кестесі әуел баста ауызша шығарылған деуге сену қиын. Бірақ қазақ арасында ақындық өнердің мейлінше кең таралып, әрі бағаланып, киелі өнер дәрежесіне көтерілгенінен хабардар кісі төкпе тапқырлық мүмкіндігі шексіз болғанын мойындайды. Мұндай төкпе ұйқастар өлеңді қарасөз қатарлы еркін игерген ұзақ, тұрақты жаттығу нәтижесінде туғаны белгілі. Спортшылар кейде адам айтса нанғысыз рекордтар жасайтынын білеміз. Сол секілді ауызша айтқыштық дәстүр де айтыстарда мүдірмей өлең төгетін ақындар тұлғасын қалыптастырған деп қарау керек.

Тәбия қыз айтыста өзінің әріптесіне жастардың бас еркі жоқтығын өте күрделі әңгіме етіп айтады:

Қулықты құрттай санап, ішке тығып,
Жарыққа жаз шыққандай шығармаймыз.
Не жақсы, не жаманды білмеген сон,
Бас салған соқыр түнгі тұмандаймыз.
Айтып қал арман қылған сөзің болса,
Үнемі бірге жүріп, тұра алмаймыз...

Ақын Күйкентай өзінің сүйгеніне деген інкәрлігін әрі шебер, әрі ойнақы сөздермен жеткізеді:

Бекер ме екен дүние, шекер ме екен,
Осындай боп дәуренім өтер ме екен?
Қанатына лашынның хат байласам,
Аман-есен сол хатым жетер ме екен?

Айтыс тақырыбының алуан түрлі мәселені қамтитынына да мысал мол. Жүйрік ақын қыздардың бірі Ұлбике Күдері қожамен айтысында қоғам өмірінің көлеңкелі жақтарын сынайды, дін иелерінің кескінін ашады. Ұлбике Күдерінің дін сөздерін келтіріп, білімділік асырмақ болғанына іркіліп қалмайды, кітап білімінен өмір білімі жоғары дегенді бейнелі түрде үйлестіреді.

Сен-ақ оқы әліп пен әбіжатты,
Мұрным «әліп» болғанда, қасым «мәт-ті».

Көкірегім — кітап сөзі, тілім — құран,
Мен сенен үйренбеймін шариғатты.

Акын Шәріпжамал әріптесіне сөз кезегінде өмірдің өткіншілігін былайша баяндайды.

Жас өсіп, көрі еңкейіп, орта ер жетіп,
Сапарын жалғаған көш керуендетіп,
Талпынып бойда барды қарыштап қал,
Көңілдің жапырағын желдей желпіп...

Айтыс өлеңдерінен біз тек шындықты ғана тауып қоймаймыз, әсем тізілген көркем бейнелерді де молынан кездестіреміз. Көп айтыстың ел есінде қалуы олардың мазмұны мен түрінің берік бірлестік табуына байланысты. «Атанған бала жастан акын Ажар, он төрттен жүрген шағым болды базар» дейтін акын қыз Ажар өзінің Уақитпен айтысында ел ішіндегі өрескел құбылыстардың бірі — топшылдықты, партиягершілікті, өзара тынымсыз жауласушылықты, берекелі іске дағдыланбағандықты өткір танбалайды:

Күндікке ұстап берді өз жақынын,
Халқына басшы болған талай данаң.
Сен де қайда арамдық, қулық болса,
Басасын аяғыңды соған таман...

Келтірілген қысқа мысалдар айтыс өнерінің жан-жақты жетілуіне акын қыздардың салмақты сыбаға қосқанын дәлелдей алса керек.

Жазба мәдениеті ересен өскен заманда ауызша айтқыштық дәстүрінің жалғасып, дамып келе жатқаны ғажайып құбылыс. Үлкен-үлкен роман оқып дағдыланған бүгінгі оқушының жыршылар өнерін тамашалаудан әсте жалықпайтыны неліктен? Соңғы ширек ғасыр ішінде жыршылық, термешілік қайта жанданды. Радио мен телевидениенің насихаттауы арқасында бұрынғы кезде көбінесе ән шырқаған Арқа елінің де барлық түкпіріне термешілік тарай бастағанын көріп жүрміз. Облысаралық айтыстарда термешілер шығармайтын ауыл, аудан бұл күнде жоқ деуге болады. Қазақстанның кейбір өңірінде, Қарақалпақстанда, Бұхар маңында түні бойы жыр тыңдайтын қауым әлі де бар. Сонымен, жыршылық, термешілік бүгінгі мәдениетімізге табиғи әсем ағын болып қосылып отыр...

Акындар айтысының жандануы — зор табысымыз. Театрға аса ықыласты бара қоймайтын қауым айтыс кеші дегенде тайлы-таяғымен ұмтылатынын соңғы жылдарда жиі көріп келеміз. Айтыс өтетін залдардың ешқайсысына да келгісі келгендер сыймайды. Залда отырған бірде-бір адам айтыс қызығына керенау қарай алмайды, кештің басынан акырына дейін акын да, тыңдаушы, көруші де шығармашылық үрдістің барабар атқарушылары секілді күйде болады. Айтыстың жылдан жылға көркейе түсуі бұл іске әдепкіде сенімсіздікпен қараған қаншама жандардың пікірін өзгертуге мәжбүр етті. Мұндай сөз сайыстары акындық алғырлықтың теңдесі жоқ мектебі, емтиханы тәрізді тартымды да тағлымды құбылысқа айналды...

Жанарған айтысқа жан кіргізген дарындылар қатарында көптеген қыз, келіншек жүруі де жанрдың ежелгі шарттары мен қасиеттері өзінің күшін сақтап отырғанын көрсетеді. Осы күнде Надежда Лушникова, Шолпан Қыдырниязова, Әселхан Қалыбекова, Жұмаш Оспанбекова, Әсия Беркенова, Райхан Нәкеева, Тәушен Әбуова сынды айтыс акындарының есімін бүкіл республика жұртшылығы жақсы біледі.

Айтыстың өзіне хас жанрлық белгілері жойылмай, қайта әлеуметтік тынысы кеңейе түсті деп тұжырымдауға негіз жеткілікті. Қазіргі айтыстарда жеке бастың сырлары мен мұңдарынан гөрі қоғамды, жұртшылықты толғанып жүрген проблемалардың көбірек көтеріле бастауы осы айтқанымызды дәлелдейді. Әрине, қазіргі айтыс өзінің денгейіне, биігіне шықты дегелі отырған жоқпыз. Талдап айтсақ, оның жекелеген ұнамды тұстарымен қатар көптеген олқылықтарын (жасандылық, жаттандылық, күнілгері дайындап келген сөздерін ғана айтып шығушылық, сөзге саздың лайық келмеуі, әдеп мөлшерінен аттап кетушілік т.б.) көрсеткен болар едік. Біз бұл арада осы күнгі айтыстарға толық талдау жасау міндетін алмаймыз. Атап өткіміз келген нәрсе — айтыстың бұдан былай кең тыныспен жандануға мүмкіндігінің мол екендігі және осы айтыстың туын көтеруде қыз, келіншек акындардың күрделі орын алып отырғандығы.

Акын қыздарымыз айтыс жүгін көтерерлік болып шыныққанына көп мысал келтіруге болады. Бұрынғы акындар дәстүрімен сөз сайысына асқан сеніммен, әрі әдепті, әрі айбатты екпінмен келушілік, әріптесін ықтыра сөйлеуге талаптанушылық қыз акындарымыздың қай-қайсысының да өлеңдерінен кездеседі. Ке-

шегі акын Сараның бүгінгі сіндісі Жұмаш Оспанбекованың сөз ағымынан осы дәстүр анық байқалады. Ол бірде:

Күн тұрмақ жел тимеген сауырына,
Қапалдын мен бір ерке ак маралы... —

деп өр сөйлесе, бұдан кейін Әсет ақынға жауап сөзінде сурет бейнелерді еркін төгеді:

Барыспын жатқан ізін білдірмеген,
Елімнің көгіндегі бидайықпын.
Сұқсырмын айдын көлде еркін жүрген,
Қаңғыған қаршығаға ілдірмеген,
Лағындай құралайдың бетпақтағы,
Аншыға басқан ізін білдірмеген.
Тұмамын көл шетінде тартып кетер,
Маңына жоламайтын сыр білмеген...

Бұл жолдардың классикалық айтыс өлеңдерімен деңгейлес екенін әркім аңғарса керек. Жұмаштың мұндай сөздері кездейсоқ шабыт нәтижесі болып көрінбейді, әдемі, ажарлы шумақтар оның басқа айтыстарында да кездеседі. «Замана ағымының пернесімін, мен оның тың күйі боп шертілемін» дейді акын тағы бірде.

Осындай ұтымды, үйлесімді бастаулар өзге акын қыздарымызда да көрініс беріп отырады. Бұған да бірнеше мысал келтірейік.

Кезінде Нұржан акын басын иген.
Арудың Ақсұлудай жалғасымын (Әсия).
Оразамды өлеңмен ашып келем,
Жүрегімнен інжу жыр шашып келем,
Кеудесіне нан піскен жан екенсін,
Екпініңді киіздей басып берем (Шырын).
Женешен әрі шешен, әр сотқар,
Тап болмасын саған да біздің шоқпар.
Өзіңдей он жігітті күйдіретін,
Кеудемде қыз күнімнен әлі шок бар (Надежда).
Арасы екеуміздің аспан, жердей,
Өлеңім таудан құлап аққан селдей (Өселхан).

Айтыс өлеңдердің күшті де әсерлі шығуының бір шарты әріптестердің бір-біріне тең, шебер болып кездесуі. Айтыстарда алғырлығы көрінген Қонысбай Әбілев, Көкен Шәкеев, Қалихан Алтынбаев, Есенқұл Жақыпбеков, Әбдікәрім Манапов, Баянға-

ли Әлімжанов, Айтуған Шәйімов, Серік Өтеуов, Ерік Асқаров, т.б. бұл өнердің жүйріктері. Айтыс керуенін Көпбай Омаров, Манап Көкенов, Әсімхан Қосбасаров, Мүгәліп Қыраубаев тәрізді тарлан ақындар бастап, бұл дәстүрді кейінгілерге саф таза қалпында үйретіп келе жатқандықтары қандай жарасымды... Бұларға жер-жерлерде қанша құрмет, ілтипат көрсетсе де лайық. Өйткені олар дүниеде тендесі жоқ «айтыс» деген өнердің үлгісін көрсетушілер...

Ақындық айтысқа қатысып жүрген қыз, келіншектер саны біз аттарын атап өткеннен анағұрлым көп. Айтыстың қанаты кеңейіп, өрісі ұзаған сайын жаңа есімдер қосылып отыруы табиғи ғой. Төкпе өлеңге қабілеті барлардың қай-қайсысына да қамқорлық көрсетілуі қажет. Өйткені «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей нағыз сайыпқыран шеберлер айтыс додасына неғұрлым жиі түскен сайын шыныға, жетіле бермек. Ақындар айтысы кез келген қолайлы сәттерде, осы өнерді түсінетін, бағалайтын ортада өтіп отыруы шарт. Бір көрініп, жоқ болып жүрген талапкер айтыс ақындары да бар. Мұның өзі әлі күнге дейін халықтық өнер дәстүріне шын мәніндегі ықылас-бейілдің қалыптаса қоймағандығының белгісі. Алғашқы бір-екі айтыста жалт етіп көрінген Райхан Нәкиева айтыс алаңына қайта шықпай қою себебін іздеген жан бар ма? Таланттың шыққанына сүйінбегендер, кеткеніне өкіне қоймайды...

«Ел іші — алтын бесік» дегендей, әрбір жаңа айтыс кездерінде өнер иелері табылып келеді. Солардың бірі — Түркістан ауданынан келген Тәушен Әбуова. Шымкент және Семей облыстары ақындар айтысының жаңалығы осы Тәушеннің табылуы болды. Мәдениет бөлімдерінің жергілікті қызметкерлері шындап іздесе, төкпе ақындар да, жыршы-термешілер де, күйшілер де, өншілер де кездесетініне жарқын мысалдың бірі осы. Тәушен Әбуова айтыс өнеріне жетіктігімен көзге түсіп, жүлделі орындарды иеленіп келе жатқан семейлік акын Қалихан Алтынбаевпен айтысында нағыз жүйрік екенін көрсетті, әріптесінің адуын, өктем сөздеріне ұтқыр жауап айтып, басым түсіп отырды. Өнерін жетілдіре түссе, Тәушеннен бұрынғы айтыс тарландарынан кем түспейтін нәтиже күтуге әбден болады.

Қазір айтысқа қатысып, өз өнерлерімен жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ақындар қатарында, сөз жоқ, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Жұмаш Оспанбековаларды алдымен

атауымыз орынды. Бұлар — ұзақ айтыстарға да еркін дайындығы бар, өнерлерін бұдан былай да ұштай беруге қабілеттілер. Біз осы ақындарымызды айтыс өнерінің жұлдыздары деп есептейміз, алдағы жарыстарда жаңа биіктерден көріне береді деп сенеміз. Айтыс өнері де ұдайы дайындықты, жиі жарыстарды, жанр сырларына терең бойлауды қажет етеді. Кейде табиғи дарыны күшті ақындардың өзі айтыс кезінде кідіріп, мүдіріп қалатындықтары да кездеседі. Мұның негізгі себебі шығармашылық дайындықтың аздығынан. Айтыс үрдісінде күнілгері жасалған әзірліктің мәні орасан зор. Негізінде, ауыз әдебиеті дәстүріндегі жанр болғандықтан, айтысу кезінде мұндай дайындықтың пайдасы аса үлкен болмақ. Кейде айтысты тамашалаушылардан «бастан-аяқ неге төкпе өлең жоқ» деп налитындарды да көріп жүрміз. Сондай төкпелер аспаннан түспей, бұрынғы іздерді өндеп, дамытып, жетілдіріп әкету жолымен жасалатынын да естен шығармалық. Фольклорда формулалық деген термин бар. Оның мәнісі эпоста болсын, ертегіде болсын қайталама жолдар, тіркестер жиі кездеседі деген сөз. Бұл заңдылықтан ақындық айтыс та шет тұра алмайды. Сондықтан айтыстың белгілі дәрежеде синкретті өнер екенін есте ұстауымыз керек.

Айтысты дамытудың жолдары, проблемалары көп. Оның шығармашылық жетілуіне жанрдың кейбір теориялық, бағыттаушылық жайларының шешімін тауып болмауы да кедергі келтіріп жүр. Мұны салдарлы өнер деп карамай, тек ермек үшін немесе жоспарлы кезек үшін ғана өткізуді мақсат етсек, шын айтысқа жете алмауымыз мүмкін. Сол үшін Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті мекемелері, сөз өнеріне қатысты басқа да орындар күш біріктіріп отыруы ләзім. Қазіргі кезде айтыс, термешілік жарыстарын өткізуге жүйелі түрде көңіл бөліп жүрген мекеме — республикалық радио мен телевидение комитеті, сондағы Жүрсін Ерманов секілді энтузиаст жандар... Бірақ ол мекеменің ақындар мен жыршыларды біріктіріп, олардың жұмысына серпінді бағдар, жоспарлылық беруге мүмкіндігі жетпейді. Түбінде, *Мәдениет министрлігінің жанынан халық ақындары мен жыршыларының шығармашылық бірлестігін құру қажет болар...*

Қазақстан Жазушылар одағы фольклор кенесінің ұдайы көңіл бөлетін істерінің басты бір саласы — көне ауыз әдебиеті мұрасының лайықты екшеліп, сапалы түрде басылу, халық игілігіне айналу үрдісіне атсалысу, олардың зерттелу, насихатталу жұмысына қатысу.

1986 жылы көне фольклорлық мұраның бірталай татымды нұсқалары жарыққа шықты. Бұл қатарда М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеп, «Жазушы» баспасы жариялаған батырлар жырының үш томдығын, «Қорқыт ата» кітабын (қазақшалаған марқұм профессор Ә.Қоңыратбаев), «Қисса-дастандарды» (құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған — филология ғылымдарының кандидаты У.Суханбердина), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін» (түркіше нұсқасынан тәржімалаған — ақын А.Егеубаев), «Сөз атасы» атты көне мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер топтамасын (құрастырған әрі қазақшалаған — тілші-ғалым Ә.Құрышжанов) алдымен атаймыз. Өзінің ғылыми деңгейі жағынан жоғары бағалануға тиісті тағы бір басылым — «Оғызнаме», Мұхаббатнаме» (мәтіндерді баспаға дайындаған, қазақ тіліне аударған және зерттеу мақалаларын жазған — Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Ә. Күмісбаев) атты кітап. Бұған «Жалын» баспасынан жарық көрген «Айман-Шолпан», «Қырық өтірік», мақал-мәтелдер жинағы қосылады. Профессор Х.Сүйіншәлиев Қазақ мемлекеттік университеті баспасынан Махмұт Қашқаридың «Диван лұғат ат-түркіңдегі» өлең сөз нұсқаларын жеке кітап етіп шығарды.

Фольклор кенесі өзінің арнаулы мәжілістерінде атакты жыршы-жыруалар, төкпе ақындар мұрасы және олардың шығармашылық дәстүр жалғастығы жөнінде кең талқылаулар жүргізіп отырады. Мәселен, түрлі қызықты тақырыпта онға жуық жиналыстар өткізілді. Бұл ретте Жамбыл Жабаевтың туғанына 140 жыл толуына байланысты «Жамбылдың ақындық, жыршылық дәстүрі» деген жиналысты айрықша атауға болады. Онда ғалымдар, жазушылар, ақын-жыршылар мәселені кең толғап, өз пікірлерін ортаға салды. Өте қызғылықты әрі соны мәжілістің бірі атакты ақын-жыршы Мұрын жыраудың мұрасына арналды.

Халықтық поэзия дәстүрінде толғаған ақындар туындыларының баспадан шығып, жамағат игілігіне айналуына да атсалы-

сып келеміз. Жарияланған осындай жинақтың өзі бір шоғыр. Олар: Базар жырау толғаулары, Доскей Әлімбаевтың «Кенші жыры», Сәттігүл Жанғабыловтың «Ой толғауы», Қалқа Жапсарбаевтың «Бакыт жыры», Қуат Терібаевтың «Жетісу жырлары», Қаныбек Мейірбековтың «Мейірім» кітаптары, тағы басқа жинақтар...

Фольклор мұрасы, ел аузында сақталған накыл, шешендік сөздер мен аңыздардың газет-журнал беттерінде жариялануы мен оларды халыққа таныстыруда ғылыми біліктілік керек. Фольклордың бұрынды-соңғы өміршен нұсқалары жайында тұтас мағлұмат беретін, дұрыс ғылыми методологияға сүйенген еңбек ретінде филология ғылымдарының кандидаты Ш. Ыбыраевтың Қорқыт туралы эпикалық аңыздауларды ғылыми талдап ұсынған кітабы аталуға лайық.

Ауыз әдебиеті дәстүрін жалғастырып, дамытушы төкпе акын, жыршы, термешілер өнері — қазіргі мәдениетіміздің бір қызықты саласы. Ғылыми-техникалық прогресс заманында, радио, теледидар, кітап, газет, журналдар кең тараған кезеңде акындық пен жыршылық дәстүрдің қайта жандануы — ғажайып құбылыс. Біздің есебіміз бойынша, қазір жер-жерлерде аты белгілі акындар мен термешілердің саны 700-ге жуық. Мұндай халық таланттары республикамыздың барлық облыстарында, Қарақалпақстанда, Үргеніш, Бұхар, Ташкент өнірінде де көптеп кездеседі. РСФСР-дің бірталай облыстарында, Қалмақ АССР-інде, Таулы Алтай автономиялық облысында тұратын акын-жыршылар да бар.

Төкпе акындық пен жыршы-термешілікті жалғастырып, дамыту ниетімен республикамыздың түрлі мәдениет орындары бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Бұл ретте қазақ радиосы мен телевизиясының ел өнерпаздарына деген ықыласы мен ниеті ерекше ілтипатқа лайық. Қазақ телевидениесі бірнеше рет облысаралық айтыстар ұйымдастырып, республиканың көрермен жұртшылығына талай таланттарды таныстырды. Қыз бен жігіт айтысын ұйымдастыру да — ізденістің жарқын бір көрінісі.

Бұл айтылғандарға қарап классикалық фольклор мұрасын игеру, халықтық дәстүрдің қазіргі жалғастырушыларына қамқорлық өз дәрежесінде деуге болмайды. Алдағы кезде атқарар шаруалар толып жатыр. Ең алдымен фольклорлық мұраны басып шығаруда кездесіп жүрген ортақ бір келенсіз кемшіліктен арылуымыз қажет. Ол *ауыз әдебиеті шығармаларының мәтініне орынсыз редакция жасау, стильдік өзгерістер енгізу, кейбір сөздер*

мен тіркестерден сескеніп, дәлелсіз қысқартулар жасау. Халықтың гасырлар бойында санасында сақталған, сансыз айтушылардың орындауында екшелген, қалыңқа түскен сөз жүйелері мен шумақтарды «сүргіге» салу ғылыми жағынан зиянды әрекет.

Екінші — КСРО халықтары ауыз әдебиетінің үздік ескерткіштерін жүйелі түрде қазақ тіліне аудару мәселесін де қолға алатын мезгіл жетті. «Жалын» баспасының ноғай ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жеке кітап етіп жариялауды көздеуі — сөз жок, үлкен бір игі істің нышаны. Осылайша орыс, украин, татар, башқұрт, құмық, қырым татары, алтай, саха, қарашай, балқар фольклорының да інжу-маржан нұсқаларын ана тілімізге аударып, қалың оқырманға ұсынып отырсақ, мұнымыз халықтар достығының тікелей айғағына айналып, интернационалдық тәрбие мәселесіне зор пайдасын тигізген болар еді.

Үшінші — қазақ халқының бай фольклор мұрасын өзге елдерге таныстыру мәселесін де шұғыл қолға алу шарт. Бұл істе біз мүлдем артта қалып қойдық. Халқымыздың эпикалық дастандары ондап емес, жүздеп саналатын болса, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Қарасай-Қази», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» тәрізді мазмұны терең, көркемдігі кемел жырларымызды, ауыз әдебиетінің басқа да жанрларындағы таңдаулы шығармаларды басқа тілдерге аударатын уақыт әлдеқашан жеткен жок па? Кезінде бұл көркем ескерткіштердің кейбіреулері не үзінді, не қысқарған нұсқа түрінде орыс тіліне тәржімеленгені мәлім. Ендеше осы игі істі, үлкен әдеби-әлеуметтік мәні бар шараны неге жүйелі түрде жүзеге асырмаймыз? Бұл жұмыс жоспарлы да міндетті сипатқа ие болуы керек. Егер «Жалын», «Жазушы» баспалары қазақ фольклорының мәңгі өлмес нұсқаларын орыс тіліне аударып шығаруды ниет етсе, фольклор кеңесі де, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары да өз көмегі мен кеңесін аямас еді...

Төртінші — әдеби және фольклорлық мұраны кең көлемде игеріп, терең толғамды зерттеуге бізде кейбір кедергілер де кездеседі. Ол идеология жұмысын басқарып отырған қайсыбір жолдастардың революциядан бұрынғы мәдени мұраға тосырқай қарайтындығы. Олар эпоста, аңызда, ертегілерде, акындар айтысында ру, тайпа аттары немесе билер есімдерінің кездесуі қазіргі идеологиялық ісімізге залалын тигізетіндей көреді. Ғылыми зерттеудің мақсатының өзі — ерте замандағы таптық, рулық теңсіздіктерді

ашып көрсету, үстем тап өкілдерінің рулық алауыздықтарды өз мақсатына пайдаланып, халықты неше алуан қиындықтарға душар еткенін әшкере ету емес пе? Тарихи шындық солай болса, оны қалай жасырып қоямыз? Қазақтың шежіресін зерттеуге тыйым салғысы келетіндер де пайым-түсінігі жетілген жандар емес. «Тарихи роман көбейіп кетті» деп, ол шығармалардан қайдағы бір құбыжықтарды іздегісі келетіндік те мәдени мұраға деген теріс, біржақты көзқарастың салдары. Қысқасы, әдеби-фольклорлық мұраны игеру жұмысының қарқынды өріс алуына ғылымға қатысы жоқ, осындай субъективтік ойлар мен ғылыми негізсіз «нұсқаулардың» да бөгесін екені анық. Ғылымды бұдан былай да дамыту белгілі тақырыптарға мүлде тыйым салып қою жолымен емес, тарихи құбылыстарды терең танып, жүйелі талдай білу, прогрессивтік құбылыстарды насихаттау, біздің ісімізге зиян келтіретін сарындарды өшкереу жолымен ғана жүзеге асатынын ұмытпалық.

Бесінші — ақындық айтыс пен жыршылық өнердің қазіргі кездегі жүздеген өкілдеріне ұдайы көңіл бөліп, олардың шығармашылығын талдап, жақсылығын бағалап, кемшілігін көрсетіп отырған арнаулы мекеме жоқ. Республика Мәдениет министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақ радиосы мен телевизиясының бұл салада жүргізіп жатқан істерінде жоспарлылық емес, кездейсоқтық басым. Тіпті осы ақын, жыршылардың таңдаулы жаңа туындыларын жариялап, жұртшылыққа жеткізетін тұрақты жылдық жинақтар да, төкпе ақындық пен жыршылық өнерге тағайындалған республикалық сыйлықтар, атақтар да жоқ. Мәселен, «Қазақстанның халық жыршысы» деген атаққа лайық өнер иелері бізде баршылық. Ал Алматыда өтетін ақындық, жыршылық өнер жарыстарына халықтың қаншалықты ықыласты екендігі баршамызға аян. Бірақ сол тамаша жарыстар өтетін арнаулы орындар бар ма? Жақында ғана Қазақстан Жазушылар одағы басқармасында таңдаулы төкпе ақындарға Жазушылар одағының бір сыйлығы белгіленетін болып шешім қабылданды. Бұл, әрине, жақсы нышан. Бірақ осындай нышандар жалғасып, төкпе ақындар мен жыршылардың шығармашылық мұқтажы кеңінен ойластырылса орынды. Әзірбайжанда ашықтардың (ақындардың) шығармашылық бірлестігі ұйымдастырылып, ел өнерпаздарының дәстүрін дамытуға жан-жақты көңіл бөлініп отырғанынан хабардармыз. Түбінде осы секілді шығармашылық бірлестік Қазақстанда да құрылуына толық мүмкіндік бар.

VII

Ақындар айтысы қашанда қайталанбас өнер мерекесі. Сөз сайысына шыққан әріптестердің қайсысы қандай мәселе көтеретінін күні бұрын ешкімге жарияламайды, айтыс тұсында тосыннан төгілетін көркемсөз кестелерін, тапқырлық пен өткірлік мысалдарын ешкім де алдын ала болжай алмайды. Айтыста жатандылық, бірізділік, схемашылдық неғұрлым аз болса, оның қызығы да солғұрлым көп. Әрине, кез келген ақын айтысардан бұрын іштей үлкен әзірлік сәттерін бастан кешіреді, өзінің халық сынына салатын ең саликалы ойлары мен толғаныстарын белгілі дәрежеде екшеп барады. Бірақ айтыстың дүниеде ешбір басқа өнерде кездеспейтін ерекшелігі сонда, әлгіндей әзірліктің іске жарамай, пайдаға аспай қалатын кездері де болады, әріптестің күтпеген сұраулары мен сындары ақынды табанда жауап табуға, өлеңнің әрбір кезегінде соны соқпақ іздеуге мәжбүр етеді. Айтыстың тыңдаушы мен көрушіні бір мезет те жайбаракат қалдырмай, ылғи өзіне тартып, ынтықтырып отыратын әлсіремес әсері мен тозбас ажары осы айтылғаннан аңғарылса керек. Үлкен сүре айтыстар мен ең қысқа қайымдасуларға да бұл заңдылық жүреді. Той-мәжілістердің өзінде ойламаған жерден туып кеткен бірер ауыз тапқыр өлеңдердің өзі бір кештің сәнін көтеруге жарайтыны да болады. Осындай жоспарланбаған тосындығы мен ел алдында айтылатын мейлінше жариялылығы айтыстың күллі сөз өнері ішіндегі ерекше демократиялы әрі көпқырлы құбылыс екенін дәлелдей түседі. Сондықтан да ақындар кез келген сөз қарымтасына жарысқа тұңғыш рет түсіп отырғандай жауаптылықпен барады: бұрынғы жеңістер ешқашан да ақынның жаңа тайталаста озып шығатынына кепілдік бере алмайды, шеберлік пен тапқырлық үлгісін әр жолы жаңадан көрсетуге тура келеді. Әрбір айтыс ақындардың өздеріне де, жұртшылыққа да ылғи дерлік «таныс бейтаныстай» құпия кездейсоқтық сақтап тұрғандай сезілетіні осыдан...

Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш кентінде болған Алматы облыстық ақындар айтысын тамашалауға барғанда, төкпе өлеңнің осы тәрізді дәстүрлі шарттылықтарын есімізге түсірген едік. Бұл жолғы айтыс Жетісу жерінің көрнекті ақындарының бірі — Үмбетәлі Көрібаевтың туғанына 100 жыл толуына бағышталуы өлең жарысына қосымша міндет жүктегені белгілі. Өз өмі-

рінде талай рет әйгілі әріптестермен кездесіп, қиыннан қиыстырып сөз табудың сан рет жақсы үлгісін көрсеткен Үмбетәлінің:

Жорғамын шаршы топта самғайтұғын,
Күлікпін жүгірістен танбайтұғын.
Қаба жал, қамыс құлақ қаракөкпін
Ылауға он күн мінсе талмайтұғын, —

деген сөздерінен сенімді жүйріктің серпінді шабыты байқалатын еді ғой. Ал Үмбетәлінің алдында өткен атақ-даңқы қазақ даласына жеткен Сүйінбай, кеңес заманында халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл туып-өскен, өлең «қонып өткен» өңірде айтыс дәстүрінің кең тарағаны ертеден-ақ барша жұртқа мәлім болатын. Қырғыздың атақты жыры «Манастың» негізгі оқиғалық желілері мен аса танымал көркем кестелері ғасырлар бойында ұмытылмай сақталуына жыршылардың ғана емес, тыңдаушылардың да үлесі мықты болғанын білеміз. Қырғыз тыңдаушылары «Манастың» ең қызықты, шырайлы бөлектерін жыршыларға міндетті түрде айтқызып, өздері де рақаттанып, жас буын өкілдерін де эпостың ұлы тұлғасымен таныстырып отыруды салтқа айналдырған ғой. Сондай-ақ Жетісуда төкпе ақындық өнердің дамуына өлең сүйер ортаның ықпалы аз болмаған. Бұл өлкенің елі — ақындықтың алуан үлгілерін көзбен көріп, құлақпен естіп, тыңдап, бағалап дағдыланған ел. Сол үрдіс қаншалықты сақталды екен деген сауал да көңілімізде жүретін. Олай ойлауға себеп аз емес. Соның біріншісі — қазақ мектептерінің азайып, түрлі көпшілік орталарында қазақша сөйлеу дағдысы әлсірей бастағаны, балалар бақшаларының мүлде дерлік жоқтығы, ана тіліне балалардың жастай жаттығуына көңіл бөлінбеушілік, ересек қауымның өзі де тілдің нәрі мен балынан мақрұм қалып жүргендіктері болатын.

Ұзынағаштағы Мәдениет сарайына ақындық айтысты көруге келген халықтың көптігін және олардың сөз сайысының ұзына бойында белсене ықылас білдірісіп, әрбір тапқыр тенеуге, қызықты ойларға зерек мән беріп, қолдап, демеп отырғандықтарын көргенде әлгіндей күдігіміз біршама сейілгендей болды.

Қазақ сөзінің қадірін елге таратып, жақсы терме-жырларды, әдемі айтыстарды ұдайы насихаттап келе жатқан «тіл үйреткіш» телевизия мен радионың қызметі бұл күнде айрықша зор болып келеді. Республиканың астанасында, облыс орталықтарында өтіп жататын ақындық немесе жыршылық жарыстарының телевизия

арқылы беріліп жүруі сөздің де, саздың да кең таралуына себепкер. Қазақстанның қай түкпірінде де атакты айтыс ақындарының есімі әйгілі болып, олардың көтерген мәселелері елдің аузында жүруі осы себептен.

Алматы облысы ақындарының екі күнге созылған айтысы тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырды. Айтыс тамашалық қызметін ойдағыдай атқарғанының үстіне сөз сырына терең бойлай білетін талапкер төкпе ақындардың сенімді легі өсіп келе жатқанына да көз жеткізді. Сөз ұйқастыра білу, әріптестің сыны мен сұрауына жауап беру үдесіне шығудың өзі де оңай жүк емес. Бұл міндетті айтысқа қатысқан жиырма шақты ақын атқарып шықты. Бірақ өлең ұйқастыру айтыстың алғы шарты ғана. Мұндағы ең маңызды нәрсе тапқырлық, ой мен қиялдың ұшқырлығы, алғырлық пен әдептіліктің ұштасуы, әріптестің сөзіне қонақ беру... Міне, осындай нышандар байқалған тұстарда айтыс ажары жайнап сала беретінін көреміз. Ақындық әйтеуір сөз кезегін айтып шығудан емес, есте қаларлық күрделі көркем ой табудан танылса керек. Мәселен, айтыс қорытындысында жүлделі бірінші орын алған Нұрлан Әбдібеков бір сөз кезегінде «Жамбылдың жолбарысын қайтарамын» деген ой айтты. Осы сөздермен-ақ ол ақындық дәстүрдің тарихынан да хабардар екенін байқатып еді. Ел аузында қалған аңыз бойынша ұлы ақын Жамбыл өмір бойында жолбарысты ақындық киесі деп сеніп, сыйынып өткен ғой. Ол «жолбарысы» көз алдында елестеп тұрған кезде ешбір ақыннан жеңілемін деп ойламаған. Нұрлан мына жерде сол жолбарысты өзіне сүйеніш санап, қуатты ақындықтың баламасы ретінде келтіріп отырғаны анық... Мұны тапқырлық демеске болмайды. Төкпе ақындық қабілетін айқын танытқан Нәсілхан Токтасынованың сөздерді орнын тауып қалай білетіні жұртшылық назарын аударды. Оның әріптеске қарата айтқан «тентекке құратұғын талқымыз бар» деген сөз тіркестерінен көне ұғымды жаңа мағынада жаңғыртып пайдалана білетіндік сезіледі.

Айтыстың жүлдегерлері қатарынан орын алған Хасен Самаыров, Айтуған Шәйімов, Сейтек Бапанов, Биғайша Медеуова, Даубай Әбдісаевтар, айтысқа конкурстан тыс қатысқан белгілі ақын Есенқұл Жақыпбеков тапқырлық ұшқындарын танытып отырды. Сонымен ақындар айтысының көші жалғасып келе жатқанын және талапты төкпе ақындар шоғыры бар екенін көру — болып өткен сөз сайысының бас қорытындыларының бірі.

Алматы ақындарының облыстық айтысына Омбы қаласынан Амангелді Жүнісов, Қостанайдан Нұрлыбай Байғожин сынды өнер иелерінің келіп қатысуы айтыс өрісінің кенейе түскенін дәлелдейтін мысал. Ал Омбы қаласында қазақ мәдениетінің орталығын ұйымдастырған Майра Әлжанованың жиналған жұртты құттықтауы Ресей федерациясында тұратын жарты миллионнан артық қазақтардың ортақ лебізіндей болып естілді.

Ақындар айтысында үлкен әлеуметтік мәселелер көтерілуі тыңдаушыларға көп ой салды. Бүгінгі таңда шешуін күтіп тұрған ділгір проблемалар қатарында қазақ тіліндегі балалар бақшаларының, мектептерінің аздығы, жастардың ана тілін шалағай білетіні, көп жерлерде, соның ішінде Ұзынағаштың өзінде, қазақша жарнамалар мәтінін орысшасымен қатар жазуға көңіл бөлінбей келгені, кейбір аудан басшыларының ақындық, жыршылық өнердің құдіретін сезінбейтіні, тек бірыңғай шаруашылық бақылаушысы деңгейінде қалып жүргені секілді жайлар дәлелді түрде көтерілді. Өмір сүретін тіршілік ортасының ластануы, халықтың адамгершілік дәстүрлерінен ауа жайылып, азғындаушылықтың орын алуы, ата-анаға мейірімсіз балалардың пайда болуы, мәдени мұраға деген керенаулық тәрізді күрделі тақырыптар ортаға салынды. Әсіресе қырық жылдан бері залалды ауасын таратып жатқан Семейдегі атомдық полигонның зардабы («Қазақтың жер қазбаған баласы едік, бүгінде жатырмыз ғой атом жарып...»), *Іле өзенінің тағдыры, 1986 жылы желтоқсанда болып өткен оқиғаның халық көңілінде қайғылы із қалдырғаны шер саздары болып естілді.*

Айтыс кезінде көбірек көтерілген мәселенің бірі — Қарқара өзенінің халі еді. Осы кезге дейін Алматы облысының жұртшылығы біле бермейтін бір «тарихты» ақындар өздеріне тән батылдықпен әшкере ете алды. Ол тарихтын жайы мынау: кешегі тоқырау жылдарында республиканың басшылары дүние жаралғалы бері Алатаудан қазақ өлкесіне қарай ағып келген Қарқара өзенінің суын Қырғызстанға береміз деп «мырзалықпен» уәде беріпті. Ел атынан сөйлеген дөкейлердің халықпен ақылдасу, кеңесу ойына кіріп те шықпапты. Әлгіндей уәдеге малданған қырғыз ағайындар Қарқара суын бұрып әкетпек болып канал қазды, тек өзен суын бұратын сәтті ғана күтіп отырғаны қалың жұртқа ең соңғы кезде ғана мәлім болады. Осы бір сорақы істі жүзеге асырмауға Қазақстан Жазушылар одағы жанынан құрылған Арал-Балқаш комитетінің ғана белсене атсалысып отырғаны белгілі. Ал Қар-

қара суынан айырылу дегеннің неге апарып соғатынын кешегі «ел көсемдері» зәредей де ойламағаны қайран қалдырады. Қарқара суы өзінің ежелден бері келе жатқан ізімен ақпаса, ең алдымен, сұлулығы анызға айналған Кеген ауданының жайлаулары жоғалатынын, гүлстан өлке шөлге айналатынын, екіншіден, Қарқара суының келмеуі Ұйғыр ауданының тағдырына теріс әсер ететінін, ақырында Іле өзеніне құйылатын су азаятынын, мұның соны Балқаш көлінің басына төнген қатерді күшейтетінін бұл күнде үлкендер түгіл бала да жақсы түсінеді. Амал не, осыншама анық мәселені қолдан асқындырып, қазақ пен қырғыз халқының арасына ойда-жоқта «талас» туатынын сезбеген басшылардың зердесіздігі керексіз бейнет пен қысыр әңгімеге душар етіп отыр.

Айтыс кезінде қозғалған осы тақырыптардың өзі-ақ қаншама зерттеулер мен ғылыми конференцияларға жүк болатын мәселелердің бар екенін айқындай түседі. Мұның өзі ақындар айтысының әлеуметтік, азаматтық тынысы барған сайын жаңа қарқын алып келе жатқанын сипаттайды.

Әрине, айтыс өнері өзінің шарықтау биігіне шықты деп ешкім де айта алмайды. Әзірше айтыстардың көбінде көркемдік жетістіктен гөрі, жұртшылық үшін тамашалық қызмет атқару жағы басым болып келеді. Төкпе ақындық мәдениетке жетілудің жолы ұзақ. Ол үшін бәрінен бұрын айтысты мүмкіндігінше жиі де жүйелі өткізіп отыру шарт. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сонда ғана іріктеліп шығатын болады. Әзірше айтыс өткізу науқаншылықтан арылып болған жоқ, өлеңге қабілетті жастарды ұдайы тәрбиелеп, оларды жетілдіру жолдары саналы уәзипаға айналмаған. Әріптестің жете іріктелмей келетін себебі де осыған байланысты.

Екіншіден, көп ақындар төкпе өлеңнің жанрлық шартын біле бермейді. *Кейбір сөз жарыстарында тойбастардың да, арнау өлеңнің де, толғау, терменің де араласып жүргенін көреміз.* Қайымдасып айтысу, әріптестің сұрағына жауап беру, ел, қоғам алдындағы ортақ мәселелерді күн тәртібіне қоя отырып, жақсылықтар мен кемшіліктерді осындай биік мұраттар тұрғысынан сөз ету жағы жетіспейді. Алдын ала дайындап келген тезистерді қалайда тауысып айтып шығуды ғана мақсат санаған жерде төкпе ақындықты іздеу өуре болудың қажеті шамалы.

Айтыс кезектерінде әрбір ақын өз ауылының немесе ауданының бұрынғы-сонды даңқты адамдарын мақтан етіп отырула-

ры ежелден келе жатқан үрдіс болып табылады. Бірақ айтыстың танымдық әрі тәрбиелік ауқымын ұлғайту үшін әйтеуір ата-баба өкілдерін тізіп шығу келіспейді, бүкіл қазақ көлеміне шығарып көрсетерлік жандарды ғана мақтан етсе жарасады.

Міне, осы секілді әлі де босан жатқан жерлерін көріп-біліп отырғанда да қазіргі айтыстардың, соның ішінде жуырда ғана болып өткен Алматы облысы ақындары айтысының мәнін жоғары бағалауға лайық. Өкінішке орай, осы күнге дейін тиісті басшы орындардың айтысқа деген көзқарасы қалыптасып болмағанға ұқсайды. *Айтыста сын отына қарылған бірде-бір кемшілік жөнінде жергілікті жерлерде ресми талқылаулар болып, нақтылы шаралар белгіленгенін естіген емеспіз.* Бұл — айтыстың қоғамдық ойлар мінбері екенін түсінбегендік белгісі. Өздерінің атына елеулі талап-тілектер айтылып жатса да селт етпейтін аудан, ауыл басшыларынан не үміт, не қайыр? Бұдан былайғы жерде ақындар айтысында көтерілген мәселелерді арнайы талқылап отыру дағдыға айналса дейміз.

Нағыз ақындық өнерді қадірлемеген қауым шындықты да қадірлемейді. Қазіргі қайта құру, жариялылық, демократияны тереңдету, жаңаша ойлауға жетілу дәуірінде кедергі мен кеселдердің түп-тамырын ашуға ақындық айтыстың пайдасы мол бола алатынына шүбә жоқ. Адам санасына әсер ететін ең өтімді құрал — ақындық сөзді өз орнына жарата білсек, сөз жоқ, көп қырсық пен сұмдықтан тезірек арылар едік.

VIII

Халық өнерінің өлмес мұрасы — сексенінші жылдарда жана өрнегімен көпшілік көкейіне жол тапқан айтыстың бүгінгі күндегі ролі туралы ерекше әңгіме ету керек-ақ. Тіпті ақындар айтысының мәнін қатардағы өнер салаларының бірі ретінде ғана үстірт қарау оның аясын тарылтатындай. Айтыс — тек сөз өнеріне, тапқырлыққа жетілудің таптырмайтын мектебі ғана емес, жұртшылық қауымның тамашаға кенелетін, театрлық әрі рухани-эстетикалық тәрбие алатын сәті десе де болады. Сонымен қатар *ақындар айтысы халыққа тарихи танымнан, бүгінгі сан-салалы саяси-әлеуметтік проблемалар, мәдени азаматтық ой-өрістен дәріс-тағлым беретін жамағатшылық университеті* іспеттес орта. Сөз саптау,

сазды әуен, майталман орындаушылық шеберліктерінің бірлесуін талап ететін, үлкен білімділікті де, тәлімділікті де, отаншылдықты керек ететін, биік азаматтыққа шақыратын бұл бесаспап «құрама» өнердің күдіретін қалай дәріптеп айтсақ та лайық. Ең таңғаларлығы сол, республикамызда әрбір айтыс жарыстары өткен сайын бұл жанрдың өзіне тән хас белгілері жарқырап ашылып келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Алматыда 1989 жылдың көктем айында өткен наурыз мейрамының құрметіне арналған ақындар айтысын алалық.

Айтыстың ежелден бері халыққа аса сүйкімділігінің бір себебі — бүкіл елдік, әлеуметтік ділгір, маңызды мәселелердің анық та батыл көтерілетіндігінен болу керек. Неге десеніз, қауымның көкейінде жүрген аса күрделі проблемалар, шешімін таппаған сауалдар айтыс кезінде жұртшылық сыны мен талқысына түседі. Бұл реттен алғанда *ақындар сайысы бірдің емес, мыңның ойындағысын жария, кемшілік атаулыны әшкере ететін келелі кеңеске де ұқсайды.* Бұрынғы классикалық айтыстардың осы күнге дейін ел жадынан шықпай келгендігі де оларда күн төртібіне қойылған қоғамдық тақырыптардың дөп айтылып, салдарлы-саликалы ой тастауына қатысты еді.

Қазіргі кезеңде адамзат көңілін ерекше аландатып отырған экологиялық жағдайдың: *ауаның ластануы, ішетін судың улануы, теңізде балықтың, орманда құстың, далада аңның азаюы, бұлақтардың тартылуы, күтпеген қуаңшылықтардың көбеюі жер бетіндегі тіршілікке ерекше залалын тигізіп* келеді. Өз республикамыздағы *Арал теңізінің құрғақ бет алуы, кең сахарамыздың дәл ортасындағы Балқаш көлінің күрт тартылуы, көгілдір Көкшетау көлдерінің сәнінен айырылуы, даламыздың сан тарапында берекесіз, жоспарсыз салынған зауыттардың аспан әлемін қара түтінге көмуі, қалаларда үстін-үстіне қажетсіз құрылыстардың көбеюі...* секілді санап жеткізгісіз заңсыздықтардан зардап шегуіміздің ұшы-қиыры жоқ. Аурулардың саны мен түрінің күрт өсуі, балалар өлімінің көбеюі жағынан республикамыз алдына ешкімді салмайтын күйге жеткен... Міне, осындай уақыттың ең жанды проблемалары халық жүрегінің айнасы — ақындар шығармаларынан орын алғаны олардың заманагөйлік қасиетін арттыра түседі. Қазақстанның экологиясына сұмдық кесепатын тигізіп жатқан қасіреттің бірі — атом бомбасын сынайтын полигонның сахарамыздың дәл орта тұсына орналасуы. Ондаған жылдар бойында Семей облысында яд-

ролық жарылыстар болып жатқаны жалпы халыққа белгілі. Осындай ахуалдың қауіптілігін сезгенмен, осы кезге дейін жұртшылық ашық пікір білдірмей келген еді. Акын Олжас Сүлейменовтің бастауымен ядролық жарылысты тиюды талап еткен «Семей-Невада» қозғалысы жұртшылықтың қызу қолдауын тапты.

Міне, осы мәселе акындар аяғына да арқау болды. Төкпе өлеңнің танылған шебері Әселхан Қалыбекова бұл жағдайды өз әріптесі Ерік Асқаровқа қайтарған жауабында былайша бейнелейді:

Адамбыз жақсылыққа жаны құштар,
Олар бар жерде бірақ жанылыс бар.
Жатады жүрегімді дүрсілдетіп
Сен айтқан Семейдегі жарылыстар.
Көрініп келген жаудан сақтанарсың,
Аянбай бар күшінді актарарсың.
Газ, ауа, топырақпен енген дерттен
Жаныңды қалай аман ап қаларсың...

Осы тақырыпты Е. Асқаров та тамаша толғайды :

Қазақтың өз өнерін ту қылған жер,
Шалқыған өн мен күйі бір думан жер.
Тулақ боп бара жатыр Абай, Мұхтар,
Шәкәрім қажымызды тудырған жер...

* * *

Бесігін шырылдаған сәбилердің
Жер асты жарылыстар тербетуде...

Естір құлақ, сезер жүрек, ойлайтын сана болса, бұлардың қай-қайсысы да сергек көңіл бөлетін, сенімді шаралар қолданатын жайлар. Шығармалары елу жылдан артық аталмай кетіп, заңсыздық зәбірін көрген, халқына барлық дарыны мен қайратын қалтқысыз арнағанынан басқа жазығы жоқ, қазақ көркемсөз мәдениетінің алып тұлғалары Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектер жайында болашақта зерттеу монографиялар да, көлемді көркем шығармалар да жазылар. Осы қайраткерлердің ел алдындағы қызметі мен беделін зерек пайымдап, халыққа қайта таныстыруға, насихаттауға төкпе акындардың да қо-

сып келе жатқан үлесі аз емес. Бұл қасіретті тарихты Әселхан акын әсерлі де айшықты етіп жырлайды:

Жүсіпбек, Ахмет, Мағжан, Шәкәріммен
Халқымыз қандай биік беделді еді.
Қырық жыл кара киіп, жоқтау айтсам,
Шіркіндер қайта айналып келер ме еді?

Өткендегі мұраны игеру, тарихты білу үшін қаншалықты қажет болса, бүгінгі тіршілікті сақтау да бірінші кезектегі міндет. Акындар осы екі мәселені неғұрлым кең толғау арқылы уақыт жалғастығы, дәстүр баяндылығы өмір сүрудің шарты екенін үлгі ғибрат етіп отыр. 1989 жылдың мамыр айында Ташкент қаласында өткен Қазақстан мен Өзбекстан акындарының айтысында да тарихи мұра және табиғи ортаны сақтау мәселесі әңгіменің алтын арқауы болды. Әсіресе Сырдария мен Арал тағдыры жөніндегі өкініштер мен парыздар қатар көтерілді. Ғасырлар бойында анасындай еміп келген ұлы Сырдың суын мақта мен күріштің құрдымына беріп, Аралды жоғалту қазақ, өзбек халықтарының ортақ трагедиясы делінді.

Қазіргі таңда жұртшылық көңілін ерекше аударып отырған жағдайдың бірі — қазақ тілінің бүгінгі халі мен келешегі. Ғажайып бай, икемді тіліміздің толыққанды дамуына, ішкі мүмкіндіктерін ашуына көп уақыттардан бері қолайсыз хал туды. Қазақ тілі бастауыш, орта мектептерде, кейбір жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылғанымен, бұл тілде көркем әдебиет жасалғанымен ғана шектеліп, оның үздіксіз көркеюі үшін қажетті шарттарды мүлде естен шығарып алған кездеріміз болды. Ана тіліміз шын мәнінде ғылым және жоғары оқу орындарының тіліне айналмады, іс қағаздар мен ресми жазулардың бәрі дерлік тек қана орыс тілінде жүргізілді. Үлкенді-кішілі мәжілістер мен жиналыстарда ғылыми баяндамалар жасалмағандықтан, пәннің түрлі саласынан кітаптар шығарылмағандықтан, қазақ тілінің терминологиясы да жетіле алмады. Қазақ мектептерінің саны соңғы 20 — 30 жыл ішінде азайып кетті. Әрине, мұндай жағдай өзінен өзі пайда болған жоқ. Бұған түрлі жалған, біржақты теориялар мен түсініктер әсер етті.

Қайта құру, демократияны терендету, жариялылықты күшейту дәуірі ондаған жылдар бойында қалыптасқан догмаларға өзгеріс ендіре бастады. Саяси, мәдени өмірдегі көп бұрмалаушылықтың бетпердесі ашылды, жанаша ойлаудың өрісі кеңейді.

Әселханның:

Ұмытып талай казак ана тілді,
Қалғандай домбырасыз дала түнгі.
Жалынға тастайсың ба демеді ешкім,
Жұлдыздай жарқыраған жанатынды.
Баланы өзге тілде ңанын тапқан,
Оқыды, жетілді деп еттік мактан.
Сол бала жанымызды ұқпағанда
Қасқырлай зар иледік қауып қақпан, —

деген сөздері қасіреттің түп-тереңіне бойлатады.

Наурызға арналған ақындар айтысында халық тағдырына қатысты мәселелер тегеурінді түрде көтерілді. Үстірт қарағанда жер атауларының проблемасы арнаулы мамандар ғана айналысатын тақырып секілді. Дегенмен жұртшылық ойының жаршылары — төкпе ақындар бұл әңгімеге де соғып өтті. Олар Қазақстанда ескі есімдер ұмытылып, кейіннен қойылған кездейсоқ, заңсыз аттарымен жүрген бірқатар елді мекендер атауына да көпшілік назарын аударды. Қоғам өміріндегі етек жая бастаған кесел-дерттердің кейбіреуін тап басып, жұртшылық талқысына сала білгендігі ақындар айтысының аса бағалы жағы екенін бірер мысалмен дәлелдейік. Әбдікәрім Манапов пен Жадыра Құтжанованың айтысы жарасымды өзілдермен, тапқырлықтарымен көрерменді сүйсіндірген айтыстардың бірі болды. Әселхан мен Әзімбек айтысында елдің келешегіне орасан мін болып табылатын, жүрек сыздататын жайлардың бір парасы күн тәртібінде қойылды. Кейбір балалардың ата-анаға деген мейірімсіздігі көпшілік болып талқылайтын іс екендігі айтылды.

Тастанды бала менен кара шалдың,
Тағдыры бірдей десем, таласар кім?
Тамақ тоқ, жатар төсек болса дағы
Жылуын қайдан табар алақанның? —

деп ақын Әселхан жамағатшылық алдына кесек міндеттер артады, әріптесін әлеуметтік мұқтаждарды көтеруге шақырады. Ақындардың біз сөз етіп отырған республикалық соңғы айтысында да, одан бұрынғы сөз сайыстарында да көп іргелі, жанды мәселелер көтерілді-ақ. Олардың алғыр ойына, кең құлаштылығына тыңдаушы қауым ризалығын білдіріп келеді. Бұл, әрине, мәселенің

бір жағы. Өкінішті жері сол — әлі күнге дейін тиісті мекемелер ақындар айтысында көтерілген жайларды арнаулы тексеріп, қорытындылар шығаруға мән бермей отыр. Алматыда қазақтың атақты адамдарына (Шоқан, Ыбырай, Махамбет, Дәулеткерей, Ақан сері т.б.) атында жөні түзу көшенің жоқ екені де, астанамызда ұлы адамдарымызға ескерткіштердің аздығы да, қала салудағы бірізділік те, ұлттық киімдердің, музыкалық аспаптардың ойдағыдай жасалмауы да, мәдени мұраның мұқтаждары да талай рет сөз болғаны белгілі. Бірақ күні бүгінге дейін мәдениетке, ғылымға қатысты мекеменің басшылары сол айтылған сындарды арнайы қарап, лайықты қорытынды шығарған емес. Тіпті соңғы алты-жеті жыл ішіндегі ақындар айтысының өкелген жаңалығы, көтерген мәселелері, жаңадан танылған жас дарындар деңгейі, айтыс жанрының даму тенденциялары, мұның мәдениетімізге қосқан үлесі, ақындық-жыршылық дәстүрлерді бұдан былай да дамыту жолдары мен міндеттері, басқа мекемелерді айтпағанда, Қазақ КСР-нің Мәдениет жөніндегі комитетінде де арнайы сөз болмай келеді. Осыдан-ақ ресми мекемелердің ақындар айтысына деген түсінігі мен көзқарасы байқалғандай...

Қазақстан мен Өзбекстан ақындарының айтысына ерекше мән берілуге тиіс. Осы айтысқа туысқан Өзбек республикасында тұратын қазақ жұртшылығының ықыласы аса зор болғанын көзіміз көрді. Екі республиканың арасындағы мәдени, рухани байланысты дәнекерлеуге ақындар айтысының өте пайдалы екеніне ешбір күмән жоқ. Тіпті осы айтыс кезінде көтерілген мәселелердің өзін зерттеуге ықыластылық жетпейтінін айтуға мәжбүрміз. Өзбекстанда тұратын екі миллионға жуық қазақтар үшін бірде-бір газет шығарылмайтыны да, қазақ мәдениетін дамытуда ежелден ерекше орны бар Ташкент қаласында не қазақша кітап, журнал шықпайтыны, қазақ театры жоқ екені, Өзбекстан жазушылар одағы жанында қазақ секциясы, көркем әдебиет баспасында қазақша редакция жоқтығы айтылып, толып жатқан зәру мәселелерді ақындарымыз әрі дәлелді, әрі өткір түрде сынады. Амал не, ол қажеттерді іліп алып кететін, бұл төңіректе Өзбекстанның тиісті орындарымен сұхбат кенес жүргізетін, сөйтіп мәселелердің шешім табуына септесетін қамқор жандар әзірге көрінбей отыр.

Соңғы жылдарда аудандық, республикалық көлемде өткізілген ақындар айтысы мен жыршы, термешілер өнер жарысы бірнеше маңызды сұрауларға жауап бергендей. Ең алдымен ауыз әдебиетіне жататын жанрлар мен шығармалардың, айтқыштық, орындаушылық дәстүрлердің қуатты қалпында сақталып отырғанына көз жетті. Көп елдерде «фольклор» деген ұғым көркемдік мәдениеттің ертеде басып өткен, қайта оралмас кезені болып есептелсе, қазақ арасында жағдай басқалау екенін көреміз. Біздің фольклорымыз күні кешеге дейін белгілі дәрежеде жазба әдебиеттің жүгін де көтеріп келсе, бүгін де танытқыштық, тәрбиелік, әсерлілік күші кеми қоймапты. Бұған мысалға жүз мыңдаған таралыммен шығып жатқан ертегілерді, батырлық, ғашықтық, тарихи жырларды, тұрмыс-салт өлеңдерін, шешендік сөздерді, айтқыштарды алып көрсетуге болады. Ауыз әдебиеті байлығының бұлайша тартымды қасиетін сақтауы жаһандық тәжірибеде сирек құбылыс. Эпостың қазіргі кезде кітап, радио, телевидение, сахна, грампластинка арқылы таралып, насихатталып жүргені осы бір ақиқатты дәлелдейді... Ал фольклорлық дәстүрдің сақталып қана қоймай, дамып келе жатқанын еске алсақ, ауыз әдебиеті үлгісіндегі шығармалардың өміршеңдігіне, жазба мәдениеттің тасысында қалып қоймай, «дербес», қатар өмір кешуге қабілет танытып отырғанына ден қоямыз...

Төкпе ақындық, жыршылық кештерін қалың қауым қаншалық құштар көңілмен тамашалайтыны елге аян. Ендігі жерде сол өнер түрлерін жіктеп, сала-саласы бойынша көркейтетін, олардың жанрлық ерекшелігін жан-жақты ескеретін кезең туды.

Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті, Халық шығармашылығы мен мәдени-ағарту жұмыстарының республикалық ғылыми-методикалық орталығы ұйымдастырған жыршылар, термешілер, әншілер, күйшілер конкурсы — осы тараптағы жаңа шаралардың бірі. Бұл конкурсқа Қазақстанның он жеті облысынан жетпістен артық өнерпаз қатысты. Үш күнге созылған өнер жарысының алғашқы қорытындысы да шығарылды, лауреаттар мен жүлдегерлер құрамы анықталды, оларға грамоталар мен дипломдар тапсырылды. Бұл, әрине, мәселенің сандық жағы. Ал конкурс қандай жаңалықтар әкелді деген сұрауға жұбанарлық дәлелдер келтіруге болады. Ең маңыздысы — хал-

қымыздың сөз, саз өнеріне дарқан дарындылығының тағы да жарқырап көрінуі. Бір кезде атакты ғалым В.В.Радловтың «маған қазақ даласы тегіс ән салып тұрғандай сезіледі», — деп сүйсіне мәлімдегені еске түскендей еді. Әрбір әнші екі ән, әрбір жыршы бір терме, домбырашылар екі күй орындағанның өзінде олардың өнерлік шеберлігін аңғару, анықтау оңайға соққан жоқ. Әсіресе жыршы, термешілер жаңадан көсіле бергенде уақыт сарқылып қалуы көп орындаушының құлашын жаздырмады...

Сонда да болса бұл жолы жыршы, термешілердің өнер ауқымы бұрынғы жарыстардағыдан анағұрлым кеңірек те, нақыштырақ та байқалды. Әсіресе жыршы, жыраулары бұрыннан да көп саналатын, айтқыштық дәстүрі қалыптасқан Сыр бойының термешілері нағыз жетілген шеберлік көрсетті. Әйтеуір аты терме емес, бір-бірінен саздық иірімдері бөлек төрт түрлі орындаушылық мектеп өкілдері дараланып шықты. Қызылорда жыршыларынан Манабаев Қыдырбек, Өтепбергенова Акерке, Шерниязов Жұмабай, Суханберлина Гүлнар — бәрі де лауреат, жүлдегерлер санатына қосылды. Тағы да бір атап өтерлік нәрсе — Сыр бойынан келген өнерпаздардың көбі бұрын республикалық көлемде көрінбеген жас буын, жеткіншектер екендігі. Мұның өзі Қызылорда облысында жыршы, термешілік дәстүрді дамытуға жүйелі, ықыласты көңіл бөлініп отырғанын сипаттайды... Оралдық Макаров Көшерғалидің термешілік шеберлігі де үздік көзге түскен еді. Оның еркін төгілген жыр кестелері үдемелі жүйрікті көзге елестетті. Көшерғалидың жерлестері Биранов Мұхит пен Болтанова Жібек те жүлделі орындарға ие болды.

Жыршы, термешілер қатарында ақтөбелік Сандыбаев Бакыткерей де конкурс лауреаты атанды. Гурьевтіктер Камиев Боранбай, Аятов Мақсұт, Сейітов Жеткізген терменің саз, ырғағын келістіре орындайтын қабілет байқатты. Қысқасы, халық өнерінің бұл саласы барған сайын қанатын жайып, өрісін кеңейтіп келе жатқаны аңғарылды. Ең ұнамдысы сол, бұл күнде жыршы, термешілік дәстүрі Қазақстанның барлық дерлік облыстарына да тарай бастаған. Бұлай болуына осы өнердің радио, телевидение, сахна арқылы соңғы жылдарда кеңірек насихатталып жүргені себепкер екені анық. Тіпті бұрын жыр айтуды салтқа сіңірмеген өңірлерде де термешілік «терезесі тен» жаңа үрдіске айналған. Әрине, мұны жалпы алғанда онды құбылыс, елдің рухани дәстүріндегі жақындықты тереңдете түсетін нәрсе деп бағалау керек.

Сонымен қатар бірер мәселені ескеруіміз керек секілді. Біріншіден, көптеген термешілік орындаушылықтың өзіндік ажары солғын, бұрыннан айтылып жүргендердің жалаң қайталамасы тәрізді естілуі сүйсінерлік емес. Екіншіден, «терме» деген атпен ән мен терменің арасындағы бір дұбара жанрдың көрініс бере бастағаны қаншалық жаңалық екенін де ойластыру керек. Біздіңше, асылы, ән мен терменің өздеріне хас дәстүрлі нақышын жоғалтпай, соларды көркейте түсу ғана ең табиғи жол болып көрінеді...

Өткізілген конкурс халықтың ежелден сүйіп тындаған әншілік өнерінің қазіргі сақталу және даму дәрежесі туралы да пікір білдіруге мүмкіндік береді. Бүгінде барлық облыста да жақсы әншілер бар екеніне көз жеткізгендей болдық. Мұндай өнерпаздар әсіресе ертеден қазақ жерінде әннің «туын тіккен» Арқа өңірінде молырақ екенін көреміз. Даусы да ұнамды, шеберлігі де келісті Өтеулиев Бекболат (Көкшетау), Әбуов Санак (Семей), Қырауова Жанат (Қостанай), Оспанов Серік (Жезқазған), Ордабаев Қаржау (Павлодар) сияқты әншілер есімін осы ретте атап өту лайық.

Қазақ жерінде әншіліктің алуан өрнегі, таусылмас қазынасы бар екені жаңа мысалдармен де дәлелденеді. Біз бұл кезге дейін ән сазының ең кең тараған түрлерін ғана білеміз. Еленбей, ізделмей келген асыл аз емес. Осындай сонылық әкелген екі әншіні — Әблезов Токтасын (Алматы облысы) мен Оразбеков Алтынбекті (Жамбыл облысы) ерекше бөліп атауға болады. Бұлардың екеуі де ірі әнші екендіктерін танытты. Токтасын орындаған «Сары бидай», Алтынбек айтқан «Шалқыма» мен «Ағжан» ән репертуарын байытатын қайталанбас сұлу саздар болып естіледі... Мұхиттың әншілік мектебінің қазіргі жалғасындай болып жаңғырған Бердіғалиев Хатимолда (Орал облысы) әндері де тындаушыларға жақсы әсер қалдырды. Конкурстың сүйкімді жаңалықтарының бірі неміс қызы Грасс Гүлбаршынның қазақша тамылжыта салған әндері. Қазақ әндерінің аттары бұрыннан мәлім насихатшылары Надежда Лушникова, Татьяна Бурмистрова, Татьяна Полтавская, Татьяна Мартыненколар қатарына тағы да бір дарынды өнерпаз қосылғаны атап өтерлік. Бұл қазақ мәдениетінің өзге ұлт өкілдері арасында барған сайын молырақ таралып келе жатқанының да нышаны тәрізді...

Домбырашылардың да әкелген жаңалықтары елеулі. Бұрын көпке қанықты болмаған күй шығармаларын бірінші кезекте ата-

ғанымыз жөн. Шығысқазақстандық Мырзахмет Хабиболлин «Жорға аю», «Бозінген» секілді күйлерді айрықша қағыстармен орындап шықты. Мырзахметтің репертуарында басқа да бірталай тың күйлер бар екені анықталды. Музыка зерттеуші У.Бекеновтің көрсетуінше, мұның көбі осы кезге дейін қалың көпшілікке ғана емес, мамандарға да беймәлім болып келген шығармалар. Жезқазғандық атакты күйші, бұдан біраз жыл бұрын Токаның төрт «Қосбасарын» жұртшылыққа тұңғыш рет таныстырған Мұхамеджан Тілеуханов бұл жолы да олжалы келді. Ол Арканың халық композиторы Дайрабайдың үш күйін астана тындаушыларына тарту етті. Бұл мысалдар шертпе күйлердің әлі де болса ізделмеген, танылмаған қабаттары мол екенін дәлелдейді. Қарағандылық Рымхан Әбілханов шертпе күйдің шебер орындаушысы ретінде көпшілік назарын аударды. Шертіп тартатын домбырашылардың тобы шағын екенін еске алғанда, Рымхан сынды дарынды өнерпаздың жарқ етіп көрінуі республикалық конкурстың табыстары қатарына қосылады. Ол қазіргі дүлдүл күйші, композиторымыз Төлеген Момбековтің «Қосбасарын» үлкен тебіреніспен тамаша орындады... Целиноградтық Мұхамбетқали Тіналиннің шертпелері де қолдауға тұрарлық.

Төкпе күйлердің топжарған шеберлерінің өнерін көру де бір ғанибет болды. Бұл топтағы домбырашылар ішінен оралдық Ермек Қазиев оқшау озық көрінді. Оның орындауындағы «Байжұма», «Бұлбұл» күйлері кей тараптан алғанда бұрыннан мәлім осы аттас шығармалардан өзгешелеу естілді, тіпті оларды өз алдына жеке вариант деп айтуға да болатындай. Ал Ермектің орындау шеберлігін Қазақстандағы әйгілі домбырашылардың қай-қайсысымен де салыстырып бағалауға келеді. Бұл тұста айта кететін бір мәселе — төкпе күйлердің де жазылмаған, жиналмаған нұсқалары ел ішінде көп екеніне ден қою керектігі. Бір кезде А. Жұбановтың көп жылдар бойы зерттеулер жүргізгеніне, ондаған шығармаларды нотаға түсіргеніне, олардың дені Құрманғазы атындағы даңқты оркестрде және басқа ондаған музыкалық ұжымдарда орындалып жүргеніне қарап біз Батыс Қазақстан өңірінің күйлері толық жазылып алынған деген ұғыммен келе жатқан секілдіміз. Шынында жағдай бұдан басқалау екеніне дәлел мол. Осыдан біраз жыл бұрын маңғыстаулық үздік өнер иесі Мұрат Өскенбаевтың оған дейін еліміздің көп бұрышына таныс болмаған небір ғажайып күйлерді жаздырғанын білеміз. Республи-

калық конкурстың лауреаты атанған Ермек Қазиевтың күй құрамы мен тартыстары да «жазып алынбаған мұра көп» деген тұжырымға жетелей береді. Алдағы кезде шертпе күйдің де, төкпе күйдің де ел ішінде қалып қойған кабаттарын арнайы іздеп, жазып алуды ойластыру қажет.

Домбырашылардың құрамы түрлі буын өкілдерін қамтуы да керек нәрсе. Орындаушылық мектептердің жалғасуы, дамуы бұл жанрға да ауадай қажет. Қазақстанда қазіргі кезде күй шығаратын ел композиторлары бар екенін білеміз. Солардың бірі республикалық жарысқа қатысқан ақтөбелік Албетов Жанаберген. Оның «Жаса, Қазақстан» деген шығармасы тыңдаушыларға ұнамды әсер етті. Гурьевтік Сержан Шәкіратовтың да домбырашылық репертуары бай екені сезіледі. Домбырашылық жарысына қатысқан 8-сынып оқушысы, қызылордалық Пірмаханова Эльмираның шеберлер қатарында орын алуы да күйшілік өнердің сенімді жалғастырушылары бар екенін сипаттайды...

Конкурста өзге жанрларға қарағанда қобызшылар үлесі қораштау көрінді. Қазақтың көнеден келе жатқан қос музыкалық аспабының бірі — қобыздың қағабірістеу қалып жүргені көптен бері белгілі. Қобызшылар даярлайтын сыныптардың тым аздығы өз алдына, тіпті өзінше үйренуші талапкер үшін сатуға түсетін қобыздар бізде мүлде шығарылып көрген емес. Бұл да тиісті қамқорлық жоқтықтан қағажу көрген салалардың бірі. Қобызды арнаулы орындарда жасап шығару мәселесі бұдан былайғы жерде шешіле ме, жоқ па — айту қиын. Өйткені республиканың мәдениет істерін басқаратын мекемелерінде ұлттық рухани дәстүрлерді түсінетін, жаны ашитын, өз мүддесінен гөрі парызды көбірек ойлайтын қызметкерлер талайдан бері тапшы болып келеді ғой... Міне, осындай жағдайда санаулы қобызшылардың өзін бағалай, тәрбиелей білу мәселесі алда тұрады. Республикалық конкурсқа қатысқан орындаушы қобызшылардың ең дарындысы да, жанр мүддесін түсінуге бейімі де шымкенттік Мұсабек Жарқынбеков екенін көрдік. Оның осыдан біраз жыл бұрын өзі жазып алған Қорқыт күйлері аса бағалы мұра болып есептеледі. Қорқыттық делінетін шығармаларға түрікмен, әзірбайжан, түріктердің де зор ықылас білдіріп жүргендіктері белгілі. Демек Қорқыт, Ықылас күйлерінің бүгінгі таңдағы жақсы орындаушы, насихатшыларының бірі М.Жарқынбековтің конкурс лауреаты атануы табиғи шешім болып табылады...

Халықтың бишілік өнерін дамыту мәселесі алдағы тұрған міндеттердің бірі болып қала береді. Қарағандыдан келген бір топ биші ойыны қазақ биі дегеннің көңіл бөлуге тұрарлық өнер екенін еске салды. Ағыл-тегіл әні, телегей-теңіз терме-жыры, терең сырлы күйі бар елдің соларға иықтас тұратын биі болмауы мүмкін емес қой. Тек бұл өнерді де өрге бастыратын, шын берілген қайраткер тусын деңіз...

Республикалық конкурстың кейбір сабақтары осындай. Қалай дегенде де бұл өзі халық шығармашылығы жөніндегі ғылыми-әдістемелік орталықтың ұйымдастырған игі жұмысы болды. Енді алдағы кезде атқарылуға тиіс істер мен міндеттер жөнінде бірер сөз. Алдымен осы конкурстың материалдарын толық игеріп, кең насихаттау қажеттігі айқын. Әнші, жыршы, термеші, күйшілердің өнерін радио, телевидение, баспасөз арқылы елге таныстыру шарт. Конкурса қатысқан, жүлде алғандардың өмірбаяндық мағлұматтары, өнерлік ерекшеліктері баяндалған, суреттері берілген жинақ шығару да конкурс мұратының баян тапқанын көрсетер еді. Ел өнерпаздарының жана легі шығуына мұндай насихаттын пайдасы зор болмақ. Басты мәселе ақындар айтысын, орындаушылар жарысын өткізуге тікелей басшылық ететін мекемеге — Қазақ КСР мәдениет жөніндегі комитетке, оның халық шығармашылығы жөніндегі ғылыми-әдістемелік орталығына тіреледі. Сөз болып отырған мекеме соңғы бірнеше жыл бойында ақындар айтысын өткізу ісінен өзін сырт ұстап келді. Ол міндетті республикалық радио және телевидение комитеті атқарды. Шынында халық шығармашылығына иелік ететін де, оның барлық деңгейдегі жұмыстарына мұрындық болатын да Қазақ КСР мәдениет жөніндегі комитет еді. Сол мекеме көпке созылған үнсіздіктен кейін жыршы-жыраулар, әншілер, күйшілер конкурсын өткізіп отыр. Бастама игілікті болсын дейміз. Сонымен бірге бұл құрметті мекеме қайта жанданған айтыс және жыршылық өнерінің кейінгі жылдарда жана серпін алған тәжірибесіне ғылыми, іскерлік қорытынды жасай алмай келеді.

Республикалық конкурс барысынан байқалған тағы бір мәселе — алдағы кезде төкпе ақындар, жыршы-термешілер, әншілер, күйшілер жарысын белгілі, тұрақты даталарға мөлшерлеп, жыл сайын өз алдына жеке-жеке өткізу қажеттігі. Халық таланттарының көптігі соншалық, бірнеше жанрды үйме-жүйме араластырып жіберу нағыз дарындыларды анықтауға мүмкіндік бермей-

тіні көрінеді. Сол үшін бұларды даралай, жіктей түсу ел ішіндегі неше алуан орындаушылық мектептер мен стильдерді жарқырата ашар еді. Бір өнерді екінші өнерге жалғап, «қосақтау» тәжірибесі кезінде пайдалы болды дей тұрсақ та, халық таланттарының саны қазіргідей орасан өсіп отырған кезең «жалпыдан жалқыға» деген принципті ұстануды керек етеді. Тағы бір мәселе ел ішінде өздерінің өнерімен озып шыққандарға құрметті атақтар, түрлі дәрежедегі сыйлықтар беру, олардың еңбектерін кітап жүзіне шығару қажеттігіне тіреледі. Өнерді өрлетудің байырғы шарттарының бірі әнге, жырға, күйге қабілеттілердің байқау жарыстарын ауылдық, аудандық, облыстық көлемде неғұрлым жиі өткізіп тұру болмақ. «Жүзден жүйрік, мыннан тұлпарлар» сонда ғана іріктеліп шықпақ...

Х

Ұлы ақын Жамбылды даңқ тұғырына көтерген себептер көп. Әлбетте, ең алдымен, оның табиғатынан зор дарын иесі болғаны күллі ақындық жетістіктерінің қайнар бастауы дейміз. «Ерінбеген етікші, ұялмаған өленші болады» деген накыл бар. Қазақтың кен даласындағы әрбір ауылда-ақ «ермекке жарайтын» өленшілер аз болмаған. Бірақ шын ақындық санатына жүзден жүйрік, мыннан тұлпар ғана ілінген. Жамбылдың туған өңірінде де өленге ебі бар жандар жиі кездесетін. «Екейде елу баксы, сексен ақын...» деп көрші рулардың әзіл-шыны аралас сөз таратуы да тегін емес еді. Ақындық «сүйегіне» дарығандардың сирек кездесетінін халықтың қырағы қиял, парасаты да қапысыз ажырата білген. Сондықтан да жамағатшылық оларды ерекше кастер тұтып, киелі өнер иесі деп қараған...

Ал сол табиғи дарынды дамытудың да ежелден қалыптасқан жолдары мен шарттары бар еді. Жүйрік аттың бәйге жарыста суырылып озып шығып танылатыны секілді ақындықтың да дәстүрлі сатылары, мектебі болған. Ол мектеп қазақтың әр өлкесінде дәстүр болып қалыптасқан төкпе ақындық сайыстары болатын. Жамбылдың сөз өнерін шындаған университет ұлылы-кішілі той-жиындарда өтетін ақындық айтыс десек, шындықтан сырт кетпейміз.

Жамбыл төкпе ақындық айтыстың «диалектикасына» ерте жасынан жетіле бастаған. Мұны ақын «Менің өмірім» деген өлеңінде сенімді баяндайды:

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бактым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым,
Жас ақын, жап-жақсы ақын, Жамбыл ақын
Дегенде дара болып көзге түстім.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзартты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп жалтылдадым...

Өлең сөзді айрықша бағалаған, оны дүниедегі байлық-қазынананың ең біріншісі санаған қазақ халқының ақын атаулыға қоятын талабы да өзгеше. «Шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға мензес, тұрғылас. Томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт» деп жазған еді ұлы суреткер, ғалым Мұхтар Әуезов. Ал мұндай талаптың үддесінен шыққан бесаспап, әмбебап, «ертеден шапса, кешке озған, ылдидан шапса, төсте озған» дейтіндей дүлдүлдер тапқыр сөзге ерекше талғампаз халқымыздың қатал сынынан сан рет өтіп барып қана топ жарған... Жамбылды сөз өнерінің шырқау биігіне апарған, өмірінің кейінгі шағындағы барша табыстарының алтын кілті болған «қүдірет» осы тарапта жатыр...

Өзінен бұрынғы мәдени, әдеби мұраны Жамбылша түсініп, қасиет тұтқан ақын сирек. Ол кеңес тұсында барлық ақындардың атасы атанған, атағы әлемге жайылған кезде де өзінен ілгеріде жасаған ақындар есімін сағынышпен еске алады, олардың өнеріне табынудан жалықпайды, кейінгілерге үлгі қып ұсынады. «Ақындарға арнау» атты өлеңінде төкпе өлеңнің шеберлерін тарихымыздағы ең ардақты есімдер ретінде сипаттап, оларға деген өшпес құрметін білдіреді.

Ақындар, көз салындар,
Қиуаны шалындар,
Қику салып талайдан,

Келе жатқан сарын бар.
 Ұзын жолда біз өткен
 Өренге көп тәлім бар.
 Сүйінбай мен Катаған,
 Өлең сөзді матаған.
 Атын жаттап балалар
 Әлі күнге атаған,
 Кеншімбай мен Өрынбай,
 Өлең сөздің қорындай.
 Көрінеді сорабы —
 Керуен кешкен жолындай.
 Құл, Құлмамбет, Құлыншак,
 Майкөт, Сарбас, Куандык,
 Бұлдырайды туға ұксап,
 Көңілімізді құмар ғып.
 Шөже менен Кемпірбай,
 Өлең-жырдың жұртындай...

Осы өлеңнің жалпы өнер қуған қауым үшін ғибраты мол. Елінің арғы-бергі дәуірінде жасалған көркем мұраны меңгермейінше жаңа сөз айту қиын екенін ескертеді Жәкен. Өзінің атағы осы аталған ақындардың қай-қайсысынан да асып кеткенін сезе отырса да, Жамбыл соларға табынады, ұлық тұтады. Заманымыздың жырауы Жамбыл дәстүрсіз жаңалық болмайтынын, қазақ өлеңінің мұхитына жүзбей, соны сөз табамын деу бекершілік екенін осылайша өсиет еткен! Бұл төрт-бес ауыз өлеңнің басын құрағанын поэзияның ғарышына шыққандай санайтын кейбір жас өлеңшілердің күпірлік мінезіне айтылған қатал сын секілді...

Жамбыл айтыс жанрының үздік шебері болғанға дейін үлкенді-кішілі сан алуан қайымдасуларды бастан өткерген. Осындай ұзақ тәжірибе, ізденістің нәтижесінде ғана қарасөздің өзін өлеңше тақпақтап, тапқыр айтатын дәрежеге жеткен. Түсінген кісіге осының өзі үлкен тағлымды көрініс. Дамып, канатын кеңейтіп келе жатқан қазіргі ақындар айтысының да байсал табар бір шарты төкпе ақындық жарыстардың жиі өтіп тұруы болмақ. Дайындыксыз құр дүрмекке салынып, әріптестерді бір-бірімен беттестіру айтыс табиғатын қорлағанмен бірдей. Бұрынғы кезде ұстаз ақын мен шәкірт ақынның үйрету мен үйрену үрдісі болған. Өзіне адал, пір тұтуға жарайтын ұстаз тапқан талапкер ғана төкпе ақындықтың жүйелі мектебінен өткендей болған. Жамбылдың өз ұстазы Сүйінбай есімін өмір бойы ардақтап өткені рулық жақындығы-

ның емес, өнер туыстығының белгісі. Егер *айтыс жанрын шынымен көркейтеміз, қоғамдық пікір талқысының мінберіне айналдырамыз десек, ұстаз бен шәкірттің сабақтастық дәстүріне жол ашуымыз керек болады.* Қазақстанның кейбір уәлейеттерінде атақты ақындардың өздеріне шәкірт даярлап жүргендіктері мәлім. Бірақ солардың игі бастамаларына назар салып, нәтижесін бағалап, талдап жүрген жетекші мәдени мекеме жоқтың қасы. Мұндай жағдайда төкпе ақындық жетімдік көріп, шетқакпай болып қала беретіні сөзсіз. Ең асыл өнерімізге осыншама немқұрайды қараушылық ұлттық мұрат деген биіктен қара үзіп тұрғанымызды ғана байқатса керек...

Жамбыл есімін ардақтау оның қалдырған өміршең өнер дәстүрін ілгері дамытуға ұласса ғана іс онына баспақ. Өйтпеген күнде Жамбылды бір мақтап өтуден әріге бара алмаймыз. Жамбылды Жамбыл дәрежесіне көтерген ғажайып не десе, бәрінен бұрын, оның айтыс өнеріндегі ерен жаңалықтары деуіміз ләзім. Ал *айтыс қазақ мәдениетінің, оның демократиялық еркіндігі мен батылдығының, тапқырлығы мен әлеуметтік мұңдарды жалпыхалықтық тұрғыдан көтере білетіндігінің көрсеткіші, шешендіктің, қоғамдық құбылыстарға сын көзімен қараушылықтың, азаматтық сергектіктің таразысы.* Басқаша айтқанда, әрбір салдарлы өнер жарысы халықтың ойындағы армандарды жарыққа шығаратын, жақсылықтарды ортақ қуаныш ретінде ортаға салатын, шешілмеген міндеттерді талқылайтын, кедергі мен кеселді таңбалайтын, сүмдықтарды әшкерелейтін өзінше бір құрылтай тәрізді. Ақындар айтысы ел алдындағы орасан қажет мәселелерді жария ететін, жұртшылықтың көкейтесті ойларын жинақтайтын, болашақтағы нысанамызды айқындайтын бағдарламаға айналса ғана құба-құп. Ал айтыстарды сондай биікке көтеру де өзімізге, ақындарға деген қамқорлық пен талаптың қатар жүріп отыруына байланысты. Айтыста көтерілген небір кәделі мәселелер мемлекеттік ұйымдар тарапынан қолдау таппаса, ол далаға кеткен сөзбен бірдей. *Қазіргі ақындар айтысында шырқырап шыққан шындықтардың не республикалық, не облыстық көлемде бірде-бір рет талқыланбауы, тиісті қорытындылар шығарылмауы қазақ қоғамдық ойының жарқырап көрінетін ең ұтымды құралын қадірсіз еткенмен барабар.* Айтыстың өткірлігінен шошыну, өмірдегі кемшіліктерді батыл айыптаған ақындарға қырын қарау, кейде оларды қудалау орын алған жерде бұл теңдесі жоқ өнер көгермейді...

Ұлы ақынның айтыс өнеріндегі орны мен тағылымы арнаулы зерттеулер тақырыбы боларлық. Әлі күнге дейін мәнін жоймаған дәстүрлердің кейбір қырларына тоқтала кетейік. Жамбыл қазақ айтысына кең демократиялық тыныс әкеліп, жанрдың жаңа мүмкіндіктерін ашқан ақын. Ертедегі айтыстардың көбі ру мен ру арасындағы жағдайларды не марапаттаумен, не сынаумен шектеліп келгені белгілі. Қаншама әлеуметтік қырсықтарды әшкере еткенімен, ондай айтыстардың жалпы пафосы белгілі бір тайпалар мен олардың өкілдерін мадақтау дәрежесінен артыққа бара бермейтін. Жамбыл осы үрдістен шығып, соныдан жол салған ақын. Бұған мысалға оның Құлмамбетпен айтысын алып қарауға болады. Құлмамбет жалғыз Жетісудың ғана емес, жалпы қазақ көлеміндегі аса ірі ақындардың бірі еді. Жамбыл оның есімін өмір бойы құрмет тұтқан. Сөзінің ағымына қарағанда Құлмамбеттің ешбір ақынды бет қаратпайтындай айбары танылады. Жамбылмен айтысының бас кезінде ол өзінің шеберлік күдіреті мен айбатын былайша баяндайды.

Өленші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төніректей.
Тоғыз тұрмақ, ақының онбір болса,
Немене бәрінді де басып өтпей.
Қамалып қау теріге бүрмеленбе
Қыстықұн қар астында қалған шөптей.
Женемін деп, менімен желікпей-ақ
Қойыңдар, абыройды шашпай, төкпей...

Анау-мынау әлжуаз ақынның зәресін ұшырарлықтай-ақ сөздер!
Айтыста құр шешендік емес, уәж женеді деген рас. Осы айтыста Жамбыл байлар мен әкімдерді ел мақтаны ретінде сипаттаған Құлмамбетке қарсы күллі қазақ халқына пана боларлық батырларды жоғары бағалайды, ел азаттығы мен намысы үшін күрескендерден ардақты, бірліктен артық байлық жоқ деген жана межені алға тартады. Қазақша оқитың қазақтарға бұрыннан таныс:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, —

деген сөздері осы сәтте туған көрінеді. Айтыстың мақсаты мен мұратын осындай тың арнаға салғаны Жамбылдың жанашылдығы деп бағалаушылықта әсірелеу жоқ...

Жамбылдың айтыс өнеріне әкелген тағы бір татымды үлесі туралы да зерттеушілер көңілге қонымды тұжырым айтқан. Ол — ақынның сүре айтыстың кенересін кеңейтіп, мазмұнын байыта түскендігі. Сарбаспен айтысында Жамбыл әдеттегі қайымдасу шеңберінен шығып, ұзын тарихтың ұлағатты оқиғаларын еске салып, әріптесі бармаған тереңдерге бет қояды, осылайша айтыс дастандық сипатқа ие болады, халықтың өткендегі тарихы мен тағдыры туралы толғанысқа айналады, әріптесі ойламаған ой, сана биігіне көтеріледі. *Дастан мен айтыстың қасиеттері бірлестік табуынан сөз сайысының жаңа көкжиегі ашылған.* Әлбетте, сүре айтысқа ақынның бәрі бара бермейді. Мұндай айтыс ақынына тапқырлық пен талдау қабілеті керек. Шындығында, замандас-тарға ғибрат беретін, толғамды ойлар айтуға қолайлы осы бір көркемдік тәсіл ерекше көңіл бөлерлік болып көрінеді... Қазіргі айтыстарда қоғамдық құбылыстарды кенінен шолып, санадағы сырқауларды көпшілік алдына жайып салуға, өткен кезең тәжірибесін қорытындылап, алдағы зәру уәзипаларды айқындауға сүре айтыстар қажеттігі кеміл...

Айтыстарында, дастандарында, өлеңдерінде жалпы түркі, ислам әлемінің көркемдік табыстарына сүйенушілік Жамбыл шығармаларына тың көрік қосады. Ақынның «Манасты», «Көрұғлыны», «Шахнамені» білуі және оларды өз репертуарына қосуы бүкіл туындыларының кестесіне тиісті тәсір еткені байқалады. Жамбыл «Сүйінбай мен Қатаған, өлең сөзді матаған» деген тіркестерді тек ұйқас үшін ғана алмаған, оның шығармаларында қазақ, қырғыз халықтарының көркемдік ойлау жүйесі әдемі бірлестік байқатады...

Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында оның өмірі мен шығармашылығы жайында орасан көп материал баспасөз бетінде жарияланды. Олардың таныстырғыштық, деректілік мағлұматы баршылық. Бірақ ақын мұрасын зерттеу қаншалықты ілгеріледі деген сұраққа да жауап іздеп көру керек. Жаңа ізденістерді, азды-көпті жаңалықтарды айтпағанда, Жамбыл туралы басылымдарда науқаншылдық табы бар екенін көру қиындыққа түспейді. Жамбыл тойы өткеннен кейін тағы да тым-тырыс қалып қоймауды ойласақ. Әлі де арылмаған кемшіліктің бірі — ақын шығармаларының, соның ішінде айтыстарының мәтіндік (текстологиялық) тексеруден толық өтіп болмағандығы. Мұндай нұқсандардан ақынның екі томдық жаңа басылымы да ада емес.

Жамбылдың Құлмамбетпен, Досмағамбетпен, Сарбаспен т.б. ақындармен айтысының кімнен, қашан жазылып алынғаны көп ретте көрсетілмейді, тек бұрынғы басылымдар ғана аталып отырады. Жамбылдың кейбір айтыстары архивтегі қалпынан көп қысқарып басылып келгенін жас зерттеуші Р.Әбдіғұлов анықтады. Демек ақын шығармаларының текстологиялық жұмыстарын жалғастыру және оны ғылыми негізге салу алдағы міндеттер болып қала береді.

Ақылдасуды, талдауды, талқылауды керек ететін мәселенің бірі — жалпы төкпе ақындықтың, соның ішінде Жамбылдың ақындық айтыс дәстүрінің қаншалықты дамып келе жатқандық жағдайы. Бұл тақырыпқа арнайы ғылыми мәжілістер өткізуге де лайық. Осыдан бірнеше жыл бұрын гүрілдеп көркеюге бет алған айтыс бұл күнде бөсең тарта бастағандай. Ал ақындар айтысы ұлттық рухани байлығымыз екенін зиялы жұртшылық түсініп, мойындап болды деп айту да қиын. Кейбір адамдар айтыстың тапқырлық мектебі, шындықты ашудың құралы, халықтық мінбері, эстетикалық, тамашалық ләззат алатын орны екенін мойындағысы келмей, одан ылғи ғана мін іздеуге бейім. Соңғы жылдарда төкпе ақындардың алған азды-көпті бәйгесінің өзін көпсініп, оған қызғаныш білдірушілер бой көрсетті. Айтыстың дұрыс дайындықпен өтуіне мән бермеушілік, оны кезектегі мәдени «шаралардың» бірі деп қана қараушылық бұл жанрға көп нұқсан келтіріп жүр. Айтыстың сапасын бағалаудағы ала-құлалық, көркемдік талап, шарттардың бұлдырлығы, субъективті көзқарастардың кейде басым түсуі сияқтылар айтыстың кең тыныспен қанат жаюына бөгесін болып келеді. Ең өкініштісі — ақындар айтысына мемлекеттік көлемде жеткілікті мән берілмей келгендігі. Түрлі мерекелер қарсаңында айтыс өткізумен шектелушілік орын алып отыр. Былтыр Абай мерейтойы тұсында өткен айтыстан тиісті қорытынды шығарылған жоқ, жұртшылық талап-тілектері ескеріле қоймады. Айтыстың үні халықтың үні екенін әлі де мойындамаушылық бар. Айтыста өмірдегі жақсылық пен жамандық өзінің толық аумағымен ақтарылып ашылғанда ғана ол пәрменді қоғамдық күшке айналады, жартыкеш шындықты айту немесе қаны сорғалаған әлеуметтік мәселелерді әлдекімдерден сескеніп айналып өту бұл өнерді өрлетпейді. Жанрлық тәуелсіздігі жойылған жерде айтыс өзінің ажар-көркінен айрылады. Тоталитарлық жүйе үстемдік еткен заманда «қоғамдағы кемшіліктерді

батыл ашу пайда тигізбейді, ол табыстарымызды дұрыс бағалауға кесір келтіреді» деген сынайда теориясымақтар болатын. Қазірде де кейбір басшылар мемлекет, қоғам жүйесіндегі олқылықтарды тым аша бермендер, бұлай ету ауажайлылушылыққа апаруы мүмкін дегендей «кенес» айтады. Кемшіліктерді аздап-аздап айтыса да болады дейтіндікті көріп жүрміз. Қайталап айтамыз — айтыстың күші, мәңгілік солмас ажары оның ақиқатты айта білетіндігінде және ондай сындарды тамам жұрттың алдында айтып, өріптесті ашық диалогқа шақыруында. Еліміздің бүгінгі мен келешегіне қауіп төндіріп тұрған кеселдерді атын атап, түсін түстеп көрсете алмаса, айтыстың керегі шамалы. Демократиялық өлшемдері қалыптаспаған, халықтың үні мен еркі көп жерлерде естіле бермейтін Қазақстан жағдайында түрлі деңгейдегі әкімшілікке ел мүддесі мен талабын жеткізе алатын сирек мүмкіндік тек ақындар айтысы тұсында ғана туатыны белгілі. Олай болса, шын мәніндегі халық мінбері болып табылатын осы өнердің табиғатына тән артықшылықтарды сақтайық дегіміз келеді. *Айтыс кең мағынасында елдің жоғалмаған ар-намысының, келешекке деген өршіл сенімінің, оптимизмінің көрінісі.* Ақындар айтысының дара, дана тұлғасы Жамбылдың салған дәстүрі осындай. Ендеше өнердегі сол асыл үлгіден көз жазып қалмайық, дүниежүзілік мәдениетке қосылған ұлттық үлесіміз болып табылатын төкпе ақындық туын төмендетпейік!

1969 — 1995-жылдар.

ФОЛЬКЛОРТАНУ ПӘНІНЕ МӘН БЕРСЕК

Күні кешеге дейін қоғамдық ғылымдарда үстем болып келген біржақты, схоластикалық көзқарас зардабы фольклортану пәнін де айналып өткен жоқ. Қайта ауыз әдебиеті де, оны тексеретін ғылым да көбірек қырсыққа ұшырады. Соның салдарынан фольклортанудың міндеті, өзіндік орны мен мәні, ерекшелігі туралы ғылыми жұртшылық ұғымы тым бұлдыр болып келеді. Ал шындығында халықтың ауызекі жаратқан, ғасырлар бойында жетілдірген, сан-сала көркемсөз өнері ұлттық рухани қазынамыз болып табылады. Халықтың аумалы-төкпелі тарихымен бірге жасасып, сол тарихтың куәлігі, көркемдік қорытындысы, елдің табиғат пен қоғам құбылыстары туралы танымы, бағасы болып табылатын фольклор – ауыз әдебиеті әлі де меңгеріліп болмаған тұңғыық терең байлығымыз.

Фольклортанудың құлашын жаздырмаған қырсықтың бірі – мәдени мұраны таптық көзқарас тұрғысынан қараушылық. Халықтың телегей теңіз көркемсөз мұрасын жасанды түрде бөліп, тек «езілген тап» мүддесін көрсеткен ескерткіштерді ғана іздеу, байдың, бидің, ханның, төренің, молданың аты аталған шығармаларды мансұқтау ауыз әдебиеті жөнінде тұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Бұл жолда небір бұрмалаушылықтар орын тепті. Бұған елуінші жылдардың бас кезінде жалпы саны төрт жүзден асатын эпос дастандардың «Қамбар батырдан» басқасы халыққа жат деп «үкім шығарылған» сорақы оқиғаны мысалға алсақ та жеткілікті. Догматик белсенділерге жырдағы Қамбар батырдың аңшылықпен кәсіп ететіндігі ғана «ұнаған» еді. Ал эпос бойынша байдың балалары болып есептелетін Алпамыс, Қобыланды, Ер Сайын, Төлегендер туралы сөз қозғалмауға тиіс болды. Бүгінгі қауымға күлкілі боп көрінетін бұл хал осыдан жар-

ты ғасыр бұрын бел алып тұрған «жетекші» қағида еді. Фольклортану ғылымына жасалған мұндай зорлық зерттеушілердің қолын байлады, ауыз әдебиеті туралы ізденістерді көп жылдарға кешеуілдетті...

Ауыз әдебиетінің байлығын игеруге кедергі келтірген тағы бір тосқауыл – фольклортануды жалаң саясаттын қанжығасына байлап жіберушілік. Ертедегі замандарда әлдеқандай бір себептермен Ресейге қарсы күрескен батырлардың бәрі де «халықтар достығының, орыс халқының дұшпаны» болып шыға келді. XV ғасырдың бас кезінде орыс княздеріне кектесіп, Мәскеуді шапқан Едіге батыр да, XIX ғасырдың орта тұсында отаршыл басқыншыларға қарсы майдан ашып, елінің намысы мен азаттығын қорғаған Кенесары Қасымұлы да Ресей жаулары атанды. Бұлардан басқа да алуан дастан, өлең, аңыз кара тізімге ілінді. Қазақтың небір тамылжыған классикалық әндерінің бірқаншасына күдік келтірілді, репертуардан шығарылды. Мұндай жағдайда ауыз әдебиеті туралы ғылымның халі мүшкіл болғаны түсінікті. Ең өкініштісі сол, қазақ тарихының, фольклорының, әдебиетінің аса көрнекті мамандары Е.Бекмаханов, Қ.Жұмалиев, Е.Исмаилов, т.б. зерттеулеріне тұрпайы қиянат айып тағылып, әрқайсысы ширек ғасыр мерзімге сотталып, итжеккенге айдалды. Абақтыға қамалмаған ғалым, әдебиетшілердің басына да қауіп бұлты үйірілді. Ұлы жазушы, үлкен ғалым М.Әуезовтің өзі сол кезде қатер тырнағынан әрең дегенде аман қалғаны белгілі. Ғылымның өзелден қалыптасқан дәстүрлерінің аяқасты болғаны соншалық, ауыз әдебиеті туралы еңбектерде жаттандылық орын алды, фольклордың көне жанрларын тексеруге ешкімнің де жүрегі дауаламады.

Қазақ халқының мындаған жылдарда жасаған мәдениетін мойындамаушылық, барлық жақсылық Қазан төңкерісінен кейін ғана болды деушілік мінсіз «теория» деп жарияланды. Патшалықтың миссионерлік саясатын қолдағандар ғана ілгерішіл қайраткерлер деп дәріптелді, қазақтың ұлттық дамуы туралы әрекет еткендер шетінен прогресс дұшпаны деп айыпталды. Мұндай саясаттың нәтижесі айқын. Соңғы ондаған жылдарда қазақтың ұлттық дәстүр мен санадан жұрдай бірнеше буыны пайда болды, бұлардың ішінен «оқу өтіп кеткендері» бұл күнде қазақ мүддесіне ашықтан-ашық қарсы шыға бастады.

Фольклортанудың кенжелеп қалуына зерттеу мәдениетінің баландығы да себепкер. Ұзақ жылдар бойында ауыз әдебиетінің көп сипатының бір қыры – оның сөз өнері екендігі ғана әңгіме болып келді. Халық шығармашылығының тарихпен, этнографиямен, музыкамен, ескі салт, наным-сенімдермен байланысты жақтары сырт қалдырылды. Осының салдарынан ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің көнерген түрі деген ғылыми шындыққа қатысы жоқ ұғым қалыптасты. Фольклор ескерткіштерінің аса үздік үлгілерін ғана ұнамды мысал ретінде көрсетіп, ауыз әдебиетінің басым көпшілігін қарадүрсін туындылар деп бағалаушылық орнықты, «фольклор — әдебиеттің кәрі әжесі» деген секілді тұжырымдар пайда болды. Шындап келгенде біздің фольклорды білеміз дегеніміз мұзының негізгі бөлегі судың астында жатқан айсбергті көргеніміздей хал еді. Екінің бірі өзін ауыз әдебиетінің білгірі санайтындық осындай біржақты түсініктің нәтижесінде пайда болған.

Көп уақыттан бері жазба әдебиеттің тасасында, қосалқы пән секілді қаралып келген фольклордың өзіне хас сипаттары неде дегенге қысқаша кідіріп өтудің қажеттігі бар. Ең алдымен фольклордың ұжымдық сипаты басым болатынын айтуымыз ләзім. Әуел бастағы шығарушыларының аты-жөні ұмытылып, талай қауымның сын елегінен өтіп, екшеліп, сұрыпталып шығатыны, кейбір тұстары жаңадан қосылып, құлпырып, өзгеріп отыратыны оның ұжымдық нышандары. Ал жазба әдебиет — авторлық туынды, сондықтан оның мәтінін шығарма иесінен басқа ешкім де өзгерте алмайды...

Ауызша таралған шығарманың бірте-бірте түрлі вариант-нұсқалары пайда болуы табиғи. Демек фольклор туындылары көп вариантты болып келеді. Олардың таралуы мен сақталу заңдылықтары да қилы-қилы. Әр заманның дүниетанымдық сүзгісінен өткен шығармаға тосын сипаттар қосылып отыруынан фольклордың көпқабаттылығы (полистадиялылығы) келіп шығады. Адамдардың жадында ғана сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа тарап отыратындығы фольклордың дәстүрлілік келбетін белгілейді. Сонымен қатар қандай да болмасын дәстүрлілік әр дәуірдің қажетінен туатын жаңалықтарды да қабылдап отырады. Үстірт қарағанда елдің бәріне де түсінікті көрінетін фольклор мәтіні бізге дейін алуан шарттылықтардың шытырманын бастан кешірген, оларды «пәлен

уақытта пайда болған» деп кесіп-пішіп айту қиын. Ә дегенде онай, шешуі «қол созым жерде» секілденетін кез келген ауыз әдебиеті шығармасы өзінің кілтін таппасан, сырына бойлатпайтын күрделі мәселеге айналады... Сондықтан да фольклор жаратындыларын толық мәнінде тану үшін зерттеудің салыстырмалы-тарихи, жүйелілік (системный), тұтастық әдістерін қолдану керек болады.

Ауызекі тараған лирикалық өлеңдер де, көлемді эпостық шығармалар да өзіне лайық сазымен (музыкасымен) айтылып келген. Мәселен, қазақтың қаһармандық, ғашықтық жырларының бәрін де айтушылар домбыраға, гармонға, қобызға қосып орындаған. Осыдан келіп фольклордың музыкамен байланыстылық проблемасы туады. Өкінішке қарай, біздің зерттеушілеріміз осы кезге дейін бірде-бір эпостың мәтінін оның музыкасымен қатар тексеріп көрген жоқ. Ауыз әдебиеті ескерткіштерінің халықтың кәсіп, тұрмыс қалпымен, этникалық психологиясымен байланысын салыстыру этнография ғылымының жетістіктеріне сүйенуді қажет етеді. Керек десеніз, фольклор мұрасын тану үшін археологияның да, антропологияның да көмегі аз болмайды. Ал ауыз әдебиетінің тілінде де неше түрлі дәуірлердің куәліктері жататыны анық. Көнерген, ескірген немесе көрші халықтардан ауысып келген сөздердің түсініктемесі жасалмайынша, кейде фольклор туындысын дұрыс түсіну мүмкін емес. Мұның бәрі фольклор мұрасының синкреттік болмысын айқындайды.

Фольклор шығармаларының тарихпен байланысын тексеру айтуға ғана жеңіл. Эпос жөнінде көптеген ғалымдар жазып, талдап, өздерінің пікірін айтып келеді. Бірақ сол эпостардағы оқиғалардың нақтылы қай дәуірге тән екенін анықтау онай емес. Мұның себебі ауыз әдебиеті туындыларының сипатын ашу айрықша тәсілдерді керек ететіндігінде. Осы замандағы жазушының белгілі тарихи романын оқығанда ондағы қаһармандар мен оқиғалардың қашан болғанын біліп отырамыз. Ал батырлық эпосты бір дәуірдің емес, сан дәуірдің жинақталған эпикалық синтезі беріледі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында қалмақ басқыншылығына қарсы оқиғалар әңгімеленетіні мәлім. Бұған қарап жырда тек XVII—XVIII ғасырлар шындығы ғана елестейді деп қарауға болмайды. Мұндағы оқиғалар мен қаһармандар моделі (қалыбы) фольклорда көп қайталанған сарындарға негізделген.

Ауыз әдебиетіндегі көпқабаттылық (полистадиялық) дегеніміз осы. Академик В.М.Жирмунский «Алпамыс батыр» жырының түп-төркіні көне (архаикалық) кезеңдердің ақиқатына аппаратының, эпостың фабуласы ұзақ ғасырлар бойында екшеліп шыққанын жазған: жырдың бұл күнде жұртшылыққа мәлім қазақ, қарақалпақ, өзбек нұсқалары ескі сарындарды жаңғыртып, көркейтіп, жетілдіру жолымен жасалғанын тұжырымдаған. Осындай пікірді басқа классикалық эпостар жөнінде де айтуға болар еді.

Ауыз әдебиеті шығармаларындағы қаһармандардың тарихта жасаған қайраткерлермен арақатынасын анықтау мәселесінде көп түсініспестік орын алып келген. Көптеген зерттеушілеріміз эпос қаһарманы мен тарихи адамдар арасына тепе-теңдік белгісін қойып қарағаны белгілі. Көркем әдебиеттегі секілді фольклорда да қиялдан қосу, көркемдеу шарттары болатынын ескермеушілік фольклортану ғылымына зардап шектірді. Елуінші жылдардың бас кезінде қазақ эпосын жаппай қаралаудың бір себебі, ілгеріде айтқандай, тарихи құбылыстарға таптық көзқарастан болса, тағы бір себебі ауыз әдебиетінің өзіне хас ерекшелігін (спецификасын) елемеден туған еді. Батырлардың жауды тас-талқан етіп жеңіске жеткенін кейбіреулер басқыншылық, зорлықшылдық белгісі деп қараған. Ең сорақысы сол, эпос батырының аты тарихта өмір кешкен нақты адаммен бір қатарда қаралды. Кез келген тарихи оқиға мен қайраткер істері эпостың ішкі көркемдік заңдылығына бағындырылып суреттелетіні ескерілмеді. «Едіге батыр» жырынан халықтың санасынан берік орын алған ел қамқоры, батыр, бидің бейнесін емес, оның Мәскеу, Литва княздіктерімен соғысқанын ғана іздеушілік осындай көзқарастың салдары.

Фольклорды тек қана сөз өнері деп қарау ауыз әдебиетінің сыры мен тереңіне бойлатпайды. Осы жағдайды ескеріп қазақ фольклоршылары соңғы он бес-жиырма жылда ауыз әдебиетінің өзіне тән өзгешеліктерін тиімді ғылыми тәсілдермен зерттеуге бұрылғанын айтуымыз керек. Соның нәтижесінде фольклор құбылыстарының табиғатын тереңдеп ашатын «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы» деген ұжымдық еңбектер жасалды. Бұл еңбектер өзінің методологиялық таяныштары,

ғылыми принциптері жағынан фольклортану ғылымының жетістіктері деңгейінде орындалғанын айтуға тиіспіз. Ал «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты монография зерттеушілеріміздің елеулі табысы деп бағаланды. Еңбектің негізгі авторларына Шокан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. «Қазақтың архаикалық фольклоры» деген жана жұмыс та фольклортанудың аса қажетті мәселелерін сөз етеді.

Қазақ эпосын зерттеушілер (Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Е.Исмаилов, т.б.) эпосты көбінесе тақырыптық белгілеріне қарап жүйеледі. Кезінде мұндай жіктеудің танымдық пайдасы болды. Қазіргі эпостануда күллі эпикалық мұраны басқаша өлшеммен қарайтын тұжырым қалыптасып келеді. Ол — жырларды жанрлық-стадиялық сипаты бойынша негізінен төрт топқа бөліп, архаикалық, қаһармандық, ғашықтық және нақтылы тарихи жырлар деп жүйелеу.

Соңғы жылдарда бұрын назарға ілінбеген фольклор жанрлары тексеріле бастады. Соның бірі — ертегілік емес проза. Шынын айтқанда, ондаған жылдар ішінде фольклорлық прозадан тек ертегілер ғана азды-көпті зерттелген екен. Халықтың аңыз-өңгімелері мен әпсаналарының құрамын, генезисін, поэтикасын анықтаған еңбектердің пайда болуы фольклортану ғылымының жетістіктері қатарына қосылады. Қазақтың магиялық поэзиясын, ауыз әдебиетіндегі тұрақты сарындар (мотивтер) эволюциясын қарастыру зерттеушілік тынысын кенейте түсті. Біз бұл арада жеке фольклоршылар еңбегіне баға бергелі отырған жоқпыз, ауыз әдебиеті туралы ғылымның тақырыптық ауданы да, методологиялық құлашы да, зерттеушілік мәдениеті де тереңдей бастағанын аңғартуды ғана көздедік. Кейінгі жылдардағы қазақ филологиясының деңгейін көтерген, салмақ қосқан, жұртшылық ілтипатына ілінген жұмыстардың алдыңғы қатарында фольклоршылар еңбегі бар екенін көрсету парыз. Ауыз әдебиетінің атакты жинаушылары һәм зерттеушілері В.В.Радловтың, Г.Н.Потаниннің, Ә.Диваевтің, М.Көпейұлының ғылыми топтамаларының шығуы да рухани өміріміздегі елеулі оқиғалардың бірі.

Бұдан былайғы жерде ауыз әдебиетінің барша жанрларын (эпос, ертегі, аңыз, әпсана, миф, тарихи, рухи жырлар, салттық-ғұрыптық өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар фольклоры, айтыс, шешендік өнер, т.б.) осы замандағы әлемдік фоль-

клортану дәрежесінде зерттеу керек. Бізде әлі күнге дейін «мұрты да кетілмеген» немесе мүлде қолға алынбаған жанрлар да кездеседі. Халқымыздың бертінгі дәуірлерде бастан кешкен оқиғаларының естелік деректері тұнып отырған тарихи жырлар мен өлеңдердің өзі көптеген зерттеулер тақырыбы болар еді. XVII — XVIII ғасырларда жоңғар жаулаушыларына қарсы күресті бастаған батырлар, ел ұйтқысы болған билер, замана шындығын бейнелеген жыраулар жайында халық жадында қалған, хатқа түскен жыр, шежіре, дастан, аңыз әңгіме, баллада тек көркемдік мүлік ретінде ғана емес, тарихтануға да аса құнды деректер қоса алады. Қазақстанның әр өңірінде тарихи дәуірлердің куәлігіндей топонимикалық, тарихи аңыз-әңгімелер мол. Оларды жинап, жүйелеп, ғылыми зерттеу тақырыбы ету де кезек күттірмейтін іс.

Ұмыт қалдырылған жанрдың бірі — діни дастандар немесе әпсаналық сынайдағы қисса-хикаялар, ауызша таралған ғибраттық қарасөздер. Бұл саладағы қазынаны («Зарқұм», «Дариға қыз», «Мұхамед-Қанапия», т.б.) тексеруге алғашқы қадамдар енді-енді ғана жасала бастады. Осы тараптағы мәтіндердің өзі әлденеше том құрарлық. Бұлар ертеде халық арасына кең таралған, жұртшылыққа сенім, имандылық ғибратын дарытқан аса құнды мұрамыз.

Салтқа байланысты поэзияны түп-тереңімен тексеретін еңбектер қажеттігін айту да артық емес. Маусымдық-салттық өлеңдер (наурыз, егіншілік жырлары, т.б.) бұл кезге дейін көтерілмеген «тыңның» бірі болып келеді. Отбасылық салт өлеңдерін үлкен дәстүрлі мәдениет көріністері деп бағалап, күрделі ізденістерге бару міндетіміз. Осы кезге дейінгі зерттеулерде өлең жолдарын мазмұндап, қайталап түсіндірумен шектеліп келдік. Бұл мәселенің бір-ақ жағы. Салттық поэзияны халықтың ежелгі наным-сенім ғұрыптарымен байланыстыра тексергенде ғана оның түп негіздері ашылмақ. Фольклор шығармаларында байырғы анимизм, тотемизм, антропоморфизм, фетишизм, магия қаншалықты, қалай қабысып жатқанын анықтамай, көне жанрлар табиғатын сенімді ашу мүмкін емес. Сырттай қарағанда мағынасыздау естілетін дуа өлеңдерінің құпиясы сол шығармаларды тудырған наным-сенімдерге қатысты. Ауыз әдебиеті жанрларындағы салт пен ғұрыпқа қатысты ағындарды этнографиялық мәнбелер (источник) көмегімен ғана айқындауға болатыны көміл.

Фольклор поэтикасының жазба әдебиеттен зор айырмашылықтары бар екеніне де мән берілмей келеді. Қаһармандық эпос-та жасалған батыр тұлғасын (Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар, т.б.) көркем әдебиеттегімен бірдей санап, бұларды образ-бейне ретінде қарауға болмайтынын елемедік. Эпостағы қаһарман романдағы қаһарманнан мүлде басқа тәсілмен жасалған ғой. Жазба әдебиетте типтендіру, ауыз әдебиетінде мінсіз идеалдандыру тәсілі басым болатыны ертеден белгілі. Ауыз әдебиеті жаратындыларының сюжеттік, композициялық құрылысында да айырмашылық елеулі. Жазба әдебиет кейіпкері өмір ситуацияларына, әлеуметтік және психологиялық шарттарға байланысты әрекет етеді, ал жыр қаһарманы «осылай болуға тиіс» деген мұрат-арман жемісі. Фольклор туындыларының тіліндегі қарапайымдылық, тұжырымдылық, үнемділік, формулалық қайталаулар жазба кәсіби әдебиеттегіден бөлек

Қазақ ауыз әдебиетін тегі, тағдыры, тілі жақын түркі халықтарының фольклоры мен тарихи-этникалық, тарихи-мәдени байланыстарын зерттеу елдер мен елдердің замандар бойындағы бір-біріне жасаған ықпал, әсерін, ортақ рухани көркемдік мұрасын тануға, өзара жақындасуға қызмет етеді. «Орхон жазулары», «Оғызнаме», «Дәде Қорқыт кітабы», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс», «Манас», «Көрұғлы», «Едіге» сынды ескерткіштер түркі халықтарының қадым дәуірлерден бері қарай жалпыадамзаттық мәні бар қаншама құндылықтар жасағанын сипаттайды. Қазақтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс батыр» тәрізді эпостарының негізі, кем дегенде бұдан мың жыл бұрын қаланғанын дәлелдеу қиын емес. Осылардың дата-санасын атап өту елдік дәстүріміздің тарихындағы елеулі оқиға болар еді. Қазақ-қырғыз, қазақ-қарақалпақ, қазақ-өзбек, қазақ-ноғай, қазақ-түрікмен, қазақ-башқұрт фольклорлық байланыстары мәселелері арнайы диссертациялық жүйеде тексерілуге лайық. Қызғылықты фольклорлық ұқсас сарындар түркі халықтарының әрқайсысының ауыз әдебиетінде кездеседі.

Қазақ көркемдік мәдениетінің бір ерекшелігі — ауызша және жазбаша әдебиеттің әр дәуірде де өзара тығыз байланыста болып, бір-біріне игі әсер еткені, өзара байып отырғаны. Мұның өзі де көп күрделі ізденістерге негіз болатын құбылыс. Ауыз әдебиетінің інжу-маржан байлығын жасауға, дамытуға және сақтауға

жыршы-жыраулардың, айтушылардың сан әулеті атсалысқаны мәлім. Қазақстандағы жыршылық мектептер, олардың өкілдері көркемдік тарихымыздан өз орнын алуға тиіс. Жыршылық, термешілік өнердің және ақындық айтыстың соңғы жылдарда қайта айтқыштық дәстүрінің сарқылмағанын, қазіргі жұртшылыққа танытқыштық, тәрбиелік, эстетикалық әсер етуге қабілеттілігін көрсетеді. Қазіргі ақын, жыршы, термеші, күйшінің шығармашылығындағы дәстүрлілік пен даралықтың арақатынасын, бұл құбылыстың мәдениетіміздегі орны мен мәнін тексеру де фольклортану пәнінің уәзипасы.

Қазақ ауыз әдебиетінің тандаулы нұсқаларын басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне аудару өте маңызды жұмыс. Жазба әдебиетіміз сан жағынан қаншама шарықтап өсті десек те, көркемдік қазынамыздың салмақты жағы фольклорда жатқанын мойындамауға болмайды. Дүние жүзінің көркемдік көріліміне, сынына татитын эпостық жырлар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, әпсаналар, шешендік сөздер мен толғаулар бізде мол. Тәуелсіздік туын көтерген мемлекетіміздің мерейін өсіретін қазақ фольклорының аудармаларына ғылыми түсінік беретін, мәтіндер іріктейтін ауыз әдебиеті мамандары болмақ. Ондаған, жүздеген варианты бар шығармалардың тандаулысын танып, оларды дүниежүзілік білік өлшемімен қарап толғайтын да фольклоршылар екені зайыр.

Осы айтылғандардан фольклоршылар мен фольклортану ғылымы атқаратын істің шеңбері кең, тақырыбы сан тарау, мазмұны терең, келешегі зор екені аңғарылса керек. Мұншама істерді жүзеге асыру ғылыми методологиямен қаруланған ұлтжанды, жігерлі мамандардың ғана қолынан келмек. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының басшылығы фольклортанудың көркемсөзді, тарихты, этнографияны, тілді, музыканы қатар қамтып тексеретін көпқырлы пән екенін ескеріп, ғылымның осы саласын дамыту шараларына көңіл бөлсе екен дейміз. Көп елдерде фольклорлық институттар, оның тарихын, теориясын, жанрларын, осы замандағы мәдениетпен байланысын сала-сала зерттейтін мамандар бар. Фольклортану шын мағынасында халықтану дерлік пәндердің қатарына жатады. Тарихымызды осы кезге дейін шалағай біліп келуіміздің де бір себебі — халықтың өз естелігін, үлкенді-кішілі құбылыстарға берген өз бағасын елемей келуімізге қатысты.

Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында жинақталған. Осында топталған түрлі жанрдағы шығармалардың тандаулы нұсқалары кем дегенде 150 том құрайды. Осылардың әзірше жарыққа шыққаны жиырма шақты ғана кітап. Нарықтық экономика ұранына ат қойып, жаңа жүйеге көшкелі бері ауыз әдебиетінің жинақтарын шығару күрт тоқталды. «Қағаз жоқ» деген сылтау халқымызды рухани жұтандыққа ұшырататын түрі бар. Жеке меншік баспалар мұндай асыл дүниелердің қадіріне жетіп, сенімді ғылыми-текстологиялық жұмыстарын жүргізіп баса алмайтынына көз жетті. Ендеше, осы байлықты Ғылым академиясының өзі қамқорлығына алып, «Ғылым» баспасынан шығаратын болса дейміз.

* Үзінді шумақтар «Тал бесіктен жер бесікке дейін» (Алматы, 1996) деген жинақтан алынды. Бұдан кейінгі мысалдар да осы кітаптан беріліп отыр. — Р.Б.

* Дәуіт — Я..дий пайғамбарларының бірі.

** Сүлеймен — Соломон, Дәуіт патшаның баласы, құрандағы кейіпкер, «Ислам энциклопедиясында» (Алматы, 1995, 161-бет): «Сүлеймен қоластындағылардың дау-дамайын шешуде әкесінен де асып түсіп, кейін оның тағына мұрагер болған. Ол сиқырлау өнерін меңгереді. Алла Сүлейменге елді бағындырады, шайтандар мен жындарды оған қызмет еткізеді. Олар Сүлеймен үшін теңіз түбінен қазына өндіріді, ғибадатхана соқты... Исламға дейінгі араб елінде Сүлеймен есімі мәлім болған. Сүлеймен мұсылмандар арасында ұлы сиқыршы ретінде кеңінен мәлім» делінген.

*** Әбубәкір, Омар, Осман (Ғұсман), Әли — Мұхаммед пайғамбардан кейінгі төрт халифа.

* Сират — мұсылмандық ұғымында діндарларды өлгеннен кейін сынақтан өткізетін қылкөпір...

** Қарын, Қарынбай — асқан сараңдығынан өзін де, дүние малын да жер жұтып кеткен делінетін діни әпсана кейіпкері.

*** Қарасат — қарасат.

* Шайтан — Алла мен адамдарға дұшпандық ниеттегі, тозақ отына күйеу жазасына кесілген жын.

* Ғарапат (Арафат) тауы — Меккеге қажылыққа барғандардың көретін жерлерінің бірі. Мұсылмандардың түсінігінше, Адам ата мен Хауа ананы жұмақтан қуып жібергенде екеуі осы таудың етегінде табысқан.

МАЗМҰНЫ

Түркі-монғол эпосындағы ортақ желілер	3
Олонхо елінде	33
Жырда сақталған сыр	38
Құрлықтың кіндігінде	44
Көзкамандар туралы аңыз	50
Қарақалпақ қазынасы	55
Тұлпар тұлғасы	61
Мәңгі мұрат	65
Хазария қасіреті	73
Едіге би (Аңыз бен ақиқат)	81
Сүйімбике мұнарасы	90
Абылай асуы	95
Елдік туын көтерген ер Кенекен	126
Аңыздың жалғасы	145
Билер сөзінің фольклорлық сипаты	161
Ұлы жырау өнегесі	169
Сайрамда бар сансыз бап	183
Санташ шежіресінің жаңа беті	190
Қаһарлы жыл жаңғырығы	196
Жанарған жанр	213
Жыршылық өнер	227
Ғасырлар үні	238
Құйрықты жұлдыз секілді	243
Шокан және қырғыз әдебиеті	286
Жауһар жиған зиялы	304
М.Әуезов және «Манас»	307
Ғалымның ойы ортақ	318
Сұлтанбек жыршы	334
Топонимдер тарих куәлігіндей	341

Сөздің көркі — мақал	347
Тарихи өлең	350
Жоктау жырлары	358
Сегіз жүз жыл жасаған күй	383
Айтыс өлемі	389
Фольклортану пәніне мән берсек	458

«Қазығұрт» баспасының директоры
Темірғали КӨПБАЕВ

РАХМАНҚҰЛ БЕРДБАЙ

Бес томдық шығармалар жинағы

Екінші том

Кәусар бұлақ

Редакторы
Қарагөз Смаділова

Корректоры
Әсия Орынбаева

Суретшісі
Нұран Айымбет

Техникалық редакторы
Гүлмира Ақажанова

Терген
Гауһар Отарбаева

Беттеген
Ниязбай Оразымбетов

Теруге 07.06.04. жіберілді. Басуға 09.12.04. қол қойылды.
Қалыбы 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік басылым. Каріп түрі Таймс.
Шартты баспа табағы 24,78. Есепті баспа табағы 25,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 91

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 480060, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 186 «А» үй, 4-пәтер.
Телефон (факс): 75-18-18
e-mail: kazygurt@list.ru

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.